


# Нұрсұлтан Назарбаев

## ӘМІР ӘТКЕЛДЕРІ



Нұрсұлтан  
НАЗАРБАЕВ

---

ӘМІР  
ӘТКЕЛДЕРІ

Сұхбат кітабы

Астана – 2015

УДК 342  
ББК 67.400.6  
Н 17

Н 17 Назарбаев Н.Ә.  
**ӨМІР ӨТКЕЛДЕРІ.** Сұхбат кітабы. – Астана: Фолиант, 2015. – 568 6.

ISBN 978-601-302-259-8

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өмірі – өзгеше, өнегелі өмір. Екі өркениеттің – Шығыс пен Батыстың қиындықтарынан жерінде, әлемнің екі бөлігінің – Азия мен Еуропаның тоғысқан түсінінде, екі саяси жүйенің – тоталитаризм мен демократияның, екі экономикалық жүйенің – жоспар мен нарықтың от пен судай шарпысқан шағында шарболаттай шыңдалған, өзінің туған Қазақстаниң бүкіл әлем танитын, құрметтейтін елге айналдырған тұлғаның тағылымды тағдыры қандай оқырман үшін де қызығылдырылған. Кітапта журналист Сауытбек Абдрахмановқа өзінің өмірі жайында әңгімелей отырып, Нұрсұлтан Назарбаев заман, қоғам, адам туралы терең толғанады. Елбасының сұхбат кітабын ой көзімен оқыған адамғибратты ғұмырдан көп тағылым алатыны талассыз.

УДК 342  
ББК 67.400.6

ISBN 978-601-302-259-8

© Назарбаев Н.Ә., 2015  
© «Фолиант» баспасы, 2015

## «Ж

урналистік жұмысында еліміз егемендігінің елең-алаңынан бастап бүгінгі биігіне дейінгі белестерінің бәрі жайында ұзбей қалам тербел келе жатқанымды Сіз жақсы білесіз деп сенемін. Қазақстанның тәуелсіздік тарихына қатысты кітаптардың, газет-журнал мақалаларының барлығын оқып шықтым десем артық айтқандық емес.

Тиісті әдебиетпен тыңғылықты танысу барысында Сіздің ғибратты ғұмырыңыз, елмен етene өміріңіз, тағдырыңыздың тартысқа, тіреске толы тұстары, еліміздің егемендікке жету жолы, қирандыдан, құландыдан мемлекет құру, Қазақстанды аз жылдың аясында алыс та, жақын да, Батыс та, Шығыс та мойындайтын, санасатын, құрметтейтін елге айналдыру, жер-жаңанға таныту, қазақтың есіктегі басын төрге, төр болғанда да Еуропаның төріне шығару, ЭКСПО сынды жаңандық көрме өткізу құқын дүние дида-рындағы небір мықты мемлекеттермен тартыста тартып алу, елді әлемдік қаржы дағдарысы қыспағынан бірнеше рет алып өту, экономикасы қуатты, саясаты тұрақты, таңтыныш ататын, кеші тыныш бататын, халқы үйқыға алансыз жататын, ертеңіне сенетін, ел бастаған ерге екі тізгін, бір шылбырды беретін, қындықты да, қуанышты да бірге көретін ынтымақшыл ел жасау жолындағы қиямет-қайым қын әрі қасиетті тарихымыз туралы ақ жарыла, ақтарыла ой толғауыңыз әбден орынды, тіпті қажетті екендігіне көзім бұрынғыдан да жете түсті.

Сіздің өз өміріңіз туралы әңгіменізді, адам, заман, қоғам туралы ойларыңызды бір кітапта, жүйелеп айтып шығуға қандай тақырыпты да емін-еркін баяндауға мүмкіндік беретін сұхбат жанры ыңғайлы келеді.

Осы кітаптың идеясын кезінде, шетелдік сапарларыңыздың бірінде өзіңзге бір ауыз айтқанмын. Сіз қолдағансыз. «Ол үшін сенімен ұзақ отыру керек болады ғой», деп едіңіз.

Кітаптың белгілі бір тақырыптарға арналған тараулар бойынша құрастырылғаны оқуға ыңғайлы әрі тартымды болмақ. Фидель Кастроның әлемнің жынырмадан астам тіліне аударылған «Моя жизнь» деген көлемді сұхбат кітабы (M., 2009) өмірдің кезең-кезеңдері, белгілі бір тақырыптар бойынша тарауларға бөлінген. Өте қызықты оқылады. Фидель Кастромен сұхбаттасуышы журналист Игнасио Рамоне ол кітаптың диктофондағы жазбадан сол қүйінде түсे қалмағанын ескертеді. Куба жетекшісі айтқандарын қайталап отырмай үшін керек жерінде бұрын сөйлеген сөздеріне, жасаған мәлімдемелеріне, баяндамаларына жүгінуді өзі ұсынған еken. «Ол маған үзінділерді алып, біздің сұхбатымыздың мәтініне қосуға рұқсат берді», деп жазады Игнасио Рамоне. Сондай рұқсатты Сізден де алатыныма сенгім келеді. Кей тұстарда кітаптардан, баяндамалардан, сөздерден үзінділер мәтінге сыналаңып, дәйектеме ретінде салынып отырса орынды шығар еді. Ауызша әңгіменің қағазға түсірілген нұсқасын дайындалап берген соң әр тарауды өзіңіз үстінен қарап, қажет деген жайларды, үстемелей айтылуға тиіс ойларды жазып отырсаңыз, оған уақыт, мүмкіндік таппаған тұста соларды толықтырып айту үшін қосымша шақырсаңыз жақсы болар еді.

Сіздің өз өміріңіз жайындағы сұхбат кітабыңыз қай жағынан қарағанда да пайдалы, қажетті боларына сенемін. Жасыратыны жоқ, халқымыздың бәрі бірдей бүгінгі бейбіт, бақуат өмірдің қандайлық қыындықпен келгенін

жетік біле береді, қадіріне толық жетеді деп айта алмасақ керек. Осының бәрі өзінен-өзі келіп жатқандай, солай болуға тиістідей көретіндер де кездеспейді емес. Айналасы жиырма шақты жылда біздің жағдайымызда Америкадай аршындаған кету, Жапониядай жайнаған қалу мүмкін болмайтынын түсінбейтіндер де табылады. Бұл түрғыдан қарағанда Сіздің өміріңіз жайындағы әңгіме ең алдымен жас оқырмандар үшін керек.

Сіздің қарауыңызға болашақ кітап тарауларының тақырыптық жобасын ұсынып отырмын. Тараулардың шартты түрде қойылған атынан ондағы әңгіменің не жөнінде болатыны көрініп түр деп ойлаймын».

Бұл – журналист Сауытбек Абдрахмановтың осыдан бірер жыл бұрын менің атыма жолдаған жазбасы.

Жазбаны алған соң біраз үақыт ойланып жүрдім. 1991 жылы, Тәуелсіздік жарияланғанға дейін Мәскеудің «Молодая гвардия» баспасынан жарық көрген «Әділеттің ақ жолы» деген кітабымда өмірбаянымың өткелдері жайында біршама әңгімелеген едім. Одан бері де ширек ғасырдай үақыт өтті. Өмір өзгерді. Сана өзгерді. Кейінірек шыққан «Гасырлар тоғысында», «Қазақстан жолы» кітаптарымда негізінен экономиканың, саясаттың мәселелері қозғалды. Оларда өзім туралы әңгімелеп жатуды артық көрдім. Сауытбек ұсынған сұхбат жанры өз бетіңше қозғаудың кілтін таба бермейтін жайларды айтуға жақсы мүмкіндік жасайды екен. Ал дұрысында, айтатын жай жеткілікті.

Менің тағдырым – бақытты тағдыр. «Блажен кто посетил сей мир в его минуты роковые» деп Тютчев жазғандай, менің маңдайыма мына жарық дүниеге тарихтың тар тұсында келудің, айналасы жарты ғасырдың о жақ, бұжында бүкіл әлемді төңкеріп түсірердей ғажайып өзгерістерді көрудің, жаңа мемлекет құрудың, сол ұлы істің басында тұрудың бақытын жазған екен. Көп нәрсені көрдім, көп жайды өзегімнен өткердім. Өмір жолым

төсөлген тақтайдай тегіс болған жоқ, алдымен талай кедергілер кездесті, олардың кейбірін заман қойды, кейбірін қоғам қойды, кейбірін адам қойды. Шүкіршілік, бәрінен де өтіп, бүгінгі күнге жетіп отырмын. Қазақстан халқының әлемдік өркениет көшіне қуатты мемлекет күйінде, халықаралық қоғамдастықтың сыйлы мүшесі ретінде, бүгін бақытты, ертең еңселі ел ретінде қосылғанын көріп отырмын. Мың тәүбе!

2015 жылғы президенттік сайлауда Қазақстан халқы бүкіл әлемге өзінің кеменгерлігін көрсетті, ел бірлігіне беріктігі мен кемел келешекке сенімін көрсетті. Президент сайлауына бүкіл халық бір кісідей қатысатын, бүкіл халықтың таңдауы бір кісіге түсетін ел, біздің еліміз – Қазақстан Республикасы – ынтымақшылдықтың, ауызбірліктің ғажайып үлгісі. Инаугурацияда сөйлеген сөзімде «Өмірін халқының бақыты жолына арнаған жаңа бұдан зор құрмет болмайды. Мен үшін ел сенімінен асқан мәртебе жоқ, сол сенімді ақтаудан артық бақыт жоқ. Сол себепті, мен Қазақстанның жарқын болашағы жолында қандай тәуекелге де дайынмын», деп айтқанмын.

«Сіздің өміріңіз жайындағы әңгіме ең алдымен жас оқырмандар үшін керек» деген сөздің жаны бар. Мемлекет басшысының өмір жолы ел азаматтарының қай-қайсынына да қызықты десек те, өмір айдынына жаңа құлаш жайып жатқан жастардың орны бөлек екені түсінікті.

Біздің жастарымызға осының бәрінің қалай басталғаны, оқиғалардың қалай өрістегені, ел үшін сондайлық күрделі кезеңде қабылданған қандай да бір шешімдердің негізгі ой қисыны неде екендігі жөнінде нақты фактілер мен әділ талдаудың жетісе бермейтін кезі көп.

Сондықтан мен бұл кітапты біздің еліміздің болашағын қалайтын, жерімізді аялайтын, қорғайтын жас қазақстандықтарға арнап әңгімелеп шықтым. Бүгінде тәуелсіздіктің таң сәрісінде дүниеге келген балалардың өзі университет, институт бітіріп, үлкен өмірге аяқ басты.

Адамның жаратылышы сондай, ол өткенді тез үмітуға бейім тұрады. Еліміздегі бейбіт әмір мен иглікті тірлік, біз бастан кешіп жатқан экономикалық дүр сілкініс пен азаматтарымыздың өмірге құштарлығы, өз қүшіне және ертеңгі күнге деген сенімділігі біз үшін кәдүілгі жайға айналуда. Әр таң атқан сайын Астананың зәулім ғимараттарын бойлап бара жатқан күннің нұрлы шуағына көз тоқтата бермейтініміз сияқты, біз оларды да байқай қоймаймыз.

Ал, шынтуайтында, біз ширек ғасырлық осы жасымында ірі істерді атқара алдық. Бүгінде талай адам Қазақстанның жетістігін «Еуразияның экономикалық кереметі» деп атайды. Кітапта мен осы табысқа жетудін әрбір қадамы қандайлық ауыр, азапты болғаны жайында айттым. Біздің мемлекетіміздің қалыптасуының әр белесінде менің иығыма түскен жауапкершіліктің аса ауқымдылығын, зіл батпан салмағын сезінсе еken деймін жас үрпақ.

Әрине, негізінен ғұмырбаяндық кітап болғаннан кейін мұндағы көптеген тараулар менің балалық шағыма, мектептегі жылдарыма, Днепродзержинскіде оқыған кезіме, Теміртауда еңбек жолымның басталуына, Қазақстан Магниткасындағы партия үйімін басқарған, қалалық, облыстық партия комитеттерінің, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы, Үкімет басшысы болған кезімдегі қызыметіме арналғаны өзінен өзі түсінікті.

Дегенмен, менің кітабымның негізгі арқауы – Қазақстанның жаңа тарихының ең бір қыын да жарқын сәттері. Сұхбат кітабының тараулары қайсы бір кезеңдердегі қоғамның саяси көніл-күйін түсінуге немесе еске алуға көмектеседі, ал экономикалық талдау неғұрлым зерделі оқырмандарға осы жылдардағы жағдайды ойша қалыптауға мүмкіндік береді.

Менің бүкіл өмірім дерлік басқару жұмысымен өтіп келеді. Комбинатта, қалада, облыста, республикада басшылық жұмыста дәйім адамдар тағдырымен істес бол-

дым. Олардың әрқайсысының өзіндік орны бар. Мен өзім араласып-құраласқан адамдардың жетістік-кемістігі, өмірімде қалдырған ізі, әкелген қуанышы мен өкініші туралы да айтуды жөн деп таптым.

Осындағанда дайындау жөніндегі идеяны ұсынған, менің айтқан әңгімелерімді қағазға көңілдегідей етіп түсіре білген, орынды, білікті сұрақтарымен тақырыпты жақсырақ ашуға септесіп отырған сұхбаттасуышыма – көрнекті журналист, тәуелсіздіктің алғашқы құндерінен бергі сенімді серіктерімнің бірі Сауытбек Абдрахмановқа бірлесе атқарған жұмыс үшін разылығымды білдіруді парыз санаймын. Рас, сұхбаттасуға көңілдегідей көп үақыт бөле алмағандықтан о баста ойластырылған біраз тақырыптар бұл кітапта қозғалмай қалды. Тегінде, олар келер құндердің еншісі болар.

*Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ*

## ◆ ҰШҚАН ҰЯ ҰЛАҒАТЫ

– Нұрсұлтан Әбішұлы, сұхбат кітабы тарауларының тақырыптарын алдын ала келісуге берген кезде: «Шыққан ортам, ата-анам, балалық шағым жайында «Әділеттің ақ жолы» кітабында, одан кейін Уәлихан мен Мұхтарға кең көлемді сұхбатымда (У.Қалижанов пен М.Құл-Мұхаммедке берілген ол сұхбат «Халықтан жасыратын ештеңе жоқ» деген тақырыппен «Егемен Қазақстанның» 1997 жылғы 5 шілде нөмірінде жарияланған – С.А.) жеткілікті айтқан да сияқтымын. Бейбіт Сапаралының «Президенттің балалық шағы» атты кітабында да біраз нәрсе бар. Мектепте бірге оқыған достарымның естеліктерінен де талай жай табылады», деп едіңіз. Сөйте тұра, осы кітап үшін үшқан үяңыз, балалық шағыңыз туралы арнайы әңгімелеп беруіңізді сұрағанмын. Бәлкім, кей жайларды аздал қайталауға, кей жайларды толықтыруға тұра келер. Бір тақырыпқа қайта сөйлегенде ондай болмай қоймайды.

Әр адамның өскен ортасы туралы айтқанда оның туған жері туралы да міндетті түрде әңгімеленетін табиғи жай. Сіз жайындағы сөздің өзіңіздің өмірге келген өніріңіз жөнінде басталғаны орынды болатын сияқты.

– Бұл ойыңмен келісемін. Өйткені, кез келген адам ең алдымен табиғат перзенті. Адамның қалыптасуына климат пен ландшафт та қатысадыны ғылыми негізде әлдеқашан дәлелденген. Туған жерім – тау, жігіт, аза-

мат болып өскен жерім – дала. Таудың биіктігі мен даланың кеңдігі ақыл-ойыма да, мінезіме де қатар әсер еткен сияқты десем, артық айттыға балана қоймас. Мен алдымен өзім өскен өлкенің жер бедеріне, табиғат сұлулығына қарыздармын деп білемін. «Үшқоңыр Алатаудың қойнауында, Әкемнің ізі қалған жайлауында. Қасқасу гүр-гүр тасып, ғұлі еркелеп, Арқары жайылатын аймағында» дейтінім бар ғой, қазір жі орындалып жүрген әнде. Қарғалы, Ұзынағаш, Қарақыстақ, Қастек, Жиренайғыр, Үрғайты деген өзөндер, Қарақия, Ақтасты, Сарыжазық, Суықтөбе деген таулар талай-талай оқиғаларға күе болған жерлер. Мен туған Үшқоңырдың жанындағы сайлардан өтсөң, әрі қарай Қарасаз, Үлкенсаз, Кішісаз, Ботасаз, Құлансаз деген сияқты неше түрлі жайлаулар жалғасып кете береді. «Құдайдың құдіретін көрем десен тауға бар» дейді. Өте әдемі жерлер. Көрсөң көз тоймайды. Әр тасы тарих. Баяғы жонғар шапқыншылығы кезінде Шамалғанның түсында талай шайқастар болған. Наурызбай батыр жонғардың Шамал ханын сол жерде өлтірген.

– Кей кітаптарда осы жер атауын «Шам алған» деп түсіндіру болған кезінде. Оны айтушылар ата жаудың атын жерге қоя ма екен десе керек. Сіз туралы ағылшынша шыққан, көптеген тілдерге аударылған тамаша кітаптың авторы, Ұлыбританияның көрнекті қаламгері Джонатан Айткен «Шамалған атауы қазақтың «шам, яғни жарық» деген сөзінен шыққан. Бұл өлкеде электр құаты болмағандықтан, осы бір ұжымшарлықтар мекен еткен жердің атауына «шам жарығындағы ауыл» деген жолма-жол аударма келіңкірейтін сияқты», деп жазыпты.

– Айткен оны қайдан білсін? Сөйлескен адамдарының біреуі солай деген. Естігені бойынша жаза салған. Жалпы, бізде топонимика әлі де онша дамымай келеді ғой деймін. Қазақстандағы барлық жер атауларының сөздігін шығарып, қай атау қандай жағдайда, қандай мағынамен қойылған, ол сөздің түпкі түрі қандай болған де-

генді ғылыми түрғыдан анықтап, көрсету керек. Жеріңе қойылған ат елінің үрпақтарға қалдырып кеткен хаты сияқты ғой. Ал енді ата жаудың атын жерге қоя ма екен дегенге байланысты айтайын. Неге қоймайды? Әбден-ақ қояды. Қаскелең де жонғардың батыры. Атақты батыры. Оны да өлтірген – Наурызбай. Шамал ханның да, Қаскеленің де жүрек жұтқан батырлар болғаны рас. Олардың атымен жерді атау арқылы аталарымыз сондай батырларды жеңген бабаларымыздың рухын асқақтатып түр. Қалай дегенде де қатар жатқан екі жерге қалмақтың тарихтан белгілі екі батырының аты қойылғаны ол заманда сондай дәстүр болғанын танытады. Қаскеленің өз аты Қасгәлән екен.

Жалпы, екі түрлі мағына беріп, дау туғызып тұратын атаулардың болмағанын ұнатамын. Сондықтан да Ақмола Астана атанды. Елімізді жаулап алып, халқымызды қан қақсатқан жаулардың аттарын (батыры болса да) өзгертип, өз тарихымызды қалыптастырсақ, мен оған қарсы емеспін.

**– Тұған жеріңізде, өскен еліңізде бар қазаққа белгілі тұлғалар баршылық. Солардың ішіндегі халыққа ең танымалы Қарасай Алтынайұлы болса керек. Қарасай батыр туралы, оның үрпақтарына өнегесі туралы не айтар едіңіз?**

– Аты бүкіл бір тайпаның ұранына айналған мұндаидай адамдар қазақ тарихында баршылық. Қазақтың «Ақжол!», «Бекет!» деп атқа шабатыны сияқты, мұндағы ел «Қарасай!» деп ұрандайтын болған. Атамыздың атының ұранға айналуы бір ұрыста жау шебін бұзып өтіп, Суықтебеге туын тіккеннен кейін басталған көрінеді. Жамбылдың: «Арғы атам аруақты ер Қарасай, теңселген дүбірінен тау менен сай!», дейтіні бар. Қарасай – ертеректегі батыр. Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан көп бұрын, он жетінші ғасырдың басында, орта шенінде қазақ әскерлері басшыларының бірі болған. Қарасай батырдың есімін қазақ тарихы үшін қастерлі ете түсетін жай –

еліміздің әр қырындағы шайқастарға қатысқаны. Оның арғын Ағынтай батырмен жан аяmas достығы, ақыры екі батырдың бір шайқаста көз жұмып, Арқада, бір бейітте қатар жерленгені белгілі. Кейіннен, осы тәуелсіздік жылдарында қос батырдың басына кесене орнатылды. Қарасай батырдың тікелей өз үрпақтарына ғана емес, бүкіл қазаққа қалдырыған басты өнегесі бірлікті ту етіп өткені деген дүрыс болады. Біз бабаларымыздың аруағына сыйынып өскен қазақ емеспіз бе? Маған әкем әр үақытта Қарасай бабаға сыйынып жүр дейтін. Ел ішінде ол туралы көп әңгіме айтылатын.

– Сіздің өскен ортаңыздың бір қыры батырлық болса, бір қыры – ақындық. Қаскелең, Ұзынағаш жағын «Батырлар мен ақындар елі» деп ардақтап жатады ғой. Ел аузындағы «Екейде елу бақсы, сексен ақын, сарнайды жын қаққандай кешке жақын» деген сөз де тегін айттылмаған шығар. Сіздің де бойыңызда ақындық қуат барын білеміз. Бұл жағынан алғанда бабалар әсерін сіз қалай сезінесіз?

– Әүезов «Жетісу ақындарының алтын діңгегі» деп атаған Сүйінбай мен Горький «ХХ ғасырдың Гомері» деп атаған Жамбыл бар қазақтың мақтанышы екенін айтудың өзі артық шығар. Бірақ, ақындық ақындардың үрпағына қона берсе, екейде сексен ақын тұрмак, сегіз жүз ақын болып кетуі мүмкін еді. Олай болмайды ғой. Жалпы, мен өзімді ақындық қонған адамдар қатарына қоса қоймаймын. Жүргегімді тербелген жайларды халқадерімше өлеңге түсіріп қоятыным бар. Оның бірнешеуіне әндер де жазылды. Ондай қасиет көп қазаққа тән емес пе? Ойды өлеңмен жеткізуге шебер кісілер менің әкем Әбіш пен анам Әлжан еді. Қарапайым адамдар болса да, той-томалақтарда, тіпті үйде отырғанда да үйқастырып отыратын.

– Нұрсұлтан Әбішұлы, өзіңіздің шығарған әндеріңіз де бар ғой? Оны білетінім, 1973 жылы сіз өзіңіз бастамашы болып, біздің «Социалистік Қазақстан» газеті редакциясының аппаратынан бірнеше адамды, бүкіл облыстардағы меншікті тілшілерді Теміртауға шақырыған екенсіздер. Сонда журналистерге жайылған дастарқанды сіз жүргізіпсіз. Өзіңіз шығарған «Шұбарат» деген әнді домбырамен айтып беріпсіз. «Алатау – туған жерім, менің елім. Сағындым арасынан ескен желін. Арқада ардақталып жүрсем-дағы, Ер жігіт ұмытар ма туған жерін?!» деген сөздерін де жазып алған журналист ағаларымыз ортамызда бар...

– Мен ән шығарайын деп өлең жазған жоқпын. Кейде жүректі толқытатын бір оқиғалар болады, сол кезде бір нәрселерді жазасың. Алдымен сөзін қағазға түсіресің, ырғағы кейін келе жатады. Жаңағы ән мына Теміртауда, Қарағандыда ұзақ жылдар жүргенімде ауылды сағынып шығарғаным ғой. Шұбарат – ата-бабамыздың жайлауы. «Шұбарат Алатаудың етегінде, Шамалған тұрады екен жетегінде. Арқадан асыл жарды тапсам-дағы, Тұған жер, сенен алыс кетемін бе?» деп те жазғанмын. Жаңағы сен айтып, мен толықтырып жатқан ән осыдан қырық жылдай бұрынғы сарғайған сәттердің сағыныш сазы ғой. Сондықтан, қазір мен ол өлеңді сол кезгі көніл-күйдің көрінісі деп қана қарай аламын. Тегінде, ол кезде астананы Алатау бойынан Арқаға ауыстыруды әлі ойластыра қоймаған болсам керек... Теміртау, Қарағанды демекші, мына бір жайды айта кетейін. Осыдан он-он бес жылдай бұрын бір авторға бала күнімде ұшқыш болуды армандағанымды, Үшқоньрыдың бір биғіне шығып алып, алысқа, ұзақ қарайтынымды айтқаным бар. «Тегі, Теміртауды көргім келген болар» деп әзілдегенмін. Соны пайдаланып, біреулер мені мақтағанның жөні осы екен деп, сол кезде болашақ астана жаққа қаратып, қиялдатып қоюдан да тайынбайды. Эр нәрсенің қисыны болуы кепек қой.

Ақындардың жыр жинақтарын мүмкіндік тапқанымша оқып тұрамын. Ал енді бабалар әсері дегенге келсек, біздің ауылдағы жиын-той бала күнімізде айттыссыз өтпейтін. Айқыш-үйқыш айттысатын да жататын. Арасында ән де, күй де орындалып тұрады. Би биленетіні есімде жоқ. Тегінде, би отырықшы халықтарға көбірек тән өнер. Би өнері арғыдан тамыр тартуы үшін үлкен сарайлар қажет.

— Үлкен атаңыз Назарбай би де ақындықтан құрақан болмаған сияқты. Тортай Сәдуақасовтың кітабында ол кісінің Алпысбай деген төреге айтқан шұмақтары келтіріледі.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Ертеректе Шамалған өңірінде жасаған өзі бай, өзі болыс Алпысбай атты төреге сол елдегі Назар (бай) деген бидің жиында отырып, бір жағы сынап, бір жағы базына қылып айтқан тілек-батасы:

Алпысбайым, сөзім бақ,  
 Астыңа міндің алтын тақ.  
 Зорлықпенен іс қылсан,  
 Жаратма Жаппар хак,  
 Кім халалға Алла жақ.

Ел арасын егер қылп,  
 Ер ісінен жазар ма?  
 Болыс болсаң бүтін бол,  
 Елдің құты әзалда.  
 Тепсінетін жөнің жоқ  
 Мәжілістесің Назарға.  
 Жасым үлкен демесен,  
 Мениң де ата жолым бар  
 Бектер барған базарға.  
 Үңтыймағы жарапса,  
 Берекелі ел азар ма!

Берген төрең оң болсын,  
Фарып-қасер, жалпыға  
Шапағатың мол болсын.  
Билер өситет айтыпты деп,  
Кейінгіге жол болсын!»

Бірден-бірге жеткен сөз төркініне қарағанда, мұнда мансапкерді (өзі де мансап иесі) сынаумен бірге оның кемшілігін тере бермей, келелі кеңес қылу, опық же-гізер озбырлықтан ада болуға, теріс қылыштан бойын аулақ салуға шақыру, жаманаттан сақтандыру, ізгілік-ке үндеу басымырақ. Нақыл астарынан қарсыласынан гөрі, қадірлес адамына айтқан тілектекстік сарыны аңғарылғандай. Ең бастысы ел бірлігі мен ынтымағын туралықтың туы етіп ұстау көзделеді. Ой түйінінде әділ билік, ақ бата ұлысқа үлгі, үрпаққа ұлағат болсын деген ізгі арман-мұрат бар.

Тортай СӘДУАҚАСОВ,  
«Назарбай би және туған өлкө тарихы»,  
Астана, 2000, 21-22- беттер.

Нақты менің өзіме мұндай қабілет тікелей әке-шешемнен жұғысқан сияқты. Әсіресе, шешем ақжарқын, көңілді, айтқыш адам болған. Қандай жағдайда да тауып айтатын, өткір тілді кісі еді. Ер көңілді кісі болатын. Анау жоқ, мынау жоқ деп әйелдікпен әңгіме айтпай, барға қанағат етіп жарқылдап, жайрандап жүретін. Әншілігі өз алдына бір бөлек. Ауылдағы той атаулы менің анам бар-май басталмайтын, бәрі «Әлжан келсін» деп қүтетін. Әкем Әбіштің де сұрып салмалығы барын тұстастары айтып отыратын.

— Кластас досыңыз Сәдуақас Есімбай: «Әбіш әкеміз, әсіресе, айтысуға өте шебер болатын. Талай айтыстарды өз құлағыммен естігем. Той-томалақтарда «той бастарды» жұбайы Әлжан анамызбен қосыла той иесіне ризашылықтарын айтумен бірге, кейбір қонақтардың

тойдағы ерсі қылыштарын әзілге айналдырып, елді күлдіріп отырушы еді», деп еске алады.

– Эке-шешемнің құрдас, құрбылары да қалжыңқой, өлең құрастырғыш кісілер еді. Жалпы, қазақтың қайқайсысы да екі ауыз сөздің басын құрастырып, бірер шумақты шығара беретін еді ғой кезінде.

– Сіздің өміріңізден түсірілген көркем фильмде мектепте тақпақ оқығаныңыз келтіріледі ғой... «Шамалғанның басында...» деп келетін...

– Оны фильмді түсірушілер менің кезінде берген бір сұхбатымнан алғыпты. Былай болған. Әкемнің өз құрдастарымен қалжыңы таусылмайтын. Солар туралы өзі құрастырған неше түрлі тақпақты үйретіп қоятын. Бірінші сыныпқа барған күнімде мұғалім апайымыз «Ал кім қандай тақпақ біледі?» десе, жаңағыдай шумақтарды тақылдалап айттып шығыппын ғой. Оның не өлең екенін мен қайдан білейін? Балалық шақта бәрі болады.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Ең бірінші мектепке келген күнім ешuaқытta естен шықпайды. Оның бір тарихы бар. Ең бірінші қалам ұстасып, әліппені қолыма ұстасқан Тәку Смайылова деген мұғалимамыз осыдан төрт-бес жыл бұрын ғана қайтыс болды. Қарым-қатынасымызды еш үақытта үзгеміз жоқ. Бірінші кластан төртінші класқа дейін барлық пәннен сабак берген сол кісі. Ол есте қалды. Бірінші класқа барған күннің есте қалатын себебі, менің әкем Әбіш марқұм, шешем Әлжан марқұмдар біздің ауылдағы өте бір көнілді, отырған жерін күлдіріп отыратын, сұрып салма ән шығаратын, кәдімгідей даусы бар жақын адамдар еді. Ауылдағы қазіргі тірі жүрген замандастардан сұрасаныздар, көзбен көрген адамдардан білсеңіздер, мұны растайды. Әсіреле, шешем өте көнілді

адам еді. Қазақтарды білесіздер ғой, құрдастарымен ойнай береді. Қазір ондай қалжынды көтеретін құрдастар жоқ-ау. Мысалы, әкем шешеме бірденеге ренжіп отырса, құрдасы оған қой деудің орнына шешемді одан әрі үрса жөнелетін. Бір құрдасына өлең үйретіп, мектепке барғанда айт деп жаттатқызатын. Оның мәнін мен қайдан білейін. Тойбай деген марқұм болып кетті, балалары бар, мені кешірер.

Өзі әдемі, соғыстан келген, бір қолы жоқ болса да шырайлы жігіт еді. Екі беті қып-қызыл, көркем адам болатын, соған былай деп жазыпты.

*Шамалғанның басында Тойбай отыр,  
Беті қызыл қатынды қоймай отыр.*

Екінші досы Жұмахан деген марқұм. Оның балалары бар Нұсіпхан деген. Балаларымен бірге оқып шықтық. Ол ірі қара мал, өтіз бағатын. Соған бір шумақ өлең жазыпты. Сол ауылдағы барлық құрдастарына жаңағыдай ғып, мен тақтаға шығып тарсылдатып тақпағымды айтып отырғанда барлық мұғалімдердің шек-сілесі қата күлетін».

Н.Ә.Назарбаевтың журналисттер Ү.Қалижанов пен  
М.Құл-Мұхаммедке берген сұхбатынан.  
«Егемен Қазақстан», 1997 жыл, 5 шілде.

### – Жамбыл бабамыз сіздің есінізде қалай қалды?

– Әкем Жамбылмен де, Кененмен де таныс болғанын айтып отыратын. Біздің ауыл Шамалған Алматы мен Ұзынағаштың ортасында орналасқан. Әрқайсысынан қашықтығы шамалас болар. Жамбыл ауылының төңірегінде тұратын туыстарға атпен де, ат арбамен де бара беретін-біз. Үлкендердің айтуынша, Жамбыл атамыз да атқа мініп, тау бөктерін аралап жүреді еken. Менің әжем Мырзабаламен жақсы таныс болса керек. Мен ол кездерде 4-5 жастамын. Есімде бірі қалса бірі қалмайтын кез ғой. Жамбылдың Алғадай деген ұлы қайтыс болғанда анам

(әжемді «апа» дейтінмін де, анамды «жеңеше» дейтінмін) мені Ұзынағашқа алып барған екен. Сонда атаға көніл айту үшін Алматыдан, маңайдан көп адам келгені көз алдыымда. Үйдің алдындағы мен бұрын көрмеген ұзын қара машина есімде қалып қойыпты. Анам айтып отырушы еді, атаның жанында үнемі бір жалтырбас кісі, бір толық денелі сары кісі жүрген еді деп. Кейін естідім – ол кісілер республиканың басшысы Жұмабай Шаяхметов пен жазушы Сәбит Мұқанов екен. Кезінде Сәбен ғана біздің үйде де болыпты. Оны мен мектептің жоғарғы кластарында жүргенде ғана білдім. Біздің кезімізде мектептегі оқулықтарға еніп жүретін «Колхозды ауыл осындей» деген өлең болатын. Сәбит Мұқановтың өлеңі. Сол өлеңнің соңғы шумағын Сәбен ғана біздің үйде жазыпты. Малшылар өмірімен танысуға бір топ жазушы келген екен. Арапарында әншілері де бар. Әншілерінің ішінен жүрттың есінде Жамал Омарова ерекше қалыпты. Қонақтарға Ұшқоңырдың жақсы деген киіз үйлері тігіліпті. Сонда біздің киіз үйге Сәбен түсіпті. Әкемнің «Мұндай үлкен кісі де осыншама қарапайым болады екен» деп айтып отыратыны есімде. Әкем інім Сатыбалды екеумізді шақырып, Сәбене сәлем бергізіпті.

**– Өлеңнің бір шумағын үйде жазғаны қалай?**

– Сәбен жайлау туралы бір өлең жазып, соның аяқталуына өзінің көнілі толмай жүрген болса керек. Әкем мен анам кезектесіп ән айтқанда ол кісі бір кездे қалам-қағазын шығарып, малдас құрып отырған жерінде тізесіне жаза бастапты. Сөйтіп сәлден кейін ұзақ өлеңді оқып, «Мына соңғы шумағын жаңа ғана жаздым, түйіні келіспей жүр еді, жақсы болды», депті.

**– Ол шумақ есіңізде ме?**

– Есімде, әрине.

Тұнгі дауыс тым алысқа кетеді.  
Жаңғырықтырып, тауды дірілдептеді.  
Жайлалауында жаздай думан қайнаған  
Қандай ғажап малышылардың мекені!

Тағы бір қызық жағдай бар. Сонда Сәбенің шабытын шақырған ән орыстың «Вечерний звон, вечерний звон, Как много дум наводит он» деп келетін әні екен. Әкемнің Шамалғандағы орыс достарынан үйренгені ғой.

– Сіз кезінде атаңыз туралы «Назарбай – қолында мөрі бар адам болған екен...» деп қана айтумен шектелген едіңіз. Кейін қарасақ, ол кісі ауыл-аймақты басқарған, көп жыл би болған адам екен. Тортай Сәдуақасовтың «Назарбай би және туған өлкे тарихы» деңгегі кітабында бұл жайында нақты деректер келтірлген. Атаңыз жөнінде не айтар едіңіз?

– Жаңағы сен айтып отырған кітап сол кезде де құжаттардың ұқыптылықпен жүргізілгенін көрсетеді. Архив деректерінде Қаскелең болысының қанша ауылды болса, сол ауылдардың бәріндегі сайлау жасындағы адамдар, олардың жасы, малы (жылқы, қой деп нақты бөлінген, неге екенін, түйе, қара мал саны берілмелті) нақты тізімделген. Мысалы, Сүйінбай бабамызда 70 жылқы, 200 қой болған екен. Жанысбай, Жігітбай, Назарбай деңгег үш ағайындының малы қоса есептеліп, 3 жылқы, 50 қой деп көрсетіліпті. Бұл ол кез үшін аз мал. Әр үйге бір жылқы, он бес шақты қойдан ғана келіп тұр ғой. Соған қарағанда, жалпы біздің әулет о бастан бай болмаған. Малышылардың, қойшылардың үрпағымын дейтінім сол.

Назарбай бидің мөрін менің әжем ешкімге бермей, өзінде ұстайды екен. Мұны менің анам айтып отыратын. Ол мөр қазір Астанадағы музейге қойылған.

– Сәдуақас Есімбайдың «Үшқоңыр – алтын бесігім» деген кітабында сіздің ата-тегіңізді былай тарқатыпты: «Қарасай – Көшек – Айдар – Мырзатай – Кенбаба – Еділ – Сапақбай – Назарбай. Әкемізден Үмбет, Шалабай, Арману мен Әбіш тудық, – деп отыратын Әбіш әкеміз». Әuletтік шежіреде Назарбайдан Шалабай, Үмбет, Әбіш тарайды делінеді. Арману деген кісі кім?

– Арману – Назарбайдың қызы. Аты сондай тосындау қойылған еken. Қазақ ата таратқанда әйел затын атамайды ғой. Әбіштен Нұрсұлтан, Сатыбалды, Болат, Әнипа. Сәби кезінде шетінеп кеткен Айсұлтан, Нұрғазипа деген бауырларымыз болды. Назарбай би дүниеден өткеннен кейін шаңырақ иесі Үмбет атамыз болыпты. Құжаттарда Үмбетбай Назарбаев деп жазылады. Үмбетбай атаны мен көріп өстім. Ал Шалабай деген кісі үрпақ көрмеген еken. А나мның аяғы ауыр кезінде бала туса мен асырап аламын деп келіскең еken. Ол кезде әкем ағасына қарсы болмаған. Бірақ мен туар жылы ол кісі қайтыс болып кетіпті. Ал Арману апамыз ертеректе өмірден өткен.

Назарбай атамыз би сайлауына үш рет түскен көрінеді. Ана жылы маған Джонатан Айткен келген. Мына отырған сен сияқты оған да әбден әңгіме айтқанмын. Сол кісі архив құжаттарынан Назарбайдың ауқатты әрі елге сыйлы адам болғанын, 1900 жылы жергілікті төбебилікке сайланғанын анықтапты. Ол деректер бұрын да келтірілген еді. Жабық дауыс беру кезінде 58 рубасының 30-ы Назарбайды қолдан шыққанын жазған.

– Джонатан Айткен осы мысалға: «2007 жылы өз атасының өмірбаяны туралы әңгіме арасында оның сайлануы туралы осы тарихты айта отырып, Президент Нұрсұлтан Назарбаев: «Бұл біздің осыдан 100 жыл бұрын-ақ қаншалықты демократияшыл болғанымызды білдіреді! Қазақстандағы біздерді демократия тұралы білмейді деп кім айта алады?» деп әзілдеді» деген

**түсініктеме берген. Негізінде, сіз бұл сөзді кем қойғанда әзіл-шыны аралас айтқан сияқтысыз.**

– Эрине, әр әзілдің астарында шындық жатады. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген мақалы бар халықта демократия атымен жоқ деп ешкім де айта алмайды. Қазақ ханның алдына барғанда да «Дат, тақсыр!» дейді. Сонда «Датың болса айт» деп, сөзін тыңдайтын болған. Біз еліміз демократиялық қоғам құру жолында дейміз. Ал олар болса біздің демократияның европалық стандарттарына тез түсуімізді қалайды. Мұның біздің қоғамға қандай залалы боларында олардың шаруасы жоқ.

Жалпы, өзгеге жалтақтаудың түбі жақсылыққа апармайды. Жақында бір батыстың сарапшысы жазған М. Горбачев жайындағы пікірді оқыдым. Сонда Горбачев жас кезінен карьерист адам болған деп жазады. Мансапқор өсу үшін, өзінен жоғары түрған бастықтың алдында үпай алу үшін үмтүліліп, жалпақтап, соның ойынан шығуды ойлады дейді. Ал өзі бір күні үлкен басшы болғанда кімге жағынарын білмейді, жағынатын адам іздейді дейді. Әдеті ғой. Сонда Горбачев өз елінде жағынатын адам қалмағанда Америка, Еуропа басшыларының мақтауына ілінгісі келген болып шығады. Иә, ол шынында да солардың айтқанын тыңдады, айтқанын істеді. Мұны айтып отырғаным – ел басындағы адам тек қана өз халқының, өз елінің қамын ойлап, соған ғана қарекет жасауы керек. Маған да батыстың жолына түсініз, осыдан артық жол жоқ дегендер аз болмады. Түспедің деп сынады. Олардың ақылымен жүрсек, онда өз дәстүр, өз тамырымыздан айрылышып, ел ішінде дау-дамай көбейер еді. Нешеме түрлі-түсті революциялардың ішінде жүрген халықтың өмірі мүшкіл болар еді. Оның бәрін көріп отырған жоқпыз ба?

– Назарбай бидің өзі өскен өлкеде белгілі бір із қалдырыған тұлға екендігі сіздің кішілікпен айтқан әңгімеңізден-ақ аңғарылышып тұр. Әйтсе де, сіздің ерте-

ректе шыққан «Әділеттің ақ жолы» деген кітабыныңда: «Кейінгі кезде өзінің «пролетарлық» тегімен көкірек қағу басқа бір нәрсенің салқынымен алмасты: қайткенде де өз тегінен «ақсүйектік» қасиет іздел табу етек алды. Ондай біздің тұқымда болған емес. Мен – қойшылардың ұлымын, немересімін және шөбересімін. Демек, ешқандай ақсүйектер әuletінен емеспін» деп жазғаныңыз бар. Рас, бұл кітап кеңестік кезеңде, тәуелсіздікке дейін жарық көрген. Сіз ол кезде атаңыздың би болғанын айтып жатқыңыз келмеген сияқты, әлде олай емес пе?

– Бұған не деуге болады? Жалпы, адамның өткенімен мақтана беруі оның бүгін мақтанатыны аз екендігінің белгісі де болуы мүмкін... Солай емес пе? Ата-бабаларың мақтануға тұрарлық тұлғалар болғанда да сенің өзіңің оған нақты қатысың қандай? Сіңірген еңбегің қандай? Сенің ата-бабаларыңа еңбек сіңіруің мүмкін емес. Сенің еңбегің сіңсе, балаларыңа, немерелеріңе сіңеді. Осындаі балалар тәрбиеледім, осындаі немерелер өсірдім деп мақтаныш етсең бір жөн. Әрине, халық үшін еңбек еткен адамдарды мақтаныш тұту керек. Егер олар сенің әuletінен шықса, тіпті жақсы. Бірақ, бұл арада мақтаныштан гөрі жауапкершілік сезімі алға шыққаны дұрыс. Мен сондай адамның үрпағымын, қазір бәленшешің үрпағы деген атты абыраймен алып жүрмін бе деген тұрғыда ойланған, қиналған жөн.

Ал енді «ақсүйектер әuletінен емеспін» дегенімнің мәнісі былай. Қазақта бабадан атаға, атадан балаға, баладан немереге ауысып жататын ақсүйектік, яғни аристократтық титулдар жоқ. Мысалы, грузиндерде князьдің баласы князь болып шыға келеді. Ағылшындарда лордтың баласы да лорд. Орыстарда да бұрын солай болған. Дворян әuletінің балалары дворянин, графтың баласы граф деген сияқты. Мұның жақсы жағы да бар, жаман жағы да бар. Жақсы жағы әulet дәстүрін жалғастыру жауапкершілігінің өзі адамды ширатып тұратынында. Жаман жағы жаңағы

атаққа адамның ерекше еңбек етпей-ақ дайын күйінде ие болатында.

— Осы арада бір пікір қосайыншы. 2005 жылы Мәскеуде Андрей Кончаловскийден сұхбат алған едім. Сонда Андрей Сергеевич: «Өзім дворяндар әuletінен шыға тұра Россиядағы пролетарлық революцияның жалғыз жағымды жемісі бар болса, ол аристократияның жойғаны шығар дер едім. Революцияның арқасында қоғам гомогенді болып шықты» деген еді. Осы ой көкейге қонады. Расында да, әр адамның өмірге қадам басардағы старттық жағдайы тең шамалас тұрғанының өзіндік артықшылығы бары талассыз.

— Жаңағы ойды аяқтайын. Әркім өз бақытын өзі жасауы керек. Әркім өз несібесін өзі териі керек. Кімнің нешінші үрпағы болғанымда да мына жайдың басы ашиқ. Менің әкем Әбіш қарапайым өмір сүрген, ғұмыр бойы жұмыс істеген адам. Мал да баққан, егін де еккен, бау да өсірген, бақша да салған. Отбасын өзінің ақадал еңбегімен асыраған. Мен туғаннан кейінгі жылы біздің таудағы қыстауымызда біреудің абайсыздығынан өرت шығыпты. Әкем сол өртті сөндіріп жүріп, бір қолын иығына дейін қатты қүйдіріп алышты. Соғыс басталғанда әскери комиссариатқа шақырып, дәрігерлік комиссия қолының қатып-семіп қалғанына байланысты майданға жарамсыздық билетін берген. Оны «ақ билет» дейтіні есімде. Қоғам жыл таудағы жайлалауда мал бағып, көшіп-қонып жүргендіктен, біздің бала күнімізде өзіміздің үйіміз де болмаған еді. Ол үйді біз кейін өзіміз салып алғанбыз.

— Сіздің кітаптарыңызда, сұхбаттарыңызда әкеңіз Әбіштің алдымен аталатын қасиеті – еңбекқорлығы. Өзіңізді де өмірдің небір сынақтарынан осы еңбекқорлық алыш өткен. Әкеңіздің бұл қасиеті бала Нұрсұлтан-ның бойына қалай жұғысты болды деп ойлайсыз?

— Иә, мен нағыз еңбекқор кісі деп әкемді айтар едім. Әkenің балаға айтқан ақылынан гөрі көрсеткен өнегесі көбірек жұғады. Әкем маған ең қарапайым, бірақ ең қасиетті қағиданы ұғындырып кетті. Ол қағида – ерінбей, қажымай-талмай еңбек ету. Солай еңбек етсөн ғана бағыңның жанатыны. Осы өнегесі үшін мен әкеме өмірбаки қарыздармын. Менің әкем мен шешем де еңбек арқылы табысқан. Үшқоңырда танысқан. Сол жерде жүрт әлі күнгө «Арестанттар жолы» дейтін жол бар. Тауғашығатын айналма жол. Айтқандай, ол «арестанттардың» (қазақтар оны Рыстандар салған жол дейді) кім екенін білесің бе? Әуре болмай-ақ қой. Ешуақытта ойлап таба алмайсың. Үшқоңырдағы жолды салғандар бай-кулактар мен ... жер аударылған молдалар екен!.. Олардың арасында Бұқарада медресе бітіргендер де бар көрінеді. Соңда әкем үш жұз арестантқа бригадир болыпты. Шешем Шу жақтан келіп, жаңағы жерде аспазшы болып жұмыс істеп жүреді. А纳ама бір жыл сөз салып жүріп үйленіпті.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Негізінде әкемнің басты шаруасы мал бағу болатын. Егер оны ертеден түнгө дейін еңбек етті десем, бәрібір үл да жетімсіз соғып жатар еді. Мен оның қай кезде үйықтайтынын немесе ештеңе іstemей, құр тынышып отырған сәтін көрген емеспін. Бірде отын жарса, бірде томар қопаратын, енді бірде бірдене сату үшін базарға кетіп бара жататын. Ол дәулетті орыстар қолында өскендіктен егін салуды да жақсы білетін. Пәлендей білімі болмаса да, миua ағаштарын будандастыруға кәнігі еді. Жүрт біздің баққа келіп, керемет өсіп тұрған таңғажайып жемістерді немесе бір жағында кәдімгі апорт алмасы, екінші жағында уылжыған алмұрт пісіп тұрған ағашты тамашалайтын. Әкем өсірген ондай алманы кейін еш жерден көрген емеспін. Өзінің сүйікті сортты алмасы – апорты ол келесі көктемге дейін бұзбай сақтайдын еді».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Әділеттің ақ жолы», А., 1991, 18-19-беттер.

— «Балалық шағымның аспаны» деген фильмде әкеңіз Әбіштің жаңа салық саясатына қарсылық ретінде өз қолымен еккен алма бағын бір түнде отап тастағаны көрсетіледі. Кейбіреулер осы оқиғаны фильм сценарийшілердің көркемдік тартыс үшін ойдан қысқырығанындай көруі мүмкін. Мұның анық-қанығын өзіңзің айтып беріңізші?

— Мұның анық-қанығы «Әділеттің ақ жолы» деген кітабымда жазылған. Сценарийшілер де содан алып отыр.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Алайда, кундердің күнінде үй маңындағы жерімізді (ол жарты гектар еді) азайта бастады, әуел он соттықты, одан соң тағы да бірте-бірте кесіп ала берді... Әкем ат десе ішкен асын жерге қоятын. Бірақ кеп үзамай одан да қудер үзуге тұра келді – ат үстауға да тыйым салынды. Сондағы себеп жемшөп колхозға керек екен. Ал бірде өз козімे өзім сенбедім: әкем алма ағаштарын өз қолымен отап жатыр. Сөйтсем, әр түп ағаш үшін салық төлеуден құтылу керек болыпты. Үй-іші қатты тарықты: ішетініміз құр шайғана, анда-санда бір түйір қант болады. Манғайға біткен жалғыз сиырдан колхозға тапсырылуға тиісті сары май мелшерінің көптігі сонша, өзімізге тек көк сүт қалатын.

Әрине, кеп нәрсені түсіндірге болады. Бірақ соншалықты енбекқор адамдарымыздың мундай мүшкіл халға қалай тап болғанын кей-кейде ойлай бастасан-ақ, сайтан алғырды еш түсінбей бас қатыруға тұра келеттінін қайтерсің!..».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Әділеттің ақ жолы», 19-20-беттер.

Жалпы, әкем көзі ашық, көкірегі ояу кісі еді. Әкем жүрт айтса болдының, кеп айтса көндінің адамы емес еді. Әр нәрсеге өзінше қарай алатын. Жиын-жиналыста

айтпағанмен, дастарқан басында, үй ішінде өзінше пікірлерін де айтып қалатын.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«...1962 жылы мен, жас металлург, комсомол съезінің делегаты болып Мәскеуден үйге оралғаным әлі есімде. Әрине, әсер деген ұшан-теніз! Әкем мен көршілерге асығып-үсігіп Хрущев туралы, оның еліміз комсомолдары алдындағы сойлеген сөзі туралы, қала мен ауыл арасындағы өзгешеліктердің бірте-бірте жойылып, село өмірінде керемет мүмкіндіктер болатынын баса айттым. Үлкендердің маған көніл бөлгеніне масаттанып, ақсақалдар жүзінде мысқыл пайда болғанын байқамай сайрай беріппін. Ал әкем маған құстаналап қарап отыр екен. Ақыры, нұрлы болашаққа қарай бағытталған қозғалысымызға қедергі жасайтын қосалқы жеке шаруашылық пен үй маңындағы участкені жөн-жосықсыз жерден алып, жерге салғанымда, қарт Әбіштің төзімі таусылды білем.

— Тоқтат, балам, мұндай сөзді радиодан ести-ести қулағымыз сарсыған. Одан дағы мынаны айтшы: Мәскеудегілердің есі дұрыс па өзі? Әлде отызыншы жылдағыдай тағы да аштықпен титықтатпақ па? Ауыл адамында жер болмаса, қойшыны жеке малынсыз қалдырысақ — олар даладағы жел құған қаңбақ емес пе? Сұлтан (үйде мені осылай атайдын), сен ренжімей-ақ қой, жүргегін жарыла қуанатындағы ештеңе жоқ, сен бізге жаманат хабар жеткіздің...

**Мен сондағы өз қателігімді көп жыл өткен соң жерлестеріме сүйіншілете жақсы хабар әкеліп, түзеттім».**

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Әділеттің ақ жолы», 11-12-беттер.

— Ата-анаңыз біраз жыл перзент сүймей жүріп, Раяымбек бабаның басына екі күн қатар түнеп, тәу етіп,

содан кейін сізді көргені белгілі. Сіз осындай әүлиелі орындарға, олардың киесіне сенесіз бе?

— Менің әкем мен анам бабаның басына тұнеп, тілек тілегендері рас. Менің бала кезімде ол мола Алматының шетінде үлкен тебе болып көрінетін. Құран Қарімде тілеу, сұрауды тек Аллаға айту керек дейді. Бірақ біздің салтымызда аруаққа сену де бар ғой.

Райымбек бабаның басына тұнеген тұнде анам тұс көріпті. Тұсінде теңізге тұсіп кеткен екенмін дейді. Судың түбінде демі тарылмай, кәдімгідей жүре беріпті. Теңіздің түбінен аппақ күмістен жасалған ұзын мылтық көріпті. Жаңағы мылтықты мойнына іліп алып, жүзгеннен жүзіп отырып жағаға шығыпты. Таңертен бейіттің шырақшысы тұсін жорыпты. Ұл бала табасың, балаң мықты болады, жасы ұзақ болады, осы балаң сенің мақтанышың болады, ел қорғайтын адам болады депті. Мылтыққа байланысты жорығаны ғой.

— Нұрсұлтан деп атыңызды әжеңіз Мырзабала қойған еken. Сонда ол кісі Құрандағы Алланың 99 атының бірі Нұр, бірі Сұлтан екенін білген бе, жоқ әлде мағыналық жағына баса мән беріп қойылған есім бе?

— Мұндайда қазақ «аузына құдай салған» дейді. Солай болған шығар. Эжем Аллаға сенетін, бес намазын ұстап, ораза тұтатын адам еді. Алланың 99 аты бар екенін білген болар. Мағыналық жағына да, әуезді естілүіне де көніл бөлсе керек.

Эжем туралы айтайын. Мырзабала әжем мені бес жасқа дейін жұрттан жасырғандай етіп өсіріпті. Әрі тұңғыш, әрі әбден зарығып көрген немересімін ғой. Үйге біреу кірсе мені етпетімнен теріс қаратып жатқыза салады екен. «Немереніз жүрді ме, әже?» деп сұрағандарға: «Құдай бір немере беріп еді, оның өзін де қауқарсыз етіп берді» дейді екен. Анам ол кісіге ренжіп, қайдағыны айта-

сыз дейді екен. Мені қашан шауып жүріп кеткенше қып-қызыл матадан киіндіріп қойғаны да өзінше қызық. Көз тимесін дегені. Бір күні қып-қызыл ғып киіндіріп қойған маған аспаннан бұркіт шүйіліп түсе жаздалты. Сөздің реті келіп тұр, менің бала күндерімді, мектептегі шағымды көрсететін «Балалық шағымның аспаны» деген фильмде Мырзабала әжемнің рөлін ойнаған Бибігүл Ахметқызы Төлегеноваға разылышымды бөле айтқым келеді. Әжемнің өзін көргендегі болдым.

— «Үйдің жақсы болмағы ағашынан, жігіттің жақсы болмағы нағашыдан» дейді біздің қазақ. Қордай жақта «Ән тыңдасаң Қасыққа бар, қыз алсаң Қасықтан ал» деген сөз айттылады екен. Әлжан анамыздың әншілігі, өзілге үсталығы, айтқыштығы жайында біраз жазылған. Анаңыз жайында да өз аузыңыздан естігім келеді.

— Не айтайын? Кім айтса да анасының қадір-қасиетін жеткізіп айта алар ма? Меккеге үш рет арқалап апарып келсөң де ана парызы өтелмейді дейді ғой. Мен көп қазақтың балалары сияқты әкенің ісінен үлгі алып, оның қаталдығына шыдап, ананың тәрбиесімен өскен баламын. Әкем күндіз-түні жұмыста, мен анамның жаһындармын. Анамның мені жаныңдай жақсы көретінін білетінмін. Сол шексіз ана маҳаббатына оранып өстім. Баланы анасы шын сүйіп өсірсе, ол бала бақытты боларына мен сенемін. Баланы жалдаған әйел емес, анасының өзі тәрбиелегенін ұнатамын. Сондай бала дұрыс жолдан таймасына сенемін. Өзі қарапайым, сауаты жоқ адам болса да өмірден үйренгені, көрген-білгені көп анам әр уақытта көз алдында, жүргегімді елжіретіп тұрады. Қыын шешімдер қабылдар кезде түсіме кіріп, ақыл беріп кетеді.

Менің анам Әлжан Жатқанбайқызы 1910 жылы туған. Құжаттағы 1905 жыл қате жазылған деп өзі айтып отыратын. Мен негізі анама тартқанмын. Нағашыларым да осындаидай дөңгелек жүзді болған екен. Теміртауда жұмыс істеп

жүргенімде анам қонаққа келіп, «Сені көрсем Бөлеген ағам көз алдында тұра қалады. Өң-түсің де, қымылдарың да аумай қалған» деп көз жасын бір сыйып алған еді. Бөлеген нағашым колхоз басқарған, аупарткомда істеген кісі екен. 1937 жылы «халық жауы» ретінде ұсталып кеттіпти.

Анамды еске алғанда кейде қиялдана отырып, ойлаймын ғой: ол кісінің жасы жүзге жетсе осы кезге дейінгіні көрүі мүмкін еді-ау, тоқсанға жетсе елдің есейгенін, баласының Арқада жаңа астана салдырып жатқанын көрер еді-ау, тіпті сексеннен сәл асса да тәуелсіздік таңы атқанына күә болар еді-ау деп. Анам 1977 жылы дүниеден өтті. Менің ат жалын тартып, азамат болғанымды ғана көрді. Аз күн ғана ауырып, ағайын-туғанына аманатын айттып, жүріп кете берген. Менің шетелден әкелген жепжеңіл қоңыр тоным бар еді. Соны Гүлжан келініне беріп, «Енемнен қалған көзі еді деп киіп жүрерсің», депті. Келіні: «Қойыңыз, әлі-ақ осы тоңмен талай қонаққа бара-сыз» десе, айттыпты: «Тілімнің сайрап тұрғанына алданып қалмаңдар, дайындықсыз болмаңдар. Дүниеде болжаусыз нәрсе ұшеу: толғақ болжаусыз, қонақ болжаусыз, өлім болжаусыз. Ажал айттып келмейді, айла таптырмайды. Алды сайран, арты ойран дүние осы», деп. Осылай кесек-кесек кесіп сөйлейтін, тіліп айтатын адам еді.

– Анаңыздың еті тірілігі, өткірлігі Қаскелеңнің аудандық аурұханасында болған тосын жағдайдан да көрінеді.

– Ол жағдай ана жылы өзіңнің газетінде жазылды ғой.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Әсіресе, Әлжан ана Нұрсұлтаның қалай толтатып ғосанғаның жырғып айтатын көрінеді. Ол байлай болыпты.

«Султаныма тура жеті күн толғаттым. Тамақ іше алмаймын, әл-дәрменім таусылған. Шамалғанда перзентхана жоқ, аудандық аурұхана Қаскеленде. Әбіш арбаны жегіп, үстіне жатқызды. Ол кезде тас жол жоқ, кедірбұдыр, шиқылдан шұңқырға түскен сайын жаңым көзіме көрінеді. Әйтеүір, аурұханаға жеттік-ау. Дәрігерлер жүгіріп жүр. Бір еңгезердей ерек келді де, «босандыру керек, болмаса өліп кетеді» деді. Сөйтсе, бала ісініп кеткен, әрі салмағы 5 килоға жуық екен. Сонда әлсіреп жатып дәрігердің «мальчика поймал» деген сөзін естідім де, әрі қарай есімнен айрылып талықсып кетіппін. Екіншү күнге дейін өзіме өзім келе алмаған соң баланы да еміздірmedі. Бес-алты күн дегенде кіп-кішкентай сап-сары нәрестені әкеліп үстата салды. Әлгі балаға қараймын, бірақ жүргем тартпайды. Қасымда жатқан қазақтың келіншегінің нәрестесі балпанактай. Әлгіге қарай беремін. Мен қараған сайын жаңағы келіншек жылайды. Ана жүргегінен сезімтал нәрсе жоқ, ертесіне шыдамай кетіп, оралған баланы ашып кеп жіберсем – қыз, жүргем зу ете түсті. Баланы орай-морай қалай дәрігерге алып жүгіргенімді білмеймін. Ерек дәрігерге барған бойда: «Сіз айтыңызы, мен кімді тудым?» дедім. «Қалай кімді, сіз үл бала тудыңыз» деп саңқ ете қалды. Ол кісі дереу баланы алды да, жөргекті ашып кеп жіберді. Шынымен қыз. Дереу медбикелерді шақырып, «Баланы табыңдар!» деп айқай салды. Сөйтсек, қасымда жатқан әйел бұған дейін жеті я серіз бе қыз босаныпты. «Осыдан тағы қыз тусан, үйге келме» деп күйеуі тепсінген көрінеді. Амалы құрыған әйел бір медбикемен астыртын келісім жасайды. Сөйтіп, өз баламды өзім алып, ананың қызын өзіне бердік. Нұрсұлтанымнан осылайша айрылып қала жаздаған жайым бар...».

Гүлзейнел СӘДІРҚЫЗЫ,  
«Президенттің анасы»,  
«Егемен Қазақстан», 2007 жылғы 6 шілде.

Адам бойындағы жақсылықтың бәрі алдымен ананың ақ сүтінен. Қазақтың «Ана сүтін ақтамағанды адам

жақтамайды» дейтіні бар. Әйелді өмірдің тірегі дейміз. Әйел өмірдің тірегі ғана емес, әйел – өмірдің өзі. Бұрын бір сұхбатымда айтқанмын, әйелдің жағдайы қандай болса, қоғамның жағдайы да сондай болады деп. Біз жас үрпаққа, балаларымызға, немерелерімізге ата-ананың қадір-қасиетін білуді ұдайы айта жүргүре тиіспіз. Анасына рақым етпеген адам, баласынан рақым күтпесе де болатынын ұмытпайтындағы етуіміз керек.

– Сіздің көпүлттү ортада өскеніңіз белгілі. Осы ерекшелік өз өміріңізге, азамат, саясаткер ретінде қалыптасусыныңға қандай әсер етті?

– Тек қана жақсы жағынан әсер етті. Абай айтқан емес пе, «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген сөзді. Абай бүкіл адамзатты айтады. Ал бүкіл адамзаттың жанында өзіңмен тағдыр тоғыстырған, бірге тұрып, бірге жүріп, ағайындағы араласып-құраласып кеткен жандардың жөні тіпті бөлек емес пе? Шамалғанда алуан түрлі ұлт пен ұлыстың басы түйіскен еді. Бұрынғы қазақ, орыс, украиндарға соғыс жылдарында Қазақстанға жер аударылған балқарлар, чешендер, немістер, месхет түріктері, қарашибайлар, курдтар қосылды. Солардың бәріне қазақтар тар үйінен ығысып орын тауып, баспа-на берді. Біздің үйдің бір қанатында балқарлар түрған еді. Қай жерде қандай мектеп болса, қай ұлттың баласы да сол мектептің тілінде оқи беретін. Біздің мектепте де қазақша оқыған украин, чешен балалары есімде. Менің әкем кішкентай күнімнен басқа ұлттың балаларымен араласып өскенімді, орысша еркін білгенімді қалап тұрды. Ал өзі орысшаны таза сөйлейтін. Тіпті, балқар, түріктердің тілін үйреніп, еркін сөйлейтін. Мұның себебін сол жылдардағыдай «орысша білмесен нан тауып жей алмайсың» деген сөзben ғана түсіндіре салудың жөні жоқ деп ойлаймын. Әкем осы арқылы менің жай ғана «нан тауып жеуден» гөрі үлкенірек мақсат ұстануымды ойлаған сияқты. Тіпті мен үшін орысша сөйлейтіндері көп көшеге

әдейі көшіп барған да болатын. Бұрын ылғи қазақтар тұратын Колхозная деген көшеден орысы көп Панфилов көшесіне солай ауысқанбыз. Карманов деген орыстың құлайын деп тұрған үйін әкем сатып алып, кейіннен өз қолымызбен дәл сол жерге үй салдық. Мен мектепті қазақша бастап, алты жылдан кейін орысшаға ауыстым, үш жылдан кейін қазақшаға қайта оралдым. Мектепті қазақша бітірдім. Осының арқасында ауыл мектебін бітірген кездің өзінде орысша да таза сөйлеп, таза жазатынмын. Орыстың классикалық әдебиетін де, орыс тіліне аударылған әлем әдебиетін де еркін оқитынмын. Қос тілді қатар игергеннің пайдасын өмір бақи көріп келемін. Бұл арада мәселе тіл білуде ғана емес. Тіл білу діл білуге бастайды. Ділді, яғни жүректі білу адамды тануға, халықты тануға бастайды. Осы қарапайым нәрсені біраз жұрттың әлі күнге түсінбейтініне таңым бар.

Жалпы, кешегі кеңестік кезеңнің сан түрлі ұлт пен ұлыстың басын қосып, бір шаңырақтың астында негізінен кейде күшпен, әкімшілікпен болса да ұлтаралық татулықты сақтағанын айтпауға болмайды. «Негізінен» дейтінім, тұтас халықтарға сенімсіздік көрсетіп, жер аударып, ұзақ жылдар коменданттық бақылауда ұстап, кей жерлерді бір республикадан бір республикаға беріп, қайта алып, болашақ қақтығыстарға арқау жасап бергені де бар екенін де ұмытуға болмайды. Қалай дегенде де, кеңестік интернационализмді сол кездегі идеологияның ойлап тапқаны етіп көрсету әділетсіздік. Интернационализм болған, бар және бола да береді. Соның өзі жақсы да. Біздің Қазақстанның тәуелсіздіктің ең бір қыын жылдарында ауызбіршіліктен айрылмағаны негізі кешегі кеңестік кезеңде қаланған сол бауырмашылдық сезімнің адамдар бойында сақталғандығының да арқасы.

### **– Бауырларыңыз туралы айтыңызшы?**

– Бір құрсақтан үш ұл, бір қыз едік. Едік дейтінім – артымнан ерген Сатыбалды деген інім көлік апатынан

ерте, 34 жасында қайтыс болып кетті. Көп күттіріп, менен кейін жеті жылдан кейін туған бала еді. Өте сымбатты, зор тұлғалы, алапат қарулы жігіт болатын. Сол інімді жүрттың бәрі Қарасай атасында деп сөйлейтін. Көз тиді ме, қайдам. Қазір сонында қалған екі баласы Қайрат пен Самат менің көз қырымда болып, ер жетіп, ел ісіне араласып жүр. Үйленді, балалары бар. Әскери мамандар. Одан кейінгі – Әнипа деген қарындастым. Сатыбалды екеуі мен Қарағандыда жүргенде қолымызға келіп, біраз болды, оқыды. Әнипа тұрмысқа шықты, қызы, немерелері бар. Қенжеміз – Болат. Училище бітіріп, механизатор, жүргізуші болып, кейін жоғары білім алды. Өзінің шаруасы бар. Сонымен айналысып, жүріп жатыр. Болат кенже болған соң еркелеу өсті. Сол Шамалғандағы ата қоныс үйде отыр. Жас кезінде шетінеген менен кейін туған Айсұлтан, Сатыбалдының алдында туған Нұрғазипа болды. Балалары тұрмаған соң ел салты бойынша жаңа туған баланы тerezeden шығарып, бір туыстарға беріп, солардан қайтадан сатып алады екен. Ақысы бір қап үн, бір бау отын ағашы, қой сияқты болады. Сатыбалдының аты солай қойылған.

Бауырларыммен бірге өткізген балалықтың бал күндерін ойласам әлі де ет жүрегім елжіреп кетеді. Ағаға қарап іні өсетінін үдайы есімде ұстаушы едім. Оқысам да, жұмыс істесем де бауырларыма үлгі болуды алдымен ойладым.

– Ол ойыңыз жүзеге асыпты. Болат бауырыңыздың «Аға» деген кітабынан мына сөздерді келтіре кетейін: «Анам таңертеңгілік шай үстінде үнемі Нұрсұлтан ағаның жақсы қылыштарын әңгімелеп отыратын. Ол да тәрбиенің бір түрі екенін кейін білдім. Біздің үйдің ең көрнекті жерінде гармонь тұруши еді. Мұны андасанда үйге келгенде Нұрсұлтан аға ойнайтын. Ағам осы гармоньді саман кірпіш құйып, табан ақы, маңдай теріне тапқан ақшаға сатып алғыпты. Біреуге салмақ салуды жаны жек көретін ағам бала күнінен өзіне қажеттіні

өзі табуды дағдыға айналдырған екен». Сізді үнемі үлгі тұтқаны ғой. Айтқандай, гармонь туралы. Домбыра тартатыныңызды, ән айтатыныңызды білеміз. Әсіресе, менің есімде 1992 жылғы тұнғыш Құрылтайдың жабылатын күніндегі дастарқанда «Сарыбидайдан» бастап, бірнеше ән айтқаныңыз ерекше қалыпты. Сонда алыстан келген ағайынның талайының жанарына жас үйіріліп еді. Домбыра мен гармоннан басқа тағы қандай аспаптарда ойнайсыз?

— Осы екеуінде ғана. Аккордеон да тартатынмын. Бірақ, аккордеон сол гармонның ағайыны ғой. Мұның бәрі жас кездегі нәрселер. Алайда музыканы оқуға мұршамыз болмады. Мен барлық инструментте ойнауға талпынантынмын. Бірақ ауылда жағдай болды ма? Әсіресе, пианино, гитара да әлі күнге ойнағым келеді. Оған менде уақыт бар ма?

### **— Балалық шақтан қандай қызық жайлар еске түседі?**

— Шамалған ауылы дәл Алатаудың етегінде, ал біздің көшесі ең тауға жақын еді. Сондықтан ғой «Подгорная» аталағыны. Балалық шақты еске алсам сол таулар есіме түседі. Таулар біз үшін үйіміз сияқты болатын. Шаруашылық, өмір барлығы таумен байланысты. Сағат таңғы бесте оятып, әкем тауға бар да Жұмақан ағаңа мынаны беріп қайт дейді. 4-5 сағат жүріп, таудағы малшыларға жетем. Тапсырмасын орындал, кешкі 10-да үйге келемін. Шаршау деген жоқ. Бұл өзі жиі болып тұратын жай. Жазда жайлауда әкеммен бірге шөп шабамыз, көкпар тартамыз. Қатар-қатар тұрған киіз үйлерде тойлар болады, ақындар келеді, айтысады. Заңғар таулар. Баурайы жайлау, басы қар. Шебінің қалыңдығынан кей жерлерде атпен келе жатқанда ат көрінбейді. Эр сайда бұлақ, өзен. Қандай сұлулық, қандай керемет.

Небір қызықтар өтті ғой бастан. Біреуін айтайын. Сатыбалды еркелеу өсті. Сабағын бірде оқып, бірде оқымай

қалады. Ойнап кете береді. Сондайда бір жолы аnam Сатыбалдыны үрсып-үрсып, қолына оқулық ұстасып, моншаға кіргізіп, сыртынан құлышп салып кетіпті. Сабақтан келсем, қарындасым Әнипа дегбірі қашып, «Аға, жеңешем (балалардың бәрі мен сияқты аnamды «жеңеше» дейтін, Мырзабала әжемнің бәрімізге үйреткені сондай) Сатыбалдыны моншаға қамап қойды», деп сыйырлайды. Қайтсін, қарындас қой. Барып, терезенің әйнек ағашын абайлап алдым да, Сатыбалдыны сыртқа шығарып жібердім. Кеш болды. Астың уақыты келді. Қамап кеткен баласын анасы тاماққа шақырайын деп құлышпты ашып, моншаға кірсе... оқулығы жатыр, Сатыбалды жоқ... Аnam ентігіп үйге кіріп келді. «Ойбай, моншаның есігі жабық тұр, ішінде Сатыбалды жоқ!», дейді. Мен құліп, «Онда мұржадан шығып кеткен болды ғой», дей салдым. Аnam тағы салып ұрып сыртқа жүгірді. Қайтып келіп, мән-жайға қаныққан соң қүледі: «Сасқанымнан жүгіріп барып, мұржаны қараппын ғой» деп...

– Днепродзержинскіде бірге оқыған, Теміртауда жұмысты бірге бастаған достарыңызben қарым-қатынасыңызды біршама білемін. Қабиболла Сәрекеновпен, Сатыбалды Ибрағимовпен, Мақсұт Нәрікбаевпен, Мақаш Тәтімовпен сол жылдар жөнінде бөлек-бөлек сөйлескенім де бар. Оларды сол кезеңді әңгіме еткенде кезегімен сұхбат арқауына айналдыра жатармыз. Ал мектептегі достарыңыз туралы не айтар едіңіз?

– Достарымнан бұрын ұстаздарымды неге сұрамайсың? Мектептегі алғашқы ұстазым – Тәкура Алғадайқызы Смайылова апайымыз. Қолымызға дәптер беріп, қалам ұстасып, алғашқы әріптерді қағазға түсірткен түңғыш мұғаліміміз. Өзіміз Тәкку апай дейтінбіз. Бар білгенін балаға беруден аянбайтын. Тәкку апайдың аузынан естіген «Білім алмай болдым деме, еңбек етпей толдым

деме», «Екілікке жылап, жасыңды төккенше – бестікке терінді төк» деген сөздер мақал сияқты жадымызда жатталып қалыпты. Апайымыз 1990 жылы қайтыс болғанда көңіл айтып, жеделхат жібергенмін. Математика пәнінің мұғалімі Қарасаевты, тарих пәнінен сабақ берген үстазым Сейітхан Исаевты біраз жұрт біледі. Газеттерде де, теледарда да талай сөйлеген. Оқытушыларымыз У.Игелмановты, Ә.Сарыбаевты, Қ.Қошбаевты, Б.Кенжекеевті, басқа да ағайлар мен апайларымызды құрмет тұтамыз. Кейін белгілі жазушы, журналист болған, «Білім және еңбек» журналын алғаш басқарған Талап Сұлтанбеков орыстілінің мұғалімі еді. Дене тәрбиесінен сабақ берген Николай Шлыков та есімде. Жөпелдемеде аузыма түсе қоймаған ағайлар мен апайларымның өмірде барларының өздерінен, өмірден өткендерінің үрпақтарынан ғафу өтінемін.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Кездесу соңында Президент-шәкіртіміздің бір сәтке көңіл бөлуін күтіп, самайын ақ қырау шалған қос үстаз шеткеректеу түрғанбыз. Бізге дереу көзі тускен бойда ол ашық-жарқын жүзбен келіп амандасып, қасымдағы үстаз-жерлесіме: «Есенсіз бе, Николай Никофорович! Бәрі де есімде. Әскери тәрбие сабағында бес шақырым қашықтыққа қояр да қоймай жүгіртетін едіңіз. Сол жақсы болды. Шынығып өстік. Соған рахмет!» – дегені. Сұлтан үстазы Николай Никофорович Шлыковты соңғы рет мұнан отыз төрт жыл бұрын көрген екен. Осыны ойлай тұрып, Елбасының есте сақтау қабілетінің күштілігіне таңқалдым».

*Елбасының үстазы Сейітхан Исаевтың естелігінен,  
«Үшқоныр – алтын бесігім», 102-бет.*

Енді достарым жайында бір-екі ауыз айтайын. Біз бірінші класқа (қазір сынып дегенді шығардыңдар ғой,

мен сол кездегідей айта берейін) 1947-48 оқу жылында бардық. Шамалғандағы Фурманов атындағы мектеп еді. Сол класқа бірге барған балалар әрқилы себеппен әр жаққа кете берді, араларында мектепті бітірмегендері де біршама. Бірінші кластан мектеп бітіргенге дейін біздің ауылда бірге оқыған үшеуміз ғана: Қадырғали Байбеков, Сәдуақас Есімбаев және мен. Сол мектепте бірге оқыған Нұрлышек Шаймерденов, Нұсіпхан Нұрмашанбетовтер бұл дүниеден өтті. Әлі қунге араласып, сыйласып тұрамыз. Олардан басқа кластастарымызben де жолыққанда бір жасап қаламыз. Менсіз де өздері араласып тұрады, менің жағдайымды түсінеді ғой. Кластастардың 40 жылдан кейінгі кездесуіне арнайы барғанмын.

Достарымның бір-біріне құрметі ерекше болды. А남 мен сабақтан келгенде тамағымды берген соң арнайы демалдырып қоятын, одан кейін үй тапсырмаларын орындауға тағы екі-үш сағатқа отырғызады. Мен сабақты әбден дайындал біткенше достарым үйге келмейді деп ойлайтынмын. Сөйтсем, сабағым біткенше а남 ешкімді үйге кіргізбейді еken. Кейде тіпті «Сұлтан үйде жоқ» дей салады еken. Ойынға жібермеу үшін. Соны бала болса да достарымның ешқайсысы маған кінәлап айтқан емес, «Кеше саған барып едік, кіре алмай қайтып кеттік» деп. Мұның өзіне ішкі мәдениет керек қой. Ауыл балаларының жаны нәзік, сезімі сергек болады.

– Мектепте өте жақсы оқығаныңызды білеміз. Мектеп бітіруіңізді әрқилы жазатын авторлар бар. Біреулері, мысалы, «Лидер» деген кітап жазған Геннадий Толмачев, «Менің Президентім» деген кітапшаның авторы Ақлима Қосемова, сізді мектепті алтын медальмен бітірген дейді, басқалары күміс медальмен бітірген дейді. Дұрысы қайсысы?

– Кімдердің қай жерде, не жазып жатқанын салыстырып отыратын үақыттым жоқ. Мен Абай атындағы қазақ

орта мектебін 1958 жылы, күміс медальмен бітіргенмін. Аттестатта бір төрттік бағам болды. Қазақ әдебиетінен жазған шығармадан. Эр мектеп медалистер шығаруға мұddелі екенін кейін білдік қой. Облысқа шығарманы жіберде менің бір сөйлемінді жасы келген бір мұғаліміміз түзетіпти. Сол түзетуден қате шыққан. Эрине, бұған қатты өкіндім. Барлық кластарды мақтау грамотасымен бітірдім ғой. Содан болар қатты ренжігенім. Бірақ дәл сол жылы медалистер де емтихан тапсыратын шешім шыққан.

**— Орта мектепті бітірген жылы КазГУ-дің дәл сол химия пәні мамандығының факультетіне құжат тапсырғансыз. Сол мамандықты шындаң үннattyның ба?**

**—** Ол факультетке қалай барғаным да кітабымда жазылған. Қайталай әңгімелеп жату текке уақытты алады. Бұл жай тарих үшін ғой. Қазіргі кезеңнен ойласақ, өмір өзі жол көрсетіп отыратын сияқты. Мен инженер-металлург болым. Болат қорыту деген нағыз химияның өзі. Сондықтан бала күнгі талабым бәрібір орындалды деуге болады.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Менің мектеп бітіруім, егер осылай деп айтуда болса, бір «тарихи» оқиғамен тұспа-тұс келді. «Коммунизм» дегеніміз Совет өкіметі және бүкіл елімізді электрлендіру» деген әйгілі лениндік қағидаға химияландыру деген нәрсе қосылды. Шамасы, Н.С.Хрущев Совет өкіметі де, электр де жеткілікті бола тұра әлі де коммунизмнің төбесі көріне қоймағандықтан, тағы бір қоспаны шүғыл түрде қосу керек деп санаған-ау, сірә.

Қысқасы, мен Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетіне тұсуге бел байлайдым. Бұл жолы әкем бұл ниетімді бірден қолдай кетті. Байқауымша, ол да химияландыру туралы әңгімелер мен радио хабарларын көп естіген болуы керек.

Өмірде түрлі әділетсіздіктер бар екенін, жүрттың институтқа пара беріп те түсетінін мен әкемнен сол жолы ақ батасын беріп, сапарға шығарып салардың алдында ғана естідім. Жатақхана бөлмесінде алты талапкер абітуриент болдық. Өзімді қосқанда үшеуіміз қатардағы, қарапайым ауыл балалары едік, ал өзге үшеуі дәкей бастықтардың балалары екен. Біреуінің әкесі, жаңылмасам, батыс жақтағы бір облыстық партия комитетінің хатшысы, екіншісінің әкесі Алматы облысындағы бір аупаркткомның хатшысы, үшіншісінің әкесі, кім екені дәл есімде жок, ол да бір ірі бастықтың бірі болатын. Біз, ауылдан келгендер, емтиханға күн демей, түн демей, бас көтермей дайындалатынбыз. Керісінше, біздің көршілеріміз күндіз-түні қыдырудан қолдары тимей жүрді. Қалай шашса да ақшалары жетіп жатты. Бірсек паркке, бірсек биге кететін. Дегенмен, ол үшеуінің екеудің де білмейтіні ә дегеннен-ақ, байқалып қалды. Бастықтардың «сері» балалары емтиханды сәтті тапсырып, оқуға түсіп кеткенін айтып жату артық деп ойлаймын. Мені әуелті негізгі пән емтиханында бір жарым сағат қинағы. Бәрібір химиядан бес деген үздік баға алдым. Алайда, басқа сынақтарда емтихан алушылардың алдын ала кесіп-пішип қойған ниеті салқынын тигізді. Соның салдарынан оқуға түсү үшін ауадай қажет бір балл жетпей қалды. Қабылдау емтиханында өзімді бір жарым сағат қинағы, шын мәнінде тиянақты білімім бар екеніне көзі жеткен химия профессорының шырылдан ара түсүі де қабылдау комиссиясына ықпал ете алған жоқ».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Әділеттің ақ жолы», 23-25-беттер.

— Тағы да «Балалық шағымның аспаны» фильміне оралсақ. Фильмнің ең әсерлі тұстарының бірі сіздің үшқыш болуға бекініп, қабылдау комиссиясынан қатаң сынағынан өтетініңіз, Киевтегі авиация институтына қабылданған соң ауылдағы ағайынның бас қосып, сізді

**«айдалаға, айырпланның оқуына» жібермеуге үйірған сәті дер едім. Өмірде де дәл солай болған ғой?**

– Дәл солай болған. Мен сол жаңағы айтқан емтихан бағаларымен Киевтегі авиация институтына өтетін болдым. Фильмде анамның менің бұл шешіміме неге соншама бұлқан-талқан ашууланғанының сыры ашылмай қалған. Оның сырын дәл сол сәтте мен өзім де біле қойған жоқтын. Сөйтсем, мәселе мынада екен. Көп жыл бұрын, Алматының маңында жолаушы ұшағы құлап, адамдар түгел, әрине, ұшқыштар да, опат болыпты. Анамның: «Ажалыңдан бұрын өлейін деп пе едің?!» деп күйініп ұрсатыны содан екен.

Не керек, ағайынның, ата-ананың айтқанынан аса алмадым. Мына қызықты қара, сонда бәрібір маған Украинаның дәмі бүйірып тұр екен. Біраз күннен кейін комсомол газетінен Теміртаудағы жаңа ашылатын металлургиялық комбинатқа жастарды шақырады деген хабарландыруды оқыдым. Сөйтіп, Теміртауға жеттік. Ол жақтан бізді бірден-ақ Украинаға, Днепродзержинскіге оқуға жіберді.

Мұны енді тағы бірде арнайы әңгімелеп берермін.

## ◆ ҚҰРЫШТЫҢ ҚҰЙЫЛУЫ

— Нұрсұлтан Әбішұлы, бұл жолғы әңгіменің кілті сіздің 2007 жылы Бразилияға жасаған сапарыңыз кезіндегі бір сөзден табылатын сияқты. Елдің сол кездегі президенті Луис Инасио Лула да Силваның мамандығы металлург екен. Ол кісі сізбен әңгіме кезінде: «Аса құрметті Президент мырза, Сіз де, мен де – металлургтармыз. Болат құйғанбыз. Енді қазір елдеріміз халқының болашағын құйып жатырмыз. Мен Сізге осы жұмысыныңда табыс тілеймін» деді. Оны мен Бразилия сапарынан жазған репортажда («Егемен Қазақстан», 2007 жыл, 2 қазан) келтіргенмін. Расында да, сіз тәүелсіздік жылдарында елдің болашағын құйып жатырсыз.

— Ол сөз менің де есімде. Бәрі қалыбына байланысты. Қазақ «Көн қатса қалыбына барады» дейді ғой. Абайдың да: «Ол дағы қалыбынан аса алмайды, жауқазын ерте көктеп шыққанменен» дегені бар. Тәуелсіз мемлекеттің даму сипатын да оның әу баста қалай қалыптасатыны айқындейды. Ал «қалыптасу» сөзінің түбіре – «қалып». Құрылышта қалыпты «опалубка» дейді. Металлургияда «формовочный стан» деген бар. Сонда жаңа мемлекет құру ісін құрылышқа теңесек те, металлургияға теңесек те бәрі елді о баста қалай қалыптауымызға тікелей қатысты болып шығады.

– Ал осы қалыпты құю жұмысын сіз жап-жас жігіт шағыныңда бастағансыз. Откен жолғы әңгімеде ата-ананың, ағайын-туғанның алдында сіздің Киевтегі авиа-ция институтына бару талабыныңдың қолдау таппағаны, бірақ, алайда, бәрібір, сонау алыстағы Украинаның дәмі тартып түрғаны айтылып еді. Бүкіл өміріңіздің сипатын, болашағыныңды айқындаған сол сапарға қалай бел буып едіңіз? Жастар газетінен хабарландыру оқыдының ғой?

– Эуелде менде Украинаға, металлургтың оқуына ба-рамын деген ой да, жоспар да болған жоқ. Мен Теміртауға жиналғанмын. Теміртаудан бізді сонау жер түбіндегі Украинаға жіберетінін қайдан білейін? Бір күні «Ленин-ская смена» газетінен хабарландыру көріп қалдым. Онда Теміртауда металлургтар дайындастын училищеге жас-тарды шақыратыны жазылған екен. Бірден назарымды аударды. Теміртаудың аты дүрілдеп шыға бастаған кезі. Қарағандының тубінде үлкен зауыт салынып жатыр екен, ол Қазақстанның Магниткасы болады екен дегенді естітін-біз. Сол жылы ел Үкіметі Теміртауда бүкілодақтық екпінді құрылыстың басталғанын хабарлаған еді. Комсомолдың съезінде Қазақстан Магниткасы комсомолдық құрылыш болады деп шешілген. Мен өзім мектептегі ком-сомол үйіміның жұмысына белсене қатысатынмын, комсомолға қатысты әңгіменің бәріне құлағым түрік жүретін. Бір жағынан жастыққа тән романтика бар, бой толған күш-құят. Неге өзінді сынап көрмеске? Ойымды әкеме айтып едім, ол кісі ұзақ ойланып отырып қалды. Ақыры келісті. Жаңа айттым ғой, ол кезде бізді Теміртау-дан әрі қарай оқуға Украинаға жіберетінін білген жоқпын деп. Әкем мұны білсе, меніңше, Теміртауға баруыма қарсы болар еді.

– Айтқандай, осындағы қауіп, алыс жерге барып жұ-мыс істеүге балаларымыз шыдай ма деген қауіп басқа

ата-аналардың да көңілін алаңдатқаны анық. Мен сіздің досының Қабидолла Сәрекеновпен сөйлескенімде ол кісі өзі Украинаға бара жатқанда Орал жақтағы туған жерінің тұсынан өтуі кәдімгідей қыын болғанын айтқан еді. Қабекең ата-анам біліп қойса, пойыздан түсіріп алып қала ма деп қорқып, үйіне хабар бермеген екен.

– Иә, бір жағынан ата-анасын көріп қалғысы да келеді, бір жағынан жаңағыдай қорқынышы да бар. Әйтсе де, соның бәрін біздің жастық романтикамыз жеңіп кететін. Ол кезде комсомолдық жолдама дегеннің өзі жас адамға үлкен қанат бітіретін. Алматыдағы Сталин көшесінде, қазіргі Абылайхан даңғылында орналасқан комсомол комитетіне барып едім, онда жалдану жөніндегі бюро деген болады екен, бірер күнде-ақ мәселені шешіп, қолыма жолдама ұстатты. Содан пойызға отырып, Теміртауға тарттым да кеттім. Айтқандай, әкемнің менің Теміртауға баруыма келісім беруінің өзі де оңай емес еді. Өйткені, комсомолдық екпінді құрылыш болады екен деген жас жігітке желік бітірер жақсы атымен бірге, ол жерге неше түрлі адам жиналып жатыр екен, араларында жер аударылғандар, тіпті баскесерлер де табылады екен деген сияқты көңілге қорқыныш қашыратын әңгімелер де ауыздан ауызға тарап тұрған еді.

– Сонымен, пойызбен Теміртауға жеттіңіз. Алғашқы әсеріңіз қалай болды?

– Теміртауға барып түскенде мен кеңестік идеологияның жоқты бардай, барды нардай етіп көрсететін сипаттымен алғаш рет бетпе-бет келдім десем де болады. Баспасөз бетінде дүрілдетіп, дүңкілдетіп жатқан алып зауыттың орнында құрылыштың жұрнағы ғана бар екен. Қайда қарасаң да қазылған шұңқырлар, үйілген тас, құм, құрылыш материалдарының қалдықтары ... Жол деген жоқ. Баспана деген жоқ. Әуелде үш күн бойы бір жертөледе

түнеп шықтық. Одан кейін Нұраның арғы жағындағы бір поселкедегі жатақханаға жайғастырған болды. Ең қызығы – істейтін жұмыс жоқ. Әлі ештеңе басталмаған. Қазір ойлап отырса, соның өзі жақсы болған екен. Жұмыс табылса, сол жұмысты істеп кете берер ме едік. Содан бізді жинап алды да, орта мектеп бітіргендердің (арамызда сегізінші класс қана бітіргендер де жетерлік) металлург мамандығына оқып келуге мүмкіндігі болатынын айтты. Бәріміз дерлік бірден-ақ келістік. Төрт жүздей жігіт іріктеліпті. Жастардың бір тобын Урал жаққа, бір тобын Сібір жаққа, енді бір тобын Украинаға жіберетін болыпты. Мен Украинаға баратын топқа қосылыппын. Енді осыдан кейін қазақтың «дәм тартып тұр» деген сөзіне қалай сенбейсің? Мені, расында да, Украинаның дәмі тартып тұрған болып шықты.

Днепродзержинск Днепрдің жағалауында орналасқан әдемі қала екен. Біз оқуға барған №8 техникалық училище Днепр металлургия заводының құрамына кіретін. Дзержинканың (жұрттың бәрі Днепродзержинскіні ауызекі тілде ықшамдап осылай айтатын) шойыны сол кезде елдегі ең арзан шойын болатын. Бұған қол жеткізген домна цехының ауысым шебері Пильтай деген кісіге Социалистік Еңбек Ері атағы берілген еді.

– Сіз өз кітabyңызды Днепродзержинскіге алғаш барғандағы әсерді баяндағансыз. Міне, сол тұсын оқып та жіберейін: «Несін жасырайын, «жаңа келгендердің» көпшілігіне, соның ішінде менің өзіме де, Днепродзержинск металлургия комбинаты алғаш барып көргенімізде-ақ жүргімізді мұздататындағы ауыр әсер етті. Мәселе мынада еді: біздің арамызда қалада өскен, ондағы өнеркәсіп жұмысшыларының қандай жағдайда және қандай тәртіппен еңбек ететінінен тым болмаса жалпылама хабары бар жастар өте-мөте аз екен. Кең сахара төсінде өскен баланың металтургия заводына тұа бітті бірінші рет келуін көз алдыңызға елестетіңізші.

Айнала төңірек тарсылдағап-гүрсілдеп жатқан бір нәрсе, жарқ-жүрқ еткен ұшқындар жаңбырдай шашырайды және осының бәрі де сенің үстіңе қарай ұшып, құлап келе жатқандай. Балқыған шойын арықтағы суша ағады – жақындағап баруға шошистың. Міне, осындай дозақта бүкіл өміріңді өткізуғе тұра келетінін ойлаудың өзі де бізді сораптан шығарып жібере алмады. Оның үстіне және бір үят іс болды. Шамасы, жүйкесінің жүқарғандығынан немесе тәжірибесіздіктен зиянды газды көп жұтып қойған біздің жігіттеріміздің біреуі қалжырап құлап түсті. Сөйтіп, алғашқы танысу экскурсиямызды жедел түрде тоқтатуға тұра келді. Арада бірнеше күн өткенде және бір жігітіміз үйіме қайтамын деп қиғылық салды. Міне, осыдан кейін заводта біз туралы қандай өсек гулегенін ойша елестетуге болатын еді!». Осылай жазғансыз. Бұл сөздеріңізден сіздің сол кездің өзінде үлттық намыс туралы ойға қалғаныңызды көруге болатын сияқты?

– Неге ол кезден ғана? Жалпы, айналға ақыл көзімен қарайтын әрбір адам үлтты туралы, өзінің халықтың бір өкілі екендігі туралы одан да жас күнінен ой түйе алады. Ал балалық шақтан көп үлтты ортада өскендерде бұл сезім басқаларға қарағанда басымырақ болатыны табиғи жай. Шамалғанда көптеген үлт өкілдері түрғанын бұрын да айттым ғой. Орыс, украин, неміс, әзербайжан, түрік сияқты көптеген үлттың балаларымен араласып-құраласып, жарыса, жағаласа өстік. Сабак оқуда болсын, спортта болсын, көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысада болсын намысты бермеуге тырысатынбыз. Адамның бір парызы өз үлттының, туған халқының намысын бермеуі, жақсы атын шығаруы. Үлт та, халық та жеке адамдардан құралады. Егер әр адам елдің туы менің де қолымда деп санаса, онда елдің бағы жанады. «Ел намысы – ер намысы» дегенді қазақ содан айтқан. Халқымыздың «Жігітке жар қымбат, намыс пен ар қымбат» дейтіні де бар. Абай да қара сөзінде бұрынғы ата-бабаларымыздың бұл

замандағылардан артық екі мінезі бар деп, соның біріншісіне қазақтың ел басы, топ басы деген кісілерге екі тізгін, бір шылбырды беріп, сенетінін, екіншісіне намысшыл келетінін атаған ғой.

**— Нұрсұлтан Әбішұлы, осы кездегі біздің намысшылдығымыз қандай дер едіңіз?**

— Негізінен алғанда, жақсы. Қазіргі қазақ намысшыл болмаса, біз айналасы жиырма шақты жылда мұндай мемлекет құра алmas едік. Елді үйістыруши ұлт болып тұра алmas едік. Тәуелсіздік жолына қатар түскен елдердің кеуде түсында, көш басында жүре алmas едік. Сол намысшылдығымыз бізді Днепродзержинскіде де талай тығырықтан алып шықты. Сол намысшылдығымыздың арқасында біз біраз үақыттан кейін-ақ қазақ жастарының қабілетсіздігі деген сыпсың сөзді тыйғыза алдық. Оған біздің жігіттердің күрес секциясына қатысып, өздерінің күшін дәлелдеуі де әсер етті. Мұны әуелде мен бастап едім. Күрес секциясының залына алғаш барғанымыздың алдасуға шақырған жігітті кілемге алып үрғаным біраз жүрттың аузында жүрді. Басқалардың бізге көзқарасы кәдімгідей өзгерे бастады.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Ол жылдары Днепродзержинскіде еркін күрес ерекше кең тараған еді. Бойларында күші тасыған жас жігіттер қыындығы мол еңбек ауысымынан кейін де секцияға барып, күреспен рахаттана айналысадын. Бірде спорт залына біздің де барып қалуымызға тұра келді. Жай, әншейін қызықтау үшін бардық. Ал күрес кілемінің үстіндегі арпалысып жатқан жігіттерді көргенде еркін күрестің біздің қазақша күреске үқсас екенін бірден байқадық. Қазақша күрес кез келген ауылдағы әр балаға таныс. Бірақ спортшылардың белінде дағдылы белбау-

лары жоқ екен. Бірақ бұл жағдай бізді тіпті де абыржыта қойған жоқ. Ал төртбақ келген аксары жігіт менімен күш сынасасың ба деп ұсыныс жасаған кезде мен ойланып тұрмaston, шешіне бастадым да, кілем үстіне шықтым. Тұrasын айтайық, менің пошымым спортшыға тіпті де үқсамайтын еді. Үстімде – кәдімгі майка, бұтымда – балағы ұзын дамбал. Бүкіл спорт залы күлкіге көмілді. Мен оған тіпті мән бермедім. Бір кезде әкем ерінбей-жалықпай үйреткен тобықтан қағу әдісін шу дегеннен қолданып, қарсыласымды алып үрдым. Күлкі сап тыйылды. Мұның еесесіне жерлестерімнің мені қолпаштап қолдаған қуанышты айқай-шуы естілді. Алғашқы мұлт кеткеніне ызаланған қарсыласым қызбалыққа басты. Міне, тап осы кезде мен оны біржола қапсырып алдыым да, көзді ашып-жүмғанша жамбасымнан асыра лақтырдым. Оның екі жауырыны бірдей кілемнің үстіне сарт ете қалды. Әлті жігіт орнынан тұрып, басын шайқай берді: «Жарайсың, Қазақстан!» дегендегісі».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Әділеттің ақ жолы», А., 1991, 51-52 беттер.

Күресіп, белдесіп өскен халықтың баласы емеспіз бе, көп ұзамай басқа жігіттер де сол секцияға жазыла бастады, бара-бара тіпті өзіміз жеке команда құрып алдық. Заводтық, қалалық жарыстарға қатысып жүрдік. Бұл біздің өзімізге деген сенімізді күшайте тұсті. Бірте-бірте қалаға да үйрендік, дала баласына тән болып келетін үялшақтықтан да арыла бастадық. Спорттың адам рухын көтеріп жүретін сондай сиқыры бар.

— Спорттың тағы бір ғажап қасиеті – намысты қайрауы. Қадыр ақынның:

Мен спорттың біле бермен мәнісін,  
Сонда да айтам, бейтанысым, танысым:  
Футболға бар, футболға бар, егер де  
Қалғып кетіп бара жатса намысың! –

деген өлеңі еске түсіп отыр. Сіздің өмір бойы спортты жаңынызға серік етіл келе жатқанынызды білеміз. Қандай қызметіңде де спортпен шұғылданғаныныздың иғі әсері тиғені талассыз. Спортқа құштарлық Днепродзержинскіде басталды ма? Неге еркін күресті таңдадыныз?

– Қазір диванға жатып алып, футбол ойынын құр жібермейтіндердің талайы өзін спортты жақсы көретіндегі санайтын болып барады. Шынтуайтында, солардың көбі таңтереңгі жаттығуды да жасамайтын адамдар. Спорттан бұрын біз дene тәрбиесін айтудымыз керек. Жастарды алдымен соған бейімдеуіміз керек. Ал спорт жартылай кәсіби ұғым. Спортшы болу міндет емес, бірақ әр адам өз денсаулығын шынцап отыруға тиіс. Оның мәні мына жанталас заманда бұрынғыдан да арта түсіп барады. Жаңағы сенің сұрағыңа келсем, мен мектепте жүргендедеқ күреспен де, бокспен де, спорттың басқа түрлерімен де айналысқанмын. Бокс секциясында былғары қолғаптармен түрған бір фотомыз да сақталып қалыпты. Ол кезде ауылға спорт сарайларын кім берсін? Спорт кешені болмаған соң бізге далада да, мектепте де күрес, бокс, жүгіруден басқа спорт болған жоқ. Ауылда өсken қазақ баласының бәрі атқа шабады, ол да өзінше спорт емес пе? Ал еркін күреске барып жүргенім мектептің жоғарғы кластарында әкем қазақша күрестің біраз тәсілдерін үйретіп, қызықтырып қойғаннан ғой деймін.

– Осыдан біраз бұрын «Егемен Қазақстан» газетінің редакциясына Украинада сіздің еркін күрестен жаттықтыруышыныз болған Лев Ежевский келген. Днепродзержинскіге арнайы тілші жіберіп, сіздің Украинада оқыған жылдарыныз жайында бір беттік мақала жариялаған едік. Газеттің сол нөмірінің бірнеше данасын қолына бердік, жаңағы мақаланы орысшаға аударуға көмек сұрады. Лев Рудольфович, кәсіби спортшы емес пе, жасына қарамай тың екен. Ол кісі сіздің Днепродзержинск қалалық, Днепропетровск облыстық жарыстарының

**жұлдегері болғаныңызды, спорт шебері атанғаныңызды айтты.**

– Президент болған соң жағымды сөздерді айта беретіндер болады ғой. Кейбіреу шынды, енді біреулер асырып айтады. Негізінде, сол жылдары менің жетістігім күрестен бірінші разряд еді. Ол үшін қалалық, облыстық сайыстарда жұлде алу қажет. Құреспен бір жарым жыл ғана айналысқанымды ескергенде, бұл жетістігім онша олқы емес.

1994 жылдың басында Украинаға ресми сапарым кезінде Днепродзержинскіге арнайы бардым. Өзіміз оқыған училищеге соқтым. Бұрынғы нөмірі өзгеріп, енді №22 техникалық училище деп аталыпты. Баяғы партамызға отырып, баяғы таныстарымызben жолығып, мәре-сәре болып қалдық. Сонда қарсы алғандардың ішінде бір кісі көзіме ерекше жылышырай берді. Қарасам – Лев Рудольфович! Құшақтай алдым. Жаттықтырушымыз бізге өмір бойына жететіндей сергектік негізін қалап берген еді. Кілем үстінде терімізді сығып алатын. Ең бастысы, ол бізді қажырлылықтың, қайраттылықтың, қайсарлықтың мектебінен өткізді. Сол мектептің тағылымы әлі күнге маған күш қосып келеді. 1996 жылы Лев Ежевскийді Қазақстанға арнайы шақырдым. Елді аралап, Медеу, Шымбулақтағы спорт нысандарын көріп, сүйсініп қайтты. Қайтарында оған «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атағы берілді.

**– Лев Ежевский Қазақстанда ешкімді жаттықтырған жоқ қой?...**

– Неге? Президентті жаттықтырғаны, мемлекеттің басшысын шынықтырып бергені елге еткен еңбегі емес пе?...

**– Сіз курес секциясында танысқан жігіт кейін жақсы досыңыз болып кетті ғой?**

– Иә, Микола Литошко менің ең жақын достарымның біріне айналды. Ата-анасы да бір тамаша адамдар еді. Миколаның анасы мені кәдімгі екінші ұлындей көрді. Үйлеріне жиі барып тұратынмын. Қашан барсам да жылды-жұмсағын алдыма тосатын. Демалысқа үйге қайтқанымызда Қазақстанға жеткенше пойызда жеп баруға жететіндей етіп дәмді бәліштер пісіріп беретіні де есімде. Микола кейін Теміртауға келді. Сондағы комбинатта жұмыс істеді. Осы жақта жүргендеге әскер қатарына алынды да, әскерден соң ол өзінің Украинасында қалды. Арада көп жыл өткенде, 1994 жылы ғана досымды қайта таптым.

– Николай Литошконың сіз туралы мына бір сөздерін есінізге салсам деймін. Былай айтыпты: «Жап-жас Назарбаевтың бойындағы қуат пен топ жаруға ұмтылып тұратын мінезі айрықша ұнайтын. Ол кез келген істі қолға алғып, дәңгелетіп жіберетін. Ол күресте де, спорттың кез келген басқа түрінде де жеңілу дегенді білмейтін. Бір күні қайық есуге барғанымыз есімде. Өзенде бірінші болуы еken, сондықтан да, әрине, ескек есе алмады, ескекпен алғысумен болды. Бірақ берілмеді де, алғысуның да қоймады. Жағаға шыққанда қолының қаналып, ойылып қалғанын байқадым». Сіздің намысшылдығыңың да, соны бағалаған досыңыздың ақ көңілі де риза етеді. Сол кез туралы ойларыңызда бір украин қызы туралы айтып едіңіз...

– Жастық шақта бәрі бола береді ғой. Людмила Кальныш деген қыз өмірімде өз ізін қалдырғаны рас. Сұлу, сымбатты болатын. Спорт сарайына бірге барып, үйіне шығарып салып жүрдім. Көркем гимнастикамен шүғылданатын. Мен ауылда тәрбилендім ғой. Анам айттын: қызға жақындағанда ойлан, ол да біреудің баласы, саған сеніп қалып, сен алдап жүрме деп. Сондықтан менің қатынастарым тек қыдыру, биге немесе киноға барумен

шектелген. Теміртауға қайтып оралғаннан кейін де біраз үақыт хат жазысып тұрғанымыз бар. Тұрмысқа шыққанын, күйеуімен жақсы тұра алмай, ажырасып кеткенін, анасының қайтыс болғанын кейін естідім. Өкінішті. Жаны жақсы адам еді. Бір кездे, бір сәтке болса да көнілінді тербел өткен әр адамға игі тілекпен жүру керек. Біздің сезімімізді сұлуландырып, жүргімізге жылылық әкелген жандардың бәріне де біз қарыздармыз. Мен ол қызбен сол кезде махабbat отын жандырдым деп айта алмаймын. Жақсы таныс болдық деген орынды. 1994 жылы сол кезде-гі Украина президенті Л.Кучма мені Днепродзержинскінің 300 жылдық мерекесіне шақырды. Бірге оқыған біраз достарды ертіп мен барғанмын. Курстас болғандар жиналды. Ішінде жаңағы Людмила да бар еken. Арада 34 жыл өтті ғой. Ол ауыр кезең еді. Жұмыссыз, баспанасыз қалған. Қолдан келгенше көмектестім. Махаббаттың, ғашықтықтың жолы басқаша. «Қыз Жібекте» айтпай ма: «Бектер мінер сұр қасқа, Шаба алмаса ұр басқа, Батырлық, байлық кімде жоқ, ғашықтық жөні бір басқа!» деп. Адамның адамдығы алдымен махаббатта танылады. Қазіргі жастарымыз сауатты, білімді, көпті көрген, батыстағы қарым-қатынасқа еліктейді. Бірақ ер жігіттер қызға, жалпы әйел баласына аялап қараса деймін. Мына жаңанданудың жанталасында жандарын жүдегіп алмаса еken, нарық-нарық деп жүріп жастықта тән құштарлық отын азайтып алмаса еken деп тілеймін.

– Сіздің Украинадағы жылдарыңыз туралы арнауы кітаптар да бар. Ол кезең жайында бізде де біраз жазылған. Хабарлар да түсірілген. Солардың бәрінде де сіздің металлургиядағы алғашқы ұстазыңыз Дмитрий Погорелов жөнінде бөлекше жылылықпен жазылады, көрсетіледі.

– Иә, Дмитрий Изотович өте бір жайсаң жан еді. Өмір жолымның, еңбек жолымның бастауында сондай адамды

алдынан шығарған тағдырыма ризамын. Журналистердің бәрі ол кісінің менің болашағымды болжағанын ғана айта береді. Негізінде, Дмитрий Изотовичтің адам жанын соншалықты жақсы билетін нағыз ұстаздық қасиеті бөлек жазуға тұрарлық.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Бір күні класта өскенде кім кім болады деген әңгіме қозғалып кетті. Шәкірттер шеберге жан-жақтан қаумалап, «Дмитрий Изотович, айтыңызшы, біз өскенде кім боламыз?» деп сұрақ қойып жатты.

Былай қарағанда, ойнап сұраған сияқты, әйтсе де ұстаздарынан байсалды жауап күтіп тұр.

Шебер оқушыларға қадала қарап тұрды да, саусағын кезеп сөйлеп кетті...

— Сен инженер боласың, сен цех бастығы боласың, ал сен (ол Нұрсұлтан Назарбаевқа қарады) премьер-министр боласың».

В. БАЗАРЯНИНОВ, Л. ЕЖЕВСКИЙ, В. ЖАНДАУЛЕТОВ,  
«Своими глазами», Днепродзержинск,  
2003, 25-26 беттер.

— Ана бір жылы Днепродзержинскіде сіз туралы шыққан кітапта осы айтқаныңызға тамаша дәлел боларлық бір мысал келтіріледі. Украинада жарияланған ол кітап қазақстандықтарға кеңінен жеткен жоқ. Осы жағында өзіңіз айтып беріңізші.

— Ұстазымыздың алғашқы сабағы ерекше есте қалып еді. Сол сабақта ол кісі металлургия туралы бір ауыз да сөз айтпады-ау деймін. Сабағын жаңа бастай бергенде: «Ал, жігіттер, қалай, украинның сұлу қыздарымен танысып үлгердіңдер ме?» дегені. Мұндайды күтпеген біз не айтарымызды білмей, үнсіз отырдық та қалдық, жанарымызды тайдырып, басымыз төмен түсіп бара-

ды. Мұғалім жаңағы тақырыпты жалғастыра берді. «Ал сендер қызбен қалай қызырыуды, қалыңдықты қалай таңдауды білесіңдер ме?», деп қояды. Оны біз қайдан білейік? Бәріміздің білгіміз келіп барады. Дмитрий Известовиң сол алғашқы сабағын түгелдей тәрбие тақырыбына арнады. Қыздармен қалай танысқан жөн, кездесуге қалай шақырған дұрыс, қыз сезімін қалай аялау керек, қалай киіну керек, қай қыздың қандай екенін қалай ажыратуға болады деген сияқты жайларды сондай жатық тілмен түсіндіріп, жан-жүргемізді өзгеше бір күйге бөлеп жіберді. Сілтідей тыныптыңдаң қалыпты. Қоңырау соғылғанда барып, есімізді жинағандай болдық. Шыны керек, қазақы ортада, мектепте мұндай тақырып қозғала бермейді ғой. Жігіттерге қыздар жайында, қыздарға жігіттер жайында айтып жату педагогикаға жат әңгіме сияқты қаралатын кездер де болды ғой. Қазір де сол психологиядан онша алыстап кеткен жоқпыз.

Ол кісі сол кезде 45-тің шамасында еді. Өзі металлургия маманы. Техника ғылымдарының кандидаты болатын. Ауылдан келген біздерге киім киүодің, тазалықтың, көпшіліктің алдында өзінді қалай ұстаудың бәрін үйрететін. Жаңағы айтып кеткен 1994 жылы барғанымда артында қалған жалғыз қызы Ольга Погорелованы тауып алғып, жағдайын сұрап, көмегімді аяған жоқпын. Біз ұстазымызды жақсы көретінбіз. Ол кісімен барсырымызды бөлісе беретінбіз. Қазақстаннан барған шәкіртердің кейбірі қыыншылыққа шыдамай, үйге қайтамыз дегенді шығарған еді. Сонда шебер бәрімізді жинап, қарапайым тілмен ұғынықты етіп, көп әңгіме айтты. «Завод құрыштығана шындармайды, завод адамды да шындарды» деген сөзі есімде. «Біз осы Украинада қазактардың қандай батырлықпен соғысқанын жақсы білеміз. Сендердің бабаларың шетінен батырлар болған. Шетінен батырлар болмаса, Қазақстанның жері сондай кең болар ма еді?», дегені де есімде. Осылай айтып-айтып келіп, «Ата-аналарың сендердің алғашқы қындыққа шыдамай, елге қашпақ болғандарыңды естісе не күйде болады, мұндағы

адамдар не ойлайды?» деп бітіргенінде үйге қайтамыз деп жүргендердің бәрі ұялғандарынан жерге қараған еді. Сөйтіп, олардың біреуі де оқудан кеткен жоқ, ақыры бәрі училищені бітіріп шықты. Бұл да қазақы намысшылдықтың белгісі емес пе?

Әрине, училищедегі ұстаздарымыздың бізге басты тәлімі metallurgияның әліппесінен бастап, құрыш қүюдің қыры-сырын қолмен қойғандай түсіндіріп, ғұмыр бойына жетерліктей етіп құлағымыздың құйып, көз алдымызды көрсетіп бергендігі. Мен ешқандай жоғары оқу орны сол екі жылдың ішінде Днепродзержинскіде үйренгенімді үйретіп шыға алmas еді деп бұрын айтқаным бар. Сонымды тағы айтамын. Кейін институтта metallurgия ғылымын оқығанда маған бәрі дерлік таныс әрі түсінікті болып шықты. Мұның басты себебі – біздің әр күн сайын училищедегі сабактан кейін төрт сағат өндірісте жұмыс істегеніміз.

– Өзіңізбен өткенде әңгімеде сіздің Днепродзержинскідегі, Теміртаудағы жылдарыңыз жайында сонда бірге оқыған, бірге жұмыс істеген достарыңызбен – Сатыбалды Ибрагимовпен, Қабиболла Сәрекеновпен, Мақсұт Нәрікбаевпен, Мақаш Тәтімовпен сөйлескенімді айтып едім. Олардың бәрі де сіздің көшбасшылық қасиеттеріңіз сол Украинада, училищеде жүргенде-ақ танылды дейді. Қабиболла ағамыз Бибігүл Төлегенова Днепродзержинскіге келгенде сіздің сонша жүгіріп, хабарландырулар ілгізгеніңізді, қала мекемелеріне билеттер таратқаныңызды жақсылап әңгімелеп берген еді.

– Мұны көшбасшылық қасиет, үйымдастырушылық қабілет дегеннен гөрі намысшылдыққа көбірек жатқызыған жөн шығар. Ол кезде одақтас республикалар жұртты бір бірін онша біле бермейтін. Днепродзержинскіде жүргенде бізді біреулердің қытайлар, біреулердің кәрістер деп жаттынын талай естігенбіз. Қытайдан, Кореядан келген

шәкірттер, жұмысшылар да бар еді онда. Мәскеудегілердің өзі республикалар астаналарын дұрыс атай алмайтынына да күә болғанымыз есімде. Оның үстіне Бибігүл Төлегенованаң онша таныла да қоймаған кезі. Зал болса мың орындық. Қазақтың жас әншісін тыңдаймыз деп Днепродзержинскінің мың адамы жинала қалатынына сенім аз еді. Білгенімізше қолдан хабарландырулар жазып, ондайды «афиша» дейтінін кейін естідік, мектептерге, мекемелерге өзіміз барып, билет таратып, ақыры мың адамдық залды толтырып тындық. Үлкен гүл шоғын алуды да үмітқан жоқпыз. Концерт біткенде сахнаға шығып, сол гүлді әнші апайымызға тапсырып, қазақша, орысша, украинша араластырып алғыс айтқаным да бар.

— Украинша демекші, украин әндерін әлі де білесіз бе? Ана бір жылы Астананың халықаралық тұсауқесеріне келгенде украинша әннің сөзін Күчманың өзі үмітшып қалып, сіздің жалғастырып әкеткеніңіз жүрттың есінде қалып қойды.

— Ол ән «Ты ж мәнә пидманула, ты ж мәнә пидвела» деп келетін белгілі ән ғой. Оны Украинаға табаны тимеген талай адам да айтады. Украинның басқа әндерін де біраз білемін. Осы жерде бір нәрсе айтайын. Халықтың жаңы – әнінде. Әнін білсөң, халықтың жаңын да білесің.

Ән демекші, біздің арамызда нағыз әншілер де болды. Қызылорданың Шиелісінен Әбіләш Әбуов деген жігіт бар еді. «Нартай» дейтінмін мен оны. Дауысы сондай ашық, мөлдір, таза. Еркін айтады. Нағыз консерваторияда оқитын-ақ жігіт. Өз арамызда домбырамен ән шырқасада, жұрт алдына шығуға үялады. Сол Әбіләшті мен біраз жерге сүйредім. Училищедегі көркемөнерпаздар байқауына қатыстырып едім, бірінші орынды жұлып алды. Содан енді оны қояр да қоймай теледидарға апардым. Онда да абыройлы болды. Қазақтың әнінің сұлулығын танытып берді.

– Сіздің лидерлікке бейімдігіңіз жас кезінізден-ақ танылған. Төлендиев Рыспанбек туралы айтып бересіз бе?

– Оның не айта беретіні бар қайталап? Кезінде жаздым ғой. Сол кітаптан келтірсейші.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Біздің қай-қайсымыз да өзіміздің көп жағдайда таңдал алуымызың болмайтын адамдармен бір тұрамыз. Егер ойлап қарасақ, тіпті достарымыздың өзін де таңдай алмаймыз, олармен өмір соқлағының, әйтеүір бір кезеңінде кезігеміз. Тауда менің байырғы жақын досым Рыспанбек Төлендиев үйімде қонақта болып кетті. Ол бурынғы металлург. Қазір Теміртауда тұрады, зейнеткер. Біздің Днепродзержинскідегі сонау бір жылдарымызда тобымыздың алғашқы жетекшісі болатын. Әрине, біз онымен кездескеніміз үшін қалыптасқан дағды бойынша аздал іштік те. Содан соң өткен күндерді еске алуға кірістік. Ол маған күтпеген жерден мынадай бір әңгіме айтты:

– Сен, Нұрсұлтан, білесің бе, бір кезде мен сені өлердей жек көруші едім. Онда сені менің орныма топ жетекшісі етіп сайлаған болатын. Сені өлтіруге қанша рет оқталдым десенші! Демалысқа үйімізге қайтып келе жатқанда пойыздан лақтырып жібергім де келді. Бірақ сен қырсыққанда тамбурға шықпай қойдың. Заводта жүргенде металл құйылған шөмішке итеріп жібермек те болдым.

Шынымды айтайын, мен не болғанымды білмей қалдым. Өйткені өзімнің металл құйылған үлкен шөмішке қарай қалай ұшып бара жатқанымды, енді бір сэтте менен буға айналған бұлт қана қалатынын елестеттім. Еркектердің емін-еркін айтылған мұндай әңгімесін естіген әйелімнің халі қандай болды десеңізші.

Мәселе былай болған еді. Днепродзержинскіге барған балалардың арасында бұған дейін қамауда отырып, мерзімін өтеп қайтқан, негізінен үрлік пен бұза-

қылышы үшін сотталған балалар да болған еді. Солардың бірі осы Рыспанбек, бұрынты ұры болатын. Ол дүлей күштің иесі еді, айнала тәңірлігілердің зәресін ұшыратын. Олай етпей ше – ол, жүрдай жетім өскен жігіт, тіпті өзі тұрған және оқыған интернатты өртеп жіберуден де тайынбаған ғой. Ол біздің арамыздағы дұрыс киінетін бірден-бір жігіт еді. Костюмдері мен сәнді көйлектерін қайдан қағып түсіргенін де жасырмайтын: Днепродзержинскіге бара жатқан жолда ол солтүстікten келе жатқан бір инженерді мас қылып ішкізіпті де, екі чемоданын жымқырып кетіпти. Жігіттер оның аяқ киімін тазалайтын, шалбарын үтіктең қоятын, тіпті асханадан тарелкамен тاماқ та таситын.

Сөйтіп жүргенде мен өз күшімнің одан кем емес екенін бірте-бірте байқадым. Оның үстіне орыс тілінде мейлінше еркін сөйлейтінмін және тек бескे оқытынмын. Сондықтан да балалар барған сайын менің тәңіретіме топтаса бастады. «Мұның ақыры, жоғарыда айтылғандай, топ жетекшісінің, ресми, ауыстырылуымен тынды, Енді, міне, арада көп жылдар өткенде белгілі болып отыр, ол кезде Рыспанбек маған өлердей өш екендігін жасырыпты. Бірақ тиісті қорытындылар жасау үшін жігіттің бойында салауатты атаққұмарлық кана болғаны байқалады. Оның оқуда да алға үмтүлғаны есімде. Бізді әсіресе таң қалдырығаны орыс тілін өте нашар білетін оның оқулықтардың тұтас беттерін, ондағы ережелер мен фор мулаларды үғып алуға шамасы жетпесе түгелдей жатап алатындығы еді. Бұның бәрі де бірнеше жыл өткеннен кейін біз әиселіміз екеуіміз оған біреуді айттырып, үйлендіруімізben тынды. Ол Теміртауға Днепропетровск технологиялық институтын бітіргеннен кейін келіп, ауысым бастығы болып істеді. Технологияның тілін білетін тенденсі жоқ маман болып шықты. Ал еңбексүйіштігі жағынан өзінің аріптерестері мен қол астындағыларды қатты састыратын».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Әділеттің оқ жолы», 55-56 беттер.

– Рыспанбек Төлендиев – Днепродзержинскіге бірге барған 71 қазақ баласының бірі. Бір кітапта олардың түгел тізімі де жарияланған. Аralарыңызда Сауытбек есімді жігіттің де болғаны есімде қалып қойыпты.

– Еркінбеков оның фамилиясы. Өте әдепті жігіт еді. Гимнаст болатын.

– Көрдіңіз бе, фамилияларына дейін ұмытпағансыз. Дегенмен, жетпіс жігіттің бәрімен бірдей қарым-қатынас жасамайтыныңыз белгілі. Қазақстандықтардың ішінен кімдермен көбірек араластыңыз? Олардың арасынан әлі күнге достық байланыстарын үзбекен адамдарының кімдер?

– Менің енді ол кезде пәленшемен көбірек, пәленшемен азырақ араластым деп жатқаным жараспас. Өйтіп ешкімді бөле-жармай-ақ қояйын. Олардың арасында менің бірден көзге түскенімнің басты себебі орысша еркін сөйлейтінім болған шығар. Біздегі жігіттердің көбі әүелде ойын орысша айқын айта да алмайтын. Көбі таза қазақ ауылдарынан шыққандар. Араларында соны өз мақсатына пайдалана қоятындары да болушы еді. «Мен пәнді білемін, бірақ жақсылап айтуға тілім жетпейді», дейді. Содан оқытушы мені шақырады. «Өз тілінде айта берсін, сен аударып отыр» дейді маған. Мен жаңағы жігітке айтамын: «Тоқтамай сөйлей бер, нені айтсаң соны айт, тек тоқтама, ара-арасында домнаның, пештің сөздерін араластырып қой, қалғаның өзім қатырамын», деймін. Анау қазақша әңгімені бастайды. Ауылдағы көрген-білгендерін бе, ата-анасын қалай сағынғанын ба айтып, әйтеуір ойына келгенін сөйлей жөнеледі. Басқа балалар құлқісін әрең тежеп отырады. Қойылған сұраққа дәл жауап беріп жатқандай, соны мен аударып ғана түрғандай етіп сөйлеп кеп беремін. Мұғалім: «Дұрыс, біледі екенсің, жақсы біледі екенсің, бірақ орысшаны үйрен, үйренбесең болмайды,

қашанғы жаныңда аудармашың жүреді» деген сияқты сөздерін айтып, жоғары бағасын қояды. Сөйтіп жүргенде, бір күні әшкереге тұстік. Тоқтамай сөйлей бер не айтсаң да дегеннен кейін біздің балалардың біреуі: «Ой, кеше әбден қызырдық қой. Кешке паркке де бардық, киноға да кірдік» деген сияқты беталды әңгімені онды-солды жосылтпай ма? Мен болсам «чугун мартеновский», «форсунка высокого давления», «нормализационный отжиг» деген сияқты сөздермен «аударып» жатырмын. Бір кездे мұғалім: «Подожди, подожди-ка» деді. «Слушай, что за парк, что за кино?...» дейді анаған. Ол не айтсын?... Осындей да қызықтар болып жататын. Балалықтан толық кете қоймаған, жігіттікке толық жете қоймаған бұла шағымыз еді ғой. Жастық шаққа жететін не бар дейсің бұл өмірде? Жастық шақ осындей әрпіл-тәрпілдігімен де қызық.

– Днепродзержинскіде бірге оқыған жолдастарыңыздың біразы кейін басшы қызметтер атқарды. Олардың бәрі демегенмен, кейбірі сіздің көмегіңізben көтерілген болар ол қызметтерге?

– Бұл сұрақты осылай ойлайтын адамдар да табылады, солардың көкейіндегі мәселенің басын ашайын деген түрғыда қойып отырған шығарсың. Жалпы, бұл сұраққа сол адамдардың өздері жауап бергені дұрыс. «Көңіл көңілден су іshedі» дегендей, әркімнің жанына жақынырақ адамдары болуы табиғи нәрсе. Олардың арасында қамқорлық көрсетіп, жағдайын жасап жүретін кіслерің де кездесуі мүмкін. Бірақ, бәрібір әділеттен аттамауға тырысу керек. Украинада бірге оқыған жігіттердің арасында басшы қызметтерге көтерілгені сен айтқандай біраз емес, бірен-саран ғана. Маңсұт Нәрікбаев Бас прокурор болды, Қабиболла Сәрекенов Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің тәрағасы болды, Сатыбалды Ибрагимов Парламент депутаты болды, Мақаш Тәтімов университет ректоры болды. Тәміртауда еңбек жолын бірге бастаған

Төлеутай Сүлейменов Сыртқы істер министрі болды. Тағы кім бар? Басқа қосатын көп ешкім жоқ сияқты. Жоғары оқу орнын бітіріп, қалада да, далада да маман болып жүргендер аз емес. Достарымның бәрі де өз еңбегімен, өз білімімен өскендер. Оны айтасың, кейбіреуіне тіпті кедергі келтіре жаздаған жағдайым да бар.

### – Қалайша?

– Бір жолы Әділет министрлігі министрдің орынбасары лауазымының бос тұрған орнына екі кандидатура ұсынды. Біреуінің фамилиясы – Нәрікбаев, екіншісінің фамилиясы Темірболатов. Қарасам – Нәрікбаевтың есімі Мақсұт. Өмірбаянына қарасам – Днепродзержинскіде оқыған. Баяғы өзіміздің Мақсұт болып шықты. Президент өз командасына бірге оқығандарын жинай бастаған еken дегізбейін дедім бе, тағы біраз уақыт сынай, қарай түсейін дедім бе, әйтеуір, Мақсұт Нәрікбаевтың кандидатурасын сол жолы қайтарып таstadtым. Дегенмен, кешікпей ол Президент Аппаратында істеді. Бас прокурор және Жоғарғы Соттың төрағасы да болды. Зангер үшін барлық биіктеге жетті. Домнада менімен бірге істеген Қабиболла Сәрекеновтің өмірі баяғы Погорелов мұғаліміміз айтқандай түзілді. Инженер-металлург, ғылыми зерттеу институтының қызметкері, техника ғылымдарының докторы болды. Сатыбалды Ибрағимов Мәскеуде П.Лумумба атындағы халықтар достығы институтын бітірді. Бірақ заводқа қайтып келіп, болат құюшы болып, қоғамдық қызметтерге араласты. Мәжіліс депутаты болды. Негізінде, жұмысты үйымдастырудың жаңа тәсілдері орныққан сайын тамыртаныстық, жерлестік, ағайындық дегендердің бәрі бірте-бірте қала береді. Нарық экономикасы, жекешелік бизнес тек білімді, қабілеттілікті қолдайды. Қолынан іс келмейтінін білсең, танысынды тартып нең бар? Сөзіңнің қадірін, өзіңнің қадірінді кетірмей ме? Сонымен бірге, маған сөз келіп қала ма деп қуыстанып, мүмкіндігі бар адамның

жолын кескен де дұрыс емес, әрине. Ат төбеліндей қазақ ана жақ, мына жаққа бөлінсек, тәуелсіздіктен айрыламыз. Осыны ұмытпау керек. Бізді бөліп-бөліп басқарғысы келетіндер тарихтағы тәжірибемізде болған.

**– Украинадағы оқу жылдары сіздің есіңізде несімен қалды? Ол жылдар жалпы өзіңізге не берді деп ойлай-сыз?**

– Днепродзержинскіге барған беттен бізді күш-құатымызды, дene тұрпатымызды байқап көріп, күші мүшім дегендерді домнашылар, яғни горновойлар тобына, қалғандарды басқа мамандықтарға бөлді. Кран машинистері, қыздыру пештерінің балқытушылары деген мамандықтар да болды. Бәрі әлі күнге көз алдымда. Училище жатақханасының үшінші қабатында қаз-қатар тізілген кереуеттер тұратын. Терезе алдындағы кеспектерге гүл егіп қойылған. Асхана жақтан украин борщының танау жаратын хош иісі жетіп жатады. Таңғы алтыда завод гудогынан оянып, кешегі ауыл балалары шала үйқы күйде сабаққа жанталаса жиналады. Сабақтан келісімен тамақта тойып аласың да, сәл демалып, заводқа тартасың. Онда күн сайын төрт сағат өндірісте жұмыс істейтінбіз. Балалықпен де жөндел қоштасып үлгермеген кезіміз ғой, кей күндері талып құлағандай шаршайсың. Ұйықтап тұрсаң, қайтадан шауып ала жөнелесің. Ғажап күндер болатын. Жас кезіндегі қыындықтың өзі ләzzат. Днепродзержинскідегі күндер қазір жастықтың жақсы бір түсі сияқты.

**– Училищедегі оқу сізге саяси мектептің алғашқы басқышы да болған сияқты. Осы орайда Маңсұт Нәрікбаев айтып берген әңгіме де қызық көрінеді...**

– Қызық көрінсе, қазір қызық көрінетін шығар. Кезінде ол оқиға нағыз шыжық болатын. Ол күндерде біздің бәріміздің болашағымыз таразы басына тартылып тұрған еді.

ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Назарбаевтың жұрт алдында сөз сөйлеу қабілеті бірнеше ай өткеннен кейін басқа бір жағдайда – милиция участесінде – қазақ тағылым алушылардың тұтас бір тобын масқара боп елге қайтудан құтқарып қалған кезінде қатал сынақтан өтті деуге болады. Бұл 1959 жылғы 31 желтоқсанда болған еді. Қазақ жігіттері Жаңа жылды мейрамханада қарсы алып, орталарынан біреуі джаз оркестрінің жетекшісімен тәбелесіп қалады. Оны досстары қолдайды. Жаппай жұдырықтасу белен, алып, қазақтар аз болғандықтан қаша бастайды. Оларды украин милициясы үстап, қамап, ертеңіне бәрінің де елдеріне қайтарылатыны туралы хабарланады.

Назарбаевтың жалынды сөзінен кейін ғана қатал санкция қолданылмайды, мұны оның алғашқы саяси сөз сөйлеудеге болатын еді. «Назарбаевтың милициядағы билік өкілдеріне қаратса айтқан сөзі көкейімде қалып қойыпты, – дейді сол кезде ұсталғандардың бірі Максұт Нәрікбаев. – Ол қолын көтеріп, «Бес саусақ бірдей емес» деп бастады. Сосын бәріміздің бірдей кінәлі емес еkenімізді дәлелдеуге көшті. Жаға жыртысады бастағандардың бәрін джаз оркестрі жетекшісінің алдында кешірім сұрауға мәжбүрлеп, украиндықтардан оларды кінәлі деп талап ете бермеулерін сұрады. Бәрін де, тіпті джаз оркестрі басшысын да бірте-бірте бұл оқиғаны дабырайта бермеуге көндірді. Ақыр аяғында бізді елге қайтармайтын болды. Бұл Назарбаевтың нағыз ерлігі еді, бәріміз де оған алғыс айттық».

Бұл қазақ студенттердің ғана емес, украин басшылығының да олжасы еді».

*Джонатан АЙТКЕН,*

*«Нұрсұлтан Назарбаев және  
Қазақстанның қарышты қадамы», М.,  
«Художественная литература»,  
2010, 40-41-беттер.*

Днепродзержинскіде жүргенімізде туған жердің қадир-қасиетін біле түстік дей аламын. Бұрын домбыраны қолына алмай жүрген талай жігіттің сол жатақханада үйреніп, күй тартып, ән айтып кеткені есімде. Қазіргі біздің «Болашақ» бағдарламасымен шет елде оқып жүрген жастар да сондай. Бөлмелерінде біздің жалау, елтаңбамыз тұрады. Бұл патриотизм, еліне деген сүйіспеншілік. Қазақстанға қатысты әр сөзге құлақ түріп жүретінбіз.

### — Сондай сөздің бірі сіздер оқудан кейін қайтуға жиналып жүрген Теміртау жөнінде тарады ғой?

— Иә. Газеттерді қарасаң Теміртауда жұмыс қайнап жатыр. Журналистер қазір де қыздырманың қызыл сөзіне кетері емес, ол кезде тіпті аянып қалмайтын, бәрі көтеріңкі рухта жазылатын. Біз барғанша Қазақстан Магниткасы басталып кете ме деген қаупіміз де көnlімізде.

Содан бір күні Теміртау туралы жайсыз, жоқ, жайсыз деген қайда, қорқынышты әңгіме дүңк ете қалды. Қалаға әскер кіргізіпті, атыс болыпты, өлгендер де бар екен деген сөз шықты. Сенер-сенбесімізді білмейміз. Совет Одағында ондай болады деп ойлай да қоймайтын, тап-таза кезіміз ғой. Сөйтсе де, секем ала бастадық. Секем алмасымызға да болмады. Теміртау туралы әңгіме сап тыйылды. Газеттер жазбайды, радио айтпайды. Ұстаздарымыздан сұрасақ, ештеңе демейді. Білмей ме, білсе де айтпай ма – белгісіз. Ақыры, бұл әңгіме шындыққа айналды. Бір жұмысшының сол кезде өте сирек шаммен жұмыс істейтін радиоқабылдағышы бар екен. Сол «Америка дауысы» радиостанциясынан естіпті. Естіп, тісіңнен шығарма деп біреуге айтыпты. Ол тісіңнен шығарма деп тағы біреуге айтыпты. Ол тағы біреуге... Теміртауда құрылышылардың көтеріліске шыққаны, оларды қарудың күшімен зорға басқаны рас көрінеді. Дәл сол кезде Хрущев Америкада жүрген еді. Оған Теміртауда не болып жатқаны жөнінде сұрақ қойылыпты. Хрущев: «Бәрі бос сөз. Қазақстанда

ешқандай да бүлік жоқ», депті. Жел тұрмаса, шөптің басы қымылдамайтынын билетін жасқа келген кезіміз ғой, қатты қобалжи бастадық. Енді не де болса тезірек елге қайтуға асықтық. Ол жақта бізді не күтіп тұрғанын білмесек те.

— Хрущев демекші, оның Біріккен Ұлттар Ұйымындағы атышулы қөзінен кейін сіздерге қатысты да бір дүрбелең болған ғой. Солай емес пе?

— Солай. Оны Джонатан Айткен кітабында егжей-тегжайлі келтірген.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«1959 жылы Коммунистік партия Днепродзержинскідегі шетелдік студенттерге қарсы парапоидеалдық акция жүргізді. Бұл тағы да сол Назарбаевтың қатысуымен болған екінші бір ерлік жағдайды паш етті, онда да бір топ қазақ жастарын түн жарымында милиция алып кеткен болатын. Бұл жолы Нью-Йорктегі Біріккен Ұлттар Ұйымының штаб-пәтеріндегі оқиғаның ықтимал салдарларының кесірінен билік органдарындағы үрейлі дүрбелең себеп болды. Үрейлі дүрбелең БҰҰ Бас Ассамблеясында кеңестік көшбасшы Никита Хрущевтің шарықтау шегінде «Біз сендерді көрге тығамыз!» деп айқайға басқан ызалы қөзінен басталды. Сол сәтте Хрущев аяғынан бәтеңкесін шешіп алып, мінберді сабалай бастаған еді. БҰҰ залындағы әлемдік көшбасшылардың ареопагы бұл сайқынамақтыққа қынқ етіп таң қалған да жоқ. Олардың мұндағайға ден қоюының нәзік көрінісі бәтеңке тарсылдан жатқанда: «Мұның реєсми аудармасын естуге болар ма екен?» деп сұраған Ұлыбритания Премьер-Министрі Гарольд Мак-Миланның кекесіндегі ескертпесі ғана болды. Алайда, бұдан 5000 миль қашықтықтағы Днепродзержинскідегі Коммунистік партия басшылары Хрущевтің аттандаяуы үшінші дүниежүзілік соғыстың тутанып кетуіне тұрткі бола ма деп қорықты. Осындай дүрбелең көңіл-күйдегі олардың бірінші ден қойғаны Ба-

тыстап шабуыл жасала қалған жағдайда Днепродзержинскінің қорғауға ынталы емес, өздері ойлағандай қуатты, барлық шетелдік студенттерді тұтқындау болды. Дәл осы себептен 1959 жылғы 9 қыркүйекте Назарбаев пен металлургияны оқып-білуге орай тұз-дамдес бол жүрген оның қазақ құрдастары тұн ортасында төсектен тұрғызылып, милиция бөліміне жеткізілді.

Хрущевтің сөзінен кейінгі Днепродзержинскінің партиялық функционерлерінің, 50 жылдан соң қазірғана қағазға түсіп отырған, мұндай шектен шықкан әрекеті сандырақ сияқты көрінер. Алайда, қырғиқабақ соғыстың қызыған кезінде мұндай үрей кеңестік билік үшін шынайы, ал қазақ тағылым алушылары үшін естен тандырлыштай оқыға болды. «Не болғанын үқпадық, – деп сол күндерді жадында жаңғыртады Маңсұт Нәрікбаев, – бірақ милицияда сабырлылық танытқан жалғыз Назарбаев екені есімде. Бәріміз одан «Не болып жатыр, өзі? Бізге енді не істер екен?» деп сұрадық. Қатты қорқып қалған едік. Алайда, Назарбаев бізді сабырға шақырып, ақыр аяғында Хрущевтің сөзі туралы біздің тұқ те білмейтінімізді милиционерге түсіндірді. Біздің, қазақтардың, шетелдік емес, Кеңес Одағының адал студенттері екенімізге басшылықтың көзін жеткізген дәл осы Назарбаев болатын. Содан соң бізді босатты да, қайтадан қалыпты өмірге түстік».

Джонатан АЙТКЕН,  
«Нұрсұлтан Назарбаев және  
Қазақстанның қарышты қадамы»,  
41-42 беттер.

Училищені бітіргенде сегізінші разряд алғып шықтым. Бұл толық жоғары мамандығы бар жұмысшы болдың дегенді білдіреді. Қара металлургиядағы ең жоғары разряд – оныншы разряд.

Украинада мен қоғамдық қызметтің де алғашқы мектебінен өттім. Бір күні училище комсомол комитетіне кіріп, «Біздегі комсомол жиналыстары туралы айтпақшымын» дегенім бар. «Жиналыстар туралы? Не

айтпақшысың?» деді маған. «Жиналыстар ұнамайды. Қызықсыз өтеді, таптаурын үлгімен өтеді, комсомолдар жиналысқа барғысы келмейді», деймін мен. Хатшы қыз елең ете қалып, «Ал сонда өзің не ұсынбақшысың?» деді. Өзімше ұсыныстарымды айттым. Заводтағы Социалистік Еңбек Ерлерімен, ардагер металлургтармен кездесулер өткізейік, училищеде халық би ансамблінің концертін үйімдастырайық, жас металлургтарға салынып жатқан үйдің құрылышына көмектесейік дедім. Ұсыныстарымның бәрі қабылданды. «Инициатива наказуема» дегендей, енді сол жұмыстардың бәрін маған үйіп-төгіп тапсырып қойды. Комсомол комитетінің жұмысына белсене араласуым жүрт алдында сөйлеуге машықтануыма көмектесті. Ауыл баласының ұяңдығы, расын айтсам, бұрыннан-ақ бойымда жоқ еді, енді тіпті ашылып, барынша шешен, әсерлі сөйлеуге тырысатын болдым.

Днепродзержинск мен үшін интернационализмің де үлкен мектебіне айналды. Сан түрлі ұлттың ұлдарымен, қыздарымен араласып, өзімізді солардың бәрімен тең ұстауға тырыстық. Кез келген адам өзін белгілі бір ата-ананың баласы ғана емес, өз халқының да баласы сезінуі керек. Сонда саған елің үшін, ұлтың үшін де жауапкершілік жүктелетінін түсінесің.

Жалпы, Украина жері маған жастығымның жақсы жылдары өткен, көп тағылым берген мекен ретінде қымбат.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Көп жылдар өтті, бірақ біз, бір топ жас жерлестер, кейін Қазақстан Магниткасында жұмыс істеу үшін Украинада металлургия мамандықтарын игерген кезеңді жарқын еске аламыз. Бұл біздің жас кезіміз болғандықтан ғана емес. Біздің Днепрдегі демалыс күндеріміз, Днепродзержинск цехы, балқымамен алғашқы кездесу, біздің алғашқы қорқыныштар, алғашқы ұстаздар – осының бәрі есімізде қалды. Біздің мінезімізді шынықтырғандар және металлург қылғандар есімізде. Біз бірге еңбек еттік, спортпен айналыстық, бос уақытты бірге өткіздік.

Днепродзержинск техникалық училищесінде оқығандардың көпшілігі кейін Қазақстанда металлургия заводтарында жұмыс істеді. Мен оларды барлық облыстарда кездестіремін. Олар бүгін де менің үлкен достарым болып қала береді. Олардың арасында мемлекеттік қызметте, ғылымда, бизнесте табысқа жеткендер бар. Училищедегі оқу, Магниткадағы жұмыс біздің мінезімізді шындағы, өмірлік үстанымдарды белгіледі, берік іргетас болды. Іс жүзінде сонда менің өмірлік жолым, өмірбаяным басталды».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Магнитка біздің жүргегімізде»,  
«Орталық Қазақстан», 2008, 1 шілде.

### – Бүгінгі Украина туралы не ойлайсыз?

– «Жері байдың елі бай» дейді қазақ. Украинаның әлеуеті өте күшті. Елу миллионға жақын халқы бар, шойын, болат, прокат қорытатын қара металлургиясы, алюминий, титан, магний, мырыш алатын түсті металлургиясы бар, «Антей» сияқты алып ұшақтарға дейін шығаратын машина жасау өндірісі бар, бірнеше порттары бар, талай курорттары бар бұл ел қазіргіден әлдеқайда жақсы тұра алады. Солай болады деп сенемін. Украинаның тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде бастан кешкен қындықтарының біразы кезінде қалыптасқан үлттар достығына сызат түсіріп алғанымен байланысты дер едім. Днепрдің арғы жағы, Днепрдің бергі жағы болып айтысып-тартысып, бір жағы Ресеймен жақындасады, бір жағы Батыспен жақындасады жақтап, кезекті сайлау науқаны келген сайын ырың-жырың жүргенінде ол ел көп нәрсені жоғалтып алды. Бауырлас жұртқа ақыл айтудан аулақпын, дегенмен, Украинадағы проблемалардың бір ұштығы саясатты экономиканың алдына шығарып жібергенінен болған сияқты. Қалай дегенде де, өмірімнің шапағатты шағы өткен украин жеріне құт-береке, өзімді қанат қақтырып шығарған украин еліне баянды бақыт тілегім келеді.

Ең бастысы, Днепродзержинскідегі оқу жылдары, одан кейінгі Теміртаудағы жұмыс мені жігіт, азамат ретінде қалыптастырыды, интернационалдық ортада еркін өмір сүрге бейімдеді. Мен болашақ басшы қызметкер, қайраткер ретінде сол жылдарда қалыпқатыстім, құрыштай құйылып шықтым дей аламын. Осы үшін де жастық жылдарымда жолықкан жандардың бәріне қарыздармын.

## ТЕМІРТАУ – АЛТЫН БЕСІК

– Сізбен өткен жолғы сұхбатта Украинадағы, Дне-продзержинскідегі жылдарыңыз жайында әңгіме етілген еді. Ендігі сөздің орайы Теміртаудағы кезеңге келіп тұр.

Сіз Теміртауға бір барғаныңызда: «Егер де менің өмірімде Магнитка мен Теміртау болмағанда, мен ешқашан да Президент болмаған болар едім» деген екенсіз. Бұл сөздеріңізді белгілі журналист Айтбай Сәулебектің Астанадағы «Сарыарқа» баспа үйінен шыққан «Елбасының алтын бесігі» кітабынан алып отырымын.

Теміртауда өткізген жылдарыңыз сіздің маман ретінде де, азамат ретінде де, болашақ қоғам қайраткері ретінде де шыңдалған бөлекше өмір мектебі болғаны баршаға белгілі. Сол өмір мектебі қалай басталып еді?

– Оте кәдүілгі жағдайда басталды. Ана жолы айттым той, Теміртаудағы бүліктің дүңкілі Украинада оқып жүрген бізге де жеткенін, елге алаң қөңілмен жүргенімізді. Теміртау бізді құшақ жая қарсы ала қойған жоқ. Пойыздан пойызға ауысып мініп жүріп, Теміртауға түскен күніміз 1960 жылдың 1 мамыр мерекесі күні еді. Қаладан ешқандай мерекелік қөңіл-күй көре алмадық. Бізге адресін жазып берген жатақханада ешкім жоқ екен. Бір үйдің жертөлесінде үйиқтап шығып, ертеңіне зауыттың қенсесіне барғанда естігеніміз тіпті еңсемізді түсіріп жіберді. «Сендер ерте келіп қалыпсыңдар. Домна әлі біткен

жоқ. Жұмыс жоқ», дейді алдына барған бастығымыз. Содан жігітердің көнілі құлазып, біразы алғашқы аптада-ақ ауылдарына кетіп қалды. Мен жұмысты тастауды, қайтуды тіпті ойлаған да жоқтын. Ренжігенім, жастық аптығымның басылыңқырап қалғаны рас. Бірақ, қайткенде де алға қойған мақсаттан таймауға бекіндім.

— Кітабыңызда жедел түрде бетоншы мамандығын игеруге, іргетасқа бетон қабылдауды үйренуге тұра келгенін жазған едіңіз.

— Несі бар? Ол да бір мамандық. Күндіз-түні ауысыммен жұмыс істеу, бетонды ыстық күйінде қабылдау оңай шаруа емес. Бір айдай ғана бетоншы болып жұмыс істедім, қолыма жұғып қалған ештеңесі жоқ. Домна құрылышы аяқталысымен болат қорытушы болып штатқа қабылданым. Соның артынша, яғни 1960 жылғы 3 шілдеде Қарағанды металлургия комбинаты салтанатты жағдайда ашылды. Сол күні тұңғыш қазақстандық шойын құйылды. Бұл – тарихи оқиға.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Үшінші шілде күні Теміртаудың көшелері, мәдениет, тұрмыс ошақтары, автобустар мен трамвайлар мерекедегідей безендірілді. Мындаған тұрғындар сапқа тұрып, үрандар, портреттер мен тулар көтеріп, Магниткаға қарай лек-лек болып ағылды. Түске таман бірінші домнаның сыртындағы ашық алаңға халық лықтoldы. Қую цехының ішінде көптеген қонақтар, тілшілер, фотосуретшілер, кинооператорлар мүлде топырлап кетті. Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев бастаған партия мен үкімет өкілдері көрінді. Зауыттың сол кездегі директоры Вячеслав Куліков, домна цехының бастығы Константин Зайцев Димекене түсініктер беріп тұрды.

Бір кезде көздеріне қара көзілдірік киген обер-мастер К.П. Геращенко мен горновой А.Набиуллин отқа

төзімді қапастың аузын бүрғы мәшинесімен бұзып жіберді. Жарқыраған жалын, қып-қызыл шоқ, сап-сарыала өзен ақпаның (желобаның) үстіне лап қойды. Шыжылдаған, шашыраған алтын ұшқындар құдды бір отшашудай бол атылды. Сарай іші күндізгідей ғажап сәулеге бөленді. Бұл тарихи оқиға сағат 15-тен 7 минет өткенде болды. Арада-рында сол кезде небәрі 20 жастағы жас жігіт Нұрсұлтан Назарбаев бар, барлық горновойлар «Кармет Завод. Первый Казахстанский чугун. Июль, 1960» деген жазу-лар жазылған, көлемі шағын медальондар құйып алды. Шойыншылардың өнері от дариясын ағызғанда және қабылдау үстінде айқын көрінді. Сәл төменде түрған 100 тонналық ожаулар бірінің артынан бірі көз қарытқан балқымаға шөпілдеп тола бастады. Үкімет адамдары мен қонақтар сыртқа шығып, митингі өтетін жерге қарай бет алды... Бұл қуанышты сәтті біз де көптің бірі болып өз көзімізben көргенбіз».

Әмен ӘЗИЕВ,  
«От алауында шынықкан жастық шақ»,  
«Егемен Қазақстан», 2000, 1 шілде.

Бұл оқиғаның арғы бастауында алғашқы бесжылдықтар кезінде Орталық Қазақстанда темір рудасы кеніште-рін іздеген, сөйтіп республикада қара metallurgияның өзіндік базасын жасау жөнінде нақты ұсыныстар көтерген ғалымдардың – Қ. Сәтбаевтың, М. Русаковтың, А. Спे-ранскийдің терең ақылы түр. Олар Атасуда, Соколов-Сарыбайда, Лисаковскіде, Качарда темір рудасының, Қарағандыда көмірдің көптігін ескере келіп, осындан шешімге тоқтаған. Соғыс қызып түрған 1942 жылдың өзінде Орталық Қазақстанда жаңа metallurgия зауытының орнын анықтау жөнінде мәселе көтеріп, кейіннен орталық өкіметтің Қазақстанда ауыр индустрияны дамыту жөнінде бірқатар қаулылар қабылдауына қол жеткізген. Жалпы, сөздің реті келіп түрғанда мен Қаныш Сәтбаевтың еліміздің кен байлығын халық игілігіне жаратудағы ұлы еңбегін айрықша атап айтпақпын. Күні бүгінге дейін біз

негізінен Қанекең жасап беріп кеткен металлогендік және болжам картасындағы қазба байлықтарды итерумен келе жатырмыз. Жарайды, бұл енді бөлек әңгіме.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«50-жылдардың екінші жартысында Қазақстан Магниткасында атқарылған жұмыста шек жоқ-ты. Оның өткендеғі тарихына аздал ой жіберсек, 1953-1954 жылдары осы металлургия кешенінің орнайтын орнын анықтау жұмысына Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өзі басшылық еткен. Салынатын құрылымынан бірден-ақ «Қазақстан Магниткасы» атанды. Одақта теңдесі сирек зауыттың бүкіл құрылымын алты жылда аяқтау үшін қыруар жұмыс атқарылды. Әуелі 33 миллион шаршы метр топырақ қазылды, 2,5 миллион шаршы метр бетон құйылды, 160 мың шаршы метр көлемде отқа төзімді кірпіш, 460 мың шаршы метр көлемде жай кірпіш қаланды. Бұған қоса тораптардың іргеліктеріне, қабырғалары мен тәбеліктеріне 910 мың тонна темір бетон бөлшектері құрастырылды. Ал құрылым алаңына салынған теміржолдар 380 шақырымға жетті».

Әмен ӘЗИЕВ,  
«От алауында шынықкан жастық шақ»,  
«Егемен Қазақстан», 2000, 1 шілде.

Домна пеші іске қосылған күнгі салтанатты жиналыстан, рапорт сөздерден кейін өмір баяғы қалпына қайта түсті. Қаладан едәүір алыста тұрамыз. Күн сайын екі сағаттай уақытың жолға кетеді. Жатақхана сүйік, бір бөлмеде төрт адам. Тар төсекте екі адамнан, матрац жамылып жатамыз. Демалыс, көңіл көтеру қызметі деген атымен жоқ. Жүрттың негізгі ермегі – арақ ішу, тәбелесу. Тәбелескенде жақ-жақ болып тәбелеседі. Бір қаладан келгендер екінші қаладан келгендермен жағаласады де жүреді. Ол кезде Теміртауда сотталғандар көп бола-

тын. Жазасын өтеу мерзімінің қалған уақытына осындаи екпінді құрылыстарға жібере салатын. Әйтсе де, ауылдық жердің ауыр түрмисында шынығып өскеніміз бар, бойымыздың біткен намысшылдығымыз бар, спортпен айналысқанымыз бар, әйтеүір сол бір өте қын кезеңненabyroymen шықтық. Айтқандай, мен сол алғашқы шойынды алған адамдардың арасында болғанымды мақтаныш етемін. Ол кезде домна операторының кіші көмекшісі едім. Бір ауысымда жеті көмекші болатын. Сол тарихи сәт «Первый чугун Казахстанской Магнитки» деген деректі фильмде бейнеленіп қалған. Мен туралы түсірілетін ленталарда бір көрсетілмей қоймайтын белгілі кадрлар сол фильмнен. Жұмыста көзге түскендігім шығар, бірінші жылдың өзінде-ақ әуелі кіші көмекшіден аға көмекшіге, одан газшының көмекшісінен аға газшыға ауыстырылдым. Бір жыл үшін бұл өте жылдам өсу саналады. Кейіннен құю машинасының шойыншысы болдым. Арада тағы бір жыл өткенде аға горновойға (горновойды кейін «көрікші» деп атайды ғой, шынымды айтсам, маған әуелден құлағымыз үйренген «горновой» сөзі жақын) жоғарылатылдым. Мұның бәрі айтуға ғана оқай. Шынтуайтында, мен қалайда осы отты мамандықты игеріп шығуға, жасыратыны жоқ, жұрттың алды болып игеруге жанымды салдым. Оның алдында мектепте де, училищеде де озат оқып, көзге түскен қалпыммен мұнда да намысты қолдан бермеуге тырысып бақтым. Намыс жайында айтып отырғанымның себебі бар. Даладан келген, ауылда өскен біздің жігіттердің арасында зауыттың ауыр жұмысына шыдамағандары да аз кездескен жоқ.

## ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Ол кезде біздің қатарымыздың үлкен стажы бар металлургтер болды. Олар Уралдан, Украинадан, Кузнецк металлургия зауытынан шақырылатын, қыруар

жолқаржы төленетін, бірден пәтер де берілетін. Олар біздің қалжырап құлап түскен кейбір жігіттерімізді цехтан зембілмен көтеріп әкетіп бара жатқанда: «Осыларды жұмысқа қалай үйретерсің! Бұлар мал бағу үшін ғана жаратылған ғой!» деп қолдарын сілтейтін. Тұрасын айтайын, бұндай сөздер жаныма қатты батып жүрді. Бірақ, сол жұмысшыларға ренжімеймін. Біріншіден, бұл дәрекілік көбіне сауатсыздықтан туындал жататын, өйткені көвшілігінің үш-төрт кластық қана білімі бар. Екіншіден, олардың сөздерінде әлдебір ұлттық кемсітушілік астар жоқ болатын. Олардың өздерінің ойынша, басқа кез келген қарапайым пенденің қолынан келе бермейтін қурделі де қауіпті мамандық иелеріне тән, кәсіби мамандықтың артықшылығына деген, бірақ кәсіби мамандықта мақтана мемменсүдің кешіруге болатын сезімі ғана бар еді. Мен кейінірек түсіндім: бізді металлург етіп шығарған сол азаматтар.

Сол кезде мен өзіме өзім ант етіп едім: осы жерде өлермін, өртеніп те кетермін, бірақ мен туралы әлгіндей сөз айтылмайды! Осы антыма берік болдым. Менімен бірге көптеген жолдастарым да сыннан сүрінбей етіп, жоғары дәрежелі мамандар, атақты металлургтер болып шықты».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Әділеттің ақ жолы», А., 1991, 73-74 беттер.

— Магниткадағы жұмысты өз көзіммен көрген жайым бар. Ұмытпасам, 1977 жылы болса керек, иә, Октябрь революциясының 60 жылдығының қарсаңы еді, редакция мені Теміртауға іссапарға жіберді. Тапсырма – атақты металлург Арғын Жұнісовтің мақаласын дайындал қайту. Сол жолы Арғын ағамен дәл мартен пешінің жанында жолығып, ауысымнан кейін үйіне барып сөйлескенмін. Бет алдыңнан алапат ыстық үрлеп, ту сыртыңнан комбинаттың жырым-жырым қабырғасындағы тесіктерден Арқаның аязы соғып тұрған сол сәт әлі көз алдымда.

— Иә, пештің температурасы екі мың градусқа дейін жетеді. Бір жағынан шаң, бір жағынан газ. Былайша қарағанда, нағыз тозақтың өзі. Жұмыстың бір сәтке де тоқтатуға болмайды. Тоқтату түрмәк, қарқының басендеңде тұруға да болмайды. Металл қатып қалса — апат. Эйтсе де сол азапты, сол тозақты ештеңеге айырбастағым келмейтін. Тіпті бір жолы әкем арнайы келіп, жұмысымның бәрін көріп: «Неге жаныңды сонша азапқа саласың? Мен әкемнен үш жасында қалып едім, қыындықтың талайын көріп едім, бірақ дәл мынандай тозақты көрген емеспін. Құрысын, таста мына жұмысты!», деп зар илегендей болғанда да алған бетімнен қайтпай қойғанмын.

## ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Патриотизм бір күнде қалыптаса қоймайды, ол қанға аданың, сүтімен сінеді. Өзімізді мысалға келтірер болсам, Теміртауға келген жастардың басында талай қыыштық болды. Қолма-қол metallurg бөлшіп кету онай емес-ті. Жұмыс ауыр. Кейбір жігіттер ауылына қайтып кетті, кейбіреулері «Бізге бір женілдіктер болса» деп күңкілдеді. Сонда Нұрекенің бір емес, бірнеше рет: «**Маған қандай женілдік болуы керек!** Аяқ-қолым сау. Мен қазақ екенмін деп басқалардан өзіме ерекше қамқорлық сұрауым керек пе? Жоқ! Мен қазақтын. Бұл менің елім! **Мениң жерім!** Маған ешқандай женілдіктің қажеті жоқ! Адал еңбекпен, күреспен өз нанымды, өз орнымды табуым керек», деп айтқанын естіген едім».

Қабадолла СӘРЕКЕНОВ,  
«Елбасының алтын бесігі» кітабынан.  
Астана, 2011, 124-бет.

Қазір, бүгінгі күннің тұрғысынан қарап отырсам, металлургиядағы сол азаптың талайын өзіміз қолдан жасаған екенбіз. Кейін шет елдерге шығып, басқа зауыттардағы жабдықтарды, сондағы механикаландыру деңгейін,

тазалықты, тәртіпті көрген кезде әлгіндей жағдайда істей жүріп, біздегі жұмыстың жанкештілігіне тіпті қайран қалдым. 2011 жылы төрт домнаның біреуі курделі жөндеуден өтті. Әдейі барып көрдім. Дүниедегі үздік тәжірибемен жасалған домна пеші мен біз жұмыс істейтін кездегі пештің арасы жер мен көктей. Жұмысты жеңілдету үшін, ыстық, шаң аз болуы үшін барлық жағдай жасалған. Горновойлар да тек тетіктермен, яғни кнопкалармен жұмыс істеп тұр. Техникалық прогресс деген осы. Бізде де қазір шетелдегідей.

*«Нұр Отан» партиясының съезінде сіз «Балалық шағымның аспаны» фильмінде жас күніңізді бейнелеген актерге қарап: «Сендер біздің өмірімізде бәрі тақтайдай тегіс, дұп-дұрыс болғандай көресіңдер ғой. Бізде де адамға тән нәрсенің бәрі болған...» – деп едіңіз. Сонда нені мегзедіңіз?*

– Адам, әсіресе жас шақта, еркін болуы керек. Бәрін көруі керек. Жақсыны да, жаманды да, озықты да, тозықты да қарап, өзі ой қорытуы керек. Ойындағыны орындау үшін кейде тәртіп бұзуға тура келуі де мүмкін. Мен өзімді, әсіресе жас күнімде, сондай бір ешқандай тентектігі жоқ, сонша әдепті, улгілі болдым демеймін. Әрине, басбұзарлығым болған жоқ. Ата-ананың адал бол, темекі, арақтан аулақ жүр дегендей ақыл-өсietі де бар. Мектепте де, кейін де үздік оқығанмын. Сонан қарап мені барлық жағынан түп-түгел, теп-тегіс дейтін болар. Мен талайды көрген адаммын. Өмір мені әртүрлі жағдайда сынға салып байқаған. Оның құлы сәттерін кейін саған тағы айта да жатармын. Қазірге сол жастық күндерімнен ғана әңгімелейін. Мысалы, Днепродзержинскіде оқып жүргенімізде жатақханадан кешкі сағат тоғыздан кейін шығармайтын. Солай еken деп қыдырмай қоймайсың ғой? Қабидолла досым да қыдырып кететін. Түннің бір уағында келеді де, терезенің түбінен ысқырады.

Жатақханадағы жаймаларды бір-біріне жалғап жіберіп, екінші қабатқа тартып шығарамын. Кейде ол мені тартып шығарады... Өмірде бәрі болады. Бар мәселе солардың бәрін там-тұмдап болса да көріп, тағылым алып, дұрыс қорытынды жасай білуде. Мысалы, жұмысшы ортасында кезінде арақты ауызға атымен алмайтындар некен-саяқ кездесетін. Біз солардың арасында едік. Оның үстіне біз металлургтердің ішінде өстік. Ал олар оқшауланғандарды ұнатпайтын. Сондықтан нениң болса да дәмін бірге таттық. Ол ортада оның дәмін татпау мүмкін де емес еді. Жастықта бәрі болады. Өмір жолы деген төселіп қойған тақтай емес. Әртүрлі адамдармен араласасың. Жақсыны да, жаманды да көресің. Бар мәселе басқалардың жаманынан жирене білуде, қателігінен сабақ алып, үйрене білуде.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Әрине, байырғы металлургтерде қазір әдеттен тыс педагогика делініп жүргенге дең қоятындардың да тәбе шашын тік тұрғызатындағы әдістері де болатын. Алғашқы еңбекақы – алғашқы «тұсау кесу» рәсімі де табиғи жарасымды Нәрсе көрінетін. Сол жылдарда қай қала базарсыз, қай базар сырасыз еді? Менің де кезегім келді – әлі есімде, бұл тұнгі ауысымнан кейін болған – алғашқы айлықпен бүкіл бригаданы, сегіз адамды осы сырханаға апардым. Айта кетейін, жиырма жасқа толсам да әлі шарантың дәмін татып көрмеген едім. Ауылда, әкемнің қасында, мұндай нәрсе ойыма да кіріп шықпайтын; училищеде де мұндай әдет болған емес.

Сырхана маңындағы әнгіме келте:

- Бар да алып кел.
- Қанша? – деп сұраймын.
- Сегіз бөтелке. Ақша қосайық па?
- Өзім аламын гой,

Дүкенге бардым, торды толтыра сегіз бөтелке арақ әкеліп, ортаға қойдым. Бәрі, еске сала кетейін, үйықтамаған, тұнгі қапырық цехтан шыққан. Қырлы стакандар

әкелінді, бір-бір саптыаяқтан сыра алынды. Барлығы да жақсылап ішті, содан соң мені қажай бастады:

— Оу, сен зіңгіттей жігіт болсаң да, ішпейтінің қалай? Іш. Әйтеуір бір кезде бастау керек қой.

Маған жарты стакан құйды. Мен оны бірден тартып жібердім де, саптыаяқтағы сырдан үрттадым. Қалай болғанын да білмеймін, оянсан, үлкен кереует үстінде кең төсекте жатырмын, ақжайма, тысты көрпе жамылғанмын, басымда – биік құс жастық. Яговитовтың үйінде екенмін, түп-тура бір тәулік үйінтаған көрінемін. Үй иесі Марья Васильевна бөлмеге бір табақ буы бүркүраған түшпара алып кірді, ал Борис Васильевич үстелге бір бөтелке арақ қойды.

— Жігітім, мен сені түсіндім. Зорламаймын. Алайда шамалы ішуге кеңес беремін.

...Сейтіп, бізден осылай metallurg шығарған».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Әділеттің ақ жолы», 64-65-беттер.

Қай істен де нәтиже шыққаны жақсы. Менің жұмысынан да нәтиже шықты. Домна пешіне ауыстырылғаннан кейін айлығым да өсе бастады. Жоспар 120-150 процентке орындалып жатты. Ондайда жалақы датиісінше көбайетін. Кейде тіпті айына төрт жарым мың сом алатын болдым! Есік рубльдің кезі. Кейінгімен есептегендеге 450 сом. Бұл дегенің өте көп ақша. Көптігін содан біле бер, министрдің айлығынан артық.

**— Сексенінші жылдардың аяғында да министрлердің айлығы 380 сом болғаны есімізде.**

— Сол ақшаның екі мың сомын ауылға, әкеме жіберіп түрдым. Әлгі мол ақшаны алған сайын аң-таң қалып, мұндай ақы төлейтін қандай жұмыс бұл өзі деп Теміртауға келіп жүргені ғой. Жұмысымды көріп, неше мың төлесе де істейтін жер емес екен деп мені үгіттеп кеткен болатын. Оны жаңа айттым.

Жұмысқа орналасқаныма екі жыл да толмай жатып, мен КПСС мүшелігіне кандидаттыққа қабылданым. Кейбір кітаптарда менің бұл қадамымды мансап сатысы үшін жасалды деп те түсіндіреді. Біріншіден, партияға жұмысшыларды көбірек тарту деген саясат болды. Партияның авангарды жұмысшылар делінетін. Екіншіден, ол кезде партия мүшесі болмасаң, бригадирліктен жоғарылай алмайтының белгілі. Тіпті осы жағын ескергенімде де тұрған өрескел ештеңе жоқ деп ойлаймын. Ең бастысы бұл емес. Ең бастысы – сол заманда кеңес қофамының таңдаулы, алдыңғы қатарлы бөлігі Компартия мүшелері болғандығы. Эрине, көптің ішінде кім кездеспейді дейсің, коммунистердің арасында да неше түрлі адамдар табылатын. Әйтсе де, ол уақытта елді алға бастаған негізгі күш партия мүшелері екендігі ешқандай талас тұдырмайды. Мен өзімнің кітабымда біздің бригадиріміз, аға горновой Борис Васильевич Яловитов туралы жазғанмын. Міне, сол кісінің өз ісіне берілгендердің мениң партия қатарына өтуімнің бір түрткісі дер едім.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Партияға өтуге мені ешкім де итермелеген жоқ. Партия үйымдастырушыларының жұмысшыларды партияға өту үшін өтініш беруге үгіттеп жүргенін, ал сонымен қатар инженер-техник қызметкерлердің анкета алу үшін кейде жылдар бойы кезекте туратын болғанын байқағаным едәүір кейінгі кезде еді. Үлкен перспективалар туралы да, женілдіктер алу туралы да, жоғарылай өсу туралы да ойға алмайтынбыз. Әлгіде айтқандай, нақты мысалдар көз алдымызда болатын – өйткені, цехтағы коммунистер әрқашан өнеге еді, олар кез келген қызын жағдайда да ешкімді үятқа қалдырмауға тырысатын. Оның үстіне, олар партия үйымының ықпалы күшті екенін билетін, егер көрек болса, цех бастығына немесе кез келген өзге жетекшілерге талап қоя билетін».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Әділеттің ақ жолы», 74-75-беттер.

— Сіздің саясатқа ерте араласқаныңыз белгілі. Дегенмен, қайраткерлік жолды дәл қай кезде бастадым деп санайсыз?

— Расында да, саясатқа ерте араластым дей аламын. Коммунистік партияның адамды тез арада ширатып шығаратының партия қатарына өткен алғашқы айлардақ сезіндім. Өйткені, мені көп ұзатпай бастауыш партия үйымының хатшысы, яғни сол кездің сезімен айтқанда – цех парторгы етіп сайлады. Сайланған салысымен қоғамдық жұмысым көбейіп, адамдармен көбірек араласатын болдым, жиын-жиналыстарда жиі сөз сөйлей бастадым. Цехта да, зауытта да, аудандық конференцияда да сөйлей жүріп, аудиторияның алдында өзімді еркін ұстауды үйрендім. Оны айтасың, менің цех парторгы болып сайлануымнан кейін сол цехтың бастығы ауыстырылды. Бастауыш партия үйымының талап етуімен. Шешімді барлық коммунистер түгел қолдағандықтан. Ол кез үшін бұл бұрын-соңды болып көрмеген жағдай еді. Мұның өзі бастауыш үйимның да, сол ұсынысты жасаған менің беделімді де өсіріп жіберді.

Қазақстан комсомолының съезіне делегат болып сайланғанымда, сөз сөйлегенімде жасым жиырманың екісіне де толмаған еді. Съезде республика комсомолы орталық комитетінің мүшелігіне, сол жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық комсомол съезінде БЛКЖО орталық комитетінің мүшелігіне кандидаттыққа өттім. Сол тұста Хельсинкиде өткен Бүкіләлемдік жастар фестиваліне де қатысқанмын.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Финляндия астанасында өткен Бүкіләлемдік жастар фестиваліне қатыса жүріп, Нұрсұлтан Назарбаев ғасырдың кезі тірісінде ақызға айналған тұлғасы – Ю. Гагаринмен кездесті, тіпті онымен суретке де түсті. Оны ғарышкердің қарапайымдылығы мен сүйкімділігі

қайран қалдырды. Юрий Гагаринмен бірге түскен суреті «Комсомольская правда» газетінде жарияланардан бір күн бұрын оған елдің ең таңдаулы перзенттері қатарында В. Быковскийдің экспедициясымен ғарышта болып қайтқан комсомол төсбелгісі табыс етілді. Оған сенбей қарағандар фестивальға қалай келген, осы жасында әлемді еркін кезіп жүретіндей бұл кім өзі деп тықақтап жатты. «Америка студенттерімен кездесуде Бруклин университетінің Карина Лагодо есімді бір қызы менен: «Егер фестивальға келгенің рас болса, сен әлдебір лауазымды коммунистің ұлы шығарсың?» деп сұрақ астына алғаны есімде. Сенімді құралға жүгінуіме тұра келді, күс басқан алақанымды көрсеткенімде ол өзінің сүйріктей нәзік жұмсақ саусақтарымен қолымдағы мүйіздей қатып қалған сарғыш бедерлерді таңдана сипағаны бар», деп еске алады Н.Назарбаев».

Жұмағұл СААДАНБЕКОВ,  
«Нұрсултан Назарбаев. Законы лидерства»,  
Астана, 2005, 51-бет.

– 1962 жылы, Хельсинкиден оралған соң сіздің өміріңізде үлкен өзгеріс болды ғой? Сіз өз кітabyңызда былай деп жазғансыз: «...Сол жылдардың өмір бойы есте қалатын ең бір елеулі оқиғасы – болашақ келіншегім Сарамен алғашқы кездесуім. Ал бұл кездесу... бір апattан кейін домна пешінің жанында болған еді. Әдетте апат болып, металл жерге төгіліп жатқанда түгел ауысым бар қалдықты жинап, теміржол қозғалысын қалпына келтіргенше ешкім ешқайда кетпейді. Күні бойы боласың ба, тәулік бойы боласың ба, өзің бұлдіргенді өзің ретке келтіруің тиіс. Осындай қолайсыз бір сәт еді – тәулік бойы дерлік табанымыздан тік тұрған кезіміз, тұла бойымыз қазанның түп күйесіндей қап-қара, тек көзіміз жылтырап, аппақ тісіміз ақсияды. Сол түні қосалқы электр станциясында кезекші болып, біздің пешіміздің түбінде не болып жатқанын көруге келген қызға кез бола кеттім». Джонатан Айткеннің кітabyнда сол сәтте: «Көмек

керек емес пе?» деп сұраған дауыс естілгені жазылған. «Бұл Сара болатын», дейді ағылшындық автор. Ал Сара Алпысқызы бір сұхбатында сізben би алаңында таныстым дегенді айтады...

– Көру деген бар, танысу деген бар. Болашақ жарымды домна пешіндегі апattan кейін алғаш рет көргенмін. Соның артынша алғашқы би кеші болғанда барып, биге шақырып танысқанмын. Көру мен танысудың айырмасы бар дегенім сол. Екінші жағынан Сараны түсіну де қын емес. Болашақ күйеуімді алдымен өзім барып көріп едім деуге ыңғайсызданған да шығар, кім біледі? Әйелдерді үғу да оңай емес қой өзі.

– Жаңағы кітапта «Назарбаев «Маған тұрмысқа шыққ, бүкіл әлемді араплатамын» деген ұсыныс жасады. Ол келісті. Олардың біреуі де бұл ғажайып қиялға толы уәденің қаншалықты орындаларын елестете де алмаған еді» деп те жазылған. Ондай уәдені бірден қалай беріп жүрсіз?

– Бір жағынан жастықтың максимализмі бар шығар, екінші жағынан қыз жүрегін қалайды жаулау үшін айтылған сөз шығар, қайdan білейін. Бәлкім, аузыма құдай салып тұр ма? Расында, кейін өзі де солай болды емес пе? Мемлекеттің бірінші ханымы ретінде Сара Алпысқызы әлемнің талай елін арапады ғой. Арманыңың асқақ болғаны жақсы.

– Сара Алпысқызының туған күніне орай мақала дайыннату үшін Қабидолла досыңызды редакцияға шақырғанымыз, сөйтіп естелік әңгімесін жазып алып, газетке шығарғанымыз бар еді. Сонда Қабекен сіздің аяқ астынан хорға жазылу хикаяңызды да әңгімелеп берген болатын... Шынымен де сол хорға бір-ақ рет бардыңыз ба?

ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Нұрсұлтан бір күні маған: «Хорға барайық», деді. Мен түсінбей тұрмын. «Біздің мұнда келгендегі мақсатымыз – инженер болу еді ғой. Өзіміз таңертенген кешке дейін ауыр жұмыс істейміз. Оның үстіне жоғары оқу орнына тұсу үшін дайындалуға да уақыт керек. Енді хорды қайдан шығардын?». Мен көнбекеніммен, «барайық» деп қиылып тұрып алған соң, ақыры дегені болды. Ол кезде Теміртау қаласындағы №110 кешкі мектептің залына хор айтуда қазақ жастары жиналатын, Ұйымдастырушысы кейіннен Жоғарғы Сот судьясы болған Кеңес Жармағамбетовтың, зайыбы Алтын деген кісі еді. Біз барған соң дауысымызды тексеріп, тенорлардың қатарына жазды. Бір рет ән салғанымыз есте. Ұйірмеге Сара да барады екен. Оның даусы soprano. Сараны көргеннен соң барып Нұрекеңнің неге осында келуге бейіл болғанын түсіндім. Әрине, ол кісінің Сарамен алғаш қалай, қандай жағдайда ұшырасқанын әлгінде айттық. Бірақ, жай ғана ұшырасу осы хор үйірмесінен ұшқын атып, әрі қарай үлкен сезімге, отбасының діңгегі – мрейлі махаббатқа айналғанын айтудымыз керек. Ол менің хорға алғаш және соңғы баруым еді. Нұрекен де бармаған шығар? Сол оқиға туралы бүгінге дейін өзіне әзілдеп: «Бір барғаннан қалмадың ғой», деп айттып жүремін».

Қабиболла СӘРЕКЕНОВ,  
«Ерге қызмет – елге қызмет»,  
«Егемен Қазақстан», 2011, 12 ақпан.

– Оған не айтайын енді? Орысшада «Искусство требует жертв» деген сөз бар ғой. Махаббат жолында не іstemейді адам? Сен оны айтасың, мен болашақ қалыңдығымның көnlінен шығу үшін сол кезде біраз уақыт би сабағына да жазылғанмын. Ал шыңдығын айттар болсам, бізді табыстырған жайдың бірі ән дер едім. Қабидолланың жаңағы айтқаны – әзілі. Хорға біразға дейін барып жүрдім. Дегенмен, анандай ауыр жұмыспен қатар қамту мүмкін

болмады да, кейін қойып кеттім. Менің дауысым тенорға, Сараның дауысы сопраноға жатады екен. Сара әнді жақсы айтатын. Ол қасиеті біздің қыздарымызға да ауысқан. Дариға да, Динара да, Әлия да әнге, музыкаға әуес.

– Ана бір жылы, Астанадағы Салтанат сарайында Жаңа жылды қарсы алу кешінде Сара Алпысқызы екеуіңіз «Когда весна придет не знаю» деп басталатын әнді қосыла шырқағандарыңыз есімде.

– «Весна на Заречной улице» фильміндегі Саша Савченконың әні ғой ол. Тамаша фильм, тамаша ән. «Горят мартеновские печи, и день, и ночь горят они» деп келетін сездері де жаныма сондай жақын. Металлургтің әні болғандықтан да, махаббат туралы ән болғандықтан да сүйіп айтатынбыз. Әсіресе,

Я не хочу судьбу иную,  
Мне ни за что не променять,  
Ту заводскую проходную,

Что в люди вывела меня, – деген шумағы бәріміздің жүргегімізді жарып шықкан өз сезіміздей естілетін. Расында да, металлургия зауытының сол қақпасынан жүзденген, мындаған адамдар өмірге, үлкен өмірге жолдама алып шықты ғой.

– Сіздің шешендік шеберлігіңіз алдымен Қазақстан комсомолының сол съезінде танылды дейді. Мен осы сұхбат кітабына дайындала жүріп, «Лениншіл жас» газетінің тігінділерінен сіздің съездегі сезіңізді таптым. 1962 жылғы 18 ақпандағы нөмірге «Қазақстан Магниткасына келіңдер!» деген тақырыппен басылған екен. Сөзіңізге талай рет қол шапалақталыпты. «Ең соңында съезд мінбесінен жастарға арнаған бір өтінішімді айтпай түсे алатын емеспін. Қазақстан Магниткасында қазақ қыздары ілуде бір кездеседі. Біз жастық романтикасына бай қаламызға қазақ қыздарын шақырамыз», деп

бітірген екенсіз. Жалпы, жүрт алдындағы сөз шынайы шықса, оған юмор қосылса, өте әдемі естіледі. Сізді осындай абыройға бөлеген комсомолда жұмыс істеуден бас тартуыңыздың себебі не болды? Расында да, негізгі себеп айына 180 сом жалақы алатын жұмысқа шақырғанында емес қой?

– Эңгіменің бәрін айлыққа тіреп қоюға болмайды. Әрине, оның да өз орны бар. Айлығыңың бірден күрт түсіп, үш есе азайып кетуін ойламай қоймайсың. Мәселе сол кездегі Теміртау қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Лазарь Катковтың менімен алдын ала бір ауыз сөйлеспей, «Сені қалалық комсомол комитетін басқартуға үйғардық» дегендей ғана етіп, өзі кесіп-пішіп ұсыныс айтуында ғана емес еді. Басты мәселе басқада болды. Ең алдымен мені металлург мамандығын тастанап кетуге тұра келеді деген ойдың өзі шошытты. Ол кезде мен үшін металлург болу өмірімнің мәніне, мазмұнына айналып үлгерген еді. Металлург болу деген мен үшін «нағыз ерек болу» дегеннің баламасы іспетті еді. Таңдадың ба – кіріс, кірістің бе – шыда, шыдадың ба – қатарыңың алды бол. Өзіме өзім осындай талап қоятынмын. Одан да асырып айттын: металлург мамандығы маған адамның бойындағы өзгеше мүмкіндікті, өзгеше шыдамдылықты, өзгеше төзімділікті көрсететіндігімен де қымбат болатын. Қанша ауыр, қыын болса да жаным жақсы көретін жұмысымды, оның үстіне, жасыратыны несі бар, айлығымды азайттын жұмысқа қалай бармақпын?! Ол аз болса, сенің сыртыңнан тон пішіп, тілімізді алмай көрсін дегендей етіп, шешімін шығарғалы отырса.

Ақыры іс насырға шапты. Қалалық партия комитеті маған есеп карточкама жазылатын қатаң сөгіс беруді үйғарды. Қазіргілер мұның не екенін біле де бермейтін шығар. Әсіресе есеп карточкасына жазылатын сөгістің жөні тіпті қыын. Ол жазу сенің өмір бойы соңынан қалмайды. Басып қойған қара таңба сияқты. Қайда барсаң да алдыңнан шығады. «Мұны не үшін алып жүрсіз?» дейді. Түсіндіресің. Тіпті жазықсыз жазаланғаныңды ай-

тып жеткізе алған күннің өзінде толық түсінбеуі мүмкін. «Бірденені жасырып тұр ғой, әйтпесе тектен-текке есеп карточкасына жазар ма еді?» деп ойлап қоятыны анық.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Қалалық партия комитетінде, түсінесіз ғой, жалақы мен стаж жөнінде тіс жарып ештеңе айтқаным жоқ (өйткені, партия мүшесі тек «жоғары мұдделерді» ғана басшылыққа алып өмір сүруі тиіс), бірақ ұсынылған қызметтен үзілді-кесілді бас тарттым. Міне, тап осы тұста Теміртауда кеңінен таралған: «Катков жолдаспен ойнауға болмайды!» деген қанатты сөздің мәнін толық сезінүіме тұра келді. Әуелі «Катков жолда» ойлану үшін бір тәулік мұрсат берді. Бір күннен кейін әңгіме шамамен сол бағытта қайта жалғасты. Партиялық тәртіп туралы қысқа дәріс тыңдалған, өзімнің келешегім туралы дұрыстап ойлау туралы ұсыныс естүіме тұра келді. Солқылдақтық жасамадым деп айта алмаймын, бірақ, мұндай қисынсыз қысымға өз еркімнен тыс әлдебір қасарысқан қарсылық пайда болды. Мен бұл шешімді қабырғаммен кеңесіп айтып тұрғанымды естігенде, хатшы орындықтан жалма-жан ұшып тұрды: «Байқа, үшінші рет шақыру күтпе!» дегенді аңғартты.

Бәрі осымен бітті деп ойлағаным бекер екен. Екі аптадан кейін қалалық комитеттің хатшысы етіп басқа кісіні сайлады, ал мені қалалық партия комитетінің бюросына шақыртты. Ұйымдастыру бөлімінің менгерушісі алдын ала дайындалған: «Бас тартқаны үшін... саяси шикілігі үшін... жігерсіздік көрсеткендігі үшін...» деген айыптау үкімін оқи бастады. Бюро мүшелері болып табылатын комбинат парткомының хатшысы мен директоры мені қанша қорғаштағанымен түк шықпады. Жолдас Катков-пен шынында да ойнауға болмайды екен: «Қатаң сөгіс! Анау-мынау емес, есеп карточкасына жазылатын сөгіс! Мейлі, басқаларға да сабак болсын!» деп отырып алды».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Әділеттің ақ жолы», 77-бет.

Бұл тығырықтан мені одақтық комсомолдың орталық комитетінің мүшелігіне кандидаттығым алып шықты деуге де болады. Мәскеудің партиясы тұрмақ, комсомолының өзі мықты кезі. Арада бір апта өтті ме, өтпеді ме, Қарағанды обкомының бюро мәжілісі болды. Бюро қалкомның мен жөніндегі шешімін бұзды. Сонымен де қоймай, кадр іріктеудегі жолсыздығы үшін Катковқа жаза берді. Бұл арада обкомның бірінші хатшысы Николай Банниковтың атын разылықпен айта кеткім келеді. Болған жайды жан-жақты тексертіп, нақты шешім шығартқан сол кісі.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Бұл оқиға менің өмірімде терең із қалдырды. Бірақ әділетке деген сенімімді тіпті де шайқалта алған жоқ. Алайда, не нәрсенің бәріне бірдей сене беру керек пе деген ой өзімді қатты толғандырды. Одан кейін де әміршілдік стильмен бетпе-бет қарама-қарсы келуге, бұдан аз ғана үақыт бұрын кәдімгі үйреншікті әрі әбден табиғи нәрсе деп есептеліп келген партиядағы қазармалық тәртіппен ашықтан-ашық қақтығысқа шығуға тұра келіп жүрді. Ал «сара бағытпен», өздерінің пайымдауынша, сәл де болса келіспеуге болатын бір нәрсені тауып алып, ондай жағдайдан тіпті де жол беруге болмайтын қайдағы бір қарсылықты бірден көре қоятын адамдарға өз ойыңды дәлелдеп, түсіндіруден қыын еш нәрсе жоқ екен. Кәдімгі салауатты адам ақылына жүгіну мүндайда көбінесе «Мен – партияның жауынгерімін» деген бір-ақ ауыз сөзben кесіп тасталады. Ал жауынгерге рұқсат етілмейінше тәжікелесіп жатуға рұқсат етілмейтіні белгілі. Екінші жағынан, өзің де ойланып қаласың: егер ең улкен деген басшылар өздерін партияның солдаттарымыз деп санауды абырой деп білген болса, онда қатардағы қарапайым коммунистің қандай атақтан дәмеленуіне болады. Маған Катков сықылды басшылар осындағы қазармалық, «солдаттық» психологияның құрбаны болды-ау деген ой келеді. Ол сол кезде коммунист қалалық партия комитетінің әлгіндей жауапты тапсырмасын

орындаудан бас тарта алады дегенді тіпті ойша елестете  
де алмаған шығар-ау!»

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Әділеттің ақ жолы», 78-79 беттер.

— Айып етпеніз, менің ойымша, сіз өз кітабыңызда Катковқа тым қatal баға бергендей болып та көрінесіз. Басшылық стилі доғалдау дегенмен, әйтеүір, ниеті түзу ғой. Қолынан іс келетін жасты қала комсомолдарының жетекшісі етпек болды емес пе?

— Жаңа айттым ғой, Катковтың осы мәселені тізеге салып шешпекке бекінгені, менің пікіріммен санаспағаны шамыма тигенін. Адам қай жағдайда да өз басын сыйлата білуі керек.

— Эйтсе де, кейіннен дәл сол қызметке баруыңыза тұра келді ғой?

— Тура келгені рас. Бірақ, мен ол қызметке жаңағы әңгіменің артынша барған жоқпын. Катковтың орнына (айтқандай, оны басқа жұмысқа ауыстырып жіберген) Николай Григорьевич Давыдов деген кісі бірінші хатшы болып келген еді. Ол кісі менімен алдымен адамша, жақсылап сөйлесті. Қалалық партия комитетінде ауыр өнеркәсіп бөлімінің менгерушісі қызметін ұсынатынын айтты. Өз комбинатыңмен тікелей шұғылданасың, металлургиядан да қол үзбейсің деді. Ұсынысын қабыл алдым. Эйтсе де, ол орында ұзақ отырғаным жоқ. Небәрі жарты жыл ғана жұмыс істедім. Мен бас тартқан қызметке барған адам комсомолдың жұмысын аз үақыттың ішінде-ақ қожыратып жіберіпті. Содан қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметіне баруға тұра келді. Бірақ, мен бұған өкінбеймін. Комсомол мен үшін үлкен мектеп болды.

— Сол кездегі архив материалдары сіздің қала комсомолының жетекшісі ретінде кемшіліктерге, жағымсыз жайларға көбірек көңіл бөлгениңізді көрсетеді. 1970 жылдың ақпан айында Қарағанды облыстық комсомол комитетінің есеп беру-сайлау конференциясында сейлекен сөзіңізден үзіндіні жазып алғып келіп отырмын. Былай депсіз: «Қала бойынша жасалған талдау бұзақылықтың 66 пайызы сенбі, жексенбі күндері, сағат 18 бел 20-ның арасында, көбіне мас күйде жасалатынын көрсетті, мұның өзі біздің әлі де жастардың бос үақытымен, оларды көркеменерпаздыққа, спортқа, клубтар, жастар кафелерінің жұмыстарына, техникалық шығармашылыққа және басқа да формаларға тартумен айналыса алмағанымызды дәлелдейді. Талдау сондай-ақ мас күйдегі бұзақылық аванс немесе жалақы берілген күндері жасалатынын да көрсетеді. Көбіне жұрт жұмыс кезінде, яғни жұмыс орнында ішеді. Саудалалу жалақыны жууды үйімдастыратындар бригадирлер, шеберлер, кейде тіпті ауысым басшылары да болатынын анықтады. Бізben сөйлескенде жас жұмысшы, құрылышшы өзі жалпы ішуді жаны қаламайтынын, бірақ бригадамен бірге ішпесең сараң, сілімтік, тағы басқадай дейтінін, сөйтіп бригадирдің өзі-ақ жұртқа жек көрсетіп бітетінін айтты. Одан да ішіп құтылған жөн болады дейді. Мұндай «тәрбиешінің» қолына түскен жас жігіттің жағдайы белгілі».

— Бір жағынан жастықтың максимализмі де бар шығар. Дегенмен, мен қандай жағдайда да шындықты айтуға тырыстым. Мысалы, алғашқы аптада-ақ комсомолдың санында бар, санатында жоқ мыңнан астам адам анықталды. Не есепке тұрмаған, не комсомолмен атымен байланысы жоқ. Өзінің комсомолға өткені жиналышқа шақырғанда ғана есіне түседі. Ал жоғарыға екпінді құрылыштағы комсомол мүшелерінің саны өскені жөнінде мәліметтер жөнелтіліп жатады. Ол кезде бүкілодақтық екпінді комсомол құрылышындағы бұндай былықтарды

жұрт алдында жария етіп жатпайтын. Теміртауға әу баста аннан қашқан, мыннан қашқандардың да, тіпті түрмеге түскелі түрған жерінен құрылышқа баруға келісім беруімен құтылғандардың да ағылғаны ешқандай жасырын сыр емес. Олардың түзеле қоюы да онай болмайтын. Бұған қоса Магниткаға романтика қуалап немесе шын ниетімен мамандық менгеруге, жұмыс істеуге келгендердің оспа-дар ортаға тап келіп, солардың әсерімен жолдан тайып кететіндері де аз кездеспейтін. Мен жиналыс, конфе-ренцияларда сондайлардың талайының атын атап, түсін түстел тұрып айтатынмын. Қайткенмен, көп тезіне салу әсер етпей қоймайтын.

– Леонид Млечин «Назарбаев. Групповой портрет с президентом» атты кітабында Өзбекәлі Жәнібековтің сіз туралы «Оның 1962 жылдың сәуірінен 1970 жылдың аяғына дейінгі өсу жолы менің көз алдында өтті. Комсо-мол Орталық комитетінің бірінші хатшысы лауазымына резервте оның фамилиясы да тұрды» деген сөзін кел-тіреді. Өзекеңнің ойы жүзеге асып, сіз отыз жасыңызда республика комсомолының тізгінін ұстағаныңызда өмір жолыңыз қалай қалыптасар еді деп шамалайсыз?

– Қанша дегенмен комсомол қызметінің идеологиялық сипаты басым болатын. Сыртқы жарқыл-жүркылы көп еді де, ішкі бұлқынысы аз еді. Қөзбояушылық көп кездесетін. Болашақ жұбайыммен отбасын құруға үағда-ласқанымызда жастар жетекшілері бұл тойды комсомол-жастар үйлену тойы етіп өткізіп берейік деді. Жарайды. Той үстінде бізге жаңа пәтердің кілті тапсырылды... Тіпті керемет. Той тарқаған кезде түнделетіп бізге айтқан адрес бойынша барсақ, әлгі айтқан сексен пәтерлік бес қабатты үйдің іргетасы енді қазыла бастаған болып шықты... Жұмыс көбіне сөзге, қағазға негізделетін. Жасыратыны жоқ, сөздің өзі де әдетте жаттанды болып келетін. Бір жолы мынандай жағдай басымнан өтті. Комсомолдың

активінде құттықтау сөз сөйлеуім керек еді. Мұндайда сөз салынған папканы мінберге алдын ала апарып қояды. Ашасың да оқи бересің. Мінберге шығып, папканы ашсам... бос. Қағаз жоқ. Кеше кешке өзім біраз жерін түзетіп, қайта бастырған, бір-екі рет оқып шыққан мәтін еді. Папкаға салуды біреу ұмытып кетілті. Не істеу керек? «Кешіріңіздер» деп түсіндіріп, жұрт көзінше қағазды іздетіп жатпайсың ғой. Содан залға бір қарап, «папкадағы қағазға» бір «қарап», құттықтауды «түгел оқып» шықтым. Ешкім ештеңе байқаған жоқ.

**– Бұл сіздің ерекше есте сақтау қабілетіңіздің дәлелі ғой.**

– Жадымның мықты екені рас. Бір-екі рет оқып шыққан мәтіннің ұзын-ырғасы есімде қалғаны да рас. Бірақ, түгел жаттап алмайсың ғой. Мені ол арада алдымен құтқарған жағдай – сондай мәтіндерде бірінен-біріне көше беретін стандартты сөйлемдер, жаттанды болған ойлар.

Комсомол партияның көлеңкесін саялап жүргенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Тіпті комсомол жасады деп дақпыртталып, дәріптеліп жататын жұмыстардың өзі шынтуайтына келгенде тікелей партия комитеттерінің басшылығымен, күнбе-күнгі бақылауымен жүзеге асатын. Кей түстарда комсомол жетекшілері қалайда жоғарыдағылардың көзіне тусу үшін көкейге қонымсыз, тіпті ұлтына обал жасайтында қадамдардан да тайынбайтын. Ең бастысы – патриоттық бастама көтеріп, көзге түсіп қалу. Сәті түссе – өсіп қалу. Мысалы, бүкіл аудан жастарының мектептен кейін мал шаруашылығында жұмысқа қалуы, сейтіп «екінші тыңды» игеруі сияқты үйғарымдар жасалып, жүз-жүздеген жастар амалдың жоғынан қойдың соңына түсуге мәжбүр болатын. Комсомолдың есебінен шығармаса, қолына атtestat бермесе ешкім де ешқайда кете алмайтын. Олардың арасында оқуға қабілеттілері, тіпті таланттылары аз емес-ау деп ойлап, қиналып жатпайтын.

**Қызылбаев** – Сондай бір мысалды көлтірейінші. Әбіш Кекілбаев мектеп бітіретін жылы бүкіл ауданның жастары сондай шешім қабылдаған екен. Абырой болғанда, дәл солжылы облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметіне Нұртас Ондасынов ағамыз бара қалыпты. Жаңағы ауданға жолы түсken бетте-ақ: «Қазақтың маңдайына мал бағу ғана жазылып қойып па? Балалардың бетін қайтарманыңдар» деп, жаңағы шешімнің күшін жойғызыпты.

– Менің ойымша, сол тұста өндірістен қол үзбегенім, жұмысшылармен, инженер-техник қызметкерлермен, партия активімен қоян-қолтық араласып жүргенім, алып индустрия аймағының қара қазанында қайнағаным қай жағынан қарағанда да маған өлшеусіз пайдада тигізді. Теміртауда барлық басшылықтың да, партия, комсомол, кәсіподақтың жұмысы да металлургия комбинатымен байланысты еді. Сондықтан заводтан қол үзген жоқыны деуге болады. 1971 жылдың маусым айында мені Теміртау қалалық партия комитетінің екінші хатшылығына сайлады. Мұның өзі практикада болмайтын жағдай, маған көрсетілген зор сенім еді.

Екінші хатшы өнеркәсіпке, күрделі құрылышқа, көлік жүйесіне жауап беретін. Ал қаладағы өнеркәсіп ең алдымен – металлургия комбинаты. Құн демей, тұн демей жұмыс істедік. Сол кезде Карметкомбинатта 250 тонналық конвертер, 600 тонналық мартен пеші іске қосылды.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Өзімді қалалық партия комитетінің өнеркәсіп пен күрделі құрылышты басқаратын екінші хатшысы етіп сайлағанда мен әдеттегідей «кабинеттік» ұғымдағы партия жұмысымен мүлдем айналыспадым десем де болғандай. Маған металлургия комбинаты құрылышының қоғамдық-саяси штабы бастығының міндеттері жүктелді де, күндіз-түні жұмыс басында жүруіме тұра келді. Бұл жұмысты өзімше: комиссарлық прораб деп атадым.

Ә дегенде өзім құрылыс басқарушымен қатар қойылдым ба, әлде оның орнына қойылдым ба, ол жағы түсініксіз еді. Кейде сүмдық шарқ үрудан көз алдың тұманданатын: біресе домна пешіндегі бұзылған жерді түзеп, біресе конвертерге тұнгі графікті түзіп, жүздеген қажетті актілерді өткізіп, жексенбіліктер үйімдастырып, бетон, металл, құрал-жабдықтарды тасуды қамтамасыз етіп, шапқылайсың да жүресің. Құн сайын ондаған, жүздеген адаммен сөйлесетінмін. Олар тәулік бойы құрылыс штабына әр түрлі мәселелермен, кейде тіпті күтпеген қамқарекет шаруаларымен және өтініштерімен ағылып келіп жататын: біреулері егер бетон жеткізу жолға қойылмаса, бригаданы басқа жаққа алып кетемін деп қорқытса, енді біреулері маскүнем қүйеуіне ықпал жасауды талап ететін...

Комбинат құрылышында екі жыл құрылыс штабы бастығы қызметінде болғанда мұның өзі мен үшін ұшықыры жоқ біртұтас жұмыс қүніне айналды. Домна пеші мен конвертерден кейін слябинг, ыстық және сұық прокат стандартын, жаңа цехтар, механикалық шеберханалар салу, жылу-электр орталығын кеңейту, темір жол желісін ұзарту жайы кезекте тұрды. Дегенмен қайратқүшім жететін, өйткені бұл құрылыштың сол уақыттағы ірі құрылыштардың бірі екендігін және көп нәрсенің елімізде тұнғыш рет жүзеге асырылып жатқанын саналы түрде сезіну менің жастық жігерімді тасыта тұсті».

*Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Әділеттің ақ жолы», 85-87-беттер.*

Екінші хатшы лауазымы маған жоғары қызметтегі көптеген адамдармен араласуға мүмкіндік берді. Үлкен ЦК-дан, кіші ЦК-дан партия қызметкерлері ағылып келетін де жататын. Артық-ауыс ақылын беретін де жататын. Бәрінің сұрайтыны тек жоспар көрсеткіштері. Оны орындау үшін адамға қандай жағдайлар керек, ол жағдайлардың қайсысы жасалған, қайсысы жасалмаған дегенді ешкім ауызға да алмайды. Жағдай жасалмаған соң кадрлар тұрақтамайды. Сол кезде біздің комбинатта кадрлардың

аудысусы 30 пайызға дейін жететін. Әрбір үшінші адам тұрақты жұмыс істемейді деген сөз бұл. Сондықтан 1973 жылы металлургия комбинаты партия комитетінің хатшысы қызметіне кіріскең кезімде мен шаруаны металлургерге жағдай жасауды ойластырудан бастадым.

— Нұрсұлтан Әбішұлы, сіздің Теміртаудағы ғана емес, бүкіл өміріңіздегі ерекше белестің бірі сол жылдар деп ойлаймын. Партиялық иерархиядан хабары жоқ бүгінгі оқырмандар қалалық партия комитетінің екінші хатшылығынан сол қаланың ішінде орналасқан комбинаттың партком хатшылығына аудысуды қызмет бабында төмендеу деп те ойлап қалуы мүмкін екенін ескеріп, сол жұмыстың салмағы жөнінде бірер аудыс сөзбен айтып өтсөніз.

— Иә, бүгінгілерге мұндай түсіндіру қажет-ақ. Кеңестік кезеңде қызметтің салмағы ол лауазымның қай жердің номенклатурасына кіретінімен оп-оңай анықталатын. Қалкомның екінші хатшылығы тұрмақ, бірінші хатшылығы да Қазақстан компартиясы орталық комитетінің номенклатурасына кіретін, ал Карметкомбинаттың партком хатшылығы КОКП орталық комитетінің номенклатурасы. Өйткені, Кармет – республикадағы ғана емес, Одақтағы ең маңызды өнеркәсіп орны. Комбинат цифrlары әлі күнге жадымда: әрқайсысы шағын зауыт дейтіндей 95 цехы болатын, ондаған тепловоздар жүретін ішкі темір жолдарының ұзындығы 400 шақырымға жететін, бір жарым мың жүк мәшинелері, өзінің электр стансасы бар еді... Қысқасы, орысша айтқанда, машина. Ұжымы тіпті алғып ұжым. Карметте ол кезде отыз мыңнан астам жұмыс істейтін, олардың екі жарым мыңы коммунистер болатын. Қазақстан Магниткасы бүкіл ел экономикасы үшін стратегиялық нысан еді. Кеңес Одағының болат қорытудан әлемде бірінші орынға алғып шыққан кәсіпорындардың бірі еді.

– Нұрсұлтан Әбішұлы, осы әңгімеге дайындалғанда сізге ала келген қағаздарымның біреуі – «Лениншіл жас» газетінің қызындысы. 1970 жылғы 18 тамыздағы нөміріне «Қырандар ұшқан ұя» деп аталатын мақалаңыз шығыпты. Ол кезде сіз «Біздер көп едік. Қазақтар, орыстар, башқұрттар, ингуштар, болгарлар және тағы басқа ұлттың өкілдері бір анадан туған бауырластардай білекti сыбанып тастап, қоян-қолтық еңбекке араласып кеттік» деп жазыпсыз.

– Бұл әңгімені жақсы қозғап отырсың. Теміртаудың менің тағдырымдағы ерекше орны интернационалдық ортада өмір сүрге, еңбек етуге бұрыннан да бейімдігі бар мені сан ұлттың адамдарымен емін-еркін аралас-құралас болуға әбден үйреткендігі дер едім. Осындайда Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген сөзі қалайша есіңе түспейді? Эрине, өз халқың, туған ұлттың өзіңе жақыннырақ. Ол табиғи жай. Сонымен бірге, бірлігі жақсының тірлігі тапшы болмайтынын да ұмытпау керек. Бірге жүрген соң, көрші тұрған соң мұдделер бірікпей қоймайды. Ұнтымақ үшін ымыраға бара алмағандардың не болып жатқанын өзің көріп отырсың. Сан түрлі этностың басы қосылған елдерде ұйымшылдықтың ұйытқысы болу міндеттін сол мекеннің иесі өз мойнына алуы керек. Тәуелсіздік туы қолға тиісімен қазақ халқы дәл солай еткеніне бүкіл әлем күә. Біз келісім саясатынсыз ешқандай да ел бола алмайтынымызды бірден-ақ білдік. Солай еттік те. Жалпы, біздің қазақ тұмысынан көпшіл, бауырмашыл. Оның бір себебі біздің мына алып даламыздың тарихи даму жолының дәлізінде тұрғандығы да сияқты. Мен бала күнімнен көпүлтты ортада өскенімді жүрт біледі. Ана жолы, балалық шағымды әңгімелегенде айттым да ғой. Әйтсе де, мектепте, училищеде өзге ұлттың өкілдерімен қатар жүру, бірге оқу бір басқа да, сан түрлі халықтың арасында ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу, басшылық жасау деген бір басқа. Бұл жағынан Теміртау мен үшін баға жеткісіз мектеп болды. Орыспен де,

украинмен де, белоруспен де, неміспен де, татармен де тіл табысып, ортақ шаруаны бірлесе атқарып жүре бердік. Қазақстанда ол кезде басқа ұлттардың үлес салмағы қазіргіден әлдеқайда көп болғаны рас. Ол кезде қазақ халқының тіліне, мәдениетіне, дәстүріне елеулі нұқсан келгені де рас. Бірақ ол үшін ешкім де нақты айыпты емес. Патша өкіметінің отарлау саясаты кезінде де, ста-линдік жер аударұлар, тың игеру, екпінді құрылыштар салу кезінде де адамдардың көбіне саясаттың тетігіне айналғаны белгілі. Сондай жағдайда да қазақтар ғасырлар бойы қалыптасқан қонақжайлыштың салтын, мейірімділік дәстүрін бұзған жоқ. Екінші жағынан, әлгіндей сүргіндер кезінде қалыптасқан көпұлтты ұжымдарда адамдардың достығы сынақтан өтіп, шыңдалатыны да белгілі. Ондайда жүрт бір-бірін ең алдымен түсіне қарап емес, ісіне қарап бағалайды. Магниткада мен оны талай көрдім. Интернационалистік дәстүрлерге бейімдік, достықта беріктік сияқты Теміртауда жаныма орнықтырған қасиеттер менің Қарағандыдағы жұмысымда да, Орталық комитеттегі, Үкіметтегі жұмысымда да, кейін Президент ретіндегі қызметімде де көп көмектесті.

**— Сіз партком хатшылығы қызметіңіз туралы «Менің нағыз партиялық жұмысым тап сол кезде басталды деуге болады» деп жазғансыз. Сол нағыз партиялық жұмыстың мәні нede еді?**

— Бұл сұрағыңа жауап берердің алдында ол тұста комбинат директоры болған Олег Иванович Тищенконы разылық сөзбен еске алғым келеді. Жақсы кісі еді. Жұмыс десе жанын салатын. Алғашқы жылы шаруамыз онша жүрмедин. Қайда қарасаң да берекесіз тірлікті көресің. Қыдырып кетіп қалу, жұмысқа шықпай қалу, ауысымға кешігіп келу дегендер әбден әдетке айналған. Осы тұста біздің ең неғізгі назарды бастауыш еңбек буындарындағы партиялық топтарға аударғанымыз өзін-өзі ақтады. Қазір ойлап

отырсаң сол кездегі нағыз коммунистердің адалдығына, іскерлігіне, жұмысқа жаңы ашитынына қатты сүйсінесің. Біз солардың арқасында комбинат ұжымының ыдырауын, кәсіби шеберліктің төмендеуін, өнім сапасының нашарлауын тоқтата алдық. Бұл қазір айтуда оңай. Қаншама қыруар жұмыс жасадық сол кездерде. Эйтсе де, адамдардың шын көңілмен еңбек етуіне жағдай жасамайынша ешқандай түбірлі өзгеріс болмайтынына әбден көзім жетті.

**– Сөйтіп, Мәскеуге, КОКП орталық комитетіне баяндау хат жазуға бекіндіңіз ғой?**

– Негізінде, қабылданған тәртіп бойынша обкомды, республиканың орталық комитетін айналып өтіп, тікелей Мәскеуге жазу қызметтік тәртіпті бұзы болып саналады. Сондықтан мен басқа жол іздедім. Сол кездегі «Правда» газетінің корреспонденті Михаил Полторанинмен кездесіп, мақала жазуды ұсындым. Ол мақала еліміздің басты газетінің бетінде «Артта қалғандар есебінде...» деген атпен шықты. Барлық кемшіліктер айтылды. Бірақ мен бұл арада да өз лауазымының КОКП орталық комитетіне қарасты екенін пайдаланғым келді. Ол жақта елдің аса ірі металлургия кәсіпорнындағы істің апатты жағдайы жөніндегі дабылымызға өте түсіністікпен қарады. Көп ұзамай бізге КОКП орталық комитетінің жаңадан ғана сайланған хатшысы Владимир Иванович Долгих келді. Мықты адам екенін бірден-ақ байқадық. Бұған дейін Но-рильск металлургия комбинатын табысты басқарғаны көрініп-ақ түрді.

– Айып етпеңіз, сөзіңізді бөлейін. Әңгіменің басында айтып өткен Айтбай Сәулебек өз кітабында былай деп жазады: «Қолдарыңыздағы зерттеу кітапты әзірлеу барысында Мәскеу қалалық соғыс және еңбек, құқық қорғау органдары ардагерлері кеңесінің төрағасы

Владимир Иванович Долгихқа жолығудың сәті түсті. Құдайшылығымызды айтар болсақ, бұл кісі біздің кейбіріміз алыста отырып ойлайтында «нашар адам» емес екен. 87 жастағы атақты адамның өмірде биіктеге көтерілуінің өзіндік сыры бар екендігін ұғындық. Ол туралы ұшқары пікірді ішке түйгеніміз үшін қатты қысылдық. Шынын айтқанда, Долгих дәл мұндай принципті, сөздің емес, істің кісісі, өз Отанын беріле сүйген патриот екендігін еш ойлаған да, білген де жоқ едік». Журналистің әуелде бұлай ойлауына не себеп болуы мүмкін?

— Кешегі кеңестік кезең бізден бірте-бірте алыштан барады. Әуелгі бетте, қайта құрудың тұсында, тәуелсіздік эйфориясының кезінде ол қоғам жайында бірыңғай теріс пікірдің орныққаны рас. Екі қоғамдық жүйенің жарысында социализмнің артта қалғаны, екі идеологияның бәсекесінде марксизм-ленинизмнің күйрекені анық көрініп тұрды, жүрт соның бәріне тек коммунистерді кінәлі санады. Ол негізінен орынды да еді. Дегенмен, тұтас қоғам тұрмақ, бүтін заман тұрмақ, жеке адамның өзін бір бояумен бояп шығуға болмайды. Мәселе қай партияның басқаруында емес, қалай басқаруда екендігін біз әлемдегі қазіргі ірі мемлекеттердің талайының тәжірибесінен көріп отырмыз. Жалпы, тек артықшылықтан немесе тек кемшиліктен тұратын қоғамдық жүйенің болуы мүмкін емес. Академик Сахаров қайта құрудың қым-қиғаш айтыстары тұсында, халық депутаттары съезінде социализмнің де, капитализмнің де өзіндік артықшылықтарын жақындастыруға ұмтылатын конвергенция теориясын жақтаған еді. Экономикада мұны жүзеге асыру қыын екендігіне көзіміз жетті, ал әлеуметтік салада әр жүйенің төл сипаттарын жылдандастыруға тырысқан артық болмайды.

Долгихқа келейін. Оның нақты істің адамы екені сондай, өзі біздің қаламызда төрт күн бойы жүріп, жағдаймен әбден танысып кетісімен арада небәрі үш апта өткенде

Теміртауға Мәскеуден елу адамдық бригада сау ете қалды. Мақсаттары – Орталық комитеттің секретариатына комбинат парткомының жұмысы туралы мәселе дайындау. Бригада апталап жүріп, әбден ішек-қарнымызды ақтарғандай тексерді, проблемалардың барлығын анықтады, сөйтіп үлкен жазба дайындағы. Шыны керек, әуелде жатқан жыланды өзім түртіп қалғаным не деп ойлағаным да рас. Дегенмен, «Басы қатты болса, аяғы тәтті болады» деп біздің қазекең айтатындаі, бәрі де көңілдегідей бітті.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Кезек күттірмес мәселелерді шешуіміз қажет болды. Сол сәтте комбинаттың парторғы болып Нұрсултан Назарбаев сайланған болатын. Шынымды айтсам, қазақтан мұндай батыл адам шығады деп күтпеген ем. Ол мәселені төтесінен қойды. Алдында қалалық партия комитетіндегілерді тыңдап жүрген ем, партком хатшысының бұлтартпас ұстанымынан кейін кей пікірлерімді өзгертуге тұра келді.

Проблемағатерен зерттеу жүргізудің арқасында КОКП ОК атына тиісті ұсыныстарды келтіріп, хат дайындағы. Бұл құжат алдымен ОК секретариатының талқылауынан өтті. Содан кейін комбинаттың қыын халі жөніндегі мәселелер айтыла келе, оны тузытудің іс-шаралары нақты көрсетілген аудайдай қажет шешім қабылданды.

Моншақтап тер төгудің нәтижесінде комбинаттағы ғана емес, Теміртау қаласындағы, тіпті облыстағы ахуал жақсартылды: кадр мәселесі шешімін тапты, кадрлар тұрақтандырылды, олардың және еңбек қауіпсіздігін сақтаудың тәртібі тиісті дәрежеге қойылды. Міне, осындаі жарқын істерімен Қазақстан Магниткасы Одақтағы озық кәсіпорынға айналып қана қойған жоқ, металлургия саласындағы үлгілі комбинат қатарына қосылды.

Сөз жоқ, Нұрсултан Әбішұлының сол кездегі еңбегі ересен. Ол Қазақстан Магниткасын аяғынан тік түрғызды!

Несін жасырамыз, егерде Назарбаев сияқты батыл партком хатшысы болмай, жалтақ, жағымпаз біреу

кезіккенде, қазақтың маңдайындағы жалғыз комбинат  
әлдеқашан жабылып қалар ма еді?».

Владимир ДОЛГИХ,  
2011 жылғы 11 сәуірдегі үнтаста жазбасы.  
«Елбасының алтын бесігі»,  
Астана, 2011, 98-99-беттер.

— Владимир Ивановичтің ол пікіріне раҳмет. Тек сол сөзінде Тищенко жайында оның алдында Челябинскіден жаңа директор жіберіп едік, ол да жұмысты жүргізе алмады, адамдармен тіл табыса алмады деген ойымен онша келіспес едім. Жаңа айттым ғой, Олег Иванович жұмысқа жаңын салды. Бұл арада негізгі кілтипантек биік деңгейдегі шешімдер арқылы жүзеге аса алатын қадамдарда еді. Со-лай еkenіne арада біраз уақыт өткенде Сусловтың алдына барғанымда, ертеңінде Орталық комитеттің секретариатында есеп бергенімде көзім жете түсті. Ол заманда секретариатта есеп беру кім үшін де керемет маңызды оқиға. Сталиннің: «Тарих үш кезеңге бөлінеді: матриархат, патриархат және секретариат...» деген әзіл сөзі текке айттылмаған.

Жалпы, маған Михаил Андреевич жақсы әсер қалдырыды. Әрине, оның елдің бас идеологы ретінде атқарған жұмысына әрқиылды баға беруге болады. Оны «сүр кардинал», «партиялық Аракчеев» деп те жатады. Дегенмен, Сусловтың күнгейі де, көленкесі де көп, күрделі тұлға екендігі анық. Ал нақты Теміртау мәселесін талқылаған тұста мен оның проблеманың түйінін дәл ұстай алатын алғыр адам екендігіне көз жеткіздім.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«М.А.Сусловпен бірінші кездесуім егжей-тегжейлі есімде қалып қойыпты. Мұның себебі де бар еді. Ол кезде жас болатынын, ал маған аса ірі металлургиялық

комбинаттың тағдыры жөнінде, бүгінгі үрдіспен айтқанда, «заманымыздың ұлы адамдарының бірімен» қурделі әңгіме өткізуге тура келді. Партия басшылығында екінші адам маған терең әрі тек жағымды әсер қалдырды.

Мені кабинетіне алып кіргенде, ұзын бойлы, тарамыс, еңкіштеу келген Суслов үстелінен шығып, қол беріп амандасты.

— Ең алдымен, жас жігіт, Теміртауыңыздың қайда екенін көрсетіңіз.

Қабырғада ілулі түрған Кеңес Одағының картасына жақыннадым.

— Міне, Михаил Андреевич, мына жерде. Мынау Қарағанды. Осы қалаға іргелес, селеулі далаға еліміздегі қара metallurgия алыштарының бірін орнаттық. Бұл соғыстан кейінгі жылдардағы стратегиялық обьектінің ...

— Айта беріңіз, айта беріңіз.

Мен де әңгімені жалғастыра отырып, бәрін қазқалпында түгел айттым. Адамдарға ешқандай жағдай жасалмаса да комбинатты қалай салып шыққанымызды айттым. Алып құрылыштың жүзденеген ірі-ірі кем-кетіктерін, комбинаттың әлі қоршалмағанын, болат табақшаларды кім көрінгеннің қалай болса солай үйді-үйіне машинамен тасып алып кетуіне болатынын да айттым. Түрғын үйдің, балабақшаның салынбағанын, күнделікті қажетті азық-түлік өнімдері мен бұйымдардың жетіспейтінін де сөз еттім. Ауа райының аса қолайсыздығын, боранды-шашынды қүндері жұмысшылардың комбинатқа жете алмай қалатыны жөнінде де айттым. Әйелдерге жұмыс табыла бермейтінін де жасырған жоқпын...

Ол менің сөзімді бөлместен ықылас қоя тыңдады. Ал соナン кейін сұрақ бере бастады, тіпті ұсақ-түйек жайларға да көніл аударып, қойын дәптеріне тұртіп алды.

Әңгіменің аяғында:

— Ертең Секретариатта сіз не туралы айтпақшысыз? — деп сұрады.

Мен сөйлейтін сөзімнің дайын екендігін айттым.

— Қазір маған айтқандарыңызды ертең де түгелдей айтып шығуыңызға кеңес беремін.

М.А.Сусловпен болған әңгіме сенімінді күшейтті. Біріншіден, менің түсінуімше, мұнда бізді ешкім де сөгіс

арқалатып жіберу үшін жинап жатқан жок. Екіншіден, менің әңгімем М.А.Сусловты ойландырған, комбинаттың киын жағдайда қалып отырғанын түсінген тәрізді. Өйткені, жоғарыда айтқанымдай, мені өте мұқият тыңдал, өзінің сұрақтарын біздегі жылдар бойы жинақталып қалған маселелерге байланысты қойды ғой.

...Секретариатта Металлургия және ауыр машина жасау министрлігінің басшылары сазайларын тартты. Суслов оларға былай деді: «Аса маңызды мемлекеттік істі былық-шылыққа айналдырып жібергенсіңдер!». Осы мәжіліс Қазақстан металлургтерінің мәдени-тұрмыстық жағдайын жақсарту үшін ССРО Министрлер Кеңесіне тиісті қаулы қабылдауды жүктеумен аяқталды. Бул құжатты даярлайтын комиссияға мені де мүше етіп кіргізді. Министрлер Кеңесінің қаулысына біздің «құып жүріп» кіргізген цифрларымыз әлі күнге дейін есімде. Әр жыл сайын 80 мың шаршы метр түрғын үй мен 1660 орындық екі балабақшаны пайдалануға беруге, екі кәсіптік-техникалық училище мен металлургиялық техникум үйін салуға, ВТУЗ-ға арналған мекенжай, Мәдениет сарайын, спорт кешенін, металлургтердің демалыс базасын түрғызуға шешім қабылданған-ды...».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,

«Әділеттің ак жолы», 103-105-беттер.

Секретариаттан кейін үкімет қаулысы дайындалды. Көп үақыт өтпей-ақ қаламыз өзгере бастады. Тұтас түрғын үй орамдары бой көтерді, балабақшалар, стадион салынды, бассейн салынды, демалыс үйі, сауықтыру-емдеу мекенжайы салынды. Ең ғажабы – бірте-бірте пәтер кезегі жойылды. Кадрлар тұрақтанды. Адамға көніл бөлінгеннен кейін-ақ жұмыс та жүре бастады. Комбинаттың өндірістік көрсеткіштері ай өткен сайын жақсара берді. Теміртаудың тынысы ашылып, құлашы кеңейе түсті. Өзің ойлап, салыстырып қарашы. Осы жұмысым ел ордасы Астана шаһарын салуға дайындығыма үқсамай ма?

— Нұрсұлтан Әбішұлы, мен жоғарыда айтылған кітаптан В.И.Долгихтың: «Шынымды айтсам, қазақтан мұнданай батыл адам шығады деп күтпеген ем» деген сөзін мерейім таси отырып оқыдым. Баға дегеннің бағасы оны кімнің беруіне байланысты ғой. Кезінде Қеңес Одағындағы ірі тұлғалардың бірі болған, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған адамның мұндайлық таңдай қағуы көп жайды аңғартады. Сіздің осыдан кейін көп ұзамай Қарағанды облыстық партия комитетінің өнеркәсіп жөніндегі хатшысы қызметіне жоғарылауыңызда Мәскеудегі сол мәжілістің шешуші әсері болды деу жөн шығар?

— Орталық комитет секретариатындағы сөзім, одан кейін қабылданған қаулының нақты нәтижелері беделімді өсіргені анық. Алматыдағылар да маған содан кейін барып шындал назар аудара бастады ғой деймін. Олай дейтінім, Димаш Ахметұлы Қонаев арада біраз жыл өткенде, көңіл қошы келген бір сәтте Мәскеудегі сөзімнің әсері күшті болғанын, Орталық комитеттегілер мені есіне сақтап қалғанын айтқан еді. Сол секретариаттан соң М.Суслов Димекене телефон шалып, көңіл аударыңыз деген екен.

— Белгілі партия қызметкері Аманжол Қалықовпен 90 жасқа толғанында сұхбат жасағаным бар. Сонда ол кісі: «Мен Нұрекенді Орталық партия комитетіне хатшы болып Д.А.Қонаев арқылы ғана келді дегенге ешқашан қосылмаймын. Ол сатылап, біртіндең тәжірибесі молайған үақытта келді. Адам айтқысыз үлкен Теміртауда металлургия комбинаты партия комитетінің хатшысы, Теміртау қаласының партия комитетінің екінші хатшысы, Қарағанды обкомының екінші хатшысы болды. Мәскеуде, үлкен ЦК-ның секретариатында біздің қазақ жігітінің жарқылдан сейлегенін сыртынан естіп, қуанып, мақтанып отыратынбыз», деген еді.

– 1980 жылы Орталық комитеттің өнеркәсіп жөніндегі хатшысы қызметіне келісім алуға барғанымда маған Сұслов та: «Міне, сізді өсіріп шығардық!» деген. Біреудің өсіруімен ешкім де алысқа бара алмайды. Өсірумен қызметке қоюға болады, әйтсе де ондай қызмет баянды болмайды. Ең абзалы – Абайдың: «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылтың екі жақтап» деген сөзін ұдайы есте ұстаяу.

Ал енді әңгімені қайырайық. Ойымды қорытып айтсам, мен Магнитканың тарихын, Теміртаудың тарихын, ондағы адамдардың тағдырын өз тағдырымнан бөлек қарай алмаймын. Азамат ретіндегі алтын бесігім Теміртау дейтінім сондықтан.

## ◆ КЕМЕЛДЕНУ КЕЗЕҢІ

– Нұрсұлтан Әбішұлы, өзіңізben сұхбаттарда өмір белестеріңізді әңгімелейтін кезде саясат, шаруашылық ыңғайындағы шешімдерге, баяндамаларға, сөздерге, мақала-сұхбаттарға онша тоқталмай жүргеніміз белгілі. Соның өзінде де мен осы жолғы сұхбатта сіздің елеулі еңбегіңіздің бірі ұдайы қозғалады деп ойлаймын. Мәселе сізben бұл жолы «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақалаңыз жарық көргеннен кейін сұхбаттасып отырғанымызда ғана емес. Мәселе сіздің бұл еңбегіңіз біздің қоғам үшін белгілі бір дәрежеде бетбұрыстық бағдарлама болатындығында.

– Ойың дұрыс. Маған жазба түсіріп, өмір жолым жайында әңгімелеп шығатын сұхбат кітабын дайындауға ауық-ауық уақыт бөлуді сұрағаныңда оның ағымдағы саясатпен, өтпелі экономикалық мәселелермен тікелей байланыса бермейтін болғанын қалайтынды өзіңе де айтқанмын. Әйтсе де осы жолы біз баспасөзде жарияланған ол көлемді мақаланы ой өзегі етіп алып отыратын шығармыз.

Мен ол мақаланы дайындарда көп ойландым, көп толғандым. Әлем неге тұрақсыз? Дүние неге бір дағдарыстан кейін бір дағдарысқа ұрынып жатыр? Батыс Еуропаның бұрын бұлжымастай көрінетін қоғамдық жүйесі, сынақтарда сыр бермейтіндей саналатын экономикалық

жүйесі неге қайта-қайта қыындықтарды бастаң кешүде? Неге ол елдерде жұмыссыздық қүшейіп, әлеуметтік қорғау тетіктері әлсіреп барады? Осыдан бірнеше жыл ғана бұрын ауқатты делінетін мемлекеттердің басына қазір неге дефолт қатері төніп тұр? Сұрақ көп. Жауап жоқ. Үлкен сегіздік деп те, Үлкен жиырмалық деп те үстін-үстін үдемелете жиын ашып, талқылағанмен бұл түйін тарқатылмай келе жатыр. Бұл түйін, әрине, оңайлықпен тарқатылмайды. Адамзат басына төніп тұрған қатердің қара бұлтын сейілтудің – жаңандық қаржы дағдарысын болдырмаудың жолдарын бүкіл адамзат бірлесе талқылағаны жөн. Мұндай алапат мәселелердің шешімін адамзаттың ақыл-ойы бір арнаға жұмылдырылғанда ғана табуға болады. Сондықтан мен «G-GLOBAL» идеясын ұсынып отырмын. Осы арқылы дағдарыстардан қорғалатын, тиімді әлемдік валютасы бар, ортақ сауда жүйесі, ықпалдастықтың әділетті жүйесі бар жаңандық экономика құруға болады деп ойлаймын. Бұл ара ол жөніндегі ойларымды таратып айтып жататын жер емес. Мен бұл туралы пікірімді Астана экономикалық форумында дүние дидарына аты мәлім аса көрнекті ғалымдарының алдында ортаға салдым, сәл кейіннен әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезінде де қысқаша әңгімелеп бердім. Жақында ғана Кембриджде сөз сөйлегеніме өзің де күә болдың ғой. Газетіңде жаздың бәрін. Ол жерде де үнқатысады ұлғайту қажеттігі жөнінде айттым. «Ғалымдардың еуразиялық экономикалық клубы» қауымдастыры құрған Астана экономикалық форумы осы іске нақты үлес қосады деп сенемін. Әрине, ол мәселе өз шешімін табуы үшін біраз уақыт керек, біраз жағдаяттар өзгеруі керек.

Қазір не болып кетті өзі? Аудан ақша жасалатын болып кетті ғой. Соған жүрттың көзі үйреніп, көңілі сеніп бара жатыр. Бұл – жалған жол. Қай заманда да, қай қоғамда да байлықтың барлық түрі, құндылықтың барлық түрі виртуалды қаржы институттарының қолымен емес, адамның

қолымен жасалады, адамның еңбегі, адамның миң арқылы жасалады. Қысқасы, адамның қолы, адамның миң – дүниенің тірегі. Айтқандай, ми демекші, мына бір жайға назарынды аударайын. Қазақтың тілінде «ми» сөзі адамның басына ғана байланысты айтылады. Мысалы, орысшада «костный мозг» деген бар, оның қазақшасы «сүйек кемігі», «спинной мозг» деген де бар, оның қазақшасы «жілік май», мұның екеуінің де бастағы миға еш қатысы жоқ.

– Элемді тығырыққа тіреуі мүмкін қазіргі қындықтардың басты себебі неде деп ойлайсыз?

– Шынтуайтында, адам баласының түсініп болмайтындей бір ерекшелігі өзінің проблемасын көбіне өзі жасайтындығы. Өткен ғасырда тұтынушылық қоғам деген үғым кеңінен тарады, бара-bara тұтас бір тұжырымда-маға айналды. Бұл тұжырымдаманың мәнін оқайлатып түсіндіретін болсақ, адамзат өзінің тұтынуына қажетті мөлшерден артық материалдық игілік өндіруге ауысты. Сейтіп, белгілі бір дәрежеде жетіспеушілікті өзі қолдан жасады. Қажетті мөлшерден артық материалдық игілік өндіру жаңа проблемаларды туындаатты. Бұл идеология, тұтыну идеологиясы бүлдіруші болып шыққанын қазір бүкіл әлем көріп отыр. Мұның өзі мәселенің бір жағы. Екінші жағы – бүкіл әлемге еңбектің, еңбек болғанда – нақты материалдық немесе рухани игілік жасайтын еңбектің рөлі төмендетіліп бара жатқаны. Мысалы, қазір дефолттың жарқабағына тіреліп тұрған Грекияда мемлекеттік мекемелердегі жұмыс уақыты 5 сағатқа дейін азайтылған еді, ондағылардың жалақысы Германия мекемелерінде гіден артық еді, тіпті кімнің кабинеті қай қабатта екеніне дейін ескеріліп, жоғары қабаттағыларға түсіп-шығудың қосымша қындығына, лифтінің кейде тоқтап қалу қаупі бар екеніне байланысты жалақыға үстеме белгіленген еді.

— Оның шет жағасын ана жылы Афинаға барғанда көргенбіз. Бізді алып жүрген гид жігіт елдегі жұмыс үақытының соншалықты қысқалығына таңданғанымызға: «Біз кезінде өркениет үшін жұмыс істеп болғанбыз, енді өркениет бізге жұмыс істесін» деп жауап қайтарғанын да естігенбіз.

— Сол астамсудың аяғы не болды? Ежелгі Эллада ерлерінің елі Грекия бүкіл Еуропаға қолын жайып, Еуро-одақтың қаржылай көмегіне күні қарап қалды. Жасам-паздық еңбек басым сипат алмаған елдің бәріне осындай қауіп төнүі мүмкін.

Біз әлеуметтік жаңғырту саясатын қолға алып жа-тырымыз. Ол саясаттың негізіне шынайы өндірістік еңбек алынуға тиіс. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын құруға шақыратынның сондықтан. Мен өз мақаламда еңбекті шешуші үлттық фактор деп атадым. Мұның әсіресе жаңандық бәсекелестік жағдайындағы маңыздылығын ерекше қадап айттым.

— Мақалаңызда: «Бұл – практикалық, прагматикалық идея. Ол маған тіпті етene жақын, өйткені мен қазақстандықтар жақсы білетіндей, өзімнің кәсіби жолымды «ақ саусақтар» секілді кабинетте де, паркетте де емес, жұмысшы-металлург ретінде бастадым. Ал бұл, атап айтсам, нағыз кәсіп болып табылады! Қанша жыл өтсе де, бұл еңбек мектебін ұмыту мүмкін емес» деп жазғансыз.

— Бұл арада менің кәсіби жолым айтылып отыр. Ал жалпы өзімнің еңбек жолым одан да ертерек, тіпті бала күнімнен басталды дей алымын. Мен ес білгеннен еңбектің ортасында өстім. Ана жолы айттым ғой, менің әкем Әбіш ғұмыр бойы жұмыс істеп өткен адам. Ол кісінің бос отырған кезін көрген емеспін. Не малды қарайды, не егін егеді, не отын жарады, не томар қопарады, әйтеуір,

бір шаруаны қолға алып жатқаны. Шаршауды білмейтін адам сияқты еді. Ауыр жұмыстардан да қайтпайтын. Үшқоңырдың биғінде салынған жолда да әкемнің қолының таңбасы қалған. Әкем мен шешемнің таңдыр тоғыстыруына да еңбек себепкер болған. А남 сонау Шу жақтан келіп, салынып жатқан жолға жұмысқа тұрған екен. А남 да жұмыс десе жанып түсетін. Үйдің жұмысын тындырып тастап, көрші-қолаңың шаруасына қарасып жүретініне қайран қалатынмын. Біздің үйдің адамдары ғана емес, бүкіл ауыл негізінен еңбеккер еді. Сол тәрбиені көріп өстік.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Қазір бүкіл педагогтық колективтер қайтсек тиімді үйымдастырамыз деп бастарын қатырып жүрген еңбек тәрбиесі дейтініміз мениң мектеп қабырғасындағы жылдарымда көкейкесті қызын проблема болмайтын. Егер сол кезде әлдекім балалардың бойында еңбекті құрметтеу сезімін тәрбиелу қажет деп өзөуресе, бәлкім, оны есуас санар еді. Өйткені біз қазір ауа жұтып тыныстаудың қажеттігі жөнінде дәнеңе айтпаймыз ғой.

...Соғыстан кейінгі кезең, қырқыншы жылдардың аяғы мен елуінші жылдардың бас кезі. А남 қолхоздан күтіп-баптауға бір гектар қызылша алады. Көктемнен бастап алғашқы қар түскенге дейін толастамайтын азап еңбек.. Тұқым сепкеннен кейін ми қайнатқан ыстық күн астында бел жазбай жүріп, осынау гектардагы епісті сиретіп қолмен жұлуды көзге елестетіп көрініші. Бұл ғұмыр бойы есте қалады. Ал ақырында қызылша тамырлап, піскен кезде оны үлкен пышақпен тазалап, тиеп өткізіп, содан соң Боралдай қант заводына барып, бір жарым қапшық қант алу үшін колхоздан берілетін анықтамаға қол жеткізу керек. Еңбеккүніңе алатының сол ғана, ал ақшадай соқыр тиын да төленбейтін.

Әкеме таудың қия бетіне бірнеше гектар бидай егіп, астығын колхозға өткізу тапсырылғаны есімде қалыпты. Бидай піскенде әкем екеуміз оны қолмен орғанбыз. Тұнделетіп айдың жарығымен ордық, Масак біркел-

кі, бірынғай жатуы үшін шалғыға тырма қосақталатын. Бұндай ауыр жұмыста екі-үш сағат осылай жұмыс істе-геннен кейін тұла бойың сіресіп, белің жан шыдатпастай сыздайтын еді. Біз орып, шешем баулап, қызылдау үшін колхоз орталығындағы қырманға аппаратынбыз.

Бұны неге еске алып отырмын? Ол кезде қанша шарқ ұрып колхозда ойың онға, санаң санға бөлінгенімен өмір сүру, дәлірек айтқаңда, аман қалу үй маңындағы қосалқы шаруашылықтың арқасындаға ғана мүмкін болатын еді. Жаңылмасам, біз еңбеккүнге бір рет қана толмаған жеті қап бидай алған болатынбыз. Үш-төрт центнер тартқан шығар шамасы. Біз ол астықты колхоз орталығынан арба-мен алып келдік, көніліміз өсіп, өзімізді бақытты сезініп (өзіміздің табан ақы, мәндай терімізben тапқанымыз фой!) келдік».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Әділеттің ақ жолы», А., 1991, 18-19-беттер.

Еңбек әртүрлі. Оқу да еңбек. Үлкендерге көмектесу де еңбек. Баланы еңбекке тәрбиелеу кішкентайында үй шаруасына қолғабыс тигізуге үйретуден, сабакты жақсы оқытудан басталуы керек. Жас күнінде үл мен қызды қындықтан қорғаштай берудің қажеті жоқ. Бала деген шаршамайды. Мен, мысалы, төртінші сыныпқа дейін әкемнің ағасының үйінде жатып оқыдым. Мектеп біз түрған үйден алты-жеті шақырым жерде еді. Күзде, көктемде ештеңе емес, ойнап жүріп-ақ жетіп қаласың. Қыста қын. Сағат жоқ. Әтештің шақыруымен оянасын да, үйқың ашылар-ашылмаста жолға шығасың. Кейде сол әтеші құрғыр мезгілсіз шақыра ма, мектепке сабак басталардан екі сағаттай бұрын барып қалатын кездерім де болатын. Ондайда күзетші ішке кіргізіп, пеш жанында үйықтап та алатынмын.

— Пеш демекші, сыныптасының Сәдуақас Есімбайдың кітабында балалардың бірінің сол пешке қатысты қызық әңгімесі бар еді...

— Қуатбек Бокин деген бала ғой ол. Мұғалім мектепке келсе әлгі бала пеш түбінде екі аяқты созып тастан, үйқыны соғып жатыр екен. Үстінен бұрқырап бу шығады дейді. Киімі өртенгелі жатыр ма деп шошып кетіпті. Сөйтсе, жаңағы бала мектепке асығып келе жатып, суға құлап қалыпты, пештің ыстығынан шалбарының кеүіп жатқаны екен... Қызықтар көп қой.

Мектептен келгеннен бір тынбайсың. Малға шөп салу керек, қорада қи тазалау керек, үйге су әкелу керек, бақшаның арам шебін жұлу керек. Үйдегі балалардың үлкенімін. Мен іstemесем кім істейді? Ал енді қазір ойлап отырсам, соның бәрі баға жетпес өмір мектебі, еңбек мектебі екен.

— **Біз мектепте оқыған жылдарда да оқушыларды еңбекке тарту жақсы ойластырылған болатын. Одан кейінгі кезде оқушылардың жұмыс істеуін «бала еңбегін қанау» деп бағалай бастады...**

— Бұғанасы қатпаған балаларға ауыр жұмыс істетіп, болмашы ақы төлеу бар. «Бала еңбегін қанау» деген сол. Оған заңмен тыйым салынған. Ал мектепте жүргенде оқу үдерісіне зияны тимейтіндей етіп жұмысқа тартудың жөні басқа. Оны қолдау керек. Бірақ бізде мектеп оқушылары тұрмак, студенттердің де еңбекке тартылуы жоққа жуық. Ана жылы мен арнайы тапсырып, студенттік құрылыш отрядтарын қайта жасақтау қолға алынған болатын. Бұл жұмысты жалғастырған жөн. Жалпы, еңбекке ынталандырудың барлық жолдарын қарастыру қажет. Еңбек табыстарын қоғамдық ынталандырудың жүйесін жақсылап құрмайынша әлеуметтік жаңғыртудың мәселелері көңілдегідей шешілмек емес.

Мектеп оқушыларының, студенттердің басты еңбегі, әрине, оқу. Біз елдегі білім беру жүйесін жаңғыртуды үш басты бағыт бойынша жүргізуді межелеп, соның бір бағытын оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту деп белгілеп отыр-

мыз. Байқайсың ба, оқу-тәрбие үдерісі. Оқу мен тәрбие – бүкіл білім жүйесінің қос қанаты. Осы қос қанатының бірі кем болса, шәкірт мына дүниенің аспанына парлап ұша алмайды.

Мақаламда патернализм инерциясы, әлеуметтік инфантилизм деген мәселелер қозғалды. Өте күрделі мәселелер. Аға буынның «өкімет өлтірмейді», «үкімет үздірмейді» дегендегі әлеуметтік масылдығына ендігі жерде жол жабылуға тиіс. Баяғыдай кеңбалақ жүрісті мына заман көтермейді. Нарық заңдылығының өзі қабылдамайды ондай жүрісті. Сондықтан мектептерде тәрбие үдерісін ерте бастан егуді қатты тапсырып отырмыз. Мемлекет шетсіз-шексіз донор емес. Мемлекет азаматтардың әл-ауқатының артуына жағдай жасайтын әріптес. Әйтпесе патернализм инерциясы әлі де сақталуда екенін көріп келеміз. Қазіргі жастардың біразы оларды оқытуға да, үйлендіруге де, үйге ендіруге де, көлік алып беруге де ата-аналар міндетті сияқты көретіндегі. Бұрынғымен салыстырғанда қазір нағыз бәсеке заманы. Кеңестік кезеңде көп нәрсеге оңай қол жететіні рас еді. Институтқа, университетке түссең оқу тегін, оны бітірсөң жолдамамен әйтеуір бір жерге баратының анық, ол жerde пәтердің кезегіне тұратының анық, әйтеуір бір кезде кезегің келеді, балаңның саны көбейсе, әйтеуір бір кезде үйінді кеңейтуден үміттенумен жүресің. Ал қазір осының бәріне бәсекелестік жағдайында жағаласпен, жанталаспен жетесің. Есесіне қадірін білесің. Қолың өз еңбегіңмен жететін нәрсенің бәсі де жоғары. Бәрі де салыстырмалы нәрсе ғой. Бүгінгі байлықтың, барлықтың бағасын білмейтіндегі адамдар да аз емес арамызда. Мысалы, бір кездері «Жигули» мінгендер жолы болғандар саналса, қазір «Жигули» мінгендер шамасы жеткенге қанағат етіп жүргендер саналады. Бұл өсүдің дәлелі емей немене?

Енді әлеуметтік инфантилизмге келейін. Инфант дегендегі Испания мен Португалияның король үйлерінде ерке ханзадалар ғой. Инфантилизм – бала күнге тән белгілердің есейгенде де сақталып қала беруі. Қазақша

қара тілмен айтар болсақ, әлеуметтік инфанилизм деген адамның өз қара басын, өзінің отбасын алып жүре алмауы. Өзінің әміріне өзі жауапты бола алмауы. Уақтылы есеймеу, ересек әмірге дұрыс дайындалмау, жаңа белеске бейімделмеу үлкен бір дерктек айналып барады. «Болар бала он бесінде бас болар, болмас бала қырқында да жас болар» деген біздің қазақ. «Отызында орда бұзбаған қырқында қамал алмайды» деген де сөз бар. Арғы замандардағы ата-бабаларымызды айтпай-ақ, кешегі өткен Алаш арыстарының бәрі де жиырмасында-отызында ұлы шаруалар тыңдырып үлгерген жоқ па еді? Оларды қойғанда, қазіргі орта, аға буынның бәрі дерлік өз ризығын өзі теріп жеп, өзінің игілігін өз қолымен жасағандар. Бәрін де еңбекпен жасағандар. Сондықтан отбасында балаларымыздың, мектептерде шәкірттердің, жоғары оқу орындарында студенттеріміздің, кәсіпорындарда, мекемелерде жас мамандарымыздың ерте есеюін, өзінің қамын, отбасының қамын, ата-анасының қамын, мемлекеттің қамын о бастан ойлайтындей болып өсуін қатты құнтараудың керек. Адамның жауапкершілікті сезінетін азамат ретінде жастай қалыптасуы өте маңызды. Әсіреле жасына толғаннан кейін де ата-атаның қолына қарай беретін әдеттен арылту керек балаларды.

– Сіздің ресми өмірбаяныңыз жақында кітап болып шықты. Сонда мектептен кейін Алматыдағы банктердің бірінде күзетшілік жұмысқа орналасқаныңыз жазылған екен.

– Онда тұрған не бар? Оқуға түскім келді. «Сондай ойым бар, қайдан тапсаңыздар одан табыңыздар, Киевте оқуға ақша тауып беріңіздер» деуім керек пе еді ата-анама? Шиеттей төрт баланың аузынан жырып алған сол ақшамен аттануым керек пе еді алыс жолға? Сен оны айтасың, менің тіпті жетінші кластан кейін ата-анамның жүгін жеңілдету үшін сабакты қойып, жұмысқа кіріссем

бе деп те ойланған кезім бар. Абырой болғанда, әкем ол ойымнан тез-ақ бас тартқызды. Айтқандай, мен Киевтегі институттың емтихандарын ойдағыдай тапсырып, оқуға қабылданғанда да ауылдағы үлкен кісілер талабымды қолдамай, «жердің жеті түбіндегі» Киевке жібермей қойған болатын, ал алдын ала айтсам тіпті өре түрегелетін еді. Иә, үш айдай банкте құзетші болдым. Біраз ақша таптым. Қаланың тыныс-тіршілігіне бой үйретіп қалдым. Одан нем кетті? Менің өмірбаянымның сәнін қашырып тұр ма сол үш айдағы құзетшілігім? Тіпті де олай емес.

**– Менің айтпағым сіздің жас құніңізден жұмыс атаулының қандайынан да бас тартпағаныңызға назар аудара тусу ғана еді.**

**– Жалған намысты қою керек. Қазақтың ұл-қыздарының осы жалған намыстан көптеген мамандықтарға жоламай жүретіндері болады. Бұрын таксист қазак, официант қазак, етікші қазак, сатушы қазак, сантехник қазак, шаштараз қазак дегендер сирек кездесетін. Қазір де онша көбейіп кете қойған жоқ. Біреуге қызмет көрсетуге үялған түріміз. «Ақылдың азабында» Грибоедов кейіпкерінің айтқаны бар емес пе, «Служить бы рад, прислуживаться тошно» деп. Лайықты түрде, қадіріңді қашырмай қызмет көрсетуге де болады, қалайда адамның қалтасын қағып қалу үшін қылмаңдал немесе бастығыңың алдында иіліп-бүгіліп, жылмаңдал, қасиетіңді кетіруге де болады. Бәрі адамның өзіне байланысты. Кісілік қалпына байланысты. Жалпы, мына өмірде біз бәріміз бір-бірімізге қызмет көрсетіп жүреміз.**

**– Анатолий Аграновскийдің «Официант» деген та-маша очеркі болатын. Сонда журналист кейіпкерінен: «Қызмет көрсету ыңғайсыз емес пе?» дейді. Официант жігіт бұл сұраққа: «Қалай айтсам екен? Міне, қазір мен**

**сізге қызмет көрсетіп тұрмын. Кешке үйге барамын, «Известияны» оқимын, сонда сіз маған қызмет көрсететін боласыз» дейді. Сол сияқты дейсіз ғой?**

– Сол сияқты. Адамның күні адаммен. Жаман жұмыс болмайды. Жаман жұмысшы болады. Жаман мамандық болмайды. Жаман маман болады. Өзіңнің көңілің қалаған, қолыңдан келетін, бала-шағаңды бағып-қағуға, өмірден өз орныңды табуға мүмкіндік беретін жұмыстың бәрі жақсы.

Өткен ғасырдың аяқ шенінде, үлкен мемлекет тарап, бір қоғам қирап, бір қоғам жаңа құрылышпен жатқан кезде-гі «жабайы капитализм» белгілі дәрежеде еңбекке теріс көзқарас қалыптастыра бастағаны рас. Ол тұста әртүрлі жолмен несие алып үлгергендердің талайы әп-сәтте байып шыға келді ғой. Неге? Негесі сол, жаңағы несиені қайтару ақшаның құнсыздануының арқасында түк болмай қалды. Жастардың бір бөлігі «әмір сүре білетіндерге» қызыға бастады, ешқандай тер төкпей-ақ аяқ астынан байып кету мүмкін екенін көрді. Сол кездегі заңның олқылығын пайдаланып, мемлекет жерлерін үй саларлық, фермерлік қызметке қажетті құралдарсыз-ақ иеленіп, оны алып-сатумен айналысты. Қаражат саламыз деп кен орындарына да қол жеткізіп, артынша оларды да сатты. Аяқ астынан байып шыға келді. Содан барды да еңбектің қадір-қасиеті кеми бастағандай үғым пайда болды талайларда.

Мұның бәрі өткінші, алдамшы. Мына дүниедегі игілік атаулының бәрі тек еңбектің арқасында жасалады. Қол еңбегі, ой еңбегі, шығармашылық еңбек. Бірақ, тек қана еңбектің арқасында. Ақша өздігінен игілік бола салмайды. Өткен дүниежүзілік дағдарыста ақшадан ақша жасағандар мықтап ұтылды. 12 триллион доллар күл боп құрыды. Ал өндіріс орындары қалды, тауарлар шығара берді.

**– Қазақты о бастан жалқау жаратылғандай сөйлей-тіндер бар. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?**

– Қазақ жалқау, шаруасын мандытпайды деген сөз талайлардың аузынан шыққан. Қадырдың: «Бір жама-

ны – шаруасын мандытпаған, Бір жақсысы – құлықпен жанды үтпаған» дег келетін атақты өлеңі бар ғой. Ақын онда қазақтың күнгейі мен көлеңкесін керемет көрсеткен. Әрине, бүкіл халық туралы бір ауыз сөзben баға беруге тырысу жөнсіз. Әйтсе де, белгілі бір тарихи жағдайларға, әлеуметтік-экономикалық ортаға байланысты қалыптастын мінез, әдет дегендер болатынын да жоққа шығару қажетсіз. Негізінен мал шаруашылығымен айналысу, яғни экстенсивті экономика жүргізу қоғам мүшелеңін еңбекке біркелкі тартпайтынын біз анық ұғынуға тиіспіз. Көшпелі қазақ ауылын алайық. Ол кезде қазақтың бәрі де мал бағады дейміз. Бұл сонда жүрттың бәрі мал соңында жүреді деген сөз бе? Ондай сөз емес. Бір ауылдың ма-лының соңында сол ауыл адамдарының көп болса он, әрі барса жиырма пайызы ғана жүреді. Қойшылар, жыл-қышылар. Қалған жүрттың қолы бос. Ал осы қолы бостық ғасырлар бойы жалғасып келгенде, ұрпақтан-ұрпаққа ауысқанда талайлардың бойына жалқаулық жүқтіруы әбден-ақ мүмкін. Ұшы-қырырсыз даланың өзі де адамды жайбарақттыққа бейімдеп тұратындағы көрінеді. Екінші жағынан, бұл халықты ойшылдыққа да тәрбиеледі. Оның есесінен көшпелі өмір салты біздің халқымыздың бойына тұтынушылық психологияны, дүниеқорлықты жуытпады. Қыстауға немесе жайлайға жиналғанда бар дүние-мұлкін бір-екі түйенің үстіне, бір арбаға сыйдыруға тұра келетінін білгендейтін де қазақ басы артық нәрсе ұстамаған. Осындай-осындайдан барып халқымыз ұлы адамдық қасиеттерді қалыптастыруды. Сөз өнерін, саз өнерін ғажайып биіктеге шығарды. Ол да еңбек. Ой еңбегі, рух ең-бегі.

Айта кететін тағы мынандай жай бар. Советтер кезінде үлкен өндіріс орындарында кәсіби мамандыққа, жалақысы мол жұмыстарға бізді жібере қоймайтын. Қарағанды, Балқаш, Екібастұз, Теміртауда салынған зауыттардағы мамандар тек Ресейдің түкпір-түкпірінен әкелінді. Біздің қазаққа орын болмады. Оларды ешкім оқытпады. Ал қазір жағдай басқаша ғой. Өндіріске қазақ жастары көптеп тартылуда.

– Сонда да, мысалы, «Қазақ жастары – Қазақстан Магниткасына!» деген шақырыға үн қосып келген қандасымыздың аз ғана бөлігі metallurgияда тұрақтап қалғаны рас қой? Сіздің досының Сатыбалды Ибрагимов Теміртауда алғашқы жылдары қазақ жігіттерінің саны небәрі үш процент еді деп айтады.

– Бұл мәселеге жан-жағынан, былайша айтқанда, диалектикалық түрғыдан қарау керек. Кінәлай салу опоңай. Әуелі біздің ұлтымыз үшін ол кезде қара metallurgия тұрмақ, жалпы индустрия орындарында жұмыс істей тосын кәсіп екенін ескерген жөн. Одан кейін сол тұста басқа өлкелерден шақырылған адамдарға алдымен жағдай жасалғанын, мысалы, Теміртаудағы болгарларға, Ресейден, Украинадан, тағы басқа жерлерден келген адамдарға көп қамқорлық көрсетілгенін де үмітпайық. Тағы бір нәзік жағдай бар. Қазақтар бөлекше балажан болады. Содан да ұлын да, қызын да қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, әлпештеп өсіреді, қолынан келгенше қындық көрсетпеуге тырысады. Мұның жақсы жағы да бар, жаман жағы да бар. Жақсы жағы белгілі. Жаман жағы – алдынан шығатын өмірдің қындықтарына қайрап, шынықтырып салмайтыны. Сондай-сондай себептерден біраз қазақ жастарының Магниткадан кетіп қалғаны рас. Олардың ішінде менің достарым да болды. Сол былайынша да азғана жігіттердің өзі ауыр және қауіпті жұмысқа шыдамай, жаймашуақ жүріп, жаймашуақ тұратын ауылышын, даласын аңсады. Кейбіреулері жұмыс үстінде құлап түсіп, мұрнынан қан ағып, дәрігерлер алып кететін. Сонда жаңағы сырттан келген мамансымақтар артынан: «Да, им только баранов пасти, зачем их приняли на завод?» деп тұратын. Қаның қайнамай ма сол кезде? Оның үстінеге қара metallurgиядағы қара жұмыстың нағызы азап екені тағы рас. Әйтсе де, біз сол азапқа шыдас бердік. Жас кезінде сондайға шыдап, шыңдалмағанда қай кезде шыңдаласың! Сондайға шыдағанның арқасында қазақтың намысын сақтап қалдық. Мен өз басым талай жігітті үгіттеп, тоқтатқанмын.

— Сізбен Магниткада бірге жұмыс істеген досыңыз Қуаныш Омашев «Елбасының алтын бесігі» деген кітаптың тұсауқесеріне Астанаға келген еді. Сол кісі де өзін комбинатта сіз қалдырғаныңызды айтқан.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Досымыз қашаннан бауырмал. Кез келген адамның тілін табады. Сөзге шешен. Адамның іші-бауырына кіріп тұрады. Шындығын айттар болсақ, біздің көптеген қазақ жастарының 1960-жылдардың басында Қазақ Магниткасына тұрактап қалуымызға ерекше әсер еткен де Нұрсұлтан Әбішулы болатын.

Мысал келтірейін. Жасыратыны жоқ, бірде оған металлургиядан кеткім кеп жүргендігін сыр ғып айттым. «Неге?» деп сұрады әуелі. Қайдан білейін, жасырмай барін айттым ғой. Ауылда бұл жерге қараганда жұмыстың жеңілдігін, кез келген уақытта демалуға болатындығын ескерттім.

«Қуаныш, — деді ол мені мұқият тыңдал болған соң, — сен кетесің. Мен кетемін. Ол кетеді. Сонда Қазақ Магниткасында қім қалмақ? Бізде, қазақтарда намыс деген бар емес пе еді? Бұл біздің Магниткамыз. Бұл біздің болашағымыз. Үрпағымыздың мақтанышына айналар алғып өндіріс. Жан-жақтан келіп жатқан өзге үлттардан металлургияның қыр-сырын үйреніп, келешекте өз қолымызға алмаймым ба Магнитканы?».

Досымның бір ауыз сөзі мені тоқтатты. Міне, 1961 жылдан бері осы комбинаттағеңбек етіп келем. Қазіргі сәтте «Сигма-Теміртау» ЖШС директорымын».

Айтбай Сәулебектің «Елбасының алтын бесігі»  
кітабынан, А., 2011, 241-бет.

— Көпшілігі әлі Теміртауда, қазір бәрі зейнеткерлер болды. Талайының балалары әкелерінің жолын құды. Міне, бізге керегі де осы емес пе? Балаларды қындыққа қайрап салудың жөні бөлек. Жан Жак Руссоның айтқаны

бар, «Балаңызды бақытсыз етудің таптырмас тәсілін білесіз бе? Жастайынан ешқашан бетін қайтармасаңыз бақытсыз етуге сол жетіп жатыр» деп. Керемет айтылған сез. Баланы оқуға да, еңбекке де мәжбүрлеу керек. Бала деген кішкентай күнінен осының бәрінің соншалықты көректігін, пайдалылығын өздігінен терең пайымдай алмайды да. Оның бәрі заңды нәрсе. Баланың аты бала. Жақсы өмір, лайықты өмір тек біліммен, тек еңбекпен келеді деп баулу керек бала күнінен. Тәтті нан ащы термен келетінін үғындыру керек.

Ата-ананың баласын қорғауы, аяуы да табиғи нәрсе. Бір жолы әкем Теміртауға келіп, менің жұмысымды көріп, шошып кеткенін бұрын да әңгімелегенмін. Экеме шойыншы болып жүргенімді мақтаныш тұтатынымды, алған бетімнен қайтпайтынымды айттым.

## ДӘЙЕКТЕМЕ:

«1961 жылы, онда мен 11 жастамын, алғаш Теміртауға әке-шешем, Болат төртеуміз бардық. Аға ол кезде үйленген жоқ, жаңа жатақханада тұрады. Қазақстан Магниткасына жолдамамен келген комсомол-жастар бригадасында жұмыс істейтін – Сатыбалды Ибрагимов, Қабидолла Сарекенов, Төлеутай Сүлейменов, Алтай ма, Асқар ма, әйтеуір төрт жігіт бірге жатты. Біз төртеу болып бардық та, ағаның қасындағы жігіттер орын босатып, өздері басқа бөлмедегі балалармен жатып жүрді. Сондағы темір тесектері әлі есімде. Әкемнің ондағы барған шаруасы – баласының қандай жұмыс істейтінін өз көзімен көріп қайту еді. Ертесіне-ақ әкем шыдамай, ағамен бірге жұмысқа кетіп, бір ауысым қасында тұрып, бәрін байқаған ғой. Басында киіз қалпақ, қолына көсеу ұстал от көсеген баласын көргенде, ойы неше сақта жүгірген. Пештің ішкі жағының температурасы 2000 градусқа жетіп, от ұшқындары жарқылдан жарқ-жүрқ етіп бет қаратпаған жалыннан өзі де қорыққан. Ал шойын ағызы басталғанда, тіпті есі шыққан. Баласының үстінен тер шүмектеп ағып, шойынның лебінен жузі алаулап, қызырлып кеткен. Әсі-

ресе, балқып жатқан болатты көргенде: «Ойбай, баламау, тұнгі ауысымда қалғып кетіп, мына оттың ішіне түсіп кетсөң, сені қайдан табамыз. Бүйткен жұмысы құрысын, таста. Мұндай ауыр да қауіпті жұмыстың керегі не саған?» – деп кемсендеп жылағаны есімде. Аға болса құліп: «Бұл жұмысты өзім қаладым емес пе, жоқ, тастай алмаймын. Оның үстіне «қазақтардың қолынан қой баққаннан басқа ештеңе келмейді» деп ойлайды, соны дәлелдеуім керек. Аға, қорықпаңыз, құламаймын да, ұйықтамаймын да» – деп айтқаны бар».

Елбасының қарындасты Әніпа Әбішқызының  
«Аға» атты сұхбатынан.  
«Елбасының алтын бесігі», 112-113-беттер.

Еңбекті тек жұмыс деп қарамау керек. Ол екеуінің айырмасы болмаса, екеуін екі сөзben атамас еді. Адал еңбектің аздырмайтынын, арамдықтың бойды жаздырмайтынын біледі біздің халқымыз. Бейнеттің тубі зейнет екенін де айтады біздің қазақ. Еңбек сені адам ретінде қалыптастырады, сенің мінезінді шыңдайды, сенің дүниеге көзқарасынды орнықтырады. Жұмысшылар ортасының ашықтығы, жанының мөлдірлігі сені де тазартып тұрады. Ол жерде бойыңа бітпеген қасиетті бардай көрсету деген, ойыңа сыймайтын сөзді айтып, өзінді дардай көрсету деген болмайды. Барынша табиғи жүресің. Мынандай бір жағдай есімде. Магнитка парткомының хатшысы кезім. Комбинаттағы кран машинистері жұмыс істеуден бас тартыпты. Салқыннатқыш аппарат істен шыққан екен. Мамандар үәде берген құрал-жабдықтарын дер кезінде жеткізбепті. Енді болмаса бүкіл комбинаттың жұмысына нұқсан келейін деп тұр. Оқиға орнына бардым. Бәрін көрдім. Не істеу керек? Кранға көтеріліп, кабинаға кірдім де жұмыс істей бастадым. Кәдімгі кабинеттегі киіміммен. Мені көріп машинистер орындарына оралды.

Еңбек адамының көңіл-күйіне қарау, жұмысқа қажетті жағдайды жасау да мәселенің мәселесі. Біз еңбек қоғамын

құрамыз десек, әлеуметтік жаңғыртуды жүзеге асырамыз десек, осы жағына қатты қарауымыз керек.

Ұлы Абай: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген. Ол қазаққа мына жұмысшы, пысық, саудагер өзбек бауырлардан үйрен деді. Білімді орыстардан үйрен деді. Бұл сөздердің мағынасы әлі де жойылған жоқ. Үйрене беруіміз керек, үйрене беруіміз керек. Алыстанда, жақыннан да үйренетін нәрсеміз көп әлі. Өзгелерден үйрене жүрсек қана, өзіміз де үйрететін үлтқа айнала ала-

...

мыз.

— Сіз өз мақалаңызда «Халықтың елеулі бөлігі 90-шы жылдары «мәжбүрлі жұмыссыздық мектебінен өтті» деп жаздыңыз. Тәуелсіздік жылдарында жұмыспен қамту жөнінде ірі істер атқарылғаны анық. Жұмыспен қамтылған халықтың саны 700 мыңнан астам адамға өсіп, қазір 8,4 миллион адамға жеткені соның айғағы. Демек, мемлекет әлеуметтік-енбек қатынастарының тиімді модельдерін құруда. Эйтсе де, жұмыс бола тұра жұмыс іstemейтіндердің кездесетіні неліктен?

— Адамдардың бәріне бірдей қазіргі игерген мамандықтарына сай жұмыс табыла бермейді. Олай болуы заңды. Өмір өзгеріп кетті. Жаңа жұмыс орындары жаңа мамандықтарды қажет етеді. Ол үшін жаңа біліктілік-ті меңгеру керек. Соған біздің ағайындардың мойны жар бере бермейді. Сөйтеді де талай азаматтарымыз ата-анасының зейнетақысын, балаларға берілетін жәрдемақыны қанағат тұтып, үйінде отырады. Сөйтеп тұра кейбіреулері сол ата-анасын кәрілер үйіне апарып тастайды. Сүйекке таңба салатында жағдай ғой. Бұл психологиядан құтылмай болмайды. Бұкіл әлемде өмір бойында екі немесе тіпті үш мамандық өзгерту деген әбден-ақ табиғи нәрсе. Жаңа мамандықтарды жатсынбау жөн. Оның үстінен біз жаңа мамандықтарға оқытудың жағдайын да жасап жатырмыз.

Мынау индустриялық бағдарламаны алып қарашы. Бізді мұнай мен газға тәуелділікten құтқаратын, шикізаттың шылауынан шығаратын тап осы бағдарлама. Бізді инновациялы экономикаға, жаңаша жұмысқа, нанотехнологияларды игеруге бейімдейтін де осы бағдарлама. Жер қойнауындағы байлықтардың ерте ме, кеш пе, әйтекір, бір таусылмай қоймайтынын анық түсінуге тиіспіз. Сондай кезге дайын тұруға тиіспіз. Ол үшін біз тұпкілікті өнім шығаратын елге, сол өнімдері әлем базарында сұранысқа ие болатын, сондағы бәсекеге шыдас беретін елге айналуға тиіспіз. Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы арқылы тек зауыт-фабрикалар ғана емес, халықта жоғары мамандандырылған, жалақысы жоғары жұмыс орындарын да ашып отырмыз ғой. Біздің жастарымыз қайткенде де сол өндірістерге баруға ынталы болуы қажет. Өзіміз кезінде Теміртауға осындай оймен бардық қой.

Тағы бір түйткіл бар. Жұмыс бар жерге бармау. Ауылдан, ауданнан аттап шықпау. Мұның арғы түбінде туған жер, туған ел деген үғымның өзін тар аяда түсіну жатыр.

— **Жұмекен Нәжімеденовтің ауылдағы анасын Алматыға, қолына алдырта алмағанына налып жазған өлеңі есіме түсіп отыр. «Туған жер деп, шіркін-ай, туған жер деп кетпедің. Туған жерді сен жалғыз Бошалақ құм деп пе едің?» деп келетін еді.**

— Жұмекеннің анасы жасы үлкен кісі ғой. Ол кісіні түсінуге де болар. Біздің замандастарымыздың өздерінің арасында да жұмыс іздел басқа жаққа барса, күн көріс үшін елін тастап кеткендей көретіндер көп. Иә, шындықтың бетіне тіке қарайық: өзі туып-өскен өңірден өзге жерде еңбек етіп жүргендерге жұмыс үшін елінен кеткендей қарайтындар әлі күнге табылатынын жасырып-жабудың жөні жоқ.

Мен осы сұхбатты пайдаланып, жастарға мынаны ашық айтайын.

Бүкіл қазақ елі – сенің туған елің!

Сенің Отаның – бүкіл Қазақстан!

Осының түсінегік әуелі. Қазаққа қазақ топырағының жаттығы болмауы керек. Өзге жүрттарға қарашы. Жұз-жұз мындарап жұмыс іздеп әлемді кезіп жүр. Шет елдерге барып, гастарбайтер болып жүр. Сол жақтан ақша жіберіп, бала-шағасын асырап жүр. Ал біз өзімізде жаңа жұмыс орындарын құрып жатырмыз, жаңа өндіріс салып жатырмыз. Соларға жеткілікті білікті маман таппай, сырттан адам шақыруға мәжбүр болып отырмыз. Бұл жағдай бірте-бірте жөнделуге тиіс. Өзіміздің мамандардың күшімен өз байлығымыздың иегерे алатын күнге жеткенде біз шетелдіктердің көмегінен, әрине, бірте-бірте бас тарта бастаймыз. Біздің мамандардың біліктілігі олардың мамандарынан кем түспейтін болған кезде, әрине, жалақы да теңесетіні түсінікті. Бұл мәселені шешудің бір жолы ел халқының жұмыс бар жерлерге, перспективалы өңірлерге орайлы көші-қоның үйымдастыру.

Ішкі көші-қон деген қазақ үшін де қалыпты жайға айналуы керек. Біз онсыз да жинақы халық емес пе едік, көшпелі жүрттың үрпағы емес пе едік? Онсыз да үлтыхмыздың араласып-құраласуында кейір мәселелер қордаланып келе жатыр. Жоғары оқу орындарын бітіретін студенттерді еліміздің әрқылы өңірлеріне жолдама бойынша жіберудің, жұмысқа орналастырудың тәтіктерін қарастыру қажет. Алтайдың перзенті Атырауға барып, сонда үйленіп, бала-шағалы болуы, Қызылорданың қызы – солтүстікке барып, сол жақта түрмисқа шығып, үйлі-баранды болуы әбден қалыпты қөрініске айналуы керек. Қазіргідей коммуникация жоқ кезде де ата-бабаларымыз қым-қиғаш қатынасып, құда-құдандалы болып жатқан. «Қыз – өріс» дегендеге соны айтқан.

Еңбек халықты да біріктіреді. Аянбай, адад еңбек етсөң қай жерге де сиясың, қай жерде де сыйлы боласың. Кейбіреулер өз басын лайықты қалып жүрмей, җадірін кетіріп жатады да қызметте өспесе, абыройы артпаса соның бәрін өзін «өзгелердің шеттетуіндей» көреді.

Сұлтанмахмұттың: «Жақсылық көрсем өзімнен, жамандық көрсем өзімнен. Біреу қылды дегенді шығарамын сөзімнен» деп айтқаны бар. Адам жақсы болсын, жаман болсын – бәрі өзінен. Өзінен баста. Алдыңа зор мақсат қой, арманда. Сол арманға жету үшін талмай жұмыс істе. Жастарға осылай айтайық.

– Сіздің Теміртаудағы еңбегіңіз лайықты бағаланды. Комбинат парткомы хатшысы қызметінде үш жарым жыл жұмыс істегеннен кейін бірден Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысы қызметіне жоғарылатылдыңыз. Бұл жұмыстың ерекшелігі неде еді?

– Бұл жұмыс негізінен бұрынғы қызметтің жалғасы сияқты, бірақ ауқымы жағынан, әрине, анағұрлым үлкен болды. Облыстың өнеркәсіп орындары бір жылда 4 миллиард сомның өнімін шығаратын. Түсті metallurgия, химия және мұнай-химия салалары да мен үшін біртебірте ашыла бастады. Әсіресе, шахтерлер өте сыншыл болады. Олардың өзге салалардан келгендерді мойындауы өте қыын. Солардың өз тілімен, тең сөйлесетіндей білімің болуы керек, шахтаға түсіп, лаваға кіріп, мінез-құлқын түсінүің керек. Өйтпесең, сеніміне кіре алмайсың. Мен барған бетте-ақ басшы партия қызметкерлерінің жұмысшы тап өкілдерімен, еңбек адамымен лайықты пікірлесуі жетіспей жататынын байқадым. Шахтерлермен бірге тыныстайтындей болу үшін алғашқы алты айдың өзінде Қарағанды көмір бассейніндегі барлық 26 шахтаға барып, істің жайымен егжей-тегжейлі танысып шықтым. Жағдай мен ойлағаннан да аүыр екен. Көмір қабаттарының құрылымы күрделі, жарылыс қаупі ұдайы төніп тұрады. Бір жолы дәл жанымнан төбенің опырылып түскені де бар. Әйтеүір, құдай сақтап қалды. Адамдарды көз алдымызда көмір қабаты басып қалған жағдайларды да көрдік. Облыстық партия активінде қауіпсіздік техникасы мәселеңіне арнайы сейлеп, Гостехнадзордың

анықтаған фактілерінің бәрін жайып салғанмын. 1978 жылдың 20 ақпаны әлі есімде. Ол күні «Сокурская» шахтасында сұмдық авария болып, 73 шахтер жер астында көз жұмған еді. Бұл жолы қатты кетуге тура келді, шахтаның директорын да, бас инженерін де жұмыстарынан алып, партия қатарынан шығарып, сотқа бергенбіз. Олай етпесе де болмады. Еңбек адамына тиісті жағдай жасамаудың арты қашанда қыын жағдайларға соқтырады.

— Қыын жағдай демекші, «Әділеттің ақ жолы» атты кітабыңызда Теміртауда 1959 жылғы тамызда орын алған оқиға жөнінде біршама жазғаныңыз бар. Ол кезде сіздер Днепродзержинскіде оқуда жүрген едіңіздер. Кейін бір сөзіңізде «Теміртау оқиғасының ақиқаты әлі күнге дейін ашылмаған» деп айтқаныңызды білеміз. Уақыт өте келе Теміртау оқиғасына байланысты қандай жайларға қаныға алдыңыз?

— Теміртау оқиғасы туралы әңгімелегендегі кеңестік кезеңнің табиғаты туралы әңгімеледеген сөз. Стalin қайтыс болғаннан кейінгі он жылды тарихшылар «жылымық» кезең деп атайды. Эренбургтің «Оттепель» повесінің атынан шығарған сөз ғой. Бұл кезеңде Кеңес Одағының ішкі саясатында да, сыртқы саясатында да белгілі бір дәрежеде ырықтандыру, яғни либерализация жүргені белгілі. Белгілі бір дәрежеде деп әдейі айтып отырмын. Жалпы, КСРО-ның негізін Ресей қалады десек, оның өзіндік табиғатын да орыстың саяси тарихы айқындаған. Ал ол тарихқа авторитаризм өте-мөте тән еді. Сталиндік дәүір, большевиктердің әміршіл-әкімшіл жүйеге бейім болып шығыу авторитаризм дәстүрін тіпті одан сайын күшейтіп жіберді. Әуелде авторитаризмді, яғни Сталиннің жеке басына табынуды сынаумен біраз абырой жинап алған Хрущевтің өзі көп ұзамай белден басудың, күшке салудың көкесін көрсете бастады. Жеңіс маршалы Жуковтың сол тұста қалай қудаланғанын бүгінде

бәріміз білеміз. Телесериалдан да көрдік. Хрущевтің жеке басқа табынуды әшкерелеуі де жартыкештеу қадам болып шықты. Біз ол кезде мектеп баласымыз той, үлкендердің әңгімесінен Сталиннің өзін әшкерелеуден тайынбаған мықты шыққанын естіп, таңданып жүргенбіз. Көп ұзамай ол кісілердің өзара сөздерінен «Осының бәрін енді халыққа ашық айтпай ма, түсіндірмей ме, неменесін жасырады» деген сияқты айтқандарын да ести бастадық. Ралында да, пленумда Сталинді әшкерелеген баяндаманың газеттерге шықпағанына, халыққа тек жалпы мазмұны жеткізілгеніне жүрттың талайы-ақ іштей наразы болып қалған еді. Сөйтсек, ол баяндама көп ұзамай Америкада жарияланыпта кеткен еken, орталық қалаларда батылдығы жеткен адамдар көшірмесін біреуден біреуге беріп, оқып та жүрген еken.

Экономиканың саясатқа бағындырылуы, саясатқа бейімделіп құрылуы кеңестік қоғамның түбіне жеткен жайдың бірі. Хрущевтің бұрыннан қалыптасып қалған, өз кезеңі үшін үақыт сынынан да өткен шаруашылық тетіктерін талқандауы, атап айтқанда, орталықтағы салалық министрліктердің орнына жергілікті жерлерде халық шаруашылығы кеңестерін (совнархоздар) құруы үлкен қателік болды. Оның Американы қыып жетіп, басып озу жөніндегі міндет-межесіне сол кездегі көзі қарақты жүрттың бәрі құле қарады деп ойлаймын. 1956 жылы АҚШ-та 16 миллион тонна ет, ал СССР-да 7,5 миллион тонна ет өндірілген еken. Жартысына да жетпейді. Соны 1961 жылға дейін екі еседен астам өсіру мүмкін бе? Волюнтаризмнің дәл өзі.

**– Дегенмен халықтың біраз бөлігі сол үәдеге сенді ғой?**

– Сенді, әрине. Мәселенің өзі де сонда. Хрущевтің ол үәдесі 1957 жылдың мамыр айында айтылған. Содан жүрт енді ел өміріндегі жаңалықтарды, жақсылықтарды күте бастамай ма? Күте бастайды. Ал жаңалықтар,

жақсылықтар келудің орнына жағдай бұрынғыдан да нашарлай бастайды. Теміртаудағы бүлік солай шыққан. Сол кезде қалаға Орталық комитеттің екінші хатшысы Брежнев келгенде 1956-58 жылдарда құрылышқа 150 мың кісінің сырттан әкелінгені айтылыпты. Соңшама адамға лайықталып азық-түлік жеткізіледі еken де, оларды сақтайтын тоңазытқыштардың аздығынан тиісті адамдар біраз бөлігін базарға сатуға шығарып, қалғанын көміп тас-тап отырады еken. Қарағандыда Дмитрий Оськин деген жазушы бар еді. Өзі бұрын металлург болған кісі. Кейіннен екеуіміз достасып кеткенбіз. Соның «Двум смертьям не бывать» деген кітабында талай нәрсе жазылған.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Егер Қазақстан Магниткасындағы құрылышшылардың Брежнев қатысып сөз сөйлеген жиналышы болмағанда, ондай жазалау шараларының орын алмауы да әбден мүмкін еді. Ал ол, Брежнев, өз әңгімесін мейлінше қатты **ашумен** бастады, жұмысшыларды іріткі тудырып, саботаж жасадындар, саяси сауатсыздық таныттындар, сөйтіп дүниежүзілік империализмнің отына май қуюшы антисоветтік элементтердің жетегінде кеттіндер деген айыптауларды қардай боратыпты. Әсіреле бастырмалата айтқаны сендер Никита Сергеевичті үятқа қалдырдындар, ал ол болса металлургия комбинатының құрылышшылары жөнінде әкелік қамқорлық жасаумен жүр деген айыптаулар болыпты!»

◆ Міне, осы жерде ол есебінен жаңылыпты. Адамдар сөз сөйлеушінің биік дәрежесімен санаспай, ашу ыза білдіріп, толқы бастапты. Жүрт отырган орындарынан айқай салыпты.

— Қамқорлық жасап жүрсе, жұмысшылар неге ет көрмей кетті? Тұрғын үй неге салынбайды? Басшылар үрдік **жасауға** неге құнығын алды?

Міне, осындай «неге?» деген сұрақтар Брежневке бұршақтай жауыпты. Мұның өзі оның алғашқы жоғары әуенін бәсекесітүгे апарып соғыпты. Леонид Ильич Темір-

тауда тәртіп орнатуға, бұзақылық былышқа жол берген кінәлі адамдарды жазалауға үәде беруге осылай мәжбүр болыпты.

Ол кезде, 59-дың жазында, ұзақ уақыт түмшаланып келген халық наразылығы өздігінен әрі қуатты серпінмен бүрк ете қалды. Құллі елімізден келген жастар кәдуілгі адами мұқтаждық пен қамқорлықты түкке де баламайтын әміршіл-әкімшілік жүйенің таптаурын әдістеріне тап болған».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Әділеттің ақ жолы», А., 1991, 59-60 беттер.

Теміртау оқиғасынан тиісті тағылым алынған жоқ. Арада 3 жыл өткенде Новочеркасск қаласында үлкен бүлік бүрк ете қалды. Осының алдында партияның Орталық комитеті халыққа үндеуінде қалаларда халықты етпен қамтамасыз етуде едәүір қыындықтар орын алып отырғаны айтылған болатын. Мал шаруашылығының механикаландырылуы мен еңбек өнімділігінің деңгейі ет пен сүт өндіруге кететін шығынды мемлекеттің сол өнімдерді сатып алатын бағасынан асып кетуіне апарып соқтырған еді. Мұндайда, әрине, баға қымбаттайты. Ұмытпасам, сол тұста еттің барлық түрі шамамен орташа 35 пайызға жоғарылады ғой деймін. Новочеркасскінде жұмысшылардың жан айқайы ең қажетті тағам өнімдерінің күрт қымбаттауынан шыққан.

Қарағанды обкомының хатшысы ретіндегі алғашқы кездегі жұмысымда Теміртауда жүргенде СОКП Орталық Комитетімен, одақтық үкіметпен қарым-қатынас жасау тәжірибесі маған көп көмектесті. Шахтерлердің жадайын жақсарту жөнінде көлемді құжат дайындалған, тиісті тәртіппен жолдадық, барлық ұсыныстарымызды дәлелді айтуға тырыстық. Мәскеу біздің ойымызды қолдады. Хатшылықта келген алғашқы жылымның аяғында-ақ одақтық үкіметтің қаулысы шықты. Тұрғын үйлерді көпtek салуға, коммуналдық шаруашылықты жақсартуға, жылу-электр

орталығын кеңейтуге мүмкіндік ашылды. Металлургтердің 22 мың баласы сол тұста балабақшаға барғаны есімде. Жақсы өмірдің басты кепілі еңбек десек, жақсы еңбек етудің бір кепілі – спорт. Денсаулық мықты болмайынша, қандай еңбегің де өнбейді. Ой еңбегіне де денсаулық керек. Соны ескеріп, Теміртауда жеңіл атлетика манежін, «Металлург» стадионын, «Жастар» жүзу бассейнін, санаторий-профилакторий салдырытып едік. Ол кезде мұндай спорттық нысандар республиканың өзге қалаларында сирек болатын. Спорт пен дене тәрбиесі бізге аудайдай қажет. Саламатты өмір салтын сақтамайтын адамның да еңбегі өнімді болмайды. Ой еңбегіне де денсаулық керек.

Сенімен Олимпиаданың ашылу салтанатына қатысып келгеннен кейін сөйлесіп отырмыз ғой, кәсіби спорт туралы да сөз қозғай кетейін. Лондонға спортшыларымызға дем беру, қолдау көрсету, қызы-жігіттерімізді жігерлендіру үшін әдейі бардым. Айтқандай, өзің де болдың ғой. Кезінде күреспен айналысқан, қазір де спорттық бапта жүруді көп ойластыратын адам ретінде айтсам, еңбектің ерекше танылатын бір тұсы осы спорт. Оның жолына шындал түссен, өзіңді аямай шынықтырсаң атаққа да бөлениесің, еліңнің абырайын да асырасың, материалдық түрғыдан да жақсы тұратын боласың. Өзіңнің құрметіңе еліңнің көк байрағы көтеріліп, әнұран орындалғанын сезінуден артық бақыт бар ма спортшы үшін? Бүкіл халықты, елді қуантып беру адам өміріндегі шаттықтың шыны емес пе? Ал мұның бәріне тек еңбекпен қол жетеді. Ерінбей-жалақылпай, қажымай-талмай жаттығу жасамайынша, ақтер, көк тер болып жан алып, жан бермейінше спортта жақсы нәтижеге жету мүмкін емес.

Лондон Олимпиадасындағы тамаша жеңістер Қазақстанды, елімізді дүние жүзі алдында көтеріп таставады, мәрійімізді асырды. Барша халық болып қуандық. Міне, бұл біздегі үлтаралық татулықтың, барлық үлтқа деген бірдей сеніміміздің нәтижесі. Алтын медаль иегерлері кімдер? Әр үлттың өкілдері. Бірақ бәрі Қазақстанным деп, Отаным деп, біздің жалауды жамылдып, көзіне жас алып түрған

жоқ па? Ал, айтшы, неге қазақтың үл-қызы аз солардың ішінде? Тағы да сол жалқаулық па? Әлде балаларымызды жас кезінен спортқа баули алмай журміз бе? Мундай женістерге бес жасынан бастап жаттықтан жастар жете алады. Бізде спортқа барлық жағдай жасалып жатыр. Барсын балаларымыз. Еріншек болмасын. Сонда біз барлық биіктерді бағындыра аламыз.

— Сондай жанкешті еңбексіз спортта бұрын бағындырған биігінде тұру да мүмкін емес қой. Мен Илья Ильиннің Бейжің Олимпиадасынан кейін спорттық ба拜ынан шығып қалғанын еске түсіріп тұрмын.

— Жастықтың әсері ғой ол. Бәрі де кешірімді. Жастықта қателеспеудің өзі – қателік... Ильяның өмірінде сондай бір белес болғаны бар. Даңқ шуағына шомылып, қызық қуып, «Екі жүлдышға» қатысып дегендегі біраз жүріп, жаттығуларын азайтып, нәтижелерін сәл нашарлатып алған екен, спорттың басы-қасындағы пысық жігіттер құрама командадан шығарыпты да тастапты. Мен Ильяға сендей. Оның потенциалын анық көрдім. Содан оны құрамаға қайта қосу дұрыс болатынын айттым. Ол шешімімнің орынды шыққанын Лондондағы ғажайып жеңісімен, әлемдік рекордымен дәлелдеп берді ғой Илья. Сол Ильяны да, ана Зүлфия Чиншанлоны да, Майя Манезаны да, Светлана Подобедованы да, Ольга Рыпакованы да, Олимпиада алтынына қоса Баркер кубогын да алған, сейтіп Лондонда бас боксшы атанған Серік Сәпиеvtі де, олардың алдындағы Александр Винокуровты да Олимпиада биігіне көтерген құдіреттің бір аты талант болса, бір аты – еңбек.

Қарағандының әңгімесіне оралайын. Облыстық ауқымдағы жұмыс маған көп нәрсені бадырайтып көрсетті. Орталық та, республика да алдымен металл мен көмірдіғана сұрайтындықтан Теміртауда да, Қарағандыда да әйелдердің қоғамдық өндіріске тартылуы тіпті мардым-

сыз екен. Жақсылап есептеп кеп жіберсек, Қарағанды мен Теміртауда еңбекке жарамды тұрғындардың ішінен 50 мың адам жұмысқа тартылмаған болып шықты. Одақтық министрге хат жазып, облыста жеңіл өнеркәсіп орындарын ашуға мүмкіндік алдық. Осының бәріне негізінен жұмысшы ортасынан өскенімнің, еңбек адамының психологиясын, еңбектің қыындығын, қадір-қасиетін жақсы билетінімнің, ең бастысы – өзімді аямағанымның, еңбекқорлығымның арқасында қол жетті деп сеніммен айта аламын. Бұрын біздің Қарағанды облысында жұмыс істеген, кейін Ресейдің Омбы облысының губернаторы болған Леонид Полежаев өзінің кітабында «Назарбаев партия жөргегінде өскен адам емес еді» деп жазыпты. Онысы рас.

Нағыз достық сезімі де еңбекте шыңдалады. Біз бір бригадада тоғыз адам жұмыс істедік. Тоғызымыз тоғыз үлттың баласы екенбіз. Соны еске алған емеспін. Әрқайсымыздың жұмысымыз, міндетіміз белгілі. Егер бір адамның өзі ісін дұрыс тындырmasa онда бүкіл бригадаға қауіп. Ондайда қайдан жалқаулық болады.

Нағыз демократия дегенің де сол ортада. Болат қорытушы бетің бар, жүзің бар деп жатпайды, ойлағанын тіке айтады. Не істейсің оған, қолындағы күрегін, темір көсеуін тартып аласың ба? Партияның сайлау конференцияларында металлургерге ұнамайтын, олар білмейтін адам ешқашан басшылыққа өте алмайтын. Оны бұрын бір жерде жазғанмын.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Тәртіпті нығайту үшін ымырасыз күрес ашуға өзіміз жұмылдыра алған коммунистердің ролі туралы айтқанда мына бір жайға тоқтала кетейін. Ол жылдарда бізде демократия да, басшылар атына сын айту да болатын – мұның өзі әсіресе еңбек коллективтеріндегі партия үйімдарында күшті еді. Мысалы, партия жинальстары мен конференциялары қалай болса солай,

жып-жылмағай өте салмайтын. Әсіресе мәселе партбюроны, парткомды және хатшыларды сайлауға келіп тірелген кезде қызу айтыс, өткір сын болатын. «Сен тимесен, мен тимен» деген принцип атымен жоқ еді. Бірде комбинат парткомы хатшысының орынбасарлығына қалалық партия комитетінің үгіт және насиҳат бөлімінің менгерушісі болып істеген қабілетті, адапта да инабатты адам ұсынылды. Бірақ мәселе насырға шапты. Конференция делегаттары: комбинатта идеолог болып металлургияны білетін және түсінетін адамдар істеуі керек деп отырып алды. Сөйтіп, әлгі жолдасты ұсынған облыстық және қалалық партия комитеттерінің бірінші хатшылары ештеңе де істей алмады. Яғни ол кезде де балама кандидатуралар ұсынылатын, шен-шекпенді сыйлап бас үру деген онша күшті болмайтын».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Әділеттің ақ жолы», 94-бет.

Еңбек адамдары адалдығынды қатты бағалайды. Достықта берік келеді. Магниткада табысқан жігіттермен әлі күнге араласып-құраласып тұрамыз. Бір жолы Қарағандыға барғанымда көліктен түсе бергенім сол, бір топ адам мені жан-жақтан қоршай алғаны. Қарасам – кілең баяғы металлургтерім. «Өй, не болды сендерге?», деп бір жағынан таңданып, бір жағынан қуанып жатырмын. «Осылай ұстамасақ ұстаптайсың», деп жан-жақтан жамырайды достарым. Ой, риза болғаным. «Ал, дайындықтарың қалай? Қой сойдыңдар ма? Арақ жеткілікті ме?» деп әзілдеп жатырмын. Соның өзінде де араларында жартысағаттай ғана бола алдым.

Еңбекпен өскендер аңқылдаған ақ-адал келеді. Бір жолы жолдастарыммен Қарағандыда кездескенімде: «Бәріңе Пирамиданы көрсетемін» дегенім бар еді. Біраздан кейін бастарын қосып, Астанаға алдыртып, жаңадан салынған Бейбітшілік және келісім сарайын тамашалаттырдым. Өздері әрі сүйсініп, әрі таңырқап жүр. Сөйтсем, жігіттердің кейбірі әйелдеріне: «Сұлтан бізді Египетке алып баратын болды» деп айтып қойыпты... Өздеріміз ғана

емес, әйелдеріміз де араласып тұрады. Қарағанды жерінің маған сыйлаған көп тартуының бірі – осы жерде баянды бақыттымды тапқаным, қыздарымның дүниеге келгені. Ол үшін хор үйірмесіне жазылудан да бас тартпағанымды ана жолы өзіңе айттым да ғой.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Сол бір қазақ жастары Теміртауға қарай ағылып жатқан қарбалас шақта Алматыда консерваторияда оқып жүрген ем, ел жаққа, Арқаға қарай ынтал ауды да түрдү. Ақырында тағдыр мені металлургтердің жаңа қаласына жетелеп әкелді. Қазақ жастарының басын қосып, ұлттық ансамбль ашуды арманадады. Әуелі Сара Алпысқызы бастаған қыздар жазылды. Шынымды айттар болсам, Қазақстанның бірінші ханшайымының сол кездегі даусы керемет болатын. Әнді әуелетіп әдемі шырқайтын.»

«Қазақ қыздарынан құрылған ансамбль ашылыпты» дегенді естіген жас металлург қазақтар бірденеден құр қалғандай кешкісін топырладап дайындығымыздың үстіне кіріп келетін. Ол кезде Теміртауда қазақ қызы дегеніңіз қасқалдақтың қанындаі тапшы еді.

Бірде жанындағы достарымен бірге Нұрсұлтан да келді. Хорға дайын тұрған жас қыздарға көз жүгіртті. Күн сайын әнші қыздарымды көрмеге қойғандай көріністен шаршаған едім: «Хорға қатысадын болсаңдар қалыңдар, әйтпесе кедері келтірмендер, залды босатыңдар» дедім қатқыл даусыммен.

– Менің даусым ән айтуға келмейді, – деп Нұрсұлтан сыртқа бет алды. Бірақ бірденені көкейіне түйіп кеткендей бол көрінді. Кейін арада көп жыл өткенде «Алтын Мәмбетқызы, сіз мені бірінші рет repetициянызға барғанда қыып жіберіп едіңіз, ақыры бір қызыныңды қағып кеттім ғой» деп әзілдегені бар».

Алтын КӨПБАЕВА,  
Қазақстан Магниткасындағы тұнғыш ән мен би  
ансамблінің жетекшісі,  
«Елбасының алтын бесігі», 121-122-беттер.

— «Нұрсұлтан Назарбаев. Өмірбаян» деген құнды еңбектің жарыққа шығуы сізben сұхбат кітабының таууларына дайындығымды біршама жеңілдетіп беретін болды. Сол кітаптың «қалташаларына» салынған бірқатар құжаттардың көшірмелері көп ойға қалдырады. Расында да, парткомдағы, обкомдағы жұмысының тіпті қарбалас, тіпті ауыр болған екен. «КБ-8, УОФ на КЧП» деген сияқты өзініз ғана түсінетін қысқартылған сөздермен ғана жазып отырғанда да бір күндегі жұмыстар, «Вопросы для решения», «Перспективные вопросы» деген тақырыпшалардағы мәселелер саны 14-ке барып жығылып жатады екен. 1977 жылы 1 сәуірде КМК-ның мамыр айындағы өндірістік көрсеткіштерінің мәліметтерін қолмен жазып қана қоймай, өткен аймен салыстырғандағы пайыз айырмашылығын да өзініз есептеп шығарыпсыз. «Реализация, руда, аглом, кокс 6% вл, чугун, сталь» деп кете беретін сол көрсеткіштерді бухгалтерия дайындал беруге тиіс емес пе?

— Тиіс болса тиіс шығар. Соны күтіп отыратын үақыт бар ма? Цехтардан телефонмен алдыртасың да отыра қалып өзің есептейсің. Өзің есептеп шығарсан бәрін де нақтырақ сезіне бастайсың. Калькулятор да болмады сол кезде. Қолмен қосып, қолмен бөліп жататынбыз.

— Бір тұста «Подготовка национальных кадров» деп жазып, астын бадырайтып сызып қойыпсыз.

— Ол мәселе үдайы есте тұрды ғой.

— Пастернакта «второе рождение» деген тіркес бар. Сол ұғымға салып сөйлесек, сіздің жігіт, азамат ретінде қайта тууыңыз Арқа жерінде өтті деуге болады ғой?

— Әбден болады. Жастық кешуінің ең бір тамаша сэттерін Теміртауда, Қарағандыда сезінгенім рас. Кейін-

нен ел басқарудың ең қынсынақтарының бірінен де мен осында, Қарағанды жерінде өттім. 1989 жылдың шілдесінде шахтерлер жаппай ереуілге шыққанда кәдімгідей қын жағдай қалыптасқан еді. Ереуілшілер Назарбаевтан басқа ешкімге сенбейміз, тек Назарбаевпен ғана сөйлесеміз деп талап қойыпты. Мен ол күндері Мәскеуде едім. Республика компартиясының басшысы қызметіне кірісkenіме әлі ай да толған жоқ еді. Билік тізгіндерінің бәрі Кремльдің қолында тұрған кез. Горбачевпен, Рыжковпен, басқа да лауазымды адамдармен алдын ала сөйлесіп, жуық ара-да шешүге болатын мәселелер жөнінде ақылдастып, бір-ден Қарағандыға ұшып келдім. Әуежайдан митинг өтіп жатқан орталық алаңға тіке тарттым: «Құрметті шах-терлер! Құрметті жерлестерім!» деп бастаным сөзімді. Бір сағатқа жуық сөйледім. Алаңдағы 15 мыңдай адам тыныштық сақтап тыңдады. Халықаралық жағдайды да, ішкі жағдайда да ашық айттым, ереуілден шахтерлердің өздерінің қандай зиян шегіп жатқанын да ашып айттым. Шахтерлер сөзге тоқтады. Обкомның бірінші хатшысы Локотуниннің қызметінен босатылатынын, шахтерлердің «Қарағандықөмір» бірлестігінің басшысы Дрижді орнынан алу жөніндегі талабымен де келісуге болатынын ха-барладым. Артынша Мәскеуден мен шақыртқан одақтық министр де, басқа жауапты адамдар да келді. Оларға: «Сіздер Қазақстанның тек шикізат қорының көзі деп қарайсыздар. Саясаттарыңызды өзгертуесеңіздер бол-майды» деп кесіп айттым. Әр екі сағаттан кейін аз ғана үзіліс жасап, түні бойы жұмыс істедік. Шахтерлер де түні бойы алаңдан кеткен жоқ. Митингілерін жалғастырып жатты. Таңғы сағат 6-дан 15 минут өткенде мінберге қайта көтерілдім. Таңғы бір сағаттан артық сөз сөйледім. Ақыр аяғында кеншілер біздің жұмысымызды қолдайтындарын билдіріп, бізге үміт артумен тарады. 30 сағатқа созылған ереуілді тыныш тарату, ең бастысы – шахтерлердің орынды талаптарын қанағаттандырудың жолдарын табу, же-келеген талаптардың орынсыздығын дәлелдеу оңайға түскен жоқ. Бұл оқиға бізге көп ой салды. Проблеманың

қаншалықты тамыры төрөндө жатқанын барынша байып-тылықпен түсінуге мүмкіндік берді. Кейіннен, тәуелсіздіктің алғашқы белесінде, комбинат ұжымы бірнеше ай бойы жалақысыз отырып қалған шарасыз күндерде, қолда бар мүмкіндіктердің бәрін сараптай келіп, шетелдіктер көмегіне арқа сүйемейінше болмайды деген тоқтамға келдік. Содан бергі жылдарда комбинаттың тұрақты дамуы қамтамасыз етілгені бүгінде баршаға белгілі. Шетелдік инвесторға арқа сүйеу Арқадағы алыпты аман алып қалудың жалғыз дұрыс жолы болғанын үақыттың өзі көрсетіп берді.

Қарағанды жүрті да, республика басшылығы да, Мәскеудегі орталық та облыстық партия комитетінің хатшысы қызметіндегі жұмысымды жоғары бағалады. Екі жарайм жылдан кейін мен Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің өнеркәсіп мәселелері бойынша хатшысы болып сайландым.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Нұрсұлтанды Арқаның ұл-қыздары қатты қадірледі, олар оны өздеріне жетекші етіп сайлады. Қыздары жүрек сезімдерін аяған жоқ. Жүрген ортасының серісі, лидері болды. Өршіл, өнерлі, жігерлі, қайратты, мейірбан жігіт жүрт көзіне ерте ілікті. Оны жақын туыстары, беделді жерлестері қолынан жетектеп апарып, мансап орынтағына отырғыза салған жоқ.

Бәріне ол өз еңбегімен, өз талабымен, өз парасатымен жетті.

Назарбаев саяси басшы ретінде, қоғам қайраткері ретінде, ұлт азаматы ретінде Орталық Қазақстанда қалыптасты. Ол осында жүріп өз махаббатын тапты. Қыздары осында дүниеге келіп, мектепке барды.

Болат пышақ қап түбінде жатсын ба? Қырыққа жетпей Назарбаев Алматыға партияның Орталық Комитетінің хатшысы болып оралды. Қарапайым ауыл баласы есейіп, ер жетіп, ақыл тоқтатып, ел ағасы болып, ақбоз атқа мініп, туған жері Жетісуға – сүйікті қаласы Алматыға орал-

ды. Көп ұзамай республика Үкіметінің басшысы болып тағайындалды».

Әбдеш ҚАЛМЫРЗАЕВ,  
«Халықтың өз адамы».

«Тұлға туралы толғамдар» жинағынан,  
А., 2011, 381-382-беттер.

Алматыға келгенге дейінгі өмірімнің он жеті жылы ата-анамның жаңында өтсе, жиырма бір жылы Украина мен осы Арқада өткен еken. Сонда жүргенде Қарағанды политехника институтының филиалын – Карметкомбинат жаңындағы жоғары техникалық оқу орнын бітірдім, СОКП Орталық комитеті жаңындағы үш жылдық Жоғары партия мектебінің де дипломын алдым. Мұнда менің мінезім қалыптасты. Дүниетанымым айқындалды. Ненің не еkenін де, кімнің кім еkenін де шындалап айтқанда осы жерде біле бастадық. Өмір мектебінің сол сынақтарының бәрінен де мені жастайымнан еңбекке баулынып өскенім алып шықты.

Өмір болған соң оның асуы да, сайы да, әртүрлі бұрылыштары мен бұлтарыштары да болады, барлық жерде бірдей түп-түгел дұрыс шешім қабылдай беру де қыын. Бірақ өмірде ешқашан адастырмайтын, ешқашан қателестірмейтін, әрқашанabyroйға бөлейтін бір жол бар. Ол жол – еңбек жолы. Еңбектің адам өміріндегі, қоғам өміріндегі алар орнын қалпына келтіру жолы. Біз осы жолмен жүретін боламыз. Мен өз басым өмір бойы еңбекті ту етіп ұстап келе жатқан адам ретінде халқымды да осы жолға шақырамын. Заманды өзгереттін де, қоғамды өзгереттін де, адамды өзгереттін де тек еңбек, еңбек және еңбек қана. Осыны ұмытпайық. Еңбек болғанда оның сипаты да қазір біршама өзгергенін, бұрынғы қара жұмыстың азабы әлдеқайда азайғанын да ескеруіміз керек. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарында бүкіл Кеңес Одағында қол еңбегімен шамамен 50 миллион адам айналысқан еken.

- Кембридждегі сөзіңізде ерекше мәнді түйін жасадыңыз. Біз 2020 жылға қарай экономиканы екі есе өсірмекшіміз, түпкілікті өнімге бейімделген өндірістерге көшпекпіз, дей келіп, «Бұл міндеттің маңыздылығы тәуелсіздікке қол жеткізіп, мемлекет орнатудан еш кем емес» дедіңіз. Сегіз жылдың ішінде экономиканы екі есе өсіру керемет қыын міндет қой, солай емес пе?
  
- Сол міндеттің үдесінен шығуға үмтүлұымыз керек. Мұнайы мен газы жоқ ел сияқты өмір сұруғе үйреніп, шикізат бағасының әлемдік конъюнктурасына тәуелсіз экономика құруымыз керек. Нағыз тәуелсіздік – экономикалық тәуелсіздік. Қазақстанның тәуелсіздігі – осындай тәуелсіздік. Ол тәуелсіздікті құн сайын, ай сайын, жыл сайын нығайтып отыруға тиіспіз. Мұның кепілі – жасампаздық жұмыс, еселі еңбек. Тағы да айтамын: біз үшін еңбек – шешуші ұлттық фактор. Қандай ұлт бола алатынымызды қалай жұмыс істейтініміз айқындейды. Еңселі елдікке еңбек жеткізеді.

## ◆ ТОҚЫРАУ ТҰСЫНДА

– Нұрсұлтан Әбішұлы, өзіңізben сұхбаттарымыздың ендігі тарауының сіздің Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшылығынан Орталық комитеттің хатшылығына аудисқан тұстағы қызметтіңіз, одан кейін республика Үкіметін басқарған жылдарыңыз жөнінде болуы қисынды сияқты.

Откен жолғы әңгіменің соңына дәйектеме ретінде белгілі қаламгер, ғалым Әбдеш Қалмырзаевтың: «Болат пышақ қап түбінде жатсын ба? Қырыққа жетпей Назарбаев Алматыға партияның Орталық комитетінің хатшысы болып оралды. Қарапайым ауыл баласы есейіп, ержетіл, ақыл тоқтатып, ел ағасы болып, ақбоз атқа мініп, туған жері Жетісуға – сүйікті қаласы Алматыға оралды. Көп үзамай республика Үкіметінің басшысы болып тағайындалды» деген сөздері келтірілген еді. Расында да, сіздің бұл қызметке тағайындалуыңыз кезінде талай әңгімеге арқау болған оқиға. Ол кезде жасы қырыққа толмаған жігіттің обком хатшысы биігіне көтерілуінің өзі таңданарлық жай саналатын. Осы жайында не айтар едіңіз?

– Теміртау мен Қарағандыда жалпы жиырма жылдай жұмыс істедім ғой. Жастықтың жалынымен ерте кетіп, кеш қайтып жүріп, ауылдың алдыстырын онша қатты ойлай да бермеппін. Ауық-ауық сағынып, ішің үылжып кетеді, әрине. Ондайда көңілге өлең жолдары да оралатын.

Ауылды сағынғаннан шығарған «Шұбарат» деген әнімді «Социалистік Қазақстанның» журналистері Теміртауға келгенде орындал бергенім сендердің газеттеріндеге жазылды.

1977 жылы анам қайтыс болды. Аспан айналып жерге түскендей қатты қайғырдым. Алдында ғана Шамалғанға барып, халін біліп кеткен едім. Жамандықты кім ойлады, апамның денсаулығы тез арада сыр береді-ау деген уайымға бой алдыра қоймағанмын. Қарағанды обкомының хатшылығына ұсынылып, Алматыда ЦК-да болып, Мәскеуге кеткенмін. Нашар жатыр деген хабарды алып, қайтадан ұшып жеткенше жан анам өмірден өтіп кете барыпты. Сонда анашымның мына дүниемен қоштасатын сәтінде жанында бола алмадым-ау, соңғы сөздерін ести алмадым-ау, жақын жерде тұрсам жетер едім-ау деп қатты қамыққаным бар. Алматыға қашан қайтамын деп армандаушы едім. Соның өзінде де екі жыл өткеннен кейін маған Алматыға, Орталық комитет хатшылығына шақыру жасалғанда азаматтығымның алтын бесігіндеги болған Арқа жерімен, ондағы жора-жолдастармен қимай-қимай қоштастым. Жүргімнің бір бөлшегі сонда қалып қойғандай күй кештім. Обкомның сол кездегі бірінші хатшысы А.Коркин шығарып салды.

Ал енді ол қызметке тағайындалуым жайында не айтуда болады? Осылай да осылай, жауапты жұмысымды жақсы атқардым, еңбегім бағаланды, содан кейін мынандай биік қызметте көтерілдім дейін бе, немене?.. Қайткенде де аянып қалмағаным анық. Сол он тоғыз жылдың ішінде ысылдым, шындалдым, неше түрлі адамдармен араласып-құраласып, сан түрлі ұлт өкілдерімен істес болдым. Менің басқа облыста емес, Қарағандыда жұмыс істегенімнің де өзіндік рөлі болған сияқты көрінеді. Не айтатыны бар, Теміртау мен Қарағанды мектебі кадрларды қатты шындаиды. Бүкіл ел үшін стратегиялық мәнді, аса маңызды өнім шығаратын Қазақстан Магниткасы, Қарағанды көмір бассейні қашанда Мәскеудің назарында тұрған. Ондағы кадрларға да дәйім көніл бөлінген.

Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің экономика мәселелеріне жауапты хатшысы қызметіне мен

1979 жылдың желтоқсанында сайланым. Солай деп, сайланым деп айтуын айтамыз ғой, негізінде ол кездегі мұндай биік лауазымды қызметке сайланудың барлығы формальді түрде жүретін. Алдың-ала Алматыдағы үлкен үйде әңгіме өткізіледі, одан кейін Мәскеудегі үлкен үйге барасың, талай кабинетте боласың, кандидатураң КОКП Орталық комитетінің секретариатында қаралады, талқыланады, содан кейін Кремль «батасын» берсе ғана мұндағы Орталық комитеттің пленумы «сайлай» алады. Сусловтың маған «Сізді өсіріп шығардық» деп жүргені содан.

– Сіз СОКП Орталық Комитетінің хатшылығында жаңа қызметке бекітілгеніңіз жайында «Әділеттің ақ жолы» атты кітабыныңда жазғансыз. Сонда мені басқа адамдар өсіріп шығарды дегендей ой айтқансыз. Мұны қалай түсіндірер едіңіз?

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«...1980 жылы мені КОКП Орталық Комитетінің Секретариатында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы қызметіне бекіткен кезде М.А.Суслов Қарағанды металлургия комбинатының мәселелері жөніндегі екеу-ара әңгімемізді еске түсіріп (бәлкім, бұл туралы оның есіне салып қойған болар), былай деген еді: «Міне, біз сізді өсіріп те шығардық». Иә, жаңа қызметіме келуімде партия басшыларының баз бірінің пікірі де, республика өнеркәсібінің жай-жапсарын билетін, тікелей өндірісте істеп тәжірибе жинақтаған адамның басшылықта болуын қажет еткен Қонаевтың ықтияры да өз рөлін атқарғаны сөзсіз. Алайда бұған дейінгі жүріп өткен жолым, әйтседағы мені басқа адамдар шындалап, өсірді деп санауыма толық негіз болады».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Әділеттің ақ жолы», А., 1991, 122-бет.

– Менің тағдырымды басшылықтағы бір-екі адам шеше салған жоқ деген сыңайдағы сөз ғой ол. Басқа адамдар деген кімдер? Олар менің бүкіл өмір жолымда кездескен адамдар, маған ұстаздық еткен, жәрдем көрсеткен, менімен бірге жұмыс істеп, маман ретінде шыңдалуыма, азамат ретінде қалыптасуыма септескен жандар. Теміртауда комбинат директоры О.Тищенко өте іскер металлургия маманы еді. Қала партия үйімінің басшысы Н.Давыдов, Қарағанды облысынің сол кездегі атқару комитетінің төрағасы С.Досмағамбетов секілді адамдар өз тәжірибесімен, нақты ісімен, қолдауымен көмек етті деуге болады. Отты көсеп жүргенде жұмысшылар арасында да ұстаздарым аз емес еді. Олардың бәрін айтып шығу түрмак, еске толық түсіру де қыын. Тіпті маған әртүрлі себеппен зиян келтірген, жолыма көлденең түрған кісілерден де пайда көрдім деуіме болады. Ондай кедергілер, әсіресе, жас кезінде ширатады, шынықтырады, өмірдің күнгейі мен көлеңкесін қатар көруге үйретеді, ненің жақсы, ненің жаман екенін ажыратқызады.

Әрине, мұндай жоғары лауазымды қызметке жастай көтерілуімде республика басшысы Д.А.Қонаевтың маған деген ықыласты қабағының да белгілі бір дәрежеде әсері бар деп ойлаймын. «Жастай» дегенді сол кездегі өлшемді ескеріп айтып отырмын. Әйтпесе, қырықтағы адам жас бола **ма** екен? «Отызында орда бұзбасаң қырқында қамал ала алмайсың» дейді қазақтың мақалы. Тәуелсіздік жылдарында отыздан жаңа асқан қаншама жігітке жаупты қызметтердің тізгінін ұстарттық, солардың көбі сенімді ақтап шықты ғой. Айтқандай, жас кадрларға сенім бұрынырақта Кеңес Одағында да көрсетілетін. Коғыгин де, Суслов та, Громыко да билікке жастай араласқандар болатын. Жағдай кейін өзгерді. Кадрлардың тұрақтылығы дегенді алға тосып алып, бір қызметте ұзақ отыру қалыпты жағдай саналып кетті.

Мен Қонаевпен 1977 жылы жақынырақ танысқан едім. Қарағандыға келген сапарында Дінмухамед Ахметұлы екеуміздің үлкен өндіріс ортасынан шыққанымызға,

мамандығымыз металлург екендігіне, Орталық Қазақстанда еңбек еткенімізге назар аударған, жылы сөйлескен. Дегенмен, бұл мәселенің бір ғана жағы және негізгі жағы да емес. Екінші жағы және негізгі жағы, артық айтты деме, республика басшылығына өнеркәсіптің қайнаған қазанында пісіп шыққан, партиялық жұмыстың бірнеше сатысынан өткен, қай жағынан да сенімді кадрдың қажет болғандығы деп ойлаймын. Жаңа айтып кеткенімдей, жасымнан елге белгілі металлург болдым, комсомол қайраткері атандым, ақпарат құралдарында мен туралы аз айтылған жоқ. Өмірде бір айтарлықтай қате жіберсең партия оны кешірмеуші еді. Ондайларды өсірмейтін. Бұл да ескерілген болар. Маған Мәскеудің оң көзімен қарап түрғандығы тағы бар. КОКП Орталық комитетінің секретариатындағы талқылаудан кейін Сүсловтың Алматыға телефондап, мен жайында жылы сез айтқанын Қонаевтың ұмытпағаны анық. Ол кезде ұсынған кандидатураңың Мәскеу тарапынан қолдау таппай қалуы деген республика басшылығы үшін үлкен мін, кадр саясатындағы бадырайып түрған қателік саналатын. Тағы да айтамын, республикалардың орталық комитеттеріндегі басқа сала хатшыларын бывайынша бекіте салса да, бүкіл ел үшін аса маңызды стратегиялық шикізат өндірілетін салаға жауап беретін хатшының қызметі тек Мәскеудің прерогативасы болатын.

Орталық комитеттің хатшысы лауазымы менің өмірімде үлкен белес екендігін жаңа жұмыстың алғашқы құндерінен-ақ сезіндім дей аламын. Бүкіл республика аумағында ойлау, одақтық министрліктермен ұдайы байланыста болу стратегиялық мәні бар мәселелермен айналысұға мүмкіндік ашады. Орталық комитет хатшысы қызметін атқарған төрт жылдан астам үақыттың ішінде республиканың индустриялық әлеуетін нығайту бағытында қыруар жұмыс атқарылды, әсіресе, мұнай, газ, химия өнеркәсібін, машина жасау, халық тұтынатын тауарлар өндіру ісінде бірқатар ілгерілеушілікке қол жетті. Кезінде Теміртауда өзін-өзі ақтаған жұмыс тәжірибем

бойынша бұл қызметте де мүмкіндігінше КОКП Орталық комитетінің, одақтық үкіметтің алдына өткір мәселелер қойып, олардың тиісті шешім табуына күш салып жүрдім. Төрт жылдың ішінде республиканың барлық облыстарында бірнеше реттен болып, белді деген өнеркәсіп нысандарындағы жағдаймен жақсылап таныстым. Ол кезеңде батыс облыстарда мұнай өндіруді өркендетумен, Екібастұз жылу-энергетика кешенін салу, Қарағанды металлургия комбинатын дамыту, түсті металдардың жаңа түрлерін шығаруды игеру сияқты өте күрделі шаруалармен шүғылдануға тұра келді. Жеңіл өнеркәсіп, көлік, байланыс жүйелерінің бәрі менің құзырында болды. Қазақстанды индустриялық-аграрлық республикаға айналдыру жолында жүйелі, жемісті жұмыс істеуге жаңымды салып бақтым.

**– Сол жылдарда жұмысының үшін Еңбек Қызыл Туорденімен наградталғансыз.**

– Иә. Орталық комитет хатшысы қызметінде мен депутаттық жұмыстан да біраз тәжірибе жинақтай алдым. Жамбыл облысының Меркі өңірінен республика парламентіне сайланғанымда сол жерде халыққа қажетті біраз құрылыстар түркізуға нақты жәрдем етуге мүмкіндігім болды. Мұнда да одақтық ведомстволармен тікелей жұмыс істеудің пайдасы тиді. Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ленгір сайлау округінен КСРО Жоғарғы Кенесіне депутаттықса сайланғанымда да солай жасадым. 1982 жылы одақтық парламентте сөйлегенімде бірнеше министрліктерді Қазақстанда орналасқан кәсіпорындарында халық тұтынатын тауарлар шығарудан жалтарауды, шығарған күнде де өте аз мөлшермен шектеледі деп сынағанмын.

**– Брежnevтің тұсында одақтық министрлікті парламент мінберінен сынау оңай болмағанын білеміз.**

– Сол сөзімде тиісті министрліктер тарапынан көмір өндіруді үлғайтудағы жайбасарлық танытылатыны жайында да айтқаным есіме түсіп отыр.

– Ол кезде «Социалистік Қазақстанда» жұмыс істейтінмін. Бір жолы бас редакторымыздың орынбасары Сарбас Ақтаев Орталық комитеттегі жиналышқа барып келіп, әсерін бізге айтып отырды. Сіз журналистерді жинап, жаңадан іске кіріспін жатқан хатшы ретінде алғашқы әсерлеріңізben бөлісіп, экономика проблемаларын газет, телевидение, радиода қозғау жөнінде тілектеріңізді айтқан екенсіз. Соңда ағамыздың: «Қағазға қарамай қырық минуттай сөйлемді. Ойпымай, қаншама цифрды қалай жатқа біледі? Өзі батыл екен, қатты-қатты айтып отырды» дегені есімде қалыпты.

– Мен жұмысшы ортадан шықтым ғой. Онда бетің бар, жүзің бар демей, тіліп айта беретінбіз. Қарағанды обкомында да еркін сөйлеп үйренген едім. Соның екпіні де бар шығар. Алматыға ауысып, жаңа элитаға араласқан кезде мұнда жүрттың бәрінің тігісін жатқызып сөйлейтіндерін, басшылық арасында ашық пікір айту деген атымен жоқтығын көріп, қатты көңілім қалғаны бар.

– Партиялық басшылық стилі жөнінде неше түрлі пікірлер білдіріліп жатады. Сіз Орталық комитет хатшысы қызметін атқарған адам ретінде экономикаға партиялық басшылықтың мәнісі жөнінде не айттар едіңіз?

– Оның негізгі мәнісі адамдармен, ең алдымен, әрине, коммунистермен, жергілікті партия басшыларымен жұмыс істей білуде. Ал сол кезде елдегі халықтың ең таңдаулы тобы Коммунистік партия мүшелігінде тұрғаны ешқандай талас түдірмайды. Иә, бәрі болды, партияға тамыр-таныстық арқылы қабылдау да, оған мансап жо-

лында өсү мақсатымен өту де, қызыл билетті қалтаға салып жүріп, жолсыздыққа, жөнсіздікке, тіпті қылмысқа бару да, бәрі де болды. Оны жоққа шығара алмайсың. Өмір ғой. Бірақ, сол кезде еңбекте көзге түскен, айналасына сыйлы, ұжымда қадірлі адамдардың дені партияға қабылданып отырғаны, қалай дегенде де КОКП-ның негізгі сүйегін адал коммунистер, сол қоғамның ең алдыңғы қатарындағылар құрағандығы анық. Жұмысына жауапты қарайтын партия үйымдарында неше түрлі тамаша бастамалар қолға алынып жататын. Қарағанды металлургия комбинатында Сабельников деген коммунист басқаратын кокс химиясы бригадасының бір бастамасы есіме түсіп отыр. Олар жұмыстағы кемшілік атаулының бәріне ұжымдық жауапкершілік алған болатын. Бір адамның кінәсіне бүкіл бригада жауап берген соң ондағылардың бәрі намысқа тырысып, жолдастарын ұятқа қалдырмау үшін жанын сала жұмыс істейтін. Соның нәтижесінде істері әбден алға жүріп еді. Тәртіп күшейіп еді. Тәртіп демекші, қайтадан құрыламыз деп жүрген жылдарда біздің жоғалтқан басты нәрсеміз осы тәртіп. Оған дейін әлемдегі бірде-бір партия аппараттың жұмысы жағынан да, үйымдастырушылық мүмкіндіктері жағынан да КОКП-ға маңайласа алмайтын. Оның біртұастығына қатты соққы берген оқиға – Ресей Компартиясының құрылуы. «Басқа республикалардың бәрінде өз компартиясы бар, елдегі ең ірі республикада өз компартиясы жоқтығы қалай?» дегенді шығарып, ақыры өз компартиясын құрып тынды. Дұрысында сол ұлы елдің үйіткышы РСФСР еді ғой! КОКП басшылығының өзі де тұластай дерлік сол республика адамдарынан құралатын. Мысалы, КОКП Орталық комитеті Саяси Бюросының мүшесі болған Қонаевтың өзі сол Бюроның маңызды отырыстарына шақырылмайтын. Съездер алдындағы, пленумдар алдындағы отырыстары болмаса.

Жалпы, Ресейде кешегі кеңестік кезеңді көксейтіндер көп. Шындығында, Одақты ыдыратуды бастаған сол ресейліктердің өзі. Алдымен өз алдына компартия құрып, орталықтанған жүйені әлсіретті, одан кейін РСФСР-дің егеменің көмекшісін атап шындығында оның орталықтанған жүйенін әлсіретті.

мендігін жарияладап, тәуелсіздік алды. Сонда олар кімнен тәуелсіздік алды десеңші? Кремльден, Горбачевтан алдық демесе, дербестік алып шығатын басқа ешқандай орын, ешқандай адам жоқ еді ғой? Ельциннің Горбачевпен теке-тіресі болмағанда Кеңес Одағы сол күйінде тұра берер еді деудің жөні келмейді. Тарих тегершігінің айналысы ерте ме, кеш пе саяси және экономикалық жүйенің тоқырауына әкеле жатқан.

– «Әділеттің ақ жолы» кітабынан мынандай дәйексөз жазып алғанмын. «Заводтардың алып ғимараттарының, электр стансалары шоғырларының, қуатты домна пештері мен мұнаралық крандардың тасасында қалған адамдар ондаған жылдар бойы жарқын болашақ жөніндегі үмітін ғана аялап келді. Бірақ олардың бұл үміті үақыт өткен сайын әлдебір құрғақ елеске айналып, біздің қазіргі заманымыздың қатал өмір шындығы жағдайында біржола үзілуге таянды», деген екенсіз. Қызметте ұдайы өсіп келе жатып, мұндай ойларға берілуініз қалай болды? Рас, жаңағы сөздерден кейін «Ашығын айтсам, мұндай экономиканың бізді тығырыққа тірейтінін бірден түсіне қойған жоқпыш» деп қосып қойғаныңыз да бар.

– Міне, мәселе сонда. Біреулер қайта құру кезінде-гі құлшыныспен, біреулер жариялылық кезіндегі жел-пініспен өздері бәрін о бастаң білгендей сөйлей, жаза бастады ғой ана жылдары. Расында да, мен өзім әүелден-ақ жоспарлы экономиканың барлық жағын бірдей көре қалдым, бәрін бірден біле алдым демеймін. Жаңа мемлекет құру жұмысын, әсіресе, индустріяландыруды, соғыстан күйрекен халық шаруашылығын қалпына келтіруді жылдар бойы жоспарлы түрде жүргізгеннің арқасында елде талай іргелі шаруалар атқарылғандығын ешкім де теріске шығармайды. Бірақ ол экономиканың адамдардың мұң-мұқтажынан мұлде қол үзу қаупі бар екенін атымен көрмеу де мүмкін емес еді.

Парадоксты жағдай қалыптасты. Неше түрлі өнеркәсіптік ірі нысандар жылма жыл салынып жатады, қыруар қаржы игеріліп жатады, жалақы да жаман емес сияқты, сөйтсе де бір бітпейтін де қоймайтын «дефицит». Тәуір дүниені тек тамыр-таныс арқылы ғана алуға болатына жүрттың бойы үйреніп, ойы көндігіп кеткен. Біресе ана тауар, біресе мына тауар қат болып шыға келеді. Тұрғындардың тауарларға деген сұранысы жылдық тауар айналымының бестен бір бөлігін ғана құрайтын. Ширек бөлігіне де жетпейді деген сөз ғой бүл.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарындағы әлемдік конъюнктура Кеңес Одағына әбден қолайлы болды. 1973 жылғы араб-израиль соғысынан кейін мұнай экспорттайтын мұсылмандар елдерінің шешімі бойынша мұнайды өндіру де, оны сыртқа шығару да қатты шектелді. Сол-ақ еken әлемдік рынке мұнайдың бағасы аспандап кетті. Бұрын барреліне 13 доллар төленетін мұнайдың 1 баррелі 34 долларға көтерілді. Ал Кеңес Одағы экспортның негізгі көзі мұнай болатын. Тек мұнайды шетке шығарудың өзінен ел жылына шамамен 16 миллиард доллар пайда табатын. Ол доллардың нақты сатып алу қабілеті тіпті басқаша, әрине. Сол кезде біздің дүкендерімізге импорттың тауарлар қаптап түсіп жататын. Мұнай долларларына халық тұтынатын бұйымдарды көптеп сатып алу мүмкіндігі әл-ауқатты жақсарту жөнінде елде әжептәуір жұмыс жасалып жатқандай әсер де қалдырғаны бар. Алайда, сексенінші жылдардың ортасына қарай жағдай атымен өзгеріп сала берді. Сауд Арабиясы аз үақыттың аясында мұнай өндіруді үш еседен артық өсіруге қол жеткізіп еді, мұнайдың бір баррелінің бағасы 10 долларға құлдырап түсті де кетті. Мұның өзі Кеңес Одағын қаржылық тұрғыдан да, бюджеттік тұрғыдан да бірден сазға отырғызды. Мұнай қарожатын қылғытып жүтуға есептеліп қалған экономика күйреп түсті, өйткені, ел басшылығы шаруашылық механизмдерін қайтадан құру үшін нақты ештеңе де жасамаған болатын. Бұл – барша елдер сабак алғандағы тарих тағылымдарының бірі.

Менің біз мұнайы мен газы жоқ ел сияқты өмір сүрге үйренуіміз керек, әлемдік шикізат бағасына тәуелділіктен құтылуымыз керек деп қайта-қайта айта беретінім, біраздан бері үдемелі индустримальық-инновациялық даму бағдарламасын қолға алып жатқанымыз содан. Жер астының байлығы ерте ме, кеш пе түбі бір таусылмай қоймайтынын үдайы ұмытпауымыз керек.

Әбден қиғаштанып кеткен экономиканың бір үлгісі бізде еді. Мынаны ғана айтайыншы: біздің кәсіпорындарымыздың 95 пайызы Орталықтан басқарылатын. 95 пайызы!.. Бұған түсініктеменің керегі жоқ шығар. Орталық Комитеттің хатшысы қызметіне сайлана салысымен айналысқан бірінші ірі шаруам – Екібастұз электр стансалары шоғырының құрылышы кезінде бүкіл елдегі көкейге қонымсыз жағдайға көзім анық жетті. Құны миллиондық стансалар салуға ақша табылады, ал құны мыңдық бала-бақшалар салуға табылмайды. Сол тұста Қазақстанда халық тұтынатын тауарлардың алпыс пайызы өзге республикалардан жеткізілетін. Қырық миллионнан астам қойы бар (бір кезде оның санын 50 миллионға жеткіземіз деп те жанталасқанбыз) Қазақстанда жүрт қай жерде де еттің кезегіне шұбап тұрып жататын. Өйткені, бізде ет өңдеу кәсіпорындары ойластырылмаған. Содан кейін қой еті сол туша күйінде вагон-вагонымен сыртқа жіберіле беретін.

**– Біздің студент кезімізде Алматы дүкендерінде қойдың басы көп болатыны, арзан тұратыны есімде.**

– Оның көп болатыны, арзан тұратыны өзге жерлерде қойдың басын қажет етпейтінінен. Бізде сүт те жеткілікті еді, бірақ оны өңдеу ойластырылмаған, пастерленген, пакетке салынған, сақталатын сүт жоқ, сондықтан сүттің бәрі дерлік кәдімгі ауладағы сары бәшкеден, дүкендегі флягадан бірден құйылышы сатылады, таң алакеуімнен кезекке тұрмасаң балаң сұтсіз қалады. Республикамыздың Орталықтың шикізат шылауы ретінде қаралып кеткені сон-

дай, бізден тыс жерлерге небәрі 12-15 пайыз ғана дайын өнімдер шығарылатын. Қалғанының бәрі шикізат. Эрі кеткенде жартылай шикізат. Ол кезде бізде не көп тері көп. Соның өзінде тон тікпейміз. Жергілікті орындар ондайды қолға алмаймын демейді, ойластырған нәрсені жеріне жеткізу бір қиямет-қайым. Өйткені, Орталықтың келісімінсіз көк тыын жұмсап, бірдене сала алмайсың. Айталақ, Семейде жылына 30 мың тон тігетін қасіпорын салуға рұқсат алу үшін, оны шетелдік жабдықтармен қамтамасыз ету үшін қанша үақыт сергелденгенде түскеніміз есімде. Министрлер Кеңесінің Төрағасы болып тұрғанымда мен сол қасіпорын үшін Орталық комитеттің салалық хатшысы Горбачевтың алдына арнайы кіргенмін.

Әңгіменің ашығын айтқанда, Орталық республикаларға сенімсіздікпен қарайтын. Мысалы, бізде алтын мен күміс аз өндірілмейтін. Бірақ бізге сом алтын мен кесек күміс шығаруға рұқсат жоқ. Тек алтын мен күмістің қорытпаларын ғана басқа жаққа жібере аламыз. Алтын-күмістің бар пайдасын қорытпадан құйма алатын басқа жердегілер көреді. Ал оның түк те қызындығы болмайтын. Немесе мынандай мысал келтірейін. Кәдімгі алюминий глиноземнен алынады ғой. Соны өндіру мен байыту жалпы жұмыстың сексен пайызын қажет етеді. Ал байытылған глиноземнен алюминий табақшаларын жасайтын зауыттар қалған аз ғана жұмысты жасайды да, түптеп келгенде таза табыстың сексен пайызы соларға тиесілі болып шығады. Әділеттілік қайда? Қазір сол алюминийді де, сол алтынды да (жылына 30-40 тоннадай) өзімізде шығарамыз.

– Сіздің кітаптарыңызда, сұхбаттарыңызда сол кездегі тағы бір күрделі мәселеге – бюрократиялық аппараттың орынсыз далиып кетуіне де назар аударылады.

– Мен оның алдында кеңес экономикасын тұралатқан тағы бір жағдайды да айта кетейін. Ол – әскери-өнер-

кәсіптік кешенниң шығындары. Қазақтың «Аттыға еріп жаяудың таңы айырылды» деген сөзі осындаida еске түседі. Капиталистік жүйе, НАТО елдері «қырғи-қабақ соғыс» жағдайында қарулануды онды-солды қарқындана берді, стратегиялық тепе-тендікке қол жеткіземіз деп Кеңес Одағы да тапқан-бақынаның қарулануға, әскерді жабдықтауға жұмсал жатты. Бар айырмашылығы жаңағы міндettі шешуге олардың бюджетінің шамалы бөлігінің өзі жетіп жататын, ал қарулану шығындары біздегі бюджеттің бел омыртқасын опырып түсіретін. Оның үстіне өте жоғары деңгейге көтерілген әскери технология жетістіктері азаматтық кәсіпорындарда атымен пайдаланылмады. Сейтіп, көк жүзіндегі зымыраған ұшақтарды мұлтіксіз атып түсіретін техникасы бар ел (сонау алпысыншы жылдардың өзінде біздің ПВО американлық Пауэрстің шпион ұшағын 10 мың метрлік биіктікте жайратып еді ғой) қарапайым ғана халық тұтынатын бүйімдарды сапалы етіп жасауды үйренбей-ақ қойды. Сонау ғарышта корабльдерді түйістіре алатын ел өзі жасаған мәшинелердің ішіне аяа реттейтін қондырғы – кондиционер орнатуды білменген соң не айтуға болады? Әскери-әнеркәсіптік кешенниң не сұрағанының бәрі берілетін бюджеттен. Мұның өзі бейне бір экономика ішіндегі экономика сияқты еді. Сонша шығын жұмсалған әскери саланың шын шамасы Мәскеудің Қызыл алаңына бір әүесқой жігіт басқарған спорттық ұшақ тапа-тал түсте келіп қонғанда анық көрінген жоқ па? Әскери-әуе күштері ол ұшақты да, ұшқышты да аяған жоқ қой, атып түсіре алмады ғой. Ал енді осындаид жағдайда жаңағы айтқан басқарушы аппараттың жөнсіз өсірілуі де экономикаға қосымша ауыр салмақ салды. 1985 жылға қарай КСРО-дағы үлкенді-кішілі бастық атаулының ұзын саны 18 миллион адамға жеткен екен. Сонда жұмыс істейтін алты-жеті адамға бір бастықтан келіп түр ғой. Олардың жалақысына, аппаратты ұстауға жыл сайын бюджеттің 10 пайызы жұмсалатын. Компартияның қатары да ретсіз өсіп, партия мүшелерінің саны 19 миллионға барған еді. Партия мүшелерінің қатары қалындаған сайын партиялық

аппараттың да үлкейе беретіні өзінен-өзі түсінікті. Мәскеудегі жолдастарымның бірі айтқан КОКП Орталық комитетінің аппаратындағы жауапты қызметкерлердің санының өзі 1500-ге жетті деген сөз есімде қалыпты.

**Партияның** өз ішінде де іріп-шіру басталғаны жаңымызға қатты бататын. Брежневтің естеліктер брошюралары үшін әдебиет саласындағы Лениндік сыйлыққа ие болуы, сөйтіп, жазушылығы жағынан Шолохов, Леонов, Әуезов сияқты классиктердің қатарына апарылып қолдан қойылғаны соның бір көрінісі еді. Оның инсульт алғанын, содан кейін-ақ дұрыстап сөз сөйлеуден қалғанын бәріміз де білетінбіз.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Менің Л.И.Брежnevpen алғаш рет жақынырақ таңысум 1980 жылы болды. Осы жылы Қазақстан өзінің алпыс жылдығын атап өтіп, мерекеге КОКП Орталық комитеті Саяси Бюросының мүшелері тегіс келді. Бас хатшының түрі кісі аярлықтай еді. Қөзқарасы мүлде бейжай, меніреу. Ауыр қозғалады. Жүрген кезде оны үнемі екі жағынан еңгезердей екі жігіт сүйемелден алады.

Екі жайт есімде қалыпты. Салтанатты мәжілістің үзілісінде барлық басшылар сахнаның бүйіріндегі бөлмеге жиналды. Өте ыстық әрі қапырық еді. Сондықтан да бәріміз пенжактарымызды шешіп, шай ішуге кірестік. Леонид Ильичті кенет төте телефонға шақырды. Ол қайтып келгенде (әлгі екі жігіт сүйемелден әкелді) дауыстап жаңалығын айта бастады:

— Герек менімен кездесуді қасарыса талап ететін көрінеді. Бірақ Андроповтың адамдары кездесудің қажеті жоқ дейді. Геректің күні бітті-ау деймін. Андроповтың адамдары сонда Каня деген бір жақсы жігіт бар дегенді айтады.

Польшада ол кезде курделі оқиғалар болып жатқан. Жаңағы әңгіменің байыбына мен кейінрек, Поляк Біріккен жұмысшы партиясы Орталық комитетінің бірінші хатшылығына Каня сайланғанда барып жеттім. Мил-

лиондаған адамдардың тағдырына қатысты мәселелер осылай шешіле беретін.

Ендігі бір оқиға Әуезов театрының фойесінде өткен үлкен мерекелік қабылдау кезінде болды. Оған мыңға тарта адам қатысты. Фойенің екі қабатына да үстелдер қойылды. Жұрт жайғасып бола бергенде Д.А.Қонаев партиямыздың маршалы, армиямыздың маршалы деп шұбыртып келіп Леонид Ильич Брежнев үшін тост көтепуімізді ұсынды. Бокалға ерінімізді тигізіп, орнына қойғанымыз сол болатын, «тостың құрметті иесі» күтпеген жерден тұрды да, есікке қарай бетtedі. Бүкіл басшылар, әлбette, оның соңынан ерді. Брежnev есік алдына шығып, өз машинасына отырды да, бір минуттан кейін бүкіл машиналар тізбегі қозғала берді. Оның қай жерге және не үшін келгенін ұмытып қалғаны айдан анық еді».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Әділеттің ақ жолы», 121-122-беттер.

Кеңес экономикасының қыын кезеңге тіреле бастағанын сезіну үшін үлкен сұңғылалықтың керегі жоқ болатын. Кез келген дүкенге бас сұқсаңыз осыншалық табиғат байлығы, осынша жері, осындей елі бар мемлекетте мұндағы жағдайдың орын алуды жөнсіз екендігі ойға келмей қоймайтын. Кейіннен «тоқырау» деген атқа ие болған келеңсіз кезең біздің босағамыздан сол тұста аттаған.

– Қайта құрудың жариялышының жылдарында жарыққа шыққан мәліметтер іс жүзінде он бірінші бесжылдықтың да, он екінші бесжылдықтың да бірде-бір негізгі көрсеткіш бойынша орындалмағанын дәлелдейді.

– 1977 жылы КСРО-ның жаңа Конституциясы қабылданды. Ол «кемелденген социализм Конституциясы» деп дәріптеліп жатты. Ал іс жүзінде дәл сол тұста социалистік жүйе, оның көшбасшысы саналатын Кеңес

Одағы даму сипатынан айырылып біткен болатын. Жетпісінші-сексенінші жылдарда елдің бюджеті шығынды күйінде қала берген еді. Жаңа Конституцияда өмірдің ол нақтылығы ескерілген жоқ. Қайта елдің Негізгі Заңы брежневшіл жүйенің қатып-семіп қалған ішкі және сыртқы саясатын біржолата құжаттап, қуаттап берді, партияның бүкіл қоғамға идеологиялық қатаң бақылауын заңдастырды, үлт мәселесінде ушығы жетіп тұрған мәселелерді одан әрі қарай ысырып, бүркемелей түсті. Сол жылдарда ауыл шаруашылығы негізінен шығынмен жұмыс істеуге айналды. Сырттан азық-түлік тасу қалыпты жай болды. Мысалы, мен бүкіл ел бойынша құпия мәлімет алдырып, ауылшаруашылық импортының көлемін көргенімде жағамды ұстағанмын. Сөйтсем, 1981 жылы ауылшаруашылық импорты елдегі барша пайдаланылатын азық-түлік өнімінің 28 пайызын құрайды еken! Масқара жағдай емес пе? Ал біз революцияға дейін Ресейдің Еуропаға ет, бидай сатып тұрғанын білетін едік қой. Исті бей-берекет жүргізгенімізден барша адамзаттың көз алдында айдынды Аралдан айырылып бара жатқанымыз, оны құтқарамыз деп Сібір өзендерінің арнасын Қазақстанға, Орта Азия республикаларына бұрмаққа әрекеттенненіміз тағы бар.

Тығырықтан шығудың жолдары атымен қарастырылмады деудің жөні жоқ. Қарастырылып та жатты. Ең жоғары деңгейде де бұл мәселе талқыланып тұрды. Мен 1979 жылы Орталық комитет хатшылығына сайланған кезде Мәскеуде экономиканың хал-ахуалы туралы аналитикалық баяндама дайындалуда екенінен хабардар болдым. Ол жұмысқа одақтық Совмин Төрағасының орынбасары, академик Кириллин басшылық жасайды еken. Баяндамада совет экономикасының ауыр жағдайы ашық айттылыпты, озық технологияны пайдалануда өте кейін қалғанымыз, күннен-күнге асқынып бара жатқан қаржылық-экономикалық проблемаларды түбегейлі өзгерістерсіз, құрылымдық реформасыз шешу мүмкін еместігі айқын көрсетіліпті деп те жүрді білетіндер. Алайда, ол баяндама Саяси Бюро мүшелерінің ашу-ыза-

сын туғызыпты. Артынша Кириллинді орнынан босатып, ол дайындаған баяндаманы құпияладап, жауып тастаған. Косыгиннің тапсырмасы бойынша әзірленген құжат еді ол. Ақыры, Алексей Николаевич сол соққыны көтере алмады. Қөп ұзамай инфарктқа ұшырап, 1980 жылы жұмыстан босатылды да, сол жылдың аяғында жүрек қысымынан қайтыс болды. Негізінде, Косыгин нағыз істің адамы, нағыз реформашыл тұлға-тын. Құлашын жая жұмыс істеуіне Брежневтің әсіре сақтығы, жаңалыққа жатсына қарайтын мінезі мүмкіндік берmedі. Оның орнына келген Николай Тихонов жан тыныштықты көбірек күйттейтін адам еді. Бәрі де бәзбаяғы қалпына қайта түсе қалды. Брежнев қайтыс болған соң Бас хатшылыққа сайланған Андроповтың әуелде біраз үміт ұялатқаны рас. Оның «Карл Маркс ілімі және КСРО-дағы социалистік құрылыштың кейбір мәселелері» деген мақаласы жүртшылықты бір сілкінтіп тастағаны есімізде. Әсіресе, Андроповтың біз өзіміз өмір сүріп жатқан қоғамның қандай қоғам екенін әлі толық білмейміз деген ойы бәріміздің көкейімізден шыққан еді. Алайда, оның өмірі ұзак болмады. 1984 жылдың басында ауыр науқастан көз жұмды. Оның орнына келген Черненко одан да өткен аурушаң адам екен. Өзің менімен әңгімелескенде қайта-қайта көлденең тарта беретін «Әділеттің ақ жолында» (жалпы, ол кітаптың өтпелі кезеңде жазылғандығын еске сала кеткенді артық көрмеймін) Қазақстан Үкіметінің басшысы қызметіне тағайындалар кезімде Черненконың мені қалай қабылдағанын келтіргенмін.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Бас хатшымен кездесудің қашан болатыны туралы телефон қоңырауын күтіп қонақүйден шықпай отырып алуыма тұра келді. Осылай күтүмен үш күн өтті. Ақырында телефон соғылды: «Әзірше қабылдай алмайды – науқас. Ұшып кете бер» деді.

Бір аптадан кейін тағы да Мәскеуге шақырды. Тағы да қонақүйде күтүмен отырдым. Үшінші күні телеп-

фон соғылды: «Әзірше күте бер, Константин Устинович Мәскеуде жоқ, шамасы қала сыртындағы резиденциясында демалып жатқан болуы керек» деді. Бір күннен соң баяғы тірлік тағы қайталанды. «Қабылдай алмайды, Алматыңа қайта бер» деді.

Тек үшінші кезекте ғана мақсат орындалды. Черненкоға мені Е.К.Лигачев ертіп барды. Бұл кездесуге менің мұқият әзірленгенім, үялып қалмас үшін республикадағы істің жайы туралы қандай да болсын сұрақты алдын ала болжап, мұқият әзірленуге тырысқаным табиғи нәрсе еді. Біз кабинетке кіргенімізде Константин Устинович өз столының басында шаршап-шалдықкан, қажыған күйде отыр екен. Қозінің жанары сөніп бара жатқан сияқты көрінді. Қатты ауырып отырғаны өнінен де байқалды – шашы аппақ құдай, жүзінде қан-сөл жоқ. Қолын әрен дегенде енжар созды.

Е.К.Лигачев мен туралы айта бастады, одақтас республикалардың барлық премьерлерінің ішіндегі ең жасы мен болатынымды да ескертіп өтті. Черненко демін әзер алғып, үн-түнсіз отырды. Лигачев өзінің сөзін аяқтаған кезде ол ақыры алғашқы және соңғы бірден-бір сұрағын қойды:

– Мұның жасы қаншада?

– 44-ке қарай қадам басты, Константин Устинович. Ең жас премьеріміз осы болады, – деп Егор Кузьмич тағы да қайталауға мәжбүр болды.

Черненко күтпеген жерден орнынан көтерілді де, маған қарай жүрді. Бірақ кенеттен теңселіп құлап бара жатқандай болды. Жанындағы әлеуettі жігіт оны зорға дегенде сүйеп үлгерді.

– Барған соң жолдастарға сәлем айтыңыз.

Көнілімді құлазыта әсер қалдырған қабылдау осымен бітті.

Мұндай кездесулерден кейін еріксіз ойға қаласың. Аса ірі мемлекеттің басында осындей адам да отырады екен-ау!».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Әділеттің ақ жолы», 166-168-беттер.

Ел экономикасының қандайлық сырқаулығекендігін 1984 жылғы көктемде Қазақ КСР Министрлер Қеңесінің Төрағасы қызметіне тағайындалған кезде бұрынғыдан да айқын сезіне түстім. Қеңес Одағының шаруашылық жүйесі кейде кездейсоқ факторларға тәуелді болатын. Шын мәнінде ол елде сөздің толық мағынасындағы жоспарлы экономика орнықпады деудің де жөні бар. Негізінде, жұмысты жоспарлап жүргізу жаман да нәрсе емес қой. Еңбек ресурстары артық жиналышп қалса-ақ сол қалаға 10-15 мың жұмыс орны бар алып кәсіпорындар салына беретін. Ол не шығарады, ол өнім сұранысқа ие бола ма, өте ме, өтпей ме деп бас қатырудың қажеті жоқ. Өйткені, қай кәсіпорынның өнімдерін қай жер алатыны алдын ала белгіленіп қойылған. Алушының таңдау мүмкіндігі жоқ, болғандықтан шығарушының сапаны жақсартуға үмттылысы да жоқ. Өйткені, дәл сол тауарды дәл сол жер дәл сол бағамен сатып алуға тиіс екенін жүрттың бәрі біледі. Үлкен-үлкен мәселелердің өзі көбіне-көп сол мәселені шеше алатын адамның алдына кіре алуыңа, оған тиісті адамға телефон соқтыра алуыңа ғана байланысты болатын.

**– Ал енді осы сырқаттардың Қазақстандағы көріністері қандай еді?**

– Адам қоғамнан тыс тұра алмайды дегендей, әрине, бүкіл елдегі жалпы жағдай Қазақстанға да тән екендігі түсінікті. Істің бар мәні қалайда, қайткенде де жоспар орындауға тіреліп тұрған соң шаруашылықтар басшылары жоғарыға рапорт беруді ғана көздел, кей жылдары тіпті совхоздар мен колхоздардың қамбасындағы соңғы дәніне дейін мемлекетке өткізіп жіберетінін, дәл сондай құрама жемді кейіннен мал азығы үшін үш есе қымбат бағасына сатып алуға мәжбүр болатынын бұрын бір айтқанмын. Мен Үкімет басына келгенге дейін ешқашан ауыл шаруашылығының мәселелерімен тікелей айналыспаған едім.

Совмин Төрағасы қызметіне кірісken соң байыптаP, бойлап қарасам аграрлық сала әбден былығып біткен еken. Көзбояушылық мұнда тіпті шектен шығыпты. Жеке малын отарға қосып қойып, шопанның айлығына, мемлекет дайындаған жемшөппен өсіре беру деген әбден белең алып кеткен, тіпті жұрт назар аудармайтын жайға айналған. Ондай жеке малдың көптігі сондай (біr совхозда есепте жоқ тоғыз жүзге жуық мал басы анықталғаны есімде қалыпты), санақ кезінде жалпы есепке қоса салады да, әр жұз саулықтан алынатын төлдің санын арттырып шыға келеді. Бұл жағынан ондай мал шаруашылық басшыларына тиімді де болып шығады. Ал шын мәнінде мемлекет меншігіндегі мал талан-таражға түсіп, әбден азайып кеткен. Мысалы, мал санағы қайта жүргізілгенде біr ғана бұрынғы Семей облысында 330 мың bas малдың жетіспейтіні анықталғаны бар. Ақыры, бұл мәселені Бюроның алдына қойып, бүкіл республикадағы мал басын қайта санатуды ұсындым. Алғашқыда қолдау таппаған соң қайтадан жазбаша ұсыныс жасадым. Таңғаларлық жағдай – мәселенің мәнін анықтауға үзілді-кесілді тыйым салынды. Сөйтсем, республикадағы жағдай туралы Мәскеуге беріліп жатқан ресми ақпараттарды жоққа шығаруы мүмкін қадамдардың ешқайсысына да рұқсат етілмейді еken. Ақыры, біz бұл шаруаны Халықтық бақылау комитетінің көмегімен құпия түрде атқарып шықтық, көп, тіпті көп былықтың betіn aштық.

**– Ол жұмыстың қорытындысы қалай болды?**

– Айналасы екі-үш жылдың ішінде совхоз директорларының, колхоз басқармасы төрағаларының жартысынан астамы ауыстырылды, олардың әрбіr үшіншісі өз міндетін ойдағыдай атқара алмағаны үшін орындарынан босатылды. Мен Орталық комитеттің кезекті пленумы қарсаңында обкомның бірінші хатшылары мен облатком төрағаларының алдында сөз сөйлеуге келісім алдым.

Сонда бәрін жайып салдым. Мәжілісті басқарып отырған бірінші хатшы бұл жолы да ештеңе айтпады, тек «Хабарламаны еске аламыз» деумен ғана тынды.

— Бірінші хатшы — Дінмұхамед Қонаев.

— Бұл арада мен республиканың бірінші басшысы деген түрғыда айтып отырмын. Жалпы, бұл тақырып — Қонаевпен қарым-қатынас — күрделі тақырып. Бір жағынан, біз жасы үлкенді сыйлаған, ағалардың алдынан қияс өтпеуге тырысатын халықтың баласымыз, оның үстіне Дінмұхамед Ахметұлы — бүкіл елге сыйлы тұлға. Димекенің халық үшін еткен еңбегі жөнінде Қонаевтың туғанына жүз жыл толуына арналған іс-шаралар кезінде айтқанымды өзің білесің. Газетіңе шықты.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Қазақ елінің тағылымды тарихында заман жүгін арқалаған талай толағай тұлғалар болды. Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев — сондай біртуар болмыс иесі.

Қонаевтың бай ішкі мәдениеті, терен әлімдарлығы мен мол әмірлік тәжірибесі ерекшеленіп тұратын. Ол өзінің бойына біздің халқымыздың, сол уақыттағы қазақ зиялышарының ең жақсы қасиеттерін сініре білді».

Нұрсултан НАЗАРБАЕВ,  
Д.А. Қонаевтың 100 жылдығына арналған салта-  
натты жиналыста сөйлеген сөзінен.  
«Таңдамалы сөздер», VII, 24, 26-беттер.

— Ол сөзіңізде сіз Димекенің біздің бертінгі тарихымызда алар орнын айшықты ашып көрсеттіңіз. Жалпы, кешегі өтпелі кезеңде Қонаевқа көзқарас халықтық қалпымызға сын болған жайлардың бірі деудің

артықтығы жоқ шығар. Өзге мемлекеттердің біразында кеше көкке көтерген кіслерінің ескерткіштерін бұзып, тіпті кей елдерде бейітін қозғап, кейіннен ел алдында ұятқа қалып жатқанда біз ондай бірде-бір қадамға барған жоқпыш. Қонаевқа лайықты құрмет өз қалпында қалды. Оның есімін мәңгі есте қалдыру туралы 1995 жылғы Жарлығында көзделгеннің бәрі орындалды. Сонымен бірге, әрбір тұлға, ең алдымен, өз заманының перзенті екендігі де рас қой.

— Рас. Соны айтқалы отырмын. Жаңа мәселенің бір жағын, этикалық қырын қозғадым. Екінші жағынан, Қонаевтың бір басына драмалық қайшылығы жеткілікті, сан түрлі себептерге байланысты дербес саясат жүргізе алмай өткен тұлға екенін де ескеруге тиіспіз. Әйтпесе, ол кісінің де дербестікті аңсағанын мен жақсы білемін. Бір сапарда ұшақта қатар отырғанымызда иллюминатордан ұшы-қыырсыз даламызға көз тастан, «Қараши, республикамыз қандай кең байтақ. Өз алдымызға мемлекет болсақ қой шіркін!» деп құлағыма сыйырлап, саусағының ұшымен ернін басқаны бар.

Қонаевтың бойындағы қайшылықтардың бәрі дерлік ең алдымен өзі өмір сурген заманға, өзі қызмет еткен қоғамға байланысты. Ол кезде республикалардың бәрі Орталықтың қатаң бақылауында болды. Қия бастырмайтын, ауыз аштырмайтын.

— Солай еді ғой. Орталық комитетте қызметте жүргенімізде Алматыда қалалық қазақша газет ашудың мәселесі бойынша КОКП Орталық комитетіне жарты жыл бойы бірнеше хат жазуға тұра келгені, ақыры Секретариат шешімімен ғана рұқсат алғанымыз есте.

— Ол таза идеологиялық шешім. Солай болуы қалыпты жай сияқты. Ал енді қарапайым ғана шаруашылық мәселелерінің ешқайсысын да Мәскеудің келісімінсіз шеше алу мүмкін еместігі, қаржы бөлүдің, іске кірісудің нақты тетігі

жоқтығы жанды қинайтын. Дінмұхамед Ахметұлы сондай жағдайда да, орталықтандырылған жүйенің қыспағында тұрып та ел үшін көптеген іргелі шаруалар атқара алды. Мұны ол кісінің Брежnevпен көңілі жақындығымен ғана түсіндіре салатындар мәселенің бетінен қалқындар. Сол заманда билікте осынша ұзақ үақыт отыру үшін де, мемлекет басшысының дұрыс көңілін халық мұддесіне пайдалана білу үшін де көп ақыл керек еді. Сонымен бірге өмірінің соңғы белесінде Димекеңнің Мәскеуде жыл сайын бірінен кейін бірі ауысқан басшылардың тұсында жаңа үақыт талабына бейімделе алмай қиналған кездері де көп болғаны талассыз.

Қонаевтың басты қасіреті өзі шексіз сенген, өзі адал қызмет еткен партияның тарихтың күресініне кетіп бара жатқанын, жалпы, социалистік даму жолын таңдаған жүйенің өзге қофамдық жүйемен бәсекеде жеңіліске ұшырай бастағанын дер кезінде тани алмағаны деген дұрыстыққа келетін шығар. Эрине, Қонаевтың коммунист қүйінде, өз ұстанымында қалғанын құрметтеуге болады, бірақ өзі басқарып отырған республиканың тыныс-тіршілігін өзгеріске түскен үақытқа бейімдеуге кіріспегенін құптау қыын. Ал ол кісінің қалыптасқан жағдайды жөндеуге үмтүлістың бәрін өз беделіне нұқсан келтіру әрекеті деп қабылдағаны менің жанымды қатты жабырқататын.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Тағайындалғаннан кейін небәрі біржарым жыл ғана өтті, ал Бірінші мен премьердің қарым-қатынасы мейлінше өзгерді. Қонаев көз алдына елестеткен айтқанынан шықпайтын үкімет басшысының орнына, оның жанында іштегі кикілжіңді сыртқа шығаруға қабілетті адам пайда болды. Ал кикілжіңдер едәүір жиналып қалған болатын. Тіректерінің бірі бүкіл Кеңес Одағындағы сияқты Қазақстанда да Брежневтің адаптациясы болған тоқырау жылдарында елеулі өзгерістердің болғаны сондай, оларды тек соқыр адамның ғана байқамауы және мойында-

мауы мүмкін еді. Қонаев соқыр болған жоқ, керісінше, республикалық номенклатурадағы есімдері көбірек немесе азырақ белгілі қайраткерлердің әрқайсының ішкі сырларын жақсы білді. Бірақ біртіндеп бойға сіңген кремльдік шалдардың мұддесіне орай, бәрінен де бұрын «қымбатты Леонид Ильич жолдасты» алаңдатудан қорқып, шындықты әсірелеп көрсету дағдысы өзін өсіріп шығарған жүйеге адаптықмет еткен Қонаевтың өзінің екінші болмысына айналды. Сталин өлгеннен кейінгі жылдары қалыптасқан билік табиғаты осындай болатын. Билеуші топ бәрінен бұрын тыныштықты қалады, ал кез келген әділет іздешуші жүйе тұрақсыздығының себепкөрі ретінде танылды. «Не, саған басқалардан көп керек пе?» дейтін еді жұмысшылар қарапайым түрде өздерінің шамадан тыс пысықай жолдасына. Негұрлым тісқақсан бюрократтар қызмет бабындағы әріптесіне де, бір-біріне де ешқашан мұндаиды айтпас еді, оның есесіне қауіп-қатерді аңға тән иішілдікпен сезінді, бүлікшілді жолатпайтын ынтымақтастық өрісін бір ғана биотокпен жасап отырды. «Жұмыс істеуге кедергі келтірмендер» – осынау кеңестік бюрократтық қалтарыстардың тар әлемінде қалыптасқан тылсым тіркес демократия кезеңіне дейін жетті. Бірақ ендігі жерде оны корпоративтік жайма-шұақ тірлікті бұзғысы келгендерге қарсы қалқан ретінде қолданатын болды.

Қонаевтың «ерте жетілген жасты» өзінің тезге салу инетін ашық түрде білдіргеніне қарамастан, Назарбаевта өз қарсыласына деген жеккөрушілік болған жоқ. Ол тіпті өзінің кей кезде қарт жауынгерге таңқалатының аңғарды. Шынында да, қайраткердің таңғажайып үлгісі тазартулармен және жаппай құғын-сүргінмен қыздырылған саяси ретортада өсіп шыққан болатын. Тіпті олар тоқтағаннан кейін де, БКП (б)-нің қайнатуынан шыққан тұқым партиялық билеушілердің одан кейінгі буынында да өздігінен өсіп-өнүді жалғастыра берді.

Назарбаев егер жауласпай, ынтымақты қызмет істейтін болса, республика басшылығында екі дербес ойыншының тұруы әбден мүмкін екенін өзінің, барлық іс-қимылдарымен дәлелдеді. Бұл прагматиктің ой қисыны болатын. Бірақ ол өз өмірінің үлкен белгін биліктің өзіне сай пирамидасын қалыптастыруға арнаған адам

үшін үйлеспейтін дүние болып шықты. Бұл фигурада екі шыңың болуы мүмкін емес! Қалыпты пікірсайысты ол өз беделіне жасалған қастандық ретінде қабылдады. Оның іс-әрекеттеріне тартыс қысыны басшылық етті. Оған сәйкес қарсыластардың тек біреуі ғана қалуы туіс болатын...».

Сергей ПЛЕХАНОВ,  
«Не шелковый путь», М.,  
«Международные отношения»,  
2015, 12-14-беттер.

– Нұрсұлтан Әбішұлы, осы тұста әңгіменің ең бір талмау тұсына келіп тірелген сияқтымыз. Мен Қазақстан Компартиясының XVI съезінде болған төтенше жағдайды – сіздің Баяндамаңызды Қонаевтың атына айтылған ауыр сыңды еске салғалы отырмын.

– Мәселені бұлайша қарабайыратып қоюдың жөні жоқ. Мәселе жеке баста емес. Баяндамада мен Қонаевтың жеке басына тиіскенім жоқ. Оның інісі – ғылым академиясының президенті қызметіндегі Асқар Қонаевтың атына тікелей сын айтқаным рас.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«...Академияның президенті А.М.Қонаев бастаған оның басшылығы істі енжар, тиісті инициативасыз жүргізеді. Академия басшылығы республиканың ғылыми күштерін ғылымның өзінің және халық шаруашылығының іргелі проблемаларын шешуге жұмылдыра алмады. Сондықтан да академияның бірде-бір институтының елімізде құрылған салааралық ғылыми-техникалық комплекстер құрамына енбей қалуы, ал бүкіл өткен бесжылдық тұсында бірде-бір лицензиялық келісім жасалмауы тіпті де кездейсоқтық емес. Енгізілген бір шешімнің экономикалық пайдасы өткен жылы 1980 жыл-

мен салыстырғанда екі еседей кемігені, ал ғылым академиясының, 76 ұсынысынан, олардың ақаулықтарының көп болуы себепті, үстіміздегі жылдың мемлекеттік жоспарына тек 5 ұсыныс, министрліктер мен ведомоствлар жоспарларына – 9 ұсыныс қана енгізілуі де көнілге күдік үялатады.

Республика ғылым академиясы бізде сын айтылмайтын үйім болғанын да бүгін съезде ашық айтуымыз керек. Онда жарамсақтық, жағымпаздық ахуалы жасалған. Сондықтан болуы керек, ғылым академиясының президенті Министрлер Кеңесінің мәжілістерінде де, баланс комиссияларында да төбе көрсетпейді. Сөйтіп, ол өз міндетін атқарудан бойын аулақ салып отыр. Димаш Ахметұлы, оны тәртіпке шақыратын кез жетті деп ойлаймыз».

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы  
Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Компартиясының  
XVI съезіндегі жасаған баяндамасынан.

– Айып етпеніз, туған інісіне қатысты ол сынды Дінмұхамед Ахметұлының өзіне алдын ала айтуға болмады ма?

– Неге айтылмасын? Айтылған. Өзіңізден басқа оған ешкімнің ықпалы жүрмейді, бауырыңызды жөнге келтірсеңіз деген түрғыда айтқанмын. Димекең ол сезімді дұрыс қабылдаған сияқты еді, алайда, бір күннен кейін ақ Асқар Қонаев маған телефон соғып, қайта-қайта өзін неге ұнатпайтынымды ғана сұраумен болды. Ішіп алғаны сезінен сезіліп тұрды. Содан кейін ғана бұл мәселені партиялышқи трибунаға шығаруға тұра келді. Ғылым академиясына байланысты сын ол баяндамадағы көптеген жайлардың бірі ғана. Мәселе бірінші басшының туған інісіне қатысты болған соң есте ерекше қалған сияқты.

— Ең бастысы, сіз Қонаевтың атына сынды оның сыртынан айтқан жоқсыз, Мәскеуге барып мәлімдеп, мәселе қойған жоқсыз. Горбачевтің Қазақстанға бірінші рет келгенінде Қекшетауда республикамыздың басшысын кісі құрлыш көрмей, қырын қабағын ашықтан-ашық танытқаннан кейін-ақ енді басынан бағы таяды деп сеніп, Қонаевтың үстінен қап-қап арыз боратқандар аз болмағанын біз жақсы білеміз.

— Мен ол сөзімде республикада қалыптасқан жағдай өзгертулуге тиіс екенін айттым, ашық айттым. Өзгерістер жасауға шақырдым. Кемшіліктерді көрсету арқылы со-ларды жоюдың жолдарын бірлесіп талқылауды ұсындым. Ол қадамдарымның бәрін де Қонаевқа жаңым ашығандықтан, елдің жақсы атын ойлағандықтан жасадым. Баяндамамды сын түрғысынан дайындағаным да сондықтан.

— Сол баяндаманы өзіңіз қолдан жазғаныңыз, съездің секретариатына баяндаманың басқаша нұсқасын бергеніңіз рас па?

— Олай етпесем болмайтын еді. Бұл ешкімге сенетін жер емес еді.

— Съезден кейінгі ауыр ахуал, өзіңізді құдалау, қара-лау әрекеттері жөнінде де кезінде айтқан болатынсыз.

— Кезінде айтқанмын. Қазір айтқым жоқ.. Болған істің бәріне салауат. Өтпелі кезеңдегі өкпе де өтпелі болады екен. Сол уақытта маған қарсы әрекет еткен адамдардың, оның ішінде Қонаев екеуміздің арамызға от тастаған адамдардың да ешқайсысына кейін, қолыма билік тиген кезде, адам ретінде реніш сақтасам сақтаған шығармын, бірақ нала сақтаған емеспін. Оның үстінен менің өзім де

уақыт өте келе ол кезде Қонаевтың жаңа жағдайға бейімделе алмайтынын ескерменегенімді шамаладым.

Құбылмалы уақыт, сусымалы саясат бір-бірімізді қарсы қойып қалғанына қарамастан біраздан кейін Димекенмен де тіл табыстық. Эйелі қайтыс болғанда қаралы хабарды естісімен үйіне барғанмын. Ақсақалмен құшақ жая көрісіп, көңіл айтқан соң ол кісі жайланағып отырып біраз әңгіме айтты. Небір замандар өтті, биік қызметте түрғанда адам, әйтеүір, бір қателеспей қоймайды, біз бір-бірімізді кешіруіміз керек деді. Сіздер жасап жатқан жұмыстарды мен қолдаймын, сіздерді халық та түсінеді, қолдайды деп ойлаймын деді. Менің ешкімге ешқандай өкпем жоқ деді. Өзім де бір жеңілдеп қалдым. Димекен ол ойын кейін «Өтті дәурен осылай» деген кітабында да жазды, менің қызметімге ақ-адал көңілмен табыс тілейтінін, қындықтарды жеңеді, ауыр дағдарыстан төзірек шығудың жолын табады деп сенетінін жеткізді. Ол кісі өмірден өтерінің алдында үйіне хабарласып, Ордабасыдағы үш ұлы биді еске алу шарасына бірге баруға шақырғанмын. «Мен сияқты шалды қайнаған ыстыққа несіне сүйрелейсің. Жолда өліп қалмайын тағы», деп әзілдей құлгені есімде. Димекенің өмірінің соңғы жылдарында саясаттан аулақтап, инабатты ақсақалға лайықты өмір сүргені де тектіліктің бір белгісі еді.

– Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың халық алдындағы еңбегіне дау жоқ. Әйтсе де, сізben осындағы нәзік тақырыпқа сөйлесіп отырып, көптен көкейімде жүрген мына бір жайды да айтпай қалғым келмейді. Өз басым ол кісінің өмірінде біз түсіне алмайтын бір тұсы болса өзінің орнына өз ұлтынан адам дайындағаны, дайындаса да лайықты түрде, табандап тұрып ұсынбағаны деп ойлаймын. Димекен өз кітабында Горбачевтің алдына зейнетті демалысқа шығу жөнінде өтінішін қалай бергенін жазады да, мұнан кейінгі әңгімеде Бас хатшы өз орнына кімді ұсынатынын сұрамағанын келтіреді. Сонымен бірге, сол тұстағы сөзден өзінің орнына ешкімді ұсынбағаны да айқын аңғарылып тұрады.

ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Горбачев, менің байқауымда, бұл әңгімеге тас-түйін отырса керек:

— Ұсынысыңызды құптаймын, өтінішіңіз Саяси Бюро да қаралады, — деп аз-кем үнсіз отырды да, өз байла-мын айтты. — Жұмыс мойын бұрғызыатын емес, соған орай Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің пленумына қатыса алмаймын, Разумовский барады.

Бас хатшы менен «Өз орнысызға кімді лайық деп отырсыз?» — деп, бір ауыз сыр тартар деген ой қылаң берген, шынымды айтсам, іштей үміттеніп едім. Зады, жолы да, жөні де солай ғой. Оның есесіне мен сұрадым. Горбачев:

— Ол мәселені шешуді бізге қалдырыңыз, — деп қысқа қайырды».

Дінмұхамед ҚОНАЕВ,  
«Өтті дәурен осылай», А., 2011, 8-9-беттер.

**— Сіз бұл жайды қалай түсіндірер едіңіз?**

— Мәселенің өзі де сонда — осы жайдың түсінуге өте қыындығында. Өмірдің ашысын да, тұщысын да, өрін де, ылдыын да көрген, ақылды адамның жеме-жемге келгенде шамшылдыққа бой алдырғаны, жеке басының өкпесін жеңуге күші жетпегені қайран қалдырады. Оның аяғы республикамызды басқаруға Колбин сияқты кездейсоқ адамның келуіне, ұлттық намысымызға тиіп, сағымызды сыңдыруға әрекет жасауға соқтырды. Бұл өте өкінішті жай.

**— Горбачев тіпті Қонаев: «Бізде республиканы басқаруға лайықты адам жоқ. Басшы кадрды сырттан әкелу керек» деп айтты деп тұрып жазады...**

– Кім білсін? Горбачев – сөзіне күә керек адам. Дәл олай айтпаған күннің өзінде Дінмұхамед Ахметұлының орныма лайықты мынандай адам бар деп нақты ұсыныс жасамағаны анық көрініп түр. Мен бұл мәселеге ту-сініктеме беруді артық санаң едім.

– 2010 жылы Тбилисиде Грузияның экс-президенті Шеварднадзеден сұхбат алғанмын. Сонда Эдуард Амвросиевичтен мынандай жағдайды сұрағанмын. Гейдар Алиев туралы «ЖЗЛ» сериясынан шыққан кітапта ол кісі Колбинді Қазақстанға жіберу идеясына қарсы шыққаны, Горбачевке кіріп, «Колбин – жақсы шаруагер, басқа қай жаққа жіберсеңіз де жұмысты алып кетеді. Тек Қазақстанға жіберу қателік болады» деп айтқаны келтірілген. Осыған байланысты Эдуард Амвросиевич: «Бөлек кіріп, өзіне айтқан болар. Саяси Бюроның отырысында бұл ұсынысқа ешкімнің қарсы шықпағаны есімде» деді де қойды.

– Сауытбек, сен екеуміз енді Колбинге кіріссек үзаққа кетіп қаламыз. Онда ол шешімнің қалай қабылданғаны, қандай жағдайға соқтырғаны, Желтоқсанның жайы егжет-тегжайлі айтылуы керек болады. Бұл жолғы әңгімемізді осымен түйіндейік.

Менің Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы, республика Үкіметінің Төрағасы қызметтерін атқарған үақыттым жалпы ел өміріндегі, соның ішінде Қазақстандағы құрделі кезеңге тұспа-тұс келді. Жан жадыратқан жайлар да, жүйке жұқартқан жайлар да аз болған жоқ. Партиялық басшылық әдістерінің өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктерін де көре алдым, Үкімет жұмысын үйлестірудің тағылымды мектебінен де еттім. Мұның бәрі менің болашақтағы тағдырыма шешуші әсер етті. Сондықтан да, қылышылдаған қырық пен есейген елудің арасындағы ол жылдарымды да қашанда қимастықпен еске алатынның анық.

## ◆ СЕРГЕЛДЕҢНІҢ СОҢЫ

– Нұрсұлтан Әбішұлы, тәуелсіздіктің он жылдығы қарсаңында «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде еліміз жүріп өткен жолдың бел-белестері жайында көлемді-көлемді мақалалар жазуды ойластырған едік. Әр жыл жөнінде Шерхан Мұртаза, Камал Смайылов, Манаш Қозыбаев, Зейнолла Қабдолов, Фариза Оңғарсынова, Қуаныш Сұлтанов сынды белді, беделді авторлар ой толғаған болатын. Жылдарды бөлген кезде мен өзімі 1991 жылды таңдағанмын. Әрине, ол мақалада тәуелсіздігіміз жарияланған 16 желтоқсаннан кейінгі екі апта жайында ғана сөз етілген жоқ. Сол жылды түгелдей тәуелсіздігіміздің таңсәрі шағының тарихына жатқыза аламыз. Бүгінгі әңгімемізде осы жайында сөз қозғасаңыз деймін.

– Ол жылы Кеңес Одағының ғана емес, бүкіл әлемнің тағдырына әсер еткен аса маңызды оқиғалар орын алды. Жылдың басынан-ақ жайсыз хабарлар жан-жақтан жетіл жатты. Бір жағынан әкімшіл-әміршіл жүйенің қирап бітуімен, екінші жағынан нарықтық қатынастардың жоқтығынан өндірістегі дағдарыс тіпті тереңдей түсті. Бағаның бәрін белгілеп, бекітіп қойғаннан кейін дүкендердегі тауардың тапшылығы бұрынғысынша күйінде тұрды. Базардағы, кооперациядағы баға аспандай берді. Колхоздар мен совхоздар мемлекетке астық сатуға мүдделі

болмауға айналды. Содан барып шетелден астық сатып алуға бөлінетін валютаның көлемі тіпті көбейіп кетті. Қырыққанда қымыран іриді дегендей, дәл сол жылы әлемдегі мұнай бағасы да күрт түсті.

Ішкі саясаттағы, соның ішінде, ұлтаралық қатынастардағы қателіктер бара-бара қатерге айнала бастады. Литвада солай болды. Жыл басынан-ақ одақтық басшылық Балтық бойындағы республикаларға байланысты тізеге салу, күшке басу әдісін қолдануға көшті. Литвада тікелей президенттік билік енгізуге әрекет жасалды. Бұл үшін республика компартиясының ішінен іріткі туғызудан да тартынған жоқ Мәскеу. Ақыр аяғында Вильнюске әскер кіргізіліп, атақты «Альфаның» көмегімен сондағы Баспасөз үйі мен телеорталық басып алынды. Халық өзі сайлаған Жоғарғы Кеңесті қорғауға шықты. Қан төгілді. Онымен де қоймай, мұндай күш көрсету біраз күннен кейін Ригада қайталанды. Онда да қан төгілді. Осы екі оқиға Горбачевтің беделін қатты құлдыратып жіберді. Соның алдында ғана, 1990 жылы бейбітшілік саласындағы Но-белъ сыйлығын алған адамның бет пердесі сырлылып та-сталды деуге де болады. Оның сөз жүзінде ғана демократ екендігін енді Батыс біржолата білді. Қазақта «қасықтап жинағанды шелектеп төгу» деген сөз бар емес пе, дәл соның өзі болды да қойды. Батыселдері КСРО басшылығын жай ғана айыптаған жоқ, өздерінің қаржылық көмек беру жөніндегі үағдаластықтарын да қайта қарай бастады. Миллиардтаған долларлық несиeler елге келмей қалды. Мен Балтық бойы республикаларының Одақтан шығу тілегі жайында сол кезде-ақ өз ұстанымымды басын ашып айтқанмын. Республикалар халықтарының ерік білдіруіне, жоғары өкімет органдарының шешімдеріне құрметпен қарау қажет дегенмін. Онсыз да Одаққа арқанмен сүйресеңде көнбейін деп түрған Балтық бойындағы үш республика Вильнюс пен Ригадағы оқиғалардан кейін әбден ішін тартып қалды. Ресейге өз еркімен қосылған делінетін, алдымен Ресей империясының құрамында, одан кейін Кеңес Одағының құрамында, барлығы 260 жыл өмір сүріп

жатқан, халқының жартысынан астамын өзге үлт өкілдері құрап отырған Қазақстанның өзі берекесі кете бастаған Одаққа орай екіойлы болып отырғанда содан жарты ғасыр ғана бұрын, Екінші дүниежүзілік соғыстың алдында ғана КСРО-ға күштеп қосылған ол республикалардың енді беті бері қарамайтынын түсіну қыын емес еді.

**– Орталық пен республикалардың ара-қатынасы да нашарлай тұсті.**

– Олай болуы да заңды. Одақтық Министрлер кабинеті дағдарысқа қарсы бағдарламаның жобасын жасап, федерацияның барлық субъектілері ортақ қындықтан бірлесе шығатында жолдарды іздеуге тырысты. Эйтсе де, жобаға нақтылық, тиянақтылық жетіспеді, онда елдегі жағдайға білікті талдау жасалмады. Біртұтас бюджеттің қалай қалыптастырылатыны қолмен қойғандай көрінбеді. Орталық әлі де бір аяғымен жоспарда, бір аяғымен нарықта тұруды қалайтында әсер қалдыратын. Жобаның жекелеген тұстары сол кезде жасалған жаңа Одақтық Шарттың қағидаларына қарама-қайшы келетін. Мысалы, жалпыодақтық қордың негізгі азық-түлік түрлерінің ресурстарын бір орталықтан бөлудің айрықша режімі енгізілді. Біз бұған наразылық білдірдік. Кеңес Одағында сыртқа астық шығаратын жалғыз республика біз болатынбыз. Орталық Азия республикаларындағы еңбек ұжымдары да шикізат ресурстарына бағаны шарт жасасу жолымен белгілеуді талап етті. Жөні де солай еді. Қит етсе бізге «субвенция аласындар» дегенді айтатын. Былайша қарағанда, алатыннымыз рас. Бірақ бұл, орысша айтқанда, «подачка» емес қой. Ол субвенция біздегі шикізаттың төмен бағамен алғынатынының орнын толтыру ғана ғой. Сол тұста Мәскеуден шығатын «Куранты» деген газеттің Қазақстандағы жағдайды қандай бұрмалап көрсететінін, ара-арасында тіпті ашық арандатуға барып, жала жабудан да тайынбайтынын КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясында сөйлеген сөзімде айтқанмын.

Басқасы аздай, сол кезде «зандар соғысы» деген де шықты. Басқа республикаларды былай қойғанда, РСФСР-дің өзінде КСРО зандарына қайшы келетін зандар қабылдана бастады. Ресейдегілер ол заң бойынша зейнеткерлердің бәріне жоғары төлем белгіледі. Ол ақшаның қайдан табылатыны ескерілген жоқ. Жаңағы шешімнің КСРО-ның басқа республикаларындағы халыққа қалай әсер ететіні қаперге алынған жоқ.

Сол кездегі дағдарыстың бар себебін қоғамдық жүйеге сүйей салуға болмайды. Дағдарыстың басты себебі үкімет жіберген қателіктерде еді. Елде дағдарыстан шығудың жолдарын ұсынған ақылды, ойлы экономистер мен саясаткерлер аз болған жоқ. Әттең, олардың көбінің орталыққа қажеті болған жоқ. Соған әлі күнге таң қаламын. Дағдарыстан шығудың басты жолы елде кәдуілгі тәртіп орнату еді.

Орталықтың нақты жағдаймен санаспауы, біліксіз қабылданған шешімдері Горбачев пен Ельциннің арасын тіпті ашып жіберді. Мен осы екі тұлғаның басы сыйыспауына кәдімгідей алаңдадым. Екеуінің де өзіндік әлеуеті жеткілікті болатын. Бір-бірін толықтыруға тиіс адамдар еді. Елге де керегі сол. Екеуі екі жаққа тартты да тұрды. Мен қолымнан келгенінше олардың ұстанымдарын жақыннатуға тырыстым. Горбачевпен де, Ельцинмен де ара-қатынасым жақсы еді. Талай рет үшеуlep отырып та сөйлескенбіз. Әне-міне тіл табысатында болады да қайтадан ерегес жолына түсіп кетеді. Сол тұста маған ол екеуінің қайсысына бүйрекіз көбірек бұрады дегендегей арандату сұрақтары да қойылып қалатын. Ондайда мен екі лидердің де саяси, адамдық қасиеттерін жоғары бағалаймын, әйтсе де олардың тіресуі тым алысқа кетіп қалды, енді тіл табысатын да сияқты, мұндай жағдайда мен мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз ететін жақты қолдаймын деген сыңайда барынша дипломатиялық тілмен жауап қайтаруға тырысатынмын. Ақыры, бұл тектепес әбден асқынды. Борис Николаевич жыл басында теледидардан тікелей эфирде сөз сөйлеп, М.С.Горбачевтің

ұстанымынан, саясатынан алшақтайтынын ашық айтып, оның отставкаға кетуін талап етті. Оның алдында мұндай талапты КСРО халық депутаты Сажи Умалатова айтқанын өзің де ұмытпаған шығарсың. Ол үндеуге 400 депутат қол қойған болатын. Горбачев беделінің мықтап түсіү сол кезден басталды.

— 1991 жылдың сәуір айында республикалық баспасөзде сіздің Италияның «Стампа» басылымына берген сұхбатыңыз жарияланды. Сізге: «1993 жылы, президенттік мандаты біткенге дейін Горбачев билікті қолдан шығарып алмай ма?» деген сұрақ қойылған. Ол сұраққа сіз: «Бұл оған байланысты. Менің ойымша, оның мүмкіндігі биыл тарылып тұр. Егер ол шешуші бетбұрыс жасаса, өкімет билігін қолына һыңқ ұстап, тұрғындар көңілінен шығатын бағдарламаны ұсынса, істі жүргізе бастаса, жеңіске жетер де. Олай болмаған жағдайда 1991 жыл ол үшін соңғы жыл болуы ғажап емес», деп жауап қайтарғансыз. Айтқаныңыз айдай келді. Бұлай де-генде сіз неге сүйендіңіз?

— Бұл менің көріпкелдігімнен емес. Оқиғалардың даму барысына талдау жасай келіп, сол кездегі үдерістерді ой елегінен өткізе келіп айтқаным. Одақтық биліктің елде-гі қоғамдық-саяси ахуалды бақылаудан шығарып алғаны 1991 жылдың басында көкірегінде көзі бар әр адамға ба-дырайып көрініп тұрған еді. Жаңағы Литвадағы жағдайға келейік. Вильнюсте қан төгілгеннен кейін ел жүртшылығы да, Батыс әлемі де Михаил Сергеевичтің не дейтінін күтті. Ел президенті парламентте өзінің ол оқиғадан «хабарсыз» қалғанын мәлімдеді. Мұны сол күндері Балтық бойына тез жеткен Ельцин өз беделін көтеруге жақсы пайдаланып кетті.

Жалпы, менің Михаил Сергеевич Горбачевқа көзқара-сым кітаптарымда да, көптеген сұхбаттарымда да жет-кілікті айттылған деп ойлаймын. Оның бүкіл әлемді дүр сіл-

кіндірген ұлы үдерісті бастап берген жаңандық ауқымдағы реформатор екендігі ешқандай талас туғызбайды. Горбачевтың шын мәнінде тарихи тұлға екендігін айтудың өзі артық. Қайта құруды қолға алуға Горбачевты ешкім мәжбүрлеген жоқ. Ол бұл істі елді өзгерту үшін, халықты өзгерту үшін, сананы өзгерту үшін, демократиялық қоғам құру үшін қолға алды. Бұл істі бастамағанда Горбачевтың елді кемінде он шақты жыл басқаратында мүмкіндігі болғаны рас. Сонымен бірге, Горбачевтың мұндай елді басқаруға шын мәнінде шамасы келмегені де рас.

Уақыт өтіп кеткен соң әр саясаткердің ісіне баға беру оңай. Бірақ, көп сарапшылардың сол кездегі ахуалдан сол саясаткердің жеке басын бөліп алып баға беруі дұрыс емес деп ойлаймын. Ал мен сол жылдары Горбачевтың да, Ельциннің де қасында, қызметтес болдым. Қателіктерін жеке кездесулерде де, мінберлерден де айтып жүрдім. Сондықтан менің берер бағамды сол кездегі айтылғандардың жалғасы деп бағалау қажет.

**– Горбачевтың үлкен елді ойдағыдай басқара алмауының себептері қандай деп ойлайсыз?**

– Себептері көп. Соның бірі Михаил Сергеевичтің өмірді, халықты онша білмегендігі сияқты. Горбачевтың СОКП Орталық комитетінің Бас хатшысы қызметіне келгенге дейінгі өмір жолын шолып қарасаңыз, оның ешқашан кедергілерге кездеспегенін көресіз. Өзі көп жылдар жұмыс істеген Ставрополье өлкесінде оған қыын түйіндерді шешүгे тұра келген жоқ. Пятигорск, Ессентуки, Железнодорск, Кисловодск сияқты курортты қалаларымен танылымал ол өлкеде Михаил Сергеевич Мәскеуден демалысқа келетін ел басшыларымен ұдайы кездесуге, өзін танытуға мүмкіндік алды. Комсомол, партия қызметтерінің сатыларынан өтті. Бірақ, экономикаға үңіліп түсіну қабілеті аз еді. Ал сөйлегенде алдына кісі салдырмайтын.

Қайта құруға кіріскең кезде Горбачев мұны қалай жүзеге асыратынын анық көз алдына елестетпеді деп ой-

лаймын. Бұл оның осындай ірі жұмысты қолға алғанда қандай бағыттарға басымдық бергенінен де көрінеді. Шын мәнінде, ашығын айтайды, қайта құру неден басталды? Ішімдікпен қрестен басталды. Солтүста Қазақстан Үкіметін басқарған адам ретінде мен алкоголь сатудан бюджетке қандай табыс түсіп отырғанын жақсы білемін. Одақ бойынша цифrlар да есімде. 1980-1984 жылдар аралығында ішімдік сатудан шамамен 70 миллиард сом кіріс түскен еді. Ол кез әр сомның доллардан әлдеқайда құнды кезі. Бұл шаруаға дәл осылайша науқанмен кірісердің алдында сол ақшаның орнын немен толтырамыз дегенді ойлау керек еді. Оның орнын толтыратын ештеңе жоқ болатын. Одан кейін мұндай науқанның халықтың негізгі бөлігіне қалай әсер ететінін ойлау керек еді. Ал халықтың негізгі бөлігі арақтың кезегінде сағаттап тұра бастағаннан-ақ, оны алыпсатардың қолынан анағұрлым қымбатқа сатып ала бастағаннан-ақ ол шаруаны қолға алған адамға, яғни Горбачевқа, сол арқылы қайта құруға іштей қарсы шыға бастайтынын ескеру керек еді. Оның ешқайсысы ескерілген жоқ. Тарихи тәжірибе де ойға алынбады. КСРО-ның алғашқы жылдарында бұрынғы «құрғақ заң» тектен-текке жойылмағанын, оны жоюға бюджет тапшылығы итермелегенін басшылық атымен білмеді деуге бола ма? Эрине, алкоголизммен құресу керек еді. Бірақ ол жұмысты нақты жағдаймен есептесіп, реалистік түрғыдан жүргізу керек еді. Спиртті ішімдіктерді сатуда бюджетке түсетін кірістің бір жылдың ішінде екі есеге азайып кетуі, сыра өндірісінің төрт есе құлдырауы, жүзім плантацияларының құртылуы, үйымдастқан қылмыстың алғашқы белгілері – ресейлік арақ мафиясының пайда болуы, спирт контрабандасының шығуы, бәрінен де бұрын ел халқының қолға алынған бастамалардың берекесіздігінен түнделуі – осының бәрі қайта құрудың бастапқы белесте-ақ сүрінуіне соқтырды.

Егер билік басындағы адам мәселенің мән-жайын өзі пайымдалап, түсініп алып, артын ойлап кіріспесе, төңірегінде кеңесшілер көбейеді. Олар айтты: Ресей халқы ішкіш болып кетті, сондықтан жұмыс істемейді, жануялар

бұзылып жатыр, үлтімұздың болашағы жоқ деді. Әсірепе бұған итермелеген Е.Лигачев болды деп ойлаймын. Негізінен олардың бұл айтқандары рас. Ал бұл шараның экономикаға қандай әсері болады? Оны ойламады. Демек, саясатты экономиканың алдына қойды.

– Рой Медведев өзінің кітабында тек осы сәтсіз науқанының өзінен ел бюджеті 1985-1990 жылдардың арасында құны шамамен 100 миллиард долларға тең ақша жоғалтты дегенді жазыпты.

– Бұл цифрға сенуге болады ғой деп ойлаймын.

– Горбачевтың «Жизнь и реформы» деген қос томдық мемуарынан мына бір жолдарды жазып алғып едім: «Как только не ругали начальство, а больше всех доставалось генсеку, которого по традиции было принято считать ответственным за все. Так я получил кличку «министральный секретарь»...

– Михаил Сергеевич экономикадағы басымдықтарды дәл айқындей алмады. Салған беттен жаңа технологиялар сатып алуға, жаңа қуаттарды іске қосуға ұмтылуға бағыт ұсталды. Әрине, кеңестік экономиканың өндірістік қуаттарының тозығы жеткені рас еді. Оларды ауыстыру керек еді. Әйтсе де, жаңа технологиялардың жаңа өнімдер бере бастаудың дейін көп үақыт өтетіні ескерілмеді. Ал кеңес еліндегі ең қыын мәселе азық-түліктің, тұрғын үйдің, тауарлар мен қызметтердің жетіспеуі, яғни халықтың материалдық әл-ауқатының төмендігі болатын. Бүкіл әлемде үлттық табыстың 70-80 пайызы тұтынуға жұмсалады, қалған бөлігі ғана қор жинауға бағытталады, ал бізде бәрі тәңкеріліп түскен еді. Шынтуайтында, адамдарға керегі миллиондаған тонна мұнай да, болат та, көмір де емес, солар арқылы келетін тұрмыстық жақсылықтар: жақсы пәтер, жайлы көлік, жарасымды киім ғой. Кедейлік жағдайында жариялыштың өзі көңіл

толмаушылықты күшайте түсетіндігі де ескерілмеді. Демократияның дамытылу қарқынында да асығыстық орын алғаны анық. Демократияландыру үдерісінде шектен шығудың қатері ерекше. Горбачевтың қайта құру саясатының сәтсіздігі – саясатты экономиканың алдына шығарудың қандайлық зардаптарға соқтыратындығының айқын айғасы.

Негізінде саясат Горбачев үшін белгілі бір дәрежеде мақсаттың өзіне айналып кеткендей де әсер қалдырады. Мысалы, шын мәнінде, Горбачев басты қарсыласы ретінде Ельцинді қолдан жасап алды десе де болады. Ельцинді сонау Сверловскіден Орталық комитетке алып келді. Экелме дегендерді тыңдамады. Ельцинді Мәскеу қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне қойып, кейін оны босату жөнінде шешім қабылдады. Ельциннің қызметтен кетуге өтініш жазғаны белгілі. Оны қарауды Горбачев келесі пленумға қалдырған. Сол пленумда Ельцин қайта құрудың қарқыны жөнінде болмашы ғана сын айтқан. Бітіл тұрған пленумды әрі қарай жалғастырып, жиырма шақты адамды сөйлеткен, Ельцинді қайта құрудың басты қарсыласындей етіп шығарып, одан күрескер жасаған Горбачевтың өзі. Ақиқатын айтсақ, депутаттық сайлауда да, президенттік сайлауда да мәскеуліктер болсын, жалпы ре sei ліктер болсын Ельцинге емес, Горбачевқа қарсылығын таныту үшін дауыс берді деп ойлаймын. Сайлау демекші, Горбачевтың тағы бір қателігі қайта құрудан жүрт үміті үзілмей тұрған кезде, демократиялық өзгерістерден көп нәрсе күтіп тұрған кезде президенттікке бүкілхалықтық сайлау жолымен сайланып алынбағандығы. Бұл ұсынысты да біздер талай айтқан едік. Мұның зардабын ол кейін көп тартты. Әсіресе, барлық республикаларда президенттік сайлаулар бүкілхалықтық дауыс беру жолымен өткеннен кейін ондай мандатты депутаттардың қолынан ғана алған Горбачев билігінің легитимдігіне едәуір сыват түсті. Оны өзіміз нақты сезінетінбіз.

Ол әртүрлі лагерлердің арасында арлы-берлі жүрүмен болды, басы қосылмайтын нәрселердің басын қосуға,

өзіне атымен қарсы адамдарды қалайда өз жағына тартуға тырысты. Сөйтіп, ақыр аяғында, оны оң жағындағылар да, сол жағындағылар да тастап кетті, ең жақын тартқан адамдары тіпті сатып кетті. Адамның тұлғасының тұтас болмауы әрқашан осындағы жағдайға жеткізеді. Кез келген басшы дербес, батыл болуы керек, ал КСРО-дай алып елдің басшысына мұндай қасиет аудадай қажет еді.

Горбачев Кеңес Одағының бұрынғы қалпында тұра алмайтынын ақыры толық түсінбей-ақ қойған сияқты. Олай болуы үшін әкімшілік және жоспарлы экономика қажет еді. Олар күйреді. Басқасын былай қойғанда, КСРО-дай алып елді бір орталықтан басқару ендігі жерде мүмкін еместігі анық болатын. Мен жаңарған Одақтың ендігі жерде федерация күйінде қала алмайтынын әу бастан-ақ ескерткенмін. «Өтіп кеткен уақыттың соңынан қууымыз жететін шығар» деп КСРО Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс сессиясында да сөйлегенмін. «Ешкімнің де қиялға берілмеуі керек екенін атап көрсеткім келеді. Қазақстан ешқашан да бірде бір аймақтың «айыл-тартпасы» болмайды, ешқашан да оның «кіші інісі» болмайды», деп те басын ашып айтқанмын. Ал Горбачев тіпті Украина өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін де бұрынғы Одақты реформалау, орталық пен республикалар арасында жаңаша қарым-қатынас орнату жөнінде ғана айтумен болды. Кеңес Одағы ең әрі барғанда конфедерация түрінде ғана сақтала алатын еді. Горбачев конфедерация идеясын да қолдамай, ақыр аяғында федерациядан да айрылды. Біз ел бірлігін одақты қалайтындармен болса да сақтап қалғымыз келген еді. 1990 жылдың аяғына қарай жаңа одақты құруға тек 4 республика дайын тұрды. Оның белортасында Ресей бар. Мен Горбачевқа осылай бірікsec бізді қолдайсыз ба, кейін ол одаққа кімдердің қосылатынын көре жатармыз дедім. Михаил Сергеевич тіпті көнбей қойды. Ол республикалардың бәрін де ұстап қаламыз, бәлкім, Балтық бойындағылар да әлі райынан қайтар дегенді айтты. Ново-Огареводағы келіссөздер со-лай басталған еді.

– КСРО халық депутаттарының 1989 жылдың көк-темінде өткен бірінші съезінен кейін сіздің бүкіл ел көлемінде беделіңіз барынша биіктегені белгілі. Бүкіл-одақтық «Диалог» журналы «Жыл саясаткері» конкурсына жүргізген сауалнамада сіз бірінші орынға шыққансыз. Сауалға жауап берген оқырмандардың 40 пайызы сізді атаған еді. Ельциннің көрсеткіші 36 пайыз. Горбачев тек 18 пайыз алған. Сондай қолдауға ие болған Одақтың тарауы жаңыңызды жабырқатуға тиісті сияқты. Әлде олай емес пе?

– Қазақстанның мемлекеттік егемендігі жөніндегі декларацияны қабылдаған Жоғарғы Қеңес сессиясында мен егемендік пен демократия туралы айтқанда абсолютті егемендік те, абсолютті еркіндік те, абсолютті демократия да болмайтынын ескерткен едім. Әлемдегі мемлекеттердің бәрі бір-біріне тәуелді, бірінен-бірі ақша алып, бір-бірімен сауда жасайды, сондықтан реттегіш тетіктерді қолданады. Эйфорияға салынудың қажеті жоқ. Мына дүниеде бәрі де өзара байланысты. Мені одақтық мемлекетті сақтап қалғысы келді дегеннен гөрі жаңа одақтық мемлекетті құрғысы келді деген дәлірек болады. Оның үстіне Қазақстанның бөлекше бітімін де ескеру кепрек. Экономиканың өзіндік сипатына, республиканың геосаяси жағдайына, поліэтностық құрамына байланысты қазақстандықтар одақтық мемлекеттің аясындағы біртұтас экономикалық, әлеуметтік және өмірлік кеңістіктің жойылуын өзге өңірдегі түрғындардан өткірлеу сезінетіндігін ойламау мүмкін емес еді. Ол кезде Қазақстан түрғылықты халқы көпшілік болып табылмайтын жалғыз республика екенін үмітпаған жөн. Оның үстіне біз жаңа Одақтық Шартты Мемлекеттік егемендік туралы декларацияны нақты мазмұнмен толықтырудың жақсы жолы деп білдік. Ең бастысы – Одақ сақталмаса жетпіс жылдан астам үақыт бойы қалыптасқан шаруашылық байланыстарының быт-шыты шығатыны, негізінен шикізат өндіруге бейімделген Қазақстан экономикасының тығырыққа тіре-

летіні анық болатын. Дәл солай екеніне кейіннен көзіміз жетті де. Сондықтан да біз мүмкіндігінше орталық пен республикалардың жаңаша қарым-қатынасын қалыптастыруға күш салдық. Әсіресе, Орталық Азия мен Қазақстанның жағдайы нашар еді. КСРО халық депутаттарының бірінші съезінде сөйлеген сөзімде мен ведомстволық өктемдік әлемдікрынокта сұранысқа ие минералдық ресурстарға бай біздің республикамыз әлеуметтік дамуда қатты артта қалғанын, экологиялық дағдарыс шегінде тұрғанын айтқанмын. Үйдис-аяқ дүкеніне кіріп кеткен піл сияқты дәкір әрекеттерімен одактық министрліктер Аралдың түбіне жетіп тынды дегенмін. Өзім құрмет тұтатын Николай Иванович Рыжковты да қатты сынға алғанмын сонда. Горбачевтың үзіліс кезінде маған келіп: «Нұрсұлтан, бұл не істегені? Енді мен Рыжковты Үкімет төрағалығына қалай ұсынамын? Құлатып жіберуі мүмкін...» дегені бар. «Ол іске өзім көмектесемін» дедім де, Рыжковтың кандидатурасы дауысқа салынатын кезде сөз сұрап, сын іске жәрдемдесу үшін айтылады, сын айтылған сайын адамдардан бас тарта берсек, талай нәрсені бүлдіреміз, сондықтан Үкіметтің жұмысына салиқалы баға бергеніміз жөн болады дедім. Рыжков Үкімет төрағалығына сайланды. Өкінішке орай, ол қайта құру барысында өзін қалыптастырған жүйенің ықпалынан шыға алмай-ақ қойды. Біз, республикалардағы үкіметтер басшылары, Мәскеуде өзара кездесіп қалғанда Рыжков республикаларға «Уралмаштың» цехтарындей қарайды дейтінбіз.

— Рыжков кейіннен сіз жөнінде жылы пікірлерін жіп айтып жүрді.

— Білемін. Іске жаны ашитын, адаптацияның, адал азамат қой. Жағдайды түзеуге деген ниеті де жақсы еді. Көп жылдар «Уралмаш» сияқты алып өндірісті басқарды, Госпланда орынбасар болды. Нарыққа көшүге батылдығы жетіспе-

ді. Бұрынғы жүйеге бейімделген адам, сол жүйеден басқа жол жоқ деп ойлады. Барлық қынышылықты жасап отырған егемендікке бет бұрған республикалар деп білді. Осы бағытта ол әмір бойы қалды. Ондай позициясын сыйлаған жөн болар.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Мен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен ол Қазақ ССР Министрлер кеңесін басқарған кезде де, кейіннен, республиканы басқарған кезде де бірге жұмыс істедім. Сондағы кездесулер барысында-ақ менде оны үлкен саяси болашақ күтіп тұр деген көміл сенім қалыптасты. Байсалды, ұстамды мәнері, әңгімедегі ең басты нәрсені қас-қағым сәтте қағып алып, даралай қоюы, алғыр ақылы, ой-өріс көндігі, шығыс адамдарына тән дарқандығы – Нұрсұлтан Әбішұлын елден ерекшелеп тұратын қасиеттерін осылай жалғастыра беруге болады. Бұған республиканың экономикалық және әлеуметтік проблемаларын тамаша білетіндігін қосу керек, бұл оған ең күрделі мәселелерді де тиімді шешуге дәйім мүмкіндік беретін».

Николай РЫЖКОВ,

«Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев.  
Казахстан – Россия. Стратегия вечной дружбы». М.,  
2000, 21-бет.

– Нұрсұлтан Әбішұлы, бері қойғанда 1990 жылдан бастап одақтық парламенттің депутаттары арасында да, партия басшылығында да, мемлекеттік құрылымдарда да сізді елдегі ең жоғары лауазымды қызметтердің біріне ұсыну мүмкіндігі қаралғанын бәріміз білеміз. Мен сол тұста Орталық комитетте сектор менгерушісі болып жұмыс істегенмін. Мәскеуге іссапарға барып қайтқан адамдар сондай әңгімелердің шетін шығарып келген-

де бір жағынан ел үшін мақтанып, бір жағынан ел үшін аландаң та жататынбыз. Бұл жөнінде әртүрлі кітаптарда аз жазылмаған. Эйтсе де, осының жай-жапсарын өз аузыңыздан да естігім келеді.

– Басшының беделін елі көтереді. Желтоқсан оқиғасынан кейінгі сүмдық сынақта біздің халқымыз өзінің бойындағы бар жақсы қасиеттерін танытты. Республика жүртітатулығын сақтап қалды. Жаңа шаруашылық қарым-қатынастарын орнатуда да біз басқа өнірлерден гөрі икемділік таныта білдік. Нарыққа көшүдің алғышарттары жасала бастады. Кадрларымыздың дайындығы да негізінен көңілдегідей екендігі көрінді. Одақтық алқалы жиындарда, съездер мен сессияларда Қазақстанның үні жарқын шыға бастады. Тек Қазақстанның емес, басқа республикалардың мұң-мұқтажын да жасырмай, ашық айтып жүрдім. Осындай-осындай жағдайлардан ұлтаралық татулықты басқа республикалардың бәрінен берік ұстап отырған, жаңа экономиканың белгілері өзгелерден көбірек көрініп отырған елдің басшысына бөлегірек назар аударыла бастады ғой деп ойлаймын. Оның үстіне мен әр үақытта экономикалық ынтымақтастықтың қажет екенін, интеграция заман талабы екенін, қалыптасқан адами қатынастарды сақтау қажет екенін де айтып жүрдім.

– 1991 жылдың З қаңтарында Горбачев өткізген мәжілісте Үкіметтің жаңа басшысы жөнінде әңгіме қозғалыпты. Евгений Примаков пен Вадим Бакатин ол қызметке сіздің кандидатураңызды ұсыныпты. Леонид Млечин «Назарбаев. Групповой портрет с президентом» деген кітабында: «Тогда вопрос отложился. Но в июле решение было принято» деп жазады. Жыл басында бұл мәселе неге кейінге қалдырылды?

– 1990 жылғы желтоқсаны айында Жоғарғы Қоңес депутаттарының талаптарымен Н.И.Рыжков орнынан ке-

туге мәжбүр болды. Сол кездерде Президенттік кеңес болашақ Премьердің кандидатурасын қарауға кірісті. Бұл Кеңеске одақтық және автономиялық республикалар басшылары мүше болды. Сондай бір Кеңес отырысы кезінде Үкімет басшысы етіп кімді тағайындаимыз деген сауал қойылды. Жаңа аталған адамдармен бірге М.Шаймиев мені қолдады. Мен егер Үкімет төрағалығына кірісетін болсам, онда ең алдымен барлық республикаларда болып шығуым керек, олардың парламенттерінің осы тағайындауға келісімін алуым керек, экономикалық реформаларды алаңдаусыз жүргізетіндей кең өкілеттілік қолыма берілуі керек, осындай өкілеттіктермен ғана мұндай жұмысқа кірісуім мүмкін дегенді айттым Горбачевқа. «Егер республикалар менің тағайындауымды қолдаса, онда бірқатар шұғыл шараларды қабылдауыма тұра келеді. Үкімет басшысы ретінде бүкіл экономикалық саясатты бір қолда ұстауым керек», дегенді де айттым. Михаил Сергеевичтің түрі өзгеріңкіреп кетті. «Сонда мен немен айналысамын?», деді. «Сіз халықаралық мәселелермен айналысасыз», дедім. Ол кісі үнсіз қалды. Әрине, Горбачевтың өз өкілеттігін өз қолымен шектеуге келіспейтіні белгілі еді.

– Млечиннің «Но в июле решение было принято» дегенін қалай түсінуге болады?

– Саяси дағдарыс күшейген үстіне күшейе берді. Одақтық биліктің әлсіздігі Горбачевты елді сақтаудың жолын референдум арқылы шешуге итермеледі. Бүкілхалықтық референдумға «КСРО-ны тәң құқықты егемен республикалардың жаңарған федерациясы түрінде сақтауды жақтайсыз ба?» деген түрғыда сұрақ шығарылды. Орасан қыыншылықты басынан кешіп жатқан ел енді Одақ ыдырасы не боламыз деп қорықты. Ел халқы наурызда өткен ол референдумда, әрине, одақты сақтауды жақтады. Неге «әрине» деп айттып отырмын? Олай дей-

тінім, басқарудың авторитарлық пішініне құрылған елде консерватизм басым болады. Адамдар қалыпты жайдың өзгермегенін қалап түрады. Сонымен бірге, КСРО-ға кірген республикалардың халқы бірлікті, ортақ Отанды сақтауды жақтағаны да анық. Әйтсе де, Горбачев осы референдумды өткізу арқылы үтті ма, үтылды ма деген сұрақ қояр болсақ, мен негізінен үтылды дер едім. Неге? Себебі, РСФСР-дың Жоғарғы Кеңесі референдумға «Сіз бүкілхалықтық дауыс беру жолымен РСФСР президенті қызметі енгізілуін қажет деп санайсыз ба?» деген ынғайдағы тағы бір сұрақ қосуға қол жеткізді. Ресейдегі референдумға қатысушылардың басым бөлігі бұған қолдау білдірді. Горбачев билігіне Ресей басшылығы тарарапынан орасан мықты соққы жасалды. Одан кейін Ресейде президент сайлауы өтті. Ельцин жеңіске жетті. Сайлау алдында елді аралау кезінде Ельцин болашақта Ресейдің одақтық құрылымдардың бәрінен, одақтық министрліктердің бәрінен бас тартатынын мәлімдеді. Ельцин одақтық деңгейге тек Қорғаныс, Қатынас жолдары және Атом энергетикасы министрліктерін ғана қалдыруға келісетінін айтты. Жалпы, Ресейдің халықаралық қатынастар субъектісі ретіндегі тәуелсіздігін жақтады. 1990 жылғы 12 маусымда (КСРО ол кездे әлі тірі) Ресей өз тәуелсіздігін жариялады. Кімнен? Б.Ельциннің ойында өз басы М.Горбачевтан тәуелсіз болғысы келді. Осының бәзбіреулер пайдаланды.

Ас бөлмеде жұбайлар ұрысса, жанұя ажырайды. Компанияда менеджерлер таласса, ол банкрот болады. Ал мемлекет басшылары (элита) таласқа түссе, мемлекет ыдырайды. Құриды. Юлий Цезарьды өлтіргендер кейіннен қатесін білді, опық жеді. Ал империя әлсіреп, жойылу жолына түсті емес пе?

Көктем, жаз бойы жаңа Одақтық Шарттың төңірегінде дау-дамай қызып жатты. Сәуірде Ново-Огаревода тоғыз республика басшысының КСРО президентімен кездесуі болды. Республикалар нақты құқықтар мен өкілеттіктер талап етті, орталық болса биліктің бар тетіктерін өз қолында қалдыруға жанталасты. Ақыр аяғында елдегі әлеуметтік-

экономикалық және саяси ахуалды тұрақтандыру жөніндегі шаралар туралы ортақ хаттамаға қол қоюмен тарадық. Онда Одақтың жаңа Конституциясын талдап-жасау жөнінде айтылды. Эйтсе де, ол кезде Қеңес Одағының енді қандай мемлекет болатыны жөнінде ортақ бір тұжырымға келген жоқпыз.

Одақтың шартқа қатысты мәселелерге одақтың республикалардың құрамындағы автономиялардың да араластырылуын (А. Лукъяновтың ұсынысы бойынша) Горбачевтың республикалар позициясын әлсірету амалы деп қарайтындар дұрысын айтты ғой деймін. Кейіннен мұның зардабы көп болды. Әсіресе, Ресей үшін. Автономиялардың мәртебесін республикалар деңгейіне теңестіру арқылы ендігі жерде федерациялық республиканың өз ішінде егемендік үшін күрес басталды. Оның аяғы неге соқтырғанын білесің.

Одақты сақтау, жаңа мәртебесін айқындау, құрылымын анықтау мәселелерінде Горбачев пен Ельциннің ұстанымдарын жақыннату жөнінде талай әрекет еткенімді бір сөзімде айтқанмын. Сондай бір кездесуіміз шілденің аяғында өтті. Леонид Млечиннің айтып отырғаны сол кездесу. Бұл кездесу құпия түрде өтті.

Біз күні бойы, одан кейін түннің бір үағына дейін көп мәселені талқыладық. Мынандай жоспар жасалды. Одақтың шартқа қол қойылғаннан кейін іске батыл кірісуге бекіндік. Жаңа Конституция қабылдануын қутіп жатпай-ақ ел президенті сайлауын өткізуге, жаңа парламент, жаңа үкімет құруға үағдаластық.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Шілденің дәл аяғында, мен демалысқа кетердің алдында Ново-Огаревода Ельцинмен және Назарбаев-пен кездестім. Әңгіме Одақтың Шартқа қол қойылғаннан кейін қандай қадамдар жасайтынымыз жөнінде болды. Шарттың республикалар үшін де, Одақ үшін де жасайтын мүмкіндіктерін барынша пайдалануға келістік. Кадрлар

туралы әңгіме қозғалды. Эрине, алдымен Егемен мемлекеттер одағының Президенті туралы сөз болды. Ельцин бұл қызметке Горбачевты ұсынды. Пікіралысу барысында Назарбаевты Кабинет басшылығына ұсыну жөнінде ұсыныс туды. Ол егер одақтық Кабинеттің дербес жұмыс істеу мүмкіндігі болса, бұл жауапкершілікті өз мойнына алатынын айтты. Атқарушы биліктің жоғарғы эшелонын едәүір жаңарту – премьердің орынбасарларын, әсіресе, түйінді министрліктердің басшыларын ауыстыру қажеттігі жөнінде айтылды. Язов пен Крючковтың зейнетке шығуы керектігі жөнінде мәселе қозғалды. Әлі есімде, Ельцин бір түрлі тынышы кетіп отырды: тап жанында біреу тың тыңдал түрғандай. Тынышы кеткені сондай, ол тіпті бірнеше рет дәлізге шығып, жан-жағына қарағыштап та келді».

Михаил ГОРБАЧЕВ,  
«Жизнь и реформы». 2-кітап. 556-557 беттер.

– Ельцин «Записки президента» деген кітабында Ново-Огареводаты кездесу кезінде конфиденциалды әңгіме тұсында жүргегі бір жамандықты сезгендей болғанын жазады. Кейіннен ұшеуініздің сол әңгіменізді Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің қызметкерлері жазып алғаны анықталған. Сізде ондай қауіп сезімі болған жоқ па?

– Ельцин жаңағыдай күдігін айтқанда Горбачев: «Ты что, Борис? Да брось ты!» деп тыйып тастаған еді. КСРО-дай елдің президенті өзі үйымдастырып отырған құпия кездесудің қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайды деп кім ойлаған? Горбачевтың өзі де Ельциннің әлгі қаупіне қатты шамданып қалды. «Осындаиды қалай ойлай аласыздар? Мен – Кеңес Одағының президентім», деп кесіп айтты. Түбінде Ельциннің күдігі дұрыс болып шықты.

– Кадрлық өзгерістер жөніндегі ұсынысты кім енгізді?

– Ельцин. Ол президентке егер сіз жаңарған федерацияға үміт артсаңыз, ондай федерацияға республикалар айналаңызыдағы жексүрын тұлғалардың кейбіреуінен құтылсаңыз ғана кіреді деді. КГБ тәрағасы Крючков болып қала берсе, Қорғаныс министрі Язов болып қала берсе, Одақтың жаңарғанына кім сенеді дегенді де айтты. Мен өз тарапымнан Ішкі істер министрі Пugo мен Мемлекеттік телерадио комитетінің тәрағасы Кравченконы міндетті түрде ауыстыру керек дегенді қостым. Янаевтан қандай вице-президент шықпақшы деп те айттым. Горбачев Крючков пен Пугоны ауыстыруға бірден-ақ үәде берді. Пікір алысу барысында сол кездегі премьер-министр Валентин Павловты ауыстыру керектігіне үшеуіміз де келістік. Ал енді өзің ойлан. Осы аталғандардың бәрі 20 күннен кейін «Төтенше комитетке» (ГКЧП) кірген жоқ па? Олар жеңсе, бізді аямасы хақ еді.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Горбачев «Ол қызметке кімді лайық көресіздер?» деп сұрады. Мен Нұрсултан Назарбаевты ұсындым. Горбачев әуелі таңданып қалды, одан кейін осы нұсқаны тез бағалады да, келісетінін айтты. «Басқа кандидатуラларды 20 тамыздан кейін талқылаймыз» деп әңгімені бітірді. Ол кездесу солай болған, менің ойымша, біз үшеуіміз үағдаласқан жайларды жүзеге асырғанда көп нәрсе басқаша болар еді. Тарихтың тіпті басқаша жолмен жүріп кетуі мүмкін еді. Арада біраз уақыт өткеннен кейін мен КСРО Президентінің, Ресей Президентінің және Қазақстан басшысы әңгімесінің қағазға түсірілген нұсқасын өз көзіммен көрдім».

Борис ЕЛЬЦИН,  
«Записки президента», 56-57-беттер.

«1991 жылдың 20 тамызында жаңа Одақтық шартқа қол қойылады деп белгіленуі консерваторларды шешімді әрекеттерге итермеледі, өйткені келісім СОКП басшылығын нақты биліктен, қызметтер мен артықшылықтардан айыратын еді. М. Горбачевтың Б.Ельцин мен Қазақстан Президенті Н.Назарбаевпен МҚҚ төрағасы В.Крючковқа белгілі болған құпия уағдаластығы бойынша, шартқа қол қойылғаннан кейін КСРО премьер-министрі В. Павловты Н. Назарбаевпен алмастыру ойластырылды. Қорғаныс министрін, Крючковтың өзін, басқа да бірқатар жоғары лауазым иелерін осындай тағдыр күтіп тұрды».

*«Сто великих событий XX века»,  
М.Вече, 2006, 455-456-беттер.*

– Кеңес Одағының соңғы жылдары жайында жазылған кітаптардың бәрінде де сізге КСРО вице-президенті қызметі ұсынылғаны жайында айтылады. Горбачевтың кітабында: «Назарбаев туралы ойладым, бірақ оның орнын Қазақстанда баса алатын адамды таппадым. Ойлануға уақыт қалмады, сол кезде Янаев «қолғатусе» кетті. Қатты қателескен жерім сол!» («Жизнь и реформы», 2-кітап, 532-бет) деген жолдар бар.

– Бұл мәселе әбден айтылған, жазылған. Жоғарғы Кеңес отырысында менің кандидатурамды одақтық республикалар, автономиялардың көпшілігі ұсынғаны рас. Егер мен дауысқа салу тізімінен өз фамилиямды өз еркіммен алmasам, өтіп те кетер едім. Оның үстіне мен М. Горбачевтың бұл лауазымға іштей Янаевты жақтайдынын билетінін. Мәселе маған ол қызметтің ұсынылуында немесе менің ол қызметке келісу-келіспеуімде де емес. Мәселе алдымен сол қызметтің керекті немесе керексіздігінде. Маған «Правда» газеті 1990 жылдың аяғында сол қызмет жөнінде нақты сұрақ қойған. Мен ол сұраққа нақты жауап қайтарғанмын. Президенттің көмекшісіндей көретінімді

айтқанмын. Ол орынға Украина компартиясының жетекшісі Гуренконы ұсынғаным бар.

ДӘЙЕКТЕМЕ:

« – Бірқатар депутаттар сіздің кандидатураңызды вице-президент қызметіне ұсынбақшы. Сіздің бұған көзқарасыңыз қалай?

– Сол вице-президенттің не үшін керектігін білмеймін. Егер біз Федерация кеңесін елдің ішкі және нағыз өміршен, пәрменді орган етіп құратын болсақ, егер Федерация кеңесінің шешімдері барлық аумақтарда міндетті етілетін жарлықтармен ресімделсе, онда вице-президент немен айналысады? Егер оған Конституцияны өзгерту жобасындағы рөл тисе, онда бұл кезекті көмекшілік қызмет. Мен өзімді ондай құрылымда елестете алмаймын».

*Нұрсұлтан Назарбаевтың сұхбатынан,  
«Правда» газеті, 1990 жылғы 24 желтоқсан.*

– Сізді сонау 1990 жылдың басында-ақ одақтық депутаттар КСРО Жоғарғы Кеңесі төрағалығы қызметіне де ұсынған еді ғой? Ол кезде өз кандидатураңызды неге алып таstadtыңыз?

– Мына жағдай естен кетпейді. Біз президиумдамыз. Залда отырған депутаттардың үміті менде болып, кандидатураңызды алмаңыз деп жаппай үнсіз қолдарын бұлғағаны. Оны Горбачев та, бәрі де көріп отырды. Үңғайсыз болды деп ойладым. Ондай қолдаудан қай саясаткер бастартады? Горбачевтың ол орынға өзінің студенттік жылдардан келе жатқан досы Лукъяновты тықпалап жатқанын бүкіл депутаттар көріп отырды. Мен ол қызметке тіпті де ұмтылған жоқпын. Бұл арада да мәселе нақты адамда емес. Мәселе тіпті сол қызметте, сол лауазымда

да емес. Мәселе тарих тегершігінің қалай қарай айналуға ауысқанында. Ашығын айтсақ, осы аталған қызметтердің бәрі де шынтуайтында баянсыз болатын. Баянсыз болатыны – сол кездің өзінде қайта құру идеясының толықтай қүйреп біткені кеудесінде сәулесі бар әр адамға-ақ айқын еді. Елдегі жағдай жақсару тұрмақ, бұрынғыдан да нашарлай түскенін әркім көріп отырды. Мемлекеттің ыдырауға түсу қаупі де көріне бастады. Ең қыныны, ең қатерлісі осы еді. Негізінде, қай заманда да империялардың тарауы тұрмақ, кез келген елдің бөлінуі де қанды оқиғаларға үласып жататын. Күні кеше Югославияның көз алдымыздың қызыл қанға қалай бәккенін бәріміз көрдік, жаңымыз түршікті. Одақтың ыдырау үдерісін бетімен жіберіп алғанымыздың біздің алдымыздан да сондай апаттың шығуы әбден мүмкін еді. Оның үстіне КСРО-ның көптеген республикаларында ұлтаралық қатынастар да ушыға бастаған болатын. Абырой бергенде, кешегі кеңестік кезеңде халықтар арасында қалыптасып ұлгерген достық қатынастарының арқасында біз ондай апатқа ұрынбадық. Осындай тұста мен ең алдымен Қазақстанның тағдыры туралы, өз халқымның ертеңті күні туралы ойлануға, толғануға тиісті едім. Экономикаға қолайлы жағдай жасалуы үшін, еліміздегі көпұлтты жүртшылықтың тыныштығы үшін КСРО-ны қайта өзгертіп қалыптастыруға, оны шын мәніндегі егемен елдердің еркін одағы ретінде жаңаша құруға қолдан келгенінше әрекет еттік. Бұл саясаттан біз үттік. Себебі, ешкім бізге ішімізде де, сыртымыздың да айып таға алмады. Өз тәуелсіздігімізді дау-дамайсыз жарияладық. Әрине, әуелде біз де республикалар күшті болса, одақ та күшті болады дегенді көпке дейін үстанып келдік. Бірақ бара-бара мұның мүмкіндігі болмауға айналды. Ең таң қаларлығы – сепаратистік қадамдарды партияның өзі бастағандығы! Жетпіс жыл бойы өзінің компартиясының өмір сүріп келген Ресейге аяқ астынан дербес партия керек бола қалды. Осы үдерісті Горбачевтың өзі қолдады.

ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Таңқаларлығы сол – дәл осы бетбұрысты жыл Назарбаевты бүкілодақтық ауқымдағы саясаткер ретінде ашты. Оның үлттық проблемаларға деген сындарлы көзқарасы «халықтар достығы» туралы жүрттЫ мезі еткен әнді ыңырысі созған коммунистік консерваторлардың үстанылмадарынан және үлт үшін ұрандауға шыққан неше түрлі экстремистердің (армян, Балтық бойы, украин) үндеулерінен әлдеқайда өзгеше болды. Мұндай жағдайда үлттық картаны ойнату арбауына берілу ете оңай еді, бірақ табиғи сарабдал ойшылдығы, саяси тәжірибесі мен жеке басының парасаттылығы Нұрсұлтан Назарбаевтың зиянды үлтшылдықтан бастартуына кепілдік берді. Осы жолға түскен тәжірибесі аз саясаткерлер билікті, ал кейде әмірлерін де жоғалтты – Эзербайжанда Елшібай, Грузияда Гамсахурдия, Украинада Кравчук. Айтқандай, үлтшылдық толқынында көтерілген осына қарраткерлерінің бірде-бірі Кеңес Одағы ауқымында елеулі тұлғаға айналған жоқ. Оның есесіне тек 1990 жылдың басындаған шында панамал болған Назарбаев теледидарлар экраны мен баспасөзде күндіз-түні жалт-жүлт етіп көзге түскен көптеген саясаткерлердің танымалдығын артқа таставды. Сол кездे социологтар Кеңес Одағының азаматтарына «Кімді 1990 жылдың адамы деп атауға болады?» деген сұрақ қойғанда, жауаптар мынадай түрде бөлінді:

Ельцин – 41%,  
Горбачев – 22%,  
Тэтчер – 18%,  
Буш – 9%,  
Коль – 6%,  
Назарбаев – 3%,  
Саддам Хусейн – 1%.

Саясаттың авансценасына әндіған шыққан адам үшін бүл ете тамаша нәтиже. Өйткені, осы тізімдегі Назарбаевтың «қарсыластары» үлкен саясатта жылдар, кейде тіпті ондаған жылдар бойы жүрген адамдар. Ал отандық ауыр салмақтылар арасында оның алдына тек Ельцин мен Горбачев қана түсе алды».

Сергей ПЛЕХАНОВ,  
«Не шелковый путь», М., «Международные отношения»,  
2015, 217-218-беттер.

– Татарстанның сол кездегі президенті Ментимер Шаймиевтің «Назарбаев премьер-министр болғанда біз Одақты сақтап қалар едік» деп жазғаны бар екен. Бұған не айтасыз?

– Чеховтың бір кейіпкері «Этого не может быть, потому что этого не может быть никогда» деген. Болмайтын нәрсе болмайды. Кеңес Одағы атты ол мемлекет ең алдымен идеологиялық негізде құрылған еді. Тым ауқымды еді. Динозаврлардың алапат үлкендігі сын сағатта олардың мықтылығы емес, әлсіздігі болып шыққан жоқ па? Кеңес Одағының күйреуін қайта құрудың сәтсіз жүргізуімен, Горбачевтың басшылық әдістерінің әлсіздігімен, славян республикаларының сепаратизмімен, Батыстың ықпалымен, басқа да көптеген себептермен түсіндіре салуға болмайды. Кеңес Одағының күйреуі – жалпы империя атаулының табиғатынан туындағытын зандағы қорытынды. Эрине, әртүрлі жағдаяттар сәтімен қабыса келгенде Кеңес Одағының сондай мемлекет түрінде өмір сүруін үзарта түсуге де болар еді. Оған менің үлес қосуым да мүмкін еді. Бірақ, тарихтың өзінің даму зандалықтары бар. Сондықтан мен ол мемлекеттің тарар тұсында өзіме ұсынылған қызметтерде жұмыс істеуге тұра келмегенін тағдырдың маған жасаған бір жақсылығы деп білемін. Ең қызын, ең күрделі кезеңде бар қажыр-қайратым, бар білік-білімім Қазақстанның мемлекеттік мұддесіне бағытталғанына разылық білдіремін.

– Нұрсұлтан Әбішұлы, Кеңес Одағының үлкен қантөгіссіз тарағаны бәріміздің бағымыз. Дегенмен, оның финалында да драмаға толы беттер бар. Енді 1991 жылғы атақты тамыз бүлігіне қарай ауыссақ деймін. Сонымен, Горбачев, Ельцин үшеуініздің құпия әңгімелеріңіз жазылып алынып, тасқа басылып, КГБ басшысы Крючковтың алдына жетті. Сіздер үшеуара әңгімеде Одақтық шартқа қол қойылғаннан кейін премьер-министрден бастап, әлеуетті құрылымдардың бәрінің бас-

шылары ауыстырылатынын ойластырдыңыздар. Дәл сол адамдар түгелдей дерлік, өзініз айтқандай, бірнеше күннен кейін құрылған Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитеттің құрамына кірді. Ельцин құпия кездесдегі әңгіме тамызда атылған мылтықтың шүріппесін басуға итермеледі деп жазды. Сіз осыған келісесіз бе?

– Кез келген оқиғаға бір нәрсе түрткі болуы керек. Құпия әңгімеміздің КГБ басшысына жетуі ондағы жоспарларды орындараптауға итермелеге көкейге қонады. Бірақ бұл түрткі ғана. Негізінде, КСРО-дай елдің тарауы тым жаймашуақ жүзеге асуы мүмкін де емес еді. Сондықтан, егер нақты қарасақ, ақыры болмай қоймауға айналған үдерістің тездеуіне осы оқиғаның қозғау салуы ненің не еkenін, кімнің кім еkenін айқындауға да мүмкіндік бергенін айтуда тиіспіз.

Жалпы, ГКЧП бұлігі арада жиырма жыл өтсе де, талай кітап жазылса да әлі күнге ақиқаты толық ашылмаған жайлардың бірі.

– Горбачев Форостан келгеннен кейінгі алғашқы баспасөз мәслихатында: «Всего я вам не скажу. Всего я не скажу никогда» деген болатын журналистерге.

– Қалай дегенде де бұл қадамның арғы жағында бесалты жыл бойғы бітпейтін де қоймайтын көпсөзділіктен әбден шаршаған, төзімі сарқылған, түңілуге айналған халықтың ыза-кегін өз мақсаттарында пайдаланып қалуға тырысқан шағын топтың заңсыз әрекеті түрғаны анық. Олар өз мақсатына жету үшін айла-шарғыдан, ашықтан ашық өтірік айтудан да тайынған жоқ.

ГКЧП бұлігіне қозғау салған негізгі жай – Горбачевтың 20 тамыз күні жаңа Одақтың шартқа қол қойылатынын жариялауы. Оны үйымдастырушылар ең алдымен республикалардың жаңа мәртебеге ие болуына қарсы шығуға тырысты. Олар Одақтың күшпен сақтап қаламыз деп ойлады. Бұл жол қандыбалақ жол болар еді. Сондықтан бұл

бүлікті ең алдымен одақтас республикалардың егемендік жолындағы күресіне қарсылық деп бағалаған орынды.

**– Михаил Сергеевич теледидардан сөйлеп, шартқа қол қойылатын күнді хабарлады да демалысына жүріп кетті. Шартқа қол қойылады дегеннен екі күн бұрын Ресей президенті Қазақстанға келді. Сонда екеуінде де оқиға шиеленіскең бағыт алуы мүмкін-ау деген сезікті сезім болмағаны ғой?**

– Ондай сезім Горбачевта да, Ельцинде де болмағанына сенімдімін. Болса біреуі демалысқа кетпес еді. Екіншісі Қазақстанға келмес еді. Эрине, жалпы жағдайға аландаушылық болғаны анық, бірақ істің дәл мұндаілық насырға шабуы мүмкін екенін болжамағандары тағы анық. Ельцинді біз қазақы қонақжайлышықпен әбден жақсы құрметтедік. Құрметтегеніміз сондай, Борис Николаевичтің Мәскеуге ұшының қайта-қайта кейінге қалдыруға тұра келді. Ұшағы З сағатқа кешігіп ұшты. Ельцин кейін өзінің кітabyнда ұшу үақытының ауыстырылғанына аланададым, бұл не болғаны деп ойлап қойдым деп жазыпты. Ал шындығында Борис Николаевичтің дәл сол сағаттарда ештеңе ойлауға шамасы да келген жоқ...

**– Джонатан Айткен өз кітabyнда сол үш сағаттық кідіріс бәлкім Борис Ельциннің өмірін сақтап қалған да шығар дейді. Оның айтуынша, Ақтөбедегі әскери базаға Алматыдан Мәскеуге ұшып шыққан Ресей президентінің ұшағын атып түсіру жөнінде бүйрық берілген. Ұшақ кешіккен соң ол бүйрықтан бас тартылған көрінеді.**

– Ол дәлелденбеген нәрсе. Бұлікті бастаушылар ондай әрекетке тәуекел ете алатын адамдар емес еді. Олар президент ұшағын атып түсіру түрмәк, Мәскеу әуежайында траптан түсіп келе жатқан Ельцинді қамауға алуға да батылдық етпеді. Олар тіпті Ельцин дачадан Ақ үйге келе

жатқанда президенттің көлігін тоқтатуға да шамасы жетпеген адамдар.

– Негізінде Ельциннің әуелде қатты сасқаны белгілі. Тамыз бүлігі жайындағы кітаптардың бәрінде дерлік Ельциннің айналасындағылар оған АҚШ елшілігіне кіріп алуға кеңес бергенін жазады. Оған әуелде Ельциннің өзі де келіскең. Руслан Хасбулатовтың «Полураспад СССР. Как развалили сверхдержаву» деген кітабы шығыпты. Сонда автор былай дейді: «Ельцин шагнул ко мне, говорит: «Руслан Имранович, нам с вами надо срочно перебраться в американское посольство. Штурм начнется очень скоро, нас с вами ликвидируют. Есть договоренность: в мире начнется большой шум, эти из ГКЧП вынуждены будут уйти – мы вернемся через несколько дней. Нам надо сохранить себя для России». Эрине, кейіннен Ельциннің өзіне қарсы шапқан адамның бұл сөзіне онша сенбеуге де болар ма еді, бірақ Ельциннің өзі де кітабында: «Связались с посольством, американцы сразу согласились нас принять в экстренном случае», деп нақты жазған ғой. Ельцинге басқа киім кигізу, гrimdeу жөнінде де әңгіме болғаны белгілі. Бірақ, кейіннен, жеме-жемеге келгенде Ельцин елшілікке барып бас сауғалаудан үзілді-кесілді бас тартқан. Оны да өзі: «С точки зрения безопасности этот вариант, конечно, был стопроцентно правильным. А с точки зрения политики – стопроцентно провальным», деп түсіндірген.

– Жалпы, Борис Николаевичтің интуициясы ерекше болатын. Ең бір қыын сәттерде Ельциннің ақылдан гөрі жүрекке көбірек жүгінетіні бар еді және сонысы көбіне-көп дұрысқа шығатын.

– Дәл сол күндерде сіздің бүлікті басуға ықпалыңыз үлкен болғаны бірқатар кітаптарда айтылады. Сіз ГКЧП бүлігі жөнінде Ельцин хабарласқанға дейін естідіңіз ғой?

– Естідім, әрине. Радиодан ести салысымен аулаға шыққанымда жүргегім зырқ ете қалды. Аулаға шықсам... мәшинем жоқ! Не ойлауға болады? Бір кітабымда «Сол арада біреу кеп, тұтқынға алса, таң қалмаған болар едім. Сөйтсем, жүргізуші көлікті көлеңкеге қойыпты да, менің шыққанымды байқамай қалыпты», деп жазғанмын. Иә, сол сәттерде бәрі де мүмкін еді. Бірден Ельциннің Мәскеудегі кездесу кезінде алаңдалап отырған жүзі көз алдыма келе қалды. Шынында да, сөзімізді тыңдағаны ма? Адамның ойынан үшкыр не бар? Сол сәтте елдің жағдайын да, егемендігіміздің тағдырын да, өзімнің халімді де, отбасымның, бала-шағамның жайын да ойлап кеттім.

Салған беттен-ақ Ельцин бұл әрекетті нағыз төңкеріс деп бағалады, біз неге болса да дайын тұруымыз керек деді. Біз бірауыздылық танытуға үағдаластық, өзге республикалар басшыларымен де сөйлесуге келістік. Арада жиырма минуттай өткенде Крючков телефон соқты. Мәлімдемедегі жайларды айтты. Ел жетер жеріне жетті, төтенше жағдай тек қылмыстық мафиямен құресу үшін жарияланып отыр, Мәскеуде картоптың бағасы 5 сомға барды деген сияқтыларды сөйлеп кетті. Мен сөзін бөліп, «Горбачев қайда?» деп сұрадым. Горбачев ауыр науқас, ол бәрін біледі, оның мәлімдемесін естисіздер, денсаулығының жағдайын жариялаймыз, деді Крючков. Горбачев науқас, жұмысқа жарамсыз, ол бәрінен хабардар, соның келісімімен әрекет етіп отырмыз дегенді маған арада бір сағат өткенде Шейнин де айтты. Павлов та телефон соғып осылай деді. Кәдімгідей күрделі жағдай қалыптасқанына сол күні республикалық органдар басшыларының басын шұғыл қосып, ақылдасқанымызда көзім жете түсті. Таңқаларлығы, басшылардың көбі ГКЧП-ға қолдау көрсетуді жақтап шықты. Мені аса абай болуға, төтенше жағдай жариялаушыларды айыптамауға шақырып бақты.

– Мен сол жиында болғанмын. Президент Қенесінде кеңесші қызметінде едім. Сөйлеушілерді тыңдалап-

тыңдап алдыңыз да, жүртты таратып жібердіңіз ғой. Ертеңіне мәлімдеменізді жария еттіңіз. Ол мәлімдеме газеттерге Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитеттің мәлімдемесімен қатар жарияланды. Ақыл-парасатты, халық алдындағы жауапкершілік сезімін басшылыққа алу маңызды деп, республикада төтенше жағдай енгізілмейтінін айттыңыз. Әсіресе, үш адам құрған, республикалар қатыспаған комитет егемендік тура-лы декларацияларды аяқ асты етуде деген сөздеріңіз есте қалды. Қазақстанның бөлекше жағдайын ескергенде бұл мәлімдеменің жағдайды сабаға түсіруге ерекше әсер етті. Қазақстанның бөлекше жағдайы дейтінім, дәл сол күндерде кейбір облыс басшыларының, нақты айтқанда, Целиноград обкомының бірінші хатшысы А.Браунның жүртты жиып жіберіп, «ендігі жерде егемендік-егемендік деп езеурей берудің жөнсіздігін, тіл деп, дін деп тым еркінсіп кетпеудің керектігін» ескерткенін, «осындағы өзгерістің болатыны белгілі еді» деп сәуегейсігенін естігенбіз.

— Ондай адам жалғыз Браун болған жоқ. Біздің Орталық комитеттің бюро мүшелерінің ішінде де болды. Бұлік басылғаннан кейін біз сол күндері кім не деді дегенді жіпке тізіп жатпауды жөн көрдік. Жаңағыдай екіұдай кезде психологиялық тосқауылдарды талқандап кете қоймадың деп ешкімді жазғырудың реті шамалы. Талайлар әбден берекесі кеткен тірліктен түңіліп, не болса да әйтеуір бір өзгеріс болсыншы деген ойға да бекінген шығар, бәлкім.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Еліміз үшін осынау жауапты сәтте сіздерді байсалдылық пен ұстамдылық сақтауға шақырамын. Қазір бұл ерекше қажет, ейткені, біздің әрқайсымыздың тарапымыздан жасалған қандай да болсын қызыбалық, ойластырылмаған іс-әрекет аса ауыр әлеуметтік сілкіністердің бастамасына айналуы мүмкін.

Мен сөзімді барлық азаматтарға, біздің көп үлтты республиканы мекендейтін барлық үлттар мен ұлыстардың өкілдеріне арнаймын. Бұл күндері біз өзіміз үшін әрқашанда бірлік пен өзара түсіністіктің негізі болып келген халықтар арасындағы достықтың ғасырлар бойына жинақталған тәжірибесіне арқа сүйеуге тиіспіз.

Мен сөзімді Қазақстанның еңбек ұжымдарына арнаймын. Қазір жоғары саналылық пен үйімшылдықты сақтау аса маңызды. Халық шаруашылығында аласапыранға жол беруге болмайды. Егіннің, азық-тұлік ресурстарының тағдыры қолында тұрған ауыл еңбеккерлеріне ерекше жауапкершілік жүктеледі.

Мен сөзімді республиканың барлық саяси күштері мен қозғалыстарының өкілдеріне арнаймын. Откінші алауыздықтан бойды аулақ салу, ақыл-парасатты, халық алдындағы жауапкершілік сезімін басшылыққа алу, егеске жол бермеу өте маңызды.

Мен Қазақстан аумағында орналасқан КСРО Қарулы Күштері, Мемлекет қауіпсіздігі комитеті және Ішкі істер министрлігі бөлімдері мен бөлімшелерінің әскер құрамын конституциялық нормаларға адалдыққа, жеке адамның құқықтары мен жергілікті өкімет органдарын құрметтеуге шақырамын. Қазақстан аумағында төтенше жағдай енгізілмейтінін, бүкіл өкімет билігі Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы қабылданған декларациясына және Конституциясына сәйкес толығымен кеңес органдарына тиесілі екенін ерекше атап көрсеткім келеді.

Мен республиканың егемендігін нығайту саясатына және демократия, Одағымыздың бірлігі қағидаттарына адалдықты қуаттаймын, басталған реформаны жүзеге асыруға бекемдік білдіремін. Қазақстан халқы жоғары саналылық, қырағылық пен топтасқандық танытады деп көміл сенемін.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың  
Қазақстан халқына Үндеуінен.  
1991 жылғы 19 тамыз.

«Таңдамалы сөздер», I том, 505-506-беттер.

Төтенше жағдай жөніндегі комитеттің құруышылардың шолақтығы, дәрменсіздігі, шынында да, тайран-асыр қалдырады. Олар мәселені баяғы Хрушевті тақтан тайдырған кездегідей етіп шеше саламыз, қалың тобыр соңымыздан ере кетеді деп ойлаған сияқты. Қайдан, қоғам да, адам да қатты өзгеріп үлгерген еді ғой.

– Тамыз бүлігі туралы жазған авторлар әсіресе сіздің Қорғаныс министрі Д.Язовпен әңгімеңіздің әсері ерекше болғанын атап айтады.

– Язовпен менің қатты сөйлесетін ретім бар. Ол Қазақстандағы әскери округтің қолбасшысы болған, талай жыл Алматыда түрған, біз отбасымызben араласатынбыз. Сонымды пайдаланып, «Дмитрий Тимофеевич, қайдағы бәлеке қайдан шатылып жүрсіз? Енді не істемекшісіз?», дедім төтесінен тартып. Әскери адам емес пе, ол да ашығын айтып жатыр, «Құдай ақы, білмеймін. Мына ақымақтармен байланысып қалғаным. Ал сіз не ақыл айтасыз?», деді басылыңқырап. «Сіз соғыстың батырысыз ғой, өзіңіз әкесіз, атасыз. Мәскеудің көшелерінде әйелдер мен балаларға оқ атқызып қоймақшысыз ба? Ақ үйге барып, өз президентін шабуылдан қорғап түрған жастардың қанына қолыңызды былғамақшысыз ба?», деп төпелеп жатырмын. Язов: «Мәскеуге танкілерді кіргіздім, бірақ әрі қарай не істейтінім жөнінде бүйрық алғаным жоқ», дейді. Мен: «Бүйрықты қайтесіз. Одан да осы төңкерісті үйымдастырған адамдарды қамауға алсаңызшы. Алдымен танкілерді Мәскеуден алып кетіңіз», деп кеңес бердім. Менің сөзім бе, әлде басқа оқиғалар себеп болды ма, арада жиырма минуттай өткенде маған оның көмекшісі телефон соғып, Ақ үйге беттеген танкілердің тоқтатылғанын хабарлады. Артынша Янаевпен сөйлестім.

– Махмұт Қасымбековтің кітабында сіздің ол күндер мен тұндердегі жүргізіп отырған жазбалалардың шолақтығы, дәрменсіздігі, шынында да, тайран-асыр қалдырады. Олар мәселені баяғы Хрушевті тақтан тайдырған кездегідей етіп шеше саламыз, қалың тобыр соңымыздан ере кетеді деп ойлаған сияқты. Қайдан, қоғам да, адам да қатты өзгеріп үлгерген еді ғой.

**рыңғыздың көшірмесі келтірілген ғой. Минутына де-йін көрсетіпсіз.**

— Янаевқа сіздер құрған комитет Конституцияға қайши, қабылданған қаулы да заңға сәйкес келмейді дедім. Ол менің бұл айтқаныммен келісті. «Иә, ондай мәселелер бар, бірақ жағдай осыған мәжбүрлеп тұр» дегенді айтты. Горбачев әлемнен хабардар дегенді бұл да қуаттады. Қажет болса, Мәскеуге ұшып барайын, Төтенше комитет пен Жоғарғы Кеңестің арағайыны болайын дедім. Ол қуанып кетті. Бұл ойымнан Ельцин қайтарды. «Мына адамдарды сіз білмейді екенсіз, олар сізді әүежайда-ақ қамауға алады», деді Борис Николаевич. Сөзінің жаңы бар. Мұндағы басшылықтағы кіслер де менің Мәскеуге ұшпақ ойымды қолдаған жоқ. Жоғарғы Кеңес төралқасы да президент елде болуы керек деп шешті.

— Газеттерде сізді қамауға алу үшін Ташкенттен арнайы полк шығыпты деп жазды. Сол күндерде аппаратта сізге қауіп төнген жағдайда қандай шаралар ойластырылғаны жөнінде де айтылғаны есімде. Басшылықтағы біраз кісі сізге Қарағандыға жетуге кеңес берген көрінеді, шахтерлер сізді берік қорғайды деп. Сол рас па?

— Аландағандары ғой. Сондай бір ұсыныс та айтылған. Бір қызығы, Ельцинге де сол күні Сверловскіден хабарласып, бізге келіңіз, біз сізді сенімді қорғаймыз деген екен. Ондай қажеттілік жоқ болып шықты. 1991 жылғы Қазақстан жастар толқуын басып-жаншу үшін жан-жақтан әскер кіргізе салатын 1986 жылғы Қазақстан емес еді. Біз егемендігін жарияладап үлгерген республика болатынбыз. Бұлікті бастаушылар республика басшысын қамауға алу тұрмақ, өз бастарымен қайғы бол кетті.

Мен Янаевты біршама білгендіктен, әуелде оның осындағы тәуекелге бара алғанына таң қалып едім. «Адамды

тану қыын екен ғой, әрекетке шамасы жететін болды ғой», деп ойлағанмын. Сөйтсем, қателесіппін, әуелдегі әсерім дұрыс екен. Янаевтың да, оның төңірегіндегілердің де шама-шарқы олардың алғашқы баспаса з мәслихатында-ақ бірден көрінді. Әсіресе, Янаевтың дірілдеген саусақтары ондай адамның ел басқаруы мүмкін емес екенін айқын танытты.

— Янаевтың КСРО вице-президенттігіне сайланарда бір депутаттың «Денсаулық жағдайының қалай?» деген сұрағына «Әйелімнің шағымы жоқ» деп жауап бергенінен-ақ шошынған болатынбыз...

— Қайтерсің. Дегенмен, Янаев менімен сөйлескенде Ақ үйге шабуыл жасалмайтынына сендірді. Мен мұны Ельцинге жеткіздім. Бұл жағдай Борис Николаевичке ерекше жігер қости деп ойлаймын. Өзі де ер адам еді ғой. Оның танкінің үстіне шығып алып, мәлімдеме оқығанын «Вести» бағдарламасы көрсеткеннен кейін-ақ Ельцин халық батырына айналып жүре берді. Ертеңіне Ақ үйді қалың қоршаған халықты көргеннен кейін онсыз да өздері не істерін білмей тұрған бүлікшілер райынан қайтып, ақыр аяғында Форосқа ұшып баруға, енді Горбачевтың алдына өздері жығылуға мәжбүр болды.

— Горбачевтың тамыздағы іс-әрекеті туралы қылышы қылышы пікір бар. Геннадий Янаевтың «ГКЧП против Горбачева. Последний бой за СССР», Анатолий Лукъяновтың «Август 91-го. А был ли заговор?» кітаптарын оқыған адам Горбачев Форосқа кетерде осы іске келісімін берген деген әсерде қалады. Ол Қырымда аңысын аңдып жатты, Ельцинді ГКЧП-ның қолымен тақтан тайдырмақшы болды, бүлікшілер жеңіліске ұшыраған соң демократтар жағына шыға келді деп жазатын авторлар да жеткілікті. Сіздің пікіріңіз қандай?

— Жығылғанды жұдырықтап жатқым келмейді. Долбар жасағым да жоқ. Менің есімде ерекше қалғаны —

бүлік біткеннен кейін Михаил Сергеевичпен алғаш рет сөйлескен сәтім. Сол әңгіменің соншалықты жан тебірентерлік болғаны. Горбачевтың толқыған дауысынан оның қандайлық есептірлерлік күйді бастаң кешкені аңғарылып тұрды. Михаил Сергеевич Қазақстанның бүкіл халқына бостандық пен демократия қағидаттарына, заңды түрде сайланған мемлекеттік билікке адалдық танытқаны үшін қатты рәзылық білдірді. Дәл сол кезде оның қабылдау бөлмесінде Янаев, Крючков, Бакланов, тағы басқалар аудиенция күтіп тұр екен. Оларды қабылдардың алдында Горбачев Ельцинмен, менімен сөйлесіп алмақшы болыпты. Біздің әңгімеміз он минуттан да аса қойған жоқ қой деймін, бірақ соның өзінде мен қатты толқып, бойым жеңілдеп қалды. Телефон тұтқасын орнына қойғаннан кейін сағатыма қарасам, тұнгі тоғыз екен. Теледидар Мәскеуден «Время» бағдарламасын бере бастады. Онда бүліктің басылғаны жөнінде ештеңе айтылған жоқ. Әйтседе, Горбачевпен сөйлескеннен кейін мен бүліктің толық басылғанына ешқандай күмәнданбадым. Осы қуанышты қазақстанныңтарға тезірек жеткізгім келді.

Не істеу керек? Ойыма телеорталық түсе кетті. Телеорталық кабинетімнің терезесінен көрініп тұратын. Деруе сонда тарттық. Барсақ ондағылар президенттің өзі келгеніне сенбейді, көмекшілерімнің студия табу керек, мәлімдемені жазып алу керек дегеніне аң-таң. Мені көргеннен кейін барып қана студияны дайындағы бастады. Республика халқына жаңа ғана КСРО президенті Михаил Сергеевич Горбачевпен сөйлескенімді, оның аман-сау екенін, өз міндетіне қайта кіріскенін жеткіздім. Төңкеріс күндерінде республика басшылығына қолдау, демеу көрсеткені үшін көпұлтты халқымызға алғысымды айттым. Қызық болғанда... студиядан шыға бергенімде телевизия қызметкерлері қинала тұрып, жаңағы мәлімдемемді қайта айтуымды сұрады. Сөйтсем, олардың да әбден асып-сасқаны ғой, менің сөзімді жазып алуды ұмытып кетіпті... Студияға қайта кіріп, әлгі айтқандарымды сол ыңғайда жаңадан айтып шықтым. Қайта жазғанда алғашқыдағыдан әсерлірек сөйлеген сияқтымын.

Социализм сергелдеңінің соңы сынды тамыз оқиғасы Кеңес Одағындағы саяси үдерістерді жеделдетіп жіберді. Одақтың ыдырауын тоқтату енді мүмкін болмай қалды. Көп ұзамай ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың ақ таңы да атты. Ол енді басқа әңгіменің тақырыбы.

# СЫН САҒАТЫ СОҚҚАНДА◆

---

– Нұрсұлтан Әбішұлы, Орталық комитет хатшысы, Үкімет басшысы қызметтерін атқарған жылдарыңыз жайындағы әңгімеңізде 1986 жылы Қазақстандағы биліктің алмасуына байланысты жағдайларға жеке тоқталу жөн болатынын айтып едіңіз. Расында да, бұл арнайы сөз ететін, үлken тақырып. Енді сол Колбин кезеңі туралы сөйлесудің орайы келіп тұрған сияқты.

– «Колбин кезеңі» дейсің бе? Ел тарихындағы бір кезеңді Колбиндей кісінің атты артық болады. Мәселе Колбиннің өзінде емес. Көлденең көк атты келіп, бір республиканы билей беретін жағдай қалай қалыптасты? Мәселе міне осында. 1986 жылғы желтоқсанда жастар шын мәнінде алаңға Қонаевты жақтап та шыққан жоқ, нақты Колбинге қарсы болып та шыққан жоқ, жастар алаңға ең алдымен үлттық намысты қорғап, қоғамды жайлап алған жалғандыққа, қазақ елі бар деп есептемегеніне, бізді мүлдем білмейтін адамның басшылыққа келуіне қарсы шықты. Одан он жыл бұрын республика билігіне сырттан адам әкелінсе, ол таңдау басқа үлттың өкіліне түссе, мұндай жағдай орын алмауы да әбден мүмкін еді. Негізінде, Қазақ ССР-нің тарихындағы жетпіс жылдай уақыттың ішінде республика Компартиясының бірінші хатшылығына үлтты қазақ үш-ақ адам сайланған ғой. Соғыстан кейінгі жағдайды алсақ та, Қазақстанға Скворцов, Борков, Пономаренко, Брежнев, Яковлев, Беляев сияқты талай басшы-

лар Мәскеудің үйғарымымен бірінен соң бірі келіп, кетіп жататын. Олардың ешқайсысының бірінші хатшылық-қа сайлануы оқыс оқиғаға айналмаған еді. Желтоқсан оқиғасы бізде ел намысын, ер намысын бәрінен биік қоя билетін жаңа буын өсіп шыққанын, тың тұрпатты ұлттық сана-сезім қалыптасқанын көрсетіп берді. Ең бастысы – ол жаңа буын өз тізгініміздің өз қолымызыда болмауы неге соқтыратынына назарды шындалап аударта алды. Қеңестік федерализм қағидаты бойынша республикалардың бәрі Одақтың тәң құқықты субъектілері деп саналғанымен, іс жүзінде олай болған жоқ.

– Сізбен осы әңгімеге әзірленгенде жазып алған мына бір деректі келтіруге рұқсат етіңіз. Сол кезде Қазақстан өзінің әр азаматын жылына 1971 доллармен қамтамасыз еткен екен. Ал Эстонияда бұл көрсеткіш 2725 доллар болыпты. Қазақстанның жылдық табысы – 25,6 миллиард доллар, Эстонияның жылдық табысы – 3,7 миллиард доллар... «Хлеб нужен – Жанбаев нужен...» дегендей, ел экономикасының ауыр жүргін көтеріп тұрған Қазақстанның халі солай болған екен.

– Солай болатыны – Мәскеу шу шығады-ау, наразылық туады-ау деген республикаларға өзгеше өбектеп қарайтын. Момын, көнбіс қазақтар көтеріледі-ау деген ойды олар қаперіне де алмаған. Одақтық өндірістің құрылымы да тізгінге қол созуға тіпті мүмкіндік бермейтін. Республикадағы барша өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының 95 пайызы Мәскеуден басқарылатын. Біздің тікелей қарауымызға тек тاماқ, жеңіл өнеркәсіп және халықта тұрмыстық қызмет салалары ғана қалдырылатын. Өз жеріміздегі кей нысандарға да бара алмайтынбыз. Мысалы, Байқоңыр ғарыш айлағына қазақстандық журналистердің табаны тәуелсіздік жақындағанда, 1989 жылы ғана тұңғыш рет тиді.

Ұлттық республикалардың өзінде ұлттық кадрларға тиісінше мүмкіндік берілген жоқ. Ол заманда биліктің

қай сатысында да бірінші басшы қазақ болса, екінші басшы орыс немесе керісінше етіп қойылатын. Ең негізгі себеп қашанда экономикада жатады. Қазақ жастарын өндірісте жұмыс істеуге дайындалады. Іс жүзінде ұлтты қалыптастыратын жұмысшы табы екені ескерілмеді. Немесе нағыз ұлттың қалыптасуына мүдделілік болмады деген де орынды шығар. Тіпті зауыт жұмысшыларының ішінде біліктілігі жоғары мамандықтарға, табысы мол орындарға қазақ жастарын қоймады. Оны мен өз көзіммен талай көрдім. Осы арада сол кездегі жағдайдың әлі күнге түзелмей келе жатқанын да айта кетейін. Өндірістегі мәні шешуші мамандықтарды игерген қазақ жастары әлі де аз. Бір кездегі себеп, жаңа айтқанымдай, жергілікті ұлт өкілдерінің қабілетіне сенбеу, сол арқылы халықты кемсіту болса, қазіргі себеп басқаша. Қыындықтан қашқалақтап тұратын, үлкен істерден ығып жүретін, жауапкершіліктен жалтаратын жастарымыз жеткілікті. Осы заманғы ең қажет мамандықтарды өзіміз игермесек, ол шаруаны біз үшін кім атқарады?

1985 жылдың сәуір айынан басталған қайта құру үдерісі арқасында қазақтар да өзінің тарихы, ұлттық өрлеуі, тұған тілінің тағдыры туралы айтып, халықтың жартысына жуығын баудай орып түсірген аштықтың ақиқатын ашуға ұмтыла алды. Әсіресе, тілдің жағдайы аса алаңдатарлық еді. Астанада – Алматыда жалғыз ғана қазақ мектебі болатын!.. Қазақ тілінің қоғамдық міндеттері әбден тарылып біткен-ді. Ол іс жүзінде қоғамдық өмірдің небәрі он шақты саласында ғана қолданылатын. Тіпті бұл тілдің шамасының өзі сондай екен, негізінен фольклордың, әдебиеттің, өнердің тілі екен, ғылым мен техниканың күрделі ұғымдарын толық жеткізе алмайды екен деген сияқты ұғымдар да кеңінен таратылып жүретін. Бір отбасында атасы мен немересінің екі тілде сөйлеуі әбден қалыпты жайға айналған еді. Тілдер туралы заң жобасы талас-тартысқа түскен тұста менің қазақ халқы ассимиляция ернеуіне тақау тұр деп ашына айтқаным сондықтан.

Одақтық орталықтың тұтас бір халықтың мұддесін аяқсты ететіндігі, қазақтардың айдаң-күннің аманында, өз жерінде азшылыққа айналғаны, жоқ, дұрысы – айналдырылғаны (1989 жылғы санақтың өзінде қазақтардың саны республика халқының 40 пайызына да жетпеген) үлттық сананы әбден қорлап біткен еді. Қалаларда «қазақ қабаттары» деген ұғым болғаны өзінің де есіңде шығар? («Қазақ қабаттары» деп лифті жоқ үйлердің бірінші және бесінші қабаттарын айтатын, жергілікті үлт өкілдеріне пәтерлер көбіне көп сол ыңғайсыз қабаттардан тиетін – С.А.). Сөйтіп, республикаға аты берілген халық шын мәнінде өз жерінде өгейге айналғандай еді. Мәдениеті мен тілінен, үлттық бейнесінен айырылу қаупі төнгенде қандай халықтың да ашынатыны анық. 1979 жылы Қазақстанда неміс автономиясын құру туралы әңгіме көтерілгенде Целиноградта ардагерлер мен жастардың қарсылық шеруіне шығуы соның белгісі болатын. Бірақ, Мәскеу оған сәтсіз экспериментке қатысты кездейсоқ эпизод сияқты қарай салды. Ол оқиғадан Орталық сабак алған жоқ.

– Горбачев билік басына келісімен кадрлық ауыстыйісті қолға алды ғой. Саяси Бюроның қатарынан жасы егде тартты деп Гришинді, Романовты, Щербицкийді шығарғаннан кейін-ақ республиканы ширек ғасырдан астам басқарып отырған, Саяси Бюроға мүшелігінің өзіне он бес жылдан асқан Қонаевқа да тықыр таянғанын сезгенбіз. Бас хатшының Қазақстанға алғаш келгенінде Алматыға емес, Целиноградқа барғанына, сол сапарында Димекеңді кісі ғұрлы көрмегеніне, тіпті бірде-бір жerde сөз бермегеніне қарап, жұрттың бүл ойы тіпті орныға түскен еді. Енді Қонаевтың орнына кім болатыны елді елеңдеткені заңдылық. Қазақстан Компартиясының XVI съезіндегі қосымша баяндамаңыздағы сыннан кейін ол кісінің сізге көзқарасы түбебейлі өзгергенін сезгенімізben, көпшіліктің ойы биліктің барлық сатыла-рынан өткен, әбден ысылған, Үкімет басқарып отырған

сізге бейіл екендігі белгілі еді. Тіпті өзіңізben сол орынға бақталас болады-ау дейтін адамдардың да пікір түйіні түптең келгенде бірінші хатшылыққа сіздің жолыңыз да, жөнінің де бар екеніне тоқталатын.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«1986 жылдың қараша айында Мәскеуге, КПСС Орталық Комитетінің үйімдастырылу бөліміне шақырылдым. Қазақстан секторында Мищенко бір күн оңаша сөйлесті. Республика жағдайын, Орталық партия комитетінің жұмысын, кадрлардың құрамын – бәрін, бүге-шүгесін қалдырмай сұрады. Біраз мәліметтермен таныстырып, біздің кемшіліктерімізді айтты. Кешке дейін ұстап, аяғында ертең Константин Николаевич Могильниченкоға барамыз деді. Ол кісі кадрлар бөлімінің менгерушісінің орынбасары. Ол да бір күн сейлесіп, кешкінің тоқетерін айтты...

«Біз Сізді Қонаевтың орнына ұсынайық деп отырмыз, қалай қарайсыз?». Мұндай ұсыныс болады деп ойламаған мен қатты абыржыдым.

Сол бойда өзімнің келісімінді бере алмайтынмызды айттым. Біріншіден, денсаулығым көтермейді. Оның үстінеге Димаш Ахметович өте беделді кісі. Ондай деңгейде жұмыс жасау менің қолымнан келмейді. Өзімнің қабілетімді білемін. Хатшы болу да үлкен жұмыс, сенім білдірсеңіздер осы қызметімді атқара берейін...

«Республикада бұл жұмысты атқару, бірінші басшы болу кімнің қолынан келеді деп ойлайсыз?». «Мен ол орынға лайық кісінің атын атай алам. Ол – Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы. Тәжірибесі мол, Министрлер Кеңесін басқарады. Экономиканы жақсы біледі». К.Н.Могильниченко асықпай тыңдады. «Сен ойлан, кешке Орталық Комитеттің кадрлар жөніндегі хатшысы Разумовский қабылдайды, әзірлен», – деді. Мен де тағы ойланып, толғанып, бәрін салмаққа салып, қабырғаммен кеңесіп, нақты шешім қабылдадым – бұл ұсынысқа келісім бере алмаймын. Хатшы кешкі 8-ден 10-ға дейін қабылданап, әңгімелесті. Тек екеуміз ғана болдық.

К.Н.Могильниченконы да шақырмады. Қөптеген сұрақтар қойды. Өзі көп ашылып сөйлемеді. Ең бастысы ешқандай ұсыныс айтылған жоқ. Іштей риза болып шығып кеттім».

Закаш КАМАЛИДЕНОВ,  
«Өмір жолдары», А., «Арыс»,  
2010, 148-149-беттер.

— Эрине, саясаттың бүраланң-бұлтарыстарында бәрі бола береді. Субъективизм де. Тіпті кездейсоқтық та. Сонда да Қонаевтың орнына болатын адам бізге сырттан келуі мүмкін-ау деген ой тіпті миымызға кірмепті. Қонаев өз орнына өз халқының арасынан дайындаған азаматты ұсынбайды деп кім ойлады? Өткен жолғы әңгімеде мен Димекеңнің мемуарларында өзі Горбачевтан: «Менің орныма кімді лайық деп отырсыздар?» деп сұрағанын айтып, оның: «Ол мәселені шешуді бізге қалдырыңыз» деп қысқа қайырғанын жазғанын келтірген едім. Қонаевтың бұл сөзінен өзінің орнына ешкімді ұсынбағаны айқын аңғарылып тұратынын да айтқанмын. Горбачевтің мемуарларындағы Қонаев бұл орынға лайықты қазак жоқ, сондықтан бізде бірінші басшы орыс болуы керек деді дегеніне толықтай сенбегеннің өзінде де солай.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Михаил Сергеевич, — деді ол, — қазір бұл орынға қоятын ешкім жоқ, әсіресе жергілікті қазақтардан. Мұндай күрделі жағдайда бірінші хатшы қызметінде орыс болуы тиіс.

Бұл оның тарапынан ең алдымен Назарбаевтың сайлануына жол бермеуді көзdep, ойластырылған қадам еді. Олардың ара-қатынасы ушығып кеткен-ді, әйтпесе бұрын Қонаев оған қамқоршы болып жүретін. Назарбаев та есесін жібермейтін».

Михаил ГОРБАЧЕВ,  
«Жизнь и реформы», М., 1995, Кн.1. 497-498-беттер.

– Жарайды енді, бұл жайында ана жолғы әңгімемізде айттық қой.

– Айып етпеніз, ақиқатты аша түсу үшін осында мәселелерді қайтадан қозғау артық та емес сияқты. Қонаевты адам, пенде ретінде түсінуге де болар, өзіне батырып сын айтқан кісіні, ол сынды партия съезінде айтқан кісіні жақсы көрүі керек еді демейміз. Тіпті сіздің өзіңіз де ескі жұмыс стилінде қалыптасқан тұлғаның енді қатты өзгере алмайтынын дәл сол тұста толық ескермеген де шығарсыз, кім біледі. Бірақ, сол өкпесі үшін өзінен кейін республиканың тізгінін ұстай алатын бір азаматымыз жоқтай етіп, Бас хатшыдан «Менің орныма кімді лайық деп отырысздар?» деп жай ғана сұрап қоя салуы, қызметтен кетіп бара жатқан, енді жоғалтатын ештеңесі қалмаған кездің өзінде «Ол мәселені шешуді бізге қалдырыныз» деген сөзге ләм демей шығып жүре бергені жанға батады, намысынча тиеді. Гейдар Алиевтің осы жағдайға байланысты қарсылық, білдіргені тіпті де тегін емес қой.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Асығыс жасалған кадрлық тағайындаулардың кесірінен бірқатар республикаларда, соның ішінде Қазақстанда үлттық қатынастар шиеленісіп кетті. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың беделді күә сөзі бойынша (осы кітап авторларына жазған хатынан), «Гейдар Алиев КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросы мүшелерінің арасынан Алматыдағы 1986 жылғы оқиғалардың алдында Горбачевті бұл жөнінде асығыс-үсігіс шешім қабылдамауға көндіруге тырысқан жалғыз адам болды. Ол Қазақстан басшылығына зейнетке шығып бара жатқан Д.Қонаевтың орнына «тасып әкелінген» лидерді қоймау керек, жергілікті кадрды жоғарылату керек деп табандап айтқан. Алайда, оның сөзіне құлақ асылған жоқ, сөйтті де болған іс болды – ашынған халық аландар мен көшелерге шықты, оның аяғы қанды қақтығысқа ұласты.

Кейін де, ол Кремль басшылығын ұлт саясатындағы, соның ішінде Кавказ респубикаларындағы қиғаштықтар бойынша белсенді түрде сынап, ушығып бара жатқан Қарабақ дағдарысына орай дабыл қаққан кезде де солай болды. Бұл сыны, менің білуімде, оның басшылықтың шыдамын шектен шығарған қадамы еді, содан да ол отставкаға жіберілді».

Иә, солай болған. Саяси Бюроның Колбин бойынша мәселе шешілген мәжілісінде жұрттың бәрі үнсіз отырып қалған. Мәжілістен кейін Алиев Горбачевқа кірген. Гейдар Алиоғлының өзі сол әңгіме жайында былай еске алады:

«Білесіз ғой, Михаил Сергеевич, жаңағы жерде ештеңе айтқым келмеді, өйткені тиісінше жағдай болған жоқ. Эйтсе де, сізге мына жайды айтпақпын, мен қанша дегенмен адамдардың ұлттық психологиясын білемін. Сіз қателік жіберіп тұрсыз. Колбин жаман адам емес. Ол жапжақсы бірінші хатшы бола алады. Ол Ульянов облысының бірінші хатшысы болды, бәлкім, жаман да істемеген шығар, сонымен бірге көзбояушылықпен айналысқаны да бар. Бұл жұрттың бәріне белгілі. Сіз оны Ресейдің ең ірі партия үйіміна басшылыққа тағайынданған алар едіңз деп айтқым келеді. Ол жұмыс істейді. Бірақ Қазақстанға Колбин жарамайды. Есінізде болсын, сіз қателік жіберіп тұрсыз». Горбачев маған қынжыла әрі зілдене қарап: «Жарайды, көрерміз», деді. Сөйтіп мен өз парызымды орындадым».

В.АНДРИЯНОВ, Г.МИРАЛАМОВ,  
«Гейдар Алиев»,  
М., «Молодая гвардия», 2006, 220-221-беттер.

– Ермұхамет Ертісбаев өзінің «Казахстан и Назарбаев: логика перемен» атты кітабында: «Қонаев өзіне мұрагер дайындауды ойламады деу барып түрған аңғырттыққа жатар еді. Қазақстанның бүкіл партия активі мұндай мұрагер Назарбаев болады деп санайтын», дегені бар. Расында да, Димекеңнің өз орнына басқаны емес, тек сізді лайықты санап келгенін, бұл жайында ойын шағын ортада бірер рет ашық аңғартып та қалғанын жұрттың

бәрі де білетін. Ал Семей, Ақмола облыстарында бірінші хатшы қызметтерін атқарған Николай Морозов бұл жөнінде ашық айтқан.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Жасы егде тартқан кезде ол мұрагерін ойлап мазасыздана бастады. Республиканы басқару тізгінін кімге беріп кеткен орынды? Бір әңгіме кезінде ол менин: «Өзіңнің көршінді – Қарағанды облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Н.Ә.Назарбаевты білесің бе?» деп сұрады.

– Сендер, облыстар басшылары, оған көз салып жүріңдер, – деді ол. – Осы жас, қажырлы қызметкердің бойынан ірі, ауқымы іргелі істерді атқаруға жететін үйымдастырушылық қабілеттерді көремін. Ауылда туған, халық арасында өскен, еңбек жолын жұмысшы, домна пешінің көрікші болып бастаған, комсомол, партия мектебінен өткен, адамдармен тіл табыса біледі. Бізге сабактастықты қамтамасыз ететін, республикада орнықсан байыпты, іскерлік, шығармашылық жасампаздық ахуалын сақтайтын жетекші керек».

Ермұхамет ЕРТІСБАЕВ,  
«Казахстан и Назарбаев: логика перемен»,  
Астана, «Елорда», 2001, 133-бет.

– Республика басшылығында ауысу болатынын сіз қай кезде нақты білдіңіз?

– Сол жылғы желтоқсанның бас кезінде белгілі болды бұл. Мен одақтық Үкімет басшысы Н.И.Рыжковпен республиканың батыс өнірлеріндегі мұнай және газ кен орындарын аралап қайтқан едім. Келген бетте Қонаев зейнетке шығу жөнінде өтініш бергенін бізге хабарлады. Дәл сол күндері Мәскеуге барып қайтқан еді. Ең бір түсініксіз жері жаңағы хабарды өзі қанағаттанғандай, тіпті әлдебір

мақтанған кейіпте айтқаны болды. Соған қарап орнына келетін адам Мәскеуде белгіленіп те қойған деп шамалашу мүмкін еді. Әйтсе де, дәл осындай шешім қабылданады дегенді тіпті де ойламаппыз.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Тек 15 желтоқсанда, ұйымдастыру пленумы белгіленген күннен бір күн бұрын ғана, Москвадан ұшып келген самолеттің баспалдағы жаңында бул қызметке бұған дейін Ульянов облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеген Г.В. Колбиннің ұсынылып отырғанын білдік. Колбинмен бірге СОКП Орталық Комитетінің хатшысы Г.П. Разумовский де келді. Ол Орталық Комитетте кадрлар мәселесімен айналысатын.

Асамаңызды проблемаға, шынмәнінде Қазақстанның болашақ тағдырына, мұндай тұрғыдан келу республика Компартиясы Орталық Комитеті бюросының мүшелерін мейлінше аң-таң қалдырғанын айтуға тиіспін. Бәріміздің де мен-зен қүйге түскеніміз соншалық, тіпті ұсынылған кандидатуралы бюро мәжілісінде талқылаудың, ең болмағанда «протокол үшін» талқылаудың қажеттігі ешқайсымыздың да ойымызға кіріп-шықпапты. Тұрасын айтқанда, талқылайтын да дәнене жоқ еді – өйткені Колбин жөнінде біздің ешқайсымыз да мардымды ештеңе білмейтін едік. Бас-аяғы не бары 18 минутке созылған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Пленумы да тап осындай жұрт аң-таң қалған мен-зен жағдайда өтті. Жұрттың бәрі де қолдарын көтерді, Колбин Орталық Комитеттің бірінші хатшысы болып шыға келді. Орталыққа ойсыз-түйсіксіз бас шұлғып бағынудың ескі дерті, казармалық психологияның «біз партияның солдаттары ғанамыз» деген ескі дерті тағы да қайта қозып, үстем болды».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Әділеттің ақ жолы», А., 1991, 198-199-беттер.

– Сонымен, болар іс болды, келер Колбин келді. Эйтсе де, әлі күнге аң-таң қаламыз. Осындай адамдар қайдан, қалай пайда болады өзі?

– Бұл маған емес, Горбачевқа қойылатын сұрақ....  
Ал, егер байсалды түрде айтсам, бұл негізінен жалпы тарихқа, қоғамға, тұтас жүйеге қойылатын сұрақ. Тарихта билік басына кездейсоқ кіслердің келген кездері көп. Ондай жағдайларды тізбелеп жатпайын. Мысалы, Сталиннен кейін елді Хрущевтей кісінің басқара қалатын қандай қисыны бар еді?

Бізге Колбин қалай келді деген сұраққа тоталитарлық қоғамның белден басатын кадр саясатының керекар табиғаты ғана жауап береді.

Колбин – Компартия тәрбиесінен өткен партократтың тап өзі. Свердловск обкомында Рыжковпен, Грузияда Шеварднадземен жұмыс істеген. Ульянов обкомының бірінші хатшысы қызметінде алкогольге қарсы Горбачев науқанын ойдағыдай жүргізіп, көзге түскен. Кадрларды ауыстырып-түйістіруде де алдына жан салмаған. Қазақстандағы басшы кадрлар қайта құрудың талаптарына дайын емес де-ген желеумен Горбачевтің үйғарымымен бір күні бізге сарт ете қалды.

Өмір бойы тек партия қызметін істеп, партия қайда жұмсаса сонда жүрген партия солдаты ретінде ол өзінің қайда баратынын, қандай жүкті мойнына артатынын ойланып та жатпаған болса керек.

Қалай дегенде де, оның бізге өзі сұранып келмегені анық. Жіберді – келді, тапсырды – істеді, шақырды – кетті. Колбиннің драмасы да осында.

Колбиннің Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы болып бас-аяғы 18 минутқа созылған пленумда сайланғаны, оның аяғы таңертеңнен Алматы жастарының Брежнев атындағы орталық алаңға жиналудына, пленум шешіміне қарсылық білдіруіне уласканы жаксы мәдім. Адандағы оқиғаның республика-

ны басқаруға кадрдың шеттөн әкелінуіне наразылық білдіру түрғысында ғана басталғанын айту шарт. «Қазақтар өздерін өздері басқара алмайды» деген сөздің өзі сүйекке таңба емес пе? Сондай сәтте біздің ұлттық намысымызды алдымен жастарымыз қорғап шықты дейміз.

Шықпауға да болмайтын еді ғой тіпті. Елде қайта құру деген үдеріс жүріп жатқан кез. Ауыз ашсақ болды, демократияны айтатын кезіміз. Адам құқын қорламайтын қоғам құрамыз деп бүкіл әлемге жалаулатып жатқан кезіміз. Сондай кезде осындай әділетсіздік жасалып отыр. Бұл бір жағынан. Екінші жағынан, мұндайлық оспадар шешімге келіспеушілік білдірмесек, дауыс көтермесек, біздің қандай халық болғанымыз? Нағыз намыссызыдыш болып шықпай ма бұл? Басын ашып айтайын: желтоқсан оқиғасы сол кездегі билік тарапынан ұйымдастырылған жоқ. Бәрі де халықтың ішке сыймаған ашу-ызасының сыртқа актарылып шығынан, яғни стихиялы түрде басталды. Расына келгенде, өз басым алаңға жастар жиналып жатыр деген хабарды естіген алғашқы сәтте қатты толқығаным, «Тәубе, ел еkenбіз ғой, халық еkenбіз ғой, ақырып теңдік сұрайтын ұрпағымыз бар еken ғой» деп, іштей соған шүкіршілік еткенім, одан да ашығырақ айтсам – пленум шешіміне қарсылық білдіруге шыққан жастарға іш тартқаным рас. Ұлттық намыс, халық алдындағы перзенттік парыз ішкі түйсік арқылы санаға соны айтқызып тұрды.

Көп айтса көніп, жүрт айтса сеніп жүре беретін үақыт келмеске кете бастаған еді. Әсіресе, партияның өзі елді қайтадан құрамыз деп, демократияны дамытамыз деп, жариялыштықты жалаулатып жатқанда, Бас хатшының өзі аузын ашса болды адам құқын қамтамасыз етуді айттып жүргенде халықтың әділеттілікті күтуі, саясатты айқындаушылар елмен санасады деп сенуі әбден орынды еді. Сондай жағдайда мына шешім, белден басатын, елдігінді қорлайтын мынандай қадам әбден шектен шыққандық болатын.

## ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Ол есікті ашып, ішке енді. Біріншінің қою көк костюмді көмекшісі терезеден жалт бұрылды, бейне-бір кінәсі ашылып қалғандай, жүзінде аздаған ыңғайсыздандық бар.

— Геннадий Васильевич сізді Камалиденовтің кабинетінде күтіп отыр, — деді де кешірім сұрағандай жымыспен: — Бұл жерден алаң көрінбейді, ал ана жерден — алақанға салғандай... Бюро мүшелері де онымен бірге, — дегенді қосып қойды.

Көмекші жүгіре басып ізеттілікпен дәлізге шығатын есікті ашты. Назарбаев екі жарым жыл бұрын өзі отырған кабинетке қарай дәлізben асықпай адымдай жөнелді. Ол совминге ауысқаннан кейін алаңға қарайтын қолайлышын-жайды «идеолог» Камалиденов иеленген болатын.

Колбин қуатты келген быртық саусақтарын тіреп, кеңес өткізетін үстелдің жаңында түр. Бойшан, беті домбаздау біткен тұксиген ерек. Түрі кәдімгі обком хатшысының түрі. Бірақ республикалық компартияның бірінші хатшысының түріне келе қоймайды. Еңсегей бойлы Димаш Ахмедұлынан кейін... Ол алып тұлғалы болатын, әр қимылды билеушіге тән және сонымен бірге, ақсүйектіктік қарапайымдылық бар еді. Қалай дегенде де ұзақ уақыт бірінші тұлға болу — ол әншейін айта салар нәрсе емес.

Назарбаев кіріп келгенде үстел басында отырған Қазақстан компартиясы Бюросының бірнеше мүшесі біреу әмір еткендей бастарын есік жаққа бұрды. Сөйтіп, идеология жөніндегі хатшының кең кабинетімен жүріп бара жатқанда оны көздерімен шығарып салды.

Колбин қолын үстелден алып, мейманға ұсынды.

— Барлығы дерлік жиналды, сізді күтіп отырмыз, Нұрсұлтан Эбішұлы, — терезе жақты қолымен нұсқады. — Мына спектакль туралы не айтасыз? Ыңғайсыз. Менің туғсінгім келетіні, оларға ым жасаған кімдер, олар республикалық ОК-дағы кадрлар орналасуын қайдан біледі...

Бұл сөзге не айтартсың? Онсыз да бәрі туғсінікті болатын. Кремлдік арманшылдар құлаштарын сермеген

бетімен лай суға былш етті. «Ыңғайсыз» – сірә, Горба-чевті төсегінен тұрғызған болар. Қайдан ыңғайлы бола қойсын!..

Шеру басталғаннан кейінгі алғашқы минуттарда болған осынау қысқа әңгімені Назарбаев кейін талай рет еске алды. Дәл сол жолы, Колбиннен шығып, Орталық Комитеттің дағдыдан тыс бос дәлізінде өзді-өзімен жеке қалған ол өзін алғаш рет тік жартастың жиегінде тұрғандай сезінді. Бұған дейін басынан өткендердің бірде-бірінің 1986 жылдың 17 желтоқсанындағы түнеріңкі салқын таңда оның көз алдында болған оқиғалармен салыстыруға да келмейтінін сезінді».

Сергей ПЛЕХАНОВ,  
«Не шелковый путь», М.,  
«Международные отношения»,  
2015, 8-9-беттер.

Әрине, кез келген жаппай наразылық кемшіліктердің тұтас кешенінің көрінісі. Желтоқсан оқиғасы да республикада жылдар бойы жинақталып келген әлеуметтік-саяси кереғарлықтардың салдары. Адамдар ұлттық мектептердің тіпті аздығына, тілінің, дінінің шетке ысырылғанына, жастардың жұмыссыздығына, ең қарапайым тұтыну тауарларының өзін табу қыын екендігіне қатты ашынатын.

Алаңдағы жастардың арасында Қонаевтың орнында қалуын талап етіп айқайлағандардың табылмағаны назар аудартады. Ондай жөнсіз талаптар қойылған жоқ, бәрі де Қонаевтың күні өткенін, өзгерістер жасайтын үақыт жеткенін біліп тұрды. Олардың басты талабы Қазақстанды қазақ азаматы басқаруы керек дегенге келіп саюының да ешқандай артықтығы жоқ еді. Мұның қисыны да бар. КСРО, қанша дегенмен, федералдық мемлекет болды. Қазақстан, қанша дегенмен, ұлттық республика саналды. Қазақ Қеңестік Социалистік Республикасы аталды. Атаудың ең басында «Қазақ» сөзі тұрды. Қеңестік идеология патша өкіметі тұсында «халықтар абақтысы» болған ел социализм кезінде ұлттардың өзін-өзі басқаруына жағдай

жасады дегенді жағы талмай айтудан жалықпайтын. Ал елдіктің бір белгісі елінді өзің басқаруың емес пе? Сонымен бірге, «Әр халықта – өз көсемі!» деген сияқты плакаттармен қатар Қазақстанды қазақстандық басқарсын деген талаптар да қойылды. Демиденко, Мирошхин, Морозов сияқты адамдардың фамилиялары да аталаған жатты.

**– Алаңда алдымен сіздің атыңыз аталғанын жақсы білеміз.**

– Сондықтан да мені сол шиеленіске қатысты мәселелерден бірден ығыстырып тастады. Жалпы, салған беттен жергілікті кадрлардың бәріне сенімсіздік көрсетілді. Колбин, тіпті, ашықтан-ашық екінші хатшы Мирошхинді бөлмесіне кіргізіп алғып, есікті жауып, екеуі Мәскеумен сейлесе бастады. Бюроның басқа мүшелері кіреберісте тұрып қалдық... Осындай жағдайлар да болды.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

**«АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖЕЛТОҚСАН (1986 ЖЫЛ) ОҚИҒАЛАРЫН ТЕКСЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯҒА**

Құрметті жолдастар.

Тері, Сіздер республика Президентіне ізеттілік пен құрмет сезімінен маған өздеріңіз тексеріп жатқан мәселенің мәнісі бойынша түсінік беру жөнінде талап қоймаған сияқтысыздар. Алайда, Сіздерді желтоқсан оқиғаларына өз көзқарасыммен таныстыруды парзыым санаймын, өйткені сол кезде ОК Бюросының мүшесі ретінде ол оқиғалардың тікелей күәгері болғанмын.

Тұтастай алғанда менің ұстанымым 1990 жылғы 11 қаңтарда жастар алдында сейліген және республикалық баспасөзде жарияланған сезімде негұрлым толық көрсетілген. Орын алған трагедияның себептері мен салдарларының сол бағасын Сіздер айналысатын проблема бойынша менің жеке пікірімнің негізі санауды

сұраймын. Оған қоса, Сіздердің назарларыңызды мына жайларға аударғым келеді:

1. Оқиғалардың басталуынан аяқталуына дейін республиканың жергілікті басшылығының өкілдері олардың барысына ықпал ету мүмкіндігінен айрылды. Іс жүзінде, барлық шешімдер, соның ішінде IIМ әскерлерін шерушілерді қызып таратуға тарту жөніндегі шешім де, Мәскеу басшыларының тарапынан, жабық есік жағдайында, Г.В. Колбиннің кабинетінде қабылданды. Республика Үкіметінің оларға ешқандай қатысы жоқ.

Мәскеу өкілдерін бізді алаңда болып жатқан оқиғаларды бақылаудан толық ығыстырып тастауға итермелеген негізгі себеп бізді көпшіліктің көңіл-күйін пайдаланып, оқиғаны өз мұддемізге пайдалануға тырысады деген құдік болды деп санаймын. Шерушілер тарапынан Компартия ОК-нің бірінші хатшылығы қызметіне кандидатуралар қатарында Е.Н. Әуелбековтің, В.П. Демиденконың, О.С. Мирошхиннің, Н.Е. Морозовтың, С.М. Мұқашевтың, Н.Ә. Назарбаевтың және басқалардың аттары аталуы олардың ерекше алаңдаушылығын туғызды. Айтқандай, фамилиялардың осы тізімінің өзі жастардың республика басшылығына үлтүн орыс адамның келуіне қарсылық білдірмегенін анық дәлелдейді. Сөйтте тұра, атышулы «қазақ үлтшылдығы» картасы ортаға тасталды. Менің өзіммен сол құндері мәскеулік жетекшілер намысқа тиетіндей бүйрық райда, үзілді-кесілді сөйлесті.

Жергілікті кадрлардың пікірлерін атымен ескермеуді Компартия ОК-нің бірінші хатшысының кандидатурасы ОК Бюросының мүшелерімен ақылдасылмағаны да дәлелдейді. Г.В. Колбин жайында біз оны КОКП ОК-нің бөлім меншершісі Г.П. Разумовский (жазбада жаңылыс жіберілген, дұрысы - КОКП ОК хатшысы - С.А.) Алматыға алып келгенде бір-ақ білдік.

КОКП ОК қызметкерлері мен Г.В. Колбин тарапынан өте-мөте сенімсіздікті біздің көбіміз кейін де сезініп отырдық. Мысалы, маған Г.В. Колбиннің 1987 жылы Мәскеудің жоғары инстанцияларында мені республика Министрлер Кеңесі Төрағасы міндетінен босату

жөніндегі бірнеше рет мәселе қойғаны анық белгілі. Тіпті менің кандидатурам ОК-нің бірінші хатшылығы қызметіне ұсынылғанда да КОКП ОК аппараты бүрын-соңды болмаған «тексеру» науқанын бастап, ақыр аяғында Алматы қөшелерінде жүрттап «Назарбаев үлтшыл емес пе?» деген сауал жүргізуге дейін барды. Мұнан кейін Қазақстан Компартиясы ОК пленумы өткізіліп, онда бірінші хатшы тұнғыш рет жасырын дауыс беру жолымен сайланды.

Мен кадрларды таңдау мен іріктеуге мұндайлық ыждағатты көзқарасты, жетекшілер сайлаудың барынша демократияландыруды жақтайдынымды атап көрсеткім келеді. Алайда, мынандай сұрақ туады: қазақстандық коммунистерге онша таныс емес Г.В.Колбин бірінші хатшы болып сайланатын жүрттың есінде жүрген ОК-нің V пленумын дайындау кезінде мұндай принциптілік неге танытылмаған?».

Қазақ КСР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың  
Алматы қаласындағы желтоқсан  
(1986 жыл) оқиғаларын  
тексеру жөніндегі комиссияға жазбасынан.  
7.04.1990.

**– Сіз алаңға барғанда алдымен нені ойладыңыз?**

– Алаңға жиналғандардың ортасына бара салысымен менің алдымен ойлағаным республика халқының үлттық белгі бойынша бөліну қаупінің алдында түрғандығы еді. Иә, өзіміз сол кезде оңды-солды, мән бермей айта беретін «біртұтас совет халқы» дегеніміз кеңестік кезеңін, көп аңыздарының бірі екен. Алаңдағылардың арасында өзге үлт өкілдері де болды. Бірақ, қалай дегенде де, олардың дені қазақтар еді. Ертеңіне шерушілерге қарсы құрылған «халық жасақшыларының» арасында қазақтар да болды. Бірақ, шындығы сол – олардың барлығы дерлік орыстар еді. Сүмдық қауіп емес пе? Сүмдық қауіп.

– Сол күндердегі мына бір жағдай есімде. Барлық газет-журналдар редакцияларының коммунистерін,

әрине, ішінде «Социалистік Қазақстанның» партия мүшелері де бар, Фрунзе аудандық партия комитетіне шұғыл шақырды. Барсақ, аупартком алдындағы шағын алаң адамға толып тұр. Бір кезде біреулер келіп, жүртқа кесілген темір шыбықтар таратады. Сөйтсек, коммунистерден «халық жасақшылары» құрылып жатыр екен. Әлгі темір шыбықтар біздің «ұлтшылдарға» қарсы қолданар қаруымыз болуы керек екен. Шошып кетіп, газет бас редакторының бірінші орынбасарымен бірге (мен редакциядағы бастауыш партия ұйымының хатшысы едім) аупарткомның бірінші хатшысы Нұртай Әбіқаевқа кіріп, мұның жөнсіздігін, қауіптілігін айттық. Ол кісі дереу ғимарат алдына шықты да қолына мегафон алғып, ешкімнің де қаруланбайтынын, ешкім де ешкімді жазалауға аттанып бара жатпағанын, тек көшелерде қоғамдық тәртіптің сақталуын қадағалау керектігін жеткізді. Кесілген темір шыбықтарды жүрттың қолынан сол арада жинаттырып алдырды.

— Біздің республикамызда қазақтар мен орыстар арасында осындағы тіресу туатындағы жағдай бар ма еді? Атымен болған емес. Онда бұл сүмдүқ ахуалды кім жасап отыр? Сөз жоқ, билік жасап отыр. Мәскеудің, Орталықтың билігі жасап отыр. Саясат ойынының салдарынан бұрын осы жерге табаны тиіп көрмеген қызыршақ қызметкерді ең биік орынтаққа қонжита салды да, тып-тыныш Қазақстанның ойран-ботқасын шығара жаздады.

Бір мемлекет құрамында кадрлардың ауыс-түйісі деңген болмай тұрмайды. Біз Мәскеу жіберген қаншама адамдардың басшылығымен жұмыс істеген, бәрімен дерлік тіл табысқан халықтыз. Кезінде Тұрар Рысқұлов қолға алынған шараларды жүзеге асыруға жақында орталықтан партия басшылары келіп жетеді деп те айтқан. Алайда, әр нәрсе өз уақытында. Жиырмасыншы, отызыншы жылдар тұрмақ, соғыстан кейінгі кезеңдегі жағдайды да түсінуге болар. Ал енді халық ұлт ретінде қалыптаса бастаған, бүкіл

ел жаңарып, мемлекет енді демократия жолына түсеміз деп әлемге жариялад җатқан сексенінші жылдардағы мына зорлықта не жорық?!

Өткінішке орай, алаңдағы екі жақ та үнқатысуға дайын болмай шықты. Оған сол кезде саяси мәдениет жетіспеді. Бір жақ жаппай жазғыруға, алаңдағыларды түгел айыптауға ауысты, бір жақ тастар мен мұз кесектерін қолға алды.

### **– Күш көрсетуді қай жақ бастады?**

– Сыртқы сипаты бойынша қарасақ, қарсылық көрсетушілер бастады делінеді. Бірақ бұл сырттай қарағандаған. Милиционерлердің погонын жұлып, олардың беттеріне мұз кесектерін лақтырып, тәртіп сақшыларына тіл тигізген жастар. Шепті бұзып өтіп, Орталық партия комитетінің ғимаратына ұмтылғандар да жастар. Ал іс жүзінде оларды осы әрекеттерге арандатты деу дұрыс. Өйткені, үнемі қорқытып-үркітіп сөйлеу, тек қана жазғыру, үрсү жастарды одан сайын ашындыра тусты. Олардың алдында мінберден сөйлегенде де, орталарына барып бет-пеп-бет жүздескенде де, қала көшелерімен шерушілермен бірге жүргенде де жастардың арасында ұлттық намыс үшін қасық қанын қыып беруге әзір небір азаматтар бар екеніне көзім жетті.

### **ДӘЙЕКТЕМЕ:**

«Алматы студенттері айдаладан әкеліп республикаға тықпалаған Бірінші хатшыға қарсылықты бірінші болып көрсетті. Студенттердің анағұрлым белгілі көшбасшысы Экономика (дұрысы – Халық шаруашылығы – С.А.) институтында кандидаттық диссертация жазып жүрген 24 жасар Нұртай Сабилянов болды. Колбиннің реңи тағайындалғаны туралы 16 желтоқсанда кешкісін радиодан естіген Сабилянов жан-жүргөгімен ызalandы: «Мен

жатақханадағы әріптестеріме – студенттерге «Ресейден келген Колбин деген кім, өзі? Осыншама байтақ республикамызда осындай лауазымға лайық шынымен бір де бір адам болмағаны ма? Осыған дейін бізден бір рет те басқа республикадан келген басшыны қабылдауымызды сұрап көрген емес еді, енді қазір оны неге қабылдауға тиіспіз? Егер мына бөтөн адамды бізге тықпалауға Мәскеуге жол беретін болсақ, қазақ халқының сезімі мен сенімін тас-талқан етеді!» деп мәлімдедім».

Сабильянов қасиет пен шешендік қабілетке бай сүйімді жас жігіт болатын. Оның сөзі бүкіл жатақхананы жігерлендіріп жіберді. Қас қарайғанға дейін ол көрші ауыл шаруашылығы, мал дәрігерлік, энергетика, педагогикалық, политехникалық және көркем сурет институттары студенттерінің алдында сөз сөйлеп үлгерді. Олардың барлығы бірдей Колбиннің тағайындалуына ашуланды. «Мен оларды ертеңіне сағат 9-да алаңға шығуға үттеп, мәскеулік басшыларға қарсылық көрсетуге және оларды осындай қате шешімді өзгертуге мәжбүрлеуге тырысуга шақырдым», – деп еске алады Сабильянов.

Джонатан АЙТКЕН,  
«Нұрсұлтан Назарбаев және  
Қазақстанның қарыштық қадамы»,  
М., «Художественная литература»,  
2010, 125-бет.

Дәл сол тұста қазақ жастарының қанын қайнататын тағы бірнеше қосымша жағдайлар болған еді. Оның алдындағы партия съезінде айтылған жоғары оқу орындарындағы қазақ студенттерінің саны республикадағы қазақ үлтynың үлес салмағына сай емес деген әңгіме қатты нағысқа тиген. Бұл арада жас үлттың білім-ғылымға бөлекше үмтүлсызы да, қазақтың бар жиған-тергенін баласын оқытуға салатыны да ескерілмеді, үлтты орыс ұлқыздардың, әсіресе теріскей облыстардағы жастардың талайы Мәскеу мен Ленинградта, Ресейдің шекаралас өнірлеріндегі қалаларында оқитыны да ескерілмеді.

Оның үстіне дәл сол кезде «еңбексіз түсетін табыспен курсес» деген науқан басталып, мыңдаған пәтер иелері бөлмелерін жалдап тұрған жастарды үйлерінен амалсыз шығарып, бір Алматының өзінде шамамен үш мыңдай студент сұық құзде, қарлы қыста баспанасыз қалған болатын. Бұл жағдай да ахуалды ушықтырып жіберді.

— Комиссия қорытындысында алаңда және оның маңындағы жерлерде аударылған, өртеген машиналар саны көрсетіледі. Бірқыдыру сан. Негізінде ол кезде билік жаңағыдай іс-әрекеттердің алдын алуға, атымен boldырмағанымен ондай құқық бұзушылықты көбейтпеуге әбден-ақ әлеуетті еді ғой. Солай емес пе?

— Мемлекет қауіпсіздігі комитеті, Ішкі істер министрлігі сияқты органдар мәселенін ушыға түсуіне, алаңға шыққандарды бұзақылыққа итермелеге, сейтіп олардың кінасін көбейтуге мұдделі болды. Арандатуларды арнаулы қызмет адамдары үйымдастыруды деуге де дәлел жеткілікті. Мысалы, нақты жазалау шаралары 17 желтоқсан күні кешке басталды. Оған дейін алаңдағы күш құрылымдары белсенді әрекетке кірісе алмай тұр еді. Пленум шешіміне наразылық білдіріп жатырсындар деп жүртты бас жоқ, көз жоқ ұрып-соға алмайды ғой. Сол күні кеште Орталық комитет ғимаратының бір бөлмесіне терезеден оқ тиіп, кабинетте кілем мен жиňаз өртене бастады. Бұл нағыз ізденгенге сұраған болды. Мұны билікке қарсы қарулы шабуыл деп бағалауға, заң бойынша қатаң жазалауды бастауға болатын еді. Арнаулы қызмет адамдары арандатты дейтінім – студенттердің, жұмысшы жастардың қолына 200-300 метрдей жерге ататын «ракетница» қайдан тиеді?

— Ең басты сүмдүк жастарды қуып таратуға ішкі әскерлердің арнайы бөлімдері тартылып, қалқан, сойыл, сапер күргімен қаруланған солдаттардың жастарды басып-жаншұы еді.

— Осы арада сол кезде Орта Азия әскери округі әскерлерінің қолбасшысы болған генерал Владимир Лобовтың: «Заң бойынша әскерді азаматтық шиеленіске тартуға менің құқым жоқ» деп, Алматы қәшелеріне әскер кіргізуге келіспегенін әділдік үшін разылықпен айту пайрыз. Республика Жоғарғы Кеңесі Төралқасы құрған комиссияның тұжырымдары мен ұсыныстарында жетекші оқиғасы кезінде шаш ал десе бас алғандардың арасында генерал Лобовтың аты аталмайтын себебі сол. Кейіннен мәлім болғандай, Алматыға Фрунзе, Та什кент, Челябинск, Новосибирск, Уфа, Свердловск, Тбилиси қалаларынан шұғыл түрде ұшақтармен ішкі істер әскерлерінің арнаулы бөлімдері әкелінді. Операция «Метель-1986» деп аталды.

— Ішкі әскер бөлімдерінің сол құндердегі қатыгездігі оқиғаға қатысушыларды жазалау кезінде жүздеген адамдар қанды қырғын құрбаны болды деген алып-қашпа сөздердің шығуына жол ашты.

— Дәл ондай топтап өлтіріп, көптеп көме салатын жағдайлар болмағанымен, алаңда көрсетілген қатыгездік сүмдүқ еді. Жиналғандарды қызып-тарату кезінде сойыл, саперлік күректер, қызмет иттері пайдаланылғанын, жүздеген жастардың жарақат алғанын, жап-жас қыздарынызды зорлап, қорлап, Алматының сырт жағына апарып, қараңғы далада, түнгі сұықта сырт киімсіз қалдырып кеткенін ойласаң жаңың үшін түршігіп, қаның қайнайды.

Желтоқсан оқиғасынан кейін соған қатысы бардың бәрін жаппай жазалау қатты қарқын алды. Талайлар оқудан шығарылды, талайлар партия қатарынан, қызметінен қыылды.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Көтерілісшілердің өте қатал жазаланғанын ерекше атап өту керек. Жедел жәрдемнің 20 бригадасы зардал

шеккен 540 адамды емдеу мекемелеріне жеткізді, 209 адам ауруханаға жатқызылды, 1722 адам дене жарақатын алды. Жоғарғы Кеңес Төралқасы Комиссиясының бағалауынша, ұсталғандардың жалпы саны 8500 адамға жуық. Прокуратурада 5324 адамнан, МҚҚ-нде 850 адамнан жауап алынған. 900-ге жуық адам сottардың, милицияның және кәсіпорын әкімшіліктегінің қаулысы бойынша әкімшілік тәртіппен жазаланған (қамауға алынған, айыппұл төлеген, сөгіс алған, т.б.). 1400 адамға қатаң ескерту берілген.

Ресми дереккөздер мәліметі бойынша 264 студент оқу орнынан шығарылған. Халыққа білім беру министрінің анықтамасында (1990 жылғы тамыз) оқудан шығарылғандардың саны 309 болған (Денсаулық сақтау министрлігі мен Қатынас жолдары министрлігінің жүйесіне кіретін оқу орындарының студенттері мен оқушыларын есептемегендеге). БЛКЖО желісі бойынша оның 1922 мүшесі жазаланған (758 мүше комсомол қатарынан шығарылған, 1164-і қатаң, сөгіс алған). КОКП қатарынан 53 адам шығарылған, 210 адам партиялық тәртіппен жазаланған. Оқиғаларға қатысқан 319 адам жұмыстан құылған. Соттың үкімімен 99 адам сottалған, оның екеуі ату жазасына кесілген.

«Қазақстан тарихы», бес томдық.  
А., 2010, «Атамұра», 5-том, 93-94 беттер.

— Жазалау барлық бағытта жүргізілді. Желтоқсаншыларға сот процесінен түсірілген фотоның қандайлық шулыған жасағаны естен кетпейді. «Жетісу», «Огни Алатау» газеттеріне шыққан ол фотода сот үкімін қасқая тыңдал түрған төрт қазақ жігіті бейнеленген еді. Әуелде Орталық комитеттің біз жұмыс істейтін бөлімінде онша әңгіме шыға қоймаған, кураторларға да қатты ештеңе айтылған жоқ. Кештетіп келгендіктен фотоны салып үлгермеген басқа газеттерге соттан түсірілген сол суретті баспауды тапсырып, түске таяу тынышталғандай болғанбыз. ҚазТАГ арқылы ресми жіберілген фото ертеңінде-ақ

Колбиннің кәріне ілікті. Оның шошынатыныңдай да бар. Әлгі фотодағы жігіттердің кейпі жазықты болып, жазасын мойындаған адамдардың кейпі емес еді. Колбин сол фото арқылы жастар қайраттанып, қайтадан көтерілетіндегі көрді. Ақыр аяғында екі газеттің де редакторлары жұмыстан босатылды. Өзіміздің үстазымыз – ардақты азамат Мамадияр Жақыпты тіпті идеология саласына жақын жүргізбеу тапсырылып, ол кісі Колбин кете-кеткенше Қаскелең аудандық газетінде техникалық шығарушы болып жұмыс істеді.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Шындықтың әсері кейде жала жауып жазалаудан күштірек болады. Сол сottың шешімін әркім әр түрлі қабылдады. Қatal жазаға біреулердің айызы қана қуанғанына да, екіншілердің қабырғасы қайысып, жылағанына жұрт күә. Ал мына суреттегі қайыспай қас-қайып түрған жастарды көріп, сот шешіміне айызы қанғандардың ызасы қозып, қабырғасы қайысқандардың еңсесі көтерілгені де шындық. Сот процесінен де сурет беру жаңалық емес, дәл сол жылғы маусымның 12-сі күні республикалық газеттерде «Кеңсайдағы» зиратқа тиіскен бұзақыларға сот процесінен де сурет берілген. Баспасөз қызметкерлерін жазалаушыларға соны еске салғанымызда, облыстық партия комитетінің хатшысы: «Онда сотталушылар сүмірейіп тұр, ал мұнда батырларша тұр ғой» деп үәж айтқан. Сондай болғаны үшін де айыпты болғаны ғой.

...Сурет жарияланған күні Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Идеология бөлімінің менгерушісі А.А.Устиновтың кабинетінде астанадағы газеттер басшыларымен газеттердің шығу графигін сақтау жөнінде шағын жиналыс өтті. Біраз мәселені сөз еттік. Соңынан, тарқар кезде Альберт Александрович сөз арасында: «Сот процесінен түсірілген суреттердің газеттерде жарияланғаны бекер болды-ау» деді. Біз, анығына келгенде мен, бұл суретті ҚазТАГ бергенін, мундай мазмұндағы суретті алып қалу қыын екенін айтып едік: «Сендер өстіп құтылып

кетесіндер ғой» деп қарқылдап құлген. Бұл кісі осылай күле салатын. Бірақ келесі күні Устинов Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросында қабағынан қар жауып тұрып хабарлама жасады. Кешегі күлкі қайда? Кеше бұл фактіге неге бұлай мән берілмеді? Әңгіме бір ілік тауып, жұртты мықтап қорқытып қоюда болатын. Бұл баспасөз органдарын, жалпы қоғамдық пікір тудыратын мекеме, үйымдарды тізгіндең ұстаудың, тұмылдырықтап қоюдың жолы еді».

Мамадияр ЖАҚЫПОВ,  
«Үстемдікті үркіткен сурет»,  
«Ана тілі», 1990, 13 желтоқсан.

— Ол кездегі опалаң-топалаңда бәрі болды. Қаншама адам жазықсыз жапа шекті. Ақыр аяғында кісі өлімі де орын алды. Өкінішке орай. Бірақ солай екен деп ондаған, тіпті жүздеген адамдар өлтірілген, жасырын жерленген деп нақты дерексіз, бұлтартпас дәлелсіз сөйлеудің де жөні жоқ.

— Сондай сөздер сендірмейді, расында. Колбиннің тұсында билік ондай жағдайларды жасыруға мүдделі еді дейік. Ол кезде қайтыс болғандардың ата-аналарын Мемлекет қауіпсіздігі комитеті ме, солар жұмыс істейтін жердің басшылары ма, әйтеуір бір адамдар қорқытып-үркітіп, тістеріңнен сөз шықса құртамыз, жоямыз деп ауыздарын аштырмады дейік. Сонда да адам деген шөмелеге түсіп кетсе таба алмайтын ине емес қой. Жан иесінің сұрауы болмай ма? Тіпті бір-екі, үш жыл ауыз ашпаған ата-ана есін жиып, республика басшылығы ауысып, Желтоқсанның бағасы өзгерген кезде болса да өлген ұлын, қызын іздемей ме? Олардың курстастары, кластастары, ауылдастары, ағайын-туғандары болмай ма? Олардың біреуі болмаса біреуі сөз шығармай ма, біздің бәленше желтоқсан оқиғасы тұсында жоғалып кетіп еді деп? Содан кейін мына жағдайды да ескеру ке-

рек сияқты. Жазалау шараларын жүргізгендердің өзі де адам өлтіру үшін тұбі жауап беру мүмкін екенін қалайда ойламай тұра алмайды ғой.

— Ең өкініштісі, желтоқсан оқиғасы адам өлімінсіз болмады. Студент Қайрат Рысқұлбеков телестудия құзетшісі Савицкийді өлтірді деп сottалды. Оған ату жазасы кесілді. Кейіннен Қайраттың Савицкий өлімі кезінде қаланың басқа жағында болғанын айғақтағандар да табылды. Қайраттың «өз күнәсін мойындауы» адам айтқысыз азаптаудан кейін зорлықпен алынғаны анық. Оған жала жауып, нақақ көрсеткен басқа бір адам жөнінде де әңгіме бар. Мұндайлық әділетсіздіктен Қайрат ақыры түрмеде өзіне-өзі қол жұмсаған делінді. Бұл да күмәнді нәрсе. Тегінде, оған бір камерада отырған рецидивистің қатысы болуы да мүмкін. Осының бәрін ескере келіп, мен ұлт намысы жолында, өз сөзімен айтқанда, «еркек тоқты құрбандық» болған Қайрат Рысқұлбековке «Халық қаһарманы» атағын беру жөнінде Жарлық шығардым.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Мен не етермін, не етермін,  
Мен келмеске кетермін.  
Көрмеген қош бол, таңдарым,  
Көре алмай мен өтермін...

Күнәдан таза басым бар,  
Жиырма бірде жасым бар,  
Қасқалдақтай қаным бар,  
Бозторғайдай жаным бар.  
Қайрат деген атым бар,  
Қазақ деген затым бар.  
«Еркек тоқты – құрбандық»,  
Атам десен атындар!»

Қайрат РЫСҚҰЛБЕКОВ,  
«Ақтық сөз»,  
«Алматы. 1986. Желтоқсан».  
А., «Дәуір», 1992, 126-бет.

– Халықтың билікке сенімінің қалпына келуіне КОКП Орталық комитетінің жеттоқсан оқиғасынан кейін қабылданған атышулы қаулысындағы «қазақ ұлтшылдығы» деген бағаның ресми түрде теріске шығарылуы шешуші әсер етті ғой?

– Қазір баспасөзде «ұлтшыл» деген сөз ұлтын сүйетін, сүйегін тоңып, ыстығына күйетін адамдарға қатысты да айттылып жүр. Мен бұл арада «ұлтшылдық» сөзін сол кездегі мәнісінде айттып отырмын. Ол кезде «қазақ ұлтшылдығы» тіркесі басқа халықтарға теріс қаралу, ұлттарды бөліп, араздастыру деген мағынада қолданылған. Ал бұл тұтас халыққа қатысты айттылғанда аса ауыр айып болып табылатын. Мұндай жолсыздыққа Қазақстандағы өзге ұлт өкілдерінің де қарсы шыққаны өте маңызды.

Мен республиканың қоғамдық және бейресми үйымдарының өкілдерімен арнайы кездесіп, ұзақ әңгімелестім. Ортақ пікірге тоқтадық. Ол пікіріміз – КОКП Орталық Комитетінің тұтас халықты ұлтшыл деп жариялау жөніндегі айыптауын жөнсіз, халықтың ар-намысына тиетін баға деп санау және оны алып тастауға бар қүш-жігерімізді жұмсау. Кейіннен солай болды да.

Ал олай ету оңайға түскен жоқ. Әуелде КОКП Орталық Комитетінің Қазақ республикалық партия үйымы бойынша қабылдаған қаулысын негіздеу жолында қыруар идеологиялық жұмыс атқарылды. Алматыда, Қазақстанның астанасында жалғыз ғана қазақша балабақша ашылғанының өзін қаншама әңгіме етті десенізші! Былайша қарасаңыз, әбден қалыпты жай. Сөйтсек, оның өзі интернационализмді бүлдірудің шектен шыққан үлгісі көрінеді.

– Жеттоқсан оқиғасынан кейін іле-шала Алматыға жеткен Саяси Бюро мүшесі, КОКП Орталық Комитетінің хатшысы Михаил Соломенцевтің өзі дәл сол жалғыз балабақшаны әңгіме етуге дейін барды ғой.

ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Бір мәселенің басы ашық, – деді Алматыда Михаил Соломенцев, – бұл кездейсоқ құбылыс емес, бұл стихиялы құбылыс емес. Бұл үйымдастырылған нәрсе. Кім үйымдастырғаны бізге белгісіз, оны табар-таппасымызды айту маған қын. Белгілі бір топтың адамдары қылмысты жауапкершілікке тартылады. Тегі, сот процестері жүретін шығар, екі-уш процесс ашық жүргізілер. Халыққа мұның бәрін жақсылап көрсету керек... Саясатта, студенттерді іріктеуде бұрмалауға жол берілген. Ка-дрларды осылай іріктеуге бола ма екен? Мен білемін – мұнда оқыту қазақ тілінде жүретін қазақ мектептерін ашу жөнінде пікірталас жүріп жатыр... Алматыда мектепке дейінгі мекемелер де үлттық белгілер бойынша құрыла бастаған ба? Қалай, жолдас бюро мұшелері? Бұдан әрі не болады? Интернационалдық тәрбиенің жағдайы өте нашар. Қаланың қалай толығып жатқанын да анықтау керек. Міне, Алматы. Есімде, мен осында жұмыс істегендे қазақ тұрғындары сегіз пайызды құрайтын. Дұрыс айтып тұрмын ғой? Қазір он алты пайызға шығып кетіпті. Екі есе көбейіпти...»

Соломенцевті тындаған қазақ зиялышары өздеріне мынандай ой түйді: қылы кезең келе жатыр, репрессия басталады, алыс ауылдардан шыққан студенттердің саны қысқартылады».

Леонид МЛЕЧИН,  
«Назарбаев. Групповой портрет с президентом»,  
М., «Восток-Запад», 2010, 157-158-беттер.

**Сол Соломенцев, бір кезде Қазақстаннан масқаралып кеткен Соломенцев өзінің естелік кітабында желтоқсандағы төтенше оқиғаны зерттеу жөніндегі комиссияның тәрағасы ретінде Горбачевтің тапсырмасымен Алматыға келгенін, не көріп, не қойғанын жазыпты. Сонда өзі сол сапардан кейін желтоқсан оқиғасына баға беріп, жазба түсіргенін, сіздің сол бағамен келіспейтініңізді айтқаныңызды келтіріпти.**

ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Мәскеумен, Горбачевпен үдайы байланыста болдым. Ол жағдай қалпына келгенше Қазақстанда бола тұруымды өтінді. Оқиғаның себебін сұрады. «Бұл – үлтшылдық. Колбинді алып кету керек», деп жауап бердім мен.

Біраз күн өткенде Назарбаев Мәскеуге телефон соқты, менің Алматыдағы оқиға жөніндегі жазбамды оқығаның, негізгі себеп үлтшылдық деген бағаммен келіспейтінін айтты.

– Менімен бірге Алматы базарына бармағаныңыз өкінішті, – деп жауап бердім мен оған. – Ол жерде қарапайым адамдар көп болды, олар мына бүлікті Бірінші хатшы етіп орысты сайлағанына бола басшылардың өзі шығарып отыр деп жамырай айтты...».

Михаил СОЛОМЕНЦЕВ,  
«Зачистка в Политбюро. Как Горбачев убирал  
«врагов перестройки», М., «Алгоритм», 2011, 207-бет.

**Жаңағы кітаптан білгенім – сіз желтоқсан оқиғасын үлтшылдық, деп бағалауға ашық қарсылығыныңды дәл сол күндерде-ақ, Саяси Бюро мүшесінің өзіне білдірген екенсіз. Бұл жайында осыған дейін еш жерде айтқан емессіз ғой?**

– Өзім айтпасам өзгелер айтып жатыр. Ақиқат ақыр түбі ашылмай қоймайды. Мен алаңға жастарды үлтшылдық сезім (бұл арада ол сөздің толықтай теріс мағынада қолданылуын айтып тұрмын) алып шықпағанына ә дегеннен-ақ көз жеткізгенмін. Жастар алаңға өзгелерге қарсы болғандықтан шыққан жоқ, жастар өз халқының намысын қорғап, бізді кемсіткен Кремль кеудемсоқтығына қарсы болғандықтан шықты. Өз үлттыңның мұддесін көздеудің, өз халқының намысын жыртудың еш айыбы жоқ. Тек оны өзгелердің есебінен жасамауың керек. Ал мынандай тұста, ақиқат ізделеп, теңдік сұрап алаңға шыққан

ұлды қорлағанымен, қызды зорлағанымен қоймай, бүкіл бір халыққа ұлтшыл деген қара таңба басқалы тұрғанда үндемей қалуға болмайды.

Онсыз да сол кезде шаш ал десе бас алатын әпербақандық көбейіп кетті. Ана жерде де, мына жерде де ұлтаралық қатынастар жөнінде комиссия, бөлім, сектор дегендер қаптап құрыла бастады. Жетпіс жыл бойы бізде ұлт мәселесі толық шешілген дегеннен бізде ұлт мәселесі әбден асқынған еken дегенге бір-ақ шықты олар. Аулада балалар төбелесіп қалса да дереу олардың қайсысының қай ұлттан еkenін анықтай қоятын болды. Содан аяқ астынан проблема жасай қоятын болды. Қазақтың байырғы даласына тарих тоғыстырып, тағдыр табыстырып әкелген ұлт пен ұлыстың үйисіп отырғаны, сол ынтымақты шаңырақтың тынышын белден басқан шешімімен биліктің өзі бұза жаздағаны ескерілмеді.

Қаулының күшін жою жөніндегі шаруаның бәрін біз жүйелі жұмысымыздың арқасында, қаншама жүйкемізді жүқарта жүріп жасағанымызды айтып жатпай-ақ қояйын. Республикадағы қоғамдық пікірді орнықтырған соң Мәскеуге барып, ондағы ондаған кабинеттерде өздері қабылдаған қаулының қателігін дәлелдеу де бір қиямет-қайым болды. Соны да еңсердік ақыры. Қаулының күшін жойғызып, шешімді баспасөзде жариялаттық.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Сөз жоқ, қазақтардың орыс халқына, сондай-ақ орыстардың қазақтарға деген ғасырлар бойына қалыптасып келген сенім негіздерін осы тәрізді ойлас-тырылмаған, нағыз бақай есепке құрылған әрекеттер де шайқалта алған жоқ. Адамдардың басым көпшілігі ол әрекеттердің науқаншылдық мәнін түсінді, кейбір функционерлер қоздырып отырған желікке берілген жоқ.

Олар сол әрекеттің шын құнын партиядағы шенди-шекпендейлерге қарағанда әлдекайда тезірек ұқты. Осы жылдардың бәрінде Қазақстан Компартиясының Орта-

лық Комитетіне, сондай-ақ КОКП Орталық Комитетіне қазақ халқын ұлтшыл, меммен, ал республиканы масыл деп айыптаумен келіспеушілігін білдірген еңбекшілерден, жастардан, мәдениет және ғылым қайраткерлерінен хаттар үдайы келіп жатты. Мынадай бір мысал. Шымкент облысындағы Ленгір үйиқ-тоқыма фабрикасының слесары Алексей Степанович Шачнев былай деп жазған: «Тұтас бір халықтың атына әділетсіздікпен тағылған айыпты заңсыз және тіпті ұлты орыс адам – мен үшін өкінішті деп санаймын... Қазақтардың арасында 30 жылдан астам уақыт бойы тұрып келе жатып және олардың достық қатынасын күн сайын дерлік сезіне жүріп, тұтас бір халықтың табан астынан ұлтшыл атанып шыға келгенін таңданыспен естіп-білдім. Қазақты ұлтшыл деп атайдын адам, сонымен бірге, орыс адамы – менің де жаңымды терең жарапайды». Және де мұндай мәлімдемелер бірен-сарап емес.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті, республиканың Жоғарғы Қенесі КОКП Орталық Комитетінің белгілі қаулысына өз көзқарасын айқын білдірді. Қорытындысында әділет салтанат құрып, қазақ халқынан масқара жапсырма алып тасталды. Бұл фактіні қазақстандықтардың бәрі орасан зор қанағат сезімімен қабыл алды. Оқиғаларға қатысқаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке заңсыз тартылған адамдарды ақтау жөнінде де соңғы кезде үлкен жұмыс жүргізілді».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
Қазақстан Компартиясының XVII съезіндегі  
есепті баяндаудан.  
«Таңдамалы сөздер», I том, 251-252-беттер.

– Қаулының күші жойылғаны үлкен жетістік болды. Әсіресе, сіздің КОКП Орталық комитетінің пленумында: «Қазақстан жөніндегі белгілі қаулыны да нақ осындағы асығыс, ойластырылмаған іс-қимылдардың қатарына жатқызу керек. Онда тек дәйексіз тұжырымдарға ғана емес, сонымен бірге, халықты қорлайтын тұжырымдар-

ға да жол берілген. Мысалы, «қазақ үлтшылдығы» деген ұғым айтылған. Бірақ, тегінде, қандай да болсын тұтас халықтың бойында адамгершілікке жат осындай қасиет болуы мүмкін бе? Мүмкін емес екеніне кәміл сенімдімін. Әрі үлттық демократияның болмайтыны сияқты, қазақ, орыс, өзбек, латыш және тағы басқалардың үлтшылдығы да болуы мүмкін емес», деп сейлегеніңізден кейін, ең бастысы – қазақ халқының ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін қаулының қате қағидалары қайта қаралғаннан кейін халық бір жоталанып қалды. Сонымен бірге Желтоқсанға жалпы баға да өзгере бастады ғой?

– Қаулыға қарап, ресми бағаға бағынып қалған ол кез үшін КОКП Орталық комитеті қаулысының күші жоғылуы өте үлкен оқиға. Ол халықаралық ауқымда да үлкен жаңғырық туғызды. Жалпы, Алматыдағы оқиғаның дүмпүі бүкіл жер-жаһанға бір сәтте-ақ жайылған болатын. Өйткені, бұл тоталитарлық жүйеге ұйымдасқан түрде көрсетілген алғашқы қуатты қарсылық еді.

– Колбиннің Қазақстанның кетуінің тездетілуіне әсер еткен қандай себептер болды?

– Ол себептердің бірі желтоқсан оқиғасы болуы мүмкін. Бірақ бір себебі ғана. Олай дейтінім, Горбачев бұл шешімінің әділетсіздігін оқиғадан кейін бірден түсінсе, мойындаса, ол сол кезде-ақ қатесін түзетер еді. Бірақ ол заман басқа. Саяси Бюро ешқашан қате шешім шығармайды деген ұғым берік қалыптасқан болатын. Сондықтан да Колбин өз орнында үш жылға таяу үақыт бойы қала берді. Оның жұмысының мандымағанына, сенімді ақтамағанына, сөйтіп, Кремльді, қазақша айтқанда, үятқа қалдырғанына Орталықтың көзі әбден жеткеннен кейін, оның өзінде Мәскеудегі жоғары лауазымды қызметке ұсыну деген сұлтауды көлденен тартып барып қана кері шақырып алды Колбинді.

Ақырында республикадағы жағдайды дұрыстаудың жолын таба алмады ол. «Тұрғын үй-1991» бағдарламасы болынша үйсіз жүргендердің бәрі сол кезге дейін үйлі болады дегені нағыз популизм еді. Жоғары жаққа жөнді мәлімет беру үшін жергілікті басшылар енді күркө, қоралардың бәрін «квадратный метрге» қосып жаза бастаған болатын. Сондай көзбояушылық басталғаннан кейін халық жаңағы «Жилье-1991» бағдарламасын «Жулье-1991» атап кеткен. Халық деген айтқыш қой. Геннадий Васильевич күндердің бір күнінде азық-түлік мәселесін Қазақстанның аспанынан көктемде, күзде арлығы берлі ұшып өтетін жыл құстарын атып алу арқылы шешіп тастауға болады дегенді шығарды. Қазақстандағы барлық шөп-шаламды сарайларда сақтаймыз деп те айтты. Еттің түр-түрін көбейту керек деп нұсқау берді. Соны орындау үшін дүкендерде малдың басын бір түрге, сирағын бір түрге, өкпе-бауырын бір түрге жатқызып есептейтін болды.

**– Келе салып бір жылда қазақшаны менгеремін, баяндамаларды қазақша жасайтын боламын дегені тағы бар.**

– Қайсыбірін айта бересің. Мұндайлар көп болды. Тоталитарлық жүйе тұдырыған, тұла бойы драмаға толы адам еді жарықтық. Өзінің жеке басына да бұл жер құтсыз болды. Алматыда он жастағы немересінен айырылды, ол осында жерленді.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Кадрларды тазалап алған соң Колбин жалындағы «жасампаздық» жұмысын жүргізіп кеп кетті. Апта сайын кеңестер өткізіліп, оларға республиканың барлық облыстарының басшыларын «желкелеп жинап» жатағын. Аз жылдың аясында тұрғын үй мәселесін шешу, азық-түлік жетіспеушілігін жойып жіберу деген сияқты неше түрлі астамшыл жоспарлар жария етілетін. Халықты

етпен қамтамасыз етудің қуатты бір резерві деп Бірінші сайғақтар мен жыл құстарын атуды атады. Үлттық келісімді нығайту түрғысынан барлық орыс шенеуніктеріне қазақ тілін игеруді міндettеді, бұл істе өзі үлгі көрсетуге бекінді – Орталық Комитеттің келесі пленумында есепті баяндаманы қазақша оқымын деп жариялады. Бұқараның жан-жүргегін жаулап алу үшін қолына тобатай үстап, дүкенге сүт алуға баратын жақсылаттанушылық шоулар үйімдастырыды. Осында «қарапайымдылық үағызын» оның Свердловск обкомындағы әріптесі Ельцин Мәскеуде жасайтын – ол трамвайға мініп жүретін, кеzekte түрған тәтейлермен қол беріп амандасып жататын.

Осымен қоса-қабат бұранданы бекіте бұрау да жалғасып жатты. Колбин маған біреу-міреу қастандық жасауы мүмкін деп қауіптенді, содан милиция жергілікті номенклатураның қолында қалған азын-аулақ аңшы карабиндерін де жинастырып алды (Кеңестік кезеңде қарапайым аңшылардың қолы ондайға жете бермейтін). Әлгі шара шопандарға да қолданылды, оларға отты қару малға шабатын қасқырларды ату үшін берілген еді. Соның салдарынан бүкіл Қазақстанда қорқау қасқырлар қаптап, мал шығыны көбейіп кетті.

«Декабристерді» – 86-шы жылғы желтоқсан қарсылығына қатысқандарды соттай бастады. Олардың көбі үзақ уақытқа түрмеге жабылды, бірнешеуі ату жазасына кесілді (Әділдік үшін түзету бере кетелік: мұндай үкім тек бір адамға – Қайрат Рысқұлбековке шығарылған еді – С.А.).

Алайда, Колбин ақыры халықта танымал бола алмай-ақ қойды. Өзін басқаруға жіберген республика туралы ештеңе білмейтін, қазақтардың мінез-құлқынан бейхабар болғандықтан ол мұнда ешкіммен достаса да алмады, іскерлік байланыс орната да алмады. Барған сайын жападан жалғыз қалып бара жатқанын сезінгендіктен де басын тауға да, тасқа да соғып, қайдағы бір шала туған «бастамаларды» көтеруін жалғастыра берді. Не болып, не қойып жатқаны жайында тек жалпылама ақпарат беретін ресми қарым-қатынастардың құрсауынан құтылу үшін ол «Правда» газетінің республиканың әр түрлі облыстарында тіркелген тілшілерін өзіне шақыруды әдетке айналдырды, енді солар арқылы нақыт проблемалар

және адамдардың билікке қалай қарайтыны жөнінде білмекке үмтүлды. Біріншінің кабинетіндегі әлгіндей әңгімелерден кейін жұрт моншаға шақырылып, онда біраз сілтенілетін, мұның өзі «партия бағытынан» едәуір ауытқу болып табылатын. Неге десеніз, Горбачевтің алкогольге қарсы атақты науқанына дейін Колбин Ульяновскідегі жұмысы кезінде ішімдікке салынуға қарсы бітіспес күреңімен атағы шыққан еді ғой. Ал Қазақстанға келген соң, Бас хатшы оны «ұрындырғанын» және қақпанның құтылар амал жоқ екенін білгеннен кейін оның өзі де Орталық Комитеттенн үйіне келген соң бөтелкемен оңаша қалып, құсалығын сонымен басуды жиіледті».

Сергей ПЛЕХАНОВ,  
«Не шелковый путь», М.,  
«Международные отношения»,  
2015, 192-194-беттер.

— Колбиннің драмасы оның Қазақстанның кетуімен де бітпеген екен. Негізінде өмірден өткендер тұралы теріс айтпау жөн делінеді. Бірақ бұл сөз мындаған адамдардың тағдырын шешетін саяси тұлғаларға қатысты болмауы керек сияқты. Колбин Мәскеуде КСРО Халықтық бақылау комитеті төрағасының қызметін аз уақыт атқарып, Одақ тарап, зейнетке шыққан соң үйінде томаға-түйік өмір сүріпті. Ешкімді көргісі келмей, ешкіммен сөйлескісі келмей, ештеңе де оқымай, күні бойы диванда жатады да қояды екен. Сөйтіп жүріп ақыры Мәскеу метросының вагонында бара жатқан жерінде жүрек талмасы ұстап, қайтыс болыпты. Бірнеше күн бойы мәйітханада жатып, біреу зорға дегендеге танып қалып, туысқандарына хабар берген...

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Зейнеткер Колбин көп уақытын үйде өткіzetін, көшеге сирек шығатын, тіпті ештеңе оқымайтын, көршилерімен де араласпайтын. Ульяновскіде қарамағында

істегендердің бірі Самсонов бір жолы үйіне қонаққа барап қалып, кезінде қолды-аяққа тұрмайтын Геннадий Васильевичтің сонша өзгергеніне таң қалған. Ол тіпті сейлеспейді, күні бойы диванда жата береді, ешкімді көрісі келмейді.

Геннадий Колбин 1998 жылы қайтыс болды. Оның өлімі де өмірінің соңғы жылдарында аянышты. Немесін көріп қайту үшін қызына қонаққа бара жатады да, аяқ астынан халі нашарлап, пойыз орындығына жантая кетеді, сейтіп жүрек талмасынан тұра метро вагонының ішінде өмірден өтеді.

Оны бес күн бойы ешкім іздемейді, «үйсіз-күйсіз біреу» ретінде жерлеуге дайындал жатқанда кездейсоқ оқиға көмектеседі. Бөлімше милиционерлерінің біріне оның бет-әлпеті таныс сияқты көрінеді, кейіннен ол бұл кескінді мінберден көргенін еске түсіреді. Құқық қорғау органдары жабылып жүріп, туысқандары табылады».

Александра СКВОРЦОВА,  
«Исторический детектив. Железный канцлер  
Ульяновской области», [www.nomad.su](http://www.nomad.su)

Көз жасы жібермейді ғой. Зауал деген бар. Тұбі бір сондай зауал болатынын Колбин ТЮЗ-де Шерхан Мұртазаның «Сталинге хат» драмасы бойынша қойылған спектакльді көргенде сезген де сияқты. Сіз алып келіп едіңіз театрға. Мәдениет секторының меңгерушісі болатынмын, бәрі әлі көз алдымда тұрғандай.

— Дәл сол спектакльге әдейі апардым ғой оны. Көрсін дедім. Көрді. Түрі өзгеріп кетті. Талай нәрсені түсінді. Сахнадағы Сталин – Горбачев, ал Голощекин – өзі екенін сезді. Бұл елден есі барында кету керектігін үқтыха-ау деймін сонда. Тарихтың тағылымын танытуға жазушылар да осылайша үлес қосуы керек.

— Сарапшылардың арасында Колбиннің үтылышы арқылы Назарбаев үтысқа шықты деп санайтын пікірлер де айттылады. Сіз бұған не дер едіңіз?

– Не деуге болады? Ол кезде ешкім де өз бетінше ұтысқа шықпайтын. Бәрін партия шешеді. Орталық Комитет шешеді. Жаңа айттым ғой, Колбинді Мәскеу жетіскен-нен кері шақырып алған жоқ. Елге сыя алмаған соң, жұмыс түзелмеген соң амалсыз қайтарды. Колбин кеткен-нен кейін көп ұзамай Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы өтті. Мәскеу менің республика басшысы қызметіне сайлануыма онша құлыштылық танытқан жоқ. Біраз адамдардың кандидатуралары қаралғаны маған белгілі. Алматы көшелерінде «Назарбаев ұлтшыл емес пе?» деген бір ғана сұрақтан тұратын саудама жасағанын, аяқ астынан демократияны аңсай қалып, Орталық комитеттің пленумында бірінші хатшыны сайлау ресімін жабық дауыс беру арқылы өткізгенін өзің білесің. Бұл бұрын-соңды болмаған нәрсе. Қол көтеріп сайлай салатын.

– Горбачевтің: «Колбинге байланысты жасалған қателікті түзетуге тұра келді. Бұл біздің ұлтаралық қатынастар саласындағы алғашқы ірі қателігіміз болды, мен оны қайталамауға үйірдым. Бәріміз де қазақтар өз республикасын өздері басқаруға тиіс деген қорытындыға келдік те, жаңа басшыларының кім болу керектігін өздерінің шешуіне қалдырыдық», дейтіні сол кез ғой?

– Бұл оның мемуарларында айтылған сөз. Михаил Сергеевичке менің кандидатурама байланысты қарсы пікір айтып барған адамдардың болғаны белгілі. Сондағы үәждері «Назарбаев неудобный» дейтін көрінеді. Үңғайсыз, қолайсыз, бағынбай кететіні де бар дегендері ғой. Себебі мен елдің шешілмеген мәселелерін, экономика жағдайын әр мінберден де, БАҚ бетінде де айтып жүрдім. Сонда Горбачев оларды бір-ақ сөзben тоқтатыпты: «Лучше один неудобный Назарбаев, чем весь неудобный Казахстан» деп. Сөзінің жаны бар. Бұл мәселе, яғни

республика басшылығын белден басып, тізеге салып ауыстыру Орталықтың беделін бес тыын еткен еді. Ол қадамын Мәскеу тағы қайталауға тырысса, онда абыройы тіпті айрандай төгілер еді.

Колбинді келтірген де Мәскеу, Колбинді кетірген де Мәскеу. Бүкіл Бюро мүшелері оған көмектесіп бақты, мен де қолдан келгенінше жәрдемімді аямадым. Нәтижесі бәрібір осылай шықты. Колбин соңғы бір жылының ішінде жұмысты қойды десе де болады. Маған сенгендей нышан білдіріп, бар мәселені өзің қарай бер дегенді айтты. Кетуінің жағдайын ойластыра бастады.

1989 жылғы 22 маусымда республика Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы қызметіне сайландым.

### **– Жұмысты неден бастадыңыз?**

– Ол кез экономиканың тоқырап тұрған заманы еді. Әсіресе Мәскеуге бағынышты үлкен тау-кен өндірістері тоқтауға жақын болды. Көмір, темір ешкімге керек болмай қалды. Дүкендерде халық тұтынатын тауарлар азайды. Сондықтан да тез арада экономикада не істеуіміз керек екендігін анықтау үшін бар мамандарды жинап, тапсырма бердім. Мен өзімді республика партия үййымының бастшысы етіп сайлаған пленумнан шыға сала, Алматының машина құрылышы зауытына барып, жұмысшылармен кездестім. Менің бірінші хатшы болып сайланғанымды олар білген де жоқ. Сол арада өзім айттым. Сөйтіп, жаңа қызметіме алғашқы құттықтауды жұмысшы қауымынан алдым. Дәл сол күндері Қарағандыда шахтерлер ереуілі басталды. Дереу сонда баруға тұра келді. Бұл жеке әңгіме.

Осыдан кейін идеологиялық салаға қатты көңіл бөлдік. Сол тұста мемлекеттік мәртебені екі тілге қатар беруді жақтаған хаттар бізге топырлап түсіп жататын. Эйтсе де, бәрі бірте-бірте орнына келді. Сөйтіп, 1989 жылдың күзінде Қазақ КСР-індегі тілдер туралы заң қабылданды.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл, орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі мәртебелеріне ие болды. Бұл істе маған зиялды қауым өкілдері көп көмектесті.

**– Сол тұстағы басты қатер деп нені айтар едіңіз?**

– Желтоқсан оқиғасындағы басты қатер Қазақстандағы дәстүрлі достықта сына қағылу мүмкіндігі еді. Сол тұста біз адамдарды ұлттық белгі бойынша ара-дара етіп алсақ, одан кейінгі жұмысымыздан жөнді нәтиже күтудің жөні жоқ еді. Абырой болғанда, тарих табыстырыған, тағдыры тоғыстырыған халықтар сын сағаты соққанда сыр бермеді. Достықта адалдықтарын айғақтады. Біраз уақыт көнілдерге сыз түскенімен, өзара сенім ахуалы қайтадан қалпына келді. Бұл істе де қазақ ұлтының ашықтығы, ғасырлар бойы қалыптасқан қонақжайлышы, тату көршілікке адалдығы шешуші мәнге ие болды. Содан кейін, қанша дегенмен, социализм тұсында интернационализм дәстүрі қалыптасып үлгергенін де айту парзы.

**– Желтоқсаннның тарихи мән-маңызы неде деп санайсыз?**

– Желтоқсан ұлттық сана-сезімізді дұр сілкінтті, халық ретіндегі қасиетімізді танытты дейміз. Осы оқиғадан кейін біз өзімізді өзіміз тереңірек танып, өз бағамызды біле түстік. Басқалар да біздің бағамызды біле түсті. Қазақ халқының ішкі бірлігін нығайтуға да желтоқсан көп септесті. Бөлінгенді бәрі жайтінін бәріміз көрдік. Еліміздегі ұлтаралық жарасымның қандайлық баға жетпес байлық екенін байыптадық. Оның бәрі рас.

Желтоқсан – ұлт тарихындағы ұлы оқиға. Қарлы қыс-тың қаңарлы күндерінде басқа түскен сол сынақ – өз билігің өз қолында болмауының салдары. Тәуелсіздіктің қадіріне жетуіміз керек, бақыт бағасын білгеннің ғана базында тұрады деп айтатыным содан.

ДӘЙЕКТЕМЕ:

«1986 жылғы желтоқсанда Алматы ұлт мәселесін шешудің социалистік доктринасының күлі көкке ұшқанын айдай әлемге әйгіледі. Біз бүгін таптық сезімнің ұлттық сезімнен басымдығына негізделген кез келген доктринаның алысқа бармайтынын айқын үғынуымыз қажет. Кәдүілгі айта беретін кеңес халқы дегеннен «қаға халықтың» ерекше орны бар дейтінге дейінгі талай аңыздар шынтуайтына келгенде ұлттық сезім мен ұлттық сананы езіп-жашуудың көп жылға созылған жымысқы саясаттың бүркеншігі ғана болатын.

Ұлт мәселесін шешудің тоталитарлық тәсілдері түң-ғыш рет Қазақстанда сыр берді. Тіпті Шығыс Еуропада өз алдына мемлекет құрып отырған Венгриядағы 1956 жылғы, Чехословакиядағы 1968 жылғы ұлттық бой көрсетулер дәрекі күш қолдану арқылы басып тасталған еді. 1986 жылғы оқиғалардан кейін қазақ халқына ұлтшыл деп асығыс тағылған айыпты режимнің өзі алып тастауға мәжбүр болды.

Аңызбен апталып, қалыппен қапталған ұлттық сана-сезім соғыстан кейін алғаш рет саяси іс-қимылға үласты. Ашықтан-ашық саяси қарсы шығудың мұндай жаңа үлгісі бүкіл Кеңес Одағындағы ұлттық-демократиялық қозғалыстың дамуына орасан серпін берді. Тбили-сидегі, Бакудегі, Киевтегі, Мәскеудегі, елдің басқа да қалаларындағы осы текстес оқиғалардың барлығы Алматыдан кейін болған еді».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің  
5 жылдығына арналған салтанатты  
мәжілістегі сөзден.  
«Таңдамалы сөздер», III том, 301-302-беттер.

# ТӘҮЕЛСІЗДІК ТАБАЛДЫРЫҒЫНДА

---



– Нұрсұлтан Әбішұлы, бүгінгі сұхбат Тәуелсіздікке дейінгі кезеңді түйіндеуге тиіс. Сіздің атыңызға алдың ала жазба түсіргенімде ендігі әңгіменіз Тәуелсіздік қарсаңдағы кезеңге арналса деп өтініш айтқаным сондықтан.

Мұның алдыңдағы әңгіменізді қағазға түсіріп, «Сын сағаты соққанда» деп аталған тарауда сіздің республика басшылығына келеріңіздің алдыңдағы оқиғалар сөз болған. «Мен өзімді республика партия үйімінің басшысы етіп сайлаған пленумнан шыға сала, Алматының машина құрылышы зауытына барып, жұмысшылармен кездестім. Менің бірінші хатшы болып сайланғанымды олар білген де жоқ. Сол арада өзім айттым. Сөйтіп, жаңа қызметіме алғашқы құттықтауды жұмысшы қауымынан алдым. Дәл сол күндері Қарағандыда шахтерлер ереуілі басталды. Дереу сонда баруға тұра келді. Бұл жеке әңгіме», деген едіңіз. Тәуелсіздік қарсаңдағы кезең жайындағы сөзіңізді сол оқиғадан бастасаңыз деймін.

– Қазақта «Басы қатты болса, аяғы тәтті болады» деген сөз бар ғой. Иә, жаңа қызметке кірісер-кіріспесте осындай жайсыз жағдаймен бетпе-бет келгенбіз. Қарағандының «Тентек» шахтасы бастап, басқалары қостап, бірнеше күн бойы көмір өндірілмей қалу қаупі төнді. Жалпы, ереуіл атаулы қай кезде де қауіпті. Ал сол кезде тіпті қатерлі бола-

тын. Экономика ереуілдерді көтере алатында жағдайда емес еді.

Мұның бәрі Қазақстанда металлургия, машина жасау кәсіпорындары ассоциациясын құру идеясы туындаған кезден басталды. Ол уақытта қатып қалған қасаң қалыптарды бұзу оңайға түспейтін. Ол уақытта деймін, жалпы, қай заманда да, қай қоғамда да бұл оңай болмаған. Сол кездегі тәртіпті нығайту, үйымшылдықты күшету, тұластай алғанда экономиканы басқаруды жақсарту жөніндегі біздің жұмысымыз реформа жолындағы қолдан жасалған кедергілерді алып тастауға бағытталған еді. XIX партия конференциясы мен КСРО халық депутаттары I съезінің шешімдері де соған міндеттейтін. Бірақ, Орталық қандай шаруаны да «жоғарыдан» айттылатын артық-ауыс ақылсыз жасауды кешіре алмады. Қарағанды шахтерлері ереуілге шығы арқылы, әрине, экономикалық түрғыдан да, саяси түрғыдан да тәуекелге, тіпті қауіпті қадамға барды. Едәуір шығынға ұшыратқанымен, ереуілдің әміршіл-әкімшіл жүйенің қатып-семіп қалған қағидаттарына әсер-ықпал жасайтында моральдық күш-қуат бергенін, тұластай алғанда түпкі мәні жағымды болғанын айту жөн. Осы арқылы жұмысшы табы қайта құруды сез жүзінде емес, іс жүзінде қолдайтынын көрсетті, басталған жаңғыруларға ашық та, жасырын да түрде қарсылық білдіретіндерге қатаң ескерту жасады. Шахтерлер заң жүзінде бекітілген кәсіпорындар дербестігі нақты істе неге жоқ деп мәселені қабырғасынан қойды.

Мен Қарағандыға барысымен қонақ үйге де түспестін әуежайдан тіке орталық алаңға тарттым. Жаз кезі. Шыжыған ыстық күннің астында сағаттар бойы бетпе-бет сәйлестік. Қарағандыдағы ереуіл белгілі бір дәрежеде Кузбасс пен Донбассстағы кеншілер белсенділерімен жақын байланыс орнатудан да шыққан. Ондағы да, мұндағы да проблемалар үқсас. Одақтық екі министрді сол күні-ақ Мәскеуден шақыртып алып, кеншілер алдында жауап бергіздік, қордаланып қалған мәселелерді шешу жөніндегі үәделерін алдық. Шахтерлер түптің түбінде

менің үәждеріммен келісті. Кейіннен республикадағы барлық қоғамдық бірлестіктердің басшыларымен бір жыл мерзімге ереуілдерге мораторий жариялау жөнінде үағдаластық жасалды. Мораторий шарты сақталды. Оның мерзімін ұзарту қажеттігі болған жоқ. Республикадағы жағдай тұрақты қалыпқа түсті.

Шахтерлер ереуілінен біз көп тағылым алдық. Ең бастысы, ереуіл жұмысшылар экономикалық тетіктерді жаңғырту жөніндегі жоғарыдан түсіп жатқан нұсқаутапсырмаларды қабылдай алмайтынын көрсетіп берді. Мұның өзі қадімгі бір қоңырау сияқты еді, біз Қарағандыдағы жағдайды реттемесек, ол ертең Павлодарда, бұрсігүні Өскеменде деген сияқты жалғасып кете баруы әбден мүмкін болатын. Сол тұста республика Жоғарғы Кеңесінің сессиясында сөйлеген сөзімде мен мұндай ереуілдердің тағы бір толқынына ел экономикасы шыдас бере алмайды дегенді ашық айтқанмын. Ондай оқиғалар жалғасын тапқанда, экономикалық көрсеткіштердің төмендейтінін былай қойғанда, адамдардың әл-ауқатын жақсарту бағытында жаңа ғана қолға алынып жатқан шаруаларымыз жүзеге аспай қалатын еді. Абырой болғанда, шахтерлерге осыны түсіндіре білдік. Олардың талаптары қанағаттандырылысымен, ереуіл комитетінің жұмысқа шығу жөніндегі шешімі бірден-ақ орындалды. Қарағандыдағы ереуілден кейін халықпен етene болу, жұртшылықпен ашық сейлесу, өзіміздің мүмкіндікпен-ақ шешіп тастауға болатын мәселелерді кейінге қалдырмау қажеттігі әркімге де анық көрінді. Шахтерлер ереуілі еш кеткен жоқ. Айлар бойы Орталықпен жүргізілген әңгіменің, келіссөздердің арқасында 1991 жылдың жазында, яғни Тәуелсіздікке дейін-ақ менің Қемір өнеркәсібі министрі Щадовпен, Металлургия министрі Сосковецпен, Радиоөнеркәсіп министрі Шимкомен кездесуімнің нәтижесі бойынша коммюникуеге қол қойылды. Ол коммюнике кәсіпорындардың Қазақстан юрисдикциясына көшүін тиімді әрі қажетті деп таныды. Бұл нақты тәуелсіздікке жасалған нақты қадам еді.

Қарағандыдағы ереуілдің бір тағылымы – кәсіподақ комитеттерінің рөлі әбден төмендеп кеткендігін көрсеткені. Шахтерлермен он шақты рет кездескенімде солардың арасынан бірде-біреуі жергілікті кәсіподақ басшылары туралы бір ауыз жылы пікір айтқан жоқ.

### – Бұл ненің салдары?

– Кадрлармен жұмыста талай жыл бойы қалыптасқан қате көзқарастың салдары. Бұрын қалай болушы еді? Біреу партиялық, кеңестік жұмысты жөндеп алып жүре алмаса, оны қайда жіберетін? Эрине, кәсіподақ жұмысына. Ол сол жерде зейнетке шыққанша тып-тыныш отыра беретін. Қарағандыда ереуіл комитетінің мүшелерімен сейлесе жүріп, мен жұмысшылар арасынан шыққан жас десең жас, қайратты десең қайратты, сауатты десең сауатты талай адамды көріп қуандым. Ал біз болсақ, кадр іздей қалғанда шаруаны номенклатуралық анкеталарды сүзіп шығудан бастаймыз. Айтқандай, сол оқиға кезінде көзге түсken бірнеше азамат егемендіктің елең-алаң шағында ел алдына шығып, кеңінен танылды, кейіннен Парламентке депутат болып та сайланды, басшы қызметтерге де жоғарылатылды.

Қарағандыдағы ереуіл біздегі бар мәселенің түпкі мәні адамның кәсіпорынның да, жердің де қожайыны еместігі, содан да оның қазынаның меншігіне қалай болса солай қарайтындығы екенін тағы да көрсетіп берді. КСРО-дағы еңбек өнімділігінің төмендігі, мысалы, американлық жұмысшының бір күн ішінде біздегі жұмысшыдан үш есе өнім шығаратындығы адамдарымыздың соншама жалқаулығынан, соншама біліксіздігінен емес. Бар бәле өміріміздің де, өніміміздің де түпкі нәтижемен байланысты еместігінде. Өндіріп істесең де алатының сол айлық, таңертенген кешке дейін жай сенделіп жүрсең де алатының сол айлық. Жақсы жұмыс істеудегі мақсат не сонда? Озат атану ма? Құрмет тақтасына жазылу ма? Гра-

мата алу ма? Әрине, олардың да өзінің рөлі бар, әйтсе де тек моральдық көтермелеген алышқа бара алмайтынымыз анық.

Кешегі өткен кеңес заманының тарих сахнасынан кетуінің басты себебінің бірі – жаппай иесіздік. «Қоғамдық меншік» дегеннің өзі шын мәнінде адамдық меншіксіздік, яғни қадімгі иесіздік болатын. «Өзіндікі өзіңе, оттай ыстық көзіңе» деген сөз бар ғой. Қожайын керек. Неге болса да. Мұліккеде. Үйгеде. Жұмыс орнында. Сондағана адамның жеке басының мүдделілігі басталады. Қожайын елге де керек. Жерге, суға, орманға, жер асты байлықтарына – бәріне де иелік етпесе болмайды. Сондықтан да мен КСРО Президенті лауазымын тағайындау мәселесін қараған халық депутаттарының III съезінде республика Жоғарғы Кеңесі жерді, оның қазыналарын, суды, орманды, басқа да табиғат ресурстарын республика меншігі деп жариялау құқын өзінде қалдырады дегенді ашық айттым. Бұл мәлімдемемді ешкім де ультиматум түрінде қабыл алмауы қажеттігін де ескерттім.

**– Ол мәлімдеменің 1990 жылғы наурызда жасалған еді. Кейін ойлап отырсам, егемендік туралы мұндаилық нақты әңгімені КСРО көлемінде республика басшыларының арасында ең алдымен сіз көтерген екенсіз.**

– Ол кезде ойымызды Лениннен цитата алып тұздықтап отыратын едік қой. Бір сөзімде Лениннің үлттардың ерікті одағы толық сенімге негізделуі керек дегенін еске салғанмын. Сол толық сенім болды ма елде? Болған жоқ. КСРО-ның федерациялық мемлекет екендігі, Конституция бойынша әрбір одақтық республика дербес мемлекеттік құрылым болып табылатыны атымен ұмыт қалдырылды. Расында да, өзінің жеріне, өзінің байлығына иелік ете алмайтын дербес мемлекеттік құрылым бола ма екен? Экономикаға бақылау болмаған жерде егемендік те болмайтыны бесенеден белгілі.

Жалпы, КСРО халық депутаттарының съездері сол кездегі кеңестік қоғамның санасында терең із қалдырғаны талассызы. Коммунистік партияның күні өтіп бара жатқанын, оны реформалау жөнінде нақты қадамдар жасалмаса жағдайдың күн өткен сайын қындағы беретінін де сол съездер көрсетіп берді. Бір депутаттың: «Партияның қадірін өзінің іс-әрекетімен партияның өзі ғана кетіре алады» деп айтқаны есімде. Ауыр да болса әділ осы сөз партия басшылығын ойлантуға тиісті еді. Олай болмады. Қайта құру деген қоғам өмірін демократияландыруға, сол арқылы адамдар бойында бұғып жатқан бастамашылдық қуатты оятуға бағытталған, о баста жап-жақсы мақсаттарды көздеген шаруа еді. Сол шаруа құр сөзге айналып кетті. Барлық деңгейде жауапкершілік төмендеді. Тәртіп нашарлады. Тәртіптің кез-келген жұмыстың міндетті шарты екендігі, тәртіп болмаған жерде демократия ерте ме, кеш ле қоғамды хаос пен бейберекеттікке ұрындырмай қоймайтыны ескерілмеді. Съезде сөйлеген сөзімде «Не біз осыны жасаймыз, не біз халықтың сенімінен айрыламыз» деген де болатынмын. Кейін айтқаным келді. Горбачев билігі халықтың сенімінен айрылды. «Қоғамдық меншік» дегенді бетке тұту арқылы орталық ведомстволар негізінен өз мүдделерін көздеген болатын. Олар республикалардың саясатында егемендік көбейе түскен сайын өздерінің құзыреті кеми беретінін ойлаудан аса алмады.

Бір кезде қатарында 20 миллион коммунист тұрған Компартияның қатары селдірей түскені де сондықтан. Партия мүшелігіне кандидаттардың мүшелікке өтуден бас тартуы, партиядан шығуға өтініш жазатындар қатары көбейді. Партияның лайықты тың құштермен толығуы іс жүзінде тоқтады деуге де болады.

**– Қалалық, аудандық партия комитеттері бірінші хатшыларының республикалық кеңесінде бірқатар партия комитеттерінде партиялық стажы бір жылға да**

**толмаған адамдарды нұсқаушылық жұмысқа алу фактілері кездескенін айтқаныңыз есімде.**

— Бір ауданда жас коммунистің аупарткомның нұсқаушысы қызметіне партиялық билетті алған күн тағайындалған жағдайы да кездескен тіпті. Әрине, мұның бәрі партияның беделін төмендете берді. Сол тұста бірқатар облыстық партия конференцияларында обкомның бірінші хатшылары қайтадан сайланбай қалған болатын. Компартияның күнделікті жұмысын көбік сөз көміп кеткені сол партия жариялаған демократияның да қадірін түсіре берді. Демократия – мемлекеттің өмір сүру пішіні. Оны адамның аузына не келсе соны айтуы, ойына не келсе соны істеуі, жауапсыздықпен ұштасып жататын жүгегенсіздік деп үғуға тіпті де болмайды. Халық бәрінен бұрын екі нәрседен – анархия мен деспотизмнен қорқады. Демократия осы екеуінің ортасынан табылуға тиісті.

**— Бұл кезде Қазақстан экономикасындағы жағдай қандай еді?**

— Бірқатар маңызды көрсеткіштер бойынша біздің республикамыздың жағдайы елдің басқа өнірлерімен салыстырғанда тәуірлеу болды. Бұған біз бәрінен бұрын қалыпты ахуалды сақтаудың, жұмысты дұрыс үйимдастыра алудың арқасында қол жеткіздік.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Әлбетте, республикалық органдар іс үстінде түзетулер енгізуге тырысты. Тіпті халық шаруашылығында кейбір оң үрдістерге жете алдық. Олардың арасындағы бастысы – экономиканы әлеуметтік қажеттерге қарай бұру. Бесжылдықтың өткен төрт жылы ішінде тұтыну заттарын өндіретін өнеркәсіп 23,7% өсім берген болса, «А» тобы 14,2% ғана өсім берді. Тауар шығару 35,7%

артты. Инвестициялық саясатта да әлеуметтік саланың пайдасына қарай елеулі өзгерістер болды. Халық шаруашылығына бөлінген мемлекеттік күрделі қаржы жалпы алғанда үштің біріндегі өскен жағдайда түрғын үй құрылышындағы оның көлемі 1,5 есе дерлік артты. Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында түрғын үйлерді іске қосудың бесжылдық жоспары орындалды.

Мектептер, емханалар, ауруханалар салудың қарқыны едәүір артты. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді үлғайтудың байқалған үрдісі арқасында азық-түлікпен жабдықтау жақсара тустанып отыр. Өткен бесжылдықтың орташа жылдық деңгейімен салыстырғанда ет өндірү 285 мыңтоннадан астам, сүт 649 мыңтонна үлғайды. Үстеме өнімнің үштен бір бөлігі жеке секторды озық қарқынмен дамыту есебінен алынды. Республика бұл саладағы шектеулерді еліміздегі алғашқылардың бірі болып алған тастады, соның нәтижесінде халықта ірі қараның саны 500 мыңға, қой мен ешкі 1,5 миллионға, шошқа 100 мыңға көбейді. Халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуде белсенді турде дамып келе жатқан бау-бақша, үй маңы шаруашылығы жақсы демеу болып отыр: баулы саяжай участекелері бар семьялардың саны төрт жылдың ішінде 302 мыңға, үй маңы бақша участекелері барлар 82 мыңға көбейді. Кооперативтік қозғалыс нығайып келеді: қазір осы саланың кәсіпорындары бір жыл ішінде 1,5 миллиардтан астам сомның бүйімдарын өндіріп, түрлі қызметтер көрсетуде.

Алайда бұл нәтижелер бізді ешқандай жайбарақтандыра алмайды, өйткені, ол туып отырған қажеттіктерге тіпті де сай келмейді. Эрі десе оларға әміршіл-әкімшіл және экономикалық әдістерді болашағы жоқ, жасанды турде үштастыру тәртібімен қол жетті. Тұрақты да теңдестірілген экономикадан біз әлі де болса алыстамыз. Еліміздегі қазір республикадағы қазіргі экономикалық және әлеуметтік-саяси жағдай жоғары өнімді еңбек, бастамашылдық пен тапқырлық ынталандырыла, қажетті құрылымдық өзгерістерді жүзеге асыруға бағыттайтын шаруашылық орта қалыптастыру жөніндегі батыл шараларды қажет етуде».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
Қазақстан Компартиясы XVII съезінде сөйлеген сөзінен.  
«Таңдамалы сөздер», I том, 265-267-беттер

Әйтсе де, дағдарысты жағдайдан толық шыға алған жоқпыз. Оның басты себебі – ондаған жылдар бойы республика өнеркәсібінің құрылымы әбден бытысып біткен еді. Соның салдарынан Қазақстан елдің тек шикізат өндіретін өніріне айналған еді. Біздің шикізаттың қызығының басқалар көретін. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасынан кейін орталықтағы баспасөзде Қазақстан жасалған жақсылықты білмеді, басқалардың есебінен масыл күйінде тұрып жатқанын үмітті деген сияқты әңгімеге дейін айтқан мақалалар да шыққан. Сырттай қарасаңыз, со лай да сияқты. Қазақстанда өндірілген үлттық табыс пен Қазақстанның оны дамытуға пайдаланатын үлттық табыстың айырмасы 5 миллиард сомды құрайтын. Сөйтіп, республикаға жыл сайын одақтық бюджеттен екі-екі жарым миллион сомдай қаржы дотация түрінде берілетін. Содан баратын да жерінің асты да, үсті де байлыққа толы Қазақстан дотациялық республика деген аттан құтыла алмай жүретін. Ал мәселенің мәнісіне тереңдеу қарасаңыз, басқаша қорытынды жасайсыз. Ресpubлика өз аумағында орналасқан өнеркәспітің небәрі 7 пайызына ғана иелік ете алатын. Бюджеттегі жаңағы үйлесімсіздіктің сыры бәрінен бұрын Қазақстанның өнімдеріне жөнсіз тәмен баға қойылғандықтан өзге республикалармен сыймасай айырбас жасай алмайтында еді. Есімде қалған бір-екі жайды келтірейін. Ақтөбе облысындағы тау-кен комбинаты бүкіл елдегі хром рудасының 95 пайызын өндіретін. Комбинат оның тоннасын 27 сомнан өткізетін. Ал Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі әлгі руданың тоннасын шетке 100 валюталық сомға сататын. Былайша қарағанда үш есе ғана артық сатқан сияқты ма? Олай емес. Сомның сатып алу қабілетін қоса есептесеңіз руданың бағасы о бастағыдан кемінде 23 есе артық болып шығады. Балқаш мысы 16 есе қымбатқа сатылатын. Жаңағы министрлік валюта түсімінен кәсіпорынға да, өнірге де тас татыrmайды. Еңбек ұжымдары одақтық министрліктерден өз тапқандарының аз ғана табысының өзін қол жайғандай күйде сұрап жүргендері. Бұған қалай төзе

аларсың?! Сол кезде балабақша салудың өзіне Мәскеудің рүқсаты керек еді дегенге бүгінгі адамдар сенбейтін де шығар. Осының бәрі әуел баста сондай бір зымияндықпен, алыстан ойластырылған. Мысалы, Қазақстанның батысында сол кездің өзінде мұнай мен газ конденсатының бай қоры болды. Бірақ оларды өз жерінде өндеп, бензинге немесе кәдімгі тұтынатын газға айналдыра алмайсың. Ондай кәсіпорындардың бәрі Ресейдің Қазақстанмен шектес облыстарына салынып қойған... Мұндай жағдай біз егемендікке қол жеткізгеннен кейін де талайға дейін созылып келді.

– Әуел баста Одақтың сақталуын жақтағанызызben, біраздан кейін республиканың «толық егемендігін» алға шығарғаныңыз белгілі. «Толық егемендіктің» түпкі мәні кәдімгі «тәуелсіздік» екендігі сөз ұфатын адамның бәріне анық аңғарылып тұрған еді. Бұл өзгеріс неге байланысты болды?

– Ол кезде мен үшін жаңарған Одақтың енді федерация болмайтындығының басы ашық еді. Өтіп кеткен уақыттың соңынан жүгіре алмайсың ғой. Бұлай ету жаяу жүріп желмен жарысқандай жай. Біз кезінде Андрей Сахаровтың Одақты тең құқықты елдер достастығы ретінде қайта қалыптау жөніндегі көкейге қонымды ұсынысына құлақ аспадық.

– Халық депутаттарының III съезінде сіз КСРО Президенті лауазымын тағайындау жөніндегі заң жобасында ел Президенті өз міндеттін атқара алмайтын кезде оның өкілеттігі Жоғарғы Кеңес Төрағасына, бывайша айтқанда, спикерге көшетіндігі жөніндегі қағидаға қарсы шығып, ел вице-президенті лауазымын тағайындауды ұсынып едіңіз. Сіздің ұсынысыңыз қабылданды. Кейін Янаев КСРО вице-президенті ретінде ГКЧП бұлігін бастағанда сондай ұсыныс жасағанызызға өкінген жоқсыз ба?

— Сұрағың қызыңқ. Мен ол ұсынысты сол лауазымға Янаевты сайлау үшін жасап па екенмін? Кеңес Одағындай елдің екінші тұлғасы Янаевтай адам болып шыға келеді деп кім ойлапты?

— Сол Янаевтың біздің республикамыздағы желтоқсандан кейін қайтадан жаңа жарасып келе жатқан ұлтаралық татулықты бұзып жібере жаздағаны да бар. Сіз ол жайында Горбачев Қазақстанға келіп, республика активімен кездескенде Бас хатшының бетіне айтқансыз.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Михаил Сергеевич, айтыңызшы, Сіздің орынбасарыңыз, ел вице-президенті Янаевтың казактар өкілдерін қабылдаудың қалай бағалауға болады? Әңгіме не жайында болғаны бізге беймәлім, бірақ оның өзі Орал облысында жікшілдік қозғалыстардың жаңа толқынына себеп болды. Ал оған жауап ретінде жергілікті халықтың тиісті қимылы өршіді. Халықтарды осылайша қақтығыстыру кімге тиімді екенін мен білмеймін, бірақ ол көпүлттү Қазақстанға, сондай-ақ бүкіл елімізге зиян келтіретініне сенемін.

Казактардың жекелеген бөлімдерінің құрылуы туралы әңгімелер де бізді алаңдататынын жасырмаймын. Олар кімнен қорғанбақшы? Бәлкім, бұрынғы патшалық империяның аз ұлттарының есіне қарусыз көшпендейлерді отарлау кезеңін салғысы келетін болар? Сол кезеңдегі алдауды, кемсітуді және қаталдықты халық осы уақытқа дейін үмітқан жоқ. Жалпы алғанда, кейбіреулердің нақты уақыт пен кеңістік туралы ұғымы ауысып кеткен-ау деген әсер қалыптасып отыр.

Мені дұрыс түсінсөніздер екен деймін. Біз барлық халықтардың теңдігін, лайықсыз ұмыт қалдырылған ізгі дәстүрлердің, әдет-ғұрыптар мен мәдени қазыналардың қалпына келтірілуін, республикадағы барлық халықтар тілдерінің дамытылуын жақтаймыз. Біз еңбексүйіш казактардың үрпақтары да қазақ жерінде өзін туған үйіндегідей сезінуін қалаймыз. Ал проблемаларды туғы-

зып отырған тіпті де олар емес, қайта тар өрісті жеке мүдделері мен шамшылдығын қанағаттандыру үшін адамдараасында іріткі салуды асақажететіп отырғандар. Егер бізге өзіміздің бейбіт әміріміз, балаларымыз бен немерелеріміздің болашағы қымбат болса, осындаи от-пен ойнауды тоқтатуды ұсынамын. Шыдамдылық пен жүйкені әлсін-әлі сынаудың керегі жоқ, Тұrlауы жок әткен кезді аңсан жүрген желікбастарға ашық ескертемін және сақтандырамын; республикааралық шарттарда және мемлекеттік егемендік туралы декларацияларда қол сұғылмайды деп танылған республикалар арасындағы шекаралардың өзгертуіне ешқашан жол бермейміз. Оның үстіне Қазақстан аумағында қазактардың патша режиміне қызмететуінің жылдығын мерекелеу әрекеттеріне, әсіресе, қазак белімдерінің құрылышына жол бермейміз. Республика Жоғарғы Кеңесінің мені қолдайтынына сенемін».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,

КОКП Орталық Комитетінің Бас қатызысы

М.С.Горбачевтің қатысуымен әткен

республикалық актив жиналышында сөйлемен сөзден,

«Егеменді Қазақстан», 1991 жылғы 31 мамыр.

КСРО халық депутаттарының съездерінде сөйлемен съездеріңіз сіздің бүкіл ел көлеміндегі беделіңізді айрықша биіктетіп жібергенін білеміз. Горбачев өз мемуарларында сізді вице-президенттікке немесе премьер-министрлікке ұсына алмағанына өкінетінін білдіреді.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Одақты барінен де табанды түрдे қорғаған Назарбаев болды. Біз онымен бұл тақырыпқа талай рет әрі ұзак әңгімелескенбіз. Оның ұстанымының астарында Қазақстан халқының құрамы, экономикасының Ресей экономикасымен ықпалдастырының жоғары тана емес, өте бірегей деңгейі сияқты объективті факторлар».

түрдү. Мәселе сонымен бірге Нұрсұлтан Әбішұлының саясаткер ретіндегі, санасында орыстың және қазақтың үлттық мәдениеттері ажырағысыз біріккен адам ретіндегі жеке қасиеттерінде де еді. Бұл мәселе оған жай әншейін емес, өзінің сенім-нанымынан шығатын қағидатты іс екендігі сезіліп тұратын. Мен Назарбаевқа көптен көз салып жүрдім, оның іскерлік алғырылығын бағаладым, сондықтан да жағдаяттардың тоғысы менің оны КСРО вице-президенті немесе премьер-министр лауазымына ұсынуға мүмкіндік бермегеніне өкінемін».

Михаил ГОРБАЧЕВ,  
«Жизнь и реформы», М., 1995. 2-кітап, 583-бет.

— Горбачев КСРО вице-президенті лауазымына мені ресми турде ұсынған емес. Сондай ойы бар екенін бірер рет ауызша ғана білдірген болатын. Мұндай ұсыныс депутаттар тарапынан өзіме бірнеше рет жасалды. Журналистердің де осыны нақты қозғағаны, бірнеше рет жазғаны бар. Мен ондай ұсыныс болған күнде де бас тар-татынымды аңғартқанмын.

— ГКЧП бүлігі туралы әңгіме еткен кездे біз ондай газет мақалаларының кейбірін келтіргенбіз. «Правда» газетінің тілшісі: «Бірқатар депутаттар сіздің кандидатураңызды вице-президент қызметіне ұсынбақшы. Сіздің бұған көзқарасыңыз қалай?» деп сұрағанда сіз: «Сол вице-президенттің не үшін керектігін білмеймін... Егер оған Конституцияны өзгерту жобасындағы рөл тисе, онда бұл кезекті көмекшілік қызмет. Мен өзімді ондай құрылымда елестете алмаймын» (1990, 24 желтоқсан) деп жауап қайтарғансыз.

— Сол тұста осындай сұрақты маған «Московские Но-вости» газеті де қойған. Мен өзіміз Конституцияға енгіз-

гелі отырған құқықтар вице-президентке бастамашылық үшін мүмкіндік бермейтінін айтқанмын.

— Ол қызметтің жайы солай болды. Ал енді КСРО Үкіметінің басшысы, яғни премьер-министр қызметтінен бас тартуыңызың себебі қалай? Татарстанның бұрынғы президенті Минтемир Шаймиевтің «Независимая газетаның» бетінде «Назарбаев премьер-министр болғанда біз Одақты сақтап қалар едік» (1993, 28 шілде) деп жазғанын бұрын да бір айтқанбыз.

— Мақсат қалайда Одақты сақтап қалуда емес қой. Ол кездегі мәселенің мәнін дәл бұрынғы Одақты сол күйінде сақтау деп қарауға тіпті де болмайды. Одақты жақтаушылар оны сақтауды емес, оның негізінде жаңадан одақтық мемлекет құруды мақсат еткен еді. Бұл екеуі екі бөлек нәрсе. Ал одақтық премьер-министр қызметі жөніндегі жасалған ұсынысқа келсек, дәл бұлай деп, яғни мен ол қызметтен бас тартты деп те айтуға болмайды. Оны кезінде өзіңе түсіндіргенмін.

— Сонымен, сіз мұндай биік қызметтен Горбачевқа оның қабылдауы мүмкін емес шарт қою арқылы бас тарттыңыз деуге болады ғой?

— Олай деуге болады. Шынымды айтсам, мен Қазақстанды сол лауазым үшін қалдырып кеткім келмеді. Одақтағы жағдай да қын еді. Сол тұста Одақты сақтап қалуға шын ниетімен әрекет еткен бір адам мендей-ақ болсын. Мен экономикалық формация ауысып, қоғамдық жүйе өзгеріп жатқан өтпелі шақта КСРО сияқты алып мемлекетті бөлшектеуге жол беру жөнсіз, тіпті қауіпті екендігін талай рет айттым да. Бар назарды нарыққа бірте-бірте ауысудың жолын қарастыруға, оған көшүдің алғашқы бір жарым-екі жылында көп қындық

болатынына, халықтың әл-ауқаты күрт түсіп кететініне көнуге тұра келетініне аударуға шақырдым. Экономиканы жөндеудің, нұсқау беру мен монополизмге негізделген құрылымды қиратудың мұнан басқа жолы жоқ екенін еске салумен болдым. Біз жүртқа мәселенің мәнін түсіндіріп, қоғамдық сананы барша адамдар істің жайын жақсартуға мүдделілік танытатындаі етіп өзгертуге тиісті едік. Сол бағытта біраз жұмыс атқарылды да. Әйтсе де, Одақтың іргесін оның негізін қалаған Ресей Федерациясының өзі алдымен қазғанына тарих күә. Ресей алдымен өз Компартиясын құрып, КОКП-ның біртұастығын бұзды, одан кейін мемлекеттік тәуелсіздігін алдымен жарияладап, КСРО-ның біртұастығын бұзды. Оны жүрттың бәрі біледі.

Одақты жаңғыру туниетінен күдер үздірген себептің бірі – Горбачевтің екіншідай саясаты. Ол біресе ана лагерьге, біресе мына лагерьге арқа сүйеп, басы қосылмайтындардың басын қосуға, тіпті жауығып алғандардың өзін өз жағына тартуға жанталасып бақты. Ақыр аяғында ешкім оны қолдамайтын болып шықты.

– Ешкім қолдамайтыны бір басқа, өзі сенген, өзі үсынып, аса биік лауазымдарға сайланған адамдары өзін сатып та кетті ғой. Горбачевтің кітабынан «Назарбаев туралы ойладым, бірақ оның орнын Қазақстанда баса алатын адамды таппадым. Ойлануға уақыт қалмады, сол кезде Янаев «қолға түсе» кетті. Қатты қателескен жерім сол!» деген жолдарды («Жизнь и реформы», 2-кітап, 532-бет – С.А.) бұрын да еске салғанбыз.

– Мәселе Янаевтың «қолға түсе» кеткенінде емес. Мәселе Михаил Сергеевичтің вице-президенттікке айтқанынан шықпайтын, өзіндік пікірі жоқ, табанының бүрі жоқ, мінезді адамды іздегенінде. Соны тапқанында. Кейін дәл сол адам бүкіл әлем алдында бет-жүзі бүлкеттей, Горбачев қатты науқас, ел басқаруға денсаулығы көтермейді, сондықтан билікті өз қолыма аламын деп

жалған сөйлеп, оның өзін сатып кетті, заңды Президентті саяжайында қамап ұстап, сыртқы дүниемен байланысын үзді, Мәскеу көшелеріне танк шығарып, қан төктірді. Мұның өзі де Горбачевтің, қазақша айтқанда, адам танымайтынына тағы бір дәлел. Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет деп аталған бүлікшілердің тірлігі жөнінде саған кезінде егжей-тегжейлі айтқанмын. Оған енді қайта тоқталып жатпай-ақ қояйық. Тек біздің республика аумағында төтенше жағдай жариялаудан бастапқанымызды, комитеттің құрылуының өзін заңсыз деп танығанымызды ғана (Қазақ КСРО Президентінің Мәлімдемесінде: «Уш адам құрған, КСРО Жоғарғы Кеңесі мен республикалар қатыспаған комитет әуел бастаң-ақ заңсыз құжаттарды дүниеге әкелуде, олар, басқаларына қоса, егемендік туралы республикалық декларацияларды аяқ асты етуде, нарықтық экономикаға көшүдің таңдап алынған бағытын елеп-ескермеуде», делінген болатын – С.А.) қоса айта кетейін. ГКЧП бүлігінен кейін көп нәрсе өзгерді. Мен КОКП Орталық комитетінің Саяси Бюросы мүшелігінен және КОКП Орталық комитетінің құрамынан шығатынным жөнінде мәлімдеме жасадым. Арада бір апта өткенде Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің кеңектен тыс пленумын шақырдық, пленумда мен Орталық комитеттің бірінші хатшысы өкілеттігін доғаратынымды мәлімдедім, республикада Компартияның қызметін тоқтатуды ұсындым. Менің ұсынысым қолдау тапты.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Қазіргі жағдайда мен қыын таңдау жасап тұрмын және өзімнен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы міндетін аламын. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетті өзінің қызметін тоқтату туралы жарияладап, бірден-бір дұрыс шешім қабылдауға тиіс деп есептеймін, бұл шешімді партияның қатардағы мүшелері қолдайды деп сенемін. Кезектен тыс съезд немесе конференция өткізу үшін үйымдық комитет

құру қажет, Компартияның бұдан былайғы тағдыры сонда айқындалуы керек. Облыстық комитеттерден бастап, қалған басқа партия комитеттері де осылай істеуге тиіс.

Қазақ КСР Президенті ретінде мен Қазақстан халқына берген антыма, жаңару, республиканың мемлекеттік егемендігін терендету, экономиканы түбегейлі реформалау саясатына, Қазақстанның аумағын мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстардың тәндігі, адам құқығын сақтау принципіне өзімнің адалдығым туралы бекем мәлімдеймін».

*Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,*

*Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің кезектен тыс пленумында бірінші хатшы міндеттін дөғаратыны туралы мәлімдемесімен сөйлеген сөзінен.*

*«Таңдамалы сөздер», I том, 540-541-беттер.*

— Тамыз бүлігінің тағылымы дегенде нені айтар едіңіз?

— Ол оқиға Компартияны бетперде тұтқан реакциялық құштердің тарихтың объективті дамуына кедергі келтірмекке жанталасының, қолдан сусып бара жатқан билікке жабысуының, әбден іріп-шіріп біткен империялық, тоталитарлық режімді қайта қалпына келтіру далбаса-сының нақ өзі еді. Бұдан кейін республикалардың толық-тай мемлекеттік тәуелсіздікке үмттылуы тек ұлттық сана-сезімнің өрлеуінің ғана емес, тоталитарлық орталықтың қыспағынан құтылу әрекетінің де нәтижесіне айналды. Былайша айтқанда, ГКЧП бүлігінің үлкен пайдасы да болды. Ол, біріншіден, онсыз да талқаны таусылуға таяу тұрған КОКП-ның тарих сахнасынан кетуін тездетіп берді, екіншіден, одақтас республикалардың тәуелсіздік тарихының бастауына жол ашты. Мысалы, Украина «тамыз бүлігі» атанып кеткен сол күндерден іле-шала, 24 тамызда өз тәуелсіздігін жариялады. Ельцин танк үстіне шығып, мәскеуліктерді баррикадаға шақырған, Горба-

чев Форостағы «тұтқыннан» өсатылып келіп, Ресей парламентінің көз алдында Ельцин ұсынған қағаздарға оның бетіне жаутаң-жаутаң қарап тұрып қол қоюға мәжбүр етілген, қысқасы, Орталық билігінің құлі көкке ұшуға жақын қалған шақты мен де пайдалануды үйірдым. Оның орайы да келіп тұр еді. Қазақ жерінде алғашқы ядролық сынақ 1949 жылғы 29 тамызда жасалған ғой. Дәл сол күні, яғни 1991 жылғы 29 тамызда мен «Семей сынақ полигонын жабу туралы» Жарлыққа қол қойдым. 409-шы Жарлық болатын. Тарихи құжат ретінде нөміріне дейін есімде сақталып қалған.

– ГКЧП-тағы бір орала кетсек. «Ельцин. Тамыздағы үш күн» деген көркем фильм Горбачевтің, Ельциннің және Назарбаевтың Мәскеуде кездесуінен, жаңа Одақтық шартқа қол қойғаннан кейін жасалатын кадрлық тағайындауларды талқылауынан басталады. Ельцин Егемен мемлекеттер одағы деп аталатын болашақ жаңа елдің президенттігіне Горбачевті, ал премьер-министрлігіне Назарбаевты ұсынатынын айтады, Горбачев сіздің кандидатураңызға келісімін білдіреді. Сонымен бірге, вице-президенттің, Мемлекет қауіпсіздігі комитеті төрағасының, Қорғаныс министрінің, тағы біраз адамның ауыстырылатыны айтылады. Осының бәрін КГБ тыңдалап, жазып алып отырған болып шығады.

– Оқиға дәл солай өрбігені рас.

– ГКЧП бүлігі ол жоспарды болдырмау мақсатымен қолға алынғандығы Горбачевтің мемуарларында да, Ельциннің естеліктерінде де, Млечиннің, Медведевтің кітаптарында да расталған. Млечиннің «Назарбаев. Групповой портрет с президентом» атты кітабында: «Если бы не путч, главой союзного правительства стал бы Нурсултан Абишевич Назарбаев, пользовавшийся в стра-

не немалым кредитом доверия. Это назначение могло бы изменить ход истории», делінеді. Тек Млечин ғана емес, басқа да талай танымал саясаткерлер Горбачев сол кезде Назарбаевты КСРО вице-президенті немесе елдің премьер-министрі қызметіне ұсынғанда тарих тегершігі басқаша айналар еді деп жазады. Сіз өзіңіз қалай ойлайсыз?

– Бұл сол кезде бір адамға немесе тіпті бірнеше адамға қатысты мәселе емес еді деп ойлаймын. Ешкім де тарих тегершігін кері айналдырып жібере алмайды. Тарих тегершігін жылдамдатуға, баяулатуға немесе оның бағытын біршама бұруға ғана болады. Бұл енді басқа мәселе. Одақтық Үкіметті басқаруға келісім беру арқылы қоғамның жаңа формацияға ауысының, экономиканың нарыққа көшуін көкейге қонымды, белгілі бір жүйеге бағындырып өткізуге мүмкіндік алуға болатын. Ал жалпы КСРО атты елдің сол күйінде ұзақ уақытқа сақталып қала алмайтыны анық еді. Неге дейсін ғой? Мен КСРО халық депутаттарының 1990 жылы өткен IV съезінде Одақ қирап барады деген сөзді естігенде күйгелектенбейтінімді айтқанмын. Ол үшін Орталықты айыпта, күйіп-піспейтінімді де жасырмағанмын. Себебі, осындай жағдай ерте ме, кеш пе түбі бір болмай қоймайтын еді. Іргетасы дұрыс қаланбаған үй ұзақ тұра алмайды. 1985 жылдың сәуір самалы соға бастағаннан-ақ әлемдегі соңғы империяның қабырғасы дірілдей жөнелгені содан. Өйткені, Қеңес Одағы әуелден саясатқа, идеологияға негізделіп құрылған мемлекет. Дұрысында, кез-келген мемлекет алдымен экономикаға арқа сүйеуге тиіс. Саясаттан жасалған экономика экономикадан жасалған саясаттың алдында қашанда дәрменсіз болып шығады.

Мені бұл ойға түпкілікті тоқтатқан екі жағдай еді. Оның біріншісі – 1991 жылдың жазында Қытайға барған сапарымыз. Қытайда өткізген бір апта ішінде мен біздегі өзгерістердің дені саясат саласында, олардағы өзгерістердің дені экономика саласында болып жатқанын және

мұның өзі нақты нәтижеге жеткізгенін көрдім. Сол жылдың қыркүйек айында Қазақстанға «Сингапур кереметінің» авторы Ли Куан Юдің келуі, онымен ұзақ әңгімелесуім де көп ой салды. Сингапур экономикасының қарқынды дамуының және оның әлемдік нарыққа кірігінің тәжірибесі Қазақстан экономикасын реформалауға өте пайдалы болып шықты. Нарық экономикасындағы биік бедел иесі, тегі орыс американлық ғалым, Нобель сыйлығының лауреаты Василий Леонтьевтің «Егер сіздер таланттарға жол ашпасаңыздар, онда бірде-бір мәселені шеше алмайсыздар» деген сөзі де ойландырды. Сол кездің өзінде біз шетелде оқытуға жастарды аз-аздап жібере бастадық. 1993 жылдан «Болашақ» бағдарламасын қолға алдық. Осындай үйренетін үлгілерді көргендіктен де мен Мәскеуде, Алматыда сөйлеген сөздерімнің көбінде Орталықтың экономикалық реформаларды жүргізу degi қателіктерін қатаң сынға алып жүрдім.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Мұлдем ашық айтатын мезгіл жетті: экономикалық реформаны жүзеге асырудағы қателіктер елді оның тарихында болып көрмеген, келесі жылы басталатын дағдарыс шебіне жеткізді. Біз өз Президентіміздің дипломатиялық дарының бағалаймыз, бірақ сол дарынды батыл іс-қимылдарға нұқсан келтіре отырып үсті-устіне пайдалану ашы жемісін бере бастағанға үқсайды. Үкіметтің нарыққа көшу жөніндегі өлі туған бағдарламасына үкіметтің беделін сақтау үшін жасанды түрде жан бітіру – тіпті де мәз боларлық мәміле емес. Жабы ат пен сұлу құралайды бір арбаға жегуге болмайтыны белгілі ғой. Ал біз болсақ, бүкіл болмысы бір-біріне қарама-қайшы екі жақты «құдаластырып», енді табиғатқа қайшы некенің салдарынан, былайша айтқанда, қандай құбыжықтың пайда болатынын күтіп отырмыз.

Саяси ептең-септеушілік біздің нарықтың экономикаға қарай алға басуымызды құр елеске айналдырып отыр. Еліміз миллиардтаған несие алып жатыр, ал олардың

орынды пайдаланылатынына ешқандай кепілдік жоқ. Біз нарыққа даярлығы мол, нарықтық қатынастарды бүгешігесіне дейін билетін адамдарсыз нарыққа қадам басып отырмыз. Экономикадағы мұндай жауапсыздыққа тіпті тоталитарлық жүйе де бара алмас еді. Естеріңізге түсіріңіздерші, индустрияландыру қарсаңында жүзденген кенес инженерлері тағылым алу үшін батыс елдеріне жіберіліп, біздің өнеркәсіп орындарымызда соншама шетелдік мамандар жұмыс істеген еді ғой. Ұзақ мерзімді іскер перспективаға емес, қайта әп-сәттік экономикалық сұғанақтыққа бағдарланған отандық кәсіпкерліктің тым түрпайылануына таңдану қажет пе?

Өзімді жүрттың дұрыс түсінгенін қалаймын және анық болуы үшін айтайын: стратегиялық түрғыдан мен М.С.Горбачевтің бағытына қосыламын, бұл жөнінде өзімді оның серігі деп санаймын және осы ұстанымда нық тұрмын. Алайда қайта құралы саясаты, менің ойымша, ел ішінде тактиканы өзгертуді, аса маңызды бағыттарда батыл іс-қимылдар жасауды талап етеді. Демократияландыру туралы әсем сөздердің сірнесіне қақалған еліміздің ырзық іздел, Еуропаның бай «дастарқандарына» телміре бастаған саясатпен келісе алмаймын».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
КСРО халық депутаттарының  
IV съезінде сөйлеген сөзінен,  
«Таңдамалы сездер», I том, 389-390-беттер.

— КСРО-ның түбіне жеткен оқиға Белая Вежа тоғайындағы оңаша келісім болды. Рой Медведев өзінің кітабында: «Нұрсұлтан Назарбаев отказался от приглашения прибыть в Белоруссию 7 декабря 1991 года, так как просто не знал, о чем там будет идти речь» («Нұрсұлтан Назарбаев. Казахстанский прорыв и евразийский проект», М., 2008, 22-бет – С.А.), деп жазған. Бұл, меніңше, күрделі мәселені оңайлатып тусіндіру сияқты. Сіз ол жерге қандай әңгіме болатынын білмегендіктен

**бармадыңыз ба, әлде, керісінше, қандай әңгіме болатынын білгендіктен бармадыңыз ба?**

– Эрине, білгендіктен бармадым. Кездесудің бейресми түрде, егер әр нәрсені өз атымен атایтын болсақ, оңаша, тіпті жасырын шақырылып жатқанынан, ел басшысының хабарсыздығынан-ақ ондағы әңгіме не жөнінде қозғалатынын шамалау қыын емес еді. Мені ол жерге келісімге төртінші құрылтайшы ретінде қол қоюға шақырған. Бірақ мен құжатты дайындауға әу бастан араласқан жоқпын дегенді көлденең тартып, барудан бас тарттым. Бір жағынан соның алдында ғана бүкіл ел бойынша референдум жүргізіліп, онда қатысушылардың басым көпшілігі КСРО-ны біртұтас мемлекет ретінде сақтауды жақтаған. Қазақстанда Одақтың сақталуын жақтаушылардың үлесі басқа республикалардың бәрінен де жоғары (94 пайыздан астам) болып шыққаны түсінікті. Елдің еркімен санаспаудың да жөні жоқ. «Онда референдумды неге өткіздіңдер?» демей ме жүрт? Екінші жағынан саясаткер ретіндегі ішкі түйсігім халқының жартысынан астамын өзге үлт өкілдері құрайтын (қазақтардың үлесі небәрі 39 пайыз еді) республиканың басшысы ретінде мұндағы келісімге қол қою түрмак, оны талқылайтын кездесуге қатысуымның өзі қисынға келмейтінін сездіріп түрдү. Мәселе тіпті Қазақстандай көп үлтты, көп тілді, көп дінді елдің жетекшісіне олай ету жараспайтында ғана емес. Жалпы, бөлінетін үдерістердің қандайынан да, күні кеше бір елдің аясында өмір сүрген одақтас республикалар түрмак, ағайынның, туысқаннның арасын аштын қадамдардан да алшақ жүрген жөн деп білемін.

Негізінде Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы деп аталағын алып мемлекет ресми түрде Алматыда таратылған. КСРО-ны тарату және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру жөніндегі тарихи шешімдер егемен мемлекеттер басшыларының Қазақстан астанасындағы кездесуінде 1991 жылғы 21 желтоқсан күні қабылданған, сол күні Алматы декларациясына қол қойылған. Алма-

ты кездесуіне мемлекеттер басшыларын мен шақырған болатынын. Оның алдында Кеңес Одағы кеңістігінде этностық және діни белгілер бойынша бөлектену қаупі туындағанын да басын ашып айту керек. Қалай дегенде де, Белая Вежа тоғайындағы оңаша келісімге үш славян республикасының басшылары қол қойғанын ұмытпаған жөн. Сол оқиғадан кейін іле-шала Ашхабадта Орталық Азиядағы бес мемлекет басшыларының басқосуы әуел баста белгілі бір дәрежеде Белоруссиядағы бұқпантай бітімге жауап ретінде шақырылғандай болғаны да жасырын емес. Онда тіпті ортаға Орталық Азия мемлекеттері конфедерациясын құру жөнінде де ой тасталуы мүмкін деген болжамдар да айтылған. Абырой болғанда, біз көкейге қоныымды шешім қабылдай алдық. Алматыда жиналуға, КСРО тағдырын бірге шешүге үағдаластық.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Жинақталған тәжірибелінің арқасында біз, сірә, мемлекеттік құрылыштың және мемлекетаралық қарым-қатынастардың осы заманғы міндеттерін түсінудің мейлінше жаңа деңгейіне шыққанға үқсаймыз. Ең бастысы, менің білуімше, әуелден-ақ теке тіресушілік пен сенім-сіздік идеясын туғызатын этностық, діни және басқа да белгілер бойынша зиянды бөлінушілікті болдырмау біздің қолымыздан келді. Шығыс пен Батыстың құшағын шынайы достықта айқастырып, біз оқиғалардың барысына аландаулы әртүрлі ұлттардың миллиондаған адамдарының өте ділгер сұрағына жауап бере алдық. Олардың көпшілігі бүгін үмітін сенімге жалғап, еркін тыныс алған болар деймін.

Бір-бірімізге қарай жасаған қадамымызды біз «жоғарыдан» ешкім айтпай-ақ, орталықтағы әлдебір «беделді ағаның» саусақымен нұсқауынсыз-ақ жасағанымызды ерекше қанағаттанғандықпен атап өткім келеді. Болашақ Достастықтың нақ өз субъектілері ғана осы кездесудің шынайы бастамашылары болды. Мұның өзі осы дөңгелек үстел басында отырғандардың бәрінің де ықылас-пейілінің, біздің татулықта және ізгі ниетті көр-

шілікте тұруға, халықтарымыздың игілікті өмір сүруі үшін ынтымақтасуға деген шынайы құлшынысының тағы бір көрінісі».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
Егемен мемлекеттер басшыларының  
кездесуінде сөйлеген сөзінен,  
«Таңдамалы сөздер», II том, 33-34-беттер.

– 1990 жылдың 24 сәуірінде республика Жоғарғы Кеңесі Қазақ ССР Президенті лауазымын енгізу жөнінде заң қабылдап, Парламент сізді республика Президенті етіп сайлады. Атқарушы биліктің жұмылдыруышы бастауларын, күллі мемлекет тетігінің тепе-тең және тиімді қызметін өмір қисынының өзі талап етіп отырған болатын. Соның өзінде де бұл шешімнің жартыкеш, белгілі бір дәрежеде үақытша шешім екендігін мойындауға тура келеді. Президенттік мандатты депутаттардың қолынан алу бір басқа да, оны бүкіл халықтың өз қолынан алу бір басқа. Солай емес пе?

– Оның үстіне сол тұста президенттік билік пен сайланбалы биліктің арасында кейбір қайшылықтар пайда болып, олар барған сайын терендей де түскен еді. Президенттен бастап, оның облыстағы, аудандағы, қаладағы, ауылдағы өкіліне дейінгі аралықты нақпа-нақ қамтитын атқарушы биліктің көлбеу құрылымы қажеттігі айқын көрінді. Сондықтан да республика Президентін бүкілхалықтық және тікелей сайлау керектігі жөнінде әңгімелер занды түрде шыға берді. Өйткені, адамдар халықтың толық, сөзсіз сеніміне ие болған Президент, ол тағайындастын Үкімет қана экономиканы дағдарыстан шығара алады деп санады. Мен Парламент депутаттарына: «Егер бұл мәселе пісіп-жетілді деп санасаңыздар, егер бүкілхалықтық тікелей сайлау экономика мен саясаттағы белгіленген шараларды жақсырақ жүзеге асыруға септесетін болса, онда мен бұл шешімді қолдаймын», дедім.

– Елдігіміздің жарқын белгісі болған президенттік тұнғыш сайлау сіздің халық алдындағы аса жоғары беделіңізді даусыз дәлелдеп берді. Сонымен қатар, ол сайлау еліміздің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауға жол ашқандығымен де ерекше қымбат деп айтуда боладығой?

– Бүкіл халық белсене қатысқан сайлау біздің азаттықты, бостандықты қандай қадірлейтінімізді, тәуелсіздікті тосып жүрген көнілімізді көрсетті. Қай кезде де адамдардың бәрінен қатты қастерлейтіні – бостандық. Адамдардың ең ерекше талпынысы – бостандыққа деген талпынысы. Ол, тіпті ондаған жылдар бойы ең қатал езгісінің астында болып келсе де, ешқашан семіп қалмайды.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялаудың қарсаңында, нақты айтқанда, елдің егемендігі туралы декларация жобасын талқылауда кейбір «теоретиктердің» қазақтардың елдің халқы ішінде азшылық екенін алға тартып, республикада азаматтық қоғам құру міндетін көлбендейтеп бергені бар. Сонда мен кез келген саяси іс-әрекет ізгі ниеттерге емес, нақты шындыққа негізделуі тиіс екенін айтқанмын. Декларациядан республикадағы ұлттық мемлекеттілік туралы мәселені ғана емес, тіпті қазақ халқы жайындағы сөздерді де алып тастау керек дейтіндермен келісуге болмайды дегенмін. Бұлай етсек, қазақ халқының КСРО-ның басқа ұлттарына қарағанда теңсіз жағдайда қалуы ықтимал еді. Мен мұны ел тәуелсіздігін жариялаудың үлкен дайындық жұмысын қажет еткенін аңғарту үшін айтып отырмын. Ал енді тұнғыш президенттік сайлаудың қалай дайындалғанын, қалай өткенін өзінің газетің жақында ғана, жан-жақты жазып, жүйелі көрсетіп шыққандықтан, ол жағын бұл арада егжей-тегжейлі әңгімелеп жатпауға боладығой деймін. Оның үстіне сенің сол алғашқы сайлаудың да, сол тұнғыш инаугурацияның да тікелей басы-қасында жүргенің тағы бар. Бәрін өзің көрдіңғой.

- Иә, инаугурация сценарийін жасағаным, ондағы ұсыныстарымның толық қабылданғаны, тоқсаннан асқан Шәкір ақсақалды демеп сахнаға шыққаным, ақын атамыздың ағылтып бата бергені, салтанатты рәсім аяқталар тұста тым жеделдете жабылған ауыр шымылдықтың лебінен тутұғыр шайқатылып кеткенде қозғалған туды аспай-саспай ұстап қалғаныңызды көріп, «Тәубе, елдің туы берік қолда екен» деп ырымдағанымыз өмір бойы естен кетпейді. 16 желтоқсанда, аңсаған азаттық күніне жеткенде талаидың жанарына жас үйірілгеніне бәріміз күеміз. Нұрсұлтан Әбішұлы, сіз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы Заңға қол қоярда қандай көңіл-күйді бастан кешіп едіңіз?

– Менің көңіл-күйім де сол күндердегі әрбір қазақтың, әрбір қазақстандықтың көңіл-күйіндегі болған шығар. Бойымды қуаныш кернеді. Ата-бабамыз сан ғасырлар бойы аңсап өткен азаттыққа қол жеткізгенімізге қуандым. Кеудемде шүкіршілік түрдү. Заман ауысқанда, қоғам ауысқанда алдымыздан ашылған тарихи мүмкіндікті қалт жібермегенімізге, ақырын жүріп, анық басқанымызға, арандап қалмай арманымызға жеткенімізге шүкіршілік еттім. Ең бастысы – жүргегімде сенім болды. Тағдырдың қандай теперішіне де төзген, бар сынақтан дарқан көңілін, жарқын сезімін сақтап өткен өр де ер халқыма сендім, тарих табыстырған, тағдыр тоғыстырған қазақстандықтардың береке-бірлікті бағалаған күйде, бір қолдың саласын-дай, бір үйдің баласында тату өмір сүретініне сендім. Құдайға шүкір деп айтайын, сол қуаныш, сол шүкіршілік, сол сенім біздің бәрімізді бүтінгі биікке жеткізді. Көңілімде алаңда бар-ды. Өтпелі кезеңде бағаның қымбаттайтынын, инфляцияның өсетінін, содан барып халықтың әл-ауқат деңгейі тәмендейтінін біліп, күннен-күнге күрделеніп бара жатқан мына дәүір алдан жаңа сынақтар шығаратынын ойлап алаңдадым. Сол алаң көңілім де бірте-бірте басылу-да. Халқымыз болмай қоймайтын қызындықтардың бәріне

шыдады, бәрін елдікпен еңсерді, заман бірінен кейін бірін алдан тостырған сынақтарға да сыр бермей келеді. Енді алдымызға әлемдегі ең дамыған отыз елдің қатарына қосылу деген мереілі міндет қойып отырмыз. Ол үшін «Қазақстан – 2050» Стратегиясын қабылдап отырмыз.

# ЕГЕМЕНДІКТІҢ ЕЛЕҢ-АЛАҢЫ

— Елорда күні қарсаңында, астана ауыстыру туралы тарихи шешімнің қабылдануына 20 жыл толғалы тұрған тұста өткізілгелі отырған бұл сұхбаттың алдында осы әңгімелерге қызығушылық өзімізде ғана емес, шетелдерде де бар екенін айтқым келеді. Маған әуелі Түркиядан, одан кейін Қытайдан Елбасының сұхбат кітабын аудару, шығару жөнінде ұсыныстар тұсті. Олар сұхбаттарды газет сайтынан оқып отырады екен. «Егемен Қазақстанның» сайты үш түрлі жазумен шығады. Кириллицамен, латынмен, төте жазумен. Бүкіл әлемдегі бар қазақ оқи алады.

— Алдымен кітапты өзіміз бітіріп алайық. Дұрыс шығып жатса аудару ешқайда қашпас. Оларға солай деп айтарсың, Көңілдеріне рахмет. Ол жағы шешілер, әңгімеге кірсейік. Маған жазба тусіргенінде бұл жолы тәуелсіздікке қол жеткеннен кейінгі алғашқы жылдар жайында сұрағың, келетінін айтқан едің ғой.

— Газетте «Тәуелсіздік табалдырығында» деген атпен басылған тарауда ел тәуелсіздігін жариялаудың қарсаңындағы оқиғалар сөз етілген еді. Енді егемендіктің елең-алаңындағы ахуал туралы әңгімелесеңіз деймін.

— Саяси әдебиетте тәуелсіздіктің қолға тиоін үш республиканың оқшаулану үдерісін бастап кетуімен бай-

ланыстыра сөйлейтін авторлар бар. Ол – біржақтылық. Тәуелсіздік қалайда қолға тиетін еді. Тарихтың бүкіл ой қисыны соған алып келе жатқан болатын. КСРО атты ел идеологиялық тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да бәсекеге шыдас бере алмай, толықтай дерлік жеңіліске ұшыраған-ды. Сондықтан әлгі оңаша мәміле КСРО-ны ыдыратқан оқиға ретінде емес, сол үдерісті жылдамдатуға септескен оқиға ретінде ғана қаралуға тиіс. Белая Вежадағы сол шешім әуелгі бетте тек славяндық жаңа құрылым ретінде қаралғаны рас. Соған іле-шала Ашғабадта бас қосқан Орталық Азиядағы бес мемлекет басшыларынан біраз жұрттың балама достастық құруды құткені де рас. Ашғабадта сол кездегі қалыптасқан жағдайға салмақты баға беріліп, ұстамды көзқарас танытылды. Дегенмен, Қеңес Одағының тарих сахнасынан кетуін белгілі ГКЧП бүлігі қолдан тездетіп жібергенін айтуға тұра келеді. Тамыздағы оқиғалар кертартпа күштердің тарихтың доңғалағын кері айналдыруға далбаса әрекет жасауының, империялық, тоталитарлық жүйенің әбден іріп-шірігенін түсінбеуінің салдары, қолдан кетіп бара жатқанды қайтаруға жанталасқан тұяқ серпуі. Бұлікшілер ол ойлағанына жеткен жоқ, есесіне орталықтан үркү үрдісін күшейтіп жіберді. Республикалардың барлығы да енді өздері толық мемлекеттік тәуелсіздікке үмтүлмаса тоталитарлық орталықты қайта жандандыру ниеті осынлайша бас көтере беруі мүмкін екеніне көз жеткізді. Тамыз бүлігі болмағанда, соған іле-шала Беловежъеде оңашалану келісімі жасалмағанда бұрынғы қеңестік республикалар бір-бірінен ірге ажыратуды әлдеқайда көкейге қонымдырақ ете алар еді. Саяси тұрғыдағы тәуелсіздікті басы ашық мәселе ретінде қарастырып, жаңадан құрылған тәуелсіз мемлекеттер экономикалық мұдделер тұрғысынан бір-бірімен байланысын сол кездегіден әлдеқайда жоғары деңгейде сақтап қала алар еді. Амал не, егемендіктің эйфориясына түсіп алған кейбір мемлекеттер интеграциясыз-ақ өмір сүруге болады деген алдамшы ойға елтіп, экономикалық, әлеуметтік мәселелерін өз бетінше шешүге үмтүліліп жатты. Ақыры

талай жыл бойы қалыптасқан, қалыптасқанда да берік қалыптасқан шаруашылық байланыстарының быт-шығты шықты, өндірілген өнім жеріне жеткізілмей, қоймаға үйіле бастады, соның салдарынан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында барлық бұрынғы кеңестік республикаларда өндіріс қарқыны құлдырап, инфляция аспандап кетті.

– Иә, инфляция құрық салдырмай тұрды. Сол кезде азық-түлік тауарларының бағасы одан бір жыл бұрынғымен салыстырғанда 9 еседен артық қымбаттаған екен. Ал макарон өнімдері 28 есе, үн 27 есе өсіпті. Қалтай Мұхамеджановтың: «Базарда бір кемпір бір кило алмаға екі кило ақша сұрап тұр» дейтіні сондайдан айттылған. Мұның үлкен бір себебі, әрине, еларалық интеграция байланыстарының үзілі болатын. Тиісті түсіністік танытылғанда қазіргі Еуразиялық экономикалық одақ сияқты құрылым сол кезде дүниеге келуі мүмкін бе еді?

– Сол кезде ме? Сол кезде мүмкін емес еді. ТМД субъектілерінің экономикалық саясаттағы қадамдарын әлдеқайда үйлесімдірек ету мүмкін еді. Экономикалық парасаттылықтың саяси шамшылдықтың құрбандығына шалынуы әлдеқайда азырақ болуы мүмкін еді. Бірақ қазіргі ЕАӘО сияқты құрылымға ол кезде қол жеткізу мүмкін емес еді. Әр нәрсенің өзінің уақыты болады. Батыс Еуропада біртұтас Еуропа идеясы соғыстан кейін-ақ көтерілген. Бірақ оның толыққанды түрде дүниеге келуіне қырық жылдан астам уақыт қажет болды. Ал біздің Еуразиялық экономикалық одақты құруымыз идея ортаға тасталған 1994 жылдан бастап есептесек, бас-аяғы жиырма жылда аяқталды. Бұл мұндай құрылымдардың құрылуы үшін қысқа мерзім саналады. Айтқандай, Астанада Шартқа қол қойылатын күндер қарсаңында сениң Румаспен, Шуваловпен, Христенкомен жасаған, «Егемен Қазақстан» мен «Казахстанская правдаға» қатар шыққан сұхбаттарынды (Сергей Румас – Беларусь Республикасының Еуразиялық экономикалық комиссиядағы мүшесі, Игорь Шува-

лов – Ресей Үкіметі Төрағасының бірінші орынбасары, Виктор Христенко – Еуразиялық экономикалық комиссия коллегиясының төрағасы, олармен сұхбаттар газетке 2014 жылғы 27, 28, 29 мамыр күндері шыққан – С.А.) оқыдым, олардың бәрі де осы ойды құттапты.

– Раҳмет. Шуваловпен сұхбат газеттерге шыққан соң Астанада да сөйлескемін, сіздің жылы пікірізді разылышпен жеткізген болатын. Сізben әңгімеге дайындалғанда сол 1994 жылғы мына сөзіңізді жазып алдым. Халықаралық конференция қатысушыларына арнап: «Әр мемлекеттің егемендігі мызғымастай. Оны бүгін ешкім өз қолынан бермейді. Еуропа біріккен кезде: «Одақ тетіктерінде мүмкін болғанынша алысқа шырқай беріңдер. Бірақ ешuaқытта мемлекет егемендігінің негіздеріне қол сұғышы болмаңдар», дейтін талап қойылған болатын. Біз де сол қағидатты басшылыққа алсақ несі бар?» деген екенсіз. Сөздің орайы келіп тұрғанда жақында Астанада қол қойылған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта сіздің бұл одақтың бәрінен бұрын экономикалық мұдделер бойынша бірігу екендігіне, әр елдің егемендігіне ешқандай нұқсан келмеуі керектігіне байланысты тубірлі талабыңызға басымдылық берілгеніне орай халықтың алғыс сөзін жеткізуді парыз санаймын. Астанада Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы шартқа қол қою рәсімі кезінде Ресей Президенті Владимир Путин бұл идея да, оның жүзеге асу сипаты да алдымен сіздің Мәскеу университетіндегі, осыдан 20 жыл бұрынғы сөзіңізде айтылғанын арнайы атап көрсетті.

– Бұл мәселе менің тарапымнан о бастан-ақ ашық айтылған. МГУ-дегі лекцияда да, соның артынша Жоғарғы Кеңесте сөйлеген сөзде де, сол жылдың күзінде «Еуразиялық кеңістік: интеграциялық әлеует және оны іске асыру» деген тақырыpta өткен конференциядағы баяндамада да бұл көзқарас нақты көрсетілген.

## ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Бірден-ақ ашып айтайын: менің де, біздің мемлекеттеріміздің шынайы интеграцияның қалайтын кез келген адамның да ойына бұрынғы империяны, өзіміз көрген Одақты қайта жандандыру ниеті кіріп те шықпайды. Біздің республикаларымыздың тәуелсіздігі нақты әрі айқын ақиқатқа айналды, шынайы саяси мәнмен және мазмұнмен толықты, мемлекеттеріміз бен халықтарымыздың қаны мен тәніне сіңіспей кетті. Ал үақытты кері шегеру – ешкімнің қолынан келмейтін ақиқат.

Бұл ретте біз белгілі бір құштердің зорлық-зомбылық арқылы болса да КСРО-ны қайта қалпына көлтіруге дейтін тырысушылығынан көрінетін қауіпті жете бағаламаудан аулақ болуымыз керек. Біз ондай интеграцияга қарсымыз және оқиғаның солай бет алуына жол бермейміз. Кімдең кім солай ойласа, ол бізді тарихи тығырыққа тіреуге тағы да әрекеттеніп жүргені. Зорлық-зомбылықтың одан әрі өрістегі, тұрақсыздық пен жанжал аймақтарының кеңеюі, даму қарқынының баяулауы және тіпті реформалардың тоқырауы – бұл жолда бізді тек осы күті мүмкін.

...Ең басты сенетінім: бұл идея міндетті түрде жузеге асады, оның баламасы жоқ, болашақ – соныкі. Оның құшті болатыны – ол халықтың қайнаған ортасынан шыққан, ғасырлар бойы еуразиялық кеңістікті мекендерген адамдардың көңіл күйі мен мақсат-мұдделесінен туған. Сондықтан бұл идеяның авторы мен емес, халықтың өзі. Мен тек соны қорытындылап, жалпыға жария ету бастамашылығын өз міндеттім алдым.

...Мұның ешқандай нұсқалары жоқ екенине сенімдімін; тек қана жаңандық және бірінші кезекте, еуразиялық кеңістіктегі интеграция. Бұл біздің барлық халықтарымыз бен елдеріміздің мұдделеріне сай келеді. Бұл – түпкілікті құйреуден қорғайтын жалғыз жол және ықтимал геосаяси апартар мен әлеуметтік-саяси зілзала-лардан аман қалудың бірден-бір кепілдігі».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Еуразиялық кеңістік: интеграциялық әлеумет және оны жузеге асуру» атты конференцияда сөйлеген сөзінен.

1994 жылғы 20 қыркүйек.

– Өзініздің тапсыруыңыз бойынша «Таңдамалы сөздеріңіздің» қазақша көптомдығының арнаулы редакторлығын атқарудамын. Махмұт Қасымбековтің жетекшілігімен жүзеге асырылып жатқан ол жобада қазақша, орысша мәтіндердің бірдейлігі қатаң сақталуда. Содан да кейбір сөздеріңіздің кезінде орыс тіліне аударылмай, газетке шықпай қалған тұстары орысша томдарға енгізілмеген. Тұңғыш президенттік сайлаудан кейінгі алғашқы инаугурацияда жүргінізді тербелген арман-аңсарларды жеткізген сөзіңізді тәуелсіздіктің табалдырығынан аттардағы ойларыңыз жөніндегі сұрағыма жауап ретінде пайдалансам деймін.

– Ол да дұрыс шығар. Бүкіл халық сайлаған Президент ретінде елге арнаған алғашқы сөзім ғой ол.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Дана бабалар дәстүрімен осы салтанатты сәттегі сөзімді алдымен ата жүртіма, қасиетті халқыма арнаймын!

Бүгінгі күн – Қазақ елінің шежіресіне мәңгі енетін күн. Тарихтың талай бұралаң белесінен отіп, бұл күнге де жетіп отырмыз.

Бәрін де көрген халықтың, бәріне көнген халықтың. Ежелден еркіндікті аңсан, азаттықты көксеумен келе жатқан еліміздің басына талай рет бақ та орнап, бағы да тайып, сағы да сынған, қылыш кезең, зар заманға да талай үшіраған. Айқайлад жүріп ашаршылыққа ұрынып, үрандап жүріп ұлт мұддесін ұмытқанымыз да ақиқат.

Шүкір, кештеу де болса да, ес жиып, еңде көтеріп, егемендіелдің туыннатыға бастадық. Қазақ Республикасының Президентін бүкіл халық сайлағаны – осы жолдағы ең биік белестің бірі. Елдің қамын ойлайды, намысын жібермейді деп бірауыздан сенім артқандарыңыз үшін шын жүректен алғысымды айтамын.

Елім үшін, халқым үшін, Қазақстаным үшін тарихтың қай сынағына да тәуекел деп бас тігуге дайынмын. Бұл

жолда ең алдымен дана халқыма, дарқан еліме, ата-бабаның аруағына сүйенемін.

Алдымызда қыын-қыын күндер, асуы биік белдер, айбынды міндеттер тұр. Оның үдесінен шығу үшін, ең алдымен бірлік, ынтымақ керек. Тілі бөлек болса да тіллегі, үміті бір, тіл табысып, ежелден бірге өмір сүріп келе жатқан іргелес елдермен татулық керек.

Қазақ мемлекетінің халықаралық қауымдастықта өзіне лайық орын алуы, қазақ халқының, бүкіл Қазақстандықтардың бақытты, дәулетті өмір сүріп, өзіндік мәдениетін өркендештуі үшін бәрінен бұрын республикада тыныштық болғаны жөн. Тар жол, тайғақ кешуде қыындыққа төзіп, жалаң сөзге ермей, бір жағадан бас, бір жеңін қол шығарып, бір-бірімізге таяныш, сүйеніш бола білуіміз керек. «Үріс алды – ынтымақ» дейді халқымыз. Ынтымақ артпай, ырый артпайды. Байтақ жерімізде шынайы бауырмашылдықтың ақ туы желбіресе деп арман-даймын.

Ел бірлігі қашанда мұдде бірлігінен басталады. Біздің болашағымыз Қазақстан халқының ортақ мұдделестігінде. Біз мұны көздің қарашибарында сақтауымыз керек.

Егеменді ел болудың жүгі де жеңіл болмайды. Ендігі жерде қалай өмір сүретініміз қалай еңбек ететінімізге байланысты. Дәулетті тұрмыс құрудың жұмысты жақсы істеуден басқа жолы жоқ».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
Қазақстан Республикасы  
Президентінің қызыметіне ресми  
кірісінен байланысты Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Кеңесінің салтанатты  
отырысында сөйлеген сөзінен.  
«Таңдамалы сөздер», II том, 21-23-беттер.

– Сонымен, тарихтың ұлы сағаты соқты. Сіз сол түңғыш сөзіңізде: «Біз бастан өткеріп отырған осындағы ғаламат тарихи өзгерістердің күәлары және қатысушылары болу кез келген үрпақтың үлесіне тие бермейді. Қазір біздің көз алдымызда әлемнің картасында

жаңа мемлекеттер пайда болып, қоғамдық-саяси және экономикалық формациялар, мемлекеттік басқарудың пішіндері ауысада. Тарихтың даңғыл жолынан Қазақстан да шет қалған жоқ», деген едініз. Қазақстан тәуелсіз ел атанды. Бүкіл халқымыз ел тарихындағы сол өзгерістердің күәсі, қатысушысы болса, сіз тәуелсіз елдің тұңғыш Президенті ретінде сол ұлы істі бастаушы болдыңыз. Ең алдымен, қандай мәселелерді қолға алу-ды қажет деп таптыңыз сонда?

– Тәуелсіздік біздің бәрімізге зор жауапкершілік жүктейтінін әр қазақстандықтың жүргегіне жеткізу басты міндеп болды ол кезде. Үш жүз жылдай уақыт бойы өзіміздің қалай әмір сүретінімізді өзіміз айқындаі алмай келген едік. Енді империясыз, тоталитаризмсіз соны өзіміз шешшіміз керек болды. Бостандық қолға тиді екен деп бостан босқа масайрай берудің еш жөні жоқ еді. Бостандық өздігінен елді тойындырмайды да, киіндірмейді де, қалтаға ақша да салып бермейді. Тек өз күшімізге сенбесек болмайды. Эрине, бұл бізге өзімізден басқа ешкім қарайласпады, атымен көмектеспеді деген сөз емес. Ядролық қаруды жоюда да, жекешелендіруді жүргізуде де ақыл-кеңесіне құлақ асқан адамдарымыз болды. Кейіннен менің өтінішім бойынша Астана салуға қаржылай қарасқандарға да, Конституцияны әзірлеуде жәрдемдескендеге де разылығымызды айта жүреміз. Бірақ, дегенмен, негізгі ауыртпалықты өзіміз көтергеніміз, ең қыын түйіндерді өзіміз тарқатқанымыз анық. Оның үстіне біз бұрын дотациимен әмір сүріп келген республикамыз. Мұның өзінің себептері бар. Бізде шығарылатын өнімнің 97 пайызының иесі Орталық болғаны рас, бірақ Орталық жойылғаннан кейін ол өнімдер өтуін өздігінен жалғастыра бермейді ғой. Бұрынғы шығындарымызға армияны ұстау деген сияқты жаңа шығындар да қосылып жатты. Тәуелсіздіктің басты тірері – экономика. Бәрінен бұрын осы жағын қамдауды үйірдый. «Алдымен – экономика, содан кейін саясат» деген тұжырымдаманы ұстанатынымызды жария еттік.

Ал енді нақты үйымдастыру шаруаларына келсек, алдымен билікті нақпа-нақ бөлісудің басын ашып алу керек еді. Сонда ғана атқарушы органдардың үйлесімді басқару жүйесін құруға мүмкіндік туатын. Жоғарғы Кеңесті кәсіби Парламентке ауыстыру қажеттігі де айқын болатын. Депутаттардың саны орынсыз көп еді. Олар жылына екі рет қана келіп, дауыс беріп кетіп отыратын. Жергілікті кеңестердегі жағдай да сондай-ды. Аппараттары әбден далиып кеткен. Істерінен нақты нәтиже жоқтың қасы. Қайта құрудың қызды-қыздысымен көтерілген «Барлық билік Кеңестерге берілсін!» деген ұран сол ұран күйінде қалған. Кеңестер іс жүзінде сол билікті қолға алуға да, жүзеге асыруға да қабілетсіз болып шықты. Одан кейінгі шаруа үлттық алауыздықты, елдің тұтастығына қарсы қадамдарды үағыздайтын партияларға, қозғалыстарға тыйым салу қажеттігі еді. Қазір жүрт таңданатын шығар, сондай да болып па еді деп. Иә, бәрі де болған. Тәртілті, заңдылықты сақтауды да қатты құннтау қажет еді. Қазақстандықтардың құқықтық теңдігін қамтамасыз ете отырып, үлтаралық келісімді сақтау, саяси тұрақтылыққа мемлекеттік саясаттың басты қағидалы ретінде басымдық беру өте маңызды еді. Басқа да аса мәнді міндеттер көп болатын. Дегенмен, бірден қолға алатын, бірден қолға алмаса болмайтын міндеттер осылар деп шештім. Осыларды жасамайынша Қазақстанды бүгінгі өркениет арасына түсіру де мүмкін емес еді, бағаны ырықтандыру да, қаржы саласын сауықтыру да, жекешелендіруді жүргізу де, нарықтық инфрақұрылым қалыптастыру да мүмкін емес еді, қысқасы, экономикалық жаңғыртудың басты мәселелерін шешу бұларсыз жүзеге аспайтын.

— Кейінірек қойсам ба деген сұрақтың орайы осы арада келген сияқты. Ол жаңа сіздің бағаны ырықтандыру туралы айтқаныңызға байланысты. Сіздің инаугурациядағы сөзінізде осы жайды, яғни бағаны ырықтандыруды да айтқаныңызға 1991 жылғы 10 желтоқсандағы салтанат сәтінде Республика Сарайына жиналған жүрт

тиісінше көңіл бөлмеген сияқты. Көңіл бөлгендердің өзі ол таяу арада бола қоймайтын нәрсе деп ойлаған шығар. Сіз 1992 жылғы 3 қаңтарда, яғни тәуелсіздік жа-рияланғаннан кейін небәрі 18 күн өткенде бағаны ырық-тандыру туралы Жарлыққа қол қойдыңыз...

— Қол қоймай қайтейін енді? Содан үш күн бұрын, 1 қаңтардан бастап Ельцин Ресейде бағаны ырықтандырыды ғой. Онсыз да жағдай қыын еді, мына шешім жағдайды тіп-ті асқындырып жіберді. Екі елде екі түрлі экономикалық жағдай қалыптасатын болды. Оларда баға ырықтан кеткен, біздегі баға бекітілген күйінде тұр, яғни бәлен есе арзан. Екі елдің ақшасы да ортақ кез. Шекара деген жоқ. Біздің өнімдерімізді, бәрінен бұрын азық-тұлікті басқа елдерден келгендер жаппай сатып әкететін қауіп төнді. 1-3 қаңтар аралығында шекаралас облыстарда сондай жағдай шаң беріп те қалды. Оған жол беру ел экономикасын орны толmas шығынға ұшырататын еді. Сен дұрыс назар аударып отырсың, бағаның ырықтандырылмай қоймайтынын мен инаугурациялық сөзімде әдейі айтқанмын. Ескерту түрінде. Жұрт іштей дайын болсын деп. Нарыққа жарым-жартылай көшүге болмайды. Нарық жағдайында баға өспей қоймайды. Ол үдеріс тәуелсіздіктің алдында-ақ басталған. Бірақ бұл үдерісті белгілі бір дәрежеде бақылауда ұстауға да мүмкіндік бар еді. Негізінде, мен Ельцинге бағаның ырықтандырылуын 1992 жылғы 1 шілдеге дейін шегеру жөнінде ұсыныс жасағанмын. Сол жылғы қыс өте бір ауыр тиді ғой, оның алдындағы жазда егін шықпай, азық-тұлік атаулы жетіспей тұрған. Мұндай жағдайда бағаны бетімен жіберуге болмайды дегенмін. Өкінішке орай, Ельциннің маңындағылар (сол кезде Ресей басшылығында романтик-реформаторлар, неолиберал экономистер жеткілікті еді) табандап отырып алыпты. Амал жоқ, үш күннен кейін бағаны біз де босаттық. Оның адамдарға ауыр тиетінін, әсіресе, халықтың аз қамтылған бөлігінің әл-ауқаты кедейшіліктің шегінен де төмендеп кететінін біле тұра бардық сол қадамға. Ал

жағдайды жеңілдету үшін не істеүге болар еді? Мұны да қатты ойландық. Ақыры нанның, сүттің барлық түрлеріне, сары май мен қатты ірімшіктен басқаларына, бағаны оған дейінгі бағадан үш еседен артып кетпейтіндей деңгейде қалдыру туралы шешім қабылдадық. Әрине, бұл нарықтық шешім емес. Нарықта тауар қай бағаға өтсе, сол бағаға сатылуы керек. Өнім оны өндірушіге зиян шектірмеуі керек. Экономикаға, бюджетке ауыр тиетінін біле тұра осылай еттік. Қолдан келгенінше жалақыны өсірдік, зейнетақыны, жәрдемақы мен стипендияны ұлғайттық. Шаруашылықтар мен кәсіпорындар басшыларын өз өнімдерін қала тұрғындарына қолжетімді бағамен сатуға, сөйтіп қыын кезде халықты қолдауға шақырдық. Шынын айтқанда, соған көндірдік. Рас, бюджеттік ұйымдарда жалақыны өсіру жөніндегі шешім дер кезінде қамтамасыз етілмеді. Қатты қысылған адамдарға тегін тاماқ беру үшін қайырымдылық асханаларын ашу жөнінде нақты қадамдар да жасалмады. Жұрт нарық жағдайында жұмыс істеуге дайын да емес еді ғой. Сол тұста маған теледидардан сөз сөйлеп, халыққа Үндеу арнауға тұра келді.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Біз өз еркімізден тыс тап болған осындай қыын жағдайдан шығудың жолы халық үшін де, өнім өндірушілер үшін де қоқан-лоққы жасаумен немесе ереуілге шығумен жалақыны өсіру, өнімнің кез келген қымбаттауының өтемін қайтару, іә болмаса өнімнің бағасын үнемі көтере беру емес екенін мен талай рет, соның ішінде сайлаушылармен сайлау алдындағы кездесу кезінде де айтқанмын және оны тағы да атап көрсеткім келеді. Мұндай қадам тек инфляцияның жақадан шыныршық атуына соқтыруы мүмкін, ал оның тұтынушыларды да, өндірушілерді де одан әрі титықтатары анық. Бұдан шығатын жол біреу-ақ – халықтың әл-ауқатын ұдайы және дәйектілікпен арттыра тусы үшін көбірек әрі жақсырақ еңбек ету.

Осыған байланысты кәсіподактар мен еңбекшілердің басқа да қоғамдық бірлестіктеріне өздерінің барлық

күш-жігерін қазақстандықтарды өндірісті үйымдастыруды жетілдіру, оның көлемі мен ауқымын ұлғайту ісіне топтастыруға бағыттау жөнінде ұсыныс айтқым келеді. Өйткені, оның кез келген тоқтауы экономика мен адамдардың өмір сүру деңгейіне қатты соққы болып тиеді, берекесіздік туғызады және нарықтық экономиканы енгізуге байланысты барлық үмітімізден айыруы мүмкін. Бізді құтқарып қалатын бір-ақ нәрсе бар, ол – өзара ұстамдылық, шыдамдылық және ықтиятты еңбек.

Қазақстандықтар қазіргі қыыншылықтармен бетпебет келе отырып, байсалдылық сақтайды, абыржымайды деп сенемін. Қайта олар өздерінің барлық ықтималды күшін, жігері мен еркін жұмылдыра отырып, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімдерін шығару көлемін ұдайы еселей түсіп, өз еңбегімен республиканы қазіргі дағдарысты жағдайдан алып шығатынына сенімдімін.

Біздің әрқайсымыз өмірдің өте қыын әрі курделі кезеңіне қадам бастық. Онсыз өсіп-өркендереген елдер қауымдастығына кіру мүмкін болмайтын әлеуметтік нарықтық шаруашылық құруға тәуекел өте отырып, біз бұл кезеңді бастан өткізуге мәжбүрміз. Өздеріңіздің Президенттеріңіз ретінде, өтпелі кезеңнің ауыртпалығы мен қыыншылықтарын халыққа жеңілдету үшін, қолымнан келетін және мүмкіндігім жететін нәрсенің бәрін іstemekпін».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
Бағаларды ырықтандыруға байланысты  
Қазақстан халқына үндеуінен.  
1992 жылғы 14 қаңтар.  
«Таңдамалы сөздер», II том, 53-54-беттер.

Ең бастысы, халқымыз, айналайын халқым сол бір қыын күндерде де даналығынан таймады, сабырлылығынан айнымады. Зарығып көрген тәуелсіздігінің алғашқы белесінде тіпті ашқұрсақ жүргуге де бейілді болды. Қазақстандықтар маған сенді. Сайлауға дейін де өйтемін де бүйтемін, үлде мен бұлдеге ораймын демегенімді, қайта қындыққа қарсы қайрап салғанымды бағалады.

Алда қын күндер тұрғанын айтқанымды ескерді. Ақыры бұл елеулі проблеманы да елді ереуілдетуге жеткізбей еңсеріп шықтық.

— Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы ең маңызды қадамдардың бірі — ұлттық валютаның енгізілуі. Бұл шараның тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуы мен дамуындағы жаңа, бетбұрысты кезеңнің есебін бастап берген шешім ретіндегі маңызын әңгімеледі сұрамақшы едім.

— Есінде бар ғой, ол кезде республикадағы жағдай шиеленісті әрі тұрақсыз қалпында тұрды. Іс жүзінде экономиканың барлық салаларында өндірістің құлдырауы күшейді. Өндірістің қожырауына, бұрыннан қалыптасқан шаруашылық байланыстарының үзілүіне қаржы жүйесіндегі берекесіздік те келіп қосылды сол тұста. Әсіресе, тиісінше экономикалық әзірлік жасамай тұрып, ТМД-дағы әріптермен келісіп алмай тұрып Ресейдің бағаны босатып жіберуі сомды ақшатұтынып отырған республикаларға қып-қызыл шығын әкелді. Мұндай «шоковая терапия» бұрынғы шаруашылық тетіктерін нарық орнықпай жатып қиратып тынды десе де болады.

— Сіз сол тұста осы жайында мұны жаңа үйді салмай жатып ескі үйді қиратып тастауға теңеп айтқансыз.

— Өзі де солай ғой. Оның алдында бізге Ресейдің ескі үлгідегі рублі қаптап, мемлекеттегі ақша жүйесінің шырқы бұзылған еді, мұның аяғы рубльдің екі елдегі сатып алу қабілетін екі түрлі етіп, біздің халқымыздың әл-ауқатын көп нашарлатып жіберген болатын. Ұлттық валютаны енгізу біз үшін сол жағдайдан шығудың жалғыз жолы еді. Қараша айының бас жағында, нақты айтқанда, З қарашада Қазақстан мен Ресей үкіметтерінің басшылары

Мәскеуде кездесіп, сонда Қазақстанның сом аймағынан шығарылатындығы мәлім болды. Шынын айтқанда, біз бұл шешімге дайын едік. Өзіміздің ұлттық валютамыз әзірленіп, басылып, Англияда дайын түрған... Енді соларды елге жеткізудің қамына кірістік. 12 қарашаны жаңа ақшаны енгізу күні деп белгіледім. Ұлттық қауіпсіздік комитеті басшыларының бәрін сол аса жауапты операцияны жүзеге асыруға жұмылдырдым. Ақшаны барлық аудандарға, барлық банк бөлімшелеріне жеткізу ісі небәрі сегіз күнде атқарылып шықты. Тегінде, дүние жүзінде жаңа ақшаны дәл осылайша тез әрі табысты енгізген басқа ел жоқ та шығар.

**– Осы тұста мына бір жайды айтуды парыз санап отырмын. Сіз бұл жөнінде Қазақ телевизиясы арқылы үндеуді 1993 жылғы 12 қарашада жасадыныз. Бұл жаңалықты бүкіл ел жаңа ақшаға көшүге іс жүзінде екі тәүлік қалғанда ғана естіді. 15 қараша қүнті таңғы сағат 8-ден бастап теңге енгізілді. Оған дейін осы шаруаның бірде-бір сыйбысы естілмеген соншалықты сүйсіндейді.**

**– Осының өзі біздің азаматтарымыздың елдік сана деңгейіне көтерілгенін келісті көрсететін жай. Әйтпесе, мен ұлттық валютаның идеясын айтқаннан бастап, оның тұжырымдамасын ойластыруға, дизайнын жасауға, бастыратын елді ақылдасуға, олармен шарт жасасуға, құның төлеуге, бәлен ұшақпен жасырын түрде Қазақстанға тасып әкелуге аз ғана топ қатысты дегеннің өзінде, елге жеткізілген ақшаны облыс орталықтарына, одан аудан орталықтарына, одан алыстағы елді мекендерге тасымалдаған, айырбас басталатын сағатқа дейін сақтаған, күзеткен адамдардың саны онша аз болмағаны анық. Солардың біреуінің болмаса біреуінен мемлекеттік құпияға қатысты бір сыйбыс шыққанның өзінде жағдай кәдімгідей қынданап қалуы әбден мүмкін еді. Сондықтан**

ол жобаға қатысты азаматтардың бәрі мұндаі оқиға ел тарихында бір-ақ рет болатынын айқын сезінді, жоғары жауапкершілік танытты дей аламын.

— Өкінішке орай, дәл қазір сондай елдік сана биіктігі таныла бермейтін сияқты көрінеді. Сіз 1992 жылы 22 қазанда Қазақ телевизиясы арқылы сөйлеген сөзіңізде «Тіршілік тауқыметі, өкінішке қарай, тек материалдық жағынан шектелмей түр. Тегінде, рухани байлық, парасаттылық жағынан жоғалтып жатқанымыз одан орасан, олардың әсері жылдар өте келе толық мәнінде сөзсіз көрінетін де шығар. Бұл арада мен қоғамның моральдық хал-ахуалына ерекше нұқсан келтіретін заңсыздықтың шектен шығуы жөнінде айтып та отырғаным жоқ», деген едіңіз. Жылдар өте келе дәл солай болды ма деп те қорқамыз. Теңге бағамын түзету кезінде әлеуметтік желілер арқылы таратылған, нақты айтқанда, екінші деңгейлі банктер банкрот болады-мыс деген өсек-аяңың талай жұртты дүрбелеңге түсіргені қынжыларлық жай.

— Ол қынжыларлық жай ғана емес. Ол мемлекеттің қаржылық тұрақтылығына, сол арқылы үлттық қауіпсіздігіне елеулі қатер. Өйткені, сол тәуліктерде дүрліккен адамдардың жалған сөзге сеніп, банктердегі салымын сыптырып-сирып алып қойғандары да аз болған жоқ. Ал мұның өзі экономиканы қаржыландыруға елеулі нұқсан келтірді. «Естіген құлақта жазық жоқ, біреудің айтқанын айта салып едім» деп қарап отыратын ашықауыздықтың арандатушылықтан ауылы алыс емес. Өсек-аяң таратушыларға тыйым салынатын, әркім өзі таратқан ақпаратқа жауап беретін болады енді. Жарайды, теңгенің жайына оралайын. Сол кезде орын алған оқиғалардың ой қисыны Қазақстанды жеке ақша жүйесін енгізуге міндеттегені анық.

ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Өткен үақыттағы біздің күш-жігеріміз, бұрынғысынша, экономикалық проблемаларды шешуге жұмылдырылды, ал өзіміздің үлттық валютамызды енгізгеннен кейін олар мүлдем жаңа мәнге ие болды. Экономикалық қана емес, саяси жағынан да ірі осынау әрекет Қазақстан қоғамының өміріндегі көптеген құбылыстарға жаңаша қарауды, мемлекеттік әрі таза адами мұдделерді де ескере отырып, басталған реформаларды сапалық жаңа үстанымдар түрғысынан терендетуді қамтамасыз ету үшін бағыттымды қайтадан ой елегінен өткізіп, белгілі бір түзетулер енгізуі талап етті.

Оз валютамызды енгізу жағдайындағы халықтың күрделі экономикалық ахуалға біртіндеп бой үйретуі мақсатында біз ақша құнсыздандының жаңадан шыршық атуын болдырмау үшін аса маңызды тауарлар мен қызметтердің бағасын үақытша реттеуге шешім алдық».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
Қазақстан Республикасының Тауелсіздігі күніне  
арналған салтанатты жиналыста сөйлемеген сөзінен.  
1993 жылғы 15 желтоқсан.  
«Таңдамалы сөздер», II том, 410-бет.

Сол күндерде мен ақша жүйесін тұрақтандыру жөніндегі шұғыл шаралар туралы Жарлыққа қол қойдым. 1961-1992 жылдар аралығындағы банкноттардың Ресейде айналымнан шығарылуына байланысты сол ақшаларды Қазақстанға заңсыз әкелу қауырт өсіп кеткен еді. Ресейде істен шыққан ақша қап-қабымен бізге жетіп, кәдімгі сабан ақшасаға айналған болатын. Сондықтан теңгені енгізуіндегі экономикалық қана емес, саяси да мәні ерекше.

ДӘЙЕКТЕМЕ:

«12 қараша. Осы күнгі кеште бүкіл Қазақстан халқы көгілдір экранға көз тікті. Президент Нұрсұлтан

Назарбаевтың кешкі сағат сегізде тікелей эфирден сөз сейлейтіні радио арқылы хабарланған болатын. «Қымбатты отандастар! Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Жоғарғы Кеңестің маған берген өкілдегігіне сәйкес мен 15 қараша күні сағат 8-ден бастап елімізде ұлттық валюта – теңгені енгізу туралы Жарлыққа қол қойдым. Осы сәттен бастап тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қалыптасуы мен дамуының жаңа, шын мәніндегі өзгерістер кезеңі басталады. Мұндай оқиға әр елдің тарихында бір-ақ рет болады. Баршамыз өзіміздің ұлттық валютамызды енгізуіндің қаншалықты қажеттілігін және жаңа жағдайдың төтенше сипаты мен себептерін түсіне білуіміз керек» – Елбасы сөзін осылай бастады. Осындағанда деңгейлік жағдайда теңгенің енгізілуі талайлар үшін ашық күнгі назағайдай әсер еткенін, соған байланысты қай түрғыдан да сабырлылық пен сергектік қажет болатынын Елбасының: «Жағдайды ушықтыратын, қоғамға және әрбір адамға қиянат жасайтын кез келген әрекет мемлекетке қарсы жасалған зұлымдық ретінде бағаланатынын, ал кінәлілер заңын ең қатал түрімен жауапқа тартылатынын ескерткім келеді», деген сөздерінен де аңғара аламыз».

Сауытбек АБДРАХМАНОВ,  
«Тәуелсіздік шежіресі», Астана, 2001, 115-бет.

– Осыдан екі ай бұрын Біріккен Араб Әмірліктерінде, Әбу-Даби мен Дубайдың сіздің әмірбаяныңыз туралы кітаптың араб тіліндегі аудармасының тұсауқесеріне қатысып қайтқан едім. Сонда Дубайдың тұсауқесерде Қазақстан Президентінің елді қандайлық қыын белестерден алып өткенін айта келіп, «Сіздер ойлап қаралызыдаршы, осыдан небәрі 23 жыл ғана бұрын біздің елімізде меншік иелері атымен болған жоқ. Бәрі де мемлекеттікі болатын, содан да бәрі іс жүзінде иесіз болатын» дегенімді аударған кезде залдағы араб ағайындардың бір қозғалақтар қалғанын көрдім. Олар елдегі меншіктің түгелдей мемлекеттікі болуын көзге де елеңтете алмай-

ды ғой. Сондықтан да, жекешелендіруді тәуелсіздік тарихындағы басты белестің бірі деудің еш артықтығы жоқ. Сіз «Қазақстан жолы» деген кітабыңызда бұл мәселеге «Мемлекеттік меншіктен – жеке меншікке» атты тұтас тарау арнағансыз. Мемлекет меншігінен алу деген ол кезде нағыз мاشақаттың өзі болып еді ғой. Сол жағдайды әңгімелеп берсеңіз деймін.

– Мен өткенді жөнді-жөнсіз айыптаپ, тіпті қаралап сөйлеушілерге қарсымын. Социализм тұсында да, коммунистер билігі кезінде де көп жақсы нәрсе болғанын айтқанмын, айтамын да. Бірақ, сол көп жақсы нәрсенің бәрін елдегі иесіздік, яғни меншіктің жоқтығы, жана шыр қожайынның болмауы жоққа шығарып жіберді. Жақсы істесең де, орташа істесең де, нашар істесең де штаттық кестедегі бірдей айлықты алып жүре беру, озып шыққанда «Социалистік жарыстың үздігі» атану, құрмет грамотасын алу, тіпті сұрыылғанда қеудеге медаль, орден тағу адамдарды жұмысқа құлшындырмайтынына көзіміз жетіп болды. Сондықтан да, өз билігіміз өзімізге тиғен соң-ақ әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдетудің міндетті бір шарты ретінде жекешелендіруді қолға алу қажет еді. Алайда, біз бұл жұмысқа бірден кіріспін кете алған жоқпыз. Өйткені, объективті себептер бойынша, 1992 жылдың басынан бастап біздің үкіметіміз Ресей еріксіз таңған ойын тәсілін қабылдауға мәжбүр болды. Екі үкімет те экономиканы ырықтандыруды, ақшадарын тұрақтандыруды қатар жүзеге асыруға үмтүлды. Өмір аз үақыттың аясында екі мақсатқа қол жеткізу мүмкін еместігін көрсетіп берді. Сейтіп, біз жекешелендіруді іс жүзінде 1993 жылдың басынан ғана бастай алдық. Оған дейін түрғын үйлерді жекешелендіруге қатысадың төлем құралы ретінде жекешелендіру купондарын тегін ұсыну ғана жүзеге асырылды. Бөлшек сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыстық қызмет көрсету сияқты салаларда мемлекеттік мүлік қайта құрылды. Оның өзінің басым көпшілігі сауда мен тұрмыстық қызмет

нысандарының үлесіне тиді. Кең ауқымды жекешелендіру дегеніміз – аса маңызды үдеріс. Ол қоғамдағы институттық өзгеріс. Экономикалық реформаның орталық буыны да сол. Мұндай күрделі салада жұмысты волонтаристік әрекеттерсіз, дәлме-дәл әрі мұқият жасалған тұжырымдаманың негізінде жүргізу керек. Меншікті таратып беру деген қыын емес, мәселе таратылған меншіктің жайы кейіннен не болатынында. Біз жұрттың бәрін меншік иесі ету әрекеттері, олардың бәрін өндірістің қожалары ету әрекеттері сәтсіздікке ұшыраған мысалдардың талайын білеміз. Адам деген әрқылы жаратылыс қой. Адамдардың бәрі бірдей меншіктің иесі, мұліктің қожайыны, жұмыстың үйімдастырушысы болып кете алмайды. Меншік иесі болатын адам жан аямай жұмыс істеуі керек, басқара білуі керек, іске жаны ашуы керек, белгілі бір дәрежеде өзінің капиталын, жағдайын, келешегін тәуекелге тігуі керек. Жұрттың бәрі осыған қабілетті дей алмайсыз. Бірақ, солай екен деп біреудің өзін көрсетуіне мүмкіндік беріп, екінші біреуге ондай мүмкіндіктің берілмеуі де әділеттілік болмайды. Бастапқыда баршаның жағдайы бірдей болуы керек. Әуелде мен меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру бағдарламасын бекіттім. Онда қызмет көрсету кәсіпорындары, сауда, тұрмыстық қызмет, коммуналдық шаруашылық, тұрғын үй кәсіпорындары, одан кейін өнеркәсіп, құрылыш, ауыл шаруашылығы сияқты ірілеу салалар, одан кейін индустріяның ірі кәсіпорындары кезең-кезеңімен көрсетілді. Инфляцияның жедел қарқын алып бара жатқанын және тұрғындардың жекешелендіру үшін қаражаты жоқтығын ескере келіп, Қазақстанда бүкіл тұрғындарға, ешкімді де қалдырмай, тұрғын үйді жекешелендіруге қатысқанда төлем құралы бола алатын тұрғын үй жекешелендіру купондары таратылып берілді. Бұл бағдарлама жұртшылықтың бастамашылдығын ынталандырып қана қойған жоқ, сонымен қатар, халыққа жекешелендіру барысында мемлекеттің мұлкі әділ бөлінетін boldы деген үміт отын да ояты. Купонмен өтеп алудың қарапайым тетігі аз үақыттың аясында тұрғын үй ры-

ногын қалыптастыруға мүмкіндік берді, жұртшылықты ширатты және басқа да нарықтық қатынастарды дамытуға қажетті жағдайдың жасалуын қамтамасыз етті. Қазақстандықтардың күнбек-күнгі өміріне жекеменшік үғымының ені ең алдымен қоғамдық сананың реформасы болып шықты. 1993 жылдың басында үкімет жекешелендірудің 2-3 жылға арналған мемлекеттік бағдарламасын даярлады. Ол бойынша шағын жекешелендіру, жаппай жекешелендіру және жеке жобалар бойынша ірі индустрияны жекешелендіру басталатын болып белгіленді. Бұл, әрине, айтуға ғана оңай. Қазақстанда мұндай іс-шара бұрын ешқашан да жүргізілмеген еді. Ресейде де, бізге жақын басқа елдерде де мұндай тәжірибе болған жоқ. Олар да бәрін жаңадан бастап жатыр еді. Әуелде үй іргесіндегі, саяжайлық жерді үлестіріп беру онша қыынға түсken жоқ. Кәсіпорындардың жағдайы басқаша еді. Олардың алды тоқтай бастады, жұмыс істеп тұрғандары өнімдерін қоймаларға үйе бастады. Ел бойынша ондаған мың адам жұмыссыз қалды. Сол бір күрделі жағдайда қай кәсіпорынның шын бағасы қандай екенін, болашағының бар-жоқтығын дәл анықтау да қыын еді. Қөптеген өнеркәсіп орындары тозығы жеткен құрал-жабдықпен толып тұрған өндірістік және әкімшілік ғимараттар ғана болатын. Кәсіпорындардың көвшілігі қыруар қарызға белшесінен батқан еді. Мұндай кәсіпорындарда пайдада түсіретін өнім шығару көп күш-жігерді қажет ететін. Жағдайды тұрақтандыруға бағытталған тез де тиімді шараларды жүзеге асыру қажет болды. Ол кезде жаппай сипат алған талан-тараж бен ысырап та бір жағынан мемлекет меншігінен айыру мен жекешелендіру үдерісін жеделдетіп жіберген жайттардың қатарында.

– Біз газетіміздің 95 жылдығы қарсаңында Теміртауда, Қарағандыда болған едік. Сіз еңбек жолыңызды бастаған домна цехына бардық. Отты өзенді өз көзімізben көрдік. Сонда Теміртаудағы кездесу кезінде «Карметкомбинаттың» қыын жағдайда қалған кезі еске

**алынды. Комбинат іс жүзінде банкрот болуға шақ тұрған екен. Сол тұста комбинаттың өзіміздегі сол кезде әжептәуір белгілі бір кәсіпкердің меншігіне өте жаздаған жағдайы да бар еді ғой, солай емес пе?**

— Өте жаздаған жоқ, аз ғана үақытқа болса да өтіп те кетті ғой. Оның алдында ыстық цехтегі агрегаттарды түгелге жуық өшіруге дейін тұра келген еді. Әйтседе, әлгі жас бизнесмендеріміздің әлеуеті сауда жасауға жеткенімен, жұмыс жасауға жетпейтін болып шықты. Тіпті, ақыр аяғында небарі үш құндік кокс қоры қалған жағдайға дейін барды. Мұның өзі бізге осындағы жағдайда ірі кәсіпорындарды ірі инвестициялар ғана құтқара алатынын көрсетіп берді. Сейтіп, жаңа меншік иесі келді. Нәтижесі қазір барша жұртқа белгілі. Екінші кезеңінде аяғына қарай экономикалық және әлеуметтік мән-маңызы бөлекше ірі кәсіпорындарды жеке жоба бойынша жекешелендіру басталды. Атап айтқанда, реформаларға жаңа, сапалық тұрғыдан басқа мүмкіндіктер – шетел капиталының әлеуеті қосылды. Бұл кезге қарай жұрттың бәрі де мұнан былайғы жекешелендіру үшін Қазақстанға шетел капиталының және шетел капиталы салынған кәсіпорындардың қажеттігін айқын сезінді. Жаңа жұмыс болған соң қателіктер мен жаңылыс басулар да орын алды. Мысалы, жекешелендіру инвестиациялық купондары деген болды. Соған артқан үмітіміз ақталмады. Халықта купондар таратылып берілуін берілді. Олар купондарды кәсіпорындар акцияларын сатып алатын инвестиациялық қорларға салуын салды. Бірақ, ақыр аяғында мұның бәрі әлгі қорлардың өз активтерін өздерінің бүркеншік фирмалары арқылы шығарып алуымен тынды. Мұны істегендер неге жауапқа тартылмады деп сұрағалы отырсың ғой? Айтайын. Дәл сол кездегі заңнама бойынша бұл заң бұзушылыққа жатпайтын, кәдімгі коммерциялық қадам болып шықты. Сондықтан әлгі жағымсыз әрекеттер соны жасаған адамдардың ар-ұятына артылған іскүйінде қалды. Қысқасы, жекешелендіру бізді талай нәрсеге үйретті.

Тез жүргізілген жекешелендірудің кемшіліктері болатыны да табиғи жай. Мысалы, кәсіпорындардың лайықты меншік иелерінің қолына тимеген тұстары аз кездеспеді, тіпті өзі басқарған кәсіпорынды түк қалдырмай тонап, тайып тұрғандар да табылды. Алайда, сол өтпелі кезеңнің барлық жағдаяттарын ескере келгенде, жекешелендірудің негізінен тиімді аяқталғаны даусыз екенін көреміз. Оның жетістіктері кемістіктерінен артық. Толымды тұрде жүзеге асырылған жекешелендірудің арқасында Қазақстан ТМД елдері арасында әлеуметтік-экономикалық дамудың жоғары қарқынына қол жеткізе алды.

– Нұрсұлтан Әбішұлы, сіздің ел дамуында ерекше орын алған стратегияларыңыз сөз болғанда 1997 жылғы «Қазақстан-2030» бен 2013 жылғы «Қазақстан-2050» алдымен айтылатыны табиғи жай. Оның біріншісі Қазақстанның әлемдегі ең дамыған елулікке енуін межелесе, оның үстіне ол межеге мерзімінен бұрын қол жетсе, екіншісі озық отыздықтың қатарына қосылуды межелейді, соның жолдарын белгілейді. Сонымен бірге, ең алғашқы Стратегия – 1992 жылғы «Қазақстанның егемен мемлекет ретіндегі қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» көп ауызға алынбай барады. Қазақстанның ашық тұрпatty қоғам – демократиялық, бейбітшіл мемлекет ретіндегі дамуының тұжырымдамалық үлгісі алғаш рет сол стратегияда жасалып еді. Оның ұмытыла бастауының себебі неде деп ойлайсыз?

– Ұмытыла бастады дегенің артықтау. Ал ауызға көп алына бермесе, көп сілтеме жасала бермесе, оның себебі, өте қарапайым. Осыдан 22 жыл бұрынғы алғашқы стратегия тұрмақ, осыдан 17 жыл бұрынғы «Қазақстан-2030» Стратегиясы да бірте-бірте айналымнан шыға беруі, бұрынғыдай жиі айтылмауы табиғи жай. Өйткені, олардағы міндеттер орындалды, жаңа Стратегияда солардан туын-

дайтын жаңа міндеттер белгіленді. Жалпы, саясатта нұшылар, тарихшылар 1992 жылғы алғашқы стратегияға тиісінше мән беруі де керек, тиісінше бағалауы да керек. Өйткені, онда алғаш рет түбірлі мәселелер қарастырылды, теориялық деңгейде шешілді.

**– Қазақстанның модернизация, яғни жаңғыру жолына түсін сол тұста айқындалды деп айта аламыз ба?**

– Біздің жүрер жолымыз тәуелсіздіктің алғашқы бірер жылында белгіленіп үлгергені, әрине, біздің үлкен бағымыз. Иә, осыдан 23 жыл бұрын Қазақстан әлеуметтік бағдарлы нарықтық экономикасы бар, тың түрпатты қоғамдық қатынастары бар қуатты егемен мемлекет құруға кіріскең тұста біз бұл қоғамның басты байлығы адам, елдегі ігіліктің бәрі адам мұддесі үшін жасалады деп жарай еттік. Ал адам мұддесі түрғысынан қарағанда, қандай тұғырнамалар бағалылау еді? Социалистік тұғырнаманы алайық. Қазір ғой бұл тұғырнаманың жақтастарының азайғаны, ал ол кезде социалистік идеялар миллиондаған адамдардың жүрек төрінен орын алып тұрған еді. Оның таңданатын да ештеңесі жоқ. Нарық келіп, баға бетімен жіберіліп, дүниенің бәрі қымбаттап, күні кеше жетіп тұрған айлығың шайлышыңа жетпей, күні кеше алып тұрған зейнетақың айлар бойы қолға тимей кеткен кезде адамның қазірше базарынан басқа ештеңесін көре қоймаған капитализмнен гөрі өзі тегін оқыған, пәтерді тегін алған социализмді артық көруі көкейге әбден-ақ қонымды емес пе? Қонымды. Оның үстіне Қазақстанда Кеңес өкіметі жылдарында қуатты өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы жасалғаны, жаппай сауаттылыққа қол жеткені деген сияқты даусыз артықшылықтар тағы бар. Сонымен бірге, біз социализм тұсында алапат ауқымды дағдарыстарға тап келгенімізді де ашық айттық, ашып көрсеттік.

## – Ол қандай дағдарыстар?

– Алдымен айтатынымыз – экономикалық дағдарыс. Орталықтандырылған жоспарлы экономиканың нарықтық экономикадан түпкілікті жеңілгенін бүкіл әлем көрді. Одан кейін айтатынымыз – саяси дағдарыс. Халық билігі деп жарияланғанымен, билік ат төбеліндей аз топтың қорына шоғырланғанын, ол топ қабылдаған шешімдердің елді қандай жағдайға жеткізгенін барша жұрт көрді. Тағы бір айтатын дағдарыс – ұлт мәселесіндегі дағдарыс. Желтоқсан оқиғасынан кейін қазақстандықтарға бұл дағдарысты түсіндіріп жату артық еді. Тағы бір дағдарыс – экологиялық дағдарыс. Семей полигоны мен Арас қасіретінен кейін бұл дағдарысты да біздің адамдарға түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Имандылық немесе парасат дағдарысы туралы да айтуға болады. Сол тұста социалистік мұраттар көбіне мысқыл шақыруға айналған еді. Қысқасы, осылардың бәрін ойластыра келгенде біз социалистік тұғырнаманың негізінен күні өткеніне көз жеткіздік. Қоғамдық пікірде дәстүрге, халықтықса сүйенуге шақырған сөздерге де құлақ асылып тұрды. Дәстүрдің орны белекше. Халықтық терең тамырларға тартудың жөні де ерекше. Әйтсе де, өткен замандардың саяси идеялары мен идеологиялық символдары жақындаған келе жатқан жаңа ғасырға, жаңа мыңжылдыққа толық жарай бермейтіні де айқын еді. Либералдық идеялар да танымал болып тұрды. Либералдық мұраттар, либералдық идеология, шынтуайтына келгенде, ең алдымен Батыс өркениетінің жемісі, оның сан ғасырлық дамуының нәтижесі. Оларды өркендету үшін орныққан жеке меншік керек, адамдардың бойында дараышылдық психология басым болуы керек, мықты демократиялық саяси институттар құрылуы керек. Оған дейін қай заман? Оның үстіне ол құндылықтарды Қазақстанға сол қалпында көшіре салуға тағы болмайды. Қысқасы, социалистік көзқарастардың да, дәстүрлі көзқарастардың да, либералды қозғалыстардың да құндылықтарын жоққа шығармай, бәрін елеп-екшеп келіп,

Қазақстанға идеологиялық тұғырнаманың өзіндік жолын іздестіру қажет деген ойға тоқтадық. Сонда қоғамның топтасуын нығайтуға тұрақтылық пен азаматтық келісімнен, экономиканы дамытуға жаңғыру бағытынан артығы жоқ болып шықты. Қазақстанды жаңғырту әр азаматтың еркіндігінің, сол арқылы тұтас қоғамның тұрақтылығының басты шарты болып шығатынын пайымдадық. Қазақстан қазір де сол тұғырнаманы ұстанып келеді. Әрине, бұл біз ашқан жаңалықта емес, біз алғаш түскен жол да емес. Жан баласы жүріп көрмеген жолға түсіп көргенбіз, одан әбден аузымыз күйген. Ел тағдырына эксперимент жасаудың жөні жоқ. Біз әлемдік өркениет жолына түстік. Адамзат ұстанатын құндылықтарды ортақ қазына санайтын елге айналуды көзdedік. Бірақ, біздің үлкен бір ерекшелігіміз болды, оған қоса үлкен бір қыындығымыз болды. Біз нарыққа көшүге тиісті едік. Біз әрі мемлекет құруға тиісті едік. Оған қоса қоғамды демократияландыруға тиісті едік. Ең қызығы да, ең шыжығы да – осының бәрін бір мезгілде жүзеге асыруға тиісті едік. Біз осы үш міндетті қатарластыра атқара алған елміз. Мұның бәрі оңайға түскен жоқ. Ақыл-ойды да азаптады, жүйкеге де салмақ салды.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Елдің алдында бір мезгілде үш өлшем бойынша өтуді талап ететін үш дүркіндік транзит: жоспарлы экономикадан – нарықтық экономикаға; бір партиялық командалық-әкімшілік жүйеден – демократиялық жүйеге; дәстүрлі санадан – либералдық құндылықтарға көшу міндеті түрді. Бұл бүкіл мемлекеттік қондырғы мен экономикалық жүйені түбірімен өзгертуді талап етіп қана қоймай, сонымен бірге, ондаған жылдар бойы қалыптасып қалған қасаң көзқарастарды, адамдардың ойлау жүйесі мен өмірін де батыл еңсеруді қажет етті. ...«Сілкінуге ешқандай құлқы жоқ адамдарды қалай сілкіндіруге болады? Бітпейтін съезддердің тізбегімен әрі марксизмнің ұлы және ұлы емес классиктерінің сілтемелерімен сіресіп біткен миларды қалай тазарту керек?», –

деп жазды кейінірек Нұрсұлтан Назарбаев. Өзі де кеңестің шекпенінен шыққан адам болғандықтан, ол қалыптасып қалған көзқарастардан, түсініктер мен өмір салтынан бас тартудың қаншалықты қын екенін түсінді. Ол, сонымен бірге, адамдардың санасын күрт өзгертпейінше, олардың болашақтары жоқ екенін де білді. Ол тек өз күшіне сеніп қана табыс пен өсіп-өркендеуге қол жеткізуге болады, егер адам әлдекімнің қамқорлығына ғана үміт артса, оған ешкім де – мемлекет те, қайырымды адамдар да, қоғам да көмектесе алмайды деген қарапайым шындықты жалбарынғандай болып айтудан талмады. Патернализм аздырады. Қомек іздеуге алаңдауға мәжбүрлей отырып, ол адамды дербестіктен, өзі және қоғам үшін жеке жаупкершіліктен айырады. Қуатты, өркен жайған мемлекет пен демократиялық қоғамды өз бетінше әрекет ете алатын, бастамашыл жандар ғана құра алады».

Махмұт ҚАСЫМБЕКОВ,  
«Нұрсұлтан Назарбаев. Өмірбаян»,  
Астана, 2013, 137-138-беттер.

**– Егемендіктің елең-алаң шағында атқарылған тағы қандай істерді бөле айтуда болар еді?**

– Көп қой. Бәрі де маңызды, бәрі де қажетті істер. Өзіміздің армиямызды құру, төл Қарулы Күштерімізді қалыптастыру да оңайға түскен жоқ. Әскери техниканы, қару-жарақты, тағы басқаны тізімдеудің өзі біраз шаруа болды. Қазақстандық әскерилерді КСРО-ның түкпір-түкпірінен іздеу, оларды елге шақыру, алдырту, орналастыру да қындыққа түсті. Тұңғыш Конституцияны жасауда өте қурделі жұмыс болды. Бұрын аты бар да заты жоқ Сыртқы істер министрлігін шын мәніндегі сыртқы саясат ведомствосына айналдыру да өте іргелі іс еді. Тәуелсіздік қолға тиісімен бастаған шаруамыздың бірі бүкіл әлемдегі қандастарымыздың өкілдерін атамекенге шақырып, егемен елін көрсету, қуанышшымызды бөлісу еді. Бұл үшін

1992 жылдың өзінде Дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайын өткіздік. Бауырларымызға құшағымыз айқа-ра ашық екенін айттық. Соның нәтижесінде осы үақыттың ішінде мың-мыңдаған қазақ тарихи отанына жетіп, қатарымызды қалыңдата түсті. Құрылтайдың Республика сарайында өткен салтанатты мәжілісінде сөйлеген сөзімде қонақтарымызға Қазақстанымыздың өркендегеніне таяу жылдарда-ақ күә боласыздар деген едім. Айтқаным келді.

### ДӘЙЕКТЕМЕ

«Орнында бар оңалар» дейтін еді халқымыз. Шүкір, ел орнында, жер орнында. Жерге жетер ештене жоқ, жерден өтер байлық жоқ. Жер болса, ел болады, ел болса, ер болады. Осында жеріміз барда, еліміз барда, өздерініздей еріміз барда біз ешкімнен кем болмаймыз!

Заман тыныштығын берсе бүгінгі дағдарыстан да шығармыз. Тәуелсіз Қазақстан дәүлетіне сәулеті сай қуатты мемлекетке айналар. Қазақ халқы әлемдік өркениетке қазіргіден гөрі қомақты үлес қосар. Даlamызыда да, қаламызыда да шадыман тұрмыс, шат тірлік орнар. Бүйіртса, бүгінгі Құрылтайға қатысқан қадірменді қонақтарымыздың өзі туған Қазақстанымыздың өсіп-өркендегеніне таяу жылдарда-ақ күә болады деп көміл сенеміз.

Қымбатты отандастар, туыстар!

Біз ұлы жолға шықтық, арманды сапарға аттандық. Қолымызыда – тәуелсіздіктің көк туы. Елтанбамызыда – бар халықтың басын біріктіреп киелі шаңырағымыз, арманымызды алға апарар қанатты ынтақтарымыз бар.

Лайым бетімізден жарылқасын!

Үлкен жолдың үстінде бізді ата-бабаларымыздың, аруағы желеп-жебеп жүрсін!»

*Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,*

*Дүниегұзі қазақтарының I құрылтайында*

*сөйлеген сөзінен.*

*«Таңдамалы сөздер», II том, 182-бет.*

# ТАЖАЛДЫ ТҰНШЫҚТЫРУ◆

— Нұрсұлтан Әбішұлы, ел тарихындағы орасан оқиғаның бірі – сіздің 1991 жылғы 29 тамыздағы Жарлығының ізбен Семей полигонының жабылуы. Кеңес Одағының түсында, Мәскеу билігі кезінде қабылданған бұл шешім Орталыққа ашық күнгі найзағайдай болғанын, ал әлемдік қауымдастық үшін сіздің жаңандық қарусыздану ісіне қосқан үлкен үлесіңіз, адамзат тарихындағы теңдессіз қадам ретінде қабылданғанын білеміз. Сұхбат кітabyның бір тарауы сол шешімге алып келген жағдаяттар, сол шешімнің қабылдануы, оның біздің кейінгі өмірімізге, біздің ғана емес-ау, жалпы планетадағы қарусыздану үдерісіне әсері туралы болса деп етініш білдіргенім сондықтан.

Әуелі бомбаның тарихынан бастайықшы. Кеңес Одағы атом қаруының құпиясын әуелде барлау, шпионаж жолымен қолға түсірген деген сөз кейінгі кездे көп айтылып жүр ғой. Бұған байланысты не дер едіңіз?

— Солай деп жариялышық жылдарында, одан беріде ғана айтылып, жазыла бастады. Мен оның нақты жай-жапсарын біле қоймаймын. Дәл солай болған күннің өзінде Кеңес Одағында бұл бағытта көп жұмыс американлықтармен қатар жүргізілгені анық. Содан кейін формула жазылған қағаз қолға түсісімен бомба жасала қалмайтынын да ұғыну керек. Қалай болғанда да

Кеңес Одағының ядролық қаруға қол жеткізуін жалғыз шпионаждың жемісі дей салу аздық етеді. 1947 жылы Сталин (айтқандай, бұл да тамыз айында) Семей ядролық полигонын құру жөніндегі шешімге қол қойған. Соған байланысты құпия қала құрылатын болып, оған «Семей – 21» деген жасырын ат берілген. Арада небәрі екі жыл өткенде, 1949 жылғы 29 тамызда полигонда алғашқы жарылыс жасалған.

### ДАЙҚТЕМЕ:

«1949 жылғы 29 тамызда түп-тура таңғы сағат жетідегі көз ілеспес жылдамдықпен үлғайып бара жатқан отты доп кенеттен Жер денесіне қомағай қадалып, оны щарпып өтті де, дәл бір Күн орнына күн болғысы келгендей аспанға қөтеріле берді. Жер оқыстап қатты ауырсынып, шыңғырып жіберді. Отты шардан соң, суралып құат пен көз қарықтырар сәуле бас айналдырып жібергендей бір сәтте жалмаған жер қабағының ыстық күлі мен ісі көкке қөтеріле берді. Жер лыпасының өртен ісі қолқа атар түтіннің ағыс ісін, қолдан жасалған жел ән-сәтте жанжаққа таратып, көз көріп, қулақ естімеген, аяуды білмейтін жау жақындаған жеткізгендей болды. Орасан зор, бірақ көзге көрінбейтін сызырыры естен танған тіршілік үелері мен ештеңені түсінбеген өсімдікті жер бетінен бір демде жулып алып, ғалай-тандай шакырымға серпіп тастағандай еді. Ертегінің сүмдүк Айданары жер қойнауынан кенет шығып, оның денесін орасан от тілімен жалмап кеткендей еді.

Таяу жерлердегі сирек ауылдар мен бірлі-жарым селоларда тұратын адамдар дір ете түскен жер мен жарты аспанды алып кеткен от-жалинға таңырқап, үйлерінен жүгіріп шығып, көкжиеқке үн-түнсіз, дәмін ішіне ала қарап тұрды, ал онда адамның ойы ментәжірибесіне еш сыймайтын екінші күн жарқ етіп, қайта сөніп бара жатты.

Бәрі бітті... Жалғыз түп шөп қалмаған, тутіріп қарайып кеткен даланың тұл жамылғысы. Жаңа жұмыртқа жарған балапандай, қайда, неге баратының білмейтіндей әлтек-тәлтек басқан соқыр бүркіттер. Жан тәсілім

алдында жанталасқан тышқандардың, қарсақтардың, қасқырлардың, түндеғана тынымсыз жортқан кесірткелердің денесі. Олардың жанталасынан кімге қаратып айтылғаны белгісіз «Неліктен...?» деген үнсіз сұрақ сезілетіндей. Ал зәресі үшіп, аңырған адамдар «Ол не?» деген сұраққа жауап таба алмай, беймәлім құрсаудан босана алмай тұр. Бұрын-соңды көрмеген бұл құбылыс, оларды үн-түнсіз қатып қалуға мәжбүр етті, олар өздері де байқамай, дала өрістері мен тау бөктерлерінің бұрынғы шешек атқан, гул жайнаған рақат күндеріне, бәлкім, енді қайтып оралуы кәдік күндеріне тағзым еткендей еді».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Бейбітшілік кіндігі»  
А., 2001, 47-48-беттер.

**– Нұрсұлтан Әбішұлы, осы арада таңдаудың неге қазақ даласына, неге Абай мен Әуезов туған жерге түсінене байланысты да түсіндірме бере кету артық болмайтын сияқты.**

– Мұндай шешімдер көптеген күрделі факторларды ескеріп барып қабылданады. Олардың ішіндегі ең бастысы – болашақ полигон орнының алып құрлықтың ортасында болуы. Нақты айтқанда, полигон тұрған жер Тынық мұхит жағынан да, Солтүстік мұзды мұхит жағынан да, Еуропа беттегі НАТО әскери кешендері жағынан да ең қашық жерде, континентарлық ядролық зымырандар жете алмайтын жерде болуға тиіс еді. Әлемдік мұхиттарда атом сұңгуір қайықтарының жағалауға жақындалап келе алатыны, кемеден ядролық зымырандарды ата алатыны белгілі. Семей жері полигон үшін солай таңдалған. Мұның өзі баяғы Наполеонның «Елдің саясаты үшін оның тарихынан да ғөрі географиясы көбірек маңызды» деген сөзінің дұрыстығын көрсетеді. Мәскеудегілер осындағы ойдың өзін халықтан жасыратын. Ондағылар бұл жер Кеңес Одағының ең адам аз қоныстанған жері еді, оның үстіне

негізгі коммуникация желілерінен оншалықты қашық емес еді деген сияқты сөздерді алдымен көлденең тартатын. Сейтіп, облыс орталығынан небәрі жұз елу шақырым жерді таңдалыпты. Тым үзакқа теміржол тартып жатпау үшін. Көп шығын жұмсамау үшін. Сынақ орнына жапжақын жерде толып жатқан ауылдар мен кенттер бар еді. Әр нәрсені өз атымен атайтын болсақ, олардың бәрі де іс жүзінде мемлекеттің әскери-саяси мүддесіне бола құрбан етілген. Саналы түрде. Әйтпесе, ядролық сынақтардың сол маңайдағы елді мекендер адамдарының денсаулығына қандай әсер ететінін, қандай қатер төндіретінін олар білмеген емес, білген. АҚШ-тың атом қаруына монополиясын қайткенде де тезірек жоюды ғана мақсат тұтқан кеңестік билік іс жүзінде жұз мындаған адамдардың өмірін түккеп түрғысыз бірдене деп қараған. Ядролық жарылыс жасалатыны жөнінде сондағы халықта ескертү 1953 жылдан ғана басталған. Соған дейін, яғни тұтастай төрт жыл бойы адамдарға алдын ала хабарлауда, оларды жарылыс орнынан алыс жерге үақытша алып кету де ойластырылмаған. Әсіресе алғашқы жарылыстың зардабы ерекше болған. Радиоактивті заттектер сол маңайдағы барлық елді мекендерді жауып қалған. Не болып, не қойып жатқанынан атымен хабары жоқ ауылдардағы түрғындар радиациялық сәуленің өте үлкен дозасын алған. Сүмдыш емес пе? Өз халқына осындағы жаны ашымаған, тіпті адамдарды эксперимент нысаны ретінде кәдімгі тәжірибе жасайтын қоян көкжектеріндей қарастырған өкіметке осыдан кейін қалай ішің жылиды?!

— Сіз бір кітаптыңда Қарағанды обкомының хатшысы болып жүргеніңізде қала жүртшылығы ауық-ауық жер сілкінісі болғандай күй кешетінін, пәтердегі шамдалдар тербеліп, ыдыс-аяқ түрған сервант сықырлап ала жөнелетінін, сол күндерде Семейде ядролық жарылыс жасалғанын білетіндеріңізді жазған едіңіз. Кейіннен Орталық комитеттің хатшысы болдыңыз, республика

## **Үкіметін басқардыңыз. Сол кезде Семей полигонындағы жағдаймен танысудың мүмкіндігі болды ма?**

— Сенімен әңгімелесу барысында қайта құрудың жақсы жағы, жаман жағы дегенді әр қырынан айтып жатырмын ғой. Расында да, 1985 жылы басталған қайта құру – өте құрделі құбылыш. Оның күнгейі де жеткілікті, көлеңкелі жағы да жеткілікті. Сол күнгей жағының ең бір жақсы жері – жариялышы. Қайта құру жылдарында кеңес заманындағы небір сорақы сүмдіктардың беті ашылды. Жиырмасыншы, отызыншы жылдардағы ашаршылық, одан кейінгі жаппай жазалау, соғыстың шындығы, тың көтеру кезінде еліміз, тіліміз көрген қиянат, желтоқсанның қасіреті сияқты жайлардың бәрі алдымен сол жылдарда айтылды. Елім деп өткен арыстарымыз да сол тұста ақталды. Семей полигонындағы ахуал туралы ақырат та алғаш рет жариялышы қезінде ақтарылды. Оған дейін Орталық комитет хатшысының да, Үкімет басшысының да, тіпті СОКП Орталық комитеті Саяси бюросының мүшесі болып отырған Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысының да полигондағы жағдайға араласу түрмак, онда баруға да мүмкіндігі болған жоқ. Бармаған соң, көрмеген соң, әрине, біле де алған жоқ. Бұл мәселелердің барлығы аса маңызды мемлекеттік құпияға жататын. Оны айтамыз, әскери нысан болып табылатын ядролық сынақ полигонын былай қойғанда, республика басшысы тіпті Байқоңырға бара алған жоқ қой. Байқоңырға аяқ басқан бірінші Қазақстан басшысы мен. Ол кезде бәрін Орталық шешетін, бәрін Мәскеу билептестейтін. Ядролық полигон өзінше бір мемлекет ішіндеғі мемлекет сияқты еді. Сондықтан біз қайта құруға осы полигонды жабуға жол ашып бергені үшін де разы болуға тиіспіз деп ойлаймын.

**— Ал полигон ақыраты айтылғанда қандай жайлар анықталды?**

— Полигон ақиқатының айтылуына 1986 жылғы Чернобыль апаты қатты қозғау салды. Онда атмосфераға тараған радиациядан 4 мыңнан астам адам рак ауруына шалдыққаны жария етілген еді. Семей жеріндегі ядролық сынақтардың салдарын есептеп, біздің мамандар Қазақстандағы полигонның зардабы кем қойғанда екі Чернобыльдай болған деген қорытындыға келді. Қазақ жерінде осы үақыт ішінде 456 ядролық жарылыш жасалған екен. Олардың зарядтарының жалпы қуаты Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан екі жарым мың есе көп екен. Жаңағы цифр айтуға ғана оңай. Шынтуайтында, 456 рет жер үстінде және жер астында осындай сүмдүк жарылыш жасалғанын көз алдыңызға елестетудің өзі қыын. 1963 жылы атом қаруын атмосферада, ғарышта және суда сынауға тыйым салу жөніндегі шартқа қол қойылғаны белгілі. Содан кейінгі жарылыштардың бәрі де жер астында жасалып келген. Талай жылдар бойы жер асты жарылыштарының зиянсыздығы жөнінде аңыз таратылып жүрген. Ол аңыздың да күлін көкке ұшырған күштің аты — жариялыштық. Қайта құру жылдарында радиоактивті элементтердің атмосфераға шығып кетуінің барлық фактілері ашық айтылып, олардың айналадағы ортаға, адамдардың денсаулығына қандай зиян келтіргені жазыла бастады.

Менің қатты ашу-ызамды туғызған жағдай жаңағы Чернобыль апатынан кейін бірнеше ай ғана өтпей жатып Семей сынақ полигонының аумағын кеңейту жөнінде тапсырма алғанымыз болды. Ол жөнінде бірінші хатшымен келісім жасалыпты. Бізге жаңа жерлер керек. Нақты дайындық жұмысымен айналысатын генералдар мен мамандарды қарсы алуға дайындалыныздар. Қорғаныс министрлігіндегі дәү дөкейдің сөзі осындай. Қаным басыма шапшыды. «Немене, Орталық комитет пен Үкіметтің қаулысы шығып па еді? Неге мен, Қазақстан Үкіметінің басшысы, мұны алғаш рет естіп отырмын?», десем, «Қаулы шықпаса, шығады. Жоба жасалған, Орталық комитет келіскең. Біз құжатты жібергенде қол қойыңыз

да, айтқанды істеңіз», деп түйеден түскендей сөйлейді. «Кешіріңіз, мен ондай құжатқа қол қоймаймын. Қол қоймайтыным былай тұрысын, ондай шешімді өзгертуге тырысамын», дедім. Колбинге хабарласып, «Бұл не жағдай, сіз келісім берді деген сөз рас па?» десем, «Сондай бір әңгіме болған, ұмытпасам, жаңа полигон салу туралы емес, бұрынғының аумағын кеңейту туралы айтты-ау деймін. Немене, проблема бар ма еді?» дейді. Проблема бар екенін, үлкен проблема бар екенін түсіндіріп бердім. Колбин: «Оларды тоқтатпақ болсақ, екеумізді де орнымыздан алып тынады» дегенімен, менің сөздерім әсер етті ғой деймін, ақыр аяғында «Жарайды, онда өзіңіз тоқтатуға тырысыныңыз» деді. Не істеу керек? Бұл арада тағы да жариялыштық, демократия көмекке келді. Мәскеуге қара аспанды төндіріп, қара суды алдырып, бұлай бара берсе 1986 жылғы желтоқсандағы жағдай қайталануы мүмкін, бірақ енді бүкіл республика көлемін қамтуы мүмкін деген үрейлі қызметтік жазбалар жолдап жаттық. Ақыр аяғында Мәскеу ол жобадан бас тартуға мәжбүр болды. Полигонды кеңейтпеуін кеңейтпегенімен, сынақтарды жалғастыра берді. Ақыры шыдамымызды шегінен шығарды.

**– Шыдамның шегінен шығарған жағдай 1989 жылғы қыста кезекті жарылыс кезінде атмосфераға радиоактивті заттектердің тарап кеткендігі ғой, солай емес пе?**

– Мұндай жағдай бұрын талай орын алғанына ешқандай күмән жоқ. Ал ол оқиғаның Чернобыльдан кейін қайталанғаны тіпті қанымызды қайнатты. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары бұл жайында сол күні-ақ хабар таратып, шулатып ала жөнелді. Бізге де керегі осы болатын. Дәл сол күні Олжас Сүлейменовтің Одақтық парламентке депутаттыққа кандидат ретінде теледидардан, тікелей эфир арқылы сөйлейтін күні екен. Олжас депутаттыққа Алматы қаласынан түсіп жатқан еді. Қаланың проблемаларын шешуге сайланған жағдайда депутат ретінде не істейтіні жөнінде айтуда тиіс еді. Алматы

жайына қалды. Олжас өлшеулі үақыттағы сөзінің бәрін дерлік Семей полигонына арнады. Ақын ашығын айтты, ашынып айтты. 28 ақпан күні Қазақстан Жазушылар одағының ғимараты алдында митинг болып, оны Олжас Сүлейменов басқарды. Олжас құрған, біз қолдау көрсетіп отырған «Невада-Семей» қоғамдық қозғалысы көп шаруа атқарды. Қозғалыс халықаралық қоғамдық өмірде ерекше құбылысқа айналды, антиядролық насиҳатта, бейбітшілік пен қарусыздану үшін қресте, ядролық сынақтардан зардап шеккендерге көмек көрсетуде баға жеткісіз іс тындырыды. Айтқандай, Олжастың өзі жаңағыдай жағдайдан кейін Алматыда сайлауға тұсуден бас тартып, («өзім қатты құрметтейтін жұмысшы таптың өкілімен таласуды артық көремін» деп түсіндіріп), Семей өнірінен кандидаттыққа ұсынылды.

**– Олжекеңнің қаладан тұсуден бас тартатын жайын сол кезде аппаратта істегендіктен біршама білемін.**

– Иә, Олжастың қарсыластары оны кәдімгі ұлтшылдың өзі етіп шығаруға тырысқаны рас. Алматыдан депутаттыққа өтпелтініне көзі жеткен соң ақылдасуға маған келген. Мен оған Семей жақтан тұсуге кеңес бердім. Ол жақта салтанатты жеңіске жеткені айтпаса да түсінікті шығар. Республика басшылығының, орталықтың билігі әлі де күшінде тұрғанына қарамастан, қозғалысты то-лық қолдауының мәні үлкен болды, ондай қолдаусыз антиядролық әрекеттің қандайы да қатаң басылып тасталын еді. Сол кезде халық депутаттары Семей облыстық кеңесінен кезекті бір жарылыстан кейін СОКП Орталық комитетіне «Семей қаласы маңындағы ядролық полигон тұралы» деп аталағын шифрлы жеделхат жолданды. Әрине, шифрлы жеделхаттың матіні бізben алдын ала бейресми тұрде келісілгені белгілі. Әйтпесе, ол кезде облыстардың Мәскеуге тіке шығуы кешіріле қоймайтын күнәға жататын еді. Рас, Парламентте полигон мәселесі арнайы қаралған тұста облыс басшылығының жеме-жемге келген-

де тағы бір жарылысқа келісім беруді жақтағаны да бар. Олар сол жарылыс үшін қосымша өтемақы алмақ болды. Дегенмен, «Невада-Семей» қозғалысының белсен-ділігі, Олжастың өзінің жеке басының биік беделі маған республикадағы қоғамдық пікірді Семей ядролық полигонын жабуға дайындауға ерекше жәрдемдесті. Олжастың: «Біздің жерімізде бейбітшілік деп ойлаушы едік, сейтсек міне қырық жылдан бері соғыс жүріп жатыр екен. Ол соғыстың аты – өз халқыңа қарсы тыныш жүріп жатқан атом соғысы...», деп сөйлейтіні де асырып айтатын ақынға жарасып тұратын.

Полигон проблемасын барынша биік деңгейде қозғауға маған КСРО Жоғарғы Кеңесі депутатының мандаты да кең жол ашты. Мен ол кезде республика Министрлер кеңесінің тәрағасы едім. Сонда әскерилердің маған айтпаған сөзі қалмады. Елдің ең басты стратегиялық нысанына қастандық деп те бағалады, «Кеңес Одағының қорғаныс қабілетін бұлдіру әрекеті» деп те бағалады. Мени «үйден қоқыс шығарған», «саяси ұпай жинаған» адам етіп көрсеткілері келді. Генералитет үшін полигонды жабу деген түске де кірмейтін сүмдүқ болатын.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Мен 1949 жылдан бері жұмыс істеп тұрған Семей ядролық полигоны туралы айтпақын, атмосферадағы жарылыстар сонда басталған болатын. Одан бері ол өнірдегі тұрғын халықтың саны төрт есе өсті. Алайда, әскерилер бізді ядролық сыйнақтар іс жүзінде адам денсаулығына иігі әсер етеді деп сендіргілері келеді. Біз мұның қазір мемлекеттік қажеттілік екенін түсінеміз, әйтсе де, атом жарылыстарының айналадағы ортаға ықпалына нақты терең талдау қажет. Оның нәтижелерін халыққа мәлімдеу керек».

Н.Ә.Назарбаевтың 1989 жылғы 30 мамырда  
КСРО Жоғарғы Кеңесінің кеңейтілген мәжілісінде  
сөйлеген сөзінен.

– Бұл айтқаныңызды мына бір жаймен толықтыра аламын. 2010 жылдың мамырында мен Грузияға барып, Э.Шеварднадземен сұхбат жасап қайтып едім. Сонда Эдуард Амвросевич КСРО сыртқы істер министрі қызметінде жүргенінде Ауғанстанда совет генералитетімен кездесіп, әскерлерді әкету жөнінде саяси шешім қабылданғанын хабарлағанда жиналған жүрттың қуанып, қол шапалақтаудың орнына түнеріп отырып қалғанын әңгімелеп берген. Сол сияқты Семей полигонын жабу да ең жоғары генералитетке биік лауазымдардан, жоғары жалақылардан, қосымша табысттан айрылуға апарып соқтырады ғой.

– Бұлай деп айтуыңың жаңы бар. Дегенмен, мұның өзі мәселенің бір жағы ғана. Әскери-өнеркәсіптік кешен тек генералдардан тұрмайды. Кез келген ірі іс мыңдаған адамдардың тағдырына әсер етіп жататынын үнемі естен шығармау керек. Мысалы, Курчатов қаласында кезінде 50 мыңдай адам болған, полигон жабылып, ғалымдар мен әскерилер кеткеннен кейін небәрі 10 мыңға да жетпейтін адам қалған. Сол көшкен 40 мыңның Ресейге барып орналасуы, жұмыс табуы, баспана табуы оңай болды дейсің бе? Оңай болған жоқ. Солай болатынын білсек те біз халқымыздың амандығы үшін, еліміздің ертеңі үшін, тәуелсіздігіміздің бекемдігі үшін осы қызын қадамға баруға тәуекел еттік. Тәуекел еттік те мақсатымызға жеттік.

1990 жылғы 22 сәуірде Жоғарғы Қеңестің мені ел Президенті етіп сайлауы полигонға қарсы жүргізген жұмысыма тың серпін қосты. Президент лауазымына кіріскеннен кейінгі алғашқы қолға алған шаруаларымның бірі «Әлем сайлаушылары ядролық қаруға қарсы» деген тақырыпта үлкен конференция өткізуге дайындық болды. Оған қызығушылық біз ойлағаннан да асып түсті. Конференция 24 мамырда басталып, З күн бойы жүрді. Әлемнің отызға жуық елінен делегациялар келді. Конференцияның соңы Алматыдағы Бейбітшілік шеруіне ұласып кетті. «Семей-Хиросима» телекөпірінің өткізілві, кейіннен оның жаз-

басы бүкіл Қеңес Одағына көрсетілгені миллиондаған адамдарға қатты әсер етті. Енді қозғалысқа бүкіл республика қосылды. Қайда барсан да жүрттың алдымен сұрайтыны полигонның келешектегі тағдыры болды. Радиофобияның күшейгені сондай, бір кездесуде «Полигонның зардабынан Семейдің жер астына түсіп кеттіні, рас па?» деп сұрақ қойғаны да бар. Ал «Саржалда тұратын барлық туысқандарым науқас. Бұл радиацияның әсері мі?», «Бізге жер астындағы сынақтардың зияны жоқ деп еді ғой. Олай болмағаны ма?» дегендегі сұрақтар тіпті толастамайтын. Халық әбден ширығып алды. Әсіресе, «Невада-Семейдің» Абай ауданының орталығы Қарауылда өткізген сан мың адамдық митингісінің маңызы бөлекше болды. Оған қатысқан адамдардың әрқайсысы бір-бір тас алып, Абай атамыздың балалық шағы өткен Қарауыл төбенің жанынан қолдан тастебе жасады. Жер-жерде қозғалысқа қолдау білдірген жиындар ұйымдастырылып жатты. Мысалы, Қарағандыда тиісті петицияға 130 мың шахтер қол қойған. Бұл қозғалысқа, оны республика басшылығының барынша қолдауына Мәскеудің барынша қарсылық білдіріп баққанын әңгімелеп жатудың өзі артық шығар.

1991 жылғы 29 тамызда Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойдым. Дәл сол күні КСРО қорғаныс министрі Евгений Шапошников жыл соңына дейін Семейге белгіленген үш жарылыстың енді Арктикадағы Жаңа Жер аралында орналасқан сынақ полигонында жасалатынын хабарлады. Басқа амалы да жоқ еді. Сөйтіп, біз 40 жылдан астам уақыт бойы қазақ жерін тітіретіп келген тажалды тұншықтырып тындық. Ажалдың көмейіне өз қолымызбен құм құйдық.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Алдымен полигонга барып, жер қойнауындағы соңғы жарылысы жасалған» жердің нақ ортасында тұрып (жер қап-қара болатын, быт-шыт болған, алі қызу

қайтпағандай, қырышық тас жатты) қайтқан соң, мен КСРО басшылығының келісімін алмай-ақ, парламенттің ядролық полигонды жабу туралы мәселені талқылауға арналған арнайы сессиясы ашылатынын жарияладым.

Сессияға әскерилер мен ядрошы ғалымдардың, үлкен бір тобы қатысуға тырысып бақты. Олардың депутаттарды полигонды жаппауға үгіттейтіні айқын еді. Үәдені үйіп-төгетіні, ядролық жарылыстың зиянсыздығы туралы, тағы басқа әңгімені көбейтері анық еді. Бірақ мен оларды сессияға қатыстыра алмайтын едім. Мәселені қазақстандықтардың өздері шешуге тиіс болатын.

Таңертең басталған талқылау кешке дейін созылды. Сөз тимей қалған адам жоқ. «Ядролық лоббидің» депутаттардың бір бөлігімен жақсылап жұмыс істегені байқалып түрдү. Қорытынды кезеңде кейбір депутаттар ғана емес, Семей облысының кейбір басшылары да (жарылысқа жанталаса қарсы шыққандар) аймақ үшін елеулі материалдық өтем алу мақсатымен, бірнеше жарылыс өткізуге мүмкіндік беруімді сұрай бастады. Ондай үәделер, орындалмайтын үәделер бұрын да талай берілген болатын.

Қорытынды сөзімде мен жауапкершілікті өз мойныма алатынымды айтЫП, өкілеттіктерімді пайдаланып, полигонды Жарлықпен жабатынымды жарияладым. Ядролық тарихтың бір беті және ең оңай емес беті, сөйтіп жабылды...

Бүкіл халықтың қолдауына ие болып, біз ядролық қарудың адамзатқа қарсы жарылыстарына бір жақтытыйым салатынымызды, барлық қазақстандықтардың шын мәнінде бас ауруына айналған Семей полигонының жабатынымызды жарияладап, өзіміздің еліміз будан былай мәңгілікке ядролық қару мен оның сынақтарынан арылған аймақ болады деп жар салдық.

Осынау тарихи күндерді үмітуға бола ма? Семейдің және ядролық жарылыстар кіндігіне жапсарлас жерлердің, көп тақсірет тартқан халқының ишінан жұғі түскендей болып жеңілейген, психологиялық жаисыздықтан арылған сезімін үмітуға бола ма? Ядролық монстрға өзінің «жоқ» деген сөзін бекем айтқан Қазақстан халқы үшін мақтаныш сезімін үмітуға бола ма?

Ядролық қаруы бар Қазақстанның қажеттігі мен «болашағы молдығын» аузы көпіргенше дәлелдеп бағу арқылы халық еркіне кесе-көлденең тұру үшін шын мәнінде тарихи ессіздікпен, арсыздықпен ауыру керек. Ядролық әзәзілге төтеп бере алмасақ, Қазақстан халқы бізді ешқашан кешірмес еді.

Біз халықтың еркін орындаپ, сол күндері демократияны үйренедік. Бұл тәуелсіз Қазақстанның ең алғашқы тәуелсіз қадамдарының бірі еді. Біз тоталитарлық кеңестік өткеннің қателіктерін ұғынып, түзей бастадық. Біз жаңа демократиялық жолға түстік және бұл жолдың іргетасы ядролық қарусыз Қазақстан туралы нақ осы тарихи шешіммен қаланды...».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Бейбітшілік кіндігі», А., 2001, 85-86-беттер.

**– Полигонды жабу басты мәселені шешу болғаны анық. Бірақ, полигонды жабумен бар мәселе толық шешілмегені де талассыз ғой.**

– Мен тіпті полигонды жабу басты мәселе емес, бұл істегі маңызды, бірақ бастапқы қадам дер едім. Ең басты мәселе – Қазақстан жеріндегі ядролық қарудың ендігі тағдыры. Саяси тұрғыдан да, техникалық тұрғыдан да бұл проблема әлдеқайда күрделі болатын. Кеңес Одағы, өзінің экономикалық және әлеуметтік дамуда қанша артта қалғанына қарамастан, мемлекет қауіпсіздігі үшін аса қыын түйінді шеше алған еді. Ядролық қару жарақ және олардың ұшырғыштары жөнінен АҚШ-пен стратегиялық тепе-тендікке қол жеткізілгенін, ал жекелеген позициялар бойынша бүкіл НАТО елдерінің бәрін қосқандағы қуаттан да артық әскери әлеует жиналғанын мамандардың бәрі де айтатын. Сондықтан да КСРО-ның айықпас ауруға шалдығып, енді «беті бері қарамайтыны» анық аңғарылғаннан кейін-ақ бүкіл Батыс әлемі осындағы

қисапсыз тажал қаруы кімнің қолында қалады, оның жайы не болады дегенді ойлап бас қатыра бастады. Соның ішіндең ең қатерлі қару – шахталардағы континентаралық зымырандар Қазақстанда орналастырылған еді. Біздің республикамызда континентаралық баллистикалық зымырандар мен бомбалаушы ауыр ұшақтар үшін зарядтардың 1216 ядролық оқтұмсығы бар болатын. Жүрттың біразы соның бәрі Семей полигонында орналасқандай көретін. Олай емес. Зымырандардың шахталық ұшырғыш қондырғылары елдің қыыр-қыырында жайғастырылған еді. Қазіргі Астананың маңайында, Ақмола облысында стратегиялық мақсаттағы зымырандық әскерлердің дивизиясы орналасқан. Тағы бір сондай зымырандық дивизия Шығыс Қазақстан облысында еді. Қызылорда жақта 14 шахтадан тұратын ұшырғыш қондырғылар кешені, Семей жақта 12 шахталық кешен тұрды. Бәрін санамалай беріп қайтейін, қысқасы, Қазақстанда жер бетіндең континентаралық баллистикалық зымырандарды ұшыратын 148 шахталық қондырғы шоғырландырылған еді. 148! Осынша шахтадағы зымырандарды көзге елестетудің өзі қорқынышты! Батыста СС-18 деп аталатын сол зымырандарды көрген сайын денем дір ете қалатын. Жаңағы зымыранның ұзындығы 34 метр, жуандығы 3 метр болатын.

– Таң қаларлық нәрсе, сол зымыранды мен де көрғемін. 1989 жылы Орталық комитетте жұмыс істеп жүріп, Талдықорған облысына іссапарға бардым. Қай аудан екені қазір есімде жоқ, бір ауданда жол бойында тоқтап тұрған көп көлікке жолықтық. ГАИ қызметкеріне ЦК-ның қуәлігін көрсетіп, кедергінің себебін сұрап едім, «Ешкімді жібере алмаймыз. Алда құпия әскери нысан кетіп барады, ол баяу жүреді, бір жерге барып бұрыльып кеткенше бір сағаттай күте тұрасыздар», деп жауап қайтарды. Обком мәшинесінің нөмірін, Орталық комитет қызметкерінің қуәлігін көріп отырсыз, ЦК-дан жа-

сыратын қандай құпия болуы мүмкін деп қоқан-лоқы жасағандай болып, ақыры өтіп кетуге рұқсат алдық. Келесі аудандағы кездесуге асығып бара жатқанымыз да рас еді. Жарты сағаттай уақыттан кейін жаңағы сіз айтқан зымыранның тұсынан өттік. Расында да, тұла бойынды тітіркентіп жіберетін көрініс екен.

— Сондай зымырандардың 104-і болды ғой Қазақстанда. Ол зымырандардың әрқайсысы онға дейін бөлініп кетеді, әрқайсысының әр нысанана атылатын оқтұмсықтары бар. СС-18 зымырандары 7 тоннадан астам салмақ алып ұшып, радиусы 12 мың шақырымдай жерді тас-талқан ете алатын. Міне, Кенес Одағынан бізге осындаидай мұра қалған.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Әрине, бәрін де салыстыра қарағанда білесің. 1216 ядролық боеголовкасы болған Қазақстанның ядролық арсеналының қуатын анық елестету үшін ядролық қаруы бар бірқатар басқа мемлекеттердің атом қаруы бойынша деректерін келтіре кетейін.

Мысалы, 1995 жылға, яғни Қазақстанның ядролық қару алып кету аяқталған жылға қарай, Ұлыбританияда шамамен 264-тен 296-ға дейін атомдық боеголовка болды, олар GR-1 «Торнадо» бомбалаштырылған мен сұнғуір қайықтардың АЗ-ТК «Поларис» және D-5 «Трайдент-2» баллистикалық зымырандарында орналастырылды. Зарядтардың қуаты 40-тан 400 килотоннаға дейін болды.

Француз республикасында 80 килотоннадан 1 мегатоннаға дейін қуаты бар 512 ядролық заряд болып, олармен «Мираж IVP», «Мираж-2000Н» ұшақтары, «Супер-Этандар» атты палубалық ұшақтар және S3D, «Гадес» және M-4A/B баллистикалық зымырандары жаракталды.

Қытай Халық Республикасының арсеналында 200 килотоннадан 5 мегатоннаға дейінгі қуаты бар 284 атом бомбасы болып, осынау қару-жарақпен В-5, В-6, А-5 стратегиялық бомбалаштырылған мен шахталардан

ұшырылатын CSS-2 CSS-3, CSS-4, CSS-6 және CSS-N-3 баллистикалық зымырандар жарапталды.

Сонымен, кейбір басқа ядролық державалармен салыстырғанда, Қазақстан аумағында қиратқыш әлеуеті жағынан орасан зор ядролық арсенал болды. Қазақстандағы қарудың жиынтық ядролық қуаты бұрынғы Кеңес Одағының барлық ықтимал дүшпандарының аса маңызды стратегиялық обьектілерінің барлығының тамтығын да қалдырмауға жетіп артылатын. Бұл қаруды қолдану миллиондаған халқы бар мыңнан астам қаланы, ол былай тұрсын, тұтас бір мемлекеттерді, тіпті континенттерді жермен-жексен етуге мүмкіндік беретін».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Бейбітшілік кіндігі», А., 2001, 21-22-беттер.

Осы мұраның бәрі Қазақстанға дайын күйінде қоя салған нәрсе емес. Мұны басын ашып айту керек. Қазақстанда ядролық қарудың белсенді компоненттерін өндіретін қажетті инфрақұрылым да, тиісті ресурстық база да болды. Бізде ядролық қаруды жасап, жаңғыру тузың үшін қажетті ғылыми-зерттеу базасы да бар еді. Жаңа Курчатовта 50 мың адам тұрғанын айттым ғой. Оған қоса Алматыда ядролық физика институты жұмыс істейтін, ондағы ғалымдардың деңгейі өте жоғары болатын. Тағы бір маңызды жай бар. Ол – біздегі уран қоры. Дүние жүзіндегі барланған уран қорының 25 пайызы бір елде – Қазақстанда. Бұкіл елдің атом қондырғылары мен нысандарының ядролық отынының 85 пайызын біз қамтамасыз етіп келген едік. Байытылған уранды ядролық энергетикалық реакторлардың отыны ретінде де, атом қаруын жасау үшін де пайдалануға мүмкіндік бар. Байытылған уран жөнінде тағы бір айтамын... Қысқасы, біз әрі ядролық қару сақталған, әрі оны тиісті жеріне жеткізе алатын, әрі сол қаруды жаңадан да жасай алатын ел болатынбыз. Тәуелсіздік жарияланған кезде қолдануға дайын тұрған ядролық қару-жарақ бойынша Қазақстан Англия-

ны, Францияны және Қытайды қосқандағыдан да артық әлеуетке ие еді.

– Нұрсұлтан Әбішұлы, егемендігіміздің елең-алаң кезінде сіз Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Біріккен қарулы күштерін сақтауға тырысқаныңыз белгілі. Осы тұрғыдан ядролық қару-жарақты да бір орталықтан басқару идеясын ұсынғансыз. Кейіннен бұл ұстанымыңыз өзгерді. Неліктен?

– Қазақстан Біріккен Қарулы Күштер идеясын жақтаған. Алайда, Достастықтың жекелеген мүшелерінің нақты іс-әрекеттері Қазақстанды дербес әскер құруға мәжбүр етті. Біз ол қадамды жасадық. Ядролық қару-жарақтың мәселесі жаңағы айтқан Біріккен қарулы Күштер құру идеясы ТМД-дағы бірқатар одақтарымыздың астырытын әрекеттері белгілі болғаннан кейін басқаша сипат алды. Енді біздің алдымыздың үлкен, тағдыршешті диллемма тұрды. Қазақстан ядролық қаруы бар мемлекет бола ма, әлде ондай қаруы жоқ мемлекет бола ма? Бұл әлгі Гамлеттің «Быть или не быть?» деген ұлы сұрағының дәл өзі еді. Біздің жол айрығында қалай жүретініміз, қандай бағытты таңдайтынымыз дәл осы мәселеге тіреліп тұрғанын мен ақыл-ойыммен де, жан-жүргіммен де, сезім-түйсігіммен де айқын ұғындым.

Сол алғашқы айлардағы уайымшыл күндер мен үйқысыз түндердегі жаңымды жеген, жүйкемді жүқартқан жайлардың бірі де осы болатын. Былайша қарасаң, бәрі де ап-айқын сияқты. Кешегі Кеңес Одағы саған полигон салып беріпті, сениң жеріңе жүздеген шахта қондырғыларын орнатып беріпті, оларға континентаралық зымырандарды қойып беріпті. Дайын тұр. Осының бәрін ала салсан, әлемдегі қуаты жағынан төртінші арсеналға ие бола қаласың. Сенімен алыс та, жақын да санасатын болады. Сенен сескенетін болады. Әлемнің стратегиялық дер-

жаваларының бестігіне қосылу деген тәуелсіз мемлекет ретінде жаңа құрылып жатқан біз түрмак, біраздан дербес ел болып келе жатқан талайдың түсіне кіретін нәрсе емес пе? Бірақ, мұның бәрі байлайша қарағанда ғана. Амал не, осындай оп-оңай ой қисынына бой алдырған саясаткерлеріміз, қайраткерлеріміз де аз болған жоқ. Олар Қазақстан аумағында ядролық қаруды қалайда қалдыру керектігін төтесінен дәлелдеп жатты.

– 2001 жылды 28 тамыз күні, Семей полигонының жабылуына дәл он жыл толарда Алматыда сіздің «Бейбітшілік кіндігі» атты кітабыныздың тұсаукесері өткізілді. Мен сол тұсаукесерден «Семсерден соқа соққан саясаткер» деген мақала жазған едім. Сонда сөйлеген сезінізде сіз Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуы қандайлық қыын шешім болғанын, бұл үшін елдің өзінің ішінде сан рет сынға алынғанынызды, мұндайлық қуатты қалқанды қолға беріп қою елдің қауіпсіздігін ойламау деген сыңайда ауыр айыптар да тағылғанын ашық айттыңыз. Тұсаукесер кезінде академик Р.Н.Сагдеевпен сөйлескенімде ол кісі бұл түрғыда кезінде Қазақстан Президентіне бірқатар мұсылман елдері тарапынан да қысым болғанын әңгімелеген. Осының жай-жапсарын айтасыз ба?

– Қысым дегені онша дәл болмас, бәлкім. Бірақ жанжақтан қаумалап, үгіттеп, өтініп баққандары рас. Әсіресе, бірқатар мұсылман елдерінің басшыларының сәлемін жеткізіп, «ислам бомбасын» қолдан шығармауға кеңес берген өкілдер баршылық болды. Қазақстанға ядролық күштерді ұстап тұру үшін ақша да ұсынды. Сол тұста кейбір шетелдік ақпарат құралдары ашық бопсалауға да көшті. Назарбаев Тегеранға екі рет жасырын барып қайтыпты, ядролық қаруды сататын болып қайтыпты деп те соқты.

– Муаммар Каддафиден де хат келгені, оның сізден атом қаруын «ислам иғлігі үшін» сақтап қалуды сұрағаны рас па?

– Оларды қойши, елдің өз ішіндегі пікір бірауызды емес еді. Міне, «Бейбітшілік кіндігі» деген кітабымды қолға ұстап отырымын. Сен келесі әңгімені осы тақырыпқа арнауды өтінген соң алдыртқанмын. Онда бір полковниктің: «Тежеу қаруынсыз (бұл жағдайда ондай нәрсе ядролық қару) қалып, біз әр текті авантюристер үшін есігімізді шалқасынан ашып тастаймыз. Біздің шекараларымыздың қауіпсіздігіне қазір кім кепілдік бере алады? Әлде шынында да біздің қорғауға татырлық ештеңеміз жоқ па? Ядролық қарусыз біз Күвейттен күштіміз бе?..» деп жазғанын келтіріппін. Тағы бір саясаткер тіпті: «Қазақстан аумағында ядролық қарудың болуын, бір кезде Құдай Адамға айтқан: «Мінеки, Адам, мынау – Хая, өзіңе жартаңда» деген секілді басы ашық нәрседей қабылдаған жөн, демек оған ешқандай балама жоқ» деп тұрып, кесіп айтыпты. Құдіретті Қазақстан ядролық қаруы жоқ, біздің қамқорлығымызға мұқтаж көптеген елдерді паналатудың орталығына автоматты түрде айналады, бізben келіссөз жүргізу үшін ядролық қаруы бар елдердің мемлекет қайраткерлері кезекке тұрады... деген сияқты «ядролық Нью-Васюки» жоспарларын жасаушылар да табылды.

– Оларға қарсы сіздің айтар басты үәжіңіз қандай болды?

– «Қарғайын десем – жалғызыым, қарғамайын десем – жалмауызыым», дейді ғой қазақ. Осы сөзді ел территориясында қалған ядролық қаруға байланысты да айтуға болар. Негізінде, жаңа айтқанымдай, Қазақстан өзіндегі тактикалық ядролық күштерді ұстай алатын да еді, бақылай алатын да еді. 40 жылдан астам бойы сілкіністен көз ашпаған туған жерімізді тәуелсіздік жағдайында жаңа жарылыштармен жаралауды жалғастыруға ешқандай

қақымыз жоқ еді. Біздің мына әлемдегі басты орнымыз – жер. Бізді өмірге әкелетін де – жер, бізді асырап, бағып-қағатын да – жер, бізді қайтадан қойнына алатын да – жер. Жер-Ана дейтініміз сондықтан. Мұндай ұғым әлемнің барлық халықтарында да бар. Сондықтан осы табиғи бірлікті, адам мен жердің бірлігін бұзатын кез келген нәрсе біздің өмір салтымызды да бұзады. Оған жол берілмеуі керек. Мәселе осы психологиялық факторда ғана емес, мәселе мұндай қаруды иеленудің жас мемлекетке пайдадан гөрі зияны көп екендігінде. Бұл арада қаруды қалдыру арқылы шегетін орасан материалдық шығынымызды айтып жатпай-ақ қояйық. Дегенмен, анықтама ретінде толыққанды бір зымырандық дивизияны ұстап тұру сол кезде қазіргі Қазақстанның барлық Қарулы Қүштерін ұстап тұру шығынымен бірдей болатынын да қоса ескерте кетейін.

Жас мемлекеттің әлемдік аренада қолына атом бомбасын ұстап шыға келуінің геосаяси зардаптарын айтып жеткізу қыын еді. Бұдан Қазақстанға сүмдышқесірлі саяси зардаптар тиер еді. Ядролық мемлекеттер деп танылған, өздеріне сол қаруды таратпау міндетін алған әлемдегі бес елге (АҚШ, КСРО, Қытай, Англия, Франция) тағы бір мемлекеттің қосылуы бүкіл әлемде соғыстан кейінгі жылдарда қалыптасып, зорға сақталып келе жатқан ядролық таратпау жүйесін бұлдірер еді.

Бұл – мәселенің саяси жағы. Реалист, прагматик ретінде мен ядролық қаруды сақтап қалу біздің мемлекетімізді әлемдік қоғамдастықта бірден-ақ шеттетуге, аластауға ұрындыратынын анық ұғындым. Ондай жағдайда Қазақстан бірден-ақ оқшаулануға түсетін еді. Ондай жағдайда Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында да, одан кейін де қол жеткізген инвестициялардың бәрін тек түсінде көрер еді.

**– Нұрсұлтан Әбішұлы, сіздің Семей полигонына қатысты Жарлығыңыз шыққаннан бері жиырма жыл өткен тұста сол кездегі шешім жалғыз ғана дұрыс шешім**

екенін, мемлекет ретінде құрылмай жатып әлем сахнасына ядролық қарумен шыға келген елді талайлар іштеп ірітіп, сирттан сетінетуге тырысарын, мұның аяғы тәйтәй басқан тәуелсіздікке анық қатер төндірерін бәріміз де көріп-біліп отырмыз. Дегенмен, біразға дейін сіз өзіңіз де ядролық зымырандар Қазақстанда қалады деген ұстанымда болдыңыз ғой. Мұны қалай түсіндірер едіңіз?

— Бұл сұрақты қайтарылар жауабын біле тұрып, оқырманға осы мәселенің мән-жайын әңгімелету үшін қойып отырған сияқтысың. Эйтпесе мен кітаптарымда да, сұхбаттарымда да бұл жайында әбден-ақ айтқанмын. Сонда қалай, біз қолымыздағы қаруды басқаға басы бүтін бере салып, әйтеір құтылғанымызға қуанып отыра беруіміз керек пе еді? Үлкен саясат олай жасалмайды. Ондай қарапайым шешімдермен мемлекет мұддесі көңілдегідей қорғалмайды. Бәрін де ақылмен, айламен шешу керек.

Иә, мен 1991-1992 жылдарда зымырандар қазақ же-рінде қала береді деп талай айттым. 1991 жылы күзде Ұлыбританияға ресми сапармен барадың алдында Мәскеуде ағылшын журналистерімен баспасөз мәслихатын өткізгенде де ядролық техниканы қайта орналастыру мүмкін еместігі түсінікті, ендеше біздің ел аумағында орналасқан барлық қару-жарақ бізде қала береді дегенмін. Мұндай ойды американлық тележурналистерге сұхбатында да айтқанмын.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Қазақстан өзі мұраланып отырған ядролық қаруды болашақта да сақтап қалуға тиіс болып отыр. Біз өзге республикаларға, тіпті ең күшті, ең ірі республикаларға да өз аумағымызда орналасқан ядролық қаруға бақылау орнатуға жол бермейміз».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
Американ телевизиясына берген сұхбаттан,  
1991 жыл.

Тіпті елдің өз ішінде де, халықпен тікелей әфир сұхбатында «Атомдық ракеталар бір орталықтан басқа-рылады, сондықтан олар түрған жерінде тұра берсін» дегенім бар. Әрине, мұның бәрі түпкі ойым емес еді. Түпкі ойым – қайткенде де ел аумағындағы осы қарудың қадірін арттырып, сол арқылы елдің бағасын білдіру, ақыр аяғында ядролық қарудан бас тартудың міндепті шарты ретінде мемлекетіміздің қауіпсіздігіне кепілдік алу еді.

Бұл жөнінде әңгімелер талайдан жүріп жатқан болатын. Қеңес кезінде-ақ, дәлірек айтсам, 1991 жылдың 16 наурызында АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Джеймс Бейкер мені Мәскеудегі елшілікке шақырған. Тұн ортасы ауа кездескенбіз. Сол жолғы әңгімеде мен Дж.Бейкерге стратегиялық зымырандарды Қазақстанда қалдыруға мәжбүр болатынымызды айтқанмын, өз мемлекетімнің қауіпсіздігіне берік кепілдік берілмей тұрып, оларды басқа жаққа көшіріп жіберуге қақым жоқ екенін ескерткен-мін. Дж.Бейкер менімен ол жолы келіспегенімен, біздің ұстанымымызben санасатында әсер қалдырды. Біздің бір-біріміз жайындағы әсеріміз де жақсы қалыптасқандай болды.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Мен таңғы үште ғана өз бөлмеме оралдым. Сонда Назарбаевпен болған әлгі үш сағаттық жолығысымның бұған дейінгі жолығыстарымның ішіндегі ең жақсысы болғанын іштей сезіндім. Ол ешбір асыра бағалаусызы-ақ айтарлықтай әсер қалдыратын айтулы лидер екен... Назарбаев керек нәрсені дәл көре алады, түсінікті нәрсені жүзеге асатында жүйелі жолға қоя алады».

Джеймс БЕЙКЕР,  
«Мәмілекегерлік саясаты» кітабынан.

– Джеймс Бейкер біз тәуелсіздік жариялаған күннің ертеңінде, 17 желтоқсанда Алматыға келді ғой. «1991»

деген мақалада: «Сол күні кешке қарай Алматыға АҚШтың Мемлекеттік хатшысы Джеймс Бейкер ұшып келді. Әрине, боданнан бостан болғанымызға байғазы беруге келген жоқ, Қазақстан территориясындағы ядролық қарудың ендігі тағдыры не болатынын білуге келді», деп жазғанымыз бар.

– Мемлекеттік хатшы сол жолы маған АҚШ Президенті Д.Буштың ресми сапармен келіп қайтуға ресми шақыруын табыс етті. Алдағы сапардың күн тәртібіндегі негізгі мәселе не екенін олар да, біз де біліп отырдық. Ол сапар 1992 жылдың мамыр айында болды. Еліміздің тәуелсіздік жолындағы алғашқы қыын өткелдерінің бірі сол сапар еді. Өте қыын жағдайға түстік. Менің АҚШ Президентімен кездесуім үш рет кейінге қалдырылды. Себебі, біз өзімізге қол қоюға ұсынылған құжаттардың әр бабы бойынша таласып, дауластық. Басты шартымыз Қазақстанның қауіпсіздігіне кепілдік беру болды. Америкалықтар оған келіспеді.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Ақыр аяғында қысым көрсетуге көшті. Егер ядролық қарулар туралы құжатқа бүгін қол қоймасақ, ертең қалған мемлекетаралық құжаттардың бәріне де қол қойылмайтыны мәлімделді. Ал ол құжаттар экономикалық қарым-қатынас мәселелерін қозғағанмен, Қазақстанның қауіпсіздігіне кепілдік беру жөнінде бір ауыз сөз айтпайтын. Мен де дегенге жетпей тынбау үшін тәуекелге міндім. Ондай жағдайда елге оралуға әзірлене бастайтынымызды айттым. Ақыры америкалықтар рай-ларынан қайтты. АҚШ-тың біз сұраған кепілдіктерді беретіндігі туралы құжатқа қол қойылды.

Құрама Штаттар 1992 жылы ядролық қарусыз мемлекет атанумен шектелу туралы қайта сөз көтерді. Мен тағы пікірімнен тапжылмадым: әуелі ұлы мемлекеттер біздің қауіпсіздігімізге кепілдік берсін, сосын біз өз аумағымызыдағы барлық ядролық қарулардан бас тарта-

мыз. Осыған байланысты, «Вашингтон пост» газеті менің «АҚШ-тың Қазақстанды ядролық қаруызы мемлекет атануға үзілді-кесілді кепілдік беруге көндіргісі келетін кейінгі әрекеттеріне шамданушылық білдіргенім» туралы жазды. АҚШ-тың ресми адамдары Қазақстанға ядролық қаруларды таратпау жөніндегі келісімге «ядролық қаруызы мемлекет» ретінде қол қойғызысы келді. Біз ондай атақтан үзілді-кесілді бас тарттық».

*Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Ғасырлар тоғысында», А., 1996, 65-66 беттер.*

Дегенмен, айтысып-тартысып жүріп, ақыр аяғында бәрі де ойдағыдай бітті. Біз Ядролық стратегиялық қару-жарақты қысқарту жөніндегі шартқа қол қоюға және Ресейдің көмегімен 120 СС-18 зымыранын Қазақстаннан әкетуге үәде еттік. АҚШ Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына сәйкес Қазақстанға агрессия жасалған жағдайда барлық қажетті қадамдарды жасауға міндеттенді. Оған қоса біз Вашингтоннан техникалық жәрдем, саудадағы, энергетикадағы ынтымақтастық, американалық Шеврон компаниясының Қазақстандағы мұнай орындарын зерттеуге 10 миллиард долларлық инвестиция салатыны жөніндегі келісімдердің тұтас бір дестесін алып қайттық.

Біздің Вашингтондағы позициямыз Батысты қадімгідейabyржыта бастады. Қазақстанға саясаттың серкелері жиілететін болды. Қонақтардың ішінде ядролық қарулы мемлекеттердің сыртқы істер министрлері де бар еді. Бір жолы Францияның Мемлекеттік министрі, сыртқы істер министрі Р.Дюома келді. Мен оған да Америкадағы айтқанымды қайталадым.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Р.Дюома: Франция қару таратпау жөніндегі Келісім-шартқа қосылады. Ал сіздер қару таратпау жөніндегі Келісім-шартқа ядролық қаруы бар держава ретінде

қосыласыз ба, әлде ядролық қаруы жоқ держава ретінде  
қосыласыз ба?

Н.Назарбаев: Эрине, ядролық қаруы бар ел ретінде  
қосыламыз. Қазақстанда ядролық қару алғаш рет 1949 жы-  
лы сыналды. Содан бері мұнда ядролық қару бар.

Р.Дюма: Бәлкім, сізде әлде де сынақ өтетін шығар?...

Н.Назарбаев: Жоқ, мен әзірге тыйым салдым....

Р.Дюма: Жоқ, мен қару сынауды айтып отырғаным  
жоқ. Мен қолда бар қаруларды айтып отырмын... Бұл  
ретте Қазақстан ядролық держава болып қала бере ме?

*Н.Назарбаев: Басқаша қалай болмақшы?».*

*Қазақстан Республикасының Президенті*

*Н.Ә.Назарбаевтың*

*Францияның Мемлекеттік министрі,*

*Сыртқы істер министрі*

*Р.Дюмамен келіссөздер дәлжазбасынан.*

*Алматы, 1992 жылғы 22 қаңтар.*

– Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуына  
байланысты АҚШ-тың біздің елдің мемлекеттік қауіп-  
сіздігіне кепілдік беруі туралы түпкілікті шешімі Билл  
Клинтон әкімшілігінің кезінде қабылданды ғой. Жаңа  
әкімшілікпен саясаттағы сабактастыққа қалай қол жетті?

– Оның да өзінің қызық-шыжығы жетіп жатыр. Жаңа  
әкімшілік ескі әкімшіліктің «үәдесін» орындағысы жоғын  
бірден аңғартты. Алматыға АҚШ-тың жаңа Мемлекеттік  
хатшысы У.Кристофер келгенде Ядролық қаруды таратпау  
жөніндегі келісім-шартқа бізді ақысына ештеңе сұрамай  
қол қойылуға тырысты. Бұл жолы да үш сағат бойы та-  
бандап отырып алып, Қазақстанның геосаяси жағдайы  
жөнінде біраз әңгіме қозғауға, егер қауіпсіздік кепілдігі  
берілген жағдайда ғана келісім-шартқа қол қойылатынын,  
оның өзінде АҚШ Президентімен жеке кездесу кезінде  
ғана қойылатынын басын ашып айтуда тұра келді.

– Мемлекеттік хатшының сол сапарынан есеп жазған «Нью-Йорк таймс» тілшісі өз мақаласын «Бүгін Қазақстан президенті Құрама Штаттармен саясат ойынында жеңіп шықты» деген сөйлеммен бастаған екен. Мұны Джонатан Айткен өз кітабында келтіріпті.

– Сендер, журналистер, сондай әсерлі сөздерге құмарсыңдар ғой. АҚШ-тай елді саясатта жеңіп жату ойынында да болған жоқ, біздің бар ойлағанымыз мың өліп, мың тірілген халқымыздың тыныш, қауіпсіз өмірін қамтамасыз етудің жайы ғана еді. Жалпы, У.Кристофердің менімен келіссөздің соңында: «Президент мырза, сіз оңай шағылмайтын жаңғақ екенсіз», дегені бар. Жаңағы журналист сол сөзді естіп қалған болса керек.

Біздің ядролық дипломатиямыз түптің-тубінде тамаша табыспен аяқталды. 1994 жылы, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық үйімінің Будапештте өткен саммитінде Америка Құрама Штаттары, Ресей Федерациясы, Ұлыбритания тарапынан Қазақстан қауіпсіздігіне берілетін кепілдіктер туралы Меморандумға қол қойылды. Ол құжатта аталған мемлекеттер Қазақстанның саяси тәуелсіздігіне, аумақтық тұтастығына қарсы күш қолданбауға, экономикалық зорлық-зомбылық көрсетуден бас тартуға міндеттенді. Кейіннен ондай кепілдіктерді біз Қытай мен Франция тарапынан да алдық.

Бұл шын мәнінде тарихи оқиға еді. Қазақстан алдынан жаңа жол ашылды. Ол баянды бейбітшіліктің, жемісті жасампаздықтың жолы еді.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Нұрсұлтан Назарбаев – өзгелер теңесуге тиісті Көшбасшы. Вашингтондағы саммит онсыз өтпес еді».

«Ажанс Франс Пресс» агенттігінің 2010 жылғы 12 сәуірде Вашингтондағы Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммитке байланысты пікірінен.

«Вашингтон советтік ядролық арсеналдың өзіне тиесілі белгінен бас тартқан Қазақстанға, Барак Обаманың сөзімен айтқанда, бүкіл әлем үшін түпкілікті мақсат – толық ядролық қарусыздану болып табылатын істен үтысқа шыққан ел ретінде құрмет көрсетті».

*«Foreign Policy» журналының 2010 жылғы 11 сәуірде АҚШ Президенті Барак Обаманың жаңандық саммит алдында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесуінен жазған есебінен.*

«Қазақстан Президентінің осынау сынақ алаңын жауып қана қоймай, тұтас өнірде ядролық қарудан ада аймақ құрғанына зор қолдау білдіремін. Оның бүл қадамы біздің ядролық қарузыз әлемді құру ісіміздің ең берік іргетасы іспетті. Барлық елдердің басшылары Нұрсұлтан Назарбаевтан үлгі алғып, оның жолымен жүргүтиіс. Мен БҰҰ-ның Бас хатшысы ретінде ядролық сынақ алаңының қақ жүрегінде тұрып, барлық әләм елдерін Қазақстаннан үлгі алуға шақырамын».

«Мен кеше Семейде болдым. Ол өнірге жасаған сапарым мен үшін баға жетпес тәжірибе. Семей полигонындағы» сынақтар «барысында» зардал шеккен миллиондаған адамдардың қасіреті мен ондағы экологиялық ахуалдың қыындықтарын «суреттеуге» тіл жетпейді. Тіпті оны елестетудің өзі аса ауыр. Егер Сіздің көрегендігініз бен басшылығыңыз болмаса, кім білсін, қазір де миллиондаған адам сол қасіретті бастаң откеріп жатқан болар ма еді? Мен Сізге Семей ядролық сынақ алаңын жапқан және Қазақстан ауматында барлық ядролық инфрақұрылымдарды жойған үлттың басшысы ретінде шексіз ризалығымды айтқым келеді... Ядролық сынақтарды тоқтатып, ядролық қаруладардан ада болу қажеттігін әлемге жар салып айтушы рөліне Жер бетінде Сізден лайық адам жоқ».

Дан Ги Мун,  
Біріккен Ұлттар Үйімінің Бас хатшысы.

# КОНСТИТУЦИЯ ҮШІН КҮРЕС

– Нұрсұлтан Әбішұлы, сізben сұхбат кітабының келесі тарауының тақырыбын белгілеуге 30 тамызда, Конституция күнінен кейінгі қабылдауда сөйлеген қысқаша сөзіңіз қозғау салып еді. Сіз сонда «Конституцияның қазақша Ата Заң деген бейнелі баламасы бар. Меніңше, бұл өте дұрыс теңеу. Біздің барлық заңдарымыздың атасы – Конституция» дедіңіз. Осы жылдар ішінде жүріп өткен жолымызда Конституцияның қандайлық орны болғанын сол күнгі парадта сөйлеген сөзіңіздегі: «Азаттығымыздың айшиқты айғағы болған Ата Заң – тәуелсіздіктің теңдессіз тартуы!» деген бағаңыз да нақтылай түсті. Эңгіменің басында жалпы Конституцияның мемлекет өміріндегі рөлі жайында жалпы Конституцияның мемлекет өміріндегі рөлі жайында айтсаңыз деймін.

– Негізінде, Конституция сөзінің өз мағынасы өте қарапайым. Мысалы, дәрігерлер адамның дene түркynың ерекшелігіне байланысты «оның конституциясы сондай» деп те айта береді. Қазақ «сүйегі сондай» деп сөйлейді ғой. Сондықтан, қазақылау етіп қайыратын болсақ, ел Конституциясын қалыптастыру сол елдің сүйегін қалыптастыру сияқты жауапты іс деудің де жөні бар. Осы тұрғыдан қарағанда, қай мемлекет үшін де Конституция үфімы қасиетті саналады. Америкалықтарды алайық. Былай қарасаң, сол үлт үшін қастер тұтарлықтай ештеңе жоқ сияқты. Онда Конгресс те, ел Президенті де, кез келген лауазымды тұлға да, тіпті заңдар да аяусыз сынға алына

береді. Ал Конституцияның алдында америкалықтардың бәрі тақ тұрады. Басқаға күмән келтірсе де, Конституцияға күмән келтірмейді. Әр сөзі тұрмақ, әр әрпін қадірлейді. Өйткені, Конституция – Негізгі Заң. Ата Заң.

Жаңа сен айтып отырған Тәуелсіздік сарайындағы қабылдау кезінде Конституцияны қоғамдық келісім-шарт деп атаған едім. Ол не деген сөз? Ол билік те, азаматтар да қоғамдық келісім-шартқа байланысты өзіне міндет алады деген сөз. Билік біздің елді демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыру міндеттін өз мойнына артады. Ал халық Конституцияны сақтау жөнінде өзіне жауапкершілік жүктейді. Міндеттерді осылай бөліскенде ғана қоғам мен мемлекеттің көңілдегідей дамуына берік негіз қаланады. Осылай еткенде ғана ел халқының келешекке сеніммен қарауына мүмкіндік туады.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Конституция (лат. *constitio* – белгілеу, орналастыру) – мемлекеттің Негізгі заңы, материалдық мағынада – ең алдымен елдегі адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жариялайтын, оларға кепілдік беретін, сол сияқты елдегі әлеуметтік құрылыштың негіздерін, басқару мен мемлекеттік құрылымның нысанын, орталық және жергілікті билік органдарының негіздерін, олардың құзыреті мен өзара қарым-қатынастарын, мемлекеттік рәміздердің және астананы айқындастырын өкімдік акт, актілердің немесе конституциялық рәсімдердің жиынтығы; нысандық мағынада – барлық басқа заңдарға қатысты жоғары заңи құшкe ие заң немесе заңдар тобы. Конституция – конституциялық құрылыштың құндылықтары, институттары мен нормалары, әлеуметтік байланыстар мен мемлекеттік биліктің қатынастарын мемлекеттік құқықтық реттеу негіздері ресми түрде баянды етілетін ең жоғары құқықтық нысан. Конституция осы заманғы мемлекеттіліктің маңызды белгісі болып табылады».

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы,  
4 том, 637-бет.

— Қазақстан Республикасының Конституциясы тұралы әңгімеге көшпес бұрын жалпы әлемдегі конституциялар сипаты жайында бірер ауыз айтсаңыз деймін. Конституциясы жоқ елдер де бар ғой, солай емес пе?

— Солайы солай. Біріншіден, ондай елдер некен-саяқ. Екіншіден, ондай елдердің бәрі – абсолюттік монархиялар. Мысалы, Сауд Арабиясында, Оманды. Бұл біз жүретін жол емес. Онымен қоса, тікелей Конституция деп атаплатын ресми құжаты жоқ елдер де кездеседі. Мысалы, Ұлыбританияда Негізгі Заң айқындауға тиіс мәселелер бірнеше заңнамалық актілермен реттеледі. Сондықтан Ұлыбритания конституциясыз өмір сүреді делінбейді.

Конституцияны заң жүзіндегі және іс жүзіндегі деп бөлу де баяғыдан бар. Оның бірінші – құқықтық нормалардың, айқындалған жүйесі болса, екінші – сол қатынастардың өзі. Негізгі Заңның уақытша және тұрақты деп бөлінетінде болады. 1995 жылғы Конституциямыздың жобасын жасауға кірісетін кезде мен өзім үшін бірқатар қызығылышты жайларды аштым. Ол кезде Еуропаның, Азияның, Солтүстік және Латын Америкасының, жалпы ұзын саны 20 елдің конституцияларын қадала оқып, конспектілеп шыққан болатынмын. Ондағы ойым дамудың әрқылы сатыларында тұрған, әлеуметтік-мәдени, үлттық және басқа да ерекшеліктері бар, құқықтық жүйелері де әр түрлі елдерде Конституция басты мақсатқа – тұрақтылықты нығайтуға, халықтың әл-ауқатын арттыруға, демократияны дамытуға қол жеткізуге қалай көмектеседі дегенді анықтау еді.

— Осы арадан мынадай сұрақ шығады. Сіз бірқатар сұхбаттарыңызда Қазақстанның 1993 жылғы Конституциясы өтпелі сипатта болды деген ойды айтқансыз. Онда тіпті «Өтпелі кезең ережелері» деген тұтас тарау да бар ғой. Сол кезде ол Конституцияны уақытша деп атаудың жөні жоқ па еді?

— 1990-92 жылдары біз Қазақ ССР-нің ескі Конституциясына жамау салып өзгертумен келдік. Президент-

тік билік, нарық экономикасына көшу, жаңа саясат, тағы басқа нәрселерді ілгерілету үшін өзгерістер енгізумен болдық. Сондықтан жаңа Конституцияны тез арада қабылдау қажет еді. 1993 жылғы Конституцияның негізі – республикамыздың мемлекеттік егемендігі туралы 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Декларация. Әрине, декларацияның аты – декларация. Ол – мәлімдеу, хабарлау деген сөз. Мысалы, табысты декларациялау, кедендей декларация деп те жатамыз ғой. Ал Тәуелсіздік ол басқа үфім. Бұл дербес мемлекет деген сөз.

Әрине, егемендік туралы декларацияның мемлекеттік саясат пен құқықтың, халықаралық қарым-қатынастардың негізгі қағидаларын жария ететіндігін де ескермеуге болмайды. Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияда да талай нәрсе айтылды. Онда, мысалы, біздің ізгілікті, демократиялық және құқықтық мемлекет құруға деген ниетіміз айтылды, халықтың мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы болып табылатындығы паш етілді. Биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінетіндігі көрсетілді. Ел аумағының бөлінбейтіндігі, оған қол сұғылмайтындығы, жер, оның қойнауы, су көздері, әуе кеңістігі, табиғи ресурстар тек республиканың ғана меншігінде болатындығы жазылды. Сенімен бір әңгімеде 1991 жылғы тамыз бүлігі кезінде Орталық бұрынғыдай республикаларға өктем сөйлей алмай қалды, өйткені олардың бәрі де өздерінің егемендіктері туралы декларацияларын қабылдап қойған еді дегенмін. 1993 жылғы Конституция сол құжатқа да арқа сүйеді. Әрине, Конституцияның негізгі тірепі – Мемлекеттік тәуелсіздігіміз туралы Конституциялық заң.

Іс жүзінде Қазақстанның тұңғыш Конституциясының жобасын жасау жөніндегі жұмыс егемендік туралы декларация қабылданысымен-ақ қолға алынған болатын. 1990 жылғы 15 желтоқсанда Қазақ КСР Конституциялық комиссиясы құрылған. Себебі, біз декларацияның, жаңа айтқанымдай, қанша дегенмен декларация екендігін, яғни заңдық сипатынан гөрі саяси сипаты басым екендігін

салған беттен-ақ ескердік. Декларацияның ережелері заңдық норма емес еді. 1991 жылдың 16 желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңға біздің тәуелсіздігімізді шындалап, түпкілікті баянды етті. Біздің басты ұлтық мере-кеміз Тәуелсіздік күні болатыны сондықтан.

Рас, 1993 жылғы Конституциямыздың жобасын жасаған кезде де, Парламентке ұсынған кезде де, талқылау кезінде де оның ғасырларға кетпейтінін әркім де іштей біліп отырды. Ол Конституцияның үақытша екенін бәріміз білдік.

Ол кездегі Парламент мүшелері де, Парламент басшылары да коммунистік пиғылдан арыла алмаған-ды, тіпті, депутаттардың көвшілігі жаңа экономика, жаңа саясат дегенді қабылдағылары келмейтін адамдар еді. Мұндай жағдайда заман талабына сай Конституция қабылдана алмайтын еді. Екінші жағынан, мұлдем Конституциясыз алға жылжуға да болмайтын. Көп нәрсе менің көніліме қонбады, бірақ келісуге тура келді. Яғни, компромисс қажет болды.

**– Тәуелсіз елдің тұңғыш Конституциясының жобасын жасауда қандай міндеттер алға қойылды?**

– Алға қойылған міндеттер көп. Ең негізгілерін бөліп айтатын болсақ, мыналар. Алдымен мемлекеттілікті нығайту, биліктің бүкіл жүйесін күшету қажет етілді. Одан кейін экономиканы реформалау, дағдарыстан шығудың кезек күттірмейтін мәселелерін шешу керек еді. Сыртқы саясат саласы да қалыптаспаған-ды. Ақыр аяғында демократиялық институттарды дамыту қажет болды. Бұлардың үдесінен шығу оңайға түскен жоқ. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында адамдарымыздың ақылойында ондаған жылдар бойы қатып-семіп қалған қасаң қалыптардан құтылу қажет етілді.

Бұрынғы Конституцияның тұжырымдамасы мен құрылымы үақыт талабынан қалып қойғаны сондай,

қанша жерден түзету, толықтыру, өзгеріс енгізсең де қайшылықтарды жоя алмайтының. Егемендік тұралы Декларация қабылданғаннан Тәуелсіздік туралы Конституциялық заң қабылданғанға дейінгі аралықтағы 14 айдың ішінде қолданыстағы Конституцияға 7 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені, кейде тіпті бір аптаның ішінде екі рет өзгертуге де тұра келгені осы ойымның дәлелі. Мұнан әрі бұлай жалғаса бермейтіні анық еді. Сондықтан, 1991 жылдың 15 желтоқсанында, яғни тәуелсіздік жариялардың дәл алдында Жоғарғы Кеңес қаулысымен Конституциялық комиссия құрылды.

– Сіздің ол комиссия бойынша орынбасарыңыз Жоғарғы Кеңестің сол кездегі төрағасы Серікболсын Әбділдин болған еді. Бұрын осы қызметті атқарған Ерік Асанбаев вице-президент қызметіне сайланған еді. Вице-президент лауазымына байланысты өз ойымды білдіре кетсем деймін. Ғафу етіңіз, сіз кезінде өзіңізге КСРО вице-президентінің лауазымы ұсынылғанда «Правда» газетінің сұрағына: «Сол вице-президенттің не үшін керектігін білмеймін» деп жауап берген едіңіз. «Мен өзімді ондай құрылымда елестете алмаймын» деп ашып айтқансыз. Ал Қазақстан жағдайында вице-президент лауазымы не үшін қажет болды?

– Бұл сұраққа жауап беру үшін мынандай бір жағдайды еске алғым келіп тұр. Мен Қазақ КСР-нің Президенті болып сайланғаннан кейін тиісті аппаратты жасақтай бастадық. Аппараттың бір құрылымы баспасөз қызметі еді. Президенттің баспасөз хатшысы қызметіне сол кезде Мемлекеттік телерадио комитетін басқаратын Ғаділбек Шалахметовті шақырдым. Қарамағында мыңға жуық (облыстардағы телерадио компанияларын, хабар тарату орталықтарын қосқанда) қызметкері бар министрлік лауазымнан он шақты адамдық шағын топқа жетекшілік етуге келуді қоңылтақсызы ма, бұрын бізде болмаған жаңа жұмыстың жай-күйін білмеді ме, әлде тосыннан

айтылған ұсынысқа асып-сасып қалғаны ма, Ғаділбек маған: «Нұрсұлтан Әбішұлы, кешіріңіз, баспасөз хатшысы деген не өзі?» деп сұрақ қойғаны. Сонда мен оған айттым: «Тұра тұр, алдымен Президент дегеннің не екенін анықтап алайықшы...» деп.

Бұл жағдайды мен құлқілі мысал ретінде келтіріп отырған жоқпын. Біз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, Абай атамыз айтқандай, соқтықпалы, соқпақсыз жолмен жүрге мәжбүр болдық. Мемлекет құрудың баяғы бір заманда бабаларымыз салып кетті деген сүрлеу жолының өзі ғасырлар шаңына көміліп, іс жүзінде із-түзсіз жоғалып кеткен-ді. Шынтуайтына келгенде, кейінгі ғасырлардағы хандықтарымыздың бойында мемлекеттіліктің құжатталып белгіленген шекара, тұрақты әскер, төл ақша, кеден сияқты ең қарапайым белгі-нышандарының өзі толық болмағаны анық қой. Аты бар да, заты жоқ автономиядан басталып, кейіннен ғана сөз жүзінде федерацияның субъектісі – одақтас республикаға айналған Қазақ КСР-і мемлекеттілік сипаттардан атымен дерлік ада еді. Сондықтан да егемендіктің елең-алаңында әр түрлі, оның ішінде біз үшін тосын шешімдер де қабылдауымызға тұра келді. Олардың арасында кейбіреулерін, мысалы, вице-президент лауазымының енгізілуін сәтсіз шешім деуге де болуы мүмкін. Өйткені, көп ұзамай-ақ бұл лауазымдағы адамның негізінен хаттамалық сипаттағы міндеттермен шектелуге мәжбүр екеніне өзімнің де көзім жетті. Кейіннен Конституцияда бұл қызметті билік құрылымынан алып тастауға тұра келді. Бірақ, қателіктің де пайдалы жақтары болады. Тәуелсіздік табалдырығында елдің ең жоғары билік құрылымына вице-президент лауазымы енгізілмегенде, ел Президентін билікті бір қолға жинап алғысы келді, демократияның үздік үлгісі саналатын АҚШтың өзінде баяғыдан бар қызметті тәрк етті, ол қызмет болғанда мына мәселе былай шешілер еді деген сияқты айыптаулардан көз ашпас па едік, кім біледі?...

– Сіз «Қазақстан жолы» атты кітабыңызда: «Қазақ КСР-інің сол кездегі қолданыстағы Конституциясы жаңа Конституцияны қабылдауды тек парламенттік жолмен іске асыруды қарастырған. Сондықтан да Жоғарғы Қеңес өзінің шешуші билік өкілеттілігінің көбін сақтап қалды, ал бұл кезде президенттік билік енді ғана қалыптасу сатысында болатын» деп жазғансыз. Президент пен парламент арасындағы ол тұстағы саяси оқиғаларды сипаттаған авторлардың арасында «текетірес», «қақтығыс» деген сияқты анықтамаларды қолданатындары аз емес. Сіз өзіңіз жылдар өте келе сол оқиғаларға қандай баға берер едіңіз?

– «Текетірес», «қақтығыс» сөздері Президент пен Парламент арасы әбден ашылып, бітіспес жағдайға жетіп, ақыр аяғында бүкіл әлемнің көз алдында Ақ үйді атқылаумен, тіпті қан төгумен тынған Ресей жағдайына дәлірек келеді. Ал Тәжікстандағы 1992 жылғы тіресудің аяғы немен біткенін айтудың өзі ауыр. Ондағы халықтың бір-бірін қынадай қырған азамат соғысы барысында жұмынға жуық адамның өмірі қыылған еді. Осылардың бәрін ескере келгенде, мен біздегі жағдайды «келіспеушілік» деген сөзben анықтаған болар едім.

**– Сонда ол келіспеушілік неден басталды?**

– Талай дүние оқып журмін, солардың ішінде 1992-1993 жылдардағы жағдайларды Президент пен Парламенттің, тіпті нақты Назарбаев пен Әбділдиннің тіресуіндей етіп көрсететін мақалалар да табылады. Бұлай ету – мәселенің мәнісін оңайлатып көрсету. Сол жылдардағы біздің келіспеушілігіміз ескі мен жаңаның болмай қоймаға тиісті келіспеушілігі еді. Ол келіспеушіліктің түйінің тарқатуда екі жақтың да, соның ішінде Парламент депутаттарының да, мәмілеге келуге қабілеттілігінің атқарған рөлі үлкен. Мәмілеге келмесек, ортақ іске нұқсан жасай-

тынымызды конституциялық құрылыштың барлық қатысушылары түсінді. Мұны арнайы айтқым келеді.

Келіспеушілік ә дегеннен Конституциялық комиссияның отырыстарында-ақ басталды. Комиссия құрамына Жоғарғы Кеңес Төралқасының мүшелері, ондағы комитеттердің барлық тәрағалары кіретіні белгілі. Өкінішті жері сол, олардың көпшілігі комиссиядағы басты мақсаты болашақ Конституцияға Жоғарғы Кеңестің, барлық деңгейдегі қеңестердің билік вертикалын қалайда сақтап қалу деп білгендей әсер қалдырды. Бұл Ресей Жоғарғы Кеңесінің дәл осындай әрекеттеріне еліктеу болатын. Ол кездегі депутаттардың көпшілігі Жоғарғы Кеңесте тұрақты жұмыс істемейтін, халық қалаулысы міндетін негізгі шаруасымен қатар атқара беретін. Заң шығарушылық іске тіпті бейімі жоқ сол адамдар Жоғарғы Кеңеске келеді де, бюджеттің ала арқанын әрі тарт та бері тартпен айналысады, қайткенде өзінің өніріне көбірек ақша қарпып қалуға тырысады. Бүкіл халыққа, тұтас мемлекетке қызмет ету екінші қатарға ысырылады. Депутаттардың дені жалпы ұлттық мұдделер деңгейіне көтеріле алмады, аймақтық мәселелерден шықпай қоятын болды. Олар бөлу функциясын өздеріне алады да, реформа үшін жауапкершілікті Үкіметке аудара салады. Оларға белгілі бір салада жалақыны өсіру жөнінде шешім қабылданап, жақсылатты бола қалу да түк емес еді. Қаржы қорларымен жеткілікті қамтамасыз етілмеген зейнет заңнамасын қабылдаудың, әр түрлі әлеуметтік төлемдер, ақшалай өтемақылар және жеңілдіктер белгілеу жүртшылықтың «мейірімді Парламент» қабылдаған жақсы заңдарды орындаған «мейірімсіз Үкіметке» наласымен ғана бітті. Біздің шаруамыз заң, қаулы қабылдау, ал оны орындау Үкіметтің шаруасы деп қарап отыратын. Үкімет жоқ қаражатты қайдан алады? Онда шаруалары болмады. Сол кезде Парламент үйінің алдында ауық-ауық наразылық митингілері өтіп жатын. Бірнеше рет аштық жариялаушылар да болды. Депутаттар оларға барып, «Бізге не дейсіндер? Бұл жөнінде біз қабылдаған заңда былай жазылған, оның орындалуын

Үкіметтен талап етіңдер» деп артық-ауыс ақылдарын айттын да кабинеттеріне қайтатын. Сауыншылар мен тракторшыларды зейнетке 45 жаста шығару сияқты заңдар да сол кезде қабылданған еді. Экономика көңілдегідей жұмыс істемей, қазына қоржыны бос тұрған, зейнетақы, жалақы төлей алмай тұрған кезде мұндай заңдардың пайдасынан зияны көп болатын. Түбінде мұның өзі мемлекетімізге өте қауіпті жағдай еді. Ақыр аяғында әлеуметтік төлем бойынша бірнеше жылдық қарыз жинақталды. Кейіннен әлгіндей мемлекет есебінен мырзалықтың жөні келіспейтініне депутаттардың өздерінің де көздері жетті, тиісті заңнан жаңағыдай көкейге қонымсыз баптар алынып тасталды.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Депутаттардың көпшілігі жаңа жағдайдағы парламент қызыметінің атымен жаңағарғанын, өтпелі кезең мен мемлекеттілікті қалыптастыру жағдайында оның өте өрелі сипат алғанын аңғарып үлгере алмай жатыр. Ол, әлеуметтік және үлттық мұдделерді үйлестіре отырып, жалпыхалықтық, мемлекеттік мұддеге айналдыру, сөйтіп, күллі халықтың еркін білдіру. Бірақ көптеген депутаттар бұрынғыша өздерін императивті мандат иелеріміз деп санайды. Ол – кешегі жергілікті билік орындары айтуымен, депутаттарды аймақтық дамытуға қосымша қаражат алуға пайдаланып қалуға тырысатын кенестік дәстүрдің салқыны. Депутаттарды ондай бұғаудан құтқару басқа елдерде әлдеқашан жүзеге асты. Францияз үлттық жиналышының 1789 жылы өз депутаттарын ешқандай императивті мандаттан тәуелсіз, бүкіл үлттың еркін білдіруші деп жариялағанын айтсақ та жеткілікті».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Ғасырлар тоғысында», А., 1996, 172-бет.

Конституция жобасын жасауда да, оны Парламентте талқылауда да мен бұл жағдайдың қоғам мен мем-

лекетте қақ жарылуға жол беруге жеткізбеуін алдымен ойладым. Бұғанасы жаңа бекіп жатқан мемлекеттің, көпүлтты, көптілді, көпдінді мемлекеттің тыныштығы мен тұрақтылығын сақтау бәрінен де маңызды еді. Елдегі ішкі саяси тұрақтылықты сақтап қалсақ, мемлекеттің түйінді мәселелерін әлі де шеше жататынымызды үдайы есте ұстадым. Оны жете ойламаған жерде қандай жағдай орын алуы мүмкін екенін Ресейдегі 1993 жылғы оқиғалар көрсетіп берді. Қазір адамдардың көбі ұмытып та кеткен болса керек, сол кездегі кейбір митинглерде облыстардың әкілеттілігін қүшейту дегенді оларды тап бір федеративті құрылымның субъектілеріндей ету жөнінде де талаптар қойылған еді. Мұның өзі егемендігімізге, тұрақтылыққа, әрбір қазақстандықтың отбасының тыныштығына тікелей қатер төндіретін жағдай екенін түсіну қыын емес. Жалпы, сондай талаптардың қойылғаны бір жағынан жақсы да болды. Неге десең, осы арқылы біз түрлі деңгейдегі әкімдерді сайлауға сарапал қарау керектігін, ал облыстар әкімдерін сайлаудан тартыну жөн екенін біржола ұқтық. Жаңағы Ресейдің өзінде губернаторлар сайлауынан пайда тауып жарытпағанын қазір жүрттЫң бәрі де айтады.

— Анталияда болғанымда Ресейдің Алтай өлкесінің бір азаматымен сөйлесіп қалған едім. Сол жігіт өздерінде губернаторлар сайлауы пайда бермегені былай тұрсын, тіпті зиян әкелгенін ашық айтып жатты. Ол өлкеде сатиralық актер Михаил Евдокимов губернатор болып сайланып еді ғой. Кәдімгі әртіс, Жванецкий, Задорнов сияқты сатириктердей өз жанынан шығаратын да өнері жоқ, тек өзгелердің жазғанын жаттап алып, сахнадан оқып беретін адам. Теледидар арқылы берілетін юморлық хабарлардан жақсы танитын жұрт сүйікті әртісіне жапырлап дауыс берген де, губернаторлыққа сайланып шыға келген. Аяғы немен біткенін бәріміз білеміз. Сөздің ретінде айтып жатқаным.

Ол жылдарда біраз уақыт Президент пен Үкімет аппараттары бірге болды ғой, сондағы ішкі саясат бөлімі Парламент ғимаратының Панфилов көшесі жақ бетінде

орналасқан еді. Парламентте аса маңызды мәселелер талқыланатын күндері, жауын-жауынның арасында де-гендей, ғимараттың қақ ортасындағы дөңгелек залдың балконына барып, әңгіменің бәрін емін-еркін тыңдай беретінбіз. Сонда ұлт туралы, тіл туралы талай-талай тартыстарға қуә болғанбыз.

— Иә, ұлттық мәселелер бойынша небір пікірсайыс өршіп жатты. Конституциялық комиссияның кейір мүшелері ұлттық мемлекет құру мәселесін ашықтан ашық көтерді. Президент те, Жоғарғы Кенес төрағасы да міндettі түрде қазақ болуы керек дегенді Конституцияға жазып қоюды ұсынды. Мен мәжілістерде қайта-қайта сейлеп, мұндай әсірепатриотшылықта тойтарыс беруге мәжбүр болдым. Конституция көпұлтты халықты бөлуге емес, біріктіруге тиіс. Осы мәселе бойынша қатты айтыс ерістеді.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«А.Перегрин: – Енді қазақ Президент туралы айтайдын. Біздің комитетте құқық қорғаушы америкалық делегация жүр. Олардың маған қойған бірінші сауалы: «Ол адамның қаншалықты қазақ екенін қандай рәсім арқылы анықтамақшысыздар?». Мен жауап бере алмадым. Құрметті депутаттарға Президент те мұның қандай рәсімнің көмегімен анықталатынын айта қоймады. Айтальық, балалар үйінен шыққан, қысық көзді, шықшыты үлкен адам бар дейік, паспортында қазақ деп жазылған, сол кісі президент болып сайланады, кейіннен қараса – өзбек екен. Мұндайда не басталады? Конституциялық сот, парламенттегі айтыс-тартыс, импичмент бастала ма? Мұндай рәсімді доктор Геббелельс білген, осында тұжырым жазуды ұсынып отырғандар білген. Өкінішке орай, біздің зиялды қауыммызың осындаидай. Бұл үшін әлгіндей докторларды тәрбиелеп, жастарды сондай жазбаның дұрыстығына сендіру керек. Мынандай жазбаны ұсынып отырғандардың ойсырап ұтылғанын тілеймін».

«Н.Назарбаев: – Осы залда үлттық белгі бойынша бөліне бастағанымыз маған ұнамайтынын адал түрде, ашық айтпақшымын. Неліктен қазақтар бүкіл Қазақстан халқының алдындағы сезін біздің стратегиялық одақтастымыз ұлы орыс халқына, оның тіліне, біздің балаларымыз бен немерелеріміздің болашағын байланыстырып отырған халыққа, Ресейдің Қазақстанмен қатынасына құрмет сөздерінен бастамасқа? Неліктен біздің үлттық орыс отандастарымыз өз сөздерін сын-сынақтарда, шайқастарда қанын төге жүріп, тәуелсіздікке қол жеткізген, көрмегені жоқ қазақ халқының ауыр тағдырын айтудан, бұл халыққа көреалмаушылықпен қараудың жөнсіздігін, бұл халықтың бақыты жаңа ғана гүл жара бастағанын айтудан бастамасқа? Неліктен бізде бір-бірімізге үмтүліс жоқ, неге біз әңгімені осындай сөздерден бастамаймыз?».

*Қазақстан Республикасы Жоғарғы Қеңесінің  
1992 жылғы 9 желтоқсандағы кешкі мәжілісінің  
дәлжазбалық есебінен. 44, 46-беттер.*

Тілге байланысты да таласты жайлар жеткілікті еді. Қазақ тілінде іс жүргізуі дінгізу жөнінде кезінде жанжақты ойластырылмай қабылданып кеткен кесте болатын. 1989 жылды ма, 1990 жылды ма бекітілген әлгі кесте бойынша, оңтүстіктері облыстарды былай қойғанда, солтүстіктері аудандардың біразында да іс қағаздарын қазақша жүргізуге ауысу тоқсаныншы жылдардың орта шенінде-ақ шешіліп қалуға тиісті еді... Соны алға тартып, шаш ал десе бас алатын кейбір төрешілдер қазақ тілін білмейтіндерге қысым көрсетуден де кет әрі еместігін танытты. Кез келген әрекет қарсы әрекет туғызбай қоймайды. Кей жерлерде жаңағыдай пікірлерге жауап ретінде тілдер туралы заңның күшін жою талабы да қойыла бастады. Ал бұған тіпті де жол беруге болмайтын. Қолданыстағы заңды қайта қарау дегенініз қазақ үлттың тәуелсіздікке қолын қатар жеткізген үлттардың жанында қорлаумен тен болып шығатын еді. Ақыр аяғында біздің тіл саясатымыз қазақ

және орыс тілдерінің, басқа да тілдердің дамуы үшін тиісті жағдайды жасауы керек деген ұстанымға жүрттың бәрі де тоқтады. Конституцияға да, тілдер туралы заңдағыдай, мемлекеттік тіл – қазақ тілі, орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі болып табылады деп жазылды.

Конституция жобасында адамның еңбекке құқылығы туралы бұрынғы Конституциядағы (дұрысында – қолданыстағы Конституция) баптың болмауы қатты айтыс туғызды. Егер адамның еңбек етуге құқын қамтамасыз ете алмасақ, онда неменеге тәуелсіз мемлекет атанып отырмыз деген сияқты өте өтімді сөздер де талай айтылды. Ал енді шындықтың бетіне тіке қарайықшы. Біз әр адамның еңбек ету құқын Конституция бойынша қамтамасыз ете аламыз ба? Ол мүмкін емес. Жұмыссыз қалғанның бәрінің конституциялық құқы бұзылған болып шыға ма сонда? Бүкіл әлемде нарық жағдайында ешкім де ондай кепілдік берे алмайды. Бере алмайды дегенім бер жағы, ол тіпті қажет те емес. Еңбекке кепілдік берілген кешегі кеңестік кезеңде енбектің қандай қадірі кеткенін бәріміз ұмыта қойған жоқпыз. Сондай-ақ денсаулық сақтау мен білім беру саласында тегін емдеу мен тегін білім мемлекеттік медицина мекемелерінде және орта білім орындарында, яғни мектептерде беріледі деп жазуға тұра келді. Олай жазылмаса, жекешенің мүмкіндігін шектеген болып шығар едік. Осы мәселелер жөнінде бірнеше рет сөз алып, түсіндіруге тұра келді. Кейбір депутаттармен жеке кездесу қажет болды.

**– Дегенмен, бірқатар ұсыныстарыңызды өткізе алмадыңыз ғой?**

**–** Иә, қоғамның реформашыл бөлігі қолдаған ұсыныстардың біразы өтпей қалды. Мысалы, қос палаталы парламент жөніндегі ұсыныс өткен жоқ. Президенттің Парламентті тарату қағидасын көздеңген баптың өтпегені өзінен өзі түсінікті. Парламентті тарату қағидасы қабылданбағаннан кейін, әрине, Президентке импичмент жа-

риялау қағидасы да қарастырылмады. Әйтсе де, мен мәселені ширықтырып жатқым келмеді. Парламентпен тартысқа тусуден тартынуды жөн көрдім. Жағдай ішімізде де, сырткымызда да күрделі еді. Мұндайда басты нәрсе мемлекеттің тұрақтылығын сақтап қалу болуға тиіс. Тұрақтылық сақталса ең өзекті деген мәселелердің өзін үақыты келгенде шешіп алуудың мүмкіндігі бар.

— «Фасырлар тоғысында» атты кітабыныңда: «Мен қоғамның озғын бөлігінің көзқарасын жүзеге асыра алмадым. Менің ұсыныстарыма Жоғарғы Кеңес басшылығы мен Төралқасының басым көпшілігі үзілді-ке-сілді қарсы шықты. Қызу айтыстар шықты. Ол саяси кезеңнің сипатынан туындал жатқан жағдай еді. Еліміз тәуелсіздік пен егемендік жолына енді қадам басқан-ды. Одан әрі қарай алға басуымыздың күрделене түсетінін жақсы түсіндім» деп жазған едіңіз.

— Сол тұстағы шешімім тактикалық тұрғыдан өзін өзі ақтады деп ойлаймын. Қазақстанда шын мәніндегі өрелі элита қалыптасуына көп үақыт керек екеніне көз жете түсті. Үақыт бәрін де орын орнына қояды. Бұл жолы да солай болды. 1993 жылғы Конституцияда Қазақстанның республика екендігі ғана жарияланды. Қандай республика екендігі анықталып айтылмады. Президенттік республика ма? Парламенттік республика ма? Конституцияның құрылымында Жоғарғы Кеңес туралы айтылатын тараудың Президент туралы айтылатын тараудан алдында тұрғаны арқылы оны қабылдаған депутаттар жоғары өкілетті орган мемлекеттік бағыныстылықта белгілі бір дәрежеде үстемдік етеді дегенді ашықтан ашық, білдірді. Бүкіл Қазақстан халқының атынан өкілдік ету құқы тек қана Жоғарғы Кеңес пен Президентке берілетіні жазылған ереже де соны аңғартатын. Жоғарғы Кеңестің бұл жerde де Президенттен бұрын жазылғанына назар аударып отырсың ғой. Соған қарағанда еліміздің сол кездегі саяси

сипатын парламенттік-президенттік республика ретінде анықтауға болар еді. Мұның өзі мемлекетіміздің даму мүддесіне сай келмейтін.

### **– Неге?**

– Парламенттік республикалар билікті жүзеге асырудағы басты рөл саяси партияларға тиетін нысан екендігі мәлім. Елде күшті әлеуметтік негізі бар саяси бірлестіктер қалыптастып үлгермеген жағдайда парламенттік республика жөнінде сөз қозғаудың реті де келмейді. Мұндай модель демократиясы жаңа қалыптастып жатқан Қазақстан тұрмақ, демократиясы дамыған елдердің көбіне де онша үйлесе бермейді. Парламенттік республикаларда саяси дағдарыстар президенттік, президенттік-парламенттік республикалардағыдан жиірек кездесетінін дәлелдеу қыын емес.

Мен ел Президенті ретінде биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтарының бірлескен жұмысын жолға қоюға бар күшімді салдым. Кейде апталар бойы күнімен Парламентте отырып, депутаттардың дау-дамайын тыңдайтынын, сауалдарына жауап қайтаратынын. Түнге қарай кабинетіме келетінмін де, шешім қабылдауды талап етіп тұрған кезек күттірмес мәселелермен айналысуға кірісетінмін... Мәселе, әрине, менің уақытым кеткенінде емес. Мәселе реформалардың уақыты кетіп бара жатқанында. Сөйтіп, бұрынғы үйреншікті дағдылы идеологиялық тәсілдемелер мен қатып-семіп қалған қағидаларды қорғаштауын қоймаған парламентшілердің іс-әрекеті қоғамның реформашыл күштерімен қайшы келе бастады. Соның салдарынан экономиканың күні өткен құрылымы сары майдай сақталып, жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастыру жөніндегі бастаманың бәрі де тежеліп тұрды. Парламентшілердің ортасында кәдімгі кеңестік менталитет әбден орнығып алған еді. Ол менталитет билік тармақтарын әрқайсысы өзі жауап беретін

саладағы міндеттерді аяғына дейін жеткізетіндей етіп бөлуге мүмкіндік қалдырмады. Сол кездегі Парламент басшылары да дәл сондай болды. Өкілетті органдардың демократиялық құқықтық мемлекеттің табиғатына сай келетін жаңа жүйесін жасау үақыт талабы екендігі айқын біліне бастады.

Ақыр аяғында мұны депутаттардың өздері де түсінді.

– Нұрсұлтан Әбішұлы, әңгіменің ең бір шетін тұсына енді ауысқан сияқтымыз. 1993 жылдың аяқ шенінде бүкіл елде барлық деңгейдегі кеңестердің өзін-өзі тарату үдерісі басталды. Былайша қарағанда, бұл үдеріс жаңалыққа, реформаларға кедергі келтіріп отырғанын түсінген Жоғарғы Кеңесте қолға алынуы керек сияқты еді. Бірақ оны 1993 жылғы қарашада Алматыдағы Ала-тау аудандық кеңесі бастады. Мұны қалай түсіндіруге болады?

– Мұны жалпы кеңестер жүйесінің бұрынғы режім мен ескі идеологияның баламасына айналып кеткенімен түсіндіруге болады. Депутаттардың кінәсінен қалыптасқан жағдай емес ол. Кеңестер мемлекеттік құрылымды жетілдіру, әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды одан әрі дамыту жолында құқықтық кедергіге айнала бастаған еді. Кеңестердің толық билігі үлгісі үақыт шындығына сәйкеспейтін жағдайға келген еді. Мұның өзі депутаттық корпустың өз жұмысына ықыласын төмендедті.

Қайта құрудың бастапқы кезеңінде кеңестерге қандай үміт артылғанын өзің жақсы білесің. Кеңес Одағы әбден идеологияланған қоғам болғаннан кейін ол жүйе Әмір сүрген соңғы жылдарда әкімшіл-әміршіл жүйені сынап сөйлемейтін адам қалмады. Әсіресе, КСРО Халық депутаттарының съездерінде депутаттар өңешін созып, қызыл кеңірдек болып жататын. Алғашқы съездеде ақ баяғы Ленин айтатын «Барлық билік Кеңестерге берілсін!» деген ұран қайтадан жаңғырған еді. Әуелде

ол үстанымды біз де қолдағанбыз. Сөйтсек, кеңестер билікті алуға тіпті де дайын болмай шықты. Жоқ, билікті алуға дайын ғой, сол билікті пайдалануға дайын болмай шықты. Жетпіс жыл бойы партия комитеттерінің айтқанына көніп, айдауымен жүріп үйренгендікten кеңестер саяси мәселелерде де, шаруашылық істерінде де дербес қимылдауға дәрменсіздігін көрсетті. Мұның өзі жаңағы Алатау аудандық кеңесінің барлық деңгейдегі депутаттарға жариялаған үндеуінде ашық айтылған еді. Парламентіміздің жаңа реформаларға кедергі болып отырғанын мен ашық айтып жүрдім. Кейбір депутаттардың өздері де біз тарауымыз керек дейтін. Мұны бүкіл ақпарат құралдары да айтып жатты. Ақыры бұл іске қозғау салынды. Әуелде Алматының аудандық мәслихаттары тарапынан қолдау тапқан бұл бастама кейіннен бүкіл республика бойынша жалғасып жүре берді. Барлық мәслихаттардың сессияларында депутаттар сайлаушылардың еркін жүзеге асыруға қабілетсіз болып отырғандарын өздері айтты. Ақыр аяғында бұл толқын Жоғарғы Кеңеске де жетті.

– «Жоғарғы Кеңестің өзін-өзі таратуы тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы аса бір драмалы оқиға болды. Тарихшылар осы бір ел үшін тағдырлық маңызы бар шешімді қабылдауға депутаттарды итермелеген себептерді әлі де талай талқылайтыны аян» – сіздің «Қазақстан жолы» атты кітабыңызда осылай жазылған. Ол кітап 2006 жылдың жарық көрген еді. Тәуелсіздік кезеңінің тарихшылары бұл үдерістің себептерін әлі пайымдап жатқан болар... Сіз мұндай шешім неліктен қабылданды деп санайсыз?

– Ана жолы бір әңгімеде Чехов кейіпкерінің: «Ондей болуы мүмкін емес, өйткені ондай болуы еш үақытта мүмкін емес» деген сөзін келтіргенмін. Сол сөзді мына арада керісінше етіп, ондай болмауы мүмкін емес еді деп айтудың да реті бар. Жоғарғы Кеңестің тaramауы мүмкін

емес еді. Бар мәселе оның не ерте, не кеш тарауында ғана болып тұрған еді. Жоғарғы Кеңесті өзін-өзі таратуға жеткізген жағдайлардың ең бастысы – жалпы кеңестік жүйенің күйрей қирауы. Біздің бақыттымыз – биліктің екі тармағының, яғни атқарушы және заң шығарушы тармақтардың келіспеушілігін бейбіт жолмен шешуге қол жеткізгеніміз. 1993 жылғы Мәскеудегі жағдайды тағы еске алуға тұра келеді. Әлемнің қай елінен де бізге Ресейдегі оқиғалар көбірек әсер ететінін айтудың өзі артық. Кантемир дивизиясының танкілері Ресей Федерациясы Жоғарғы Кеңесінің ғимаратын бүкіл әлемнің көз алдында атқылап жатқан сағаттарда мен Қазақстанда ахуалды тек күшті президенттік билік қана тұрақты күйде ұстап тұратынына, осында жағдайда ғана біз экономиканы белсенді ырықтандыруды жүзеге асыра алатынымызға түпкілікті көз жеткіздім.

**– Сол күндерде Борис Ельцин сізге хабарласып, Ресейдегідей жағдай қайталанбауы үшін, реформаларды кедергісіз жүргізу үшін кеңессіздендіруді тезірек жүзеге асыру жөнінде кеңес берген деген де сөз бар ғой?**

– Ол кезде Ельциннің ешкімге кеңес беретін жағдайы жоқ еді. Негізінде, дәл ондай қанды текетірес болмасада ендігі жерде кеңестердің күні өткеніне көз жеткізу қыны емес еді. Сол кезде барлық деңгейдегі кеңестерде мынандай парадокс жағдай қалыптасқан-ды. Парламенттегі көптеген адамдар әрі басқа жақта жұмыс істейтін, әрі депутаттық міндет атқаратын. Былайша айтқанда, бір жағынан биліктің заң шығарушы тармағының, бір жағынан атқарушы тармағының өкілі... Мысалы, үлкен шаруашылықты басқаратын адам Жоғарғы Кеңес депутаты ретінде сессияларға келіп кетіп жүреді. Сонда өзі заң қабылдайды, кейін сол заңды өзі орындаиды. Әрине, ол орындауға ыңғайлы заң қабылдауға бейім тұрады.

– Біраз кітаптарда, мақалаларда Қазақстанда кеңестердің өзін-өзі таратуы туралы айтылғанда осы сөз «өзін-өзі тарату» деп, яғни тырнақшаға алынып жазылады. Мұндай күрделі үдерістің бүкіл елде бас-аяғы бір айдың ішінде басталып, біте қалуы өзінен өзі бола қалатын нәрсе емес екені белгілі. Сол күндерде «Комсомольская правда» «Назарбаев настаивает на разгоне Советов», «в отличие от своего северного коллеги делает это не любовыми атаками... депутаты отказываются от власти «сами» деп жазған екен.

– Бар мәселе – түпкі нәтижеде. Оған әркім әрқылы жолмен қол жеткізуі мүмкін. Әрине, Президент, бүкіл атқарушы билік кеңестердің өзін-өзі тарату үдерісіне теріс қараған болса, бұл істі алғашқы апталарда-ақ тоқтата алар еді. Бар мәселе төмennен көтерілген сол бастаманың шынында да уақыттың талабымен үндес шыққанындағой. Ондай бастамаға неге қарсы тұруымыз керек? Жергілікті кеңестер депутаттары топ-тобымен менің атыма хат жазып, неге Жоғарғы Кеңес өзі тарамайды деген сауал қойып жатты. Ондай сауалдарды мен депутаттардың өздерінің қарауына жіберетінмін. Жоғарғы Кеңестің бір топ депутаттары менің атыма ұжымдық өтініш жазып, депутаттық өкілеттіктерден босатуды сұрағанда да мен Конституция маған мұндай құқық бермейді, сондықтан бұл мәселені Жоғарғы Кеңестің таяудағы сессиясында күн тәртібіне қоюларыңызға болады, оны қарайтын да, шешетін де тек өздеріңіз деп қана жауап қайтардым. Осы арқылы сөз үққан адамға көзқарасымды аңғартуға тырыстым. «О, жақсы болты, менің өзімнің де күтіп жүргенім осы еді» демеймін ғой енді. Оның үстіне Конституцияда Парламентті тарату тетігі қарастырылмаған. Ел мүддесі үшін осынау маңызды кезеңде жауапкершілік танытқан депутаттарға разылығымды ол кезде іштей білдірсем, кейін сырттай да білдіріп жүрдім. Ақыры 360 депутаттың 200-і қызметтен кету жөнінде өтініш түсірді. Бұл Жоғарғы Кеңестің басым дауыспен өзін-өзі тарату жөнінде шешім

қабылдауына алып келді. 1993 жылдың 8 желтоқсанында болды ол оқиға.

— Сол кездегі бір белгілі депутаттың сұхбатында сізге Парламенттің өзін-өзі таратуы жөнінде айтқаны келтіріледі. «Президент: «Өздерің біліндер» деді де қойды», делінген онда.

— Бұған не айтайын? «Өздерің тараңдар» деп айтты демегеніне шүкір.

— Эйтсе де, Жоғарғы Кеңес тарапынан да мемлекеттік мүддені алға қоюшылық басым болды дей аламызғой?

— Дей аламыз. Олай дейтінім – өзін-өзі таратардың алдында Жоғарғы Кеңес елдің тұнғыш Конституциясын қабылдап, тарихи міндептін атқарып үлгерді. Жоба талай күн бойы бүкіл елге теледидардан тікелей көрсету арқылы талқыланды. 1992 жылғы маусымда бірінші оқылымда қабылданған жоба барлық республикалық, облыстық газеттерде жарияланып, талқылау желтоқсан айына дейін созылды. Сөйтіп, Конституция 1993 жылдың 28 қаңтарында қабылданды. Бұл шын мәніндегі тарихи оқиға еді.

— Сонымен бірге, тұнғыш Конституциямыздың өзіндік кемшіліктері де көп ұзамай көріне бастады деп саналады. Нақты айтқанда, қандай кемшіліктерді атауға болар еді?

— 1993 жылғы Конституцияның басты кемшілігі ретінде оны қабылдаудың тәсілін айтқан жөн. Қанша дегенмен, бұл кезде уақыт өзгеріп, демократия талаптары

едәүір күшейіп қалған-ды. Ол Конституцияны халық емес, Жоғарғы Кеңес қабылдады. Сондықтан жаңа мемлекетті құрудың қағидаттарын халықтың өзі айқында мағандай, халыққа Конституцияны Жоғарғы Кеңес сыйлай салғандай әсер болғаны рас. Тіпті ол Конституцияның мәтінінен мін табылмаған күннің өзінде солай саналатыны табиғи жай. Ал кемшілік жеткілікті еді. Ең бастысы, Негізгі Заң-ның нақтылы әлеуметтік-экономикалық және саяси үдерістерден қол үзіп қалғандығы айқын көріне бастады. Онда әрқылы мемлекеттік институттардың болуы мүмкін келіспеушіліктерді еңсерудің тетіктері жоқ еді. Мұның өзі биліктің атқарушы және заң шығарушы тармақтарының арасындағы қарама-қайшылықты объективті түрде өршіте түсетең жағдай. Қазақстанның бүкіл халқы атынан билік жүргізуге республика Жоғарғы Кеңесі мен Президентің ғана құқы бар екенін жазу арқылы Парламент елдің сипаттын парламенттік-президенттік республика түрінде белгілеген болатын. Бұл арада мәселе «Кім бастық?» деңгендеге емес. Мәселе Жоғарғы Кеңестің Президентке және Үкіметке реформаларды, әсіресе экономикалық сипаттағы реформаларды жүргізу ісінде кедергі келтіретін орынсыз кең биліктілігі жөнінде. Мұны кейінге қалдырмай шешу керектігіне көп ұзамай-ақ көзім жетті. Ол кездегі ай сайын құбылып түрған экономикалық күрделі жағдай кей заңдарды шүғыл қабылдауды қажет ететін. Ондай заңдардың жобалары Парламентке барысымен ұзынсонар, қысыр пікірталастың арқауына айналып, айлар бойы жатып қалатын. Сессиялардың арасындағы үзілісті де ұзақ күтіп қалуға тұра келетін. Мен ақыры ғұл мәселені референдумға шығару жөніндегі ұсынысымды да айттым. Сөйтіп жүргенде жергілікті кеңестердің өзін-өзі таратуы басталып кетті...

– Біраз саясаткерлер сол Жоғарғы Кеңестің тарауын сіздің Парламент спикері Серікболсын Әбділдинмен тіл табыспауыңызben түсіндіргісі келеді.

– С.Әбділдин басында реформаларды қолдап, әр үақытта менің жанымда болды, сондықтан мен оны, Асанбаевтың қарсылығына қарамастан, Жоғарғы Кеңес төрағасының орынбасарлығына ұсындым. Сол кезде ол мені Жоғарғы Кеңес төрағалығы лауазымына қызықпаймын, бармаймын деп сендірген.

– Дегенмен, қолына билік тиген соң ойы мен ісі басқаша болып шыққан жоқ па?

– Ол қыын кезең еді. Ешқайсымыз бәрін білдік деп айта алмаймыз. Сондықтан ешкімді де айыптаудан аулақпын. Мұндай жағдайдың аз болмағанын өзің де білесің ғой.

Жоғарғы Кеңес төрағасымен тіл табыспағанымыз рас. Мен тіпті оның кандидатурасын осы қызметке ұсынуды қолдамағаным да рас. Бірақ, ел тағдыры үшін аса маңызды шешімдердің адамдық жеке қатынастарға байланыстығана қабылдана салмайтынын түсіну керек. Мәселенің басты мәнісі ел дамуының сол белесінде Қазақстанның мүддесі үшін бәрінен бұрын күшті президенттік билік қажет екендігінде еді.

– 1994 жылдың наурыз айында сайланған Жоғарғы Кеңестің жаңа құрамына әуелде үлкен үміт артқаныңыз белгілі. Сонымен бірге, жаңа Парламенттің өзі қызмет істеген үақыт ішінде небәрі 7 заң қабылдағанына байланысты көңіл толмаушылық білдіргеніңіз де белгілі. Әсіресе, 1994 жылғы бюджеттің жобасы үш ай бойы талқыланғаны бәріміздің есімізде қалып қойыпты. Дегенмен, бұл Жоғарғы Кеңестің де тараумен тынғаны рас. Мұның жай-жапсары жөнінде не айта аласыз?

– Бұл жайында мен айтудай-ақ айтқанмын, жазудай-ақ жазғанмын. «Ғасырлар тоғысында», «Қазақстан жолы» деген кітаптарымда, газеттердегі бірқатар сұхбаттарымда

бар, теледидардан да айтқанмын. Тіпті қажет десең қысқаша баяндап қана өтейін.

Бұл оқиға біздің жаңа Конституция жобасын жасау, Парламентте талқылау жөніндегі ойларымызды бұзып кетуімен де, еліміз үшін парламентаризмнің, демократияның елеулі сынағына айналуымен де ерекше. Мен әуелде болашақ жаңа Конституцияның ең қадау-қадау деген тұстарын қағазға түсіріп байқадым. Кейін сол кезде гі Әділет министрі Нағашыбай Шайкеновті шақырып, оған құжаттың жалпы сұлбасын тапсырдым. Онымен екі сағаттан астам уақытқа созылған әңгімелеміз аса құпия жағдайда өткені айтпаса да түсінікті. Жаңа сайланған Жоғарғы Қенес ол кезде конституциялық реформа жасауға дайын болатын. Әбіш Кекілбаев төрағалыққа сайланған Парламенттің экономикалық мәселелерді талқылау барысындағы көкейге қонымды қадамдары да, бірқатар беделді депутаттық фракциялармен байланыстар да солай екеніне сендіретін. Алайда, күтпеген жағдай алдымыздан шықты. Оны барша жұрт біледі. Журналист Татьяна Квятковская баспасөзде бұрын өзі депутаттыққа түскен сайлау округінде заң бұзылды деп санайтындығы жөнінде мақала жазды. Әуелде депутаттыққа өтпей қалған адамның дауы ғой деген түрғыда оған онша мән де берілмеді-ау деймін. Шағым ұзақ қаралды. Кейіннен Конституциялық сот шығарған шешім барша жұртты айран-асыр қалдырыды. Сейтсе, депутаттыққа кандидат дауысқа түскен округтеған емес (Т.Квятковская шағымын тек өзінің округіне қатыстырып, сонда сайлау туралы кодекс бұзылды деп санайтындығы жөніндеған жазған болатын), бүкіл ел бойынша «Бір сайлаушы – бір дауыс» деген конституциялық қағида бұзылған екен. Мұның өзі де бізге үлкен сабақ болды.

Конституциялық соттың шешімі бойынша өткен сайлаудың қорытындыларына да, Жоғарғы Қенес депутаттары қызметінің заңға сәйкестігіне де күмән келтірілді. Сайлаудың заңдылығына туған күмән сонда сайланған Парламенттің легитимдігіне күмән келтіру, тиісінше ол

қабылдаған, қабылдайтын заңдардың легитимдігіне күмән келтіру болып шығатыны өзінен-өзі түсінікті.

Қайтпек керек? Әрі ойланып, бері ойланып, мен журналистерді жинап, мәлімдеме жасадым.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Соттың қабылдаған шешімі бәріміз үшін де күтпеген оқиға болды. Мемлекетіміздің тарихында бұрын-соңды мұндай болған емес. Мен мемлекеттік биліктің орнықтылығын жақтап келдім және әлі де жақтай беремін.

Өйткені біздің жүргізіп жатқан реформаларымыздың тағдыры осыған байланысты, бұл ретте еліміздің бұдан бір жыл бұрын сайланған парламенттің де атқарар қызметі аз емес. Мен Жоғарғы Кеңеске үлкен үміт артамын. Әрине, таластар, шамадан тыс қызыбалық ұшырап қалатыны да рас. Дегенмен біз алғашқы кезден бастап жемісті тіл табысуға қол жеткізіп келгенбіз.

Жуырда биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтары арасында келісімді ықпалдастықты қамта-масыз ету туралы келісімге қол қойысқанымыз – соның айғағы. Енді, міне, Конституциялық соттың шешімі төбебден түскендей оқиға болып отыр. Тек парасаттылық, ұстамдылық, заңға мұлтіксіз бағыну ғана біз үшін бірден-бір дұрыс шешім тауып, парламент дағдарысына жол бермеуге мүмкіндік туғызады.

Сөйте тұрса да, Конституциялық соттың шешімі, кімнің мүддесін қозғаса да, оған құрметпен қарауымыз керек. Тек сондай жағдайда ғана Қазақстан шынында да құқықтық мемлекетке, заңның салтанат құруына қарай бағыт алып бара жатыр деп айта аламыз».

*Қазақстан Республикасының Президенті  
Н.Ә. Назарбаевтың Конституциялық соттың  
шешіміне қатысты мәлімдемесінен,  
1995 жылғы 8 наурыз.*

Қын жағдай қалыптасты. Әңгіменің ашығын айтқанда, елімізге парламенттік дағдарыстың қаупі анық төнді. Мен енді ресми түрде Конституциялық соттың қаулысына

қарсылық енгіздім. Бір күннен кейін ол қаулыға Жоғарғы Қеңес тәрағасы Әбіш Кекілбаев та қарсылық енгізді. Міне, осы тұста біздің еліміздің демократиялық дамудың едәуір деңгейіне көтерілгені анық көрінді. Конституциялық сот біз енгізген қарсылықтарды тойтарып шықты. Қарапайымдатып айтсақ, қайтарып тастады.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Президент пен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Қеңес тәрағасының қарсылықтары қабылданбасын және Конституциялық соттың 1995 жылғы 6 наурыздағы қаулысы күшінде қалдырылсын. Үйғарым шағым беруге жатпайды».

*Қазақстан Республикасы Конституциялық соттының анықтамасынан. 1995 жылғы 10 наурыз.*

Енді жағдай шындал қыннады. Мен Конституциялық сотқа олар шығарған қаулының құқықтық салдары турасында сұраныс жасадым. Сұраныста бұл қаулы Жоғарғы Қеңес сайлауын Конституцияға сәйкес емес деп танима, депутаттар өкілеттілігін Конституцияға сәйкес емес деп тани ма, егер олар Конституцияға сәйкес келмесе, онда заңнамалық сипаты бар шешімдерді кім қабылдайды деген сияқты мәселелер қозғалды. Конституциялық сот берген қосымша анықтама бойынша ел Парламенті Конституцияға сәйкес емес деп танылды.

Бұрын-соңды болып көрмеген жағдай қалыптасты. Конституцияға сәйкес емес деп танылған Жоғарғы Қеңес таратылатын болды. Бұл оңай шешім емес еді. Депутаттыққа сайланғаныңа жыл жаңа толғанда Орталық сайлау комиссиясы жіберген қателік үшін зорға қолың жеткен мандаттан айрыла салу қалай оңай болсын? Біраз депутаттар кабинеттерін босатпай, Парламент ғимаратында қонып жүрді, пикеттер ұйымдастырыды. Бірақ, олардың

қарсылығын халық қолдаған жоқ. Шулап-шұлап, шаршаған соң қойды. Біз таратылған Парламент депутаттарының барлығының да лайықты жұмысқа орналастырылуын қадағаладық. Жазықсыздан жазықты болғандары белгілі ғой.

Заңсыз деп танылған Жоғарғы Кеңес құрған Үкіметтің өкілеттілігі де Конституцияға сәйкес емес болып шықты. Үкімет орнынан түсті. Орталық сайлау комиссиясы да орнынан түсті. Алайда, билік вакуумы орын алған жоқ. Парламенттік дағдарыс көп ұзамай-ақ еңсерілді. Одан бір жарым жылдай бұрын Президент пен жергілікті әкімшілік басшыларына қосымша өкілеттіктер беру туралы заң қабылданған болатын.

– Ол заңның жобасы сіз мұның алдындағы Парламентпен келіспей жүрген кезде жасалған шығар?

– Шынын айтқанда, солай. Ол кезде қандай жағдайдың да орын алуы мүмкін еді. Бірақ, бәрібір, ол заң қыын кезде бізге көмекке келді. Қайтадан қүшіне кірген сол заң жаңа Конституция қабылданғанға дейін қүшінде болды. Енді Президентке заң қүші бар Жарлықтар шығару құқы берілді.

– Біздің елімізде экономикалық реформалардың барынша қарқын алуына жағдай жасайтын заңдардың бәрі де сол кезде қабылданды ғой. Менің ойымша, қандай Парламент жұмыс істеп тұрғанда да сондай үақыттың ішінде 140-қа жуық заң шығарылmas еді, тіпті сіздің Жарлығыңызben қабылданған заңдардың біразы депутаттар талқысынан өтпеуі де мүмкін еді. Айналып келгенде, парламенттік бұл дағдарыстан да Қазақстан ұтысқа шықты. Олжас Сүлейменовтің «Для разгона Парламента в России потребовались танки, а в Казахстане хватило одной Таньки» деп әзілдейтініндей бар...

— Олжас әзіл айта біледі ғой...  
— Онда тағың бір әзілді еске салуға рұқсат етіңіз.

Марқұм Қалтай Мұхамеджанов ағамызың сол жылдары сізге айтыпты, «Діннің беделін көтеру керек болып отыр. Ол үшін бас мұфтиді ауыстырған жөн. Осыны ойластырыңызшы?» деп. Сіз: «Біз зайырлы мемлекетпіз ғой, діннің ісіне араласпаймыз, ондай нәрсе қолымыздан келмейді ғой» деп жауап беріпсіз. Сонда Қалтай ағамызы: «Нұреке, бір мұфтиді ауыстыру екі парламентті таратудан қыын болып па?» дейтін көрінеді...

— Қалекен де әзіл айта билетін... Әзілге әзіл ретінде қарау керек. Ал байсалды түрде айтсақ, ол кезде қалыптасқан жағдайдың драматизмі ерекше еді. Бір Парламенттің өзін-өзі таратуы, екінші Парламенттің Конституциялық соттың шешімімен заңсыз деп танылуы жас мемлекеттің парламентаризмі үшін оңайға түскен жоқ. Елдегі саяси ахуал үшін алдымен жауапты адам ретінде мен де талай тұста қатты толқыдым. Мені бәрінен бұрын ел өмірінің артық саясиланып кету мүмкіндігі алаңдатты. Біз бұл кезде «Алдымен – экономика, саясат – содан кейін» деген қағидатты ұстанып, реформаларды нақты қолға ала бастаған едік. Қоғамдық өмірдің артық саясилануы халқымызды жасампаздық жұмыстан алаңдататыны анық болатын. Сондықтан да менің Президент ретінде парламенттік дағдарыс қаупіне алаңдау сезімімді түсіну қыын емес. Уақыт өте келе, көп нәрсе үмітшылып, көмескілене бастаған кезде ғана сол жылдардағы қалыптасқан жағдай жайында салқын сабырмен сөйлей аламыз. Өз уақытында мұндай коллизиялар жас тәүелсіздігімізге, елдегі тұрақтылыққа едәуір салмақ салған еді. Әсіресе, реформалар қозғалысқа қосыла қоймаған, экономикалық ахуал өте қыын кезде саясаттағы орнықтылықтың қай кездегіден де қажеттірек екенін бәріміз билетінбіз. Осы тұрғыдан қарағанда мен елдіктің қыын бір белесі кезінде барынша байыптылық танытқан халқымыздың, мемлекет

тағдыры үшін жауапкершілікті сергек сезінген сол кездегі халық қалаулыларына разылығымды білдіруді парызсанаймын. Осының арқасында елімізде ешқандай парламенттік дағдарыс орын алған жоқ. Оның есесіне бұл оқиға жас мемлекеттің демократия сынағынан өткен үлкен мектебіне айналды.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Бұл – демократияның салтанат құруы. Өкіметтің барлық тармақтары өз қызметін атқарғандықтан ешқандай дағдарыс болған жоқ. Конституциялық сот сайлаудың заңсыз өткендігі туралы қорытындыға келу үшін жеткілікті мөлшерде сақтық пен пайымдылық таһытты...

Біз сіздің Конституциялық сотыңыздың шешімін құрметтейміз. Қазақстанда демократияның едәуір орнықандығын бүгін бүкіл дүние жүзі түсініп отыр. Сіздер бұның берінен өте байыпты және байсалды өттіңіздер, сондықтан да дағдарысқа ұшырамадыңыздар... Бұл ТМД мемлекеттері ғана емес, тіпті АҚШ-ты қоса, өзін демократиялық елміз деп санайтын басқа мемлекеттер үшін де жақсы үлгі болып табылады. Қазақстан демократияның шәкірті емес, ұстазы ретінде көріне алды. Бұл үшін барлық қазақстандықтар мақтануы керек. Қазақстанды АҚШ-тың да мақтаныш тұтатын жөні бар... Соңғы оқиғалар... Конституцияға құрмет көрсете алған Сіздің басшылығыңыздың да саяси беделін көтеріп тастады».

Уильям КОРТНИ,  
АҚШ-тың Қазақстан Республикасындағы елшісі.  
«Fасырлар тоғысында» кітабынан, 184-бет.

Парламент дағдарысынан кейін Президентке қайтадан Парламент сайланғанша кең өкілдік берілгені, әсіресе 1995 жылғы 29 сәуірде өткізілген республикалық рефе-

рендум қорытындысы бойынша Президент өкілеттілігінің мерзімі 2000 жылғы 1 желтоқсанға дейін ұзартылғаны жаңа Конституция жобасын дайындауға да мол мүмкіндік жасады. Біз бастаң кешкен екі жағдай елдің Негізгі Заңының мемлекет үшін, әсіресе оның саяси тұрақтылығы үшін қандайлық маңызды екенін бадырайта көрсетіп берді. Болашақ Конституцияның әрбір нормасы неше түрлі нұсқада жасалып, егжей-тегжейлі талқыланды. Ел болашағын айқындастырып, аса маңызды құжат дайындалап жатқанымызды бәріміз де сергек сезіндік. Барлық факторларды, барлық пікірлерді ескеру, солардың арасынан жаңылыстырмайтын жалғыз нұсқаны таңдау қажет етілді. Пікірталас салған беттен, жобаның алғашқы баптарынан ақ басталып кетті. Әрбір бап бойынша түпкілікті шешім әлгі пікірлердің барлығын талқылап болған соң ғана қабылданатын.

### **– 1995 жылғы Конституцияның 1993 жылғы Конституциядан қандай қағидатты ерекшеліктері бар дер едіңіз?**

– Ең алдымен түбегейлі қағидаттар ретінде қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістерімен, соның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу қарастырылды. Бұрынғы Конституцияда мұндай қағидаттар атымен белгіленбеген еді, соның өзі-ақ мемлекет саясатын болжап-білуі қыын нәрсеге айналдыратын. Эту баста таңдаған жолдан болашақта ауытқып кетпе-үімізге көмектесетін бағыт-бағдарлар ретінде белгіленген түбегейлі қағидаттар Негізгі Заңының рухын танытып тұрды.

Жаңа Конституция Қазақстанды президенттік республика деп жариялады. Басқарудың нақ осы нысаны Қазақстан жағдайында оңтайлы болып табылатынын және қоғамның саяси, экономикалық жүйелерін

ойдағыдай реформалауға барынша қолайлы жағдай жасайтының үақыт көрсетіп берді. Біраздан кейін, елдегі қоғамдық институттар тиісінше қүшейген кезде мен өз өкілеттіктерімнің біразын Парламентке бергенімді сөйтіп іс жүзінде Қазақстанды президенттік-парламенттік республикаға айналдыруға қадам жасағанымды халық биледі.

Жаңа Конституция Парламентті қоспалаталы етіп бекітті. Ол жөніндегі ұсынысымды 1993 жылғы Конституцияда өткізе алмағанымды жаңа айттым. Тағы бір маңызды мәселе – Парламенттің міндеті заң шығарушылық қызметке жұмылу екендігі нақты белгіленгені. Сонымен бірге, мемлекеттік бюджетті бекіту, Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасын мақұлдау немесе қабылдамай тастау, Премьер-Министрді тағайындауға келісім беру, Үкіметке сенімсіздік көрсету, оның мүшелерінің есептерін тыңдау деген сияқты құзыреттердің барлығы да Парламентке бекітілді.

Жобаны бүкіл халықтың талқылауы үшін баспасөзде жарияладық. Бұл іске қандайлық мән бергенімді мына бір мысалдан да көруге болады. Жоба жарияланатын күні жұмыс тобының мүшелері Бауыржан Мұхамеджанов пен Константин Колпаковқа баспаханаға өздерің барып, терілген мәтінді тікелей өздерің тексересіндер, өздерің қол қоясЫңдар деп тапсырдым. Олар маған түнгі сағат екі жарымда үйге телефон соғып, бәрі де қалпында екенін айтты. Сонда барып қол қоюға рұқсат алды.

Конституция жобасын бүкіл халық болып қалай талқылағанымызды айтып жатпай-ақ қояйын. Референдумда халықтың жаңа Конституцияға қандайлық қолдау көрсеткені де белгілі. Референдум нәтижелері шыққан сәтте менің бойымды ерекше қуаныш сезімі биледі. Мен бүкіл халықтың женісі үшін қуандым. Ойға алған мақсатқа жеткеніміз, біздің ісімізді қазақстандықтардың соншама қолдағаны қатты қуантты.

Қазіргі таңда Қазақстандағы өркенді өзгерістердің бәрі Ата Заңының аясында жүзеге асып келеді. Еліміздің

өркендеуі мен өрлеуінің негізі – Конституция. Мемлекеттіміздегі экономикалық қуаттылық пен саяси тұрақтылықтың негізі де – Конституция. Конституцияның орнықтылығы – елдің орнықтылығының кепілі. Сондықтан оның әрбір әрпіне құрметпен қарауымыз керек. Қит етсе Конституцияға өзгеріс енгізу ді ұсынып шыға келетіндер Ата Заңының қадір-қасиетін жете ескермейтіндер демеске амалың жоқ.

Тәүелсіздігіміздің алғашқы жылдарында біздің кемел келешегіміздің кепіліне айналатын баянды Конституция үшін күрес жеңісті болғанына бәріміз де күәміз. «Халық – биліктің қайнар көзі, Конституция – көптің киелі сөзі» дейтінім де сондықтан.

## ◆ ШЕКАРАНЫ ШЕГЕНДЕУ

– «Егер келіссөзге екі жақ қатысса және аяқталмай қойса, онда ол келіссөздің шекара мәселесі туралы болғаны» – белгісіз бір автордың юмормен айтылған осы сөзі шекара жайындағы әңгіменің қашанда шетін шығатынын көрсетеді. Тағы бір автордың «Саяси карталар қанмен боялады» деген сөзін де кездестіргенім бар. Құдайға шүкір деп айтайық, тәуелсіз Қазақстанның тарихы осы екі сөзді де теріске шығара алды. Егемендіктің елең-алаң шағынан бастап жүргізілген көп векторлы сыртқы саясаттың арқасында алыспен де, жақынмен де бірдей орнықты қарым-қатынас қалыптастырудың сәті түсті. Әсіресе, айналамыздағы елдермен мемлекеттік шекараларымызды заңды түрде, біржолата бекітіп алғанымыз – ерекше жетістігіміз. Сізге сұхбат кітабының келесі тарауының тақырыбына қатысты алдын ала жазба түсіргенімде ол әңгімені шекара мәселесін шешудің жай-күйіне арнауды ұсынғаным да сондықтан еді. Сөз басында жалпы шекара ұғымы, оның мемлекет үшін мән-маңызы деген жайларға тоқталсаңыз деген тілегім бар. Былайша айтқанда, мұның өзі белгілі жайларды түсіндіру сияқты көрінуі де мүмкін, әйтсе де әңгіменің өзінше бір глоссарийі ретінде артықтығы да болmas еді деп ойлаймын.

– Мемлекеттік шекара деп біз белгілі бір елдің құрлықтағы немесе судағы аумағының шегін көрсететін ме-

жені айтамыз. Сол меженің ішіне енетін әуе кеңістігі мен жер қойнауы және су түбі сол мемлекеттің аумағы болып табылады. Көршілес мемлекеттердің шекара межелері өзара келісімдер мен шарттарда белгіленетіні өзінен өзі түсінікті.

Шекаралар орографиялық, географиялық, геометриялық шекаралар деп бөлінеді. Орографиялық шекара деп жер бедерімен, негізінен тау жоталары мен өзен арналарын есепке ала отырып жүргізілген шекара сыйығын айтамыз. Мысалы, Еуропадағы біраз елдердің шекаралары Одер, Эльба, Прут сияқты өзендер арқылы өтеді. Германия Федеративтік Республикасы мен Германия Демократиялық Республикасы қайта қосылмай тұрғанда саяси әдебиетте «Одерден әрі қарай», «Одерден бері қарай» деген ұғымдар қолданылып келгені есінде бар шығар? Геометриялық шекара – елдер аумағын оның жер бедерін ескермей, елді мекендерді айналып өтіп тартылған шекара. Географиялық шекара дегеніміз жер бетіндегі екі нүктенің арасынан географиялық координаттар арқылы тікелей тартылған шекара сыйығы. Африканың картасына қарап отырсан, жер меридиандары мен параллельдері бойынша тартылған мемлекеттік шекара сыйықтары жиі кездеседі. Олардың шекараларын кезінде отарлаушы мемлекеттер мына меридианның бер жағы менікі, ар жағы сенікі дегендей ой қысынымен белгілей салған. Неге десең, Сахараның мидай елсіз шөлінде шекараны бұлталақтатып жатудың жөні шамалы.

Жалпы, тәуелсіз елдің басты белгісі – заңды түрде белгіленген өз территориясы болуы. Бәрі де осыдан басталады. Демократиялық қағидаттар халықаралық қарым-қатынастарда орныға қоймаған өткен замандарда бір елдің бір елге басып кіруі, сол жерді өз иелігіне айналдыра салуы қалыпты жайға айналып кеткен. Есте жоқ ескі кезеңдерді қозғамай-ақ қояйық, бергі уақыттың өзінде шекаралас елдердің арасында жер үшін қаншама қанды қырқыс болғанын білеміз. Сондықтан да мен 1992 жылдың өзінде-ақ, Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына

мүше болғаннан кейінгі Бас Ассамблеяның алғашқы сессиясында қалыптасқан шекараларды қайта қарауға шақырудың қандайлық зардаптары болуы мүмкін екенін айтқан едім.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«...шекаралар жөніндегі мәселе – кез келген сәтте жа-рылуы мүмкін оқ-дәрі қоймасы сияқты екенін түсіну қын емес, ал оның жалыны әдетте тек отпен ойнаушыны ғана емес, оған мұлдем қатысы жоқтарды да шарпиды.

Менің ойымша, қазіргі қалыптасқан шекараларды қайта қарау жөніндегі бір әрекеттің өзі-ақ салдарын болжап білуге болмайтын геосаяси тізбекті реакцияны ту-дыратыны айқын. Мемлекет аумағының мызғымастығы қағидатының мәнділігі туралы айта келе, бүгінде аз үлттардың құқықтары қебіне үлттардың өзін өзі билеу, тіпті өз алдына дербес мемлекеттер құру құқығымен теңдестіріліп жүргенін де атап көрсеткім келеді. Егер мұндай көзқарасты ұстанатын болсақ, онда болжамды түрде дүние жүзінде бірнеше мындаған экономикалық әлсіз мемлекеттер пайда болуы мүмкін... Бүгін таңда аз үлттардың құқықтарына орынды назар аударып отырған әлемдік қоғамдастық демократия мен бейбітшіліктің сал-танаты негізінде адам құқығының және үлттар құқығының салтанат құруы үшін олардың өлшемдерін айқын белгіле-уі тиіс екендігіне кәміл сенімдімін. Әйтпесе, үлттардың өзін өзі билеу құқығын желеу етіп, кез келген көпүлтты мемлекеттің тұтастығына құмән келтіріледі және жегідей жейтін сепаратизмнің ұшы-қыры болмайды».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
1992 жылғы 5 қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясының  
47-ші сессиясында сөйлеген сөзден.  
«Таңдамалы сөздер», II том, Астана, 2014,  
185-186-беттер.

Қалыптасқан шекараларды қайта қарауға шақырудың қандайы да тек шатаққа бастайды. Мен Германияның

Сыртқы істер министрі Ганс Дитрих Геншер ментәуелсіздікке дейін-ақ кездескен едім. 1991 жылғы қарашада. Сонда Геншер менің шекара мызғымастығы қағидаты туралы айтқанымды толық қолдады. Ол Еуропадағы соғыс атаулының бәрі шекараның қырсығынан шыққанын, сондай даудың бәрі насырға шапқанын айтты. Арғы замандарда талай жерлер талай мемлекеттердің қарауында болды, көбі қазір жоқ мемлекеттер. Сондықтан, бәрін тарихқа тіреи беретін болсақ, шекара туралы даудың қандайының да мәні қалмайды. Адамзат шекара дауын тыюы керек. Бұл әбден-ақ есте үстайтын сөздер.

Егер белгілі бір рудың, тайпаның өрісі мен қонысын сол рудың, тайпаның шартты түрде болса да шекарасы деп қарасақ, өзіміздің қазақта да жайылымдық, шабындық жер үшін ағайын арасында айтысып-тартысып, кейде қамшы сілтесіп, тіпті бас жарып, көз шығарып қалатын жағдайлар кездеспей түрмаған. «Жер дауы, жесір дауы» деп келетін сөз тіркестерінің туындастыны себебі содан. Айтқандай, кезінде мен бұл сөзді зиялды қауыммен бір әңгімеде айтқанмын.

Қаншама тәуелсіз ел болсаң да шекаран ашық-шашық жатса, ол іргедегі көршілердің тарапынан түгел мойындалмаса, ондай тәуелсіздіктен береке болмайтыны белгілі. Ендеше, әуелі Қытай Халық Республикасымен, сосын көршілес мемлекеттер – Қырғызстан, Түркменстан, Өзбекстанмен шекара мәселесін реттесек, енді Ресеймен де сондай үағдаластыққа жеткіздік. Сіздер сияқты қаламгерлер қауымына қазақ үшін қашанда «жер дауы мен жесір дауының» қаншалықты қыын болғандығын түсіндіріп жатудың өзі артық болар. «Сыбырлағанды құдай естімей ме?» дегендегі, арыдағы ежелгі Русь мемлекеті мен Қыпшақ даласы арасындағы шайқастар, шығыстағы жонғар мен қазақ соғыстары, хан Кене кезіндегі қазақ-қырғыз шекіслері, бертіндегі болған қақтығыстардың бәрі жер дауынан туынダメп па еді? Жалпы, жер дауы, шекара мәселесі түпкілікті шешілмесе ел ішінде тыныштық, тұрақтылық болмайды, тұрақтылық жоқ жерде эко-

номика алға баспайды, ал бұл екеуі жоқ болса, мәдениет пен ғылымның алға жылжыу мүмкін емес, дегенім есімде. Алысқа бармай-ақ қояйық. Қазіргі қырғыз-өзбек, өзбек-тәжік арасындағы келіспеушіліктің бәрі шекарасының бекітілмегенінен болып жатыр. Ресей-Украина арасындағы жанжалдың да негізі шекара мәселесінің түгелдей шешілмеуі.

– 2014 жылы мен Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтан сұхбат алған болатынын. «Егемен Қазақстан» мен «Казахстанская правдаға» қатар жарияланған сол сұхбатта сіздің сан-салалы қызметіңіздің дипломатиялық қыры турады да сұрақ қойған едім. Сонда Қасым-Жомарт Кемелұлы елдің сыртқы саясат тұжырымдамасы сіздің «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты еңбегіңізге сүйеніп жасалғанын айтқан болатын.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

« – Біздің сыртқы саясат ведомствосын – Сыртқы істер министрлігін талай жылдар бойы басқарған адам ретінде сізге Президенттің дипломатиялық қыры турады сұрақ қоймай тұра алмаймын. Ең алдымен Қазақстанның шектес елдермен мемлекеттік шекарасын халықаралық-құқықтық тұрғыдан бекітуге қол жеткізудегі Елбасымыздың еңбегі жөнінде сұрағым келеді.

– Ұзындығы 13 мың шақырымнан артық мемлекеттік шекараны делимитациялау мен демаркациялау – Елбасымыздың стратегиялық тұрғыдан ойлау қасиетінің тағы бір дәлелі. Шекараның халықаралық-құқықтық тұрғыдан ресімделуі және Қытаймен, Ресеймен, Өзбекстанмен және басқа да көршілес елдермен шарттарға қол қойылуы әлемдегі қазіргі жағдайды ескере келгенде жер көлемі бойынша дүние жүзіндегі тоғызыншы орында тұрған біздің мемлекетіміздің ау-

мақтық тұтастығы мен қауіпсіздігі түрғысынан ерекше маңызға ие.

Қазақстанның әкімшілік шекарасы тәуелсіздікке қол жеткізілгенге дейін нақпа-нақ заңды түрде бекітілмегені белгілі. Негізінде, заңды бекітілген шекара – халықаралық құқықтың басты екі қағидатының – шекаралардың бұлжымастығы мен мемлекеттің аумақтық тұтастығы қағидаттарын сақтаудың кепілдігі. Тәуелсіздік алғаннан кейін-ақ Президент дипломатиялық қызметтің алдына стратегиялық түрғыдан маңызды міндетті – шектес мемлекеттердің бәрімен шекаралық шептерді анықтап, құжаттау міндеттін қойды. Нұрсұltan Әбішұлы бұл міндетті қойып қана қойған жоқ, бұл жұмысты өзі басқарды, әрбір детальға мән беріп, жоғары деңгейдегі келіссөздер кезінде табандылық танытты, әр мәселе бойынша біздің көзқарасымызды сенімді түрде негізденп отырды. Шекараны делимитациялау ісінің аяқталуының Қазақстан үшін маңызына сез жетпейді. Экономикалық деңгейі мен даму серпіні бойынша әрқылы елдермен аумақтық мәселе дау-дамайсыз шешілді, шекаралық шептеріміздің барлық бағыттары бойынша қауіпсіздігінің халықаралық-құқықтық кепілдіктері қамтамасыз етілді.

Сыртқы саясат – толықтай Мемлекет басшысының құзыретіндегі іс. Президенттің бұл салаға жасаған қамқорлығының арқасында тәуелсіздіктің таңсәрі шағындаға құзінде Қазақстанның дауысы барлық көпжақты форумдарда естіле бастады. Қеңестік кезеңде Қазақстанда дипломатия іс жүзінде болмаған да еді. Республикалық СІМ тек консулдық және хаттамалық шаруаларды ғана атқаратын. Тәуелсіз мемлекеттің Сыртқы істер министрлігі Қазақстанның Сыртқы саясат тұжырымдамасының негізгі қырларын талдап-жасау барысында ең алдымен Нұрсұltan Назарбаевтың «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты іргелі еңбегінде баяндалған қағидаттар мен міндеттерге арқа сүйеді, ол стратегияда Президент елдің сыртқы саясатының бағыттарын да айқындалап берген болатын».

«Дауір тудырған Елбасы»,  
«Егемен Қазақстан», 2014, 4 шілде.

— Сіз жаңа мемлекеттің құрудың бастанапқы белесінде шекара мәселесінде қандай ұстанымдарды басшылыққа алдыңыз? Исті неден баstadtыңыз?

— Наполеоннан қалған қанаттың сез көп қой. Солардың бірі – «Мемлекеттің саясатының географиясы айқындаиды» деген сөзі. Өте дәл айттылған. Мысалы, біздің теңізге шыға алмайтын мемлекет ретіндегі сипаттымыз бүкіл экономикалық саясатымызға дәйім әсер ететін болады. Сондықтан да біз теңізге шыға алатын көршілерімізben қарым-қатынасқа ерекше құнтылықпен қарауға тиіспіз. Бұл жөнінде мен Ұлытаудағы сұхбатымда айтқанмын. «Біздің «теңізіміз» – Ресей территориясы. Біздің «теңізіміз» – Қытай территориясы. Осы екі мемлекеттіңеңіз деп санасақ, біз солардың жағасында тұрмыз, дегенмін. Әрине, ол айтқаным – бейнелі сез. Экономикалық интеграция арқылы шекара шептерін кеңейте алатынымызды білдіргенім. Бірақ, Қазақстанның теңізге тікелей шығатын мүмкіндігі жоқ мемлекеттер қатарында қала беретіндігі де анық. Сондықтан біз үшін шекараның мәні тіпті бөлек. Шекара мәселесі, яғни еліңнің сыртқы шептерінің қай мемлекетпен шектесетіндігі тікелей мемлекеттілігіңнің тағдырын айқындаі алатын мәселе. Сондықтан да біз тәуелсіздігіміздің таңсәрі шағында-ақ геосаяси жағдайымыздың өзіндік ерекшелігі елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ең алдымен саяси құралдарға, оның ішінде көкейге қонымды, сарабдал дипломатияға арқа сүйеуді талап ететінін нақты түсіндік. Сейттік те үлттық қауіпсіздік стратегиясының негізгі қағидаттары елдің мемлекеттік және аумақтық тұастығын бәрінен бұрын бейбітсүйгіш саясат, қалыптасқан шекаралардың мызғымастығын қорғау арқылы қамтамасыз ету болуға тиіс деп белгіледік. 1991 жылғы аласапыран кезінде бет-бетімен кетудің аз-ақ алдында тұрған кеңестік республикалар басшыларының басын Алматыда қостырып, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құрған Алматы Декларациясында кеңестен кейінгі республикалардың мем-

лекеттік шекаралары КСРО тараған кездегі бұрынғы кеңестік республикалардың әкімшілік-аумақтық шекаралары болады деп көрсетілуіне қол жеткіздік. Ресми турде белгіленген, бекітілген шекараны қай мемлекеттің де бір жақты бұзыу немесе қайта қарауға тырысусы халықаралық құқыққа қайшы келеді деген ұстаныммен Алматы Декларациясына қол қоюшылардың бәрі де келісті.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлемнің саяси картасы негізінен белгіленіп болғаннан кейін де қаншама территориялық қақтығыстар өткені мәлім. КСРО тарих сахнасынан кетуге жақындаған кезде радикалистік ұстанымдағы саясаткерлер, ашықтан-ашық ұлтшылдық бағыттағы қайраткерлер бір кезде әділетсіз бөлінген деп санаған шекараларды қайта қарауды талап етіп жатты. Шекара дауларын келіссөз жолымен реттеудің мүмкіндігі табылмаған тұстарда тіпті бір елдің ішіндегі, тіпті «еркін елдердің мызғымас одағы» деп саналып, гимнде шырқап келген КСРО-ның өзіндегі республикалар арасындағы шиеленісті қарым-қатынастар тікелей қақтығыстарға соқтырды. Таулы Қарабақ жері үшін басталған армян-әзербайжан қақтығысы солай туындаған еді. Оның 1991-1994 жылдарда кәдімгі кең ауқымды соғыс қимылдарына үласқаны белгілі.

– Иә, сіз Ельцин екеуіңіз сол тұста Арменияға, Әзербайжанға барып, арағайындық миссия жасағандарыңыз есте. Мәскеу әуежайына түскен бетте бір тележурналистиң сізге: «Қай конъякты көбірек ұнатасыз? Армян конъягын ба? Әзербайжан конъягын ба?» деп сұрақ қойғаны да есте. Сонда сіз: «Мен орыс арағын көбірек ұнатамын», деп әзіл сөзбен ұстатпай кеткен болатынсыз.

– Қитүркцы сұраққа солай жауап беру керек. Мәселе конъяктың дәмінде емес екені белгілі ғой. Сөзді түсінетін адам менің де сол екі арада орыс арағын мақтай қалмағанымды ұгады. Айтқандай, біздің ол миссиямыз дәл

солтұста нақты нәтиже бермегенімен, кейінгі келіссөздерге жол ашқаны, сөйтіп Таулы Қарабақтағы қанды қырғынды тоқтатуға септігін тигізгені анық.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«27 тамыз.

Қазақстан астанасы Алматыда Президент Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Таулы Қарабақтағы қақтығысты реттеу мәселелері бойынша үш жақты келісімдер басталды. Оған Әзербайжанның, Арменияның және Қазақстанның сыртқы істер министрлері қатысты. Келіссөздің бірінші турынан кейін де, келіссөз аяқталғаннан кейін де оған қатысушыларды Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев қабылдап, дәл қазір мәселе кімдік дұрыс, кімдік бұрыс дегенді анықтауға тіреліп тұрмағанын, бұл үшін едәүір үақыт, қыруар күш-жігер керектігін, бұғынгі таңдағы басты міндеп қақтығысты тоқтатудың нақты жолдарын іздестіру екендігін атап өтті. Әзербайжан мен Арменияның сыртқы істер министрлері Қазақстан Президентіне бітімгершілік қызметі үшін алғыстарын білдірді. Келіссөздің қорытындылары бойынша қол қойылған меморандумда екі елдің министрлері Әзербайжан мен Арменияның соғыс қимылдарын 1992 жылдың 1 қыркүйегінен бастап тоқтатуға дайын екендіктерін мәлімдеді. Бұл мерзім президенттер – Н.Назарбаев, Ә.Елшібей мен Л.Тер-Петросян арасындағы үағдаластық бойынша келісілді. Президент Н.Назарбаевтың келіссөздер қорытындысы бойынша жасаған мәлімдемесінде: «Президенттер Әбілпаз Елшібей мен Левон Тер-Петросянның әзербайжан және армян халықтарының асқақ мұддесі үшін қызбалықтан және өткеннен қордаланғанның бәрінен басым түскен даналығына, батыл шешіміне тәттімін. Сондай-ақ өзара қолайлы шешім іздеуде төзімділік пен табандылық танытқандары үшін Армения мен Әзербайжан Президенттеріне шын көнілден ризалығымды білдіргім келеді», деп атап айтылған.

З қыркүйек.

Әзербайжанның Қазақ ауданы мен Арменияның Ижеван ауданы аралығындағы шекараада осы екі мемлекет президенттерінің, сондай-ақ, Қазақстан Президентінің өкілдері Армения мен Әзербайжан арасындағы соғыс қимылдарын тоқтату туралы хаттамаға қол қойды».

Сауытбек АБДРАХМАНОВ,  
«Тәуелсіздік шежіресі», Астана, «Елорда», 2001,  
33-34-беттер.

Саясаткерлер, дипломаттар өз еңбектерінде Эфиопия мен Сомали, Иран мен Ирак, Израиль мен араб елдері, Үндістан мен Пәкістан, Аргентина мен Ұлыбритания, Қытай мен Үндістан арасындағы келіспеушіліктен шыққан қанды қырғындарды мысалға келтіріп, іс жүзінде қазіргі заманның саяси картасы сан түрлі әскери қақтығыстар мен отаршылдық соғыстардың, ұлт азаттық қозғалыстарының нәтижесінде жасалған халықаралық шарттардың нәтижесі деп санайды. Сонымен бірге, әлемдік практикада шекара мәселелерін өркениетті, бейбіт тәсілдермен, өзара үағдаластықтар негізінде реттеудің талай жақсы мысалдары бар екенін де айтады.

Жаңағы «Істі неден бастадыңыз?» деген сауалыңа біз бұл істі тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен өз еліміздің халықаралық құқықтың барлық нормалары мен қағидаттарын толық сақтайдынын мәлімдеуден бастадық дер едім.

– Нұрсұлтан Әбішұлы, сұхбатқа дайындалғанда мен сіздің егемендіктің елең-алаңында осы мәселе бойынша мәлімдеменіздің мәтінінен үзінді жазып алған едім. Соны оқып берейін. Былай дегенсіз:

«Ең алдымен біз өз саясатымыздың бейбітшілік сүйгіш бағытын жария етеміз және әлемнің бірде-бір еліне терриориялық талабымыз жоқ деп мәлімдейміз. Жауапкершілікті сезіне және кез келген әскери қақтығыс апattyы салдарларға соқтыратынын түсіне отырып:

- бейбітшілікті сақтауды Қазақстанның мемлекеттік саясатының басым мақсаты деп танимыз;
- соғысты немесе әскери күшпен қорқытуды саяси, экономикалық және басқа да мақсаттарға қол жеткізу дің құралы ретінде кері серпіп тастаймыз;
- қалыптасқан шекаралардың мызығымастыры, басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау қағида тының ұстанамыз деп мәлімдейміз».

– Сол сөзіміз – қазір де сөз. Мемлекеттілік негізі – аумақтық тұтастық. Біздің Конституциямызда республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтитындығы, мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз ететіндігі көрсетілген. Ал бұған толық қол жеткізу үшін көп жұмыс атқаруға тұра келетінін үақыттың өзі дәлелдеп берді.

Өкінішке орай, өткен замандарда жалпы халықаралық қарым-қатынастарда, соның ішінде біз құрамында болған Ресей империясында, одан кейінгі Кенес Одағында шекара мәселелеріне тиісінше көңіл бөлінген жоқ. Мысалы, Қытайдың Ресейге территориялық талап қоюы сонау Цин империясы ыдыраған кезден бері жалғасып келді. Сан түрлі ғасырларда Қытай бүкіл Байкал бойы мен Қыыр Шығыстың талай жеріне көз салумен болған. Патшалық Ресей олардың ешқайсысын ескерген емес. Ол саясатты большевиктер де жалғастырды. Лениннің «Для интернационалиста вопрос о границах второстепенный, если не десятистепенный» деген сөзі белгілі. Қолы жеткен жерін қосып ала берген патша өкіметі де, біресе Финляндияның бір бұрышын, біресе Польшаның бір бұрышын кесіп ала берген, қаласа Қырымды Украинаға, қаласа Бостандықты Өзбекстанға сыйлай салып жүрген кешегі кеңестік өкімет те шекараны өктемдік жолмен шешіп келгені мәлім. «СССР с кем хочет, с тем и граничит» деген қылжақ сөз солай шыққан фой.

КСРО сынды алып мемлекеттің ыдырауы оңай болған жоқ. Тоқсаныншы жылдардың басында бұрынғы КСРО-ның күнгей шекаралары тұрақсыздық пен әскери шие-

леністер шебіне айналып шыға келді, Ауғанстандағы соғыс шекараны аттап өтіп, Тәжікстандағы азаматтық жанжалдармен жалғасты. Оның бер жағында Қазақстан қол созым жерде түрған еді. Жауапсыз саясатшылардың бауырлас халықтар – өзбектер мен қырғыздарды бір-біріне айдан салғанын да, қырғыз-тәжік шекарасында су мен жер үшін әлденеше қақтығыс болғанын да көрдік. Осының бәрі шекара мәселесін түбегейлі шешу қажеттігін түпкілікті көрсетті.

**– Енді айналамыздағы шекаралардың жайына нақтырақ тоқталуға ауыссақ. Қытаймен шекараны алайық. Ең қыын мәселе осы болды ғой?**

– Солай деуге болады. Бізге КСРО-дан қалған ауыр мұра көп еді. Солардың ішіндегі ең ауырының бірі – шекара мәселесінің шешілмегендігі еді. Бізге қалған ауыр мұраның ең үлкені Қытаймен екі арадағы шекара мәселелері еді. 1700 шақырымға созылған шекараның өн бойына бұрын қаптаған қарулы күш шоғырландырылғанды. Қытай-кеңес шекаралары ұзақ жылдар бойы шиеленіс шебі бол келгені белгілі. Қытай мен КСРО-ның арасындағы шекара дауының әбден шегіне жеткен жері Даман аралындағы 1969 жылғы қақтығыс. Онда жүздеген адам оққа ұшқан. Сондай қақтығыстардың бірі қазақ жерінде де орын алды. Дәл сол жылы Жалаңашкөлде совет және қытай әскерлерінің қанды ұрысы болғанын да ұмыта қойған жоқпыз. Семей аймағында Қытай әскері шекараны бұзып, біздің жерімізге кіріп кеткен еді.

**– Бұл тұста «біздің жерімізге» деу дәл келеді. Ал Да-ман аралы жөніндегі әңгіме басқашалау болып шықты. Жүздеген адамның өлімімен аяқталған ол қырғын қақтығыстың соңы ақыр аяғында аралдың Қытайға тыптыныш жағдайда беріле салуымен аяқталды.**

— Солай аяқталатын жөні бар екен. Демократиялық үрдістер орнығып, халықаралық қарым-қатынастарда заңдылыққа тоқтау белең ала бастаған кезде жүргізілген жаңа келіссөздер барысында Даман аралының Қытайға тиесілі екені анықталған. Сөйтіп, Даман Қытайға өткен. Ол арал қазір басқаша аталады.

Ресей-Қытай шекарасында неміз бар, біз өз мәселемізді сөз етейік те деуге де болатын сияқты көрінеді. Бірақ, олай дей алмаймыз. Өйткені, біздің Қытаймен шекарамыздың белгіленуі негізінен Ресей-Қытай, КСРО-Қытай шекараларының қалай қалыптасқанына тікелей байланысты.

Қазақстан-Қытай шекарасының айқындалу тарихы ұзақ. Кемінде үш ғасырдай үақытты алып жатыр. Ал жалпы қағаз жүзінде, құжат күйінде ресімделе басталуының өзіне 150 жылдан асты. Қазақ жері Ресей империясының құрамында болған кезде Ресей мен Қытай арасындағы мемлекеттік шекара алғаш рет заңды түрғыдан құжатталған. Оның өзі Ресей мен Цин империясының Орталық Азиядағы геосаяси мұдделеріне тікелей байланысты. Сол тұста Жетісу жеріне төрт жақтан бірдей дәмелілер шыққан еді. Бұл қүйқалы аумаққа осы жердің байырғы иесі ретінде қазақтар, жердің біраз бөлігін нақты басып алған Қоқан хандығы, Жоңғарияны жеңген, сөйтіп, оның қол астындағы аумаққа иелік етуге құқым бар деп санаған Қытай, қазақ хандарынан орыс мемлекетіне адалдыққа ант қабылдаған Ресей таласты. Осындай жағдайда Ресейдің де, Қытайдың да сол жердегі өздерінің иеліктерін таңбалайтын шекаралық шептерді белгілеп алуға мұдделі болуы заңды еді. Оның үстіне қазақ жерінің Қытай жақ беті де тыныш емес болатын. Шыңжаңдағы бітпейтін де қоймайтын үлттық көтерілістерден қажыған Қытай да Іле өлкесіндегі шекарасын заңдастырып алуға ықылас танытты. Ресей мен Қытай арасындағы аумақтық шектеу жөніндегі келіссөздер Шәуешекте 1862 жылы басталған екен. Оның хаттамасына 1864 жылы қол қойылыпты. Шәуешек хаттамасы бойынша қазақтар аумақтық шектеу

бекітілген кезде олардың көшіп барған жерлері қай елдің аумағында қалса, сол елдің бодандары саналатын болып белгіленген. Қазақтың көптеген руласының бөлініп, ол елде де, бұл елде де тұрып келгені содан. Әлгі қылыш көзенең мынандай бір әңгіме айтылады. Ресей жағынан, Қытай жағынан шекара белгілеушілер келіп, «Мемлекеттер жерді белгілеп алды, шекара мына жерден өтеді, қай ауыл қай жақта қалатынын шешіп, сол жаққа көшсін» деген сияқты әңгіме айтқанда асып-сасқан қазақтардың бірі: «Тақсыр, осы біз ешкімге қарамайтын болсақ, осы жерде өзімізben өзіміз тұра берсек қайтеді?» дейтін көрінеді... Бұл да болса шекара белгілеудің халықтар тағдырына, адамдар тағдырына қандай әсер ететінін көрсететін жайғой.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Ресей мен Қытайдың Орталық Азиядағы территориялық аражік ажыратуының одан былайғы барысы Қытай тарапынан 1881 жылғы мамырда, Ресей тарапынан тамызда ратификацияланған Петербург шартының жалпы талаптарымен айқындалды. Ратификациялық грамоталар алмастырылғаннан кейін ресейлік және Қытайлық мамандар белгіленген шекара сызығын демаркациялау жөніндегі жұмысты жалғастырды, сондай-ақ Іле өлкесін Цин билігіне беру жүзеге асырылды. Іле өлкесін беру және қабылдану алу жөніндегі хаттамаға 1882 жылғы наурызда қол қойылды. 1882-1884 жылдардың ішінде Орталық Азиядағы Ресей-Қытай шекарасының бүкіл өн бойында дерлік шекараны демаркациялау жұмысы жүргізілді және бірқатар мынандай арнаулы хаттамаларға қол қойылды.

1. 1882 жылғы 16 қазандағы Боротала хаттамасы, ол Нарынқол өзенінің бастауынан Қаратабанға дейінгі аралықты демаркациялады.
2. 1882 жылғы 25 қарашада Қашқарда жасалған хаттама, ол Бедел асуынан Нарынқол өзенінің бастауына дейінгі аралықтағы шекараны анықтады.

3. 1883 жылғы 31 шілдеде Сарыөлең-Чиборда жасалған хаттама, ол Мұстаудан Аққаба өзеніне дейінгі шекараны тиянақтады.

4. 1883 жылғы 21 қыркүйекте Шәуешекте жасалған хаттама, ол Қаратабан асуынан Хабарасу асуына дейінгі шекараны бекіткен.

Жүргізілген терриориялық шектеу Ресей империясының бодандары болып табылатын көптеген қазақтарды Қытай жерінде, Барлық тауында қалдырып қойды. Олардың тез көшүі көп қындыққа түсті де, Ресей үкіметі Қытай билігіне Барлық тауын Ресейге беру жөнінде өтініш айтты. Цин билігі бұған келіспейтінін кесімді түрде білдірді, бірақ сол жерді Ресей терриориясы аумағында уақытша пайдалану үшін 10 жылға қалдыруға келісті, бұл 1883 жылғы 21 қыркүйектегі ерекше Шәуешек хаттамасында бекітілді. Ол мерзім өткен соң 1893 жылғы 30 қыркүйектегі акті бойынша аталған тау маңындағы терриория Қытайға қайтарылды».

«Правда о государственной границе  
Республики Казахстан»,  
А., «Жібек жолы», 2014, 33-34-беттер,

Шәуешек хаттамасының тез орындалмауының бір себебі – Шыңжаңдағы дүңғандар мен үйғырлардың көтерілісі. Ақыр аяғында 1871 жылды Ресей әскерлері Жонғарияның стратегиялық тұрғыдан маңызды саналатын Іле өлкесіне еніп, оның орталығы – Құлжаға бекініп алады. Мұның соңы Цин империясы үкіметінің Іле өлкесін өзіне беру туралы мәселе көтеруімен, ілелік үйғырлар мен дүңғандардың Ресей бодандығына өту жөнінде өтініш білдіруімен, соған байланысты екі елдің арасы едәүір үшіншімен, 1881 жылды Петербург шартына сәйкес шамамен 70 мыңдай үйғырлардың, дүңғандардың, қазактардың Ресей жеріне көшүімен аяқталған. Сол оқиғалар түсінде экономикалық тұрғыдан да, әскери тұрғыдан да анағұрлым күшті Ресей империясының шекара белгілеу кезінде талай жерде белден басып жібергені, тіпті шека-

раны Қытай жағына қарай 10-15 километрге дейін жылжытып қоюға дейін барғаны белгілі. Әсіресе, 1917-1922 жылдардағы азамат соғысы кезінде мемлекеттік шекара қараусыз қалып, шекаралық бағаналар жойылған. Мысалы, Мақаншы мен Алакөл маңайында 20 шекара белгісі құртылып, бұл кейіннен кеңес шекарашиларына Қытай аумағына біраз жерге дейін сұғына кіруге мүмкіндік берген. Панфилов ауданындағы Қорғас өзенінің бастауы жағында, Алакөл ауданындағы Сарышілде өзенінің түсында шекара Қытай жеріне едәуір жылжытылып жіберілген.

— Ол тұста кәдімгі анекdot дейтіндей жағдайлар да ұшырасыпты. Сыртқы істер министрлігі шығарған «Правда о государственной границе Республики Казахстан» деген кітапта мынандай бір оқиға айтылады. Фриде деген бір комиссар-демаркатор патшаға өтініш жазып, он алты бөтелке шампанның шығынын төлөттіріп беруді сұрапты. Сөйтсе ол шекараны бірге белгілеп жүрген қытайлық әріптесін жаңағы он алты бөтелке шампанмен қайта-қайта суарып, ол ұйықтап жатқан кезде шекараны Ресейдің пайдасына жылжытып келген көрінеді... Тағы бір ресейлік комиссар-демаркатор өзінің күнделігіне қытайлық әріптесі апиынды тарта-тарта есінен ауа құлағанын, әрі қарай өзі жеке кетіп, шекараны қалағанынша белгілеп алғанын жазыпты...

— Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында, яғни Мәскеу мен Бейжінің арасындағы идеологиялық тек-кетірес әбден асқынған кезде кеңес-қытай шекарасындағы жағдай да өте қыындаған. 1964 жылы басталған келіссөздер ақыры үзіліп қалған. Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Кеңес Премьері Чжоу Эньлай шекарадағы таласты участекелер жөніндегі мәселенің шешілмеуі қантөгіске соқтырмай қоймайды деп мәлімдеген болатын сол кезде. 1967 жылдан бастап КСРО шекарасын бұзу жиілеп, оның аяғы бағана айтқан Даман аралы мен Жалаңашкөлдегі қақтығысқа соқтырғаны белгілі. Бұл мәселенің кеше-

гі кеңестік кезеңде ушыққаны соншалық, 1967 жылы ҚХР сыртқы істер министрі Чэнь И кеңес-қытай қарым-қатынастарын үзу және соғыс жариялау мүмкіндігі жөнінде мәлімдеуге дейін барғандығы, ал Чжоу Эньлай АҚШ-пен соғыстан бұрын Қытай мен КСРО арасында шекара соғысы басталуы мүмкін екендігін аңғартқандығы белгілі. 1969 жылғы екі қанды қақтығыстан кейін ядролық қаруға ие екі ірі социалистік державаның соғыстың ерне-үне келіп тірелгенін бәріміз білеміз.

**– Кеңес Одағы мен Қытай сол тұста соғысқа шындалап дайындалды деуге бола ма?**

– Әбден болады. Шекараның екі бетіне жер қайысқан қалың әскертоптастырылған еді. Сол тұста Түркістан әскери округіне қоса жаңадан Орта Азия әскери округі құрылғаны мүның нақты дәлелі. Тянь-Шаньның екі бетіндегі талай асуларға әскери техника толтырылып, бекіністер, аэродромдар мен арсеналдар салынғаны белгілі.

**– Осыдан біраз жыл бұрын Нарынқолға барғанымыздада кәдімгі дзоттарды көргенбіз. Өте қалың етіп құйылышп, төрт жағынан оқ ататын тесіктер қалдырылады екен.**

– Қазақстан сондай текетірестің нағыз өтінде түрған еді. Әйтеуір, үлкен жанжалдың өрті өрши қойған жоқ абы-рой болғанда. Сөйтіп, Ресей империясы да, Кеңес Одағы да Қытаймен шекараны түпкілікті анықтамаған күйі тарих сахнасынан кетті. Сондарына дау-дамай шығатындағы көп мәселені қалдырып кетті. Ол түйіннің бәрін біздің тарқатуымыздға тұра келді.

**– Бұл түйіннің тамаша тарқатылғаны бүгінде барша-ға белгілі. Енді осы іргелі істің нақты атқарылуы туралы айтсаңыз деймін.**

– Қазақстан-Қытай шекарасының барлық мәселелерінің халықаралық заңнама талаптарына сәйкес реттелуі – біздің дипломатиямыздың жарқын жетістігі. Қазақстан небәрі он жылдың ішінде Қытаймен территориялық мәселені толық реттестіре алды. Демаркацияланған шекараның жалпы ұзындығы 1783 километрді құрады. Откен ғасырдың 60-шы жылдарында басталып, әлемнің екі ірі ядролық державасын қарулы қақтығысқа жеткізген, оны былай қойғанда кәдімгі соғысқа жақыннатуға дейін барған талас жаңа жағдайда толық шешілді.

Шекара сыйығын белгілеу жөніндегі жұмыс екі кеңеңнен тұрды. Әуелде, 1994 жылы шекараның ұзына бойындағы сыйықтың өтуі туралы келісімге қол қойылды. Талас тудыратын участеклер ғана ол келісімнен сырт қалдырылды. Мұның өзі екі жақтың шетін мәселе бойынша келісуге әзірлігін қуаттаған үлкен қадам еді.

– Саяси әдебиетте сіздің сол кездегі Қытай басшысы Цзян Цзэминьмен жеке қарым-қатынасының екі елдің арасындағы шекара мәселесін шешудің үлкен факторы болды деген пікір жиі айттылады, жазылады. Бұл жөнінде сіз не дер едіңіз?

– Мұндай үлкен саяси мәселе тек жеке қарым-қатынас арқылы шешілді деу қате болар еді. Келіссөздерде әр мемлекет өз мүддесін қорғауға тырысады. Бұл істе тек білім, нақты аргументтер керек. Екі елге де тиімді ұсыныстар және компромисс қажет. Осылардан кейін жеке қарым-қатынастың көмегі болуы мүмкін.

Менің Қытай еліне алғашқы ресми сапарым 1993 жылдың қазанында жасалды. Қытай тарапы ол сапарға ерекше мән беріп, ел басшылығы бөлекше қонақжайлышық танытты. Сонда Қытай басшылығы халықаралық істерде барлық мемлекеттердің, олар үлкен болса да, орташа болса да, тіпті кіші болса да, тең құқықты қарым-қатынас жасауын табанды түрде жақтайдынын көрсетті. Қазір де

көрсетіп келеді. Қытай тарабы менің екі ел арасындағы шекараны делимитациялауға кірісуге, сондай-ақ, кезінде Қытай Халық Республикасы мен Кеңес Одағының арасында басталып, үзіліп қалған қарулы күштерді қысқарту және шекара маңындағы сенімді нығайту, екі ел арасында достық қарым-қатынас орнату жөніндегі келіссөз үдерісін жалғастыруға шақырған ұсынысыммен де толық келісті. Қытай басшысы Цзян Цзэминь шекараны заңдық тұрғыдан қағазға түсіру жөніндегі ұсынысты да бірден қолдады. Келіссөз кезінде ол Қытай Қазақстанға терриориялық талаптар қоймайды, шекара мәселелері бізге тарихтан мұраға қалған, ал оларды келіссөз жолымен, тең құқықтылық қағидаты, мәмілеге келу және өзара жол беру негізінде шешүге болады деген өте маңызды мәлімдеме жасады.

– Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Нұр мен көлеңке» атты кітабында сізben бір кездесуінде Цзян Цзэминьнің шекара проблемасын тым сұрлей бермей шешу керек, басшылардың келер буындары бұл мәселені шеше алмауы мүмкін, ондай жағдайда біз өзіміздің үрпақтарымызға көп қыындықтар қалдырамыз дегенін келтіреді. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?

– Солай болғаны рас. Бір кезде сонау Балқашқа дейінгі жерлерді Аспанасты еліне тиесілі деп карта шығарылған мемлекетте жаңа геосаяси ахуалмен санасу белең алғаны үшін, сондай жағдайға жеткізген тәуелсіздігіміз үшін тәубе деймін. Ең басты мәселені – шекара мәселесін шеше алғанымыз екі елдің арасындағы достық қарым-қатынасты одан әрі дамытуға негіз болды. Оған Қытайдың сол кездегі басшысы Цзян Цзэминьмен іш ашысып ұзақ сөйлескенім қолайлы жағдай жасағанын «ғасырлар тоғысында» деген кітабымда жазғанмын. Цзян Цзэминь – көпті көрген, талай өткелектен өткен тұлға. Өзі Мәскеуде оқыған. Орыс, ағылшын, жапон тілдерін жетік білетін кісі. Орыстың

классикалық әдебиетімен өте жақсы таныс. Мұзыканы сондай жақсы көреді. Өзі ән айтады. 2002 жылы Шыұның Сандар бургегі саммитінде қабылдау кезінде мен өзіміздің «Дударайды» шырқап бергенімде ол аңтаң қалып еді. Менен кейін дәл сол әнді өзі айтты. Қытай тілінде айтты. «Біздің әніміз сіздерге қалай жеткен?» деп сұраған. Енді мен аңтаң қалдым. «Бұл біздің әніміз – орыс қызының қазақ жігітіне ғашық болып шығарған әні», дедім. Сөйтсем, «Дударай» Қытайда халық әні болып саналады екен, әрине, мүлдем басқа мәтінмен айтылады. Аты – «Ақ лалагүл». Қысқасы, Қытай басшысының парасаттылығы, болашақтың биғінен қарай білетіндігі осы күрделі мәселені үақтылы, өз деңгейінде шешүге септескендігі анық. Мемлекет басшыларының арасындағы адамдық жылы қарым-қатынастардың халықаралық саясатта үлкен рөл атқаратын кездері көп.

Әрине, шекара белгілеу сияқты аса маңызды мәселе де шешуші сөз мемлекеттер басшыларына тиесілі. Елдің осы істегі саясатының тұжырымын ел басшылары айқындаиды. Сонымен бірге, стратегиясы белгіленген шаруаның тактикалық тұрғыдан ойдағыдай жүзеге асырылуы, яғни келіссөздер үдерісінің көңілдегідей жүргізілуі, шекараның заңдық тұрғыдан мінсіз ресімделуі, тиісті адамдардың үпайымызды жіберіп алмайтындағы білікті, табанды, елшіл, мемлекетшіл болуы да өте маңызды. Қазақстанның жас дипломатиясы сол биіктен табылғанын ерекше айтқым келеді. Бұл істе ол тұста көптеген жылдар бойы сыртқы саясат ведомствосын басқарған Қасым-Жомарт Тоқаевтың кәсіби қытайтанушы болуының да көп ықпалы тиді. Сыртқы істер министрлігінің осы жұмысқа тартылған командасты да тамаша біліктілік көрсетті.

**– Әңгіменің басындағы бір сөзінізде әуелде талас тұдырған участекелер туралы айттып қалып едіңіз. Сол участекелердің жайы қалай болды?**

— Бұл жайында «Правда о государственной границе Республики Казахстан» деген кітапта егжей-тегжейлі жазылған, соқырға таяқ ұстатқандай нақты көрсетілген. Ол кітапты оқыған адамның Қазақстан мен Қытай арасындағы мемлекеттік шекараны белгілеу кезінде біздің ешқандай есеміз кетпегеніне көзі жетеді. Нақты айтсам былай. Қазақстан тарабы Шаған-оба және Баймырза асулары маңындағы участкені территориияның 70 пайызы Қазақстанға, 30 пайызы Қытайға қарайтындағы етіп бөлуді ұсынды. Ал Сарышілде өзенінің маңайында бұл арақатынасты керісінше ету, яғни таласты жердің 30 пайызын Қазақстанға қалдыруды, 70 пайызын Қытайға қаратуды ұсынды. Екі ұсыныс та біраз талқылаудан кейін қабыл алынды. Ол ұсыныстар жасалардың алдында жаңағы жерлердің барлық мәліметтерін тиісті адамдар маған әкеліп көрсеткен. Ол жерлерде шекара белесі болғандықтан елді мекендер жоқтығы, қазба байлықтарының табылмағандығы, шаруашылық қызметінің жүйелі жүргізілмейтіндігі анықталған. Участкелерді бөлу нәтижесінде Шаған-оба төңірегіндегі орман алқабы, ал Сарышілде өзенінің төңірегіндегі шабындық, жайылымдық жерлердің бәрі, орманды жерлердің бір бөлігі бізде қалды. Нақты айтатын болсам, о баста келісілмеген екі участкеде жердің 57 пайызы Қазақстанға, 43 пайызы Қытайға тиесілі болып шешілді.

— Мен сіз айтып отырған кітаптан сол участкелердің нақты көлемін жазып алған едім. Шамамен 994 шаршы километр жердің 537 шаршы километрі Қазақстанға, 407 шаршы километрі Қытайға өткен екен.

— Сонда да біздегі баспасөз бетінде «Қытайға біраз жеріміз беріліпті» деген сияқты жосықсыз жайлар жазылып жатты. Кейін ондай көңіл-күйге Парламенттің біраз депутаттары да берілді. Келісімді ратификациялау мәселесін қараған отырысқа осы мәселемен тікелей

айналысқан мамандар шақырылмағандықтан, өз сұрақтарына тыңғылықты жауап ала алмаған депутаттар келісім жобасын жетілдіру үшін қайтарып тастады. Келесі отырыста білікті мамандардың жауптарынан кейін күмән туғызған мәселелердің бәрінің басы ашылып, келісім ратификацияланды.

Назар аударарлық жағдай мынау. Қытайдың өзінде де Қазақстанмен шекара жөніндегі шарттарға жүрттың бәрі бірдей риза болған жоқ. Аспанасты елінде Қытай үкіметі Қазақстанға «жер беріп қойды» деп пікір айтушылар да табылды. Олардың арасында әскери адамдар көбірек болды. Бейжінің бұл істегі ұстанымы Гонконг пен Тайвань тарапынан да кезінде сыналғанынан жақсы хабардармын. Олар Қытай өзінен әлдеқайда әлсіз мемлекетке «жол беріп алды» деп санайтынын білдірген еді. Екі жақтың сынаушыларына да мына жайды айту керек. Таласты территориялар деп аталған жерлер – таласты территориилар. Ол жерлерді біздің жеріміз еді деп кесіп айтудың да, ондай жерлер өзге елге өткенде өз жерінен айрылғандай қиналудың да, ондай жерлер өзіңе өткенде өзгенін жеріне ие болғандай қараудың да реті жоқ. Бұны тарихи әділдіктің қалпына келуі деп санау керек.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Қазақстанға келмеске кеткен кеңестік кезеңнен мұрага қалған территориялық проблема заңдық түрғыдан да, саяси түрғыдан да айна-қатесіз дұрыс шешілді деп толық сеніммен айтуға болады. Ең бастысы – бұл мәселе біздің мемлекетіміздің ұзақ мерзімді мұдделері түрғысынан шешілді. Шекара жөніндегі мәселенің түпкіліктерретелуіне бүкіл Қазақстан халқы мұдделі болды деу қателік емес, өйткені халықтың қауіпсіздігі мен игілігі едәуір дәрежеде осы мәселенің қалай шешілуіне байланысты еді.

Шекара төңірегіндегі таластың реттелуі жөнінде айтқанда біз екі мемлекеттің басшыларына – келіссөз үдерісінің бастауында тұрған, іс жүзінде осы жұмысты

басқарған Нұрсұлтан Назарбаев пен Цзян Цзэминьге де лайықты бағасын беруге тиіспіз. Қазақстан мен Қытай көшбасшылары екіжақты ынтымақтастықтың келешегіне көлеңке түсіруі мүмкін территориялық проблеманың екі жаққа да қабылдауға боларлықтай шешімін табу жөніндегі тарихи миссияны өз мойындарына алды. Шекара төңірегіндегі таласты реттеуден бас тарту екіжақты қарым-қатынастарда елеулі қыындықтар туындалуы мүмкін еді. Тиісті Келісімге қол қойылғаннан және оны екі елдің парламенттерінде ратификациялаудан кейін Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастық барлық салаларда ілгері тартып, дәйім алға жылжып келе жатқандығы көп жайды аңғартады».

*«Правда о государственной границе  
Республики Казахстан»,  
А., «Жібек жолы», 2014, 66-67-беттер.*

– Қытай басшылығымен жарасты сыйластық Ху Цзинътао биліктे болған тұста да, қазіргі Төраға Си Цзинь-пинмен қарым-қатынасыныңда да сақталып келе жатқаны қуанышты.

Енді басқа көршілерімізben шекара бекітудің жағына ауыссақ. Былайша қарағанда Қазақстанның Қырғызстанмен, Түрікменстанмен шекараларын делимитациялауда ешқандай проблема туындауға тиіс болып көрінеді. Солай болды ма?

– Негізінен алғанда солай болды деуге келеді. Әуелде тіпті іс оңай жүретін сияқты еді. ВЦИК 1930 жылы қабылдаған «Қазақ және Қырғыз АССР-лерінің шекаралары туралы» қаулы бар екен. Қазақстан-Қырғызстан мемлекеттік шекарасын делимитациялау жөніндегі келісісөз үдерісі сол шекараны нақтылау және сзығын белгілеу ұстанымдары бойынша жүргізілді. Екі жақ та бірбіrine ешқандай территориялық талаптар қойған жоқ. Соның өзінде бірнеше мәселе туындаады. Біріншісі Хан

Тәнірі шынынан Семенов шынына дейінгі аралықтағы шекара сзығына байланысты. Бұрынғы КСРО-ның картографиялық материалдары бойынша шекара жаңағы екі шыңың арасын тіке қосатын сзығ бойынша жүретін. Қазақстандық альпинистер, оның ішінде Эверестке алғаш көтерілген Қазбек Уәлиев те бар, екі шыңың арасындағы сзығты Қырғызстан территориясына қарай біршама жылжытуды ұсынды, өйткені, Хан Тәніріне көтерілу маршрутының негізгі бөлігі батыс бетпен, тау баурайының жайдақтау жағымен өтеді еken. Сонымен бірге шамамен екі жарым шақырымдай жерді Қырғызстан территориясы арқылы өтуге тұра келеді. Әуелде қырғыз жағы бұл ұсынысты қарастырып көруге дайын еkenін білдірген, тіпті біздің ұсынысымызды ескеретін сипаттамалық жоба дайындалап та қойған болатын. Бірақ кейіннен делегация басшылығы Хан Тәнірі шыны маңайындағы шекара сзығына қандай да бір түзету енгізуге қарсылық білдірді. Несі бар, бұл олардың құқы. Ақыры сол тұстағы шекара сзығы бұрынғы КСРО-ның картографиялық материалдарындағы тіке сзығ бойынша белгіленді.

Шекараның Шу өзені бойынша өтетіндігіне байланысты да біраз таласты жайлар туды. Жаңағы мен айтқан ВЦИК-тің 1930 жылғы қаулысына сай жасалған картада шекара сзығы Шұдың арнасы бойынша деп белгіленген. Бірақ одан бергі 70 жылдың ішінде өзеннің арнасы кей тұста ауысқан еken. Қазақстан жағы шекараны Шұдың қазіргі арнасы бойынша белгілеуді ұсынды. Бұл ұсыныс қабыл алынды. Өйткені, Шұдың 1930 жылғы арнасының талай жері топырақпен көміліп те қалыпты, оның орнына Тоқмақ қаласының біраз құрылыштары бой көтеріпті. Қырғыз жағы Бішкек – Шолпаната тасжолының Қазақстан жері арқылы өтетін 800 метрлік участесін өздеріне қаратуды сұраған еді, бұл өтінішті орындаі алмадық, өйткені жаңағы 800 метрлік участеде қазақстандықтар жеке меншік құрылыштар салып үлгерген еken.

Елдер арасындағы шекара белгілеуде туысқандық, адамгершілік жағы да ескеріліп отырды. Қырғыздарда

Степное деген бір село бар. Шекара сызығы сол селоның дәл жанынан өтеді екен. Шекара анықтау барысында сол ауылдың қабір-қорымы Қазақстан жағында қалатындығы анықталды. Қырғыздар жаңағы тұстан 13 гектар жер беруді, яғни ата-бабалары жатқан бейіттің аумағын өздерінде қалдыруды сұрады. Мен бұл өтінішке түсіністікпен қарауды тапсырдым. Оның есесіне Жамбыл ауданының біраз демалыс үйлері мен саяжайлары картографиялық талап бойынша қырғыздарда қалып қоюы керек екен, олар бізге сол жерлерді Қазақстанға қосуға келісті. Сондай-сондай басқа да ауыс-түйістер болды, олардың бәрі дау-дамайсыз шешілді.

– Түрікмен ағайындармен шекараны белгілеу қалай өтті? Маңғыстау жақта кезінде түрікмендер түріп шығарылған делінетін жерлер бар емес пе еді?

– Мемлекеттер арасындағы шекараны белгілеу жұмысы «делінетін» деген сөзге сүйенбейді. Ол заманда сол жердің бәрі ресми түрде бір елдің – Ресей империясының жері. Мына жерге дейін қазақтікі, мына жерге дейін түрікмендікі деп кесіп, ешкімнің қолына қағаз ұстатаудаған.

– Дегенмен, түрікмен басшылығы әүелгі бетте шекараны қайта қарастыру жөнінде ұсыныс айтып көрді емес пе?

– Ондай ұсыныс ресми түрде айтылған жоқ. Ашқабадқа ресми сапарым кезіндегі қабылдау үстінде Президент Сапармұрад Ниязовтың: «Нұрсұлтан Әбішұлы, айып етпесеңіз кезінде ауысқан жерлер мәселесін де қарап қойсақ артық болмас еді», деп қалғаны бар. Не айтқысы келіп түрғаны белгілі. Содан мен сөзін жалғастыруға мүмкіндік бермей: «Сапармұрад, ойыңды түсіндім, ондай іс болса болған да шығар, әйтеүір, өткен іс өтті. Сен одан

да баяғыда адайлардың мына Ашқабадқа дейін түгел алып қоймағанына қуансайшы», деп әзілдедім. Сапармұрад күліп жіберді. Екі жақтың делегация мүшелері қосыла күліп жатыр. Сонымен ол әңгіме сол жерде бітті. Бұл сөз қабылдау кезінде, яғни бейресми жағдайда айтылды. Түрікмен жағы ондай мәселені ресми түрде көтерген емес. Сапармұрад, тегі, жай тамыр басып көрейін деген сияқты. Негізінде, Қазақстан мен Түрікменстанның шекарасы Үстірт ойпатындағы ел қоныстанбаған шөлейт дала-мен өтеді, ол жерлер шаруашылық түрғыдан игерілмен де. Сондықтан мемлекеттік шекара көп қындықсыз бекітілді.

**– Өзбекстанмен шекара белгілеу жұмысы әлдеқайда күрделі жағдайда жүрген болар?**

– Олай деп те айта алмас едім. Қазақстан басшылығы да, Өзбекстан басшылығы да салған беттен 1991 жылғы Алматы Декларациясының барлық қол қоюшы мемлекеттер қазірге дейін қалыптасқан шекаралардың мызықмастығын мойындайды деген ұстанымына берік болды. Ең қын жағдайларда да біз ағайындағы екі елдің дәстурлі достығын, тарихи тамыры терең туыстастығын ту етіп ұстап отырдық.

Қазақстан мен Өзбекстанның шекарасы алғаш рет 1924-1925 жылдарда Орта Азия республикаларының ұлттық аражік ажыратуды жүзеге асыру кезінде белгіленген. Ол кезде Қазақстан РСФСР-дің құрамында болғандықтан әңгіме РСФСР мен Өзбек КСР-інің арасындағы шекара туралы екендігі түсінікті ғой. Екі республика арасындағы қарым-қатынасқа едәуір салқынын тигізген жағдай – 1956 жылы Бостандық ауданының, Мырзашөлдегі біраз жердің Қазақ КСР-інің құрамынан алынып, Өзбек КСР-інің құрамына берілгендей. Әрине, ол кездегі тәсілдер бойынша алдымен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің аталған жерлерді Өзбекстанға беру жөнінде

қаулысы қабылданған, арада үш күн өткеннен кейін Өзбек КСРО Жоғарғы Кеңесінің Қазақстаннан берілген жаңа жерлерді қабылдаپ алу жөнінде қаулысы қабылданған, араға ай салмай жатып КСРО Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР-і мен Өзбек КСР-нің шекараларын ішінара өзгерту туралы қаулы шығарған. Былайша айтқанда, Мәскеу екі республиканың өзара келісken үағдаластықтарын құжаттап қана қойған.. Соған қарап, «Е, өзіміз солай шешкен екенбіз ғой» дей қалудың қажеті жоқ, әрине. Өйтіп қарасақ, 1986 жылы Қазақстан коммунистерінің таңдаулы өкілдері республика басшылығына Колбинді өздері қалап алғандай болып шығады. Сондай заман еді ғой. Біз бұл мәселені әбден егежей-тегжейлі зерттеп көргенбіз. Сөйтсек, мұның арғы хикаясы отызыншы жылдардан басталады екен.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«1956 жылғы 13 ақпанда КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы «Қазақ КСР-і мен Өзбек КСР-нің арасындағы шекараны ішінара өзгерту туралы» арнаулы Жарлық шығарады.

Бұл Жарлықтың қабылдану хикаясы бірқыдыру. Қоршілес одактас республикалар арасындағы шекараны өзгерту жөніндегі бастама өткен ғасырдың отызыншы жылдарының басында-ақ Өзбекстан тарапынан көтерілген. Өзбекстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен республика үкіметі КСРО Бұқілодактық атқару комитетінің алдына Қазақ КСР-нің Бостандық ауданының «Шыршықұрылышқа» жақын орналасқан бөлігінің аумағы мен тұрғындарын Өзбек КСР-нің құрамына беру жөнінде өтініш айту туралы шешім қабылдайды. Бұл шешім Қазақ АКСР-нің тиісті мемлекеттік және партиялық құрылымдарымен алдына келісілмейді, бірден Мәскеуге тіке жібереді. Бұл тосын шешім Қазақстан басшылығының тарапынан теріс қабылданады.

Мысал үшін ҚазОАК-тің Төрағасы Е.Ерназаровтың КСРО Бұқілодактық атқару комитетінің Төрағасы М. Ка-

лининнің атына 1934 жылы жолдаған хатынан үзіндіні келтіруге болады: «Бір республиканың территориясын екінші республикаға қосу, оның үстіне ұлты басқа тұрғындармен бірге қосу сияқты саяси мәселелер қағидатты болып табылатынын біле тұра Өзбек үкіметі бұл мәселе бойынша Қазақ үкіметімен және Қазақ Өлкелік Партия Комитетімен алдын-ала сөйлесіп алуды қажет деп таппаған. 1с жүзінде бұл талаптың мынандай пайымдар бойынша қанағаттандырылуы мүмкін емес.

1. Өзбек үкіметі Бостандық ауданының экономикалық тұрғыдан ең жақсы бөлігіне ұмтылып отыр... Мәселенің бұлай қойылышы Бостандық ауданының осы бөлігінде тұрып жатқан еңбекші қазақтардың тілегіне атымен керекар келеді, екінші жағынан өзбек үкіметі алуға ұмтылып отырған 11 кеңес үлес салмағы бойынша Бостандық ауданы экономикасының 70%-ін құрайды... Бостандық ауданының қалған бөлігінің өмір сүруі мүмкін емес, бұған саяси тұрғыдан да, шаруашылық тұрғысынан да жол беруге болмайды.

2. Бостандық ауданы Қазақстандағы (Алматы қаласының маңындағы аймақтан басқа) жалғыз жеміс-кекеніс ауданы болып табылады; ол жеміс-кекеніс шаруашылығын одан әрі дамыту үшін қажетті жағдайы бар кешенді құрайды...

3. Тұтастай алғанда Бостандық ауданы – субтропикалық өсімдік ауданы (Ғылым Академиясының пікірі), осы тұрғыдан алғанда ол КАССР-нің бірқатар ғылыми мемелерімен байланысты.

Осыларды ескере келіп, ҚазОАК өзбек үкіметінің Бостандық ауданын Өзбекстанға қосу жөніндегі шешімінің күшін жоюды сұрайды».

Бұл өтінішхат БОАК Төралқасы жаңындағы Әкімшілік Комиссиясына түседі де, комиссия үзілді-кесліді қорытынды шығарады: «...Өзбек КСР-і ОАК-тің Қазақ АКСР-нің ұлттық Бостандық ауданына тек қана ұлттық қағидатқа негізделген талabyн қарау, осы мәселені басқа мәселелердің тұтас тізбегінен сұрылып алу және олармен байланыстырмау – Өзбек КСР-інде ұлты өзбек емес (қазақтар, қырғыздар, қарақалпақтар және тәжіктер) тұрғындар анағұрлым көп екендігін ескере келгенде

атымен қате, оның үстіне бұл аудандар экономикалық тұрғыдан да Қазақ КСР-і мен Қырғыз АССР-і, Қарақалпақ облысы мен Тәжік КСР-інің шекаралас аудандарымен үқсас болып келеді».

БОАК Төралқасының Әкімшілік Комиссиясының осындағы теріс қорытындысына және Қазақстанның шекара мәселесін шешуге мұндай көзқараспен келіспеуіне қарамастан, арада жиырма жыл өткенде Бостандық ауданы бәрібір Өзбек ССР-нің құрамына берілді».

*«Правда о государственной границе  
Республики Казахстан»,  
А., «Жібек жолы», 2014, 98-100 беттер.*

Рас, Бостандық ауданын және Мырзашөлдің біраз жерін Өзбекстанға беру құқықтық тұрғыдан мінсіз ресімделген. Оны жаңа айттым. Қазақ КСР Жоғарғы Қеңесінің шешімінде экономиканың ортақтығы, территориялық жақындық, шаруашылық және мәдени байланыстардың тығыздығы көрсетілген. Өзбек КСР-і Жоғарғы Қеңесінің шешімінде өзбек халқының атынан бауырлас қазақ халқына сол жерлерді бергені үшін терең алғыс сезімі білдірілген. Осынау достық акт КОКП XX съезінің директиваларына байланысты шаруашылық құрылышында жалпыменлекettік міндеттерді ойдағыдай шешуге септеседі және өзбек пен қазақ халықтарының мызғымас достығын одан әрі нығайта түседі деп көрсетілген. Қысқасы, белгілі бір территорияны екінші одақтас республикаға беру актісі сол кезеңдегі кеңестік демократиялық нормалар мен қағидаттар аясында, барлық конституциялық ережелерді сақтай отырып жүзеге асырылған.

— Осы орайда есіме бір жағдай түсіп отыр. 1992 жыл еді. Сіз дүние жүзі қазақтарының құрылтайын үйімдастыру жөнінде тапсырма бердініз. Ол кезде Президент Аппаратында бөлім менгерушісінің орынбасары едім. Бір күні Вице-премьер Мырзатай Жолдасбеков: «Сен Президенттің қабылдауына баrasын. Арнаулы тапсырма береді», деді. Белгіленген уақытта

қабылдау бөлменеңізде түрдым. Бір кезде сіз кабинеттен шықтыңыз да: «Менімен жүр», дедіңіз. Арнайы қабылдамайды еken ғой, асығыс болғандықтан тапсырманы дәлізде айтатын шығар деп ойладым соңыңыздан еріп келе жатып. Дәлізге шығысымен-ақ сол жақ бетке бұрылып, бұрынғы Бюро залына кірдіңіз. «Кабинетте телефон жұмыс істеппейді», дедіңіз. Сол жерде алдағы берген негізгі тапсырмаңыз құрылтайда сөйлейтін сөзіңіздің алғашқы нобайын жасау болды. Сөзде қамтылуға тиісті мәселелердің бәрін тезис түрінде нақпанақ айтып шықтыңыз. Үлгергенімше жазып отырдым. Бір тұста: «Шет елдерден келетін ағайындар біздегі ішкі жағдайды онша біле бермейді, еліміздің көпүлттү ерекшелігін ескермейтіндері де табылуы мүмкін. Сондықтан оларға осы жайларды нақты түсіндіруіміз керек. Елдің тыныштығын бұзу ең алдымен қазақтың тыныштығын бұзу, өзіміздің болашағымызға өзіміз балта шабу екенін айту керек. Біз достықты, тыныштықты, татулықты сақтасақ қана ел бола аламыз. Еркіндік берілгеннің жөні осы екен деп тәуелсіз Қазақстан енді ана жерді қайтарып алуға тиіс, мына жерді қайтарып алуға тиіс деп беталды мақала жариялай салатын газеттер де шығып жатыр. Солардан көріп маған әлгіндей ұсыныстармен хат жазатындар да бар. Осының бәріне мына құрылтайда біржолата жауап беріп, мәселенің басын түпкілікті ашу керек. Біз ешкімге территориялық талабымыз жоқ екендігін мәлімдеген елміз. Өз жеріміз өзімізге жетеді. Ондай арандатушылыққа жол бермейміз. Осыны жаз», дедіңіз.

– Солай дегенмін. Құрылтайдағы сөзімде бұл жағын шегелеп тұрып айттым да.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Кезінде Қазақстанға қарған кейбір аудандарды республикаға қайтару жөніндегі талаптарға қатысты мы-

наны айтуға болады. Мұндай ойланбай айтылған сөздер, жауапсыз жазылған газет материалдары бауырлас халықтардың арасына жік салып, онсыз да үшінші тұрған ұлтаралық қатынастарды шиеленістіргеннен басқа ештеңе де бермейді. Біз тәуелсіз мемлекеттердің аумақтық тұтастығын жақтайдыз, бүгінгі қалыптасқан шекаралардың мызғымауға тиіс екенін қуаттаймыз, арандатушылыққа ермейміз.

Қазір біздің ұлтымыздың алдында тұрған ең басты міндет, ең қыын міндет – Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының негізгі бағыт-бағдарын дәл айқындал, сол мақсатқа неғұрлым тезірек жетудің жолында аяnbай еңбек ету. Экономикалық дәүлетіміз артпайынша, рухани сәулетіміз де артпайтынан анық ұғынуымыз қажет».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
Дүниежүзі қазақтарының I құрылтайында  
сөйлеген сөзінен.  
«Таңдамалы сөздер», II том, 178-179-беттер.

— Қалың қазақ ұйысып отырған Бостандықты былай қойғанда, Ташкенттің өзінде де, төңірегінде де қазақтар өте көп болған ғой. 1924-1925 жылдарда Орта Азия республикаларының үлттық аражік ажыратуы барысында Ташкентті қазаққа астана ету мәселесіне дейін қаралған, кәдімгідей қызу талас-тартыс болған екен. Леонид Левитиннің 2001 жылы Мәскеудің «Вагриус» баспасынан шыққан «Узбекистан на историческом повороте» деген кітабында: «Весьма активно дебатировался вопрос о передаче Ташкента Казахстану на том основании, что в районах, расположенных вблизи Ташкента, проживало значительное число казахов. Если бы я сам не читал соответствующие архивные документы, не поверил бы, что такой абсурд мог иметь место» деп жазылды. Автор қанша жерден «абсурд» десе де, осы мәселенің айтыс арқауына айналғанының өзі көп жайды аңғартпай ма?

— Мұндайда қазақтың «Өнбес дауды болмас жігіт құяды» деген сөзіне тоқтау керек. Кезінде Қоқан хандығына қарап түрған еді деп біздің біраз жерімізге олар көз тіксе не айтар едік? Өйте берсөң кезінде, Қарақалпақстанның Қазақстан құрамында болған кезі де бар, Қазақ советтік автономиялық республикасы болып түрғанында. Соңдықтан ондай-ондай әңгіменің барінене барлық тараптар салауат айтуға тиіс. Еншіміз бөлінбей түрған замандарда Ташкентте ортақ тарихымыздың талай беттері жазылғаны рас, жиырмасынышы ғасырдың Ташкентте білім алғаны, тіпті алғашқы жоғары оқу орнымыз — Қазақ педагогика институтының негізі Ташкентте қаланғаны рас. Бауырлас екі халықтың ортақ қазынасы аз емес. Ислам Каримовтың 1993 жылы Ордабасы биігінде тұрып: «Біздің базарымыз да бір, мазарымыз да бір», дегені сондықтан.

Қазақ-өзбек шекарасына қатысты бірқатар мәселелер қордаланып қалған болатын. Айталық, Шардара су бөгені маңайында кезінде Өзбекстанға уақытша пайдалануға берілген жерлер бар еді. Екі елдің арасындағы ең қыын тұс Қазығұрт баурайындағы Бағыс пен Туркестанец елді мекендерінің мәселесі болып шықты. Кезінде бекітілген топографиялық карталарды қайтадан дәлдеп, салғастыра келгенде мемлекеттік шекара осы екі елді мекенді кесіп өтетіні анықталған. 1940 жылы бекітілген картаға Бағыс түспеген, ол кезде поселок атымен болмаған еken, ал 1963 жылы бекітілген картада поселок бар болса да белгіленбей қалыпты. Оның үстінен екі елді мекеннің түрғындары да түгелдей Қазақстан аумағында қалғылары келетіндерін айтқан. Өзбек жағы Бағыс елді мекеніне ешқандай дау айтпағанымен, Туркестанец поселкесінің КСРО тарағаннан кейін Өзбекстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қарауына берілгенін еске салды. Осы екі арада үлттық интеллигентцияның кейбір топтарының мәселені қолдан ұшықтыруымен дау-дамай қыза түсіп,

Ақыр аяғында тіпті Бағыс тұрғындары өздерінің «тәуелсіз Бағыс Қазақ Республикасын» жариялад, «президентін» сайлап та жіберді. Бұл тұста да барлығын салқын сабырға салуға тұра келді. Бағыс пен Туркестанецке үкіметтік делегацияның мүшелерін, Парламент депутаттарын арнағы жібердім. Олар жергілікті тұрғындармен қайта-қайта кездесіп, өзбек жағымен шекараның осы таласты участеклері бойынша жүргізіліп жатқан келіссөз үдерісінің мәнін түсіндірді. Ақыр аяғында Бағыс Қазақстан жағына қарады да, Туркестанецте тұрып, Өзбекстан аумағында қалғысы келмеген қандастарымыз көшіріліп алынды. Бағыс маңындағы 517 гектарлық тау биігіндегі жайылымдық жерлер Қызылорда облысындағы Нысан-1, Нысан-2 және Баймұрат аталатын жартылай шөлейт аймақтағы елді мекендер аймағына ауыстырылды. Мұндай мәселелер Арнасай су бөгеті маңайында да жөнімен қарастырылды. 2002 жылғы 9 қыркүйекте Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы мемлекеттік шекараның жекелеген участеклері туралы шартқа қол қойылып, ұзындығы 2351 шақырымдық шекараны делимитациялау мәселесі біржолата шешілді. Бұл істе Өзбекстан Президенті Ислам Каримовтың осы мәселені ұдайы назарда ұстауының мәні де үлкен болды.

— Енді теріскейдегі ұлы көршімізben – Ресеймен мемлекеттік шекараның белгіленуінің жайына келсек. Бұл мәселе оңайлықпен шешілмегенін жақсы білеміз. Сөзіме бір дәлел келтірейін.

«Ресей өзге республикалардан, соның ішінде Қазақстаннан жер мәселесін қайта қарауды талап етуі керек деп ойлайсыз ба?» – көрші еліміздегі бір саяси қайраткерге өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында осындай сұрақ қойылған. Ол былай деп жауап қайтарған: «Әрине, олар бұған мойынсұнар еді. Қазақстанның байырғы же-рі – Шымкент, Жамбыл, Қызылорда. Барлығы қазақтың атамекені. Бірақ Қазақстанның солтүстігі – Орал мен

Оңтүстік Сібірдің оларға еш қатысы жоқ. Тіпті, 150 жыл болған Алматының орысша атауы – Верный. Ресейдің Азиядағы сенімді бекінісі деген сөз. Онда бірде-бір қазақтың үйі болмаған, таза орыстардың қонысы. Семей, Өскемен, Петропавл – барлығы Ресейдікі».

Сөз саптауынан байқап отырысyz, бұл – кәдімгі Жириновский. Бірақ, Жириновский ғой, ол осылай сөйлемегендеге қалай сөйлейді деп қоя салудың жөні жоқ.

– Тәуелсіздіктің алғашқы белесінде бізге территорияларды қайта қарауға байланысты неше түрлі ұрыншақ сөздер айтыла бастағаны бір ғұл емес еді. Горбачевтің өзі биліктен кетіп бара жатып Қазақстанның теріскейдегі бес облысы Ресейге тиесілі еді деген сыңайда сөйлеп салғаны, Америкадан қайтып оралған Солженицынның «Қазақтар малының тұяғы іліккен жерінің бәрін өзінікі санай берген» дегені сол жылдарда еді. Мұндай сөздерге байланысты жауабымды тез-ақ қайтаруға тұра келді. Б.Ельцинге жолдаған жеделхатымда мен Ресейдің өзімен шекаралас республикаларға территориялық талабынан айқын тұжырымдардан бас тартуы осы кезге дейін баспасөз бетінде естілмеуіне байланысты Қазақстанда салдарын болжап білгісіз жұртшылық қарсылығы күш алып келе жатқанын ашық жазғанмын. Осындай қауіпті саяси ойындар Қазақстанда ашу-ыза туғызып отырғанын, осылай кете берсе ғұл бәріміз үшін де жағымсыз жайларға соқтыратынын хабарлағанмын. Сол жеделхатым Кремльге жеткеннен кейін-ақ Ресей саясаткерлерінің сол кездегі вице-президент А.Руцкой басқарған үлкен тобы Қазақстанға келді. Ресей делегациясы бізben екіжақты келісімге қол қойды және Ресей біздің территориямызға дәмелі емес әрі ешқашан дәмелік етпейді деген мәлімдеме жасады. Сондай қадамдарымыздың арқасында Қазақстанның өз ұпайын ұттырмайтынына, ұрымтал тұста ешкімге ұрынбай-ақ өз позициясын берік қорғайтынына тәуелсіздікке жыл толмай жатып-ақ барша жұрт көз жеткізе алды.

ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Нұрсұлтан Назарбаев өзінің позициясын ашықтанашық былай деп білдірді: «Қазақстанға (жалпы, кез келген басқа да республикаға) қандай да бір шекаралық талап қою қантегіске соқтырмай қоймайды. Мен бұл айтқанымның жүртқа жеткенін қалаймын. Егер кімде-кім Назарбаев қорыққанынан достасады, Қазақстаннан территорияның бір бөлігін тартып алуға болады деп ойласа, ол адам қатты қателеседі. Бұғінде әркім өзінің тәуелсіз мемлекетінің мүддесін қорғауға дайын».

Ольга ВИДОВА,  
*«Нұрсұлтан Назарбаев»*,  
 М., «Эксмо», 2014, 205-бет.

Мұндай тамыр басып, сынап көру әрекеттері одан кейін де бірнеше рет қайталанды. Солардың арасында Ресей Федерациясы Мемлекеттік Думасының 1996 жылғы 15 наурыздағы қаулысын елеулі түрде назар аудараплық құжат деп қарамасқа болмайды. Ол қаулыда Мемлекеттік Дума РСФСР Жоғарғы Кеңесінің 1991 жылғы 12 жеттоқсандағы КСРО-ны құру туралы шартының күшін жою жөнінде шешім қабылдаған еді. Оны мойындау шын мәнінде КСРО-ны қалпына келтіруге кірісу деген сөз болатын. Бұл, әрине, РСФСР-дің өз ішіндегі мәселе емес, ейткені КСРО бір Ресей Федерациясының аумағында қалпына келе алмайтыны өзінен-өзі түсінікті. 1996 жылғы 17 наурыз күні мен республикалық телевизия арқылы сөз сөйлеп, көршілес елдің заң шығарушы органының біздің тәуелсіздігімізге нұқсан келтірерлік қадамына тиісті баға бердім. Онда ТМД-ға қатысушы мемлекеттер басшыларының қаңтардың 19-дағы мәжілісінің өзінде ақ арнаулы мәлімдеме жасағанын, онда Кеңес Одағын қалпына келтіру жөніндегі қандай да бір әрекеттің ауыр зардаптары болатыны жайында сақтандырғанын еске салып өттім. Сол сөзімде мұндай әрекеттердің ТМД аумағындағы ахуалды тұрақсыздандырып, тіп-

ті қантөгіске апарып соқтыруы мүмкін еkenі де айтылды. Осы мәлімдемеде Қазақстан өзінің егемендігі мен тәуелсіздігін ешқашанда қолдан бермейтіні, алайда интеграцияны тереңдету үшін ортақ күш-жігердің қажет екендігі атап көрсетілген. Мәлімдемеде Қазақстанның тәуелсіздігіне оның Конституциясында кепілдік берілгені атап көрсетілді. Саяси қозғалыстардың, партиялардың немесе жекелеген адамдардың Конституцияға қайшы келетін, еліміздегі жағдайды тұрақсыздандыруды көздейтін кез келген әрекеттері заңсыз деп танылады және оларға батыл тойтарыс берілетін болады. Еліміздің Конституциясын бұзуға ешкімнің де қақысы жоқ және мен, ел Президенті ретінде, оның мұлтікіз сақталуын қатаң қадағалайтын боламын, деп кесіп айттым. Стилистикасы жағынан қатқыл шыққан бұл мәлімдеме еліміздегі саяси ахуалды тез тұрақтандыруға шешуші ықпал етті. Көп ұзамай ресейлік депутаттар да артық қадамдарын мойындаап, райларынан қайтты.

Қазақта «Басы қатты болса аяғы тәтті болады» деген сөз бар. Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын делимитациялау мәселесіне байланысты осы сөзді еске түсіре аламыз. Тәуелсіздіктің бастапқы белесінде Ресей Президенті Борис Ельциннің мемлекеттік шекараны белгілеудің маңыздылығына тиісінше көніл бөліп, сан түрлі саяси ойындарға қатысты оңды-солды айтыла беретін жоғарыдағыдай жайсыз жайларды мүмкіндігінше реттеуге тырысқанын айту жән.

– Борис Николаевичпен қарым-қатынасыныңдың жақсы болғанын білеміз. Қазақстан мен Ресейдің арасындағы мемлекеттік шекара туралы әңгіме жаңа қозғала бастаған тұста орынды әзіліңізді осы мәселеде де пайдаланған жайыныз бар еken... Оны Махмұт Қасымбеков «Жан жадыратар жасын сөз» деген кітабында келтірген. Сонда да өз аузыңыдан естісем деймін.

— Ол былай болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әңгіме ғой. Екіжақты қарым-қатынастардың әр қырын талқылап отыр едік, әңгіме мұнай, газ кеніштеріне ауысқан тұста Борис Николаевичтің аяқ астынан, бас жоқ, көз жоқ, «Нұрсұлтан Әбішұлы, осы Текізді Ресейге берсеңізші...» деп қалғаны. Текіз кен орнында мұнай мен газдың керемет қоры бар ғой. Әуелде қалжыңы шығар деп ойлағанмын. Жоқ, ойы тамырымды басып көру сияқты. Қайтер еken деп, «Онда бізге Орынборды облысымен қосып бере қойыңыздар?» дедім. Ол шоршып түсті. «Сонда қалай, Қазақстанның Ресейге территориялық талабы бар болғаны ма?» деді. Түрі өзгеріп шыға келді. Жанды жеріне тиіп кеткені көрініп-ақ тұр. «Ресейге территориялық тала-бымыз жоқ. Жәй, Орынбордың бір кездे Қазақстанның алғашқы астанасы болғанын айтқаным ғой...», дедім. Та-уып айтқан сөзіне тәнті болатын ер мінезді кісі еді ғой, жаңағы сөзіме қарқылдап күліп жіберді. Мен де күліп жа-тырмын. Одан кейін бұл тақырыпты қозғамайтын болдық.

Менімен телефон арқылы сөйлескенде Мемлекеттік Дума қабылдаған қаулылардың Ресей Федерациясының халықаралық құқық субъектісі ретіндегі мәртебесіне қатысы жоқтығын және халықаралық шарттардың күшін тоқтату мәселелері мұндай нысанда жүзеге асырылмайтынын, керісінше тиісті зандауды қабылдау жолымен шешілуге тиіс екенін, Дума қаулыларының қандай да бір құқықтық салдары болмайтынын қуаттаған адам да нақ Борис Николаевич болатын. Екі ел басшыларының осы мәселеде салған беттен тіл табысуы көптеген мәселелерді асықпай-саспай, тарихи құжаттар негізінде, жөнімен қарастыруға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мемлекеттік шекарасын делимитациялау жөніндегі келіссөздер 1999 жылдың қыркүйек айында басталған. Келіссөздердің Астанада, Мәскеу мен Алматыда ғана емес, Қазақстанның шекара шебіндегі жеті облыс орталықтарында, Семейде, Ресейдің шекаралық өңірлеріндегі тоғыз қаласында, сондай-ақ, Санкт-Петербургте өткізілгені

мәселені сол жерде нақты қарауға, саяси, экономикалық, зандаңық, географиялық, тарихи, мәдени, ұлттық және басқа да қырларынан егжей-тегжейлі талдауға жағдай жасады.

– «Правда о государственной границе Республики Казахстан» деген кітапта барлық мәселелерді реттеуге жұмсалған бес жарым жылдың ішінде келіссөздердің 50 раунды, олардың ішінде делегациялардың 26 кеңейтілген отырысы, жұмыс топтарының 13 кездесуі, аз адамдық аядағы 11 кездесу өткендігі жазылған. Демек, қыруар жұмыс атқарылған.

– Екі жақ та мәселені кейінгі үрпақтарға шешілмен ғалмайтындей етіп қарастыруға тырысты. Кешегі кеңестік кезеңдегі басшылардың республикалар, олардың шекаралары деген ұғымдарды тіпті елеусіз етіп жібергені соншалық, Қазақ КСР-і мен РСФСР арасындағы республикааралық шекара, КСРО Конституциясына қайши күйде, көршілес облыстардың өзара келісілген кезекші карталарына, жер орналастыру мен орман орналастырудың кереғар материалдарына ғана негізделген болып шықты. Соның салдарынан шекараның біраз жерінде шаруашылық даулары туындалап, бір территорияның қағаз жүзінде екі республикаға қарап келгені сияқты жайларға дейін анықталды. Ал Қазақстанның жеті облысы – Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстары Ресей Федерациясының он екі субъектісімен – Астрахань, Волгоград, Саратов, Самара, Орынбор, Челябі, Қорған, Түмен, Омбы, Новосибирск облыстарымен, сондай-ақ Алтай өлкесі мен Алтай Республикасымен шектесетінін еске алсақ, бұл шекараның әлемдегі ең ұзын (7591 шақырым!) құрлықтық шекара екенін айтсақ, мәселелердің қаншалықты қордаланып қалғанын шамалауға болады.

**ДӘЙЕКТЕМЕ:**

«Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың осы аптадағы Ресейдегі ресми сапарының ең елеулі жетістігі екі ел арасындағы Мемлекеттік шекара туралы шартқа қол қойылуы екенін. Мәскеуден жазылған мақалада атап өттік. Мұны Мемлекет басшылары тарихи оқиға екенін бірнеше рет атап көрсетуінен-ақ аңтаруға болады. Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттік шекара туралы шарт бұрынғы кеңестік кеңістіктегі ең ірі деген екі мемлекеттің төң құқықты ынтымақтастырын жаңа белеске көтеретінін жеткізді. Әлемдегі жерүстілік ең ұзын саналатын, жалпы аралығы 7591 шақырымды құрайтын бұл шекараны біздің мемлекеттер арасындағы мызымас достықтың сенімді кепілі ретінде бағалаймыз, деді Президент. Шекара бізді алыстатпақ емес. Бұл нағыз достық пен сенімнің шекарасы болмак.

Шекаралық мәселені шешуде осыған дейін орасан жұмыстар атқарылды. Нұрсұлтан Назарбаевтың айтуыша, бұл мәселе алғаш рет 1998 жылғы 6 шілдеде екі ел басшыларының бірлескен мәлімдемесінен және сол жылғы 12 желтоқсандағы мемлекеттік шекараны де-лимитациялау жөніндегі хаттамадан бастау алды. Алты жыл аралығындағы құжаттарды әзірлеумен тыңғылықты айналысқан сарапшылар шекаралық сзықтың барлық нұктелері бойынша ортақ келісімге келді. Ал даулы үчасткелер тұсында сарапшылар шекаралық пұмактарда тұратын азаматтар өміріне қындық тұғызбайтын жаңа нұсқаларды шүғыл арада тауып, қолданысқа енгізіп отырды. Ендің жерде мамандар тобының алдында мемлекеттік шекара туралы шартты жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралар кешенін тиянақтау, жер бағдарының нақты картасын әзірлеу міндеттері түр. Ресей басшысы Владимир Путин шекарадағы қарым-қатынасты реттеу өзара сенімді арттырып, Қазақстанның егемендігін Ресей тарапының толықтай тануы және республиканың тәуелсіздігін нығайтудың маңыздылығына баса мән берілгенінің белгісі, қол жеткізілген нәтижелер негізінде біз интеграциялық процестерді одан әрі әдемітә алатынмызға сенімдімін, Қазақстан қай кезде де берік

ықпалдастықтың бастамашысы бола білді және осы тұрғыдағы ұсыныстары маңызды үйлесімділік сипатқа ие болып келеді, деді. Ресей басшысының пікірінше, қол қойылған Мемлекеттік шекара туралы шарт бауырлас халықтардың жан-жақты толысуына бағытталған тен құқықты стратегиялық әріптестігінің жаңа кезеңінің басталуы болып табылады. Аталған құжат іскерлік және гуманитарлық байланыстарды нығайтуға және адамдар арасындағы байланысты кеңейтуге мол мүмкіндік туғызбақ. Эрине, бұл шешім бірінші кезекте екі елдің шекаралық өнірлері үшін он табыс әкелмек».

Құат БОРАШ,  
«Ғасыр шарты»,  
«Егемен Қазақстан», 2005 жыл, 21 қаңтар.

Бұл құжатты жеріне жеткізуге Ресей Президенті Владимир Путинмен ортақ тіл табыса, бүгінгі және болашақ үрпақтарымыздың мұддесін ойлай отырып, бірлесе атқарған жемісті жұмысымыздың шешуші әсері болды. Владимир Владимирович осы мәселені ұдайы назарда ұстап отырды. Мемлекеттер басшыларының бұл іске тікелей араласуы көп түйінді тарқатты дей аламын. 2005 жылдың қаңтар айында менің Ресей Федерациясына ресми сапарымның барысында біз бұл шартқа қол қоюдың шын мәнінде тарихи оқиға екендігін атап айттық, қадап көрсеттік. Мен бұл шарт бұрынғы кеңестік кеңістіктегі ең ірі екі елдің ынтымақтастығын сапалы жаңа белеске шығарады дедім. Ресей Президенті шекарадағы қарымқатынасты реттеу өзара сенімді арттыратынын айта келіп, мұның өзі Қазақстанның егемендігін Ресей тарапының толықтай тануы екендігін жеткізді, шарт бауырлас халықтардың жан-жақты кемелденүіне бағытталған стратегиялық әріптестіктің жаңа кезеңінің басы, деді. Иә, расында да, сол күні біз аса үлкен тарихи оқиғаның күәсі болған едік. Өйткені, қадым замандардан қазақ-орыс елдері арасында шекара бірінші рет занғы түрде тартылды. Қазақстан мен Ресейдің ортақ тарихы қалыптасқан. Біз

қай кезде де қуаныш пен қайғыны біріге бөлістік. Жарты бидайды жарып, бүтін бидайды бөліп жедік. XX ғасырда әлем тарихындағы ең зұлмат соғыста бірге шайқастық, жауды бірге жендік. Сондықтан да рухани жағынан аса жақынбыз. Шекараны белгілеу шарасы Ресей үшін де тарихи оқиға, бұған дейін империялық Ресей де-ген идеология енді түп тамырымен жойылып, халықтар арасындағы сенім бекітіле түсті. Қазақстан-Ресей қарым-қатынастарының өзара сенімге негізделген жаңа кезеңі басталды.

– Нұрсұлтан Әбішұлы, Қазақстан өз тәуелсіздігінің он бес жылға жетпейтін кезеңінің өзінде ең ірі, ең қыын, ең маңызды мәселені шеше алды. Осы істің сәтімен басталып, сәтімен аяқталуы бәрінен бұрын сіздің бүгінгі және болашақ үрпақтардың қамын ойлаған сара саясаткерлігіздің арқасында мүмкін болды. Әсіресе, Ресеймен, Қытаймен арадағы шекараның мәңгілікке шешілуі қандайлық тарихи шешім екендігін біз барынша сергек сезінуге тиіспіз. Ресей мен Украина арасындағы шекараның түпкілікті белгіленбеуі қыын жағдайға соқтырғанын көріп отырмыз. Кезінде олар Азов теңізі маңындағы бір кішкентай аралға байланысты тоқтамға келе алмапты да, содан келіссөздер жалпы тоқтап қалыпты. Сіз шығыс жақ беттегі ұлы көршімізben шекараны біржолата бекіту арқылы азаттық үшін алысып, екі елдің ортасында арпалысып өткен Абылай атамыздың аманатын атқарып шықтыңыз. Тәуелсіздіктің бес жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзіңізде сол бір қылыш кезең жайындағы Мағжан жырын келтірген едіңіз. Ендігі жерде қазақ баласы, қазақстандықтар «Алыстан орыс, қытай ауыр салмақ, Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ. Арты – ор, алдында – көр, жанжағы жау, Дағдарған Алаш енді қайда бармақ?!» деген ақын сөзін тек сол заманның үайымын жеткізген әдеби мұра ретінде ғана қарастыратын болады.

— Дұрыс айтасың. Эр нәрсенің бағасын білген жақсы. Ата-бабаларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап қалған байтақ жерімізді Тәуелсіздіктің арқасында зандастырып, шекараны шегендеу арқылы үрпақтарымыздың алаңсыз өмір сүріп, жасампаздық жұмыспен айналасуына мүмкіндік беретін жағдай жасай алғанымыз — баға жеткісіз бақыт. Мәңгілік Ел құрудың бір шарть да осы.

## ◆ СЫРТҚЫ САЯСАТ СОҚПАҚТАРЫ

---

– Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы жеткен жеңістері мен татқан жемістерінің баршасының басты кепілдерінің бірі – сыртқы саясатымыздың сарабдалдығы. Тәуелсіздік жолына қатар түскен елдердің арасында халықаралық аренада дәл Қазақстандай тез танылған, тез құрметтелген, Батыс та, Шығыс та қатар мойындаған дәл біздің елдей ел жоқ десем артық айтқандық болмайды. Басқасын былай қойғанда Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалыққа қол жеткізуінің өзі білген жаңға тамаша табыс. Біз бұл биікке бүкіл ТМД кеңістігінде, бүкіл түркі әлемінде, бүкіл мұсылман дүниесінде бірінші көтерілген мемлекетпіз. Осылай тарихта қалдық.

– Сөзің дұрыс. Ал сен ЕҚЫҰ-ға төраға болып тұрғанда сол ұйымның саммитін өткізе алған және өзінде өткізе алған қазірше жалғыз ел де Қазақстан екенін айтуды ұмытпасаң тіпті дұрыс болады. Оның үстіне ол саммит кезегі келгенде өткізілген, былайша айтқанда, сол жылы өткізілуге тиісті саммит емес еді. Ол кезең ЕҚЫҰ белгілі бір дәрежеде дағдарысқа ұшырап, тұрақты шақырыла-тын саммиттері ұйымдастырылмағанына он бір жыл болған күрделі кезең еді. Астана саммитінің қадір-қасиетінің бөлектігі де сонда.

— Енді сол биікке қалай келгенімізді әңгімелдеуді сұраймын. Осы әңгімеге дайындалу барысында кезінде оқыған «Сто великих дипломатов» деген кітапты тыңғылықты түрде қайтадан қарап шықтым. Былайынша біз дипломаттар дегенде ең алдымен елшілерді, елшіліктің, консулдықтың, Сыртқы істер министрлігінің қызметкерлерін ойға аламыз ғой. Ал жаңағы кітаптағы ұлы дипломат аталғандардың арасында патшалар, корольдер, императорлар, президенттер, канцлерлер көп-ақ.

— Тарихқа қарап отырсаң ертедегі әміршілердің де, бертіндегі басшылардың да бәрінің (әрине, мен елін жақсы басқарып, ізгі із қалдырғандарын айтып отырмын) халықаралық қатынастардың, соғыс пен бейбітшіліктің барлық мәселелерін тікелей өз қолдарында ұстал отырғанына көзің жетеді.

«Фасырлар тоғысында» деген кітабымда маған ерекше әсер еткен саясаткерлердің арасында Шарль де Голльді бөле айтқан едім. Оның өз елін Германия фашизмінен азат ету соғысын КСРО-мен, АҚШ-пен, Ұлыбританиямен бірлесе, солардың көмегіне сүйене отырып жүргізіп, сонымен қоса бірде-бір мәселеде одактастарының ырқына кетіп қалмауы, кейіннен Франция колонияларындағы ұлт-азаттық қозғалыстарының алдын алып, Африкадағы бұрынғы 15 колонияға тәуелсіздікті өзі ұсынуы дипломатиялық кеменгерлігін көрсетеді. 1958 жылы Алжирде әскери бүлік басталғанда Франция парламенті де Голльді ел билігіне шақырып, сол жылы ол Француз Республикасының президенті болып сайланған. Ол кезде Алжирдің Франция құрамында қалуын ел халқының көвшілігі жақтайды еken. Шын мәнінде француз халқы сол тұста атақты генералды Алжирді қолда сақтап қалатын адам ретінде президенттікке қалаған. Алжир дағдарысының төрт жылы ішінде Шарль де Голль отаршылдықтың күні өткеніне, Алжир мәселесін ел тағдырын елдің өзі таңдау қағидаты бойынша шешу керектігіне халықтың көзін жеткізіп,

1962 жылы Алжирге тәуелсіздік беру жөніндегі келісімге қол қойғанда содан біраз бұрын көпшілігі Алжирді қолдан жібермеуді жақтап тұрған француздардың тоқсан пайыздан астамы енді Алжир тәуелсіздігін қолдайтын болып шыққан. Міне, дипломатияның күші деген осы. Шарль де Голльдің «Саясат – қолдан келетінді жасай білу өнері» деген атақты сөзі сол кезде айтылған. Оның «На острие шпаги» деген тамаша кітабы бар. Сонда саясаткер бар қайрат-қабілетін халықты соңынан ертуге жұмсауға, кейбір мәселелерде кезі келгенге дейін өзінің түпкі мақсатын ішіне бүге ұстауға, оны дәл дер шағында ғана ашуға тиісті екендігі айтылған. Есте ұстайтын сөз. Осындай мысалдарды ел басқарған адамдардың талайынан табуға болады. Солардың бірі – өзіміздің айбынды ханымыз Абылай. Оның басқа еңбегін былай қойып, тек Ресей мен Қытай арасында жүргізген дипломатиясын дұрыстап айта алсақ та кім-кімді де қайран қалдыrap едік. Екі жақпен де тіл табыса жүріп өз елін ондаған жылдар бойы іс жүзінде, «де-факто» дейміз ғой, тәуелсіз ұстап тұра алғаны, ақыр аяғында өзінің дұшпанының, яғни Цин империясының қолымен қырғызып салғаны, сөйтіп Жоңғар мемлекетін жер бетінен жойып жібергені (аман қалған аз бөлігі қазақ даласы арқылы Еділ бойына жетіп, Ресейдің құрамына қосылып, қалмақ күйінде сақталды ғой) әлемдік дипломатия тарихындағы ғажайып құбылыстардың бірі деп сеніммен айтуға болады. Тек соны тарихшы ғалымдарымыз жеріне жеткізіп жаза алмай жүр.

– Абылай дипломатиясын айшықты ашып бердіңіз. Осы арада тарих туралы сұрақтар қойғым-ақ келіп кетті. Бірақ, ол тақырып бойынша арнайы әңгімеге үақыт табасыз ғой деймін. Сіздің «Тарих толқынында» атты кітабыңыз, 2014 жылғы Ұлытаудағы сұхбатыңыз тарихтың үлкен білгірі еkenіңізді көрсетеді.

– Тақырыптан ауытқымайық дедім ғой жаңа. Сыртқы саясатты қалыптастырудың бастапқы белесін айтқалы отырмын. Ел өміріндегі кез келген мәселеге Президентті қатысты етіп сөйлеуге болады. Ана шаруаға да, мына шаруаға да мемлекеттің басшысын байланыстырып айту әдеті баяғы заманнан бар. Қит етсе император қайда қарап отыр, мұндаға король қалай жол береді, осыны патша білмей ме, көрмей ме дейтін сөздер адамзатпен бірге жасасып келе жатқан шығар. Әлі талайға дейін солай бола беретін де шығар. Біздің қазекеңнің император тұрмақ, патша тұрмақ, тұра Құдайыңың өзін кінелап сөйлеуден де тайынбайтыны бар тіпті. Сондықтан жүрттың ана іске де, мына іске де Президентті жауапты етіп сөйлейтініне түсіністікпен қарауға да болады. Мұның арғы жағында түтеп келгенде жақсылық жатыр – елдің мемлекет басшысына деген сенімі, Президентке артатын үміті жатыр. Ал негізінде ешқандай императордың, ешқандай корольдің, ешқандай патшаның елдегі барлық шаруадан толық хабардар отыруы іс жүзінде мүмкін нәрсе болған емес. Демократиялық үрдістер әлемде белең ала бастаған кейінгі ғасырларда бұл атымен мүмкін болмауға айналды. Ең бастысы – биліктің барлық іске бірдей тікелей және толық жауаптылығы тұжырымы қайта қаралды. Қазір біз билікті орталықсыздандыру бағытын жүзеге асырудамыз. Орталықсыздандыру қызметтерді, күштерді, билікті қайтадан бөлу, тарату деген сөз. Бұл үғым өзі сонау он сегізінші ғасырдың аяғында, Ұлы француз революциясынан кейін шыққанымен тек жиырмасыншы ғасырда ғана белгілі бір дәрежеде жүзеге асырыла алды. Кешегі өткен Қеңес Одағының түбіне жеткен көптеген факторлардың бірі бәрін бір орталықтан басқарып, бәрін бір қолдың уысында ұстап отыруға тырысу еді. Бәрін бәрібір Мәскеу, Кремль, Саяси Бюро шешетінің білгендіктен жергілікті жердегілер өзінше ойлаудан қалатын, тек тапсырманы орындаушыға айналатын. Ақыр аяғы балабақша салудың өзіне қаржы бөлінбейтін еді ғой егер бесжылдық жоспарға кіргізілмесе. Ал ондай жоспардың бәрі Мәскеуде, Гос-

планда бекітілетін. Біз кейінгі кезде Үкіметтің біраз функцияларын салалық министрліктерге бердік, олар өздеріне қарасты мәселелерде түпкілікті шешімді өздері қабылдап жүр. Жұмыс бұрынғыдан нақтырақ бола бастады.

Былайша айтқанда, мемлекет басқару ісінде Президент стратегияны ойластырады, айқындаиды, белгілейді, ал оның жүзеге асырылу тактикасын биліктің басқа үш тармағы – атқарушылық, заң шығарушылық және соттар мақтары шешеді.

Бірақ, Президенттің мемлекеттің сыртқы саясатына байланысты қызметіне орай сәл басқашалау айтуға тура келеді. Сыртқы саясат – президенттік саясат. Бұл саясаттың стратегиясы да, тактикасы да Президенттің құзыретінде. Мұны атап айту керек, қадап көрсету керек. Елдің сыртқы саясатын мемлекет басшысы тікелей айқындаиды, тікелей жүргізеді. Бұл – басы ашық ақиқат. Түрлі ведомстволардың дербес сыртқы саясаты болмайтыны тәрізді, өзін-өзі құрметтейтін әрбір мемлекетте көп сыртқы саясат болмайды. Сыртқы істер министрлігі – атқарушы орган. Ол Президенттің сыртқы саясатын тиімді турде жүзеге асыруға жауап береді.

Сыртқы саясаттағы бағдарымызды қалыптастыру жағындағы әңгімені мен идеологиядан бастайын. Иә, идеологиядан. Жетпіс бес жылдай жеке-дара үстемдік құрған коммунистік идеологиядан әбден зәрезап болып қалған жүрттың егемендіктің елең-алаңында идеология деген сөз ауызға алынса-ақ қарадай бойын алып қашатынын бәріміз көрдік. Талай жылдар бойы тоталитарлық жүйенің қыспағында өмір сүргендіктен біздің қоғамда сол социалистік жүйе күйрекеннен кейін оған негіз болған идеология үғымының өзі жағымсыз реңкке ауысқаны заңды да шығар. Бірақ идеологиясыз мемлекет болмайды. Идеология керек пе, керек емес пе дегенді даудамайға айналдырудың өзі көбінесе бос әурешілік. Жалпы, идеологияның өз басының үғым ретінде жақсы не жаман болуы мүмкін емес. Өйткені, идеология, егер қарапайымдатып түсіндірсек, идея туралы ілім, ғылым, білім дегеннен басқа ешқандай мағына бермейді. Мы-

салы, геология, биология, зоология дегендер жер туралы ілім, өмір туралы ілім, жануарлар дүниесі туралы ілім де-гендері ғана білдірмей ме? Осылай жалғастырып айта бе-руге болады. Идеология сөзі де сол сияқты. Бар мәселе қандай идеология ұстануда.

— Кластас досыңыз Сәдуақас Есімбайдың «Үшқо-ңыр – алтын бесігім» деген кітабында мектептің соңғы, 11-ші класында оқып жүргеніңізде Қытайдан бір хат келіп, оған жауап жазудың сізге тапсырылғаны айттылған, сіздің жауап хатыңыз да келтірілген. Сычуань провин-циясынан Чжоу Бай-Сюо деген оқушы жазған ол хаттың аудармасын біздің газеттің (ол кездегі «Социалистік Қазақстанның») қызметкері Ақас Садықов жасаған екен. Оның аты-жөні біз газеттің 90 жылдығына орай шығарған «Егеменқазақстандықтар» деген жинақта бар. Хатты аударуына қарағанда, тегі, сол жылдардың алдында Қытайдан келген азамат болса керек.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Редакция алқасы қытайлық досқа таңдаулы, абы-ройлы дос іздел, оны кешікпей табады. Ол Қаскелен қаласындағы Абай қазақ орта мектебінің оныншы сы-нып оқушысы, үздік шәкірт, белсенді комсомол мүшесі, қоғамдық жұмыстарға араласып жүрген Сұлтан еді.

Сұлтан сол күннің ертесіне Чжоу Бай-Сюоға хат жаз-ды. Оның мәтіні мынадай:

«Алыстағы қытайлық досыма.

Сәлеметсіз бе?

Кеңес Одағының БЛКЖО Орталық Комитеті Сіздің өтінішіндегі орындалап, Сізben хат жазысып, достық байла-ныс жасап түру үшін хатыңызды маған жолдапты. Соны-мен қатар мен Сіздің хатыңызды, суретіндегі және Яңғызы өзеніне салынған көпірдің суретін де алдым.

Сізben хат алысып, достық қарым-қатынаста болуға шын жүректен қуаныштымын. Кеңес Одағымен жете та-нысу арманыңыздың орындалуына қолымнан келгенше көмектесуге даяр екенімді білдіремін.

Алдымен, Сіздің хатыңызға жауаптың мұнша кешігүйне себепкөр мен емес екенімді айтып кешрім сұраймын.

Мен Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Алматы облысы, Қаскелен ауданы, Қаскелен қаласының Абай атындағы қазақ орта мектебінің оныншы класында оқимын. Бірінші кластан бастап бүтінге дейін ете жақсы оқып келемін. 1954 жылдан бері комсомол қатарындағы. Әке-шешем осы Қаскелен ауданы Воронцов атындағы колхоздың мүшелері.

Социализм орнату жолында орасан зор табыстарға жетіп отырған Ұлы Қытай халқының комсомол жастарымен тығыз байланыс жасап, жақын танысу — біздің әрқайсымыз үшін сөз жетпес қуаныш. Ал осындағы мүмкіншілік менің үлесіме ғана тиіл отырганына шекіз бақытты екенімді тағы да қайталап айтамын.

Біздің Кеңестік Отанымыздың жастары Коммунистік партияның зор қамқорлығын ескере отырып, ор үақытта өз Отанына пайды келтіруге тырысады. Ал мен орта мектепті бітірген соң жоғарғы оқу орындарының біріне түсіп, келешекте коммунизмнің санауды құрылыштырының бірі болсам деп армандаймын.

Менің Сізге көп сұрақтар қойғым келеді, бірлк бір хатта оның бәрін қамту мүмкін емес, алғашқы таныстық хатымыз ғой. Келесі хаттарда бір-бірімізден өздеріміздің қызықтырған жайларды сурал білуғе мүмкіншілігіміз болар деп ойлаймын. Хатымды осымен аяқтаймын. Сіздің құрметті үстаздың қызметініңде тамаша табыстарға жетуінізге шын жүректен тілекtesпін.

Асыға хат күтүші — советтік досының Назарбаев Нұрсултан.

Менің адресім: ССРО, Қазақ Советтік Социалистік Республикасы, Алматы облысы, Қаскелен ауданы, Қаскелен қаласы, Абай атындағы қазақ орта мектебі, Назарбаев Нұрсултан».

Бұл хаттар сол кездегі аудандық «Коммунизм үшін» атты газеттің 1958 жылғы 16 наурыздағы № 30 санында жарияланды. Сондай-ақ Чжоу Бай-Сло және Яңғызы өзенінен садынған көпірдің суреттері де қоса басылды».

Сәдуақас ЕСІМБАЙ,

«Үшқоңыр – алтын бесігім»,

Шымкент, «Оңтүстік полиграфия», 2009,

154-156-беттөр.

– Эр нәрсенің өз жөні бар. Ол хатты халықаралық қатынастарға араласудың көрінісіндегі қарауға болмайды, әрине. Сонымен бірге мына әлемде не болып, не қойып жатыр, кім бізге дос, кім бізге дұшпан (сол кездің үғымдарымен айтып жатқаным той) деген сияқты мәселелерге біздің бала күннен қызыға бастағанымызды көрсететіні де рас.

– Сәдуақас досыңыз жаңағы айтқан кітабында Қытайдан келген хаттың, сіздің жауап хатыңыздың аудандық «Коммунизм үшін» газетінде басылғанын айттып, үйіңізге құттықтап барғанын жазыпты. Сонда сіз ұлы Ленин коммунизм – совет өкіметі және бүкіл елді электрлендіру деген еді, қазір коммунизмнің толық женіске жетуі үшін бүкіл елді химияландыру керек, сондықтан мектеп бітіргеннен кейін мен химия маманы болмақпын деген көрінесіз.

– Несі бар, солай десем деген де шығармын. Дәл жаңағыдай сірестіріп сөйлемегенмен, сондай ойларды білдіретінбіз. Орысша айтқанда, «задним числом» бәрін о бастаң біле қалғандай, бәрінің мәнін әуелден түсіне қалғандай болатындардың жайы белгілі. Бала күнімізде сексенінші жылдарда келеді деген коммунизмді күткеніміз де, жастық жылдарымызда Ленинге сенгеніміз де рас. Оның үстіне білте шаммен, май шаммен отырған елге электр жарығын әкелу сол кез үшін ерекше ілгерілеу болғанын да ешкім жоққа шығара алмайды. Жылдар өте келе, талай жайды көре келе, болып жатқан қоғамдық процестерді ой елегінен өткізе келе көп нәрсеге басқаша қарағанымыз да рас. Мұның бәрі – заңды эволюция. Тақырыптан ауытқымайық.

Қоғамдық-экономикалық формацияның ауысының қашанда зор өзгерістер туындалады. Ол өзгерістер дәйім адамдар санасындағы өзгерістердің күрделі үдерісімен бірге жүреді. Осылан орай қоғамда сол өзгерістерге сай-

келетін тиісті ахуал туғызыу қажет. Ал ондай ахуал барлық салалардағы, соның ішінде идеология сияқты ерекше, нәзік, жауапты саладағы сарабдал саясаттың арқасында ғана жасалуы мүмкін. Мемлекеттің тәуелсіздігін нығайтуды біз сыртқы саясаттағы бағдарымызды қалыптастырудан бастадық деудің де еш артықтығы жоқ.

Мен тәуелсіздік тізгіні қолға тиген алғашқы күндерден бастап сыртқы саясат мәселелеріне қатты көңіл бөлуге тырыстым. Оған нақты дәлел мынау. 16 желтоқсанда біз Тәуелсіздігімізді жарияладық. Сол күннің ертеңінде-ақ мен Мәскеудегі шетел елшілеріне жолығып, Қазақстанның тәуелсіздігіне байланысты ой-пікірлерін білуді және жинақтап, мәлімет беруді тапсырдым. «Мәскеудегі шетел елшілеріне жолығып» дегеніме сен таңданбайсың, ейткені сол тұста аппаратта жұмыс істедің, бірақ кейінгі жастар мұндай сезге таңданатыны анық, бәлкім, тіпті түсінбейтін де шығар. Мәскеудегі елшілер дегені қалай дейтін шығар. Мәселе мынада. Бастапқы кезде тек бір біздің емес, ТМД елдерінің бәрінің шет елдердегі мұдделері Ресейдің дипломатиялық өкілдіктері арқылы қорғалатын. Бірде-біреуінде шетелдік елшіліктер болмайтын. Өйткені, біздің Сыртқы істер министрлігінің аты бар да заты жоқ еді. Одақтас республикалардағы ондай министрліктерді Орталық әйтеуір көз қылу үшін, республика еken дегізу үшін ғана құрып қойған болатын. Олардың қызметі дипломатиядан алыс жататын. Сол кезде айтылатын «республиканская дипломатия» деген кекесінді сөз де болатын.

– Орталық комитетте жұмыс істеген кезімнен мына бір жағдай есімде қалыпты. Идеология бөлімінде мәдениет секторын басқарған едім. Анда-санда шетелдік қонақтар келіп қалады. Соларды алып жүру, қала аралату, Алматының маңындағы көрікті жерлерді көрсету Сыртқы істер министрлігіне тапсырылатын. Бағдарламалардың бір-біріне үқсастығы сондай,

басылған қағаздың бір данасын сақтап қойып, тек елін, қонақтың аты-жөнін өзгертип, «Посещение высокогорного катка Медеу», «Посещение дома-музея Жамбыла Жабаева» деген сияқтыларды, жауапты мекемеге министрлікті сол күйінде қалдырып, нақты орындаушының тұсына әдетте шетелдік қонаққа ере жүретін екі-үш адамды білетін тіліне қарай ауыстырып жазып, мәшиңкеге қайта-қайта бастыра беретінбіз... Басқа кезде сол министрліктің бар-жоғы білінбейтін де.

— Расында да, ақылға сыймайтындей ауыр жағдай ғой. Тәуелсіз мемлекет. Шетелде бірде-бір дипломатиялық өкілдігі жоқ. Мамандары тағы жоқ. Халықаралық дәрежедегі бірде-бір келісімге қол қойып көрмеген. Өзіміздің дербес сыртқы саясатымызды тездетіп қалыптастырмасақ, елдік мұдделерімізге орасан нұқсан келуі мүмкін екендігіне көзіміз жетті. Сондықтан тәуелсіздік тізгіні қолға тиген алғашқы күндерде-ақ мен еліміздің өз тәуелсіздігін жариялауына байланысты көзқарастарын анықтап, жинақтауды тапсырдым.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Осы машақатпен жүргенімде маған Қазақстанның Мәскеудегі жаңа тұрақты өкілі Қ.Саудабаев телефон шалды. Ол Қазақстанды тәуелсіз мемлекет деп жариялау туралы республика парламентінің мәлімдемесіне дипломатиялық корпустың әсерін байқау жөнінде Президенттен тапсырма алғанын хабарлап, өзі үшін бұл жаңа істе көмек көрсетуімді сұрады.

Шет елдердің елшіліктеріне ноталар жіберіп, біз келесі күні ол кезде мәртебелі саналатын қара «Волгаға» отырдық та, дипломатиялық миссиялардың басшыларына барып шықтық. Сол кездегі жағдай бойынша бұл сапарымыз біз үшін қаншалықты көңіл толқытарлық оқиға болғанын айттып жату артық болар, өйткені, әңгіме Қазақстанды халықаралық мойындау туралы еді.

Қорытындысында Президент Н.Назарбаевтың атына құжат дайындалды. Бұл құжаттың мазмұны, Қазақстан тәуелсіздікке ие болып, өзінің тарихи дамуының жаңа кезеңіне аяқ басқанын күәландыратын болғандықтан да мәні терен деп ойлаймын. Бұл ақпарат КСРО-ның ыдырауына байланысты халықаралық қоғамдастықтағы шиеленісті ахуалды көрсетеді. Ол кезде Батыс қарамақайшы көзқараста болды: бір жағынан, бұрынғы КСРО-ның аумағында ядролық қаруға жеке бақылау орнатуды жақтаса, екінші жағынан, БҰҰ Қауіпсіздік Консепсіндегі Ресейдің ғана КСРО-ның құқықтық мирасқоры болуына бірден келісе қоймау көзқарасын білдірді».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
«Беласу», А., 2008, 180-181-беттер.

– Біздің сыртқы саясатымыздары ең басты ұстаным қандай болып белгіленді?

– Еліміздің географиялық тұрғыдан орналасуын, мемлекеттің геосаяси жағдайын, көпүлттілігімізды, көпдінділігімізді, көптілділігімізді ескере отырып біздің сыртқы саясаттағы ең басты ұстанымымыз көпжақты бағдар болуы керек деген тоқтама келдік. Сөйтіп халықаралық байланыстарымыздың арқауы етіп жақындағы, алыстағы елдердің бәрімен бірдей өзара тиімді қатынастар орнатуымыз қажет деп шештік. Бұл арада да біз өзімізді толғандырған көп сұраққа жауапты ұлы Абайдан тапқандай болдық. Оның «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» айтатын сөзі нағыз халықаралық дипломатияның ой қазығы емес пе?

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Жалпы, біз қазір қолға алғып жатқан көп бастаманың дәйектемесін басқа жақтан іздеудің қажеті жок. Барін де Абайдан табасың.

Бүгінгі халықаралық жағдайларға байланысты ұсташып отырған мемлекеттік ішкі-сиртқы саясатымызға да жауапты Абайдан табуға болады. «Адамзаттың бәрін сүйбауырым деп» деген жолдардан халықтар достығы ақын үшін қатар өмір сурудің жалаң дипломатиясы ғана емес, тіршіліктің негізгі мағынасын айқындайтын ұлы мұрат екені көрінеді. Ақын көзқарасын қазіргі тілге салсақ, өзге елдермен достық қарым-қатынаста, ынтымақтастықта болу саясаты – біздің ел болып қатарға қосылуымыздың алғышарттарының бірі. «Өзге өскен ел не істесе соны істе, ғылымиң, мәдениетін менгер», – дейді Абай. Ол үшін өзгелермен мәдени, экономикалық, саяси араластық керек, оның аты, бүгінгішке айтсақ, интеграция».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Абай туралы сөз»,  
«Таңдамалы сөздер», Астана, 2014,  
II том, 693-бет.

Жалпы, біз халықаралық аренадағы іс-қимылда-рымызды тәуелсіздікке дейін-ақ бастағанбыз. 1991 жылдың басында мен Түркия Президенті Тұрғыт Озалды Қазақстанға шақырғанмын. Ол кезде КСРО субъектілерінің, яғни одақтас республикалардың Мәскеуді айналып өтіп, сиртқы саясат саласында әрекет жасауына құқы жоқ болатын. Соған қарамай мен бірқатар елдер басшыларымен тікелей қарым-қатынас орнattым. АҚШ Президенті Джордж Бушпен, Ұлыбритания Премьер-Министрі Джон Мейджормен, Оңтүстік Кореяның Президенті Ро Дэ Умен кездестім. Сингапур лидері Ли Куан Ю-ді Алматыға шақырып, көп сөйлестім. Оның біздің экономистердің алдында лекциялар оқуын үйімдастырдым.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Қазақстан тәуелсіздік табалдырығында түрған үақытта Ли Куан Ю үкімет басшысы лауазымынан кеткен

болатын. Ол Нұрсұлтан Назарбаевтың шақыруын қуана қабыл алды және 1991 жылдың мамырында Алматыға келді. Республикадағы ахуалмен танысқан Сингапур саясатының патриархы Министрлер кеңесінде жұмыс істейтін жас экономистердің алдында лекция оқыға өз келісімін берді. 69 жастағы саясаткер өзінің қуатымен және ой-пайымдарының айқындығымен аудиторияны таңқалдырды. «Ескі когортадан шыққан біздің көптеген кадрларымыз болып жатқан оқиғалардың енді беті қайтпайтынын түсінген жоқ. Соңшама жылдар бойы бүкіл әлемнен жабық бола отырып, біз жаңандану қатерін толық мөлшерде сезіне алған жоқпыш. Оның мүмкіндіктерін де түсіне алмадық. Бізде өзіне тән «ашық әлемде өмір сүру тәжірибесі» болған жоқ. Сингапур премьер-министрінің 1991 жылғы лекциясы біз үшін ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды өзірлеуде бағдарға айналды. Бізге өзіміздің даму жолымызды табу үшін қандай мақсатқа қол жеткізгіміз келетінін анықтал алу қажет болды». Назарбаевтың бұл ретте сингапурлық мейманның саяси институттар алмасу туралы салиқалы пікірін айрықша атап өтуі назар аударапты. Әлі де өзі жаңадан ие болған кезекті қасаң қағидасына жармасып жүрген Гөрбаненқа қарағанда ол оның демократияның өзіндік құндылығы туралы пайымдауымен келіскең жоқ, бірақ оған ең алдымен тиімді мемлекет құру төтіктерінің біри ретінде қарады. «Сәнси тұрақтылық бәрінен де маңызды. Азиялық қоғамда тәртіп пен реттілік біртіндердің дамуы тиіс демократиядан горі маңыздырақ». Бұл Ли Куан Юдің саяси кредосы болатын. Мен мұндай көзқарастың өзімнің жаныма жағатының ешқашан жасырған емесспін. Мен еркашаңда «Алдымен экономика, одан кейін саясат» дегенді айтЫП отырдым. Ол үшін мені сынады да, бірақ саясатты адамдардың әл-ауқаты мен тыныштығынан маңызды санаған КСРО-ның ыдырау көрінісі менің көз алдында тұрды». «Ол мұнда алтадан астам үақыт болды, лекциялар оқыды, оның айтқандарын біреулер түсінді, біреулер түсінген жоқ. Менің өзім де ол кезде оның айтқандарының талайын түсіне алған жоқпыш. «Ой, саған

ұзақ жұмыс істеуге тура келеді, қаншама онжылдық көрек болатынын білмеймін», деді ол біздің елден кетіп бара жатып. Бірақ кейін, жұмысымыздың нәтижелерін көргенде барып: «Сен жарадың, мен қателесіппін» деді».

Сергей ПЛЕХАНОВ,  
«Не шелковый путь», М.,  
«Международные отношения»,  
2015, 265-266-беттер.

Әрине, кез келген егемен мемлекет өзінің үлттық қауіпсіздігін қорғаныс қабілеттілігін сақтау арқылы ынғайтатын болады. Сондықтан біз ә degennnen-aқ соғысты болдырмау шараларын да ойластырық, елімізді, жерімізді қорғаудың әдістерін көздейтін әскери доктринаны, тиісті заңдарды қабылдадық. Бірақ бұл мәселенің бір жағы ғана. Мынандай алмағайып дүниеде өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін біздей жері көп, елі аз, күрделі геосаяси жағдайдағы мемлекет қорғаныс қабілетін күштейтумен ғана шеше алмақ емес. Қазақстанның өзіндік ерекшелігі, экономикасының дамуы мен әскери құрылышының деңгейі елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әскери құралдарды емес, ең алдымен өзінің ішкі қуатына және парасатты, салмақты дипломатияға сүйеніп отырып, осы заманғы саяси құралдарға басымдық етуді алдымен қажетсінетін еді. Шекараны таспен қоршамау керек, шекараны доспен қоршашу керек. Біз солай еттік. Қазақстан шекараларын заңды түрде бекітуді біз әу бастан сыртқы саясаттың басты бұйынының бірі деп санадық. Ол жайында өткен жолы айтқанмын.

Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясында біз еліміздің әлемдік қоғамдастықтағы саяси салмағын арттыру, дүние жүзілік экономикада өзіне лайықты орнын алу мәселелерін көпжақты әрі әртүрлі нұсқадағы тепе-тендікті сақтау, демократиялық бостандықтар мен адам құқықтарын қорғау есебінен шешуді мақсат етіп қойдық. Әлемдік

шаруашылық байланыстарына қолайлы қосылу үшін еліміздің тиімді геосаяси жағдайын пайдалануға ұмытылдық.

– 2015 жылғы көктемде Жастар форумында сөйлеген сөзіңізде сіз Қазақстанның экономикалық дамуына түбекейлі ықпал ететін нақтылы және қарапайым факторлар қатарында география мен климатты, яғни үлкен арақашықтықты, теңізге шығу жолының жоқтығын айттып едіңіз. Іс жүзінде біз осындай **көптеген объективті жағдайларға қарамай алға басудамыз** дегенсіз. Сонда еліміздің тиімді геосаяси жағдайы неде болып шығады?

– Иә, сондай жағдайларға қарамай алға басудамыз. Ал жаңағы айтқан мәселелердің ішіндегі ең бастысы – біздің теңізге шығатын жолымыздың жоқтығы үлкен кемшілігіміз екені рас. Өзіңнің порттарың болып, сол порттардан жүк тиелген кемелерің мұхит айдынымен әлемнің кез келген портына жол тартып жатса, жақсы емес пе? Әрине, жақсы. Ол бізде жоқ. Бұған көнбеске амалың тағы жоқ. Теңізге шығатын жолы жоқ елдер мына дүниеде толып жатыр. Бірақ бар мәселе кемшілікті артықшылыққа айналдыруда ғой, солай емес пе? Біздің жеріміз ежелден Батыс пен Шығыстың арасындағы сауда және саяси байланыстардың сахнасы болған. Атақты Жібек жолының үлкен бір бөлігі қазақ даласы арқылы өткен. Сондықтан да біздің еліміз Еуропаны, Орталық Азияны, Азия-Тынық мұхит аймағын, Азияның оңтүстігін байланыстыруши бын ретінде маңызды стратегиялық рөл атқара алады. Атқара да бастады. Бір жамандықтың бір жақсылығы бар деген сол. Мысалы, біз өз тауарларымызды елдің бір шетінен бір шетіне, одан асып шетелге апару үшін қосымша көп шығын жүмсаймыз. Оның есесіне өзге елдер өз тауарларын біздің ел арқылы тасымалдаса жаңағы бізге кедергі саналатын қашықтық енді пайда көзіне айналады, өйткені транзиттік тарифтен алатынымыз көбейе түседі.

Сондықтан жиырмасыншы ғасырдың соңына қарай, мыңжылдықтар тоғысатын тұста әлемнің саяси картасында жаңа геосаяси жағдай туды дейміз. Онда Қазақстан Еуропаны Азия-Тынық мұхит аймағымен байланыстыратын кеңістікті алып жатыр. Бұл кеңістік сыртқы саяси және стратегиялық түрғыдан тиімді кеңістік.

Еліміз егемендік ала салысымен бұрын одақтас республика ретінде тіпті айналысып көрмеген проблемалармен бетпе-бет келді. Қазақстан халықаралық сахнаға шыға салысымен тіпті өзге ортаға қойды да кетті. Сол тұста біздің ең алдымен шешіп алған, қазақша айтқанда салған беттен басын ашып алған мәселеміз ел территориясында орналасқан ядролық қарудың тағдыры еді. Оның жайжапсарын кезінде өзіңе әңгімелегенмін.

Мына бір жағдайды да айта кетейін. Ол біздің түркітілдес ағайындармен арақатынасымызға байланысты. «Күдай қосқанды адам ажырата алмайды» дегендей, мың жылдық үзілістен кейін түрік бауырларымызben қайта табысқанымыз рас. Олар Анадолы даласына біздің Сыр бойынан барған ғой. Қыпшақтар мен оғыздардың бөлінетін тұсы сол. Тәуелсіздік таңы атқан тұста бізге түрік бизнесмендерінің көп көмегі тиді. Сонымен бірге, түріктердің бірден-ақ бізге ақыл айтуға, тым қамқоршы болуға үмтүлұы секем алдырған еді. Біз деген «үлкен ағадан» жаңа ғана құтылған ел емеспіз бе? Осы мәселе бойынша менің өзім ерекше сыйлайтын адамым – Түркия Президенті Түрғыт Озалды ренжітуіме де тұра келген кезі бар. Қайтейін, бәрі де елдің қамы ғой.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Халқының негізгі бөлігі түркітілді Қазақстан үшін кемалшылар үлгісі тағылым аларлықтай болатын. «Мен Ататүрік туралы бәрін де, ресейлік және батыстық тарихи жазбаларда жазылғандардың бәрін де оқыдым. Оның әр күнін – қалай жұмыс істегенін және нені жасағанын біletін шығармын» деп ойлаймын», дейді

президент Назарбаев. Ол әлі кеңестік республиканың басшысы болып жүргенде Нұрсұлтан Назарбаевтың тіке-лей шақыруымен (Мәскеумен келіспестен) Алматыға келген алғашқы шетелдік көшбасшы түрік президенті Түрфыт Озал болды. Қазақстанның тәуелсіздігін алдымен таныған Түркия түркі халықтарының бауырластығы мен мәдени біртектілігін бүкіл жан-журегімен жақтады, әрине, тарих тауқыметімен Ресей империясының, одан кейін Кеңес Одағының құрамында болған былайғы түркі тілдес үлттардың идеологиялық, ал реті келіп жатса, саяси шамшырағы болу сияқты ішкі ниет те жоқ емес-тін. Бірақ Қазақстан Президенті түркі ынтымақтастығы ішіндең қарым-қатынастарды иерархиялық қағидат бойынша құруға деген талпыныстың жолын бірден кесті. Жас мемлекеттің анағұрлым ауқаттырақ ағайындарының көмегіне өте мұқтаж болып түрғанына қарамастан, ол тепе-тендік қағидатын таңдайтынын кесімді түрде мәлімдеді. Бұл жайт Эзербайжан, Қазақстан, Қыргызстан, Түркіменстан, Түркия және Өзбекстан басшыларының Анкарада 1992 жылы өткен саммитінде орын алды. Кездесу қорытындысы бойынша Түркітілдес мемлекеттер достастығын құру туралы хаттама өзара келісудің аз-ақ алдында түрді, ол бойынша Түркия көшбасшы рөл атқаруға тиіс еді. Бірақ «Бізде бұған дейін бір улken аға болған. Ендірі жерде Қазақстан ешқашан ешкімнің кіші інісі болмайды. Сондықтан мұндай деялгариацияға біз қол қоймаймыз» деген Назарбаевтың сөзінен кейін ол ниеттен бас тартуға тұра келді. «Пантюркизм бізге қолайлы келмейді. Біздің тіліміздің ортақ екенін, ортақ түркілік мәдениетті есімізге түсірейік және бір-бірімізге қол созып сауда-саттық жасайық, жақын және ізглікті елдер, достар болайық. Қарым-қатынасымызды осылай қалыптасырайық», деуге тұра келді», деп еске алады ол сөтті Нұрсұлтан Әбішұлы. Бұл табанды ұстаным жаттық пігійл түйнедатқан жоқ, керісінше, президенттің бауырластар арасындағы беделін нығайта түсті. Түркиямен байланыстарға еш нұқсан келген жоқ, қайта, өзара тиімді әріптестік сипатына ие болды. Қазақстанға жұмыс істеуге келген түркі компаниялары қаншама! Соның арқасында қаншама қазақстандық азаматтар бизнесті

жүргізудің қазіргі заманғы тәсілдері мен құрылыштың өздеріне таңсық технологияларын үйренді десеніші! Өзі де экономикалық қыыншылықты бастаң кешіп отырған Түркия, соған қарамастан Қазақстанға бауырлас ел үшін өте қажетті 300 миллион доллар несие бөлді».

Сергей ПЛЕХАНОВ,  
«Не шелковый путь», М.,  
«Международные отношения»,  
2015, 262-263-беттер.

– Тәуелсіздіктің 10 жылдығында газет бетінде әр жылға жеке-жеке мақалалар арнаған болатынызы. Айтқандай, ол идеяны бізге сіз ұсынған едіңіз. Оған қоса тәуелсіздіктің елеулі белестерін әңгімелейтін авторларды да белгілеп бергенсіз. Өз қолыңызben жазып, сол кездегі Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаев арқылы тапсырғансыз. 1991 жылғы оқиғалар туралы мақаланы мен жазғанмын. Мақаламның Тәуелсіздік жарияланған күндерді айтатын түсінінда «Сол күні кешке қарай Алматыға АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Джеймс Бейкер ұшып келді. Әрине, боданнан бостан болғанымызға байғазы беруге келген жоқ, Қазақстан территориясындағы ядролық қарудың ендігі тағдыры не болатынын білуге келді» деген жері бар. Егемендіктің елең-алаңында-ақ біздегі ядролық қару саяси сауданың нысанына айналды деуге бола ма?

– Дәл олай деуге болмайды. Ядролық мемлекеттердің мұндай қаруға ие тағы бір елдің халықаралық саясат аренасына шыға келуін қаламағандығы, қаламайтындығы өзінен-өзі түсінікті жай. Мысалы, көптеген жылдар бойы ядролық қаруды иеленуге дайындалып жатыр деген айыппен Батыс елдері тарапынан Иранға түрлі санкциялар салынып келгені сондықтан. Іс жүзінде ондай қаруға ие болып үлгерген деп саналатын Үндістан мен

Пәкістанның бұл бағыттағы қадамдары құпталмайтыны да сондықтан. Әрине, бұрынғы КСРО-ға тиесілі ядролық қарудың жайы енді не болады деген мәселенің барша жүртты алаңдатуы әбден заңды еді. Оның үстіне Қеңес Одағы ыдырай салысымен сол аумақтағы қоғамдық-саяси тұрлаусыздық күшейіп кетті, кейбір ықтималды шиеленістер қоздырыла бастады. Сондай жағдайда батыстық кейбір сарапшылар Қазақстан ядролық қаруы бар тұңғыш мұсылман мемлекеті, енді онда коммунизмнің құлаған қызыл туының орнына исламның жасыл туы қөтерілуі мүмкін деген әңгімеге дейін шығарды. Бұл бос пайымдаудан басқа түк те емес. Қазақстанның ислам фундаментализміне о бастан ықылассыздығы белгілі. Одан да анық етіп айтайын: қазақтардың алып бара жатқан діншілдігі ешқашан болған емес. Оның үстіне бізде христиан дінін үстанатындардың үлесі мол және Қазақстан демократияны тереңдетуге, нарықтық қатынастарды дәйектеуге табанды бағыт ұстаған мемлекет. Мына жайларды қоса көрсетейін. Бізге ядролық қару өзіміздің ықтиярымызben келген емес, Қеңес Одағының құрамында болған кезімізде тапқан «олжамыз». Әлемдегі аса ірі Семей ядролық полигоны менің алғашқы жарлықтарымның бірімен жабылған. Оған қоса – қарусызданудың біз үшін баламасы жоқ, біз жаппай қырып-жою қаруларын қысқартуға қатысты барлық келісімдерге бейілдігімізді талай рет мәлімдегенбіз. Оның үстіне Қазақстанда «ядролық шабадан» еш үақытта болған емес, біздің бұрынғы КСРО-ның стратегиялық күштері ортақ бір қолбасшылықтың иелігінде болуын жақтап келе жатқанымыз тағы белгілі. Осының бәрін ескере келгенде мен еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелігіне қабылданғанға дейін-ақ Халықаралық қатынастар жөніндегі Нью-Йорк кеңесінде сөйлеген сөзімде ядролық қарудан бас тартатынымыз үшін тиісті кепілдіктер талап ететінімізді айтуды артық көрмедім. Сонда мен Батыстың экономикалық санкциялары болуы мүмкін екендігін ескеріп, сол қауіптің де алдың алуға тырысқан едім.

ДӘЙЕКТЕМЕ

«Қазақстанды тез арада «ядросыз клубқа» кіргеү үндеушілер өз халықтарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, өз мемлекеттерінің стратегиялық мұдделерін сақтауды басшылықта алады. Бірақ біздің іс-әрекеттеріміздің қисыны да содан туады. Қазақстан Республикасы ядролық екі державаның ортасына орналасқан, солардың біріндегі жағдай өте тұрақсыз, ал екіншісінде, біздің шекараларымызға тікелей жақындықта ядролық қаруларды сынау өткізілуде. Біздің әл-сәтте балға мен төстің арасында қалғандай жағдайда болғымыз келмейді, сондыктан біздің ядролық қалқанымызды жоюымыз Ресейден, Қытай Халық Республикасынан және Америка Құрама Штаттарынан тиісті кепілдіктер болуын талап ететінін сіздер қисынды деп табатын шығарсыздар деймін.

Әрине, осының бәріне қарамастан, Батыс әлеміндегі Қазақстанға тізесін батырғысы келетін идеологтар та-былады, бірақ олар үкіметтік және іскерлік топтардың қолдауына ие бола қоймас деп ойлаймын, өйткені ондай саясаттың кері әсер тұтындырыны айдан анық. Батыстың экономикалық санкцийларының қатаң қысымы республиканың объективті көптарапты бағдарламасын жоққа шығарады, оның байланыс аясын қолдан тарылтып, бір ғана Шығыспен шектейді. Ал оқиғалардың мундай даму барысы жоғарыда мен айтып кеткен ойдан шығарылған пайымдауларды іске асыруға негіз жасайды».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
Халықаралық қатынастар жөніндегі  
Нью-Йорк кеңесінде сөйлеген сөзден,  
1992 жылғы 23 мамыр,  
«Таңдамалы сөздер», II том, Астана, 2014,  
112-бет.

— Нұрсұлтан Әбішұлы, ел тәуелсіздігі 1991 жылы жарияланғанымен іс жүзінде тәуелсіздік жағдайында өмір

сүрген алғашқы жылымыз деп 1992 жылды атаған жөн. Сіз ол кезде 52 жасқа жаңа аттаған едіңіз. Өзіміздің елуден жаңа асқан кезімізді, қазіргі елуден асқандарды көз алдымызға келтіргенде сол бір тарихтың талмау түсінда бойыңыз берінің өзінің түскен жүктің салмағын қалай қайыспай көтергеніңіз қайран қалдырады. Нью-Йорк-тегі сөзіңізде Марк Твеннің жасы 48-ге келгенше пессимист күйінде қалған адам тым көп біледі, ал жасы 48-ден асқанда да оптимист күйінде қалатындар тым аз білетіндер деген сөзін келтіргенсіз. Марк Твеннен ғері менің жолым болынқыраған сияқты, өйткені, жасым 52-ге қараған шақта мен елімнің болашағына сеніммен қараймын дегенсіз. Ел болашағына сенгендіктен де, еліміз халықаралық қоғамдастықтың өміріне дендер араласуға құқылы, соған лайықты деп білгендіктен де сол жылы, Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке қабылданғаннан кейінгі БҰҰ-ның Ассамблеясының алғашқы, яғни 47-ші сессиясында сөйлеген сөзіңізде-ақ сіз әлемдік ауқымда бастама көтердіңіз. Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөнінде кеңес ұйымдастыруды ұсындыңыз. Бұл идея қалай туындалап еді?

– Жалпы, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық кеңесі сияқты құрылымды Азияда неге құрмасқа деген идея ешкімнің көңілінің түкпірінде атымен жүрмеуі мүмкін де емес еді. Бірақ оны нақты іске айналдырудың тетіктерін қарастыру керек қой. Соны бізге дейін ешкім де қарастырмапты. Біздің еңбегіміз – Еуразия құрлығындағы бейбітшілік пен қауіпсіздік проблемасы бойынша Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес өткізу бойынша Қазақстанның нақты бастамасын көтергеніміз. Ең бастысы – ондай кеңестің міндетін, сипатын белгілеп, ұйымдастырудың тетіктерін көрсетіп бергеніміз, көптеген жылдар бойы жүйелі жұмыс жүргізіп, мақсатты жеріне жеткізгеніміз.

– Қытайға жолым түскенде Бейжіңдегі Шет тілдерде әдебиет шығару баспасынан жарық көрген «О госу-

дарственном управлении» деген кітапты ала қайтқан едім. Си Цзиньпиннің сөздерінің жинағы екен. Қытай басшысы Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің 2014 жылғы 21 мамырдағы 4-ші саммитінде сөйлеген сөзінде Қазақстанды «АӨСШК-нің бастамашы мемлекеті» деп бөлекше атапты, біз мұны елімізге деген құрметтің бір көрінісі деп білеміз.

– Қытай басшысының ол сөзіне раҳмет. Біздің бәріміздің басымызды бірлескен күш-жігермен Азияда қауіпсіздіктің сенімді жүйесін жасауға болады, жалпы бүкіл дүниеде қауіпсіз әлемді ортақтаса орнатуға болады деген пікір қосып отыр. Өз басым бара-бара АӨСШК Азиядағы қауіпсіздіктің ақықат факторына айналатынына анық сенемін. Біздің осындағы Кеңес шақыру жөніндегі бастама-мызды ә дегеннен-ақ Азия аумағының 90 пайызын алып жатқан мемлекеттер қолдағанын ерекше айтуды керек.

– Сіз АӨСШК-ні құру туралы бастаманы БҰҰ мінберінен 1992 жылы көтердіңіз. Кеңестің I саммиті 2002 жылы Алматыда шақырылды. Неге осынша үақыт кетті деп ойлайсыз?

– «Осынша» дегенді қай мағынада айтып тұрсың? Көп жыл деген тұрғыда ма? Мұндай ауқымды іс үшін он жыл деген көп үақыт емес. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық үйімін құруға тұп-тура жиырма жыл жұмсалған болатын. Біздің өз жолымызды еуропалықтардан екі есе жылдам жүріп өткеніміздің себебі біз тақыр жерден бастаған жоқпыш. Азиядағы көп елдерге сапар шегіп, ел басшыларына түсіндіріп, олардың қолдауларына ие болу қажет еді. Бұл жолда біздің дипломаттар да көп жұмыс атқарды. Біраз жұмыс Шанхай ынтымақтастық үйімінің аясында атқарылып қалған еді. Сондықтан да АӨСШК Азия құрлығындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ықпалды құралына айнала алды. Бұлай деу айтудаға ғана оңай. Шын мәнінде Алматыдағы I саммит

қарсаңында Үндістан мен Пәкістан арасындағы, атап айтайын – ядролық қаруы бар екі мемлекет арасындағы жанжал едәүір ушығып, бүкіл әлемді алаңдатып тұрған болатын. Ал біз екі елдің де басшысын бір үстелдің базына жинап, ортақ мәселелерді бірлесе талқылауға қол жеткіздік. 2002 жылғы Алматыдағы жиынның нақты нәтижелерінің бірі – Үндістан мен Пәкістанның арасындағы үнқатысудың қалпына келтірілгені. Мына жайды да ескеру керек. Азия Еуропа емес. Бұл құрлықта Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін де бір-бірімен бірнеше рет соғысып қалған, соғысып қалмаса да қарумен қақтырысып қалған мемлекеттер бар. Мұндағы демократияның сипаты да, халықаралық қарым-қатынастардың деңгейі де басқашалау. АӨСШК соқтықпалы, соқпақсыз жолмен жүргуге көбірек мәжбүр болатын форум. Сондықтан да біз АӨСШК-ні құруға бастамашылық ету арқылы осы заманғы сынақтарға қарсы тұрудың жаңандық жүйесінің ажырағысыз бөлігін жасауға шешуші үлес қостық деп сеніммен айта аламыз. Бұл жұмысымыз – нақты жұмыс. Қазақстан Кеңес хатшылығының қызметін қамтамасыз етудің үйімдышқа және қаржылық мәселелерін шешу жөнінде көп іс атқарды. Оған қоса, біз Алматыда АӨСШК-нің Штаб-пәтеріне ғимарат бөлдік, жұмысты бастап кетуге қажетті қаржыны қарастырдық. Бүгінде АӨСШК Азияның 21 мемлекетінің басын біріктіреді. Ол елдерде жер шары халқының жартысы тұрып жатыр. Атқарылар шаруа қыруар. Өкінішке орай, Азияда саяси тұрақсыздық та аз емес, шиеленіс ошақтары да біраз. Жалғыз Ауғанстанның проблемасының өзі жетеді.

– 2010 жылғы Ауғанстанға жол түскен еді. Қасіретті көп көрген елдің өз басындағы проблемалардың көптігіне қоса ол жерден АҚШ әскерлерінің кетүіне байланысты туындаитын тың мәселелер тағы бар ғой?

– Иә, Ауғанстанды есенгіреткен халықаралық терроризм жер жүзінде жайылдып барады дейтініміз сондықтан.

Оған ауған-тәжік шекарасындағы қауіпсіздік мәселесі тіке-лей қатысты. Онымен бәріміз бірдей айналыспасақ болмайды.

Жалпы, қазір Қазақстан дипломатиясының түбегейлі табыстарына ешкім де құмән келтіре алмайды. Еліміздің басты жетістігі – бейбітшілік пен келісім. Ал оны біздің ҳалықаралық беделіміз де қамтамасыз етіп отыр. Ҳалықаралық бедел деген нәрсе салиқалы сыртқы саясат пен дәйекті ішкі дамудың жарасымды қосылуынан шығады. Ішкі саясаты жараспаған елдің сыртқы саясаты да табысты бола алмайды. Еліңнің ішінде тыныштық, тұрақтылық, татулық болса, еліңнің сыртында да жүзің жарқын журеді, айтқан сөзің өтеді. Қазақстанның ҳалықаралық қызметіне біз ең алдымен елімізді дамытудың септегіші ретінде қараймыз. Ол жұмысымыз аз жылдың аясында нақты нәтижесін берді. Бізді дүйім дүние таныды. Бізді әлем құрметтейді. Өйткені, біз экономикасы күшті, ҳалықаралық қоғамдастықтағы ұстанымы берік аймақтық держава құрдық. Сондықтан да бізben әлем санасады. Кей мәселелерде жанжалдарды реттеуге ара ағайын етіп шақырып та жатады. Мысалы, 2010 жылы Қырғызстандағы саяси дағдарысты еңсеруге Қазақстан тікелей атсалысты.

**– Сол тұста Бакиевті елден алып шығуға арнайы ұшақ жібергеніңіз, сол операцияны жүзеге асыруды тікелей бақылауға алғаныңыз рас қой?**

– Рас. Бұдан бұрын Ақаевты алып шығуға да ат салыстық.

**– Бұл басқа мемлекеттің ішкі ісіне араласу болып шықпай ма?**

– Жоқ. Сол кездегі ел басшыларымен келістік. Бірақ олар бірде келісіп, бірде бас тартты. Біз ол операцияны, бір жағынан, ЕҚЫҰ-ға төраға ел ретінде, екінші жағынан, ЕҚЫҰ басшылығының мандаты бойынша, үшінші жағынан,

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің келісімімен атқардық. Маған Қырғызстандағы жағдайды реттеуге көмектесу жөнінде көптеген мемлекеттердің, соның ішінде АҚШ-тың, Ресейдің тарапынан өтініш айтылды. Біздің сол жолғы араласуымыз өзін қай жағынан да ақтады. Бакиевті елден алып кетпегенімізде Қырғызстанды азамат соғысының отжалауы жайлауы әбден-ақ мүмкін еді. Оның үстіне бұл төскейде малымыз, төсекте басымыз қосылған қырғыз елінің жағдайы ғой. Оларға көмектесу арқылы біз өзіміздің іргеміздегі тыныштықты да қамдадық деуге болады.

– Жалпы, Қазақстанды тәуелсіздік алған кезінен бері бірде-бір қадамымен, бірде-бір іс-әрекетімен, тіпті бірде-бір сөзімен өңірлік және жаңандық қауіпсіздікке нұқсан келтіріп көрмеген мемлекеттің өнегесі деп айтудың да еш артықтығы жоқ. Бұған қалай қол жеткізілуде?

– Ұлайым солай бола берсін. Мұның басты себебін біздің әу бастан-ақ Қазақстанның сыртқы саясатына көбаяуитты сипат бергенімізben түсіндірген жөн. Өткен ширек ғасыр бұл сипат Қазақстанның геосаяси жағдайына әбден сәйкес келетінін көрсетті. Біз Жер шарының осы жерінде орналасқандықтан сыртқы саясатты дәл осылай жүргізуге тиістіміз. Біз Батыс пен Шығыстың, Азия мен Еуропаның, ислам мен христиандықтың, түркілер мен славяндардың арасындағы алтын көпір міндетін атқара беруден таймауымыз керек. Одан кейінгі айтатын жағдай сыртқы саясатымызды транспарентті, ашық жүргізіп келе жатқанымыз. Мемлекеттің сыртқы саясатының басым бағыты ретінде интеграциялық үрдістерді ұстанатынымыз да ел беделін биіктете түсіп отыр. Ұлттық мұдделерді ілгерілетудің бір сенімді жолы – дәйекті және болжамды сыртқы саясат жүргізу.

– Нұрсұлтан Әбішұлы, жаңа сіз Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті үйимдастыруға он жыл жұмсалғанын халықаралық тәжірибе

**бойынша салыстырмалы түрде алғанда жылдам жа-  
салған жұмысқа жатқыздыңыз. Осыған байланысты  
сіз ұсынған тағы бір ірі бастаманың – Еуразиялық эко-  
номикалық одақ құру бастамасының жүзеге асуына  
дәл жиырма жыл кеткенін қалай түсіндірер едіңіз? Бұл  
енді қанша дегенмен бұрынғы Қеңес Одағы елдерінің  
арасындағы мәселе ғой.**

– Бұл сұрағыңа жауап беруді әріден бастауға тұра келеді. «Еуразия», «еуразияшылдық» деген ұғымдарды пайымдаудан. Негізінде біз адамзат тұрақты өмір сүретін материктер бесеу дейміз: Азия, Еуропа, Африка, Америка, Австралия. Ал таза геологиялық, географиялық түрғыдан қарасақ, Азия мен Еуропа жеке-жеке материктер болып саналмайды. Азия мен Еуропа мыңдаған жылдар бойы бір-бірімен тығыз байланыспай, негізінен дербес өмір сүріп келгендіктен, тарихи, саяси, діни себептер ажыратқандықтан әрі жер көлемінің өте үлкендігіне байланысты шартты түрде екі материк ретінде айтылады. Біз Еуразияны дүниенің екі бөлігінен – Еуропа мен Азиядан құралатын Жер шарының ең үлкен материгі деп білуіміз керек. Алайда, ресейлік еуразияшылар – Савицкий, Трубецкой, Бердяев, тағы басқалар Еуразия ұғымына тек географиялық мағына берген жоқ. Олар Еуразия деп сол кезде Ресей империясы алып жатқан территорияны атады. Ресейді Еуропа да емес, Азия да емес, өзінше «ортадағы материк» деп санады. Империяның тұтастығы үшін «еуропалық Ресей», «азиялық Ресей» ұғымдары жоқ, ортақ Ресей – Еуразия бар деді. Бұл – Еуразия ұғымының сол кездегі пайымдалуы. Ағылшынның Хэлфорд Макиндер деген ғалымының кімде-кім Шығыс Еуропаны өз бақылауында ұстаса сол Хартлендте, яғни Еуразия континентінде, алып құрлықта ұстем болады, кімде-кім сол жерде ұстем болса, бүкіл әлемде ұстемдігін орната алады деп жазғаны бар екен. Бұл сөз Еуразия аумағының стратегиялық түрғыдағы аса маңыздылығын көрсетеді. Одан бері де тағы бір ғасырдай үақыт өтті. Сол үақыт ішінде

бұрынғы Ресей империясының орнында Кеңес Одағы деген мемлекет орнады, оның құрамында он бес республика болды, олар бір-бірімен соншалықты тығыз қойындастып, электр желілеріне дейін, темір жолдарына дейін, автокөлік магистральдарына дейін мидай араласып кеткен біртұтас экономика құрды. Жаңағы он бес республикада ортақ тіл орнықты, ортақ ділде орнықты деуге болады. Адамдардың мінез-құлқында, психологиясында үқсас жайлар көбейді. Тәуелсіздік келісімен барлық елдер бет-бетімен кетті де, қалыптасқан экономикалық байланыстардың бәрінің быт-шыты шықты. Ортақ базарымыздан айырылдық. Бір елдегі тауар бір елге өтпейтін болып, қоймаларға жинала бастады, ақыры кәсіпорындар, зауыттар, фабрикалар банкроттықта түсті. Мындаған адамдар жұмыссыз қалды. Өкінішке орай, КСРО-ның қалған қирандысының орнына құрылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы уақыттың объективті талаптарына толық сай келмеді, халықтар зәру болып отырған интеграцияны қамтамасыз ете алмады. Мен 1994 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінде сөйлеген сөзімде тәуелсіз елдер арасындағы қарым-қатынастың сапалық жаңа деңгейіне ауысусы қажет екенін, мұның пісіп-жетілгенін айттым. Кеше ғана Одақтан зорға құтылғандай болып отырған елдердің халықтары «Одақ» сөзінен шошынатынын біліп, бірден-ақ Еуропалық Одақ бар екенін, ойдағыдай өмір сүріп жатқанын қоса айттым. Оларға құруға болатын одақты бізге неге құруға болмайды?

– Сіз Еуразиялық экономикалық одақ идеясын Мәскеу университетінде ресми түрде жария еткенізінен бұл ойды алдымен сол жылы Ұлыбританияға сапарыңыз кезінде ортаға салғансыз ғой. Ол жайында жазылмайтыны неліктен?

– Жазылған. Бәлкім, тиісінше кеңінен жазылмаған шығар. 1994 жылдың ерте көктемінде Ұлыбритания

Біріккен Корольдігі мен Солтүстік Ирландияға сапарым кезінде Корольдік халықаралық қатынастар институтында сөз сәйлегенімде ТМД-ны реформалау, ТМД-ға мүше елдердің экономикалық интеграциясын жаңа белеске көтеру қажеттігін айтқанмын, біздің адамдарымыз ғасырлар бойы бірге өмір сүріп келді, ынтымақтастықты нығайту адамдар мұддесіне сәйкеседі, елдеріміздің арасында шекара тарту, халықтардың араласып-құраласуын шектеу кешірілмес қателік болар еді дегенмін. Бұл сөзге халықаралық қоғамдастықта тиісінше назар аударылған. Бірақ онда мен нақты одақ туралы айтқан жоқ, едім. Арада бір апта өткенде, 29 наурыз күні Мәскеу университетінде ол ойды таратса, Еуразиялық одақ туралы нақты ұсыныс енгіздім. Еуразиялық одақтың ең алдымен біртұтас экономикалық қеңістік қалыптастыруға тиіс екенін мен сол МГУ-дегі сөзімде-ақ басын аша көрсеткенмін. Расында да, ойлап отырсақ, мемлекеттілік тарихы сан ғасырларға кететін Еуропа елдерінің өзі бірігіп жатыр, ал біз болсақ күннен-күнге бір-бірімізден алшақтап бара жатырмыз. Мәселе бірқатар саяси лидерлерде империяның қайта оралуынан қорқыныш бар екендігінде еді. Бірақ бұл сол кездің өзінде мүмкін нәрсе болмайтын. Ал қазір тіпті мүмкін емес.

**– Сіздің Мәскеу университетінде жасаған ұсынысыңыз ТМД елдерінде әрқылы пікір туғызды.**

– Оларда ғана емес. Бұл жоба Қазақстанның өзінде де бірден қызы қолдау таба қойған жоқ. Біреулер интеграцияны жақтады, біреулер интеграцияны негізінен жақтай тұра, оны белгілі бір мәлшерде шектеуді ұсынды, біреулер интеграциялық үдерістер қазір қажет емес деп санады.

**– ТМД елдерінде сіздің ұсынысты қолдамағандар қатарында Өзбекстан Президенті Ислам Каримов пен**

## Түрікменстан Президенті Сапармұрад Ниязов болғаны есімізде.

– Қолдамағандар деген қарсы болғандар деген сөз емес. Олар мұндағы мәселелердің бәрі кейінірек қарастырылуы керек деп санады. Менің достарым бұл үдерістің сатыластықпен, эволюциялық жолмен жүретінін, біраz үақытқа созылатынын ескермеді ғой деймін. Кейіннен көп нәрсе өзгерді. Он шақты жыл бойы Қазақстанның интеграциялық бастамаларын қолдамай келген Өзбекстанның өзі 2005 жылдың аяғында Еуразия экономикалық қоғамдастығына қосылу ниеті бар екенін мәлімдеді, бірнеше айдан кейін, 2006 жылдың басында Өзбекстан Қоғамдастыққа қосылды. Шынында да, мұндағы одақтар тәуелсіздікке тікелей қауіп төндіреді деу жөнсіз. Еуропалық Одаққа қанша ел біріккен? Шекаралары ашық. Қөлікпен зулап келе жатқаныңда көрші елдің жеріне кіргеніңді байқамай да қаласың. Ақшасы тұрмақ, банкісі тұрмақ, парламентіне дейін ортақ. Солар немене, тәуелсіздігінен айырылып па екен? Қайта өркендереп, да-мып келе жатқан жоқ па?

– Әйтсе де, 1994 жылы қазан айында Мәскеуде өткен ТМД елдері басшыларының саммитінде сіздің бұл ұсынысыңызды қаперге алушмен шектелу, ондағы негізгі идеяларды ТМД-ның интеграциялық үдерістерін тереңдету барысында пайдалану жөнінде шешім қабылданды. Сіздің сол кездегі көңіл-күйіңіз қандай болды?

– Әрине, қуандым дей алмаймын. Сонша өкінгенде жоқпын. Өйткені, мен бұл идеяның жүзеге асуы үзақ жылдарға созылатынын анық билетінмін. Мысалы, Еуропалық Одаққа қалай құрылған? 1950 жылы көмір мен болат жөнінде француз-герман бірлестігін құру жөнінде декларацияға қол қойылған. Одан жеті жыл өткенде Еуropa экономикалық одағы құрылған. Одан кейін тұтас ширек

ғасыр, яғни 25 жыл өткенде барып Еуропалық Одақ құру туралы Маастрихт келісіміне қол қойылған. Сонда бұл идеяның басталуынан түйінделуіне дейінгі уақыт аралығы бас-аяғы 42 жылға созылған болып шығады.

Менің ұсынысыма тым сақтықпен қарау кәдімгі «Негізі дұрыс қой, сонда да не болып кететінін қайдан білейік» деген сияқты ой қысынынан еді. Екінші жағынан, белгілі бір тұлғалар тарапынан идеяның авторлығына қызғанышпен қарау да атымен болмады дей алмаймын.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Н.Назарбаевтың ММУ-дегі сөзі өз кезінде ресейлік және халықаралық баспасөз бетінде қызба-қызу талқыланды. Көптеген ғалымдар мен қоғам қайраткерлері оның ұсынысын белсенді қолдады. Алайда, ТМД елдерінің белді саясаткерлері ол ұсыныстарды ескермей қоя салуға бейім түрді немесе ашықтан-ашық теріс көзқарас танытты. Айталақ, Еуразиялық жоба туралы Өзбекстан президенті Ислам Каримов едәүір сыны тұрғыда пікір білдірді. «Еуразия идеясында қандай жаңалық бар? – деді ол «Независимая газетаға» берген сұхбатында. – Тағы да айтамын: қосымша қондырмалы саяси құрылымдар құрып, сол құрылымдарда тиісінше орын алу. Дөрекілеу, қатқыл айтып отырмын, бірақ шындығы осы» («Независимая газета». 1994, 21 маусым). Бұл баға әділетсіз еді әрі жобаның мақсатын бұрмалап көрсететін. Нұрсұлтан Назарбаев ешқандай да саяси қондырма құрылымдар құруды ұсынған жоқ. Ол ТМД елдерінің мемлекеттік және ұлттық егемендігін сақтауды табанды түрде жақтады. Әңгіме экономикалық ынтымақтастықты әлдеқайда тығыз ету және қауіпсіздік саласында ынтымақтасу жайында болып еді...»

...Борис Ельцин ЕАО жобасы бойынша жария түрде ешқандай пікір білдірген жоқ, бірақ Астанадағы өзінің әріптесіне жеке хат жіберіп, әр түрлі түсіндірмелер мен құдік-күмәндарын жеткізді. «ТМД қанша дегенмен бізге көп көмек көрсетті, – деп жазды ол. – Жаңа бір нәрсе жасауға тырыса отырып, қолда барды қиратудың

қажеті жоқ. Мына жайды да ашық айтайын: маған ЕАО-дан кейбір мемлекеттерді – көшбасшылары тығыз ყұқпалдастыққа дайын еместерін де, сондай-ақ, бір-бірімен қақтығысып қалып жүргендерін де – алыстату идеясы ұнамайды. Бұл олардың арасындағы таласты шешуге көмектесе қоймас. Сіз бен біз олардан бөлектеніп кете де алмаймыз – халықтарымызды тағдыр ортақтығы бір-бірімен байланыстырып тұр» (Ертісбаев Е. «Казахстан и Назарбаев. Логика перемен» Астана, 2001, 281-бет). Бұл хаттан Борис Ельциннің кеңесшілері мен көмекшілері Ресей президентіне Н.Назарбаев ұсыныстарының мәнін өте біржакты және бұрмаланған күйде түсіндіргені анық көрініп тұр. Ол тіпті де ТМД-ны жаңа құрылыммен алмастыруды ұсынған жоқ еді. Ол ТМД-ның терең және түбегейлі ყұқпалдастыққа мұқтаж әрі соған дайын тұрған елдеріне өз қажетін ұсынған болатын. Өйткені, КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстан мен Орта Азия республикалары өте қыын жағдайда қалған еді: олардың әлемдік мұхитқа шығатын жолдары, Батыс пен Шығыс Азияның елдерімен байланыстырып тұратын қолайлы көлік магистральдары және осы сияқты қоپтеген мүмкіндіктері болмады».

*Рой МЕДВЕДЕВ,*

*«Нұрсұлтан Назарбаев. Казахстанский прорыв и евразийский проект». М., 2008, 182-184-беттер.*

– Бірақ, бұл арада мына жайды ескеру керек шығар. Ресей Федералдық жиналышының Федерация кеңесінің мүшесі Рамазан Абдулатипов Еуразия одағы идеясының Орталық Азиядан шыққаны біз үшін өте маңызды, идея Мәскеуден шыққанда оған бірден-ақ неше түрлі жамауатақ, яғни ярлық жапсырылар еді деген болатын.

– Ол сөздің де жаны бар. Мен Еуразиялық одак қалыптастыру жөніндегі идеяны әдейі Мәскеу университетінде, Ресей ғылыми элитасының өкілдері алдында айтқан едім. Жетекші ғалымдардың бұл идеяны

қолдағаны ойымды орнықтыра түсті. Интеграция деген КСРО заманына қайта оралу емес. Интеграция – ең алдымен экономикалық прагматизм. Мұнда да өзім үнемі айтып отыратын «Алдымен – экономика, содан кейін – саясат» деген қағида алға ұсталады. Мысалы, еліміздің халқы небәрі 17 миллион адам. Шүкір, өсіп жатырмыз. Бірақ, қаншалықты өсе береміз? 20 миллионға жетпек шіміз. Жетеміз. 25 миллионға барадымыз. 30 миллионға барадымыз бір кезде. Бірақ, мына жаңанданған әлемде оның өзі өте тар нарық саналады. Біз өз халқымыздың қажетін ғана қанағаттандыратын экономикамен алысқа бара алмаймыз. Бізге міндетті түрде сыртқы нарықтар керек. Сол нарықтардың ең үлкені – 170 миллион адамдық Ресей нарығы. Өкінішке орай, қазірше біздің тауарларымыз Еуропаның, Американың нарығының талабына толық жауап бере алмайды, Қытайдың нарығы онсыз да толып тұр. Ал Ресей нарығы, Беларусь нарығы, басқа да көршілес нарықтар біздің тауарларға ыңғайлыш, біздің нарық та олар үшін өтімді. Сондықтан мен Еуразиялық экономикалық одақ құру жөніндегі жұмысты жылдар бойы жүйелі түрде алға жылжытумен болдым. Алдымен Кеден одағы құрылды. Одан кейін Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құрылды. Одан кейін, 2014 жылы, яғни идея ортаға салынғаннан соң 20 жыл өткенде Еуразиялық экономикалық одақ құрылды. ЕАӘО құру жөніндегі Шартқа Астанада ол қойылуының символдық мәні бар. Өйткені, Қазақстан бұл идеяны ұсынып қана қойған жоқ, Қазақстан осы жылдардың өн бойында дәйім бұрынғы кеңестік кеңістіктегі басты интегратор ретінде көрініп келді. Кез келген ірі шаруа аяқ астынан керемет нәтижелер бере қоймайды. Еуразиялық экономикалық одақтың жаңа құрылған тұсына Батыс әлемі мен Ресей арасындағы құрделі шиеленістер, түрліше «санкциялық соғыстар» тап келді, сондықтан бұл экономикалық одақтың әлеуеті дәл қазірше толық ашылмай тұр. Бірақ, мемлекеттеріміздің алдынан 170 миллион адамдық байтақ нарық ашып беретіндігінің өзі оның болашағы жарқын екенін көрсетеді.

О бастаң-ақ маған бұл жобаның өзіміз талайдан көз жазып қалған ізгілікке, жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталуы маңызды, тіпті бір есептен басымырақ та болып көрінді. Неге десен, біздің бәріміздің сан ғасырлық ортақ тарихымыз бар, бірлесе өмір сүру дәстүріміз бар, ортақ тағдырымыз бар. Халықтарымыздың бәрі бір-бірімен, қазақша айтқанда, «ішек-қарны араласып» кеткен. Енді олардың арасында шекаралар тұрады, кедендер тұрады, бір-бірімізben неше түрлі бөгесіндермен бөлініп қаламыз деген оймен келісудің өзі қыын. Оның үстіне жүрттың бәрі әлемде интеграциялық бірлесу үдерісі жүріп жатқанын, айтальық, Еуропалық Одаққа біріккен елдердің өркендеу үстінде екенін әрі ешқайсының да егемендігінен айырылмағанын көріп отыр.

Әрине, біз Еуразиялық экономикалық одақ құруға біртіндеп, сатылап келдік. Мысалы, әуелдегі Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың ең тың басты жетістігі Беларусь, Қазақстан және Ресей арасындағы Кеден одағын құру туралы келісімнің жасалғандығы. Бара-бара оған Қырғызстан мен Армения қосылды. Айтқандай, бұл елдер кейіннен Еуразиялық экономикалық одаққа да қосылды. Өйткені, олар бұл арада ескі саяси құрылымдарды емес, бұрынғы КСРО-ны қалпына келтіруді емес, үлттық мемлекеттердің экономикасы ықпалдастық арқауы бола алатынын басшылыққа алып отырғанымызға көз жеткізді. Негізінде өмір тәжірибесі өткен саяси тарих та, тіпті тіл мен діннің бірлігі де, қуатты этностық диаспоралардың болуы да нағыз ықпалдастық үшін аздық ететінін көрсетіп беріп отыр. Бір діндегі, бір тілді арабтардың ара-дара жүргендігі осы сөзімнің дәлелі. Кірігудің нақты басты мұддесі экономикалық мұдде болғанда ғана ол баянды болмақ.

— Сіз сол 1994 жылдың күзінде Орталықазиялық одақты ресімдеу жөнінде де ұсыныс жасаған едіңіз. Дін ортақ, тарихы ортақ, тілі ұқсас, ділі жақын ағайындар ол ұсынысты қолдап әкете қоймады. Оның себебі неде деп ойлайсыз?

— Ағайындар ол ұсынысты дәл сол пішімде қолданақтап болады. Әйтпесе, сол жылы Біртұтас экономикалық кеңестік құру туралы шартқа қол қойылып, оған Қазақстан, Өзбекстан мен Қырғызстан кірген болатын. Араға төрт жыл салып, бұл шартқа Тәжікстан қосылды. Одан кейін «төрттік» Орталықазиялық экономикалық қоғамдастық құруға бел байлады. Өкінішке орай, ол құрылым негізінен қағаз жүзінде қалды. Неге «өкінішке орай» деп айтамын? Олай айтатынным – біз мәдениетіміз берін тарихымыздың ортақтығы жақындастырып отырған көршілес мемлекеттермен жан-жақты байланыстарымызды қазіргіден әлдеқайда берік ете түсуге тиіс едік. Оған негіз жеткілікті. Бұрынғы бес кеңестік республика орналасқан Орталық Азия өңірі 4 миллион шаршы километр жерді алған жатыр, бұл дегеніңіз бүкіл Батыс Еуропаның аумағынан да артық. Мұнда 60 миллионнан артық халық тұрады. Бәрінің де теңізге шығатын жолы жоқ. Бәрінің су ресурстары ортақ. Кеңес Одағы кезінде қатынас жолдары толық теселген, газ, мұнай құбырлары тартылған. Бізге бірге болуды Құдайдың өзі қош көреді.

— Тәжікстанның РЕГНУМ ақпараттық агенттігі кезінде таратқан бір пікірден Назарбаевтың ұсынысы тәжік халқының мұддесіне сай келмейді дегенді оқыған едім. Ол автор өңірдің елдері өздерінің күш-жігерлерін анағұрлым ауқымды ықпалдастық бағытында белсендірек ете түсүі керек, бұл үдеріске Ауғанстан мен Иран қосылуы керек деп санайды. Соның өзінде де біз Орталық Азия жерінде біртұтас мемлекет құрылудың келісе алмаймыз, ондай жағдайда өзіміздің тәуелсіздігімізді, өзіміздің тілімізді, өзіміздің тәлтумалығымызды жоғалтып алу қаупі бар дейді. «Мы не можем согласиться с тем, что на территории Центральной Азии может быть создано единое государство» деп түп-тура айтылған.

— Қайдағы «единое государство»? Міне, түсініспеу деген осындаидан шығады. Ешкім де біртұтас мемлекет

құруды ұсынған жоқ. Ондай ой да болған жоқ. Қазақстан осы арқылы өңірде гегемон мемлекет болғысы көнеді деген сөздердің де ешқандай негізі жоқ. Әңгіме өнірлік нақты интеграция жайында. Адамдардың, капитал мен тауарлардың еркін қозғалуын қамтамасыз ететін біргутас экономикалық қеңістік құру жайында. Өркениетті әлемде шекаралар ашылып жатқанда бір кезде бір халық болып отырған халықтардың шекараны бекітіп, кедендей кедергі етіп отырғаны көкейге қонымыссыз. Мен Орталық Азиядағы жағдайды тұрақтандырудың ең жақсы жолы ішкі өнірлік ықпалдастық деген ойымнан қайтпаймын. Мұнда біраз түйін жинақталып қалған. Тек су ресурстарын бөлу мәселесінің өзінде біраз келіспеушіліктер бар. Олардың бәрін дәйім бірлесе шешкенде ғана біздің өніріміздегі шиеленіс әлеуетін азайта аламыз. Оның үстіне ұлы державалардың осы өнірде экономикалық тұрғыдан басымдық ету үшін өзара бәсекелестікке түсіп жатқанын көріп отырымыз. Бізге қазір бір-бірімізге деген сенімді арттыра түсу керек. Арасынан көп болған жерде сенім де көп болады.

– Расында да, қарапайым халық түсіне бермейтін, жан ауыртар жайлар бар. Мен өзім Қазығұртта туғанмен Келесте өскен едім. Ауданымыздың орталығы Абайдан Таңкентке дейін 45 шақырым ғана. Әрі кеткенде ай сайын барып тұратынбыз. Бала күнімізден бізді өркениетті өмірге бейімдеген де сол қала болатын. Ұлттық ұғымға ерте әкелген де сол қала еді. Сөйткен Таңкентке қазір іргесіндегі «Сарыағаш» шипажайына барып тұрып кіре алмаймыз. Алдымыздан көлденеңдеп кедені шығады.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«...Қала жаққа қарасам, көзіме жас толасын,  
Қалай қызып кетермін Төле бидің моласын.  
Елеусіздеу жүрген бір ақыны едім даланың,  
Шерге толып өзегім, кері аттанып барамын.

Тілім бармай қош деуге, қия алмай көп қарадым,  
 Ташкентті ұмытпа, ойлы туған қарағым.  
 Қош, Тасқала, қайтейін, кіргізбеді кеденің,  
 Біле алмадым біздерге ертеңгі үрпақ не дерін.  
 Қош, Ташкент, аяулым, көшімді артқа бұрармын,  
 Тілегіңді сыртыңдан тілеуші боп тұрармын.  
 Шайырлардан жайыңды хат арқылы сұрармын,  
 Архивтерді ақтарып, оңашада жылармын».

Қасымхан БЕГМАНОВ,  
 «Қазақ әдебиеті», 2015 жылғы 3 сәуір.

– Бұл енді әр мемлекеттің өзінің шешетін мәселесі. Оған олай деуге де, бұлай деуге де болмайды. Бірақ, ағайындағы халықтардың аралас-құраластығы қазіргіден анағұрлым артық болуға тиіс екендігі тағы талассыз. Басқасын айтпағанда, мұның өзі таза экономикалық тұрғыдан да тиімді екендігін дәлелдеп жатудың да қажеті жоқ. Біздің сыртқы саясатымыз Орталық Азиядағы ықпалдастық үдерістерін жалғастыруды, жандандыруды жақтастыны, жай жақтап қоймай, осы бағыттағы жұмысты жалғастыра беретіндігі анық.

– Сіздің халыққа жыл сайынғы Жолдауларыңызда сыртқы саясат мәселелеріде қозғалып тұрады. Солардың бәрінде басымдықтар қатарында алдымен Ресей Федерациясымен қарым-қатынас айтылады. Мұның сыры неде дер едіңіз?

– «Сыры» дейтіндей ештеңе жоқ. Қазақстанның алдында мына әлемдегі негізгі әріптес пен негізгі одақтас кім бола алады деген таңдау тұрып көрген емес. Географиялық тұрғыдан да, тарихи тұрғыдан да біз үшін Ресейдің орны бір бөлек. Ресейлік бағыт – Қазақстан сыртқы саясатының аса маңызды басымдығы дегенді біз дәйім айтамыз. Бәрінен бұрын көршілермен достықта

өмір сүру мемлекетіміздің сыртқы саясатындағы басты басымдық десек, бұл ең алдымен тарих табыстырыған, тағдыры тоғыстырыған Ресейге тікелей қатысты. Дербес мемлекеттерге айналған қазіргі жаңа кезеңде де біздің бұрынғыша рухани етене құйде келе жатқанымыз оте сүйинішті. Даму үдерісіндегі Қазақстанның басты серіктесі – Ресей. 2006 жылы Мемлекеттік думаның 100 жылдығына арналған отырыста сөйлеген сөзімде мен тек бір жылдың өзінде, атап айтқанда 2005 жылы Ресей Президенті Владимир Владимирович Путинмен 8 рет кездескенімізді айтқанмын. Мұндай жағдай мемлекеттер басшыларының арасында сирек деп ойлаймын. Басқаша болуы да мүмкін емес. Мәселе Қазақстан халқының ширек бөлігін орыс этносының өкілдері құрайтынында ғана емес. Қазақстан мен Ресейдің мәңгілік әріптестер болуға тиістігі талассыз. Менен Ресеймен қарым-қатынасымыздың қандай болғанын қалар едіңіз деп сұрап жатады. Оған кезінде жұртқа белгілі сөзді пайдаланып жауап бергенмін. «География бізді көрші етті. Тарих бізді дос етті. Экономика бізді серіктес етті. Қажеттілік бізді одақтастар етті», дегенмін. Қазір де соны айтамын. Жаңағы сөзді айтқан адам – Джон Кеннеди, ол сөзі АҚШ-тың Канадамен қарым-қатынасына байланысты айтылған. Мен Қазақстан мен Ресейдің қарым-қатынасы осы сипатта болғанын қалаймын. Оны Ресейдегілер де жақсы түсінеді. Гумилевтің бір сөзі бар, Ресей тек еуразиялық мемлекет ретінде ғана, тек еуразиялық идеясы арқылы ғана ел болып қала алады деп келетін. Екі елдің арасында сындарлы үнқатысу арқылы, өзара мұдделерді ескеру арқылы шешүге болмайтын бірде-бір проблема жоқ.

## ДӘЙЕКТЕМЕ

«Радикализмге бейім тұратын адамдар тобына Ресей ге қайтып оралған Александр Исаевич Солженицынның (кезінде ол Қазақстан жерінде айдауда болған) сөзі қатты әсер етті. 1990 жылдың қыркүйегінде жарияланып, жеке

кітапша күйінде басылған «Ресейдің көсегесін қайтсек көгертеміз» деген мақаласында ол Қазақстанның негізінен орыстар мекен ететін солтүстік бөлігін Ресейге қосып беруге шақырды. Солженицын былай деп жазды:

«Оның қазіргі ауқымын коммунистер ойына келгенді істеп кесіп-піше салған: мал отарлары бір жылда бір жүріп өткен жердің бәрін Қазақстандікі дей берген. Ол кезде солай санайтын еді ғой: шекараның қай жерден өтетіні тіпті де маңызды емес – енді сәл-пәлден кейін, әне-міне үлттардың бәрі бір үлтқа қосылып кеткелі тұр... 1936 жылға дейін Қазақстан РСФСР-дің құрамындағы автономиялық республика саналатын, кейіннен барып оны одақтық республика деңгейіне көтерген. Қазақстан оңтүстік Сібірден, Оңтүстік Орал бойынан, оған қоса орталықтағы шөлейт жазиралардан құралған, ол жерлердің бәрін орыстар, зектер мен айдауға жіберілген халықтар қайта өзгертип, қайта салған болатын. Ал қазір соншама қолдан қампайтылған Қазақстанда қазақтар халықтың жартысына да жетпейді. Олардың шоғырланған жері, орнықты атамекені – шеткі шығыстан батыстағы Каспийге дейінгі аралықты алып доғадай иіліп жатқан оңтүстіктегі облыстар, бұл жақтағы жерлерді шынында да негізінен қазақтар мекен етеді. Сол жерлерді алып, бөлініп кетеміз десе – алдарынан Құдай жарылғасын».

Солженицынның сөзі Алматыда үлкен толқу туғызды.

1990 жылғы 13 қазанды Назарбаев бұл мәселені Горбачев өткізген мәжілісте көтеріп:

– Солженицынның мақаласы басшылықтың санкциясынсыз шыға қалыпты деп халықта айтудың... – деді».

Леонид МЛЕЧИН,  
«Назарбаев. Групповой портрет с Президентом»,  
М., 2010, 258-259-беттер.

– Шекара мәселелерін ана жолғы сұхбатта айттық қой, түпкілікті әрі дұрыс шешілген жайларды енді қайтадан қозғамай-ақ қояйық. Қос азаматтық деген даудың өзі біраз шашымызды ағартқан болатын. Соны айтайдын. 1993 жылғы күзде біз үлттық валютамызды енгізгеннен кейін-ақ Мәскеуде Қазақстанға қырын қарайтын адамдардың

сөздері өктем-өктем естіле бастады. Арада бір айдай үақыт өткенде мен Тәүелсіздік күніне арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзімде Қазақстан екі елдің арасындағы дәстүрлі достықтың тек тенденциясы болып көрмет негізінде ғана нығайтылуын жақтастының айттым. Жиналысқа қатысқан дипломатиялық корпус өкілдері әңгіме не жөнінде болып отырғанын жақсы түсінді.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Біздің Ресей Федерациясымен достық, тату көршілік, ынтымақтастық бағытымыз бекем әрі дәйекті болып қала береді. Ол біздің елдеріміз халықтарының арманымуддесіне толық сай келеді және кімнің де болсын саяси аужайына, көрсөкірлігі мен қеудемсоқтығына қарай өзгере алмайды.

Біз терезесі тең әріптестікті одан әрі дамытуды жақтаимыз. Бұл ретте қазір Ресейде жүріп жатқан саяси үдерістердің бірмәнді еместігін және кебіне-көп байсалды бағалауды қажет ететіндігін парықтаймыз. Бір нәрсе анық: қазір онда өте күрделі жағдай қалыптасып отыр. Әрине, Ресейде өткізілген сайлаудың түпкілікті қорытындысы туралы айтуға әлі ерте. Бірақ кейбір үрдістер әжептәуір айқын байқалып отыр. Тегінде, осы сайлау Ресей қоғамының алдында тұрған өте маңызды саяси проблемаларды айқындаған ауқымды әлеуметтік зерттеу болды. Мен батыстағы кейбір сарапшылар тәрізді тым теренге барып, Ресейде реакциялық күштер женіске жетті деп айтпас едім. Мұның қарапайым ғана бір себебі: фашизмнің хайуандық бейнесін танып-білген, қоңыр обаға қарсы қанды шайқасқа түсіп, оны женіп шыққан бұрынғы одақ халықтары және ең алдымен орыс халқы тарарапынан реакциялық идеялар ешқашан қолдау табуы мүмкін емес».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
Қазақстан Республикасының Тәүелсіздігі күніне  
арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзден.  
Алматы, 1993 жылғы 15 желтоқсан.  
«Таңдамалы сөздер», II том, 413-бет.

Жағдайдың қындағаны сол кезде Ресейде барлық бұрынғы кеңестік республикаларда қос азаматтық енгізілу керек деген ойдың белең алып тұруына байланысты еді. Біз еліміз аумағында бір ғана азаматтық болуы керек деп санадық. Шынында да, қос азаматтық пен тәуелсіз мемлекет үғымы тіпті қыыспайды. Оның үстіне жекешелендірудің жаңа ғана қызыу жүріп жатқан кезі. Меншікке байланысты туындауы мүмкін кез келген дауға көрші мемлекет өзінің «жарты азаматының» мұддесі тұрғысынан араласа берсе не болады? Жарайды, ондай даулар заңжолымен шешіледі дей қояйық. Ал енді өз елінде тұрып жатқан адамдардың бір мезгілде көрші елдің де азаматы саналатын жағдайын көз алдыңа елестетіп көрші? Ондай алаң көңілмен біртұтас мемлекет құру тіпті мүмкін емес. Екінші жағынан, Қеңес Одағы ыдыраған кезде талай адам өз болашағын жаңа құрылышпен жатқан жас мемлекетпен байланыстыруға тәуекел етпей, өздерінің тарихи отандарына көшіп кеткен болатын. Қазақстан ол кезде ұзын саны 3 миллиондай адамынан, ең білікті мамандарынан айырылған еді. Бұл факторды есепке алмауға болмайтын. Ол уақытта қазақстандық азаматтық біртектілік мәселесі қазіргіден әлдеқайда басқаша қарастырылатын. Мен Сыртқы істер министрлігіне өз еліміздің аумағында қос азаматтыққа жол бермейтін, сонымен бірге Қазақстанда тұрып жатқан Ресей азаматтарына, Ресейде тұрып жатқан Қазақстан азаматтарына анау айтқандай қындық тудырмайтын келісім жобасын дайындауды тапсырдым. Ол құжатты талқылау ұзаққа созылды, өте талас-тартысты өтті. Мәскеудегілер Қазақстандағы ресейлік азаматтардың құқы қазақстандық азаматтармен бірдей болуын, соның ішінде құқық қорғау органдарында, соттарда, тіпті мемлекеттік басқару органдарында жұмыс істеу құқы сақталуын табандап тұрып қорғады. Бұған келісу мүмкін емес еді. Пікірталастармен бір жарым жылдай уақыт өтті. Ақыры мынандай тоқтамға келдік. Көрші мемлекеттің аумағында ұдайы тұратын азаматтардың құқы біршама шектелетін болды. Мысалы, олар өздері тұратын елдің жоғары лауазымды мемле-

кеттік қызметтеріне, биліктің өкілетті органдарына сайланған алмайтын болды, дипломатиялық қызметке, құқық қорғау органдарына, атқарушы билік органдарына орналаса алмайтын болды, ең бастысы – сайлауларға қатыса алмайтын болды. Оның есесіне екі елде де көшіп барған адамдарға азаматтық алу жеңілдетілді. Бұл мемлекеттер арасындағы сенімді күшайте түсті. Жаңағыдай өз құқын өзі шектеу арқылы толыққанды азамат атана алмайтының на көздері жеткеннен кейін бұрын екі ойлы болып жүрген қазақстандықтардың барлығы дерлік азаматтық жөніндегі бір тоқтамға келді.

– Осы тұста сіздің дипломаттық қасиетіңіз де көмекке келген еken. Мәскеуге барған бір сапарыңызда ресми келіссөздер басталардан бір күн бұрын Борис Ельцинмен бейресми жағдайда кездесіп, ұзақ пікірлесіп, біраз айттысып, өз ойларыңызды дәлелдеп, ақыры қос азаматтықты енгізбеу жөнінде үағдаласқан екенсіз. Ертеңінде келіссөз басталған бетте ресейлік биліктің ірі өкілдері қос азаматтық мәселесін қозғау қажеттігін қайта-қайта айта берген тұста Ельцин үндемей отырып қалыпты. Сол кезде сіз: «Борис Николаевич, мен бір нәрсені онша түсінбей отырмын. Бұл елде мәселені кім шешеді өзі? Біз кеше сізben қос азаматтық болмайды деп келіскен сияқты едік қой?» депсіз. Сол сөзіңіз шамына тиіп кетіп, Ельцин: «Жетеді енді. Мен Нұрсұлтан Әбішұлына нақты айтқанмын, қос азаматтық болмайды», деп кесіп түсіпті...

– Борис Николаевичтің ірі сөйлейтін, кесек туралын мінезі бар еді. Көңіл-күйдің адамы болатын. Кейде мәрттікпен де мәселе шешіп тастайтын. Байқоңыр ғарыш айлағы туралы біз ресейліктермен біраз ырғасқанбыз. Тәуелсіздік қолға тигенмен кейін Байқоңыр Қазақстанның иелігінде қалды. Бірақ оны ұстап тұра алатын қаржы да, оны тиісінше пайдалана алатын мамандар да бізде болған

жоқ. Қайтпек керек? Ойпырмай, неше түрлі адамдар бар ғой, сол Байқоңырды біржолата жауып тастауды ұсынғандар да шықты арамыздан... Сондағы айтатындары – егемендігімізді сақтау, қоршаған ортаны қорғау. Әрине, біз Байқоңырдың Ресей мен Қазақстан тұрмақ, бүкіл адамзаттың ортақ қазынасы екенін ескере отырып өз ұсынысымызды жасадық. Оның мәнісі осынау бірегей кешенді бүкіл ТМД елдерінің ортақ иілігі үшін сақтауға саятын. Ресей Байқоңырды Қазақстан меншігі деп тануға келісті. Енді ғарыш айлағын жалға беру шарты бойынша пайдалану керек. Бар мәселе бағада. Біз жылына 200 миллион доллар десек, ресейліктер 50 миллион доллар да жетеді деп санады. Тіпті, ештеңе төлемеу керек дейтіндер де шыға бастады. Сондай бір тұста Мәскеуге барған сапарымда Борис Николаевичті 115 миллион доллар жалға алу құнын төлеуге көндіріп қайтқаным бар.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Бұл мәселе жөніндегі келіссөздер өте күрделі де шиеленісті жүрді. Бірде-бір тарап ғарыш айлағының мәртебесіне байланысты алдын ала үағадаластыққа қанағаттанбады. Ресейде кейбір саясаткерлер аталған стратегиялық объектіні заңдық тұрғыдан да, іс жүзінде де Қазақстаннан бөліп алу керек деп санады. Біздің елімізде де ғарыш айлағын ресейліктерге беруге күмәннің болғаны, «аяғына дейін беріспеу» қажет деген пікірдің қалыптасқаны жасырын емес.

Мәскеуде өткен келіссөздер барысында Нұрсұлтан Әбішұлы мен Борис Николаевич Байқоңырдың Қазақстанның меншігіне қалатыны, бірақ Ресей оны жалға алу шартымен пайдаланатыны жөнінде принципті тұрғыда үағадаласты. Бұл екі президенттің өзінің мән-мағынасы жағынан дұрыс та стратегиялық шешімі болатын. Он жылдан соң екі ел ғарыш айлағын қазақстандық байланыс жер серігін ұшыруға пайдалану туралы келісімге қол қояды. Ал сол кезде әңгіменің қызын түйіні ғарыш айлағының жалдау ақысының құнына келіп тірелген.

Оны пайдаланғаны үшін ресейліктер ешқандай төлем жасағысы келмеді.

Шағын құрамда мейлінше шиеленісті өтіп жатқан келіссөздің бір сәтінде Борис Николаевич ахуалды сейілту үшін ішімдік әкелуді сұрады. Қауіпсіздік қызметінің қызметкері төрт рюмкеге құйылған арағы және жеңілжеллі тіске басары бар табақты алып кірді. Нұрсұлтан Әбішұлының: «Неге төрт рюмке?» – деген сұрағына кабинеттің қожасы жайbaraқat қана: «Екі рюмке аз, ал төртеуі – жеткілікті», – деді. Осы бір өзінше ойнақы диалогтан соң президенттер бауырластық достық үшін тост көтеріп, табақшада тұрған ыдыстарды тәбеттепе босатты.

Одан соң біздің президент: «Ресей – үлкен мемлекет қой, Байқоңыр үшін сіздер неге төлем жасағыларыңыз келмейді?» – деді. Борис Николаевич бұл сұраққа басын шайқап: «Көп талап етіп отырыздар, 200 млн. доллар біздің бюджетіміз үшін мүлдем көп. Мені жолдастарым түсінбей қалуы мүмкін, олар ғарыш айлағын Қазақстандікі деп мойындағанымыздың төлемі ретінде тегін алуды сұрап отыр», – деп жауап берді. Сөйдеді де, бұдан арғы пікірталасты созудың енді мағынасы жоқ дегендей ол қолын шалт сермен қалды. Бірақ Н.Назарбаев ғарыш айлағын жалдау ақысын төлеуді ақырына дейін талап етіп отырып алды. Ақырында Б.Ельцин келісуге бел шешті де: «50 млн. доллар, одан бір доллар да артық емес», – деді. Бірер секунд ойланған Нұрсұлтан Әбішұлы: «Борис Николаевич, жалдау ақысын 100 млн. доллар деңгейінде белгілейік, бұған қоса 15 млн. доллар достығымыз үшін болсын», – деді. Бұл ұсыныс сол кездегі министр Андрей Козыревке ұнамай, ол жалма-жан өз президентіне бірдене деп кенес бергісі келіп еді, бірақ Б.Ельцин оның мұнысын жақтырмай қалды. Ол үстелді алақанымен: «Келісемін!» – деп сарт еткізіп бір үрды да, өзінің сыртқы істер министріне өз орныңды біл дегендей ишарамен сұсты көзімен кәрлене қарап қойды. Міне, сондықтан да шарт мәтінінің түпнұсқасында ғарыш айлағының құны тасқа басылған әріппен емес, Н.Назарбаевтың қолымен жазылған».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
«Нұр мен көлеңке»,  
А., 2008, 181-183-беттер.

Борис Николаевичтің еркөңілділігі ерекше еді. Кейде тіпті намысқа шауып, белден басып та жіберетін. Каспий теңізінің табанын бөлу сияқты аса күрделі мәселенің түйінін табу кезіндегі мәрт мінезі есімде қалып қойыпты.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Борис Николаевич марқұммен кезінде мынадай да бір сөз шарпысыбы болыпты. Екі ел үшін кезінде Каспийдің орталығындағы шекара шебін айқындау оңайға түспеген. Әрине, мұндайда ешкімді кіналаудың жәні жоқ. Қай елдің басшысы да жеме-жемге келгенде өз мемлекеті мен халқының мұддесін ойлайды. Сол үшін тартысады.

Обалы не керек, жағдайды жан-жақты түсіндіріп, бұлтартпас уәждерді алға тартқан кезде Борис Николаевич сөзге құлақ асып, әділдік жағына ойысып, икемге келе бастайды екен. Бірақ артынан оңаша қалғанда, министрлері Борис Николаевичті шешімінен айналып қойып жүріпті. Содан барып онсыз да күрделі мәселенің түйінін тарқату одан сайын ұзарып, созыла түседі.

Келіссөз күәгерлерінің айтуынша, Нұрсұлтан Әбішұлы осы жолы да түйіктан жол тауып кетеді.

— Борис Николаевич, — дейді Нұрсұлтан Әбішұлы, — біз осы неге өз министрлеріміз бен көмекшілеріміздің айтқанына көне беруіміз керек? Олардың міндеті ұсыныс беру ғана емес пе? Ақырғы шешімді мына біздер – президенттер қабылдауымыз керек қой!..

Бұл сөздер Ельциннің намысына тиіп кетсе керек, мол денесімен көмекшілеріне еңсеріле бұрыла қарап:

— Әй, сөзді қойындар! Экеліндер шешімді! – деп алдындағы үстелді жуан жұдырығымен бір қойып қалыпты.

Ал бұл келісімнің тарихи маңызы неде еді?

Шекара мәселесінің басы ашылмайынша, Каспий теңізінің қазақстандық аймағына шетелдік алпауыт инвесторлар аяғын аттап та баспас екен.

Жалпы, Борис Николаевич біздің Елбасымызды өзінің досы деп есептейтін әрі мұны реті келгенде ұдайы

айтып та жүретін. Сонымен бірге, оның өзінің досқа тән достық қызметін аямағанын да бағалауға тиіспіз».

Махмұт ҚАСЫМБЕКОВ,  
«Елін сүйген, елі сүйген Елбасы»,  
Астана, 2011, 357-358-беттер.

Өкінішке орай, Астанаға соңғы келген сапарында марқұмды ренжітіп алдық. Борис Николаевич ол кезде құрметті демалыста еді. Астанаға президенттік инаугурацияға келген болатын. Аппараттағы біреулер ол отырған жерде Путин ыңғайсызданды деген сияқты ой қысынына еріп, Ельцинді президенттер жеке кездесетін кештің тізімінен шығарып тастапты... Борис Николаевич өкпелеп, қонақ үйге кетіп қалыпты. Оны мен кейін білдім. Ланч бітісімен сәлемімді жеткізіп, менің атымнан кешкі қабылдауға шақырттым. Еркөңілділігі сол ғой, өкпесін ұмытып, қабылдауға келді, ағынан жарылып тамаша сез сөйледі. Журналистердің «Еңсегей бойлы ер Ельцин» деп жазатындағы жөні бар.

– Қазақстан дипломатиясының тарихынан осы сияқты тағы қандай оқиғалар есінізде қалды?

– Бір жолы мынандай жағдай орын алды. Астанада өте ауқымды конференция өтіп жатқан еді. Конференция бағдарламасына шұқия қарап отырған Путин бір кезде алдындағы микрофонды қосып: «Мына қағазды дайындаған адамдар – Назарбаевтың жаулары» деп салды. Бәріміз аң-таң қалдық. Содан кейін Владимир Владимирович өз ойын: «Мұнда Ресей АҚШ-пен, басқа да күштермен бірге өнірден тыс күш ретінде көрсетіліпті. Қашаннан бері біз өнірден тыс күшке айналып жүрміз?» деп түсіндірді. Сөзі дұрыс болған соң мен үндемедім. Ра-сында да, өзіміздің құдай қосқан көршіміз Ресей біз үшін қалай өнірден тыс күш бола аллады? Сөйтсем, конферен-

ция құжаттарын дайындау әдеттегідей Сыртқы істер министрлігіне емес, Ішкі істер министрлігіне тапсырылған еken, дипломатияның қыр-сырын, ең бастысы – сыртқы саясаттың мән-жайын олар қайдан білсін?

Сондай тағы бір жағдай еліміздің атауының ағылшынша жазылуына байланысты болды. Біз Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылданғанда елдің аты ағылшын тілінде «Kazakhstan» күйінде жазылатын. Дұрыс жазылатын. Осылай болғанда «kh» арқылы қазақтың тіліндегі «қ» дыбысы дәл берілетін. Бірнеше жылдан кейін ономастикалық комиссия елдің ағылшынша атауын «Kazakhstan» деп жазу жөнінде шешім шығарыпты. Сөйтіп, біз қазақтардың елі емес, казактардың елі сияқты көрінетін болдық. Бұл халықаралық ұйымдарда кәдімгідей түсініспеушілік туғызыды. Ақыры ол қателікті жөндедік. Қазір ел атауы бастапқы нұсқасындағы «Kazakhstan» болып жазылады.

Дипломатияда ұсақ-түйек деген болмайды. Біздің бір жоғары лауазымды дипломатымыз Біріккен Ұлттар Ұйымына жасыл түсті костюм киіп барған көрінеді. Сол-ақ еken дипломатиялық ортада бұл арқылы Қазақстанның исламдық мемлекет екендігі мензеліп тұр деген әңгіме тарап кетіпті. Одан кейін дипломатымыздың жасыл түсті киімге жолауды қойғаны өзінен-өзі түсінікті шығар.

Осы арада тағы бір жайға тоқтала кетейін. Бізді, мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымында мемлекеттік тілде – қазақ тілінде сөйлемеді деп кінә тағып жататындар табылады. Негізінде, онда қай тілде сөйлесең де еріктісің. Бірақ сөзіңді сондағы ресми алты тілдің біреуіне синхронды аударманы қамтамасыз етуің керек. Жарайды, оны да жасауға болады дейік. Қазақ тіліндегі сөзді, айталық, ағылшын немесе француз тіліне аударып тұрсын дейік. Алайда, сол тілден испан немесе қытай тіліне әрі қарай тағы аудару керек. Мұндай қосарланған аудармада синхрондылықты сақтау іс жүзінде мүмкін емес. Оның үстіне өте жауапты мәтіндердің аудармасында саяси тұрғыдан онша дәл жеткізілмеген тұстар да кездесіп қалатыны болады. Маған мынадай бір жағдайды айтты. Кеңестен кейінгі кеңістік

елдерінің бірінің делегациясы Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылданатын күні БҰҰ мінберінен өз тілінде сөйлеген екен. Бірақ, синхронды аудармада саяси сипаты бар елеулі қате жіберіліпті де, кейіннен делегация арнаулы баспасөз релизін таратып, өздерінің дұрыс позициясын түсіндіріпті. Сондықтан, мұндайда нақты жағдаймен санасуға тұра келеді.

Мен келіссөздерді қазақ тілінен сенімді аудармашы бар жерде қазақ тілінде жүргізуге тырысамын. Амал не, ондай мүмкіндік дәйім бола бермейді. Аудармашыға да көп нәрсе байланысты.

— Аудармашы дегеннен мынандай бір жағдай есіме түсіп кетті. Ақпарат министрі қызметінде жүргенімде бір елшіні қабылдап, министрліктің жұмысы жайында әңгімелеген едім. Негізгі тақырып сол тұста жаңа қабылданып, жұмысы енді басталып жатқан «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы болды. Бір тұста сол бағдарламаның аясында қазақ фольклорының жүз томдық басылымы шығатынын айттым. Сөзімді аударғаны сол еді, біздің министрліктің қызметкері қолын көтеріп, маған қарап «Дұрыс аударылмады» деп қалды. Өзі ағылшын тілінде түсіндіре бастады. Сөйтсек, елшінің аудармашысы менің «жүз томдық» дегенімді министр жаңылыс сөйлеген болар, дұрысы «он томдық» шығар деп, түзетіп аударған екен... Тегі, жүз томдық фольклорлық мұра болуы мүмкін, оның бәрінің жиналышып, бастырылуы мүмкін деген ойға көне алмайтын болса керек. Осы тұста, құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы, біздің елшілеріміз жүз томдық «Бабалар сөзі» сериясының кітаптарын сондағы ғылыми кітапханаларға жеткізу, сол елдерде фольклорлық байлығымызды насхаттау ісімен айналысса деген тілекті айтып қалғым келеді. Өзіңіз бастамашы болған «Мәдени мұра» бағдарламасының ең бір шоқтықты жұмысы сол жүз томдық басылым.

— Жаңағы айтқаның назар аударапрық мысал екен. Расында да, біздің фольклорлық байлығымыз ғажап. Академик Сейіт Қасқабасовтың жетекшілігімен шығарылған ол жүз томдықты біз қалай мақтаныш етсек те, қалай насихаттасақ та жарасады. Ол жүз томдық АҚШ-тың Сенат кітапханасынан бастап, әлемдегі атақты кітапханалардың бәрінде тұруға тиіс.

Сыртқы саясат – сан қырлы жұмыс. Дипломатияның міндетіне елінді барлық жағынан таныстыру, насиҳаттау да кіреді. Бұл тұрғыдан қарағанда да Қазақстан дипломатиясы көп шаруа атқаруда. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Абай мен Жамбылдың 150 жылдық тойларын ЮНЕСКО-ның мерейтойлық кестесіне енгізу оңайға түскен жоқ. Өйткені, олардың шарты бойынша мерейтой датасының соңы кемінде екі нөлмен бітуі керек. 100, 200, 500, 1000 жылдық деген сияқты. Бірақ біз жас мемлекет екенімізді, бұған дейін ұлы тұлғаларымызды халықаралық аренада таныту мүмкіндігіміз болмағанын айтып, дәлелдеп, өз дегенімізді ақыры өткізе алдық.

— Көптеген кітаптарда сіздің келіссөз жүргізу мәнерінің жөнінде жазылған. Келіссөзді көңілдегідей жүргізу үшін қандай қасиеттер қажет дер едіңіз?

— Ең керегі – мемлекеттік мұдделерге адалдық. Эр келіссөзге үлken дайындық керек. Мәселенің мән-жайына қанық болу қажет. Дипломатия дегенді көп адам алдымен айла деп ойлады. Келіссөздер кезінде құлықпен, айламен алдап соққан жағдайлар тарихта баршылық, бірақ бүгінде ондай тәсілдердің күні өткен. Қы адам сенімсіздік туғызады. Мен аңғарымпаз және ынталы ақыл дер едім. Парасатты пайым керек. Байқампаздықтың да орны үлken. Келіссөз жүргізіп отырған адамыңың бет-жүзіндегі байқалар-байқалмас өзгерістерден жан дүниесіндегі толқыныстарды тану өте қыын, бірақ мүмкін нәрсе. Жалпы, келіссөз жүргізу өнері өзіңмен сөйлесушінің ақыл-оғына

өзіңнің мүддең талап ететін идеяларды бір-бір тамшылап құя білуден көрінеді дер едім.

– Келіссөз жүргізудің әр түрлі дәстүрлерін қалай сипаттауға болады?

– Олардың өз ерекшеліктері бары рас. Келіссөз жүргізудің шығыстық моделін стратагемдік көзқараспен сипаттайды. Стратагемдік ойлау жүйесі психологиялық тіресудің өзіндік зандары мен талаптарына негізделеді. Араб әлемінде сөздің қадірі бөлекше. Арабша біраз сөз біліп алып, тіпті болмаса жаттап алып сөз бастасаңыз келіссөз жүргізушінің көңілі көтеріліп сала береді. Келіссөз жүргізудің қытайлық стилінің тамыры конфуцийлік этикаға барып тіреледі. Жапондар шешім қабылдаудың ұжымдық жүйесін дұрыс көреді, мәселені талқылауға, келісуге өте көп адам тартылады, содан да үақыт көп кетеді. Азия-Тынық мұхит өңіріндегі басқа елдермен салыстырғанда корейлер өздерінің сезімдері мен көңіл-күйін әлдеқайда ашық білдіреді. Қытайлардың, жапондардың бет-жүзінен ештеңе байқай алмасаң, корейлер келіссөз барысында-ақ эмоция таныта алады.

Келіссөз жүргізіп, өз еліңнің мүддесін қорғап қалу ол – өнер. Бірде келіспейсін, бірде келісесін. Бірақ түпкі ойың ішінде болады.

– Осы түрғыдан қарағанда біздің қазақстандық дипломатияның да өзіндік бет-бейнесі қалыптаса бастады деуге болатын шығар. Мысалы, ұлттық дәстүрлері мізді алға ұстай отырып, сыртқы саясат жоралғыларын жасау жақсы жемісін беріп жүр. 2001 жылы мен сіздің АҚШ-қа сапарыңызды көрсететін журналистер тобында болғанмын. Сонда алдымен елдің президенті Джордж Буштың әкесі тұратын Техасқа барғаныңыз, үлкен Бушпен бейресми сөйлескеніңіз, награда тапсырғаныңыз, одан

кейін ертеңінде Вашингтонға келіп, кіші Бушпен келіссөз жүргізгеніңіз өте әдемі шықты.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Тәуелсіздігіміз тәй-тәй басқан шақта Қазақстанды алдымен таныған, мойындаған мемлекеттердің қатарында әлемнің ең қуатты елі – Америка Құрама Штаттары болған. Елдің тізгінін сол тұста Джордж Буш ұстаған еді. 1991 жылдың 17 желтоқсанында, яғни тәуелсіздік жарияланған күннің дәл ертеңінде Мемлекеттік хатшы Джеймс Бейкерді арнайы ұшақпен Алматыға аттандырып салып, Нұрсұлтан Назарбаевпен республика территориясындағы ядролық арсеналдың ендігі жәйін алдын-ала сөйлесуді тапсыратын да осы Джордж Буш еді. Қазір елді оның үлкен ұлы – кіші Джордж Буш басқарып отыр. Қаланың елеусіздеу бір көшесіндегі қос қабатты жеке үйде тұратын үлкен Джордж Буш Қазақстан Президентін күтіп алуға аулаға ертерек шығып, журналисттермен сөйлесті, бізбен суретке де түсті. Жасы 80-ге тақаған экс-президенттің соншама ширақтығы, шынын айтар болсақ, бізді қайран қалдырыды.

Әлем таныған екі қайраткердің кездесуі жылы шырайлы сәлемдесуден басталып, ескі таныстардың сыйралғы әңгімесіне ұласты. Нұрсұлтан Назарбаев ел егемендігінің елең-алаңында жас мемлекетке жан-жақты қолдау көрсеткені үшін Джордж Бушқа разылығын айтып, оны АҚШ пен Қазақстан және екі ел халықтарының арасындағы бейбітшілікті, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына байланысты I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттау туралы Жарлығы оқылған соң құрметті награданы табыс етті».

«Әрине, Нұрсұлтан Назарбаевтың АҚШ-қа сапарының ең шырқау шағы Ақ үйде ел Президенті Джордж Бушпен кездесуі болды. Осы тұста біздің Елбасымыздың сапары қай жағынан да жеріне жеткізе ойластырылғанын айтпай өте шығу әділдікке жатпас. Президенттің әуелі Техас жеріне тіке тартып, Хьюстон қаласында тұрып

жатқан үлкен Джордж Бушқа жолығуы, экс-президенттің АҚШ пен Қазақстанның алғаш қарым-қатынас орната бастаған жылдарын еске алып, емен-жарқын әңгімелесуі оның қазір ел басқарып отырған ұlyмен кездесуге келе жатқан Мемлекет басшысының ненің болса да сыртқы саяси сипатымен шектеліп қалмай, таза адамдық сезімдерге дейін ескеретін сарабдалдығын тағы да даусыз дәлелдеп берді. Бұған дейін бірнеше мәрте ғана өзара хат алмасқан, бірер рет қана телефон арқылы тілдескен қос Президенттің көрген жерде кәдуілгі ескі таныстардай жайдары жүзбен амандақанында, салған беттен әзілдің де тиегін ағытып, жадырай құлісіп жатқанында Хьюстондағы бейресми жүздесудің де жылы шуағы бардай әсер қалдырыды. Әкесін сыйлағанды кім сыйламасын. Алдын ала белгіленген уақыттан анағұрлым ұзаққа созылған кездесудің қорытындысы бойынша ел басшыларының Бірлескен мәлімдемесі қабылданды».

Сауытбек АБДРАХМАНОВ,  
«Қашаған құрықтаған Қазақстан»,  
Астана, 2010, 18, 26-беттер.

– Сыртқы саясатта юмордың да өзіндік орны бар. Сол сапарыңызда үлкен Бушпен қоштасарда баласына қандай сәлем жолдайтынын сұрапсыз. Әкесі: «Ұлыма айта барыңыз, егер тілімді алмаса, белдікпен қүйрығынан тартып-тартып аламын» депті. Оған қоса «Дәл осылай, сөзді бүрмаламай айт» дегенді қосып қойыпты. Вашингтонға келген бette Техастағы кездесуден алған әсерінізді қысқаша әңгімелеп, «Ол кісі Сізге бір сәлем айтты, бірақ соны қайталаудың қажеті бар-жоқтығына қатты күмәнданып тұрмын» депсіз. Президент айтпасыңызға қойматы. Өзі айтыңыз деп тұрған соң, әрине, айтасыз. Сол-ақ еken Президент бастап, басқалар қостап, келіссөзге қатысушылардың бәрі күле жөнеліпті. Дәл сол сәт бейнеленген фото да жарияланған. Осындай сәттер жиі болып тұра ма?

– Қайдан жиі болсын. Әзілді де адамына қарап айту керек. Кіші Джордж Буштың мінез бітімін, ондай сөзді дұрыс қабылдайтынын білгеннен кейін айтқаным ғой. Жалпы, америкалықтар өздерін өте табиғи үстай алады. 2006 жылы АҚШ-қа барғанымда да Атлант мұхитының жағасында үлкен Буштың үйінде болғанмын. Сонда Джордж Буш мені түнемелікке ұлының, яғни кіші Джордж Буштың үййіктайтын төсегіне жатқызды, ертеңіне штурвалға өзі отырып, үлкен катермен бізді ашық мұхитқа серуенге алып шықты, катерге отырарда үйдің шошаласына өзі көтеріліп, маған дәл келетін кроссовка тауып шықты. Мен жанымдағы делегация мүшелеріне: «Құдды құдаларымызға келгендей болдық қой», деп әзілдеп жаттым. Ертеңінде АҚШ Президенті Ақ үйдегі кабинетінде мені: «Досым, өзінді Вашингтонда көргеніме қуаныштымын!» деп құшақтай қарсы алды. Осындай-осындай адамдық қарым-қатынас елдер арасын жақындастыра түседі.

– Джордж Буш сол жолы сізбен әңгіме кезінде Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға тәрағалыққа ұмтылуын құптамайтынын аңғартқан екен. Бірақ сіз ол ойынан қайтара алышсыз.

– Бұл жайында Тоқаев өз кітабында жақсылап жазған. Оған менің қосып-аларым жоқ. Сол кітаптан келтірсөң болады.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Қазақстанның ЕҚЫҰ-да тәрағалығына байланысты мәселеге оның көзқарасы қызық болып шықты. Дж. Буштың бұған қатысты жауабы жайында айтпас бұрын, біздер, яғни қазақстандық делегация мүшелері, біздің президентті бұл шамшыл мәселе жайында әңгіме көтеруден бас тартуға барынша үгіттеп бақтық. Бірақ Нұрсұлтан Әбішұлын әбден білу керек: біз өз пайдамызға неғұрлым көбірек себеп айтқан сайын, оның бұл жайтты

америкалық әріптесімен талқылауға деген тілсі өдан сайын күшейе түсті.

Сонымен, «ЕҚЫҰ» аббревиатурасын ести сала, АҚШ президенті Дж. Буш Кондолиза Райсқа бұрылып: «Конди, біз әлі де бұл үйымның мүшесіміз бе?» деп сұрады. Мемлекеттік хатыны қапелімде ойын жинақтау үшін көзімен жер шұқып кетті. Оның жауабын қутпестен жігерлі президент мұнадай ұзақ сонар баянға түсті:

Ойланыздаршы, төрағалық сіздерге қажет пе? ЕҚЫҰ – бұл күн сайын біреуді талқылап, біреуді сөгіп немесе кінәлап жататын үйим. Оның ешқандай жақсылық әпермейтіні аян. Күн сайын Сіздердің не істеп, не қойғандарыңызды шам алып қарағандай тексереді. Қазақстанды басқа елдермен салыстыра бастайды. Сондықтан тағы бір рет ойланып көріңіздер. Сіздерге осы үйим керек пе?

Біз алдың-ала аңғарғандай, бұл – төріс жауаптың мүқият бүркемеленген нышаны. Бірақ АҚШ-тың ұстасының туралы бірінші қолдан білудің маңызы талассыз еді. Өйткені сапардың алдында неңдей болжамдар мен дәйектер айтылмады дейсін. Маселен, Н.Назарбаев осы тақырыпты қозғаса болды, Дж. Буш өз Әкімшілігіндегі «сау күштердің» жетегімен ЕҚЫҰ-да төрағалыққа бірден келісе кетеді-мыс. Ал енді біреулер өз акпараттарының «арнайы арналарына» сілтеме жасай отырып, әкімшілік пен мемдепартамент арасында күрделі қайшылықтар бар деп соқты, сондықтан тиімді нағызға жету үшін осы қайшылықтарды пайдаланып қалу керек дейді. Бағымызға орай, Бәрі де ез орнына келді, егер қайшылықтар бар болса да олар көлемкеде қалып, принципті мәселелер бойынша АҚШ-тың үйлесірілген ұстасынына көдергі жасамайтынына біздің президенттің көзі жётті.

Н.Назарбаев бұл маселе бойынша біздің қалқаратысымызды сенімді түрде мәлімдей отырып, беріктік пен мығымдық танытты. Ол ЕҚЫҰ-ға қатысуыш-елдердің басым бөлігі Қазақстанның үйымға төрағалығына қолдауын білдіріп қойғанын атап етті. Бұл жағдайға мән бермеу, осы елдерге қатысты алғанда дұрыс болмас, біздің бұған саяси да, моральдік те қақымыз жоқ. Сондықтан АҚШ бұл арада анық азшылықта қалып отыр. Оның үстіне,

мемлекеттерді төмен немесе жоғары санаттарға бөлуге болмайды, қазір басқа үақыт, әлем өзгерді. Қазақстан өзіне қатысты мұндай теріс қарым-қатынасқа лайықты емес, өйткені біздің еліміз ядролық қарузыздандыға, халықаралық терроризмге қарсы қареске елеулі үлес қости, сондай-ақ нарықтық экономика мен демократияға еңбек сіңірді.

Дж.Буш Қазақстанға жоғарыдан қарау жөнінде әнгіме де болмауы тиіс деп жауап беруге асықты. Ол бұл тақырыпты дипломатиялық ведомстволардың қылауына қалдыруды ұсынды. Н.Назарбаев пікірталасты ұшықтырғысы келмей, ұсыныспен келісті. К.Райс пен мен президенттердің бұл шешімін бас изесумен қолдап, пікірталасты президенттік деңгейде жалғастырудың мәні жоқ дегенді аңғартуға тырыстық».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
«Нұр мен көлеңке»,  
А., 2008, 240-242-беттер.

– Онда Қазақстанның сыртқы саясаттағы ең бір белесті биігіне – ЕҚЫҰ-ға тәрағалығына байланысты айтсаңыз деймін. Қызық болғанда, еліміздің осы үйымның төріне көтерілгені жөніндегі хабарды халыққа алдымен біз жеткізіп едік. Иә, теледидардан да бұрын біздің газет жазған. Ол былай болды. ЕҚЫҰ-ға 2010 жылды қай ел тәрағалық ететіндігі жөніндегі мәселе 2007 жылды 30 қарашада, Мадридте өткен ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлері кеңесінің жалпы отырысында қабылданды ғой. Испанияға жіберген арнаулы тілшіміз дауыс берудің қорытындысы шыққанын, таңдау Қазақстанға тускенін айтып қуанышты хабарды телефонмен жеткізгенде Астанада үақыт түнгі сағат бірден өтіп қалып еді. Барлық телеарналарда жаңалықтар қызметі аяқталып, олар қазақша хабарлардың көлемін 50 пайызға жеткізуге көмектесетін түнгі концерттерін бастап жіберген болатын. Сол кездегі Сыртқы істер министрі Марат Тәжін Кеңес жұмысынан кейінгі алғашқы

сұхбатын бергенше, оны журналисіміз диктофоннан қағазға түсіргенше, Астанаға жібергенше, мәтінді тексергенше, бетке салғанша тағы екі сағаттай уақыт өтті. Газетке қол қойғанша тағы екі сағаттай кетті. Сонда да жалпы жұрт тағатсыздана тосып отырған жақсылықты елге алғаш айтатынымызды ойлап, қуанышпен, құлшына жұмыс істегеніміз есімде. Ақыры газетті уақытында шығарып, жаңалықты жұртқа телаарналардан бұрын жеткіздік.

– Біздің ЕҚЫҰ-та тәрағалығымыз арқылы бүкіл әлемнің назары Орталық Азияға алғаш рет шындалп аударылды деудің артықтығы жоқ. Өйткені, осы арқылы Орталық Азиядағы тұңғыш мемлекет Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық үйімдің басқаруға қол жеткізіп еді. Бұл арқылы Қазақстанымыздың жаңандықтары қауіпсіздіктің үйіткисына, татулық пен тұрақтылықтың кепіліне, бейбітшіліктің берекелі белдеуіне айналғаны бүкіл әлемге әйгіленіп еді. Мұның өзі Қазақстан халқының тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген табыстарына халықаралық қоғамдастықтың жоғары құрметінің белгісі де болып табылатыны өзінен өзі түсінікті. Эңгіменің басында өзінде айттың ғой, біз бұл биікке бүкіл ТМД қеңістігінде, бүкіл түркі әлемінде, бүкіл мұсылман дүниесінде бірінши көтерілген мемлекеттің деп. Дәл солай. Ал бұл айтуға ғана онай.

– Әуелде Қазақстан бұл үйімді 2009 жылды тәрағалық етуге үмтүлған еді ғой, солай емес пе? Оған не кедергі болды?

– Иә, алдымен біз өтінімді 2009 жылға бергенбіз. 2006 жылды сол кездегі ЕҚЫҰ-та тәраға ел Бельгияның сыртқы істер министрі Карел де Гюхт Астанаға келіп, біздің демократиялық үдерістерді орнықтыру жөніндеңдегі жұмысымызben танысып, Орталық Азия өнірінде экономикалық ілгерілеу мен тұрақтылықтың көшбасшы

елі Қазақстан бола алады деген пікірін айтып кеткен. Біздің кандидатурамызды ЕҚЫҰ-ға мүше көптеген елдер қолдайтын болған. Алайда, жеме-жемге келгенде біздің кандидатурамызға Ұлыбритания мен АҚШ қарсылық білдірді. Олардың әкілдері Брюссельде өткен Сыртқы істер министрлері кеңесінің мәжілісінде Қазақстанның демократияны дамытудағы атқарып отырған жұмысы мінсіз емес деген тұрғыда сөйлепті. Оған байланысты Ресейдің сыртқы істер министрі Сергей Лавров қарсы пікір білдіріпті. АҚШ пен Ұлыбритания тарарапына біз демократияны дамытудағы жұмысымыз мінсіз деп дау айтып жатпадық. Демократияны дамытудағы жұмысы мінсіз ел бар ма еken мына әлемде? Оның үстіне біздің еуропалық стандарттарға сәйкес демократияны орнықтыруға кіріскенімізге көп болмағаны да рас. Сонымен, біз ешкіммен таласып-тартастырып жатпадық, өз ішімізде Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөнінде мемлекеттік комиссия құрдық, оны өзім басқаратын болдым. Комиссия жұмысында мемлекеттің негізгі саяси институттарын одан әрі дамыту мен нығайту, биліктің түрлі тармақтарының қызметіне тәуелсіз қоғамдық бақылау жасау, олардың есептілігін, ашықтығын және тиімділігін күшету, Парламенттің жауапкершілігін ұлғайту және рөлін нығайту сияқты бірқатар мәселелер нақты қаралып, нақты шешімін тауып жатты. Осының бәрі тиісінше бағасын алды. 2007 жылы Мадридте өткен Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысында 2010 жылғы төрағалық тізгінің Қазақстанға беру жөнінде шешім қабылданды.

– Бұл арада сіздің 2006 жылы АҚШ президенті Джордж Бушпен осы мәселе жөнінде сөйлесуіңіздің де өзіндік рөлі бар деп ойлаймын.

– Олай деуге де болады. Қанша дегенмен, АҚШ-тың пікірімен басқа елдер, әсіресе, Батыс Еуропа қатты са-

насады. Төрағалығымыздың өзіміз о баста ұмтылған 2009 жылдан 2010 жылға ауысқаны бізге қайта жақсы болып шықты. Біріншіден, төрағалыққа түсуге дұрыстап дайындала алдық. Екіншіден, біз төраға болатын 2010 жылы атақты Хельсинки Шартына қол қойылғанына дәл 35 жыл толды, мұның өзі бізге ЕҚЫҰ-ның 11 жылдан бері шақырылмай келе жатқан Саммитін үйімдастыру жөнінде ұсыныс жасауымызға жақсы себеп болды.

Біз ЕҚЫҰ-ға төраға ел ретінде үйім жұмысына қандай жаңаңық енгізе алдық десек, онда Қазақстан еуропалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бүгінгі таңда құрлықтық шенбердің ауқымынан асып кеткенін дәлелдеді, соның арқасында қазірдің өзінде-ақ халықаралық қоғамдастық еуро-атлантикалық және еуразиялық қауіпсіздік деген категорияларды пайдалана бастады дейміз. Әуелде Хельсинки үдерісі «Атлантикадан Оралға дейін» деген категориямен дамыған еді. ЕҚЫҰ құрылғаннан бастап еуропалық қауіпсіздік «Ванкуверден Владивостокқа дейінгі» кеңістікті қамтыды. Қазір жаңа кезең басталды. Қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың жаңа деңгейін біз «Мұхиттан Мұхитқа дейін» деп белгіледік. Бұл не деген сөз? Бұл ендігі жерде әңгіме төрт мұхиттың – Атлант мұхитынан Тынық мұхитына дейінгі және Солтүстік Мұзды мұхиттан Үнді мұхитына дейінгі аралықта біртұтас қауіпсіздік кеңістігін қалыптастыру туралы болады деген сөз.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы бүкіл әлемге Астананың қолынан не келетінін көрсетті, біздің елімізді Еуроодақтың Орталық Азиядағы түйінді серіктесі ретінде орнықтырды. Жалпы, біздің төрағалығымыз арқылы ЕҚЫҰ, былайша айтқанда, «еуразиялық бет-бейнеге» ие болды дей аламыз. Осындай үйімнің Саммиті Еуразия құрлығының ортасында, Брюссельден мыңдаған километр қашықтықта өтуйінің өзі еуропалық қауіпсіздік парадигмасының өзгергенін көрсетеді деген пікір көкейге әбден қонымды.

Германия Федеративтік Республикасының канцлері Ангела Меркельдің «ЕҚЫҰ Саммиті алғаш рет Орталық

Азияда өтіп отыр. Ол бізге осы өңірге жаңаша қарауға мүмкіндік береді. Саммит соңғы рет осыдан 11 жыл бұрын өткен еді, одан бері дүние өзгерді, Ванкуверден Владивостокқа дейінгі кеңістік те өзгерді. Астана соны айқын дәлелдеп отыр» деген сөзі де бұл айтқаныма дәлел.

— 2011 жылы біз «Салтанат» деген қалың жинақ шығарғанбыз. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға тәрағалығы туралы толғаныстар топтастырылған сол кітаптың атын сіздің «Астана Саммитін өткізу — бүкіл Қазақстан халқының салтанаты» деген сөзіңізден алғып едік. Не айтатыны бар, ЕҚЫҰ-ға тәрағалығымыз да, оның Саммитін өткізгеніміз де халқымыздың жүлдзызын әлем аспанында жарқыратада жағып берді. Осы арқылы сіз қазақтың етектегі басын төрге, төр болғанда да Еуропа төріне шығарып бердіңіз. Оны ашып айту, ашық айту парыз. Кітаптың алғысөзінде сол ойды жеткізуге тырысқанмын.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Әр халықтың басшысы өзіне лайықты болады», деген сөз бар. Тарихтың тағдырдың тар кезеңінде Қазақстан аспанына Назарбаевтай азаматты алғып шығуындаға жайып әділеттілік жатыр. Қазақтың маңдайына маңдайы жарқыраған Нұрсұлтандай перзент бітуінде, оның ғасырлар тоғысында, мыңжылдықтар межесінде ел билігіне келуінде ғажайып заңдылық жатыр.

Жылдар өтеді. Назарбаев феноменін тарихи зерденің терең талдауына салатын үақытта жетеді. Болашақтың саясаттанушылары, философтары тұлғаның ел тарихындағы атқарар рөлі туралы толғанатын сол тұста Назарбаевтың Қазақстан Республикасы атты мемлекетті құрудағы, оны әлемге танытудағы жеке-дара еңбегі жайында жасампаздық жұмыстың жарқын мысалы ретінде жазатын болады.

Назарбаевтың есімі әлем тарихынан ойып тұрып орын алатыны мына жайдан да көрінеді. Қазақстан тәрағалық арқылы Еуропа мен Азияның арасындағы,

Батыс пен Шығыстың арасындағы, христиандық пен мұсылмандықтың арасындағы мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан алып дуалды, қалың қабырғаны құлату үдерісі басталды. Нұрсұлтан Назарбаевтың әлемдік саясаткер ретіндегі тыңдырар ең ірі ісі де, әлемдік тарихта қалдырар ең ірі ізі де осы болуы мүмкін. Оңайлықпен біте қоймайтын, тіпті ондаған жылдардың ішінде де аяқтала қалмайтын бұл үдерістің де әуелде қазақ дасында басталғанын, оны қазақ баласы бастағанын алғыскер адамзат разылықпен еске аларына, біздің үрпақтарымыз мақтанишпен айтарына сенгіміз келеді. Ал бұл үдеріс 2010 жылы – еліміз Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық үйімін төрағалығы туралы толғаныстар), Астана, 2011, 10-11-беттер.

#### «САЛТАНАТ»

(Қазақстан Республикасының Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық үйімін төрағалығы туралы толғаныстар), Астана, 2011, 10-11-беттер.

– Оқығанмын. ЕҚЫҰ-ға табысты төрағалық етуіміздің де, оның Саммитін ойдағыдай өткізуіміздің де мәні үлкен, әрине. Сонымен бірге, Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы сыртқы саясатының ең басты жетістігі басқада. Ең жақсы сыртқы саясат – ішкі саясаттың жара-сымды жалғасы. Елдегі қоғамдық-саяси тұрақтылыққа сыртқы саяси жағдай жасаудың тетігіне айналса, ұлттық қауіпсіздіктің бір кепіліне айналса, елдің экономикалық, әлеуметтік, зияткерлік және мәдени дамуының, іштей реформалануының қолайлы сыртқы жағдайларын қамтамасыз етсе, міне, ең жақсы сыртқы саясат сол. Әншейін ана елмен де татумыз, мына елмен де татумыз дегенді ғана сезінуден келер пайда шамалы. Сондықтан да мен тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап сыртқы саясаттың, былайша айтқанда, «экономикалануына» қатты назар аудардым. Бұл отандық дипломатияның жаңа белеске, саяси прагматизмді басты қағидат етіп ұстанатын белеске аяқ басуы екенін елшілерге ерекше ескерттім. Ол

үшін біздің дипломаттарымыз мына әлемде жүріп жатқан күрделі үдерістерден барынша экономикалық артықшылық таба білуге, халықаралық қарым-қатынастардан біздің еліміз үшін пайдалы үрдістерді көре білуге тиісті болды. Елшілердің қызметіне берілетін бағалар қатарына сол елден тартылған инвестиция көлемі де қосылды. Керек десен, елдің өз ішіндегі «Алдымен – экономика, одан кейін саясат» қағидатын біз белгілі бір дәрежеде халықаралық қарым-қатынастарымызда да қолдандық деуге болады. Президенттің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесін сол үшін құрдым. Менің халықаралық сапарларым барысындағы негізгі мәселелердің бірі Қазақстанға инвестициялау мәселесі болатыны сондықтан. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан экономикасына құйылған шетелдік тәте инвестициялардың көлемі шамамен 200 миллиард долларды құрады. Инвестициялар бізге неге келеді? Себебі, инвесторлар бізге сенеді. Бізді әлемде сыйлайды. Құшті экономикасы бар, халықаралық қоғамдастықта лайықты орны бар, үәдесіне берік, шетел инвесторларына тиісті жағдай жасай алатын, қаржының қайтарым беретініне кепілдік ете алатын мемлекет деп сыйлайды. Біз бұл мәртебені бағалаймыз.

Біз әуелден өзіміздің тәуелсіз мемлекетімізді батыстық демократия қағидаттарына негізdep, алдыңғы қатарлы азиялық мемлекеттердің тәжірибесін және еліміздегі көптілді, көпдінді қоғамның ерекшеліктерін ескере отырып құруды ойластырған едік. Сол ойымызды орындауға сыртқы саясатымызды орайластыра алдық. Қазақстанның мемлекеттілігі мен тәуелсіздігін нығайтуға әлемдік қауымдастықпен ықпалдастықты күшеттуді құрал етіп қолдана білдік. Халықаралық бедел деген салиқалы сыртқы саясат пен дәйекті ішкі дамудың жиынтығы. Біз соған қол жеткіздік. Бұл – біздің үлкен табысымыз.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«ЕҚЫҰ-ның жоғары дәңгейдегі кездесуінің 1 желтоқсанда ашылуының да нышандық мәні бар; дәл осы

күні алғашқы бүкілхалықтық Қазақстан президенті сайлауы етті. Онда, 1991-де, Назарбаевқа сенім мандаты берілді, енді республика азаматтарында салтанат сезімі пайда болды. Саммитке ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттерден және ынтымақтастық жөніндегі әріптерден 38 мемлекет және үкімет басшылары, бір вице-президент, жеті үкімет төрағаларының орынбасарлары, он төрт министр, сондай-ақ, бірқатар халықаралық және өнірлік үйымдардың өкілдері келді. Олардың арасында ЕҚЫҰ Бас хатшысы Марк Перрен де Бришамбо, БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун бар.

Евро-Атлантикалық және Еуразиялық кеңістіктегі тұрақты қауіпсіздік мәселелері, Ауғанстан проблемасы, Приднестровье мен Таулы Қарабақ сияқты «қимылсыз қалған» дау-жанжалдарды шешу саммиттің не-гізгі тақырыптары болды. Жоғары деңгейдегі кездесу аяқталған соң Астана декларациясы қабылданды. Онда саммитке қатысушылар Хельсинки актісі мен Жаңа Еуропа үшін Париж хартиясында, үйымның басқа да құжаттарында бекітілген ЕҚЫҰ-ның міндеттемелерін, қағидаттары мен құндылықтарын раставады. Қатысушы елдер өкілдері ЕҚЫҰ-ның барлық үш өлшемі (әскери-саяси, экономикалық, адами) бойынша жұмысты жағастыруға, жауапкершілік кеңістігінде орын алған дау-жанжалдарды реттеу үшін күш-жігерді ұлғайтуға, адам құқын қорғауға, құқық үстемдігін қамтамасыз етуге, қауіпсіздіктің жаңа сын-қатерлеріне тиісінше жауап қайтару мүддесіне сай үйімға жаңаша тыныс беруге міндеттенді. Қатысушылардың пікірлері бойынша, олардың арасындағы сенім мен өзара түсіністікті нығайту, «Хельсинки Рухын» жаңа тарихи жағдайларда қайта өркендету саммиттің басты қорытындысы болды.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев кездесуді «Астана рухы» айрықша белгісіне айналған «бүкіл ЕҚЫҰ қоғамдастыры үшін тарихи оқиға» ретінде сипаттады. Ол сірә, ізгі ниеттілік ахуалын, үйымның бұрынғы беделін қалпына келтіруге деген ортақ үмтілісты мензеген болуы керек. Жас елорда бастан өткөріп жатқан өзгерістер рухына меймандарды ортақтастыру да бұл ретте ең соңғы кезектегі мәселе емес еді. Астана көз алдымызда шетқақпай қалған қалашықтан қазіргі заманғы мегаполиске айналып түлеуде. Ол жаңа демократияның

таңдаулылар үстелінен орын алуға деген ниетін бейнелейді. Желтоқсанның аязды күндерінде жиналған әлемдік саясат жұлдыздарына Нұрсұлтан Назарбаев паш етken осындай үлкен де әртекті жиналысты басқару өнері үлкен әсер қалдырды. Бейнелеп айтқанда, салқын тартушылық пен өзара сын-талаптардың ондаған жылдық кезеңінен кейін «саяси үстел басына» қатысушылар тәжірибелі «асабаның» талпынысымен жасалған достық ахуалында емін-еркін күй кешті.

Қазақстанның астанасында өткен «қайта жүктеу» айыптаушылық сөзуарлықтан бас тартып, ұйымды нақты міндеттерді шешу үшін жұмылдыруға жағдай жасады, ол Украинаның шығыс жағында орын алған қарулы қақтығыстар барысында мейлінше көкейкесті болып шықты».

Сергей ПЛЕХАНОВ,  
«Не шелковый путь», М.,  
«Международные отношения»,  
2015, 369-372-беттер.

Айта берсе, сыртқы саясаттың сыры да көп, қыры да көп. Әңгімемізді қанша ұзаққа соzcақ та, оның ұштығына шыға алмаспсыз. Сондықтан бұл тақырыпты осымен қайыра тұрайық. Негізінде, сыртқы саяси қызмет барысында араласқан тұлғалар жөнінде арнайы әңгіме етуге де болатын шығар. Ол жағын кейін көрерміз.

— Днепродзержинскідегі оқу жылдарының жөнінде кезінде арнайы әңгіме жасағанбыз. «Құрыштың құйылуды» деген атпен газетке де басылған. Сонда Украинадағы жағдай туралы сұрағыма ондағы проблемалардың бір себебі саясатты экономиканың алдына шығарып жіберуден болған деген едіңіз. Ол елдегі жағдайдың негізінен тыныш кезі. 2013 жылдың аяғында, 2014 жылдың өн бойында тіпті ушығып кетіп, ақыры соғыс қимылдарына дейін барды. Осы істегі бітімгершілік миссияның туралы не айттар едіңіз?

– Қазір соғыс тоқтатылды. Ең бастысы осы. Ұлытауда берген сұхбатымда мұның ақырын құтуіміз керек, дүниеде қандай соғыс болса да ылғи келіссөзден, яғни бейбітшілікпен біtedі, уақыттың керемет күші бәрін орнына келтіреді дегенмін. Солай болып та жатыр. Бір кезде өзім оқыған, жастық шағымның ғажап кездері өткен Украина жеріндегі осындай жағдай, әрине, жаныма батады. Ондағы ахуалды қалпына келтіруге мүмкіндігінше үлес қосқаным да сондықтан. Бұл арада біздің барлық елдермен бірдей орнықты, достық қарым-қатынас жасайтын сыртқы саясатымыздың рөлі күшті болды.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Президент Назарбаевтың беделі халықаралық істердегі қауіпті дау-жанжалдарды шешу кезінде салмақты факторға айналып отырады. 2014 жылдың жазы мен күзінде Украинаның шығысындағы дау-жанжалға ара-ағайындық жасау президенттік дипломатияның маңызды парасына айналды. Киев билігі мен Донбасс қарулы жасақтарының тіресуіне әкеліп соқтырған ұзақ қантөгістен кейін тараптардың бітімге келуі одан бетер қындан түскендей еді. Жанжалға жанама түрде тартылған Ресей бітімгерші рөліне мүлде жарай қоймайтын. Осындай жағдайда беделді өңірлік күш ретіндегі Қазақстанның рөлі күрт өсе түсті. Елдің Киевпен және Мәскеумен бірдей достық байланыстары бар, сондай-ақ, Еуроодақпен және АҚШ-пен арадағы сенімді қарым-қатынастар да бұрыннан қалыптасқан. Астанаға әлемдік жетекші державалар өкілдері жиі-жиі келе бастады. Президент АҚШ президентімен, Германия канцлерімен, Ұлыбритания премьер-министрімен және әлемдік саяси саhnаның басқа да жетекші ойыншыларымен телефон арқылы сөйлесті. Одан Владимир Путинмен қалай жұмыс жүргізу керектірі, ресейлік көшбасшыдан нені күтуге болатындығы жөнінде ақыл-кеңестер сұрады. Екіжақты қарсылықтардың дами тусынан байланысты Украина дағдарысты реттеудегі Қазақстанның шешуші рөлі барған сайын айқын бола түсті».

«Жаңа бастаманы алға бастыру үшін президент Назарбаев бірнеше сапар жасады, олардың алғашқысы Украинаға жасалды. «Қазақстан Ресейге де, Украинаға да бірдей көзқараста, бізде мұдделер қақтығысы жоқ. Мен – еш тарапқа қолдау көрсетпейтін, бейтарап, қандай да бір үлес қоса алатын адап менеджермін», деп мәлімдеді ол 2014 жылдың желтоқсанында Киевке сапары алдында.

22 желтоқсанда Нұрсұлтан Назарбаев Киевке келді. Президент Порошенкомен және үкімет басшысы Яценюкпен ұзақ сағаттарға созылған келіссөздер жүрді. Қазақстан көшбасшысы өзімен әңгімелесушілердің дағдарыс ахуалын шешүге қалай қарайтынын өз ауыздарынан естіп білгісі келді. Мәміле мүмкіндігін талқылау үшін ол Киевтен бірден Мәскеуге келді. Одан соң германиялық канцлер Меркельмен және француз президенті Олландпен телефон арқылы сөйлесті. Осылайша Қазақстан астанасында төрт ел көшбасшыларының жоғары деңгейдегі кездесуін өткізу идеясы туыннады.

Жарты айдан соң, Ресейдің, Украинаның және Францияның көшбасшыларының Астанада кездесу туралы қағидаатты келісімдеріне қол жеткізе отырып, Қазақстан Президенті Германия канцлерімен келіссөздер жүргізу үшін Берлинге аттанды. Ангела Меркель де жанжалдастырылған тараптардың Минск келісімін нақтылы сақтауы жағдайында Назарбаев бастамасын қолдайтынын білдірді.

Бірақ осыдан соң көп ұзамай Донбасста шиеленіс жаңаша қарқын алғып, ұрыс қимылдары үдей түсті. Соның алдында қол жеткізілгендердің бәріне қатер төнді. Осы сәтте (21 қантарда) АҚШ президенті Обама Астанаға телефон шалды. Ол Назарбаевқа оның дағдарысты реттеудегі сындарлы рөлі үшін, татуластыру үдерісіне неғұрлым ықпалды саясаткерлерді тарта білгені үшін алғыс айтты. Оған жауап ретінде Қазақстан президенті Обамаға украин мәселесі бойынша бітім іздеу ісіне неғұрлым белсенді араласу жөнінде өтініш білдірді. Әңгімелесуші жақ қайғылы оқиғаны дипломатиялық жолмен шешуді жақтайтынына, Минск келісімдерін орындаудың оның кілті болып табылатындығына Назарбаевтың сендерді. Ол халықаралық қауіпсіздікті нығайту ісіндегі Қазақстанның күш-жігерін жоғары бағалады және Назарбаевтың өзінің жанжалды бейбіт жолмен

шешу жолын іздеуге белсенді атсалысын одан әрі жалғастыратынына сенім білдірді.

Қазақстан президенті ұсынған «норманд пішінінде» (Украина мен Ресей басшыларының бетпе-бет емес, жетекші европалық елдер көшбасшыларының араға журуімен кездесуі) келіссөздер өткізу идеясы ақыр соңында 2015 жылдың 11-12 ақпанында жүзеге асты. Минскіде өткен ұзаққа созылған келіссөздерден кейін қол жеткізілген үағдаластықтар берік бейбітшілік орнатуға жол ашу мақсатын көздеді. Егер, әрине, жауапты көзқарас басым түсіп, егер атысты тоқтатуды тараптар күш көрсету арқылы шешуге деген жаңа талпының алдындағы тыныс алу ретінде ғана қабылдамаса».

Сергей ПЛЕХАНОВ,  
«Не шелковый путь», М.,  
«Международные отношения»,  
2015, 380, 384-385-беттер.

— Кішіктікпен айтып отырсыз. Эйтпесе, төрттік форматында бас қосудың бастамашысы да сіз болдыңыз, АҚШ-тың, Ресейдің, Германияның, Францияның басшыларымен жеке-жеке сөйлесіп, олардың сыртқы істер министрлерінің Астанада көзбе-көз кездесуі жөнінде үағдаластыққа қол жеткіздіңіз. Кейіннен жер жақындығына байланысты Минскіде өткен «норманд» пішіміндегі кездесу негізінен сіздің еңбегіңіз. Елдің жақсы атын шығаратын осынданай игілікті істеріңіз көп болсын. Кеңінен айтқан келелі әңгіменің үшін раҳмет.

# ТАР ЖОЛ, ТАЙҒАҚ КЕШУ◆

— Нұрсұлтан Әбішұлы, қазір әлемде «Қазақстан жолы» деген үғым орнықты. Бұл үғым арқылы осыдан он шақты жыл бұрын-ақ, яғни тәуелсіздік туын тіккеніне он бес жылдай ғана болған үақыттың өзінде мына дүбірлі дүниеде өзінің лайықты орнын ала білген, ішкі саясаты мен сыртқы саясаты бір-бірін толықтырып, экономикасы халықтың әл-ауқатын арттыруға, саясаты демократияны орнықтыруға септесіп тұрған табысты елдің өзіндік жолы – Қазақстан жолы сипатталады. Ол үғым сіздің «Қазақстан жолы» атты кітabyңыз жарық көрген кезден бері айналымға енген еді. Сіз бұл жолы сол кітапты арқау ете отырып, осы ширек ғасырға жуық үақыттың ішінде еліміз алған асулады, бұл белестерді бағындыруда кездескен қыындықтарды, олардың қалай еңсерілгенін әңгімелесеңіз деймін. Сұхбат кітабына келісіміңіздің сұраған жазбамда, көптеген адамдардың өкінішке орай, бүтінгі жақсылықтың бәрі өздігінен келгендей, осылай болуға тиістідей санайтынын айтқан едім.

Кітабыңызда «Мен сіздерге қазіргі тәуелсіз Қазақстанды құрудың қаншалықты құшке түскенін айтқым келеді» деп жазғаныңыз бар еді.

— Алдымен кітап туралы айтайын.

«Қазақстан жолының» тәуелсіздік жылдарына арналған тарауларын бес өзекті белдеу арқылы сипаттауға болады.

Біріншіден, кітапты оқи отырып, жастар мемлекеттік стратегия ұстанымдары қалыптасуының, сондай-ақ өз бетінше және экономикалық түрғыдан белсенді әрекет етуге қабілетті азаматтың тұлғалану барысын қадағалай алады, биліктің қатаң көлбеуі жағдайында экономикалық реформалардың басымдылығын, қоғамдық, мемлекеттік өмірдің басқа да маңызды жағдаяттарын пайымдауға мүмкіндігі болады.

Екіншіден, онда шешім қабылдаудың президенттік сатылас биліктің бюрократияның күні өткен және басы артық буындарынан арылатындағы тиімді жүйесінің эволюциясы мен осы жолдағы ұдайы ізденіс туралы әңгімеленеді. Мұндай үздіксіз үдеріс екі бірдей әлемдік державамен қоңсы қонғанымызға және бюджеті Қазақстанның бюджетін әлденеше есе орап алатын трансұлттық компаниялармен ұдайы жұмыс істеуге тиіс екендігімізге байланысты. Геосаяси және геоэкономикалық түрғыдан мұндай күрделі жайғасушылық мемлекеттік аппараттан дәйім ширақ жүруді және кәсіби түрғыдан жоғары біліктілікті талап етеді.

Үшіншіден, егемен Қазақстанның жүріп өткен жолы бір кезде аса ірі әлемдік державаның шет аймағы саналған елдің дағдарыстан шығуның жарқын мысалы. «Қазақстан жолының» негізгі оқырмандары алдымен жастар болады деп ойластырылғандықтан тарихи кезеңдердің бәрі де батыстық басқару ғылымы түрғысынан қарастырылды. Сонымен бірге мен ол мүмкіндікті өз халқымның аса ауыр оқиғаларға толы тарихын жастардың есіне салып өту үшін пайдаландым. Мың өліп, мың тірілген халқымыздың талайлы тағдырында өзінің мәдениеті мен атамекенін аман ұстап, халық ретінде сақталып қалғаны – ғасырлар бойы қордаланған даналықтың арқасы.

Төртіншіден, ол кітап елдің экономикалық өсу үрдісін қолмен қойғандай айқын көрсетеді. Оқырман жыл өткен сайын мемлекеттің алдында түрған міндеттердің күрделілене түскенін: жаңа валютаны енгізуден Ұлттық қордың күрделі жүйесіне дейін, шетелдік инвестор-

ларды экономикамызға тартудан мұнай өндіруге жаңа салық түрлерін кіргізуге дейін, астананы ауыстырудан үлттық мегажобаларды дамытуға дейін, фермерлердің қарызын шығынға жазудан агроенеркәсіптік секторды Қазақстанның Дүниежүзілік сауда үйіміна енүіне дайындауға дейін қандай жолдан өткенімізді өз көзімен көре алады.

Бесіншіден, кітапта адамдардың жеке қарым-қатынастарының кейбір хикаялары да өз көрінісін тапқан.

«Қазақстан жолы» кітабы оқиғалар тізбегімен қоса ақпараттың тұтас бір қалың қабатын да қамтиды, онда уақыттың ағыны, тарихтың ағыны бар. Осындай тарихи дереккөздерге жүгінген кезде ондағы хабарламаға қоса қабат өзге де көп жайға қанығып қаласың, уақыттың рухын үғынасың. Оқырманның көз алдынан тәуелсіз Қазақстанның үлттық мемлекет ретіндегі қалыптасуының бел-белестеріне өткенді байыпты бағалауға, бүгінгі болмысқа ақиқат түрғысынан қарауға және келер күнге жарқын үмітпен көз тастауға негізделген біртұтас әрі терең ойластырылған идея көрініс береді.

**– Еліміз жүріп өткен жолдың қыындығы бізге мұраға қалған жағдайға да байланысты ғой. Осы жөнінде не айттар едіңіз?**

– «Горбачевтік қайта құру» кезеңінің тарихи ерекшелігін аса ірі мемлекеттік ағзаның жантасілім етер сәтімен салыстырудан болар еді. «Қайта құру» шын мәнінде мәреке шыққан КОКП Орталық комитетінің 1985 жылғы сәуір пленумынан бастап қашан біржола тарап біткенге дейін ел өз тарихының ең бір жыныс қалың ну орманына кірді де кетті. Жазықсыз жазаланған миллиондаған жандар жүрт жадында жаңғыра бастады, тоталитаризм тарап кеткен интеллигенция өкілдерінің бет-жүзі көз алдымызға қайта келіп, үлкен және кіші халықтар өздерінің ежелгі тарихын еске түсірді. Бұрынғы КСРО-ның қыыр-қырында бұл

ұдеріс көбіне-көп ұлтаралық жанжалға соқтырды, саяси дау-дамай өршіп, аяғы қарулы қақтығыстарға да ұласты. Тарих тегершігін тездесем деген дәрменсіз ниеттегі көптеген саяси күштер нағыз идеялық үреймен үркітуге жүргінгенде мұның аяғы кей жерде ұлтаралық қақтығыстарға ұрындырды, ал кей жерде тіпті тұтас мемлекеттер мен халықтарды бөліп жіберуге соқтырды. Қанға суарылған идеялардан қан тамшылаған дақыл көктеп шығады.

**– Қазақстандағы сол кездегі жағдайды қалай сипаттауға болар еді?**

– Өтпелі кезеңнің әлеуметтік дерпттеріне біз де шалдыққанымызben, бұл диагноздың Қазақстанға қатысы жоқ болып шықты. 1980-ші жылдардың аяғы мен 1990-шы жылдардың басында Қазақстан қоғамындағы көңіл-күй ауаны әлеуметтік жабығу мен селқостық ахуалын еске түсіретін, мұндайда қоғамдық сананың еңсөні езуі, адамдардың бүгінгі күнді ғана емес, ертеңгі күнді де ойлап мазасыздануынан туындастырылған психологиялық шиеленіс белең алатыны белгілі. Осындағы жағдайда көптеген кісілер көңілшек күймен әлеуметтік ертегіге елтуге, балаңдықтың бос қиялына берілуге бейім бола бастады, сөйтіп тез келе қалатын, айрықша күш жұмсауды, жан қинауды қажет етпейтін «хәппи-эндті» қолай көрді. Алайда біз қоғамның мұндай бейғам үйқыға шомуы қандай қатерлі екенін түсіндік. Әлеуметтік үйқыбастылықтың өзінен гөрі ондай үйқыдан оянұдың өзі қатерлі. Сондықтан да жүрттың жүйкесін жаппай жүқартуға жол беруге әсте болмайтын еді.

**– Бұл үшін не істелді?**

– Мен қай кезде де реформалық жаңғыруларда реформаның басты қозғаушысы және олардың барысы мен

дамуының ең ықпалды күші ретінде адамның, азamatтың жеке тұлғасының иррационалды емес рационалды, прагматикалық жақтарына арқа сүйеу керек деп санайтынын.

Сөз бар ма, жұртшылық дағдарыс атаулының қай-қайсысын да шамадан тыс ауыртпашилық деп біледі. «Дағдарыс» ұғымының өзі әдетте «тығырыққа тірелу», «ауыр жағдай» дегендей нақтылы әлеуметтік әсермен байланысты екендігінен де солай. Бірақ мен үшін, тәжірибелі басқарушы ретінде, дағдарыс атаулы шешім қабылдайтын кез жетті дегенді білдіретін. Айтқандай, дағдарыс, яғни «кризис» сөзі грекше ден дәл осылайша, «шешім» деп аударылады.

Бұған қоса, мен қай кездे де өтпелі кезеңнің дағдарысы Қазақстанның қоғамдық дамуының маңызды бір белесі деп санайтынын. Неге десен, кез келген дағдарысты жағдай әлеуметтік ортада қалыптасқан нақты ахуалды ғана айқындайды. Дағдарыс деген «апатты» да, «түйіні табылмайтындей» да болмайды, оны солай сезіну қоғамда әсіре әсершілдік белең алғанда ғана бой көрсетпек. Мұндайда «ел жарқабаққа жақын қалды», «апаттың ауылы алыс емес» және т.б. деген сыңайдағы үрей ұшыраптыңтай қызыдырманың қызыл сөзіне желігудің жөні жоқ.

Көкейге қонымды басқармашылық көзқарастың ғана жөні бар. Қоғамның өзі жағдайды қаншалықты қыын санаса – соншалықты қыын. Сондықтан кез келген дағдарысты шығанға шиеленістірудің қажеті шамалы, өйткені дағдарыс атаулының түпкі мәні адамдардың тіршілік болмысына және өмірлік мүдделеріне сай келетіндей жаңа шешім қабылдауға тіреледі. Қандай дағдарыстың да тұсында ең алдымен қайтсек алға дамимыз дегенді ойлау керек.

**– Коммунистік жүйенің құлауы жаһандануды жеделдетті ме немесе керісінше, жаһанданудың жайылуы сол жүйенің құлауына әсер етті ме?**

– Бұл дауға саясаткерлер мен экономистер бастарын қатыра берсін. Алайда, нақты шындық мынау – экономикасы мен әскери-өнеркәсіптік кешені тым ебедейсіз Қеңес Одағы жаһандану дәүірінің саяси-құқықтық болмысына бейімделе алмай-ақ кетті.

Жоспарлы-әкімшіл экономиканың қалыпты құрылымының бұзылуы бастағаннан-ақ экономикалық өзгерістің жалпы бағыты қандай болмағаны жөн екеніне күмән қалған жоқ. Жоспарлы экономикадан нарықты экономикаға көшу қажеттігі айқын еді. Алайда неше түрлі қитұрқы ғылыми ағымдар мен бағыттарға толы қазіргі заманғы экономика ғылыми нарықты экономикаға өтудің бүгінгі үрдісіне сай келетін айқын үлгі-қалыпты жасап бере алмады.

Қазақстан элитасының сол кезеңдегі аға буынының көптеген өкілдері әлемдік экономиканың жаһандану үдерісінің енді тоқтамайтынын түсіне қоймады.

Бүтін дүниеден бүркемеленіп алған біз әуелгі кездे жаһанданудың төндіретін қатері мен беретін мүмкіндігін көзге бұлдыр күйде ғана елестеттік. Қеңестен кейінгі кезеңдегі экономикалық дағдарыс жылдарының халықаралық бәсекелестік жағдайына барынша бейімделе білген азиялық «жолбарыстар» үшін қалайша «аспаннан шұға жауған» жылдарға айналғанына біз ұзақ үақыт талдау жасадық. Біз Оңтүстік-Шығыс Азияның сінірі шыққан кедей елдері 30 жылдың ішінде қайыршылықтан қалай құтылды, өркендеген индустриялы мемлекетке қалай айналды дегенді ойлап бас қатырдық. Олардың арасында алдымен Корея, Тайвань және Сингапур сұрылып шыққан еді, кейін оларға Малайзия, Индонезия мен Таиланд қосылды. Байқоңыр ғарыш айлағынан көк жүзіне совет ғарышкерлері самғап жатқан кезде бұл елдер өздерінің жер реформаларын жаңа ғана аяқтаған болатын, жарлы-жақыбайланған шаруалар болашақ мегаполистерге қаптай ағылған-ды.

Оған қоса, бұл елдердің көпшілігі өздерінің өркендеу жолын мемлекет экономикалық бағыт-бағдарды қatal

қадағалап отыратын, елдің экономикалық өміріне құнбек күн араласып жататын әтатистік жүйенің негізінде бастаған еді. Бұл елдердің үкіметтері өз дамуының белгілі бір белесінде өздерін жаппай жоспарлаудан қорғалап қалып, жеке бастамашылықта кең жол ашқандай көрінетін. Уақыт өте келе тәжірибеге енген мемлекеттік реттеудің азиялық тәсілі бүкіл әлемде «реттелуші нарықтың үлгі-қалыбы» деген ат алды.

Ал біз үшін Қазақстанның нарықтық экономикасының үлгі-қалыбын жасау барысында мәселе көкейге қонымды экономикалық іс-шаралар кешенін құруға ғана емес, қолға тиғен егемендікті табанды түрде нығайтуға да тірелген. Көз алдымызда жүзеге асып жатқан түбекейлі өзгерістердің түпкі мәнін пайымдау, одан арғы даму беталысын көре білу, жаңғыру жолының миллиондаған адамдардың мүддесіне сай келетін неғұрлым тиімді стратегиясын таңдау талап етілді. Әрі мұны қысқа уақыттың ішінде жасауға тұра келді. Тарих бізге ұзақ-сонар зерттеулер мен толғаныстарға уақыт қалдырған жоқ. Өзгеріс қарқын ала бастаған еді.

Қазақстанға одан әрі дамуды жүзеге асыру үшін қоғамдағы ұдайы жүріп жатқан өзгеріске жүйелі және барабар көзқарас қалыптастыру қажет болды. Сингапур Премьер-министрінің 1991 жылғы сапары қазақстанның билік тобы арасында стратегиялық жоспарлауды бүгінгіше пайымдаудың негізін қалап берді. Ол оқыған дәріс ұзақ мерзімдік мемлекеттік стратегияларды талдап жасаудағы алғашқы ой түрткіге айналды.

– Орта мерзімді жоспарлаудағы біздің алғашқы тәжірибеміз – 1992 жылдың басында жасалған «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының Стратегиясы». Ол құжат өмірге қалай келген еді?

– Ол кездің, қазір алыста қалған 1992 жылдың өзінде бұл маңызды құжат жалпы үлттық даму бағдарламасы-

ның – «Қазақстан – 2030» Стратегиясының жүйе қалыптастырушы идеяларының ізашары еді. Адам да, билік жүргізуши құрылым да, қоғам да айқын мақсатсыз өмір сүре алмайды. Саналы мұратсыз, асқақ армансыз өмір сүретін адамдарды ұсақ, тоғышарлық мұдде, бір сәттік жеке бастың материалдық пайдасын ойлау стихиясы сөзсіз арбап алатыны анық. Қоғамдық азғындау соның салдарынан басталады. Ол кезде әркімге біздің қозғалысымыздың бағытын көруге, оқиғаны болжап білуге, түпкі мақсатқа қол жеткізуге сенімді болуға мүмкіндік беру болды. Қазақстан қоғамы дамуының айқын және нақты тұжырымдамасы, міне, сондықтан жасалды.

Стратегия біздің тарихымызда тұнғыш рет Қазақстанның жоспарлы экономикадан нарықты экономикаға, тоталитаризмнен ырықтандырылған саясатқа көшетінін шегелеп тұрып айтып берді. Талайлар бізді түсінген жоқ. Сол кездегі Жоғарғы Кеңес және оның басшылығы халық мынандай идеяларды қабыл алуға дайын емес дегенді көлденен қартауды талап етті.

– «Талап етті» дегеніңіз рас. Сол кездегі «қызыл» Парламент кертартпалық көзқарастарымен табандап тұрып алатын. Онда мен Президент Аппаратында жұмыс істедім. Біздің бөлім Парламент ғимаратының бір шетінде орналасқан болатын. Маңызды мәселелер талқыланғалы жатыр дегенді естігендे жаңбыр-жаңбырдың арасында кабинеттен кетіп қалып, Парламент балконынан сондағы айтыс-тартысты тыңдал қайтатынбыз. Тіпті сіз ұсынған кандидатуралардың лауазымды қызметтерге бекітілмей қалған кездері де есімде. Бір сөзінде «Ол кезде күні бойы Парламентте отырып, кешке келіп негізгі жұмысыма кірісетінмін» дегеніңіз де бар. Сондай қыын шақтарда сіз неге сендіңіз, неге сүйендейңіз?

— Жастармен көптеген жүздесулердің бірінде маған: «Ең бір қыын кезеңдерде, тіпті сіздің өзіңіздің де бойыңызда сенім мен оптимизм қалмайтындағы кезеңдерде адамдарға сенім мен оптимизм ұлатудың қандай жолы бар?» деген сұрақ қойылды. Сол сұрақ талайға дейін ойымнан шықпады.

Қазақстан экономикалық берекесіздіктің шырмауығына шырмалғандай болған сол ең бір қыын жылдарда да біз халықты өз болашағымыз өз қолымызда деген ойға үйітуға ұмтылдық. Бәріміз бірлесе жүріп қыындық атаулыны еңсереміз дегенге елді сендіруге тырыстық. Біздің болашағымыз, Қазақстанның болашағы тек өзіміздің қолымызда екендігін ұғындырыдық. Береке басы бірлік екендігін ұғындырыдық. Табанды жұмыс істесек және, ең бастысы, өзімізге, өзіміздің ортақ мақсатымызға сенсек, онда бәрін де еңсеретінімізді, бәріне де төтеп беретінімізді ұғындырыдық.

Біз құр қиял қаумайтынбыз. Стратегия ұзақ мерзімді жобалау ұстанымына негізделген еді. Онда таяудағы үш жылда бізге тұтыну рыногын бір қалыпқа келтіру, келесі 7-10 жылда экономиканың шикізат сипатын жою және инфрақұрылымды дамыту үшін ірі қадамдар жасау, тағы бір 5-7 жылда жаңа индустримальы елдердің қатарына қосылу міндепті қойылды. Мұны уақыттың ықпалымен жасалған билік пен халықтың арасындағы әлеуметтік келісім деп қарау керектігін айтқанбыз. Халыққа 1992 жылғы стратегиясында берген сол үәдемізді біз орындағық.

Дағдарыс шегіне жетіп, экономика күйрей бастаған жағдайда мен Жоғарғы Кеңестің мәжілісінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне Жолдауымды жария еттім, ол құжат Президент Меморандумы ретінде танымал болды. Жолдаудың негізгі мақсаты мемлекеттік биліктің жоғары буындарының, сондай-ақ саяси партиялар мен бірлестіктердің Қазақстанда қалыптасқан жағдайға шындық-болмыс түрғысынан қарауы, тиісті қорытынды жасауы және жұмыла, сындарлы жұмыс істеуді бастауы еді. Тәуелсіздіктің үшінші жылында ел халқына өткен күннің келмеске кеткенін нақты айту қажеттігі туды.

Нарықтық экономика және демократиялық қоғам құру жолын біз саналы түрде және бүкіл халық болып таңдалады.

– Осы жолдағы басты қадам «Қазақстан-2030» Стратегиясының қабылдануы болды. Ол құжат қалай ойластырылды, қалай жасалды?

– Ұзақ мерзімді стратегияны талдап-жасау жөніндегі шешімді мен 1995 жылдың аяғында қабылдадым. 1996 жылдың сәуірінде Президент Аппаратында Жоғары экономикалық кеңес (ЖЭК) құрылды. Сейтіп, жұмыс басталып кетті. Мен кеңес мүшелерінің басын жиі-жиі қосып отырдым. Жинап, ойға түйген тезистерімді айтып шығамын, біраз уақыттан кейін олар соны қағазға түсіріп, Стратегияның сөз саптауына келтіріп, маған ұсынады. Одан әрі қарай мәтінді жетілдіру, тереңдету жұмысы қайтадан басталады.

Стратегияны халықта жария етудің жайы да маңызды еді. Сарапшылар стратегияның басымдықтары қоғамда жақсы қабыл алынуы үшін олардың қысқа да нұсқа болғаны жән дегенді айтты. Басымдықтар тым көбейіп кетсе оларға деген қызығушылық төмендеп қалар еді не месе оларға көпшіліктің көнгілі тола қоймайтын еді. Сейтіп, басымдықтардың санын жеті санымен шектеуге тоқталдық. Жеті – қасиетті сан ғой.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Бұл бізге не үшін қажет? Менің ойымша, біздің әрқайсымызда ендігі жерде тек бүтінгі күннің қамымен, ағымдағы міндеттерді толассыз шешумен ғана өмір сүрге болмайтынын терең түсіну сезімі пісіп-жетілген болса керек.

Біз ненің іргесін түрғызғымыз келетінін, таңдал алған мақсатымызға жеткізетін дамуымыздың траекториясы, даңғыл жолы қандай болуға тиіс екенін анық біліп, айқын үғынуға тиіспіз.

Озіміздің басым мақсаттарымызды дұрыс айқындаған, тиісті стратегияларымызға таңдау жасап, сол жолмен жүру үстінде ерік-жігер мен төзімділік таныта отырып, біз өзімізді бұралан-бұрылысты сенделістерден, күш-куатымызды, үақыттымыз бересек ресурстарымызды жөнсіз ысырап етуден сактандырамыз.

Мықты стратегияға ие болып әрі табандылық таныта отырып, біз жолымызда кездесер кез келген күрделі көдергілерді абыраймен енсере аламыз.

Бұғынгі таңда басымыздан кешіп отырған қын жағдайлар бізді күш-куатымыз бер үмітімізден айырмауға тиіс. Перспективаларымызды айқын үғыну, жолымызда түрған қындықтар мен қауіп-қатерді бүкпесіз түсіндіру барша азаматтарды осынау ортақ міндетті шешу үшін жұмылдыруға жордемдеседі.

Біз бұғынға кезеңнің міндеттерінен өзге біздің үрпақтың келер үрпақтар алдында орасан зор жауапкершілік жүргін арқалайтынын: әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігі барын күнделікті есте ұстауға тиіспіз.

Біз өз балаларымыз бер немерелеріміздің сонау алыс болашақта, қазіргі біздің жасымызға жеткенде қандай күйдеге болғанын қалаймыз?

Олар бақуатты өмір суре ме, қарындары тоқ, дәндери  
сау, білімді де білікті бола ма?

Жаксы әрі азат коғамда өмір суре ме?

Бір-бірімен тату-тәтті бола ма?

Өз қауіпсіздігі мен балаларының қауіпсіздігі үшін алаңыз бола алар ма, көшелермен емін-еркін жүріп, өз дүние-мұлкі үшін қауіптенбес болар ма?

Біз оларға қуатты мемлекеттігімізді және өзіміздің алыс-жақын көршілерімізben достық қарым-қатынасымызды мұра етіп қалдыра аламыз ба?

Осында қарашайым, бірақ маңызды сұрақтарға біз  
бүгіннің езінде жауап беруге тиіспіз».

**Нурсултан НАЗАРБАЕВ,**

«Қазақстан-2030: барлық қазақстанның тардың  
есіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуры»  
алты Қазақстан халқына **Жолдауынан**,  
«Тандамалы сөздер». III том, 394-396-беттер.

— Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізіп, дербес саяси және экономикалық даму жолына түскелі ширек ғасырға жуық үақыт өтті. Әрине, тарихи өлшеммен қарар болсақ, бұл үақыттың қысқа ғана кезеңі. Сонымен қатар, осы кезеңде Қазақстанның иығына, кеңестен кейінгі басқа да республикалар сияқты, елеулі экономикалық және әлеуметтік ауыртпашылық түсті. Солардың ең ауыры не еді?

— Тәуелсіздікті алған соң бізге экономиканы да, саясатты да атымен жаңаша құруға тұра келді дегенді мен талай айтқанмын. Қатаң да қарқынды реформаларды жүргізе отырып, Қазақстан әлеуметтік-экономикалық салада елеулі нәтижеге жетті. Реформаны қолға алған кездегі жағдайы онша жақсы болмағандықтан да Қазақстан тәжірибесінің мән-маңызы қазіргі кезде арта түседі. Мысалы республикада айырбасталымды валюта жетіспеді, Қазақстанды әлемдік рынокқа алып шығатын басекеге қабілетті тауарлар табылмады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы кедергілерді санап шығудың өзіне талай үақыт кетер еді.

Ол кезде ешкімде де жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға қалай өту керек дегеннің дайын теориясы, әсіресе стратегиясы болмады, мұның тиімді тәжірибесінің үлгілері де жоқ еді. Совет адамдарының бірнеше бұныны ғұмыр кешкен империялық коммунизмнен мына заманға қалай өткен жөн? «Қорқыныш спатшалығынан» еркіндік пен демократияға көшүдің қандай жолы бар? «Темір шымылдықтан» әлемдік қоғамдастықпен өзара әрекет етуге қалай ауысу керек? Мемлекетті орталықтанған аппарат арқылы басқарудан қоғамның өзін-өзін басқаруына өтудің жайы қалай?

Жоғарыда аталған Қазақстан дамуы стратегияларының қай-қайсысы да тәуелсіз Қазақстанды орнату ісінде үлкен рөл атқарды.

Бірінші кезеңде біз бәрін де тақыр жерден бастап, жоспарлы экономикадан нарықты экономикаға көшүді

жүзеге асырсақ, стратегиялық жоспарлаудың екінші кезеңінде макроэкономикалық тұрақтануды қамтамасыз ету, заңнамалық базаны, қаржы жүйесін, әлеуметтік саланы және елдің өндірістік секторын жетілдіру негізгі міндет болды. Ушінші кезеңінде міндеті – агроВндустріялы елден индустриялы және постиндустриялы мемлекетке көшу, дамушы елдер қатарынан дамыған елдер деңгейіне ету.

Үдемелі және орнықты даму мақсатында «Қазақстан-2030» Стратегиясы ұзақ мерзімді стратегиялық басымдықтарды және оларды жүйелі жүзеге асырудың тетіктерін айқындағы. Сөйтіп Қазақстан кеңестен кейінгі кеңістікте тұнғыш рет әлемдік тәжірибеде нарықты экономика институттарын құрумен қатар мемлекеттік басқару мен реттеудің құралы ретінде мойындалған стратегиялық жоспарлау жолын таңдады.

– Біздің шикізатқа тәуелді экономикаға арқа сүйеп келгеніміз анық. Бірақ сіз осыдан біраз жыл бұрын «Қазақстан мұнайы мен газы жоқ ел секілді өмір сүруді үйренуі керек» дегенсіз. Бұл – индустрияландыруға беталыстың басы еді. Осы қадам қалай қолға алынды?

– Әлемде постиндустриялы қоғамның қалыптасуы әлі де аяқталған жоқ. Осынау үрдісте Қазақстанның сүйрыла алға шығып, индустриялық түрғыдан дамыған елдердің қатарына қосылуына мүмкіндігі бар. Ол үшін біз екі міндетті жүзеге асыруға – қатары қалың орта тапты қалыптастыру арқылы барынша бай және кедей азаматтардың арасындағы алшақтықты азайтуға және жаңа экономиканы құруға кірісіміз керек. Ал жаңа экономика дегеніміз ең алдымен индустрияландыру.

Бұл міндетті шешу үшін біз әлеуметтік стратификацияның «жоғарыдағылар» мен «төмендегілер» азшылықты, ал халықтың басым бөлігі орта тапты құрайтын «ромб үлгісін» қалыптастыруға үмттылуға тиіспіз. Мұндай моделі бар елдерде ең маңызды деген мемлекеттік

мәселелер бойынша шешім қабылдауда дәл орта таптың пікірі шешуші болып шығып жатады. Ондай елдердегі орта тап – материалдық та, рухани да өмірлік сұраныстарын қанағаттандыруға жететіндегі қомақты табысы бар, нақты меншігі бар, қызметі қоғамға қажет адамдар. Орта тап қоғамның мәйегі, оны «қоғамның жұлын омыртқасы» дейтіні де сондықтан. Мұндай адамдар қоғамдық тұрақтылықтың сақталуына, биліктің демократиялық сипатта болуына мүдделі, күрт өзгерістерді қолай көре бермейді, өйткені оның нәтижесінде өздерінің материалдық, яғни әлеуметтік жағдайына да нұқсан келуі мүмкін. Сонымен қатар орта тап өкілдері өздерінің өмір сұру деңгейін көтеретіндіктен де қоғамның үдемелі дамуына, экономиканың өсуіне мүдделі. Алайда, орта таптың қалыптасуы мен әлеуметтік шығындардың өсептүсінен байланысты бой көрсете бастаған масылдық пиғылдардың басы қосылмайтынын айқын ұғыну жөн. Мемлекеттің міндеті өз азаматтарына, олардың жынысына, жасына, үлттына және этностық тегіне, қай жерде тұратынына және басқа да айырмашылықтарына қарамастан, өсу-өркендеу үшін тең мүмкіндік жасап беру. Рас, қолда бар мұнай кірістерінің есебінен барлық әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруды ондаған есе өсіріп жіберу керек дейтін пікірлер де естіліп қалады. Бұл арада мұнайды сатудан едәүір табыс түсудің аяғы мемлекет үшін, нақтырақ айтқанда, әлеуметтік секторды қаржыландыру үшін дәйім жақсылықпен біте бермейтінін есте ұстая қажет. Әлемдік тәжірибелі еске түсірудің өзі жетіп жатыр. Венесуэла мен Нигерияда өткен ғасырдың 70-ші жылдарының ортасында осындағы іс-қимыл стратегиясы қабылданған. Әлеуметтік әл-ауқатты арттыру үшін ол елдер мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігін күрт өсіріп жіберген. Мұндай мүмкіндік мұнай сатудың мол түсімінің арқасында ашылған. Шығынды арттыру, расында да, оларға жұмысқа тарту құрылымын, қызмет түрлері мен тауарлар саласын кеңейтуге, тұтыну мен тұрғын үй құрылышына жәрдем ақша беруді қамтамасыз етуге, салықты төмендетуге

көмектескен. Алайда көп ұзамай «қара алтын» бағасының тоқырап қалуына байланысты мемлекеттің шығыны мұнайды сыртқа шығарудан түсетін кірістің деңгейінен артып кете бастады. Элеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруды жалғастыра беру үшін қосымша ресурс қажет етілді, оларды өзге елдерден тартуға тұра келді, мұның аяғы, тиісінше, сыртқы қарыздың көбейіп кетуіне әкеліп соқтырды. Ол елдерде 1976 жылдан 1982 жылға дейінгі аралықта ғана қарыздың жыл сайын орта есеппен 45 пайызға артып отырғанын айтудың өзі жеткілікті. Ертеңін ойламаған саясаткерлердің қате шешімдерінің салдарынан төлем балансы мен бюджеттің тапшылығы пайда болды, мұның аяғы мемлекеттің шын мәнінде титықтауына, қоғамдағы әлеуметтік шиеленістің ширігіп кетуіне әкеліп соқты.

### **– Осы қателіктің сабағы «Қазақстан-2030» Стратегиясында қалай ойластырылды?**

– «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясы» жалпыұлттық дамудың жол нұсқаушысы болды. Бұл бағдарлама халықтың өзіне деген сенімін арттырды, өз тағдыры үшін жауапкершілікті өз қолына алуға көмектесті, мемлекеттен садақа дәметпеуді үйретті. Ол кезде «стратегия» деген сөз талайдың құлағына түрлідей тиетін. Мен «Қазақстан – 2030» Стратегиясын жүртшылыққа жария еткен 1997 жылы еліміз індеген дағдарыстан жаңа-жаңа шыға бастаған-ды, алайда Оңтүстік-Шығыс Азия мен Ресейдегі қаржы дағдарысы енді-енді белен ала берген еді. Оған қоса осы кезде әлемдік экономиканың бүкіл тарихындағы мұнайдың бағасы ең бір төмендеген тұсына тап келіп, бізді артқа қарай лақтырды да жіберді. Алайда, біз үміт үзіп, торығыға түспедік. Біздің салымыз суға кетпеді, біз толқынға қарсы жүздік, ақыр аяғында табысқа жеттік.

Әділдігін айтсақ, алғашқы жылдарда нарық реформаларының жүргізілуі керекарлыққа толы еді, ара-ара-

сында «батпаққа батып» та қалатын. Экономиканы тұрақтандырудың біз талдап жасаған көптеген бағдарламалары үақытша және оқшаулы сипат иеленді. Әдетте бір міндеттің шешілуі басқа бір міндетті туындататын, оны орындау алдындағыдан ауыр болмаса жеңілге түспейтін. Бұл мәселелер көп ретте Жоғарғы Кеңестің үақыт көшіне ілесе алмай жататындығына, ал тіпті кейде экономикалық реформаларға кедергі келтіретіндігіне байланысты еді.

1995 жылы жаңа Конституцияны қабылдау, онан кейін Президенттің заң күші бар 140-тан астам жарлығына қол қою саяси дағдарысты еңсеруге мүмкіндік берді, сөйтіп экономикалық реформаны алған бетінен қайтпайтындей етті. Екі Конституцияның аралығындағы үақыт ішінде мен елдегі экономикалық реформаларға тың тыныс ашқан нарықтық заңдардың талайын бекіттім. Мұның қалай болғанын мен саған егжей-тегжейлі айтып бергенмін.

**— Ол тарауды газетке шығарғанда «Конституция үшін құрес» деген тақырып қойғанбыз.**

— «Құрес» деген сөзіңе байланысты мынаны айтайын. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін бұрынғы кеңес республикаларының ішінде ең соңынан, 1991 жылғы 16 желтоқсанда жариялады. Көптеген «қамқоршыларымыз» сол кезде Қазақстан өз тәуелсіздігіне тағдырдан тарту түскендей, ғайыптан тайып ие болды деп те жатты. Олардың кейбіреулері тәуелсіз Қазақстанның ғұмыры ұзаққа бармайды деуден де тайынбады. Менің пікірімше, бұл ойым таңданарлық болса да айтайын, тәуелсіздік жолындағы нағыз құрес дәл 1991 жылы, тәуелсіздікке қол жеткеннен кейін, бізге бүгінгі заманғы, демократиялық мемлекет орнатуға кіріккеннен кейін басталды. Ол құрес көп жағдайда қазіргі таңда да жалғасып жатыр, тек бүгінде оның сипаты тәуелсіз мемлекет құрудың жүйелі жұмысына көбірек үқсайды. Тәуелсіздікті құн сайын, ай

сайын, жыл сайын нығайта беру керек, ол үшін дәйім күресу керек дейтінім сондықтан.

Тәуелсіздікті нығайтудың басты ісі – экономика.

Қазақстан бұрын өзін ешуақытта да өз байлығының нақты қожайыны ретінде сезініп көрмеген. Мұнай саласының барлық кәсіпорындарын одақтық министрліктер басқаратын. КСРО-ның жоғары партиялық басшылығы көмірсүтекті шикізатты өз бетімізше барлау мен өндіру ісіне бізді ешуақытта жолатқан емес, біздің тарапымыздан танытылған бастаманың бәріне де қызғанышпен қарайтын. Азық-түлік, құрал-жабдық жеткізуден бастап КСРО-ның түкпір-түкпірінен келіп жататын кадрлар даярлау ісіне дейін бар мәселеде де біз орталыққа тәуелді болатынбыз. Әдетте, Қазақстандағы ірі кен орындарын дамытуға алыстан тек қана мұнайшылар емес, хатшы-машинисткалар, үй тазалаушылар, автокөлік жүргізушілер, тағы басқа да біліктілік қажет етілмейтін мамандықтар жұмысшылары жеткізіліп жататын. Бұл жақта Мәскеу, Уфа қалаларында және басқа да белді мұнай институттарында оқып шыққан, салада жұмыс істеген тәжірибесі мол ірі мамандар мен жетекшілер бар екендігі қаперге де алынбайтын.

**– Тұптеп келгенде басты мәселе мұнайды өндірудің көлеміне емес, оны әлемдік рынокта өткізе білуғе байланысты ғой. Осы бағытта жас мемлекет жасамыс елдер де жасай алмайтын істер атқарғанын білеміз. Мұнай орындарын бірлесе игеру жөніндегі жұмыс қалай басталды, қалай жүргізілді?**

**–** Біздің шетелдіктермен келіссөз жүргізу тәжірибеміз де болмады. Былайша айтқанда, жүріп бара жатып үйренуге тура келді. «Бұл келісім-шарт халықаралық стандарттарға сай ма? Кейін Қазақстанның мұддесіне кесе-көлденең шығып жүрмей ме?» деген басты сұрақты мен дәйім қоятынмын. Біліміміз де, беделіміз де жетісе

бермеді. Тың, жаңашыл идеялар мен сын сағатта жұмыс істей билетін адамдар, немесе, бүгінгі тілмен айтқанда, «дағдарыс менеджерлері» керек еді.

Те ауыр болды, шетел инвесторларын тарту ісіне қай тұрғыдан да қарсылық көрсетушілер көп еді. Бізді отанды сатып бітіретін болдыңдар деп кінәлады, талайлар өзінің мұнай қорын жөнімен пайдалана алмай, шетелдік мұнай компанияларына тәуелсіз күйге түсіп қалған Нигерияның кебін киеміз енді деп заржақтанып жатты. Сөйтеп тұра, біз мұнай-газ саласының жаңа мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік дамуы, сондай-ақ мемлекеттің стратегиялық қауіпсіздігі үшін маңызы қандайлық екенін жақсы түсіндік.

– Сіз «Қазақстан жолында» америкалық «Шеврон» компаниясымен көп келіспеушілік болғанын жазғансыз.

– 1992 жылдың бас жағында келіссөздің тығырыққа тірелгені осы келіспеушіліктің көрінісі еді. «Шеврон» біздің негізгі талабымыз бойынша жол беруге көнгісі келмеді. Шынын айтқанда, біз істің жайы бұлай өрбитініне дайын едік. Сөйтіп, орайлы сәті келгенде тәуекелге бастық. Сол жылдың наурызының аяғында Қазақстан жағы егер «Шеврон» жол беруге көнбесе біз олармен келіссөзді тоқтатамыз, сөйтіп Теңіз кен орнын игеруге халықаралық конкурс жариялаймыз деп мәлімдеуге мәжбүр болды. Үмітраға келу табыстың басты шарты екенін ұмытқан жоқпын. Біз «Шевронның» да ыміраға келуге бейіл екенін білетінбіз. Осындай қадам жасардың алдында біз еліміздің мұддесіне нұқсан келтірмейтіндей етіп қай шекке дейін шегіне алатынымызды нақты айқындағық. Есебіміз дәл шықты, біраз үақыттан кейін «Шеврон» біздің қойған шарттарымызға келісті. Эрине, біз де біршама тұста жол бердік. Мысалы, Теңіз мұнайын барлау мен игеруге деп бөлінген жер аумағы 2 мың шаршы шақырымнан 4 мың шаршы шақырымға кеңейтілді.

ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Ол кезде ешкімге мәлім емес, жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасы жоқ, мұнай туралы заңы да жоқ елге әлеуетті инвесторларды миллиардтар салуға көндіру оқай емес болатын. Іс жүзінде ол кезде салымдар салу сенімділігінің бірден-бір кепілі жас мемлекеттің көшбасшысы ғана бола алатын еді. Назарбаев «Шеврон» компаниясының басшылығына сондай әсер ете білді, сондықтан да келіссөздер үдерісі жылдам әрі тиімді етті.

Бірлескен кеңестік-америкалық кәсіпорын туралы бұрынғы жоспарланған құжаттар жобасымен танысып шыққан Қазақстан президенті батыстық әріптестерге мөлшерден тыс үлкен табыс нормасын алуға жағдай жасайтын көптеген үтылысты түстарды байқады. Сол сияқты Каспий қайрақының алып ауқымын концессияға беру ниеті де таңқалдырыды. Назарбаев американалықтарды неғұрлым қатаң шенберлермен шектеуге бекінді. Бірінші кезекте ол «Шевронның» қызмет аумағын екі мың шаршы километрмен шектеуді ұсынды. Бұған қатты көңіл толмаушылық білдірілді. Ұзақта созылған келісімдерден кейін бұрғылау өндірісі мен одан кейінгі өндірудің лицензиялық участкесі үшін екі жарым мың шаршы километр алаң, бөлу жөнінде мәмілелік шешім табылды. Қазақстанға аударылатын қаржы нормасын одақтық министрлік келісімінде қарастырылғанмен салыстырғанда айтарлықтай арттыру қажеттігі де ескерілді.

Америкалық тарарап қазақстандық президенттің айтқанынан қайтпайтын және қатаң әріптес екенін бірден сезінді. Тіпті, Вашингтонның билік құрылымдарындағы жақсы байланыстар да «Шевронға» келіссөздер үстелінде артықшылықтар бере алған жоқ. Назарбаев американалық үкімет пен президент жанындағы жоғарылауазымды қайраткерлер тарарапынан болған қысымға көнбестен әр пункт үшін тартысуға дайын болды. Ол кезде елді басқарған Джордж Буш пен оның қорғаныс министрі Ричард Чейни және президенттің көмекшісі Кондолиза Райс сияқты көптеген жақын қызметкерлері ірі мұнай компанияларымен тығыз байланыста болып, осы бизнесте қомақты дәүлетке қол жеткізген бола-

тын. 1992 жылы Вашингтонға өзінің алғашқы сапарында Назарбаев Ақ үйде Теніз кен орны бойынша мұнай мәмілесіне деген етene мұдделілікті сезінді. Онымен ұзақ әңгімелескен президент Буш қазақстандық мейманнның терең білімін дәл бағалады, оны «Сіз мамандығыңыз бойынша мұнайшысыз ба?» деген сұрағынан білуге болатын. «Жоқ, металлургпін», – деп жауап берді Назарбаев.

Сергей ПЛЕХАНОВ,  
«Не шелковый путь», М.,  
«Международные отношения»,  
2015, 288-290-беттер.

Жаңа мемлекеттілігіміздің қаз басып қалыптасу кезеңінде біз қажетті заңнамалық базаның жоқтығына байланысты туындастын проблемалармен бетпе-бет келдік. Бұл біздің мемлекетіміздің қызметіндегі көптеген бағыттарға қатысты мәселе еді. Осында жағдайда дайындықтың нашарлығы әсіресе экономиканың түйінді салаларының бірі – жер қойнауын пайдалануда ерекше сезілетін.

Мұнай операцияларын үйлестіріп отыратын заңның болмауы республикаға инвестиция тартуды тежейтін жағымсыз жай екенін іс-тәжірибеліміздің өзі көрсетіп берді. Елдің минерал-шикізат қорларын инвесторлардың қатысуымен игеру үшін тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде кен орындарында жұмыс жүргізетін шетелдік әріптестер мен отандық кәсіпорындардың арасында бірлескен кәсіпорындар құру қолданылатын. Ұнтымақтастықтың негізі бірлескен кәсіпорын құру туралы келісім-шарт еді. Бұл жағдайда жер қойнауын пайдалануға қазақстандық кәсіпорын құқықты еді. Бірлескен кәсіпорынның құрамына кірген соң шетелдік әріптес жер қойнауын пайдалану құқығын ортақ иеленушіге айналатын. Шетелдік инвестиция тартудың мұндай түрі іс жүзінде ТМД-ның бүкіл ауқымында кеңінен тараған болатын.

– Сыртқы саясатқа арналған сұхбатта сіздің келіссөз жүргізуңдегі өзіндік өрнегіңіз туралы сөз қозғалған. Сондай қыын түйіндердің бірі – Каспий теңізінің мәртебесін айқындау жөніндегі келіссөздер қалай жүрген еді?

– Ұлы мемлекеттердің өз қүшін сезінетін және талай тұста жол береді деп үміттенетін басшыларымен күрделі келіссөздер жүргізуіме тұра келді. Мен өз басыма қатысты нәрседе жолымды берер едім дегенді талай рет анық етіп айтқанмын. Алайда, мәселе халық пен ел мұддесі туралы болғанда мен екі жақты да қанағаттандыратын баламалы шешімдерді табуды ұсынып жүрдім. Каспий мәртебесі туралы келіссөздерде де дәл осылай еттік.

Каспий теңізінің құқықтық тұрғыдан басы толық ашылмағандығы әуелден-ақ Каспий қайрақында мұнайгаз индустриясын өркендетуге кедергі келтірді. Мұндай екіштүлшік кейбір ірі компанияларды Каспийге келгенін «белгілеп» қана қойып, жағдайдың жақсаратын кезін күтіп отыруға мәжбүр етті. Әрине, Каспийдің құқықтық мәртебесінің мұндай екіштүлшіғынан қалыптасқан геосаяси және экономикалық ахуал бізді қанағаттандырмайтын.

Геостратегиялық көзқараспен қарағанда өте маңызды осынау су айдыны тарихи тұрғыдан 1991 жылға дейін тек Қеңес Одағы мен Иранның арасындағы қарым-қатынастың ғана нысаны болып келген еді. КСРО ыдырағаннан кейін бұл үдеріске тағы да тәуелсіз үш мемлекет қосылды, мұның өзі Каспий теңізінің мәртебесін үақыт талабына сайқайта қарауды қажет етті. Бұл өңірдегі жағдай өзінен-өзі ушығып бара жатты. Сондықтан да осынау жаңа геосаяси аумақта халықаралық қатынастардың жаңа жүйесін құрудың тәсілдерін іздестіру қажет еді.

Мәселенің көкейкестілігі Каспий теңізінің құқықтық режімін, шекаралас елдердің үлттық секторларын нақпаңақ айқындаپ алмай тұрып, барлау және бүрғылау жұмысын бастауға, шетелдік инвесторларды толыққанды және барынша қатысатындағы етіп тартуға мүмкіндік болмайтындығына байланысты арта түсті.

Негізінен иран-әзербайжан келіспеушілігіне байланысты Каспий маңы мемлекеттері басшылары кездесуінің қорытынды құжатына қол қойылмады. Каспий маңы мемлекеттерінің басшылары Каспий теңізін жекелеген келісімдер негізінде модификацияланған орталық сзық бойынша үлттық секторларға бөлу қажеттілігін мойындаиды, бұған келіспейтін тек Иран ғана, ол ел теңізді жағалаудағы бес мемлекетке тең бөлуді жақтайды. Осы жылдар ішінде ең басты нәрсеге қол жетті – үдерісті табысты аяқтауға негіз қаланды. «Соғыс жүрген жерден мұнайдың иісі шығады» деген геосаяси даналықты есте сақтай отырып, біз мұнан былай да Каспий маңы мемлекеттерінің бәрінің де Каспий теңізін достық пен ынтымақтастық теңізіне айналдыру жөніндегі күш-жігерін жұмылдыруға ұмтылатын боламыз.

Каспий теңізінің солтүстік бетіндегі Қашаған кен орны соңғы 40 жылда әлемде ашылған мұнай кен орындарының ең ірісі деп жарияланды. Оның алынатын қоры 10 миллиард баррель деп бағаланады. Бұл кен орны Қазақстанды әлемдегі өте ірі көмірсүтек қорлары бар негізгі елдердің қатарына қосты. Мұнайдың мұншалық мол қорының табылуы бүкіл әлемнің Каспий өніріне қызығушылығын күшейтті, оның инвестициялық тартымдылығын арттырыды. Қашағанның байлығына қол жеткізу ұзақ жылдарға ұзақ жылдарға созылған, аса күрделі шаруа болып шықты. Дегенмен, бұгінде біз осы ғажайып қазынаның ел байлығына нақты айналар шағының қарсаңында тұрмыз.

Бұгінде Қазақстанның осы саладағы жетістіктерін сөз еткенде біздің экономикалық табысымыздың іргетасы мұнай байлығы екенін айтпаудың жөні жоқ. Кейбіреулер үшін бұл Қазақстан табыстарын субъективті тұрғыдан бағалау үшін ілік, ал кейбіреулер үшін, бәлкім, қызғаныштың қозғаушысы да шығар. Сонымен қатар, әлем тарихы бізді мұнай экономикаға ғана емес, мемлекеттің жалпы дамуына да кедергі келтіруі мүмкін деп үйретеді. Бұл орайда кірісі тәмен және қарызы көп елдердің санатына кіретін отыз алты мемлекеттің ішіндегі жиырма жетісі

минерал қорларын экспорттаушы елдер екенін айтудың өзі жеткілікті.

— Осы тұста қаншама кереғар ой сияқты болса да мына жайды айтуда тұра келеді: әлеуметтік салаға жұмсалатын шығындарды өсіруге бейімдеп тұратындықтан да «мұнай долларларының» көптігінде нағыз қатердің көзі жатуы мүмкін. Әлеуметтік саланың шығындары дәл мұнай сатудан түскен табыстың көбеюіне байланысты арттырылған Нигерия, Венесуэла, Сауд Арабиясы сияқты елдер осының мысалы. Біз ол елдердің тәжірибесінен қандай тағылым ала алдық?

— Еркін ақшаның көптігі бұл елдер экономикасының бәсекеге қабілеттілігін және серпінділігін төмендетті, сөйтіп олар бірте-бірте мұнай экспортына тәуелділікке түсті. Тіпті әртараптанған экономикасы бар және әлеуметтік қамсыздандыруға жұмсалатын шығындарын Солтүстік теңізден мұнай табылуына байланысты өсірген Норвегияның өзі де «голланд ауруына» шалдықпай қала алмады.

Шығыс Азия өңіріндегі елдерде, әсіресе Жапонияда нақ табиғи ресурстардың жоқтығы бюрократиялық элитаны елдің осалтұсын дәл табуға мәжбүретті. Экономикалық, сонымен бірге саяси да тәуелсіздіктен айырылып қалу қаупі оларды елдің бар құш-жігерін бәсекеге қабілетті және экспортқа лайықталған өнім өндіру жолымен табыс табуға шоғырландыруға амалсыз көндірді.

Біз де мұнай сатудан түсетін табыс мемлекеттің кірістерінің тұрақты қайнар көзі бола алмайтынын, қайта олардың бара-бара басқа проблемаларға ұрындыруы мүмкін екенін естен шығармауымыз керек. Бұл арада «голланд ауруы» да, табиғат қорының орнына қайтып келмейтіні де, басқа да көптеген жайлар бар.

Қазақстан мұнай долларларының өмір сүруді үйрениуге немесе, басқаша айтқанда, «мұнай инесіне» бой

алдырып қалмауға тиіс. Әсіресе өндіріс арқылы түспеген ақшаны әлеуметтік салаға жөнсіз жұмсауға әуестіктен, жалақыны беталды көтере беруден сақтану керек, «әлдеқандай күн болады» деп жинақтай жүру қажет-ақ. 2000 жылы құрылған Ұлттық қор міне дәл осындай мақсатты көздейді.

– Біз оны да әбден сан-саққа жүгірткенбіз. Мұнай халық байлығы, ол ақшаны халыққа тең бөліп таратып беру керек деп те айтқанбыз. Қындық алдан шығып, сол Ұлттық қордың ақшасы көмекке келгеннен кейін ба-рып ол әңгіме тоқтаған.

– Не айтылмады дейсің. Қазір мен біз бұл бағытпен ойдағыдай дамып келе жатырмыз деп анық айта алымын. Ал тәуелсіздіктің алғашқы жылдарын еске алсақ, бәрі де тақтайдай тегіс төселе қалмағанын көрер едік. Ол кезде біз мұнай бизнесінің «акулалары» басқаратын әлемдік мұнай трансұлттық компанияларымен келіссөздерді өз бетімізше жүргізуге тиіс болғанбыз. Жаңа идеялар, жаңа көзқарастар, ең бастысы жұмыстың баяғы партиялық әдістеріне бой алдырмаған кадрлар керек еді. Олар сол шақта саусақпен санарлықты. Тегі, менің «ескі гвардияны» жаңа басқарушылармен алмастыруға бірте-бірте ғана ауысқаным да сондықтан шығар. Бұл міндеттің мен үшін оңай болмағанын мойындауға тиіспін, күдіктенген кездерім де көп еді, басқа амалым да жоқ еді.

Бұл кезеңде менің көз алдында мұнайшылардың жаңа буыны өсіп шықты. Біздің көптеген кадрларымыз аты әлемге танымал мұнай компанияларында тәжірибеден өтті, мұнай бизнесінің таңдаулы университеттерінде дәріс тыңдады, шетел тілдерін және менеджменттің әліппесін үйренді. Оларды тәрбиелеумен мен тікелей айналыстым, барынша қолдау көрсеттім, соның нәтижесінде олардың арасынан талайы жоғары мемлекеттік қызметтерге де көтерілді.

— Сол жылдардағы қыын жағдай әлі көз алдында. Нанның кезегінде шұбатылып түрған жүрт, ала дорба арқалап, даладан қалаға келіп, оны-мұны сатумен отбасын асырап жүрген әйелдер...

— Қазіргілер, әсіресе жастар, осыдан ширек ғасыр ғана бұрын сондай болды дегенге сенбеуі де мүмкін.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Ахуал жылдан жылға қыындай берді. Кеңестер Одағы тоқтаусыз өзінің күйреуіне қарай келе жатты. Ен басында 19 тамыздағы бүлік, одан кейін Ресей, Украина және Белоруссия үшеуінің Беловежъедегі шешімі КСРО-ның ыдырауына нұктे қойды. Бірақ бұл өз алдына жеке тақырып.

Келесі екі жыл біз үшін аса ауыр сын болды. 1992 жылдың экономикасы құлдиға қарай құлдырады. Барлық жерде ақша мүлде құнсызданды, еңбекақы мен зейнетақы төленбеді, кәсіпорындар арасындағы шаруашылық байланыстар үзілді, халық тұтынатын тауарлар мен қолға берілетін ақша тоқтатылды. Бұрынғы мұның барлығын бақылайтын, одақтық министрліктер қазір жоқ. Өзара есеп айырысу мен тауар беру деген атымен жойылды. Сол кездегі бос жатқан сөрелерді, наңға, балалар тағамдарына, тұзға, қантқа, сигаретке түрған ұзын шұбақ кезектерді қазір көз алдыңа елестету қандай қыын болса да, бұл сол кездегі ашы шындық еді.

Бұрынғы одақтық республикалар арасындағы қаржы байланысы мен өзара бірлесінің үзіліу экономикалық жағдайдың күрделілігін одан сайын қыындатты. Әрине, оның қарапайым адамдардың өміріне тікелей әсері болды. Қазақстандағы ақша мәселесінің шешілмегендігі салдарынан еңбекақы, жәрдемақылар, тағы сондайлар халыққа үақытында берілмеді. Ақшаның жетіспеуінің барлық себебі Ресейдің мемлекеттік банкісіне барып тірелді, барлық қаржы ресурстары Мәскеуден бөлініп отыратын.

Мен әлденеше рет Мәскеуден бізге бөлінетін қолма-қол ақшаның көлемін ең болмаса жарым-жартылап шешуді талай рет сұрадым. Оған жауап ретінде тек құрғақ үәде ғана берілетін. Ал біздің өтініштеріміз ескерусіз қалатын болды. Ал бұл кезде бөгелген ақша халыққа тиғенше мұлде құнсызданып кететін. Қыындықтар үсті-үстіне туып, өсіп отырды, кәдімгі өрт сөндіргендей жағдайда жұмыс істеуге тұра келді.

Осының бәрі халық арасындағы ереуілдер мен митинглерге алып келген әлеуметтік тұрақсыздықтың алғышарттары болды. Халықты тыныштандырып және жағдайды түсіндіру үшін ауылдарға, қалаларға жиі баруға тұра келді. Мен халықты шыдамдылыққа шақырып, жасап жатқан шараларымыз туралы, әлде де алда болатын қыындықтар туралы айтатынмын. Маған жұрт сенетін. Мен қашанда болса да өзімнің үәделерімді орындауға тырысатынмын. Біздің көз алдымызда «ортак ұлы отанымыз» құлап жатқан осы бір қысылшаң жағдайда адамдармен әңгімелескен кезде сейлейтін сөзінді дұрыстап, байқап айту, тіпті сол сөзінің ырғағын да бақылау қажет болады. Елдің бәрінің жүйекесі әбден жүқарған еді.

Кейде халықтың әуелі айғайға басатынын, гүлдеп кететінін, аздан кейін барып ақырындал айтқандарыңа құлақ аса бастайтынын, қыындықтың не себептен екендігін түсінетінін және біздің осы мәселелерді шешүге байланысты не істеп жатқанымызды білгеннен кейін, бірте-бірте басылатынын қазір мен есіме түсіремін. Кейде топтың ішінен кейбіреулер: «Нұрсұлтан Әбішевич, сигаретіңіз жоқ па?» деп айғайлайтын. Мен темекі тартптайтынмын, бірақ осында жағдайға қажет болар деп қалтама бір қорап сигарет салып жүретінмін. Кейіннен, осындағы әңгімелесулер кезінде таратып беру үшін көбірек сигарет алып жүретін болдым. Мынадай бір күлкілі оқиға есімде: ол кезде фабрикаларда орайтын қағаздың болмауынан сигареттерді метрлеп сататын. Бүгін еске алғанда осы күлкілі сияқты, бірақ шыны солай болды, не істейсің? Кейде жұртқа сигареттер үlestіру атмосфераны сейілтетін, нәтижесінде әңгіме пайдалы болып шығатын».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Қазақстан жолы», Астана, 2007, 147-148-беттер.

– Қазақстанның тәуелсіздік тарихындағы ең қарама-қайшылықты бет – жекешелендіру сияқты көрінеді.

– Дәл олай кесіп айту біржақтылық болады. Ең күрделі беті деген дұрыстыққа көбірек келетін шығар. Жалпы, жекешелендірудің ешбір елде жаймашуақ, ешқандай кедір-бұдырысыз өте салуы мүмкін емес. Өйткені, бұл шын мәнінде революциялық қадам. Атам заманда-ақ Пифагор айтып кеткен сөз бар, «Меншігі жоқ адамның Отаны да жоқ» деген. Жекешелендіру арқылы біздің адамдарымыз алғаш рет меншікке ие болды. Кешегі кеңестік кезеңнің басты проблемаларының бірі жаппай иесіздік еді. Бүкіл халық бүкіл елдің меншігіне ие сияқты көрінетін, ал нақтылай келгенде ешкім ештеңеге ие болмағаннан кейін, ешкім ештеңеге жауап та бермейтін, ешкімнің ештеңеге жаны шындалап ауырмайтын да.

Бізді жекешелендіруді ерте бастады деп кіналады. Ал біз жекешелендіруді мемлекеттік институттар түпкілікті қалыптасып болғанға дейін шегеріп тұра алар ма едік? Өзбекстанның тәжірибесі меншік иелерін қалыптастыруды кейінге шегеру біздің экономикалық жағдайымызды онан сайын қыыннатып жіберу мүмкін екенін көрсетіп берді. Біз тәуелсіздікке кеңес мемлекетімен бірге тарих қойнауына сіңіп кеткен тиімсіз әскери-өнеркәсіптік экономика үшін бәсекеге шыдас бере алмайтын және жеріне жеткізілмен өнім өндіретін алып кәсіпорындармен келіп кірдік.

Әрине, жекешелендіру кезінде жіберілген қателіктер біздің бәріміз үшін үлкен сабақ болды. Жекешелендіру инвестициялық купондары арқылы жекешелендіру кезінде жаңадан шыққан қазақстандық бизнесмендерді қолдаған мемлекет инвестициялық қорлардың қызмет аясының заңнамалық негізін жасамады, қор меңгерушілеріне қойылатын қаржылық және кәсіби талаптарды айқындалады, олардың салымшылар алдындағы жауапкершілігінің деңгейін белгілемеді. Кейіннен жекешелендірудің осы кезеңнің күйрей құлауынан халықтың сенбеушілігі мен түнгілүшілігін еңсеру жөнінде мемлекеттің көп жұмыс жүргізуіне тұра келді.

ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Сол үақытта қазақстандық индустрияның алдыбы «Карметкомбинат» өте қыын жағдайда болды. Комбинаттың электр энергиясы көлік үшін төленбекен орасан зор қарызы болды, жағдай банкротқа ұшыраудың аз-ақ алдында түрді. Тіпті, ыстық цехтағы металлургиялық агрегаттарды түгелге жақын өшіруге дейін бардық. Комбинатты дағдарыстан шығаруға қабілетті инвесторды жан-жақтан іздел жаттық. Бізге жас қазақстандық бизнесмендер өз қызметін ұсынды. Олар австриялық «Фест Альпина» компаниясымен бірігіп, кәсіпорынның қаржы проблемаларын шешуге және осы заманғы менеджментті енгізуге міндеттенді.

Біз оларға көмектесуге қуанышты болдық. Комбинатта талан-тараж жаппай етек алғандақтан, инвесторлардың өтініші бойынша мен оларға көмектесу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметіне тапсырма бердім. Кәсіпорын аумағына республикамыздың солтүстік облыстарынан нысанды қорғау ісін қамтамасыз ететін ішкі әскер бөлімдері жеткізілді.

Алайда ірі өндірістік кәсіпорынның жұмысын үйімдастырып, металлургияда салмақты шетелдік әріп-тестермен жұмыс істеу үшін біздің жас бизнесмендердің саудада жинақтаған менеджменттік тәжірибесі жеткіліксіз болды. Кәсіпорынға кокс жеткізіп беру мен метал сынықтарын сату жөніндегі келісім шарттарын жасау кезінде жіберілген қателіктердің салдарынан 1995 жылдың басында небәрі уш күнге жететіндегі қокс қорығана қалды, ал айналым ақысы қаржысы толықтайымен жоқ болды. Жалақыға бересі қарыз алты айдан асып кетті. Ақырында біздің жас бизнесмендердің комбинаттан кетуіне тұра келді. Арада бір ай өтпей жатып, біз әкелген әлгі ішкі істер әскерлері енді комбинат мүлкін жас бизнесмендер тарапынан болған талан-таражға қарсы күреске жүмылдырылды.

Өздеріңіз көріп отырысыздар, біздің жастар осындаій ірі істі қолдарына алғысы келгенде, біз оларға ықылас білдірдік. Бірақ оған жастар әлі дайын болмады. Не тәжірибе, не қаржы жетіспеді. Олар жекешелендіруге қатысты, бірақ әрі қарай меншікті басқарып кете алмады.

Алайда мен оларға көмектестім, олар үйренуі керек еді. Металлургиялық кәсіпорындарды «Казкоммерцбанк» басқаруға ұмтылды, ШНОС та сатып алды, бірақ кейін оның бәрі қайта сатылып кетті.

Осындай жағымсыз жайға тағы бір айқын мысал – біздің азаматтық авиация. Біздің жігіттер «Эйр-Казахстанды» өз басқаруына алып, бересі қарыздары үшін шетелдік әуежайларда біздің ұшақтарымызды қамауға түсірген жағдайға дейін жеткізді. Шетелдік компаниялар ұшу сапары тым қауіпті болғандықтан, өз азаматтарының «Эйр-Казахстан» ұшақтарымен ұшудына тыйым салды. Егерде ағылшындармен бірлесіп «Эйр-Астана» компаниясын құру жөніндегі менің шешімім болмаса, қазір біз мүлде авиациясыз қалған болар едік. Біздің менеджерлер әлі де іс-тәжірибе жинақтап, басқаруды үйренер деп ойлаймын».

*Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Қазақстан жолы», Астана,  
2007, 195-196-беттер.*

Мемлекеттік патернализмің бұрынғы жүйесін қайткенде де тезірек күйрету, мемлекеттік мешіктен жеке меншікке, масылдыққа салынып, «жоғарыдан» бәрін шешіп береді деп күтіп отырудан жауапкершілік пен ұсынықтылыққа өту қажеттігі айқын болды.

Сондықтан да жүріп жатқан үдерістерге адамдарды неғұрлым көп тарту, олардың жаңа болмысқа тосырқай қараған сенім-нанымын өзгерту өте маңызды еді. Көбіне-көп бұл іске үй маңындағы және саяжайлық жерлерді тарату, сондай-ақ мемлекеттік пәтерлерді азаматтардың меншігіне беру септесті. Қазақстанның алдынан шыққан күрделі жағдай, шешілуге тиісті міндеттердің атымен сонылығы тосын шешімдерді талап етті.

Ол тұстағы оқиғалардың оқыстыры сондай, біз өтіп жатқан үдерістерді басқару түрмәк, солардың соңынан жүгіруге де үлгермей жататынбыз. Бізге қалыптасқан экономикалық қатынастарды тубегейлі өзгерту қажет еді.

Әйтпеген күнде туындаған проблемалардың шешімін табу мүмкін болмаға айналатын. Кәсіпорындар тоқтай бастады немесе сұраныс таппаған соң өнімдерін қоймаға үюге кірісті. Халық тұтынатын тауарлар өндіру барған сайын азая берді. Сұраныс пен ұсыныстың сәйкесіздігі дүкендердің бос сөрелерінен анық көрінетін. Ондаған мың адамдар жұмысынан айырылып, күнкөріс көзінен қағылды.

Мемлекет меншігінен алудың машиқаты көп екеніне көзіміз жетті. Бірақ, ақыры бәрі орнына келе бастады. Адамдар бірте-бірте жеке сектордан секем алмайтын болды.

Қазақстанның мемлекеттік меншіктен жеке меншікке, әміршіл-әкімшіл экономикадан байсалды, ұтымды жоспарлау мен менеджментке өтуі қыындыққа, құйзеліс пен титықтауға толы болды, Үл жолда өмірлік құндылықтардың талайы қирап түсті. Фылыми мақалалар мен кітаптарда ғана бәрі түсінікті, бәрі ап-айқын болып келеді. Ал өмірде сезімдер мен сенімдер соқтығысып, әртүрлі топтардың, тіпті үрпақтардың мүдделері бір-бірімен кереғар келіп, кейде мұның аяғы аянышты аяқталып та жатады. Өкінішке орай, өтпелі дәүірдің өмірлік философиясы осындай. Біз осының бәрін өзіміздің өзегімізден өткердік.

Біздің жас үрпағымыздың басым көпшілігі қазіргідей табысқа жету жолында қандай ғарасат күш-жігер жұмсағанымызды, қашалықты құйзеліске түскенімізді біле бермейді. Жекешелендіру процесі қашанда меншікті бөлумен байланысты екенін атап айту қажет. Жүріп өткен жолы социализммен байланысты әрбір мемлекет жекешелендіруді жүргізе отырып мемлекеттік меншікті әділ әрі неғұрлым тиімді бөлу мәселесімен бетпе-бет келгені белгілі. Әрине, біздің республикамыздың жекешелендіру кезінде де бәрі төсөлген тақтайдай теп-тегіс өте қойған жоқ. Адамдар ол тұста «жеке меншік» деген сөздің өзінен шошитын еді ғой. Әйтсе де жекешелендірудің әрбір кезеңінің барысында біз ең алдымен халықтың, мемлекеттің мұддесін көздедік.

– Біздің халықтың тағы бір дерті – үкіметтен үмітін үзбейтіні, «өкімет өлтірмейді» дейтін баяғы сеніммен кеңбалақ күйде жүре беретіні. Бұл психологиядан арылуу жолында не істелді?

– Мемлекеттік патернализмнен экономикалық еркіндік пен кәсіпкерлікке төте тартып өте шығу халықтың арасында ғана емес, мемлекеттік аппараттың негізгі бөлігінің тарапынан да өте қолдау таба қоймаған қадам болғанын да жасырғым келмейді. Бұл міндет талай тұста тізеге сала отырып, жүртшылықтың жанына жақпайтындағы әдістермен жасалды. Оның есесіне нәтижесі жақсы шықты – қазір бәрін де азаматтың өзі шешеді. Бұл өзгерістердің бәрі ең алдымен қазақстандықтардың өздеріне керек еді, сондықтан да олар қазір-ақ халыққа пайдасын тигізіп отыр.

Экономиканы реформалау кезінде қате қадамдар, ойластырылмаған шешімдер, әлеуметтік шиеленіс кездеспей қойған жоқ. Дегенмен, біздегідей «күйіп-жанып» жатқан жағдайда жекешелендірудің «әділ» немесе «әділетсіз» болуы мүмкін де емес еді. Оған тек тиімді өтті ме, тиімсіз өтті ме деген түрғыда ғана баға беруге болады. Өзің ойлап қарашы. Бүгінде экономиканың мемлекеттік секторынан қоғамдық тамақтандыру мен сауда, жеңіл, тамақ, өндіріс өнеркәсібі, сан қылыштың көрсету, агроенеркәсіптік өндіріс сияқты басқа да маңызды салалар толық шығарылып тасталған. Энергетика және шикізат салалары да көбіне-көп жеке секторға тиесілі. Денсаулық сақтау мен білім беру, әсіресе жоғары оқу салаларында бәсекелестік орта тез дамып келеді.

– Нарыққа өту барысында жүртшылыққа жаға қоймайтын реформалар жасауға да тұра келді ғой.

– 1990-шы жылдардың басында біздің жас мемлекеттіміз кейінге қалдыруға болмайтын өте күрделі экономикалық міндеттерді шешуге тиіс болды. Бұл орайда

тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жаңғыру үдерісі қоғамдың өмірді ырықтандырумен қатар жүргенін еске түсірудің өзі жеткілікті. Жаңғыру барысында әкімшілік жолмен басқару жүйесінің сарқыншақтары түп-тамырымен қопарылды, мұның өзі қоғамда кейде едәүір қиналыс туғызды. Мен бұл реформалардың қажетті болғанына кәміл сенімдімін, өйткені мұнан әрі қарай кешеуілдей берсек апапты салдарларға ұрыннымыз әбден мүмкін еді. Сол тұстағы жағымсыз жайлар қатарында халық тұтынатын тауарлардың тапшылығын, инфляцияның өсуін, жиналған қорлар мен күнделікті кірістің құнсыздануын айтуға болады.

Реформалардың әлеуметке салар салмағы өте ауыр тиетінің айқын еді. Оның көптеген себептері болды. Олардың арасынан аралас өңдеуші сыртқы өндіріске қатты тәуелділікті, Қазақстан экономикасының жалпыодақтық экономикаға бейімделу бағытын ұстанғанын, өндіруші салалардың басымдығын, географиялық жағдайдың түйіктігінан теңізге және негізгі халықаралық көлік күре жолдарына шығар жолдың жоқтығын, өзіміздің қаржы жүйеміздің құрылмағандығын, тағы басқа бірқатар себептерді айту жөн. Сонымен қатар, басқа дамыған елдердің тәжірибесінен нарықтың қалыптасуы реформалардың әлеуметтік құрамды бөлігін теріске шығармайтынын да көріп отырғанбыз. Сондықтан біз реформаларды халықтың жанына тым батпайтындей етіп жүргізуге тырыстық, гиперинфляция жағдайында мұның өзі оңайға түскен жоқ.

Түбебейлі нарықтың жаңғыруларды кейінге шегеру ай өткен сайын әлеуметтік шиеленісті күшейтіп, болашақтағы ауқымды өзгерістердің жүрттры қинамай қоймайтынын айқын аңғартты. Нарық өндірістің икемділігін, жаңалықты жатсынбауды табанды түрде талап ете бастады. Экономикада қаржылық орнықтылыққа қол жеткізіп, инфляцияны ауыздықтау керек еді. Халықтың мұқтаждығын барынша ескеретіндей және мемлекеттік қызметтер мен міндеттерді сапалы орындауды қамтамасыз ететіндей ашық, тиімді және орнықты бюджет жасауға қол жеткізу қажет болды.

**– Сол жылдардағы ең қыын түйіндердің бірі жаңаша бюджет қалыптастыру еді. Осы бағытта жұмыс қалай жүргізілді?**

– Реформаларға дейін бүкіл бюджет үдерісі бюджеттік өтінімдердің кәдімгідей басын қоса салумен бітетін. Мұнан кейін онсыз да тақұл-тұқыл қаржы барлық бюджет мекемелерінің арасында түпкілікті бөлінетін. Бұл үдерісте бюджет орындалатын макроэкономикалық жағдай іс жүзінде есепке алынбайтын, шығындарды экономикалық саясаттың қағидаттарына және басымдықтарына сәйкес үйлестіруге әрекет жасалмайтын еді десе де болатын. Бюджет үдерісінің бірде-бір сатысында еліміздің стратегиялық құжаттары арқылы айқындалған экономикалық басымдықтарға сәйкес әрекет етуге белсенді үмтүліс байқалмайтын.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы бюджеттің кіріс бөлігін қалыптастыруға салық салу мәселелері бойынша бүгінгі заманғы занчамалық актілердің болмауда кедері келтірді. Салық салу ісіндегі ең бір мәнді де принципті өзгеріс 1992 жылы салықтың біз үшін жаңа түрін – қосымша құн салығын енгізу болды. Оның енгізілуі республика бюджетін кірістердің сенімді де тиімді қайнар көзімен қамтамасыз етті, тұтынушы сұранысын реттеу жөнінде әлдеқайда еркін ауыс-түйіс жасауға мүмкіндік берді. Салық түсімдерін бағаның өсуімен тікелей байланысты қарайтындықтан да ол сол кезеңде бюджет қаражатының инфляцияның салдарынан құнсыздандының алдын алудың құралы ретінде де қызмет етті.

1998 жылғы экономикалық дағдарыс біздің жас еліміз, оның қаржы жүйесі үшін өзінше бір мықтылықты тексерген сынақ болды. Әлемдік қаржырында жаңандық мәні бар өзгерістер орын алғанына байланысты Қазақстанның сауда әріптесі болып табылатын бірқатар елдердің үлттық валюталары күрт құнсызданып кетті. Бұл қазақстандық теңгенің нақты құнының қымбаттауына соқтырып, Қазақстан экспортының басекелестік позиция-

ларын төмөндөтүге үрүндүрдү. Әлемдік дағдарыстың Қазақстан экономикасына жағымсыз әсері Ресей рублінің құнсыздануынан кейін анағұрлым айқын білінді. Мұның өзі ішкі тауар өндірушілерді шетел тауарларының қазақстандықрынокқа өктемдік жасауынан қорғауға, сондай-ақ тенгенің орнықты айырбас бағамын қолдауға байланысты мәселелерді туындасты.

1990-шы жылдардың ортасында зейнетақымен қамсыздандыру мәселесі құрделіленіп кетті. Бұл ішкі жалпы өнімнің көлемінің кемуімен, жұмыссыздықтың өсуімен, инфляцияның асқынуымен, ұлттық кірістің азаюымен, бюджет тапшылығының қүшеюімен байланысты болды. Осының нәтижесінде зейнетақымен қамтамасыз ету ісін мемлекеттік қаржыландырудың үлесі азайды, зейнетақы төлеу жөніндегі қарызы көбейді, басқа да мәселелер шықты.

Қазақстан Республикасының ортақтас зейнетақы жүйесін 1998 жылға дейінгі күйінде сақтай беру экономикада, тиісінше, әлеуметтік салада да дағдарысты құбылыстарды шиеленістіруге әкеліп соқтыруы әбден мүмкін еді. 1997 жылдың ортасында Министрлер Кабинеті мен Ұлттық Банк Чили тәжірибесін пайдалана отырып зейнетақы реформасын қолға алу қажеттілігі жөнінде ұсыныс енгізді. Мен сол реформамен түп-түгел келісе қалдым деп айтпас едім. Құдік-күмән көп болды, бірақ сол тұста біздің басқадай амалымыз да қалмаған еді. Ел экономикасы мынандай жағдайға төзе алмайтын.

Жылдардың неше түрлі өткелегінен кейін мемлекет бірте-бірте еңсесін тіктей бастады. Былайша айтқанда, ана жердің өртін бір, мына жердің өртін бір өшірумен жүретін күндер келмеске кетіп, мемлекет қазынагерлік тәртіпті қүшетуге кірісуге мүмкіндік алды. 1999 жылы бюджет процесі саласындағы нормативтік-құқықтық негізді жетілдіру жөнінде жұмыс басталды. Ең бірінші кезекте күш-жігер бюджеттің кредиторлық берешегі өсуінің жолын кесу үшін оның қалыптасуын алдын ала бақылаудың және бюджет қаражатын мақсатты, тиімді жұмсауды қамтамасыз етудің сенімді тетіктерін жасауға бағытталды. Біз барлық мемле-

кеттік мекемелер тиісті қаржы жылына бюджет заңнамасы бойынша белгіленген бюджеттік тағайындаулардың сомасынан артық қаржылық міндеттеме алуға құқылы емес-тігін алғаш рет заң жүзінде айқындадық.

– Тәуелсіздік жылдарында негізінен сәтімен шешілген мәселелердің бірі – зейнетақы реформасы. Мысалы, көршілес Ресей бұған қазірше тәуекел етпей отыр. Әуелгі бетте әр айлығынан он пайыз ұстап қалып отырғанын көп жүрт жақтырды деп айта алмаймын, бірақ қамсыз қарттықты тек осындай жолмен ғана жасауға болатынына, нарық жағдайында басқа жол жоқ екендігіне халықтың көзі жетті. Рас, мұнда да Үкіметтің орашолақ қадамдары кездеспей қалған жоқ. Әйелдердің зейнетке шығатын жасын бірден ер кісілермен теңестіре салу әрекетін айтЫП отырмын. Ол мәселе сіздің өзініздің араласуыңызben ғана көңілдегідей шешілді ғой.

– Зейнетақы реформасын жүзеге асыру бір мезгілде жасала қалатын қадам емес. Жасы зейнетке жақын қалған азаматтар онша көп ештеңе жинақтап үлгере қоймайды. Осыған байланысты Қазақстанда жинақтаушы зейнетақы жүйесіне толық көшу 2038-2040 жылдарға дейін созылады. Мұның өзі біздің алдымызға сапалы жаңа міндеттер қояды. Олардың ең бастысы – елдің қаржы жүйесінің орнықтылығы. Зейнетақы жүйесі тұрақты дамитын және болжамды қаржы жүйесінсіз өмір сүре де алмайды, өркендей де алмайды.

Ал жаңағы сен айтқан жағдайға байланысты өкініш білдіруге ғана тұра келеді. Үкімет ондай заң жобасын жасағанда бірте-біртелік қағидатын сақтауы керек еді, жүртшылық арасында түсінік жұмысын жүйелі жүргізуі керек еді. Олардың бар күш-жігері солай ету керектігіне Парламент депутаттарының көзін жеткізуге ғана жұмсалды. Негізінде, әлемнің көптеген елдерінде әйелдердің зейнетке шығатын жасы ер кісілермен бірдей. Бізде де жұмыс істейтін адамдардың неғұрлым көп болғаны жақсы.

– Бір кітаптан мынандай фактілерді оқығанымда таң қалған едім. Албанияда әр адамның орташа табысы айына 70 доллар екен. Сол елдегі 3,2 миллион тұрғынға 500 мың автокөлік тіркеліпті. Әрі сол көліктедің 60 пайызы «Мерседес» көрінеді. 3,2 миллион адам деген миллионға да жетпейтін отбасы ғой. Сондай кедей елде әр екі үйдің бірінде көлік бар деген сөз. Мұны «көлеңкелі» экономиканың көлемін көрсету үшін айтып отырымын. «Көлеңкелі» экономиканың күнін батыруға бізде жасалған нақты қадам – қаржы амнистиясы немесе экономикалық рақымшылық. Оның қажеттілігі неге байланысты еді?

– Алғашқы жылдарда Қазақстаннан сырт елдерге шамамен 1,2-ден 2 миллиард долларға дейін АҚШ доллары әкетіліп жүргенін анықтадық. Ол кез түрмак, қазіргі уақыт үшін де бұл қыруар ақша. Сол тұста Ресейде мұндай ақшаның көлемі 40-50 миллиард доллардай екен. Ресейдегі халықтың біздегіден он еседей көп екенін ескерсек, оларда бұл көрсеткіш 150-180 миллиард доллардай болуы керек еді. Көлеңкелі айналымда мұндайлық қомақты соманың жүруі бізден бұл капиталды елге қайтаруға жағдай жасауды талап етті, сонда бұл қаражатты ел экономикасын өркендетуге бағыттауға болар еді.

Экономикалық рақымшылық Қазақстан Республикасы азаматтарының бұрын мағлұмдалмаған және жариялы экономикалық айналымнан шығарылып тасталған ақшаларын заңдастыру жөніндегі айрықша жүргізілген бір жолғы акция болды. Бұл акцияның мәні – бір кезде заңды негізде табылған, бірақ салықтың жоғарылығынан жария етілмей келген көлеңкелі капиталын жария еткен кісілердің салық салудан және жауапкершіліктен босатылуы.

2001 жылғы сәуірдің басында Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы» Заңы қабылданды. Заң тетігінің мәні мынада

еді. Ақшасын айналымға қосқан адамдар жария етуге дейін жасаған қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершіліктен босатылды. Қылмыстық жауапкершіліктен лицензия алмай заңсыз кәсіпкерлікпен шұғылданғаны, кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерімен айналысқаны, жалған кәсіпкерлік және басқа істері үшін ғана босатылатындығы көзделді. Заң күші ақшаны жария ету кезеңі басталғанға дейін қылмыстық іс қозғалған және әкімшілік іс қаралып жатқан, сондай-ақ сottalған адамдар мен әкімшілік жазабелгіленген адамдарға қолданылмады. Оған қоса, заң сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар, жеке тұлғаға, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігіне, конституциялық құрылыш негіздеріне және мемлекеттің қауіпсіздігіне, меншікке, мемлекеттік қызмет мұдделеріне, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке, халықтың денсаулығына және имандылыққа қарсы бағытталған қылмыстардың нәтижесінде алынған ақшаның, сондай-ақ басқа адамдарға тиесілі немесе кредит ретінде алынған ақшаның жария етілу жағдайына қолданылмады.

Қазақстандағы экономикалық рақымшылық кеңестен кейінгі кеңістіктері бөлекше құбылыс болғанын айтқым келеді. Акцияны жүргізудегі мақсат бұрын жариялы экономикалық айналымнан шығарылып тасталған қосымша қаржы көздерін Қазақстан экономикасына тарту еді. Жарты миллиардқа жуық АҚШ доллары жария етілгенін жоғарыда айттық. Жария етілген акция жеке тұлғалардікі болғандықтан, мемлекет олардан салық төлемдері түрінде 1 теңге де алмағанмен, бұдан жана ма түрде экономикалық пайда түскені анық. Банк секторында орналастырылған капитал қазіргі таңда мемлекет пен қоғамның иғілігіне қызмет етуде, ал қолма-қол шетел валютасының едәуір құйылышы Қазақстанның Ұлттық валютасының позицияларын нығайта тусты.

**– Бұл жылдарда бізді нелер қындықтан алып шыққан тамаша шешім Ұлттық қор құру болғаны бүгіндегі**

**талассыз. Оны қазір оппоненттеріңіз де мойындастын шығар. Бұл ойға сіз қалай келдіңіз?**

— Ұлттық қор құру жөнінде ой маған 1997 жылы, «Қазақстан – 2030» даму Стратегиясы жасалып жатқан кезде келген еді. Ол кезде көптеген халықаралық кеңесшілер, отандық басқарушылар мен экономистер үшін бұл ақылға сыйымсыз нәрсе болып көрінген-ді. Оның үстіне, бұл идея жария етілгеннен кейін мұнай бағасы құрт опырылып түсіп, бұл Ресейдегі 1998 жылғы тамыз дағдарысына соқтырды. Соның салдарынан біз Ұлттық қор құру мәселесіне тек 2000 жылды ғана қайта орала алдық.

Қазіргі таңда Қор активтері 16 трлн. 522,1 млрд. теңгені немесе шамамен 80 миллиард АҚШ долларынан асады. Бұл сома мұнайдың бағасы түсіп кеткен жағдайда белгілі бір үақыт аралығын толтыра тұруға мүмкіндік береді, басқаша айтқанда мемлекет өз мойнына алған әлеуметтік міндеттемелерді орындауға көмектеседі. Көмектесіп те келеді. 2014 жылғы халыққа Жолдауда сыртқы факторлардың салдарынан орын алған қыындықтардан шығу үшін қор қаржысы қалай, қаншадан жұмсалатыны жөнінде нақтылай айттық.

— Реформаның алғашқы жылдарында жерге жеке меншік құқығын енгізуіндегі қажеттілігі жөнінде пікір бірауызды болған жоқ. Халықтың көбі жерге мемлекеттік меншікті жекешенің қолына беріп қоюға болмайды деп табандап тұрып алды. Бұл көзқарасты өзгертудің сәті қалай түсті?

— Қазақстандықтардың басым белігінің республикада жерге жеке меншік институтын қалыптастыруға мұнайлық көзқарас, негізінен, ауыл тұрғындарының жаңа нарықтық қатынастарға нашар бейімделгендігінің салдары. Тарихтың қалдырған табы да өз әсерін тигізді. Қазақстан тарихында жер ру-рудың меншігінде болды, ол

кезде жер өреудің жеке меншігіне тиеді деген ой да жоқ еді.

Өзімнің талай сөздерімде мен жерге жеке меншік нарықтық экономиканың міндепті шарттарының бірі дегенді талай рет айтқанмын, әлі де айтамын. Маргарет Тэтчер бір сөзінде ырықтандырылған экономика құрудың бірінші негізгі шарты жеке меншіктің болуы деген еді. Меншіктің қағидатты мәні бар, өйткені ол орнықтылық береді, сенімділік қосады. Кімге ненің тиесілі екендігіне күмәнданатын қоғам дәйім өркендер өсे беремін деп сеніммен айта алмайды. Жеке меншік ненің де болса иесі бар екеніне бой үйретеді әрі жеке бизнеске салынатын инвестицияның кепілі. Екінші жағынан алғанда, 1991-1994 жылдарда, ауыл тұрғындарының көпшілігінің өз жерін игеруге шамасы келмейтін тұста ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жеке меншікті енгізуіндің жағымсыз салдарларға соқтыруы да мүмкін еді. Өз мүлкіңе өзің дұрыстап ие болуың үшін оның шын бағасын немесе құнын білуің керек.

1995 жылы бүкілхалықтық референдумда қабылданған ел Конституциясы біздің тарихымызда алғаш рет Қазақстанда жер мемлекеттік меншікте де, жеке меншікте де болуы мүмкін екенін белгілеп берді. Бұл ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жеке меншік құқығын анықтайтын заңнамалық актілерге бастамашылық жасау мүмкіндігін ашты. Әуелде бұл мәселе бойынша Парламентке ұсынылған заңның жобасы өтпей қалды. Ол ұзақ талқыланды. Пікірлер әр жаққа тартты. Қай ұлттың адамдары құнарлы жерлерге ие, қай ұлттың адамдарының оған қолы жетпей қалды дегенді санауға кірісті. Бұл сөздің астарында негізінен сырттан келгендер игерген тың жерлер мегзелген еді. Түсіндіру жұмысын жүргізу керек болды. Мен табандап тұрып алмағаныммен, жерге жеке меншікті жақтайтынымды ашық айттым.

Жерге мемлекеттік меншіктің сақталуын жақтайтындар жер қатынастары екі бірдей экономикалық нәтижени – кәсіпкерлік кіріс пен рентаны көздейді десті. Егер

кәсіпкерлік кіріс әбден орынды түрде жер иесіне тиесілі болса, рента қоғамға тиесілі болуы керек, өйткені рента кірісі жер иесінің сіңірген еңбегіне жатпайды. Жерге жеке меншікті сынаушылардың кейбірі бұл мәселеге тым саяси сипат беріп, Қазақстанда жерге жеке меншік енгізу тарихи бастауларға және қазақ халқының дәстүрлеріне кереғар, мұның өзі әлеуметтік жарылысқа соқтыруы мүмкін деумен жүрді. Олардың ойынша, меншікті қайта бөлу болмай қоймайтын нәрсе, ал бұл жер төңірегіндегі қақтығыстың себепкеріне айнала алады.

Жер реформасының екінші кезеңінің нәтижесі – әрбір ауыл тұрғынына өзінің шартты жер үлесіне қалай иелік етуін өзі шешуіне мүмкіндік бергені. Ауыл тұрғындары өздерін жер иесі ретінде сезіне бастады, алдан ашылған жаңа мүмкіндіктерді барынша жақсырақ пайдалануға ұмтылатын болды.

Жер Кодексін қабылдау және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жеке меншікті енгізу мәселесіне ел оқыстап кіріс қалған жоқ, Бұл өтпелі кезең және нарық экономикасын дамыту жағдайында жер заңнамасын жетілдірудің эволюциялық ұзақ жолының жемісі.

Қазақстан халқына 2003 жылғы Жолдауда мен ауылды тұлетуді Үкіметтің жұмысындағы басты басымдықтардың бірі деп белгіледім, 2003-2005 жылдарды Ауыл жылдары деп жарияладым.

2002 жылдың сәуірінде Қазақстан халқына Жолдаудың Үкіметке «Жерге жеке меншік туралы» Заңының жобасын әзірлеп, Парламентке енгізуді тапсырдым. Арада бір жыл өткеннен кейін бұл заң жобасын талқылау жөнінде өршіген дау-дамай Үкімет пен Парламенттің тіресуіне, ақыр аяғында, Үкіметтің орнынан түсініне әкеліп соқты.

Үкімет орнынан түскеннен кейін мен алдымен Сенаттың, онан кейін Мажілістің депутаттарымен жеке-жеке кездестім. Үкімет ұсынған заң жобасының нұсқасын тағы да түсіндіріп, қорғауға тұра келді. Жер мәселесінің шешімі аңызақ күнге, дауылды желге қарамастан қасқайып өрлей

өскен қарағайды еске түсіретін, алайда оның алдынан кесе-көлденең кедергілер сымбатты сұлу ағаштың орнына қисайып қыңырайған бірдең шығатындай қатер төндіретін. Жеке меншікті енгіземіз бе, енгізбейміз бе деген мәселе ауыл шаруашылығының одан әрі есүі мен дамуына тосқауыл болып тұрды, мұны енді соза берсек біздің күдік-күмән батпағына біржола батып кететін сыңайымыз байқалды.

2003 жылдың 20 маусымында мен Жер Кодексіне қол қойдым, оның ең басты, ең мәнді өзгерісі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жеке меншік институтын енгізу болды. Ерекше мәнді мәселе екендігіне байланысты қол қойған құнімнің датасына дейін дәл есімде.

Айта берсе, біз тәуелсіздік жылдарында еңсерген қыындықтарымызға тоқталу ұзақ үақыт алады. Кедергі көп кездесті. Олардың объективті кедергілеріне түсіністікпен қарадық, болмай қоймайтын жайлар екенін білдік. Өкінішке орай, субъективті кедергілер де аз емес еді. Заман қойған кедергіге, қоғам қойған кедергіге амалың жоқ. Бәрінен қыныны – адам қойған кедергілер. Қолынан іс келмей, үмітінді ақтай алмай кеткен адамдарға ренжисің де қоясың. Алайда, сатқындықтың жөні бөлек. Ондайлар өзің сенген, өзің тәрбиелеген, өзің өсірген адамдардың арасынан шықса айрықша ашынасың, жақын жүрген жандардың ішінен сондайлар табылса тіпті күйінесің.

Осының бәрі өмір. Онда жақсы да болады, жаман да болады. Бірақ, өмірде жамандықтан жақсылық көп. Анағұрлым көп. Өмірде жаман адамдардан жақсы адамдар көп. Анағұрлым көп. Соның арқасында өсіп-өніп, өркендер отырмыз. Маған жамандық ойлаған адамдардың өзіне кекшілдікпен қараған кезім жоқ. Олардың көбін мына өтпелі кезеңдегі өткінші жағдайлар адастырды деп ойлаймын.

Бәріне салауат. Ең бастысы – ел аман, жұрт тыныш. Еліміз әлемдік көштің кеуде тұсына ілігіп келеді. Көшіміз көлікті бола берсін деп тілейік.

## ◆ НҰРЛЫ ЖОЛ

---

– Ел басқаратын адамға ең басты қасиет ойшылдық деп ойлаймын. Осы тұрғыдан қарағанда еліміздің егемендік жолында ересен істер атқарылуының бір себебі, құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы, өзіңіз қолға алған, өзіңіздің бастауынызben жүзеге асырылған қыруар шаруаның әуелден жан-жақты ойластырылуы десек, сол шаруаның халық үшін ұғынықты оймен, түсінікті тілмен баян етілуі де маңызды. Бұл орайда 2007 жылы жарық көрген, әлемнің көптеген тілдеріне аударылған «Қазақстан жолы» атты кітабыныздың орны бөлекше. Дегенмен, сол кітапта, өз ойымша, қозғалуға тиісті, бірақ қозғалмай қалған бір тақырыпқа арнайы әңгіме жасау керек сияқты көрінеді. Ол – еліміздің көлік инфрақұрылымының қалыптастырылуы. Кітабыныздың келесі тарауын осы мәселенің мән-жайына арнасаңыз деп ұсыныс айтқаным сондықтан еді.

– Кітаптарымның арасында шетел тілдеріне ең көп аударылғаны сол «Қазақстан жолы» болғаны рас. Ең бастысы – еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде орнығуының өзіндік жолы сол кітап жарыққа шыққаннан кейін «Қазақстан жолы» деп атала бастады. Ал енді көлік инфрақұрылымына келсек, мемлекеттің орнығуына байланысты бар мәселені бір кітапта қамту мүмкін де емес шығар. Мысалы, ол кітапта біздің Қарулы Қүштеріміздің

дүниеге келуі, армиямыздың қалыптасуы, кәсіби тұрғыдан шындалуы деген сияқты тақырыпқа да тарау арналса артық болмайтын еді. Сондай тақырыптар көп.

Ал енді инфрақұрылымды дамыту мәселесіне келсек, бұл расында да аса ауқымды, өте маңызды тақырып. Жалпы қай ел үшін де жолдың орны бөлекше. Ал өмірі көшпенділікпен өткен, құлан жортса тұяғы тозатын, қыран үшса қанаты қүйетін үшін-қиырсыз ұлы далада мекен еткен біздің халқымыз үшін жолдың жөні тіпті басқаша. «Алыс жол атты сынайды, ауыр жол ерді сынайды» дейді қазақ. «Жол азабы – көр азабы» деп те мақалдаған. Кезінде «Қазақстан – 2030» Стратегиясын жасағанда біз оны ұзақ мерзімді жеті басымдықтың қатарына қосқанбыз. Бұл сала ұзақ мерзімдік келешекте жанжақты даму стратегиясына ілесуге тиіс, мұның өзі біздің көлік және коммуникациялық қызметтімізге дең қоятын жаңа нарықтар іздеуге саяды деп атап көрсеткенбіз сонда. Осы заманғы инфрақұрылымды қалыптастыру одан бұрын 1992 жылы қабылданған алғашқы стратегиямында – Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясында да көзделген еді. Иә, көлік коммуникацияларын дамыту – стратегиялық маңызы бар міндепт. Бүгінгі Қазақстанның келбеті осылай қалыптастып отырса, мұның басты себептерінің бірі біздің осы міндептің үдесінен шыға білгенімізде.

– 2014 жылы ел кіндігі Ұлытауда сіз «Жезқазған – Бейнеу» және «Арқалық – Шубаркөл» теміржол магистральдарының тұсауын кестініз. Бүкіл Қазақстан үшін шын мәніндегі тарихи оқиғаның тұсында, Әулиебұлақтың басында отырып ағыл-тегіл әңгіме айттыңыз. Сондағы сөзіңіз халықты дүр сілкіндірді. Айналасы екі айдың о жақ, бұ жағында «Егемен Қазақстанда» жарияланған үнқату, қолдау, ой-толғау мақалаларынан, сұхбаттардан, өлең-жырлардан біз кере қарыс кітап құрастырып шығардық. Оны «Ұлт ұясындағы ұлағат»

деп атадық. Сөзіңізде елдіктің көп жайын қозғадыңыз, олар өзіңізбен арнайы сұхбатқа арқау ететіндей-ақ мәселелер...

– Көрерміз. Ал енді Жезқазған жеріндегі ол оқиғаға келсек, екі теміржол магистралінің тұсауы қатар кесілуі шынында датарихи оқиға болды. Біз сол арқылы Жезқазғанды енді теміржол түйішінде тұрмайтын қала еттік. Мен «Хабар» арнасына берген сол сұхбатымда айтқанмын, тағы да еске сала кетейін. Кешегі кеңестік кезеңде біздегі барлық теміржол Ресейге қарай салынған. Көлденең қатынайтын, елдің өңірлерін бір-бірімен байланыстырып тұратын жолдар салынбаған. Оның Мәскеуге керегі не? Мәскеуге керегі – Қазақстанның шикізатын тасу. Көлденең жолдардың жоқтығы біздің бәрімізді қатты қинайтын. Алғашқы кезде ондай мүмкіндік табылмады. Айлық, зейнетақы, шәкіртақының өзін уақытында төлей алмаған кездер болды ғой. Одан кейін де аса ірі жобаларды жүзеге асыруға қаржымыз да, техникалық мүмкіндігіміз де жетпеді. Ел экономикасы алға басып, қуаттанған кезде түп-тура жарты триллион, яғни 500 миллиард теңге ақша бөлдік те, 1200 шақырымдық жол салдық. Бұл сан айтқанға ғана оңай. Арқаның қыстағы сақылдаған сары аязында, жаздағы атап ыстығында әр шақырым тұрмақ, әр метрге шпал төсеп, рельс салу өте қыын шаруа. Біз соны жасадық.

– Ел риза. Ақын Жүрсін Ерман сол күндері бізге разылық хатын жолдаған. Хатты «Құлжанбайға теміржолмен барамын. Раҳмет, Елбасы!» деп атапты. Біз оны тұра бірінші бетке бергенбіз. Құлжанбай деген теміржол бекетінің аты. Жүрсіннің ауылды екен.

– Оқығанмын. Халықтың риза болатын жөні бар. Енді ол теміржол айналасындағы төрт облыстың талай ауданының экономикасына нәр қосады. Халықтың әл-ауқаты артады, жұмыс көбейеді, ел молаяды. Халық

Қазақстанды айқыш-үйқыш шарпи бастаған жолдарды, әсіресе Шығыс пен Батыстың жалғастыратын Қытайдан Еуропаға тартылатын жолды қазірдің өзінде «Жаңа Жібек жолы» деп атай бастады. Оны өзіңнің газетінен де оқып жатырмын.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Шығыс пен Батыстың, тұстік пен теріскейдің арасын жалғаған «Ұлы Жібек жолы» арқылы түркі даласы әлемдік сауданың күретамырына, дүниежүзілік дипломатияның дәнекеріне айналғаны белгілі. Сондықтан көптеген ғалымдар түркілерді жойқын басқыншы емес, сауда-саттықтың, мәдени диалогтың жебеушісі ретінде қарастыруды ұсынуда. Ғұн, Қектүрік, Қарахан және Алтын Орда дәуірінде бұл жол Еуразия кеңістігіндегі мәдени, экономикалық, саяси-әлеуметтік қарым-қатынастардың алтын арқауы болды. Тоғыз жолдың торабы болған қазіргі қазақ даласы да осы жол арқылы дамыды, күш-қуаты артып, қалалары өркен жайды. Ал жаңа балама жолдар мен теңіз тасымалы белең алып, «Жібек жолы» өз маңызын жоғалтқаннан бастап Ұлы Даладағы империялар мен мемлекеттер әлсірей бастады. Экономиканың күретамырына қан жүгірмегендіктен, елдің түрғындары босып, қалалар қаңырап қалды. Оның ақыры хандықтардың қирауына, басқаға бодан болуға апарып соқты. Ендеше, «қазақтың «теңізі» Қытай мен Ресей екенін, олармен қарым-қатынас жасамаған жағдайда экономиканың өспейтінің» ескерткен Елбасының «экономика өсіп-өнбесе, басқа шаруаның бәрі шешілмейді» деген сөзін осы түрғыдан қарастырған жөн.

Бұғандегі Еуразияда бірнеше түркі мемлекетінің тарих сахнасына шығуымен бірге, «Ұлы Жібек жолын» жаңғыртудың әртүрлі жобалары талқылана бастады. Себебі, бірнеше ғасыр бойы бір-бірінен ажырап қалған туыс халықтардың өз тәуелсіздіктерін сақтап, ір-гелі экономикалық күшке айналуы, ұлан-тайыр территорияларының транзиттік әлеуетін игеруі осы салада бірлесіп жұмыс істеулеріне байланысты екені белгілі.

Түркі елдерінің жан-жақты ынтымақтастығын дамыту үшін құрылған Түркі кеңесі көлік және тасымал мәселесіне де ерекше көңіл бөлуде. 2012 жылы өткен Түркі кеңесі II Саммитінде Мемлекет басшылары көлік министрлеріне тұрақты түрде кездесіп тұруды тапсырды. Қазақстан Президентінің ұсынысымен 2013 жылы Әзіrbайжанда өткен Түркі кеңесінің III Саммитінде тақырыбы да көлік, тасымал саласындағы ынтымақтастыққа арналды. Алқалы жыныда Нұрсұлтан Әбішұлы мүше мемлекеттердің аумағынан өтетін транзиттік көлік дәліздерінің жүк тасымалдаудағы әлеуетінің арта түскеніне назар аударып, Шығыс – Батыс бағытындағы осы әлеуettі жүзеге асыру мақсатында ынтымақтастықты ұлғайту керектігін айтты. Бұл тұрғыдан алғанда, Жібек жолын жаңа заманға сайқайта жаңғыртатын, құрлық көлігін дамытатын «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» жолының маңызы ерекше екені белгілі. Жезқазған жерінде жүзеге асқан стратегиялық жасампаз жолды да теріскеи мен күнгейді, Шығыс пен Батысты жалғайтын осы ғасыр жобасы төңірегінде қарастыруға болады.

Жалпы, тәуелсіздік жылдары 2300 шақырымнан астам теміржол салынған екен. Ал «Бейнеу – Жезқазған» теміржолы – тәуелсіздік алғаннан бергі жаңадан салынған ең ұзын теміржол желісі. Мамандардың айтуынша, жаңа жолдың арқасында жылына 21 млн. тонна тауар өткізуге болады. Жол бойына 8 теміржол бекеті мен стансалар салынады, 400-ден астам жұмыс орны ашылады. Жол бойындағы елді мекендердің әлеуметтік мәселелері шешіледі, тұрғындардың жағдайы жақсарады. Жаңа теміржолдар жүктер тасымалдау қашықтығын қысқартады, еліміздің көлік мүмкіндіктерін әлденеше есеп кеңейтеді. Бейнеуден Жезқазғанға тартылған жаңа жол аймақтың дамуына зор серпін береді. Арқаның тау-кен өнімдерін Ақтау арқылы Еуропаға, Парсы шығанағы елдеріне шығаруға зор мүмкіндік туды. Бұл стратегиялық жоба Қазақстанның орталық өңірінен жөнелтілетін жүкті Батысқа, одан әрі Еуропаға тікелей шығуын қамтамасыз етпек. Мұның барлығы Елбасының асқақ арманы – Қазақ елінің Мәңгілік Ел болуына қызмет етеді».

*Дархан ҚЫДЫРӘЛІ,*

*Халықаралық Түркі академиясының президенті.*

*«Егемен Қазақстан», 2014 жыл, 14 қыркүйек.*

– Нұрсұлтан Әбішұлы, жол салу қай елде де қыын. Ал Қазақстандай алып мемлекетте тіпті қыын. Бірақ сіз осы мәселені тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ, на-зарда үстадыңыз. Ірі жобаларға жағдай келетін кез туған кезде шартарапқа жолдар салдыруды тапсырдыңыз. Бұлай еткенде сіз қандай ойды басшылыққа алдыңыз?

– Қай заманда да байлықтың басты көзі, дәүлеттің даусыз дәлелі елдің жақсы жолдары мен жайлы коммуникациясы, сондай-ақ өз уақытына сай жүріп-тұру құралы деп саналған. Адамдарды, жүкті өз елінің ауқымында тасумен қатар, халықтар мен мемлекеттер арасындағы экономикалық, сауда және мәдени байланысты жолға қою мүмкіндігі табиғаттың өзіндей табиғи өлшем.

Біздің ата-бабаларымыз – номадтардың даусыз артықшылығы көшпелі өмір сүргендігі, Еуразияның ұшықыры жоқ кеңістігінде көршілерімен сауда жасағандығы, аралас-құралас болғандығы. Ұлы Жібек жолының бойымен арлы-берлі ағылған керуендер тек тең-тең жүк тасып қана қойған жоқ, олар өзара тиімді ынтымақтастық, бейбіт қатар өмір сүру, мәдениеттердің өзара әсер етісүi, халықтар мұдделерінің тоғысы мен дамуының идеяла-рын да ел-елге, жер-жерге жеткізіп жүрді.

Көлік пен инфрақұрылымның осы заманғы деңгейі, лайықты қызмет көрсету мемлекеттің материалдық байлығы мен өркениеттілік дәрежесінің өлшемі ғана емес, өндірістің, өнім жеткізу мен тұтыну деңгейінің арқа сүйер бастапқы негізі.

Осыған орай бір ғасырдай бұрынғы оқиға еске түседі.

Қазақстандағы түсті металлургияның түңғыш кәсіпорны – Қарсақпай мыс балқыту зауытын салмақ болған ағылшындар кен өндірілетін жерге зілбатпан жабдықты жеткізу үшін 1914 жылы алдымен үш шақырымдық тар-табанды темір жол тартуға кіріседі. Жолдың біраз жері біткен соң шабаққа төсеген рельстердің бір бөлігін алып тастап, алдына қайта төсеп барып жылжып отырған. Сөйтіп ұзындығы 380 шақырымдық жолды үш жыл, 11 ай

дегенде зорға жүріп өткен. Бұл хикаяның аяғы ағылшын өнеркәсіпшілері үшін жақсы бітпеді. Олар зауытты іске қосып үлгермеді: Қазан төңкерісі заманды төңкеріп түсіріп, билік басына большевиктер келді, Қарсақпай ұлт меншігіне айналдырылды.

Бұл мысалды экономиканың жедел дамуы үшін тиісінше жеткізілім құралдарының болуы қаншалықты маңызды екендігін тағы бір қадап көрсету үшін ғана айтып отырмын.

Планетаны қамтыған жаһандану қарқыны, әртүрлі елдердің экономикалық жүйелерінің даму деңгейінің бір-бірімен берік байланыстырығы, олардың өзара әріп-тестігінің көпкіндіктілігі жолдар мен бағыттардың, көлік пен инфрақұрылымның барлық түрлерінің тарамын дамытуға баса көңіл бөлу қажеттігін талап етеді.

Бүгінгі егемен Қазақстан әлемде өзінің аумағы жөнінен тоғызыншы орын алады, алайда халықтың орналасуы (орташа алғанда бір шаршы шақырымда 6 адамнан) сирек. Мұндай жағдайда көлік пен коммуникация мемлекеттің экономикалық қана емес, саяси да тұтастығын қамтамасыз етуге тиіс.

Бұл проблема еліміз тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында айрықша көкейкесті еді. Бұрынғы Кеңес Одағында бір орталыққа қатаң бағындырылған экономика қағидаты бәрінен де нақосы көлік-коммуникация саласында табанды түрде жүзеге асырылған.

– 1990-шы жылдардың басында мұның өзі республикамыздың экономикалық дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қазақстанның тардың құнделікті өмірінде де көптеген қындық туындарып жатты.

– Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Мақтаарал ауданының тұрғындары одақтық мемлекет ыдырағаннан кейін Қазақстанның өзге өнірлеріне жету үшін Шардараны айналып 120 шақырымдық ілмек жолмен жүргуге мәжбүр

болды. Соның өзінде де жол Өзбекстан жері арқылы өтетін.

Біз Мақтаарал, Шардара, Сарыағаш аудандары тұрғындарының Сырдария өзенінің жайылма түсынан тіке жол тарту жөніндегі өтінішін орындағық. Жалпы ұзындығы 53 шақырымға созылатын, 6 көпірі бар (оның ең ұзыны 437 метрге жетеді). Бұл жолды салуға бюджеттен үш миллиард теңгеден артық қаржы жұмсалды. Мәселе жолдың құнында ғана емес. Біз бұл нысанның стратегиялық маңызын алдымен ойладық. Жолдың салынуы Оңтүстік Қазақстан облысының одан әрі дамуына қуатты экономикалық серпін берді, ең бастысы сол өнірдегі біздің азаматтарымыз көршілес мемлекеттің шекарасына өтіп жатпай-ақ автокөлік жолы арқылы тікелей қатынас жасай алатын болды.

Басқаша айтқанда, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап елдің экономикалық ағзасының қалыптытыныстауы үшін экономиканың қаны үйіп қалмайтындей, өсүмен дамудың емдеуі қын дертерін шығармайтындей, қайта керісінше, жас мемлекеттің бойындағы бұла күшін, толыққанды қуатын танытып тұратындей етуді ойладық.

– Бұл салада тәуелсіздік жылдарында неге қол жеткізгенімізді талдаудың стратегиялық мәні бар, Сондықтан енді елдің көлік-коммуникация кешенінің әрбір саласындағы дамудың серпінділік сипатына толығырақ тоқталсаңыз деймін.

– Еліміздің өндірістік инфрақұрылымының аса маңызды құрамдас бөлігі, оның нағыз алға сүйрер локомотиві – теміржол көлігі. Тәуелсіз Қазақстан көбіне-көп соның арқасында қалыптасып, буын бекітті. Болат магистраль ел үшін маңызды жүктерді тасудың таптырмас құралы, миллиондаған адамдар үшін қолжетімді және сенімді көлік болды, ал көмір, руда, металдар, астық сияқты жүкті тасымалдау үшін теміржол көлігіне ештеңе тең келмейді.

Қазақ темір жолы ұзындығы және жұмыс көлемі жөнінен бұрынғы Одақтағы ең ірі магистраль еді. КСРО ыдырардың алдында Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолдары КСРО Қатынас жолдары министрлігіне қарайтын, кейіннен, ел тәуелсіздігі жағдайында толық өндірістік және қаржылық дербестікке ие болды. Алайда кеңестен кейінгі кеңістіктегі шаруашылық байланыстарының үзілігі біздің алдымызға аса күрделі, кейде тіпті шешілмestей көрінетін мәселелерді қойды, олар қаржыны басқару, материалдық-техникалық жабдықтау, өндірістік қорларды реттеу сияқты тағы басқа да осал буындарды қамтитын.

Теміржол көлігінің мұқтаждығы үшін локомотивтерді, вагондарды, жол техникасын, рельстерді, шпалдарды, басқа да өндірістік-техникалық мақсаттағы өнім шығарумен айналысатын зауыттардың іс жүзінде бәрі де Ресей мен Украинада қалып қойды. Қазір ғой локомотивтердің өзін Астанада құрастырып жатқанымыз. Ол кезде бұл тек арман еді.

Қазақстан аумағында орналасқан өнеркәсіп орындары республика темір жолының тұтыну қажеттігін небәрі 4 пайызға ғана қамтамасыз ететін. Оның үстіне, бұрын қатаң әміршіл-әкімшіл жүйе және қаржы-шаруашылық қызметтің бір орталықтан басқару жағдайында жұмыс істеп келген темір жол өзіне толық дербестік тиген кезде жаңа жағдайда жұмыс істеуге атымен бейімделмеген болып шықты.

Ахуал жылдан-жылға нашарлай берді, 1996 жылы жүк тасымалының көлемі 1990 жылғымен салыстырғанда 2,5 есе кеміп кетті. Қаржыландырудың жоқтығынан инвестициялық қызмет тоқтады, тіпті негізгі өндірістік қорлардың кәдүілгі үдайы өндірісінің өзі қамтамасыз етілмеді.

**– Сол кездегі жолдардың жағдайы есімізде. 1997 жылы бір рет Ақмоладан Алматыға автокөлікпен баруға**

**тура келген. Трасса бойында ағылыш жатқан қазіргідей көлік көрінбейтін, аз көліктің өзінің барлығы дерлік жеке мәшинелер болатын, жүк тасуышы көлік сирек кездесетін.**

– Өйткені, таситын жүктің өзі аз болатын. Теміржолдың қаржылық ахуалы да тығырыққа тірелді. Ол бір кездегі пайда түсіретін саладан залал келтіретін салаға айналды. Кредиторлық қарызы, бюджетке, әртүрлі қорларға төлем көлемі өсті, айлар бойы жалақы төленбеді, 1996 жылы жалақы қарызы 4 миллиард теңгеге жуықтады.

Қалыптасқан жағдай саланы сауықтыру жөніндегі шараларды тез жүзеге асыруды талап етті. 1997 жылдың қаңтарында үш темір жол шаруашылық жүргізу құқығында құрылған «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының құрамына кірді.

Одақтың экономикалық және шаруашылық байланыстарының ыдырауынан болған жағымсыз жайлардың бәрінде мұраға алып қала отырып, біз аз уақыттың аясында аса ауыр экономикалық дағдарыстың салдарын еңсеріп қана қойған жоқпыз, біз темір жол саласын отандық көлік рыноғының алғы шебіне шығардық.

### **– Оған қалай қол жеткізілді?**

– Бұл кезеңде темір жолда бір орталықтан басқарудың сатылас жүйесі енгізілді, ол өндірістік, қаржылық және еңбек қорларын ұсынақты пайдалануға мүмкіндік берді. Қаржы-экономика қызметін оңтайландыру өндіріске қатыссыз шығындарды едәуір азайтып, босаған қаржыны темір жол көлігінің техникалық базасын дамытуға жұмсауға жағдай жасады.

Осының нәтижесінде 2000 жылы, Қазақстан егемендігін алғалы бірінші рет темір жол жүк тасымалы көлемінің кемуін тоқтатып, жылды табыспен аяқтап шықты. Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның бұл кезеңдегі табысты жұмысы ішкі инвестиция, саланы техникалық

тұрғыдан жаңғырту, темір жолдар тарамын дамыту үшін алғышарт жасады.

Реформа тағдыры көбіне-көп темір жолдың нақты да тұрақты жұмысына қатысты болды деп айтсақ ешқандай артықтығы жоқ.

Бұл орайда «Хромтау – Алтынсарин» жаңа темір жол желісінің құрылышы жөніндегі жобаның жүзеге асырылуы жарқын мысал бола алады.

Екі жылдың ішінде онсыз бірде-бір мемлекеттік бағдарламаны: тұрғын үй құрылышының да, аграрлық мәселелердің де, индустриялық-инновациялық дамудың да бағдарламаларын жүзеге асыруға болмайтын темір жол желісі салынды.

Мәселе мынада, бұрын Қазақстанның өз ішінде жүк тасымалдау үшін пойыздарға Ресейдің шекаралас өнірлері арқылы жүріп өтуге тұра келетін. Жаңа жол бір жағынан Қазақстанның орталығы мен шығысының арасын, екінші жағынан орталық пен батыстың арасын екі мың шақырымға жақындана түсті. Бұл жоба жүзеге асқалы республиканың солтүстік және орталық облыстарында (Ақмола, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Қостанай) өндірілген астық, ет, азық-түліктің бәрі де батыс жаққа тікелей тасымалдануда. Оның үстіне, жаңа темір жол желісінің бойындағы никель, мыс, темір рудасының жаңа кен орындарын игеру үшін мол мүмкіндік ашылды.

Тұтастай алғанда елдің болат магистралінің нығаюы республика экономикасына қуатты серпін қосты.

Ұзындығы 540 шақырымдық «Сексеуіл – Бейнеу» жаңа темір жол желісінің құрылышы ең тиімді және экономикалық тұрғыдан қажетті болып шықты, ол бірқатар экономикалық жалпы мемлекеттік және әлеуметтік мәселелерді шешуге мүмкіндік берді.

Мен сол жылдарда жаңа «Шар – Өскемен» темір жол желісінің құрылышын бастауды тапсырдым. Бұл өнірлер арасындағы тасымалдың тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді, елдің шығыс өніріндегі шаруашылық кешенінің одан әрі дамуына оңды ықпал жасады. Осы

арқылы тасымалдың қашықтығы қазіргі Ресейдің Локоть стансасы арқылы елдің оңтүстік және батыс өңірлерінен келетін жолбағытпен салыстырғанда 311 шақырымға қысқартылды, басқа елдің аумағымен 82 шақырым жүрудің, екі рет кеден бақылауынан өтудің қажеттігі болмай қалды. Жаңа желілердің тартылуы Қазақстанның өз ішіндеңі темір жолдарды бір-бірімен толық байланыстыруға мүмкіндік береді, ал «болашақта жаңа транзиттік көлік дәліздерін дамытуға септеседі.

Қазақстан темір жолдарының ерекше сипаты Еуропа мен Азия елдерін байланыстырып жатқан орасан транзиттік әлеуетінен танылады. Біз өзімізге транзиттік тасымал бойынша берілген мүмкіндікті пайдалануға тиіспіз.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Темір жол және автомобиль инфрақұрылымдарын салу мен жаңғыртуды қамтамасыз ету қажет.

Біз биылғы жылдың өзінде концессиялық негізде Шар – Өскемен темір жолы құрылышын аяқтап, «Маңғыстау – Баутино», «Ералиев – Құрық» теміржол желілері мен «Қорғас – Жетіген» учаскесінің құрылышын, «Мақат – Қандыағаш» теміржол учаскесін электрлендіруді бастауымыз керек.

Жылжымалы құраманың тапшылығын төмендегу үшін биылғы жылды отандық көліктік машина жасауды дамыту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеп, іске асыруға кірісіміз керек.

Біз барлық оңтүстік облыстарды көктең өтіп, Қызылорда мен Ақтөбе арқылы Ресейге шығатын, өнірлердің экономикасын жаңдандыратын Қазақстандағы ең ірі көліктік жобаны – «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» трансқұрылыштың дәлізді іс жүзіне асыруды қолға алудың қажет.

Бюджетке түсетін салмақты азайту мақсатында, тұтастай алғанда, концессиялық негізде, алдағы уақытта ақылы ету арқылы «Астана – Бурабай», «Астана – Қаратаңды», «Алматы – Қапшағай», «Алматы – Қорғас» авто-

мобиЛЬ жолдарын, сондай-ақ «Үлкен Алматы айналма жолын» салу мен қайта жаңғырту басталады».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын арттыру –  
мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты  
Қазақстан халқына Жолдауынан, 2008 жылғы 6 ақпан,  
«Таңдамалы сөздер», V – 2, 82-83-беттер.

– Сіз бір сұхбатта елдің көп үлттылығын кемшіліктен артықшылыққа айналдыру жөнінде айтқан едіңіз. Сол сияқты еліміздің географиялық орналасуын, тіпті жер көлемінің кеңдігіне байланысты көлік жолдарының ұзақтығын артықшылыққа айналдырудың да сәті түскендей. Осы жұмыс қалай атқарылды?

– Қуатты транзиттік әлеуетіміз – біздің даусыз артықшылығымыз. Бұл арқылы біз Еуропа мен Азия арасындағы саудада тиімді дедал рөлін алу мүмкіндігіне ие болдық. Тек ол үшін бәрімізге пайдалы ықпалдастық қажет. Транзиттік әлеуетімізді дамыта білсек, 2020 жылы Қазақстан арқылы жүк тасымалдау 2 есеге ұлғаюы тиіс болатын бірқатар ірі жалпыұлттық инфрақұрылымдық жобалар іске асуда. 2050 жылға қарай бұл сан 10 есе ұлғаюға тиіс. Жеріміз арқылы жүк тасып, пайда табу бір мақсат болса, басты мақсат – экспортимызды әлемдік нарықтарға қарай жылжыту болуы керек.

Экономиканың жаһандануы елдер арасында өзара тиімді сауда жасауға, барлық мемлекеттердің әлемдік көлік коммуникацияларына қол жеткізуін қамтамасыз етуге қажетті халықаралық көлік дәліздерін үйімдастыру ісін жетілдіретүсідіталапетеді. Қазақстан ұшшін тасымалдаудың бүрыннан қалыптасқан және пысықталған жүйесіне оның бүтін бір буыны ретінде ене білу ерекше маңызды.

Саясат пен экономиканың жаһандануы, халықтар мен елдер жақындастыруның әр қиырлы бағыты көлік күре жолдарының маңызын арттыра түседі. Жер ауқымы ора-

сан Қазақстан үшін темір жол көлігінің орны тіпті бөлек. Еуразияның ортасында орналасқан, қыруар шикізат қоры бар Қазақстан Батыс пен Шығыстың арасындағы табиғи әрі сенімді көпірге айналып келеді. Мұның өзі еліміздің стратегиялық саясатына, оның осы заманғы әлемдік шаруашылық және мәдени байланыстардағы, халықаралық ынтымақтастықтағы, үлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі орнына өзіндік әсерін тигізеді. Бүгінде бүкіл әлемде жаңандану үдерісі жүріп жатқан шақта Қазақстанның тиімді географиялық жағдайы Қытай, Еуропа, Ресей, ТМД, Еуразиялық экономикалық одақ елдері сияқты әлемнің ірі рыноктарын жалғастырады. Оған қоса Орталық Азия мен Парсы шығанағы елдерін көлік маршруттарымен қамтамасыз етеді.

– Сіз Ұлытаудағы сұхбатыңызда «Біздің «теңізіміз» – Ресей территориясы. Біздің «теңізіміз» – Қытай территориясы. Осы екі мемлекетті теңіз деп санасақ, біз солардың жағасында тұрмыз» деп бейнелі сөз айттып едіңіз. Сондай тағы бір «теңізіміз» – Түрікменстан арқылы шығатын Иран. 2014 жылдың аяғында тәуелсіздік тарихындағы тағы бір белесті алдық – сіз Иран Президенті Хасан Руханимен, Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердымұхамедовпен бірге Қазақстан – Түрікменстан – Иран арасындағы Өзен – Қызылқия – Берекет – Этрек – Горган теміржолын аштыңыз. Сонда сіз «Бұл оқиғаны біз көптен күттік» деп едіңіз. Бұл жоба қашан басталып еді?

– Ол теміржол желісі жөнінде келісім 2007 жылы жасалған. Бірақ ойға алынуы, қолға алынуы, әрине, ертеектен. Негізінде бірнеше ел қатысадын жобалар көп уақыт бұрын ойластырылады. Бірақ істің нақты қолға алынуы 2005 жылғы Жолдаудан кейін. Гүлстан провинциясындағы салтанатты жынында журналистер алдында сөйлеген сөзімде мен «Жалпы, жол, көпір салу дегеніміз өте рақымды іс.

Бұл жайында Құранда айтылған» дегенмін. Қазақстан, Түрікменстан, Иран елдері бас-аяғы 900 шақырымға созылатын осы жолды салу арқылы Орталық Азия мен Парсы шығанағындағы елдердің басын қости деуге болады. Осы жолдың біз үшін маңызы ерекше. Жол ашылған жылды Иранға 1 миллион тонна астық экспорттаған екенбіз, ал Иранның астық тұтыну мүмкіндігі 9-10 миллион тоннадай. Бұл дегеніңіз байтақ базардың ашылуы ғой. Айтқандай, осындағы жолдар салудың арқасында бүгінде біздің астық терминалдарымыз Ақтауда, Әзербайжанның Баку, Иранның Әмірабад порттарында жұмыс істеп тұр. Теміржол желісі мен терминалдар біткен кезде Қазақстан Парсы шығанағы мен Жерорта теңізі акваториясындағы елдерге жылына 3 миллион тоннаға дейін жүк жөнелте алатын мүмкіндікке ие болады. Ғажап емес пе?

**– Айтарты жоқ. Оған қоса ұзындығы 1200 шақырым болатын «Жезқазған – Шалқар – Бейнеу» теміржолы Каспий, Кавказ арқылы Еуропаға жүк жеткізуге мүмкіндік береді.**

– Мынаны ұмытпау керек. Қазақстан жерінде жиырмасыншы ғасырда бір-ақ теміржол – Түркісіб салынған еді. Оның ұзындығы 1442 шақырым болатын. Тәуелсіздікке дейін патша заманында салынған Транссібір магистралін, кеңестік кезеңде салынған Түркісібті қосқанда барлығы 11 мың шақырым ғана теміржол болған еді. Ал тәуелсіздіктің жиырма шақты жылының өзінде жалпы ұзындығы 3166 шақырым болатын бірнеше теміржол салынды. Бұл сөзге түсінікtemенің керегі жоқ деп ойлаймын. Сөйтіп, қазір біздегі бүкіл теміржолдың ұзындығы 15 мың шақырымға жақындалады.

«Жаңа Жібек жолы» жобасы арқылы ірі транскүрліктық жолдар тоғысады. Жүк тасқыны тұрақты өседі. Қытайды Еуропамен жалғастыратын бағыттың артықшылығы айқын, ол Суэц каналы арқылы жүретін теңіз жолы-

нан әлдеқайда қысқа. Тиімді инвестициялық ахуал жасау, саяси және экономикалық тұрақтылық жөнінен де бұл жобаның жақсылығы кеп. Жоба аясында салынатын жолдар мыңдаған адамға жаңа жұмыс орындарын тауып берді.

«Жаңа Жібек жолы» жобасының тек теміржолға ғана қатысты емес екендігі түсінікті. Қытайдан Еуропаға тасымалданатын жүкті теніз жолымен салыстырғанда автокөлік арқылы тасымалдау мерзімін 3,5 есе қысқартады.

**– Келесі сұрағымды автокөлік жолдарына байланысты қойғым келіп отыр еді.**

– Еліміздің картасын шола қарағанның өзінде автокөлік саласын дамытуға оңтайлы бағыттарды байқауға болады. Автомобиль жолдары – Қазақстанның көлік-коммуникация кешенінің ең маңызды белгілерінің бірі, қазіргі жағдайда оның тиімді жұмыс істеуі және тұрақты дамуы стратегиялық факторға айналған.

Тәуелсіздік жылдарында көлік кешенінде көп өзгеріс жасалды. Экономиканың ырықтандырылуы мен көлік кешеніндегі құрлыымдық жаңғырулар көлік қызметінің еркін рыногын дамытуға және өркен жайған нарықтық экономикаға кірігүе себепкер болды, нормативтік-құқықтық негіз, сондай-ақ көлікті басқару жүйесі өзгерді.

Қазақстандағы автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 96 мың шақырым.

Құрама пішіні және ұзындығы бойынша республикада жалпы пайдаланылатын жолдардың тарамы негізінен қалыптасып біткен. Оны толықтыру үшін көршілес мемлекеттермен арадағы жолдарда кейбір байланыстыруышы үчаскелерді салу керек.

Еуразия құрлығының ортасындағы Қазақстанның географиялық орналасуы Азия мен Еуропаның арасында қалыптасып келе жатқан трансқұрлықтық бағыттардың көлік магистральдарын пайдалану үшін қолайлы жағдай жасайды, олардың көпшілігінде Қазақстан автокөлік тарамының үчаскелері бар.

Дағдарысты бастаң кешкен 1993-1999 жылдарда автожолдар саласы тиісті деңгейде қаржыландырылған жоқ, соның салдарынан жоспарлы негізде жөндеу жүргізілмеді, автомобиль жолдары мен қолдан жасалған құрылыштарды ойдағыдай үстауға мүмкіндік болмады.

Елдің автомобиль паркінің өсуі мен көлік құралда-рының жүк көтергіштігінің артуы жол төсемелерін кәдімгі толқын соққандай қирата бастады. Автомобиль жолдары тарамын қалпына келтіру жөнінде ауқымды жұмыс қолға алынған 2001 жылы жолдардың пайдаланылу ресурсы іс жүзінде таусылып біткен еді. Саланың басты проблемасы жол төсемелерінің жүк көтергіштік қабілетінің барған сайын кеміп бара жатқандығы екендігі анықталды.

Сондықтан да біздің негізгі күш-жігеріміз ең алдымен республиканың транзит әлеуетінің негізін құрайтын халықаралық дәліздерге аударылды.

Жолдарды жаңарту жөніндегі жұмысқа республикалық бюджеттен қаржы бөлу қыындыққа түскен тұста біз бұл салаға Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің, Еуропа Қайта құру және Даму Банкінің, Азия Даму Банкінің және басқа да халықаралық қаржы құрылымдарының қаражатын тарта бастадық.

Менің тапсырмам бойынша сыртқы қарыз қаражаты аса маңызды автомобиль жолдарын жаңартуға жұмсалды.

Бұл, біріншіден, Қазақстанның басты күре жолы – он-түстік өнірлерді елордамен байланыстырып жатқан «Алматы – Астана» жолы, оны жаңарту 2003 жылы аяқталды. Қазіргі ең тығыз жол осы.

Екіншіден, халықаралық «Қорғас – Алматы – Бішкек – Ташкент» дәлізінің құрамына кіретін, Қытайды Орталық Азия елдерімен жалғастырып жатқан «Алматы – Бішкек» жолының мәні үлкен. Бұл жолдың бітуімен Қазақстан арқылы өтетін транзит ағыны өсе түсуде.

Үшіншіден, біз Батыс Қазақстанның жолдарына назар аудардық. Өткен ғасырдың соңғы он жылдығында батыс өнірінің жолдары кісі көргісіз еді. Батыс өнірдегі мұнай-газ секторының қарқынды дамуы көлік секторының не-

гізін құрайтын автомобиль жолдарын қалпына келтіруді қажет етті. Бұл орайда темір жол байланысы жоқ өңірде «Атырау – Орал» автомобиль жолын, халықаралық «Самара – Шымкент» көлік дәлізіне кіретін және республиканың орталық, солтүстік өңірлерін батыспен байланыстырып беретін «Ақтөбе – Қарабұтақ – Қостанай облысы» жолын жаңарту жөніндегі жұмыс басталды. Бұл мақсат үшін Жапон Даму Банкінің қарызы тартылды.

Төртіншіден, «Атырау – Ақтау» жол бөлігінің мәні үлкен. Соңғы жылдарда Ақтау порты Қазақстанның теңіз қақпасына айналды, оны дамыту үшін соған жеткізетін автожолдарды қалпына келтіру керек болды. Бұл мақсатқа Еуропа Қайта құру және Даму Банкінің қарызы тартылған, «Ақтау – Атырау» автомобиль жолы соның есебінен қайта жаңғыртылды.

Негізгі күш-жігер «Алматы – Астана – Петропавловск», «Қорғас – Алматы – Ташкент», «Самара – Шымкент», «Астана – Қостанай – Челябинск» халықаралық көлік дәліздерінің құрамына кіретін автомобиль жолдарының учаскелерін қалпына келтіруге жұмылдырылды.

Еліміздің автомобиль жолдары құрылышындағы маңызды оқиғалардың бірі үлкен жобаның аяқталуы – «Алматы – Астана» жолының салынып бітуі. Осының арқасында солтүстіктен оңтүстікке қарай тартылып жатқан ежелден белгілі жолдың жаңа тынысы ашылды.

Бұл бағыттың маңыздылығы тарихтан жақсы мәлім. Ол Ұлы Жібек жолының Қытай мен Сібірді жалғап жатқан солтүстік тармағы. Бүгінде де бұл жолдың стратегиялық маңызы үлкен, ол елдің көлік-транзиттік әлеуетін арттыру ісіндегі шешуші буын.

Іс жүзінде біз Астана мен Алматының арасындағы автомобиль жолын қайта салып шықтық. Мың шақырымнан астам қашықтыққа әртүрлі өңірлердің климат жағдайын ескере отырып сапалы асфальт төселді.

**– Сапалы төселуіне де Елбасының араласуына тұра келді ғой. Астана – Алматы жолы жаңа салына баста-**

ғанда сіз өзіңіз арнайы барып, сол арада асфальттың қалыңдығын өлшетіп, артынша сала министрін орнынан алып тастаған болатынсыз. Әлде министрдің қызметтен кетуі сол оқиғаға түспа-түс келіп қалды ма?

— Асфальттің қалыңдығын өлшете салып, министрді босата беруге болмайды. Ол шешім көптеген жайларды ескере отырып қабылданған. Шыдамды шегінен шығарған жағдай сол жолғы тексеріс болғаны рас.

Астана мен Алматының арасындағы жол өте қымбатқа тұсті, әйтсе де біз соны жүзеге асыруға тәуекел еттік. Талай мемлекеттер бұған дауаламас еді. Біздің тәуекеліміз елде жүргізіліп жатқан реформалардың дұрыстығы мен нәтижелілігінің дәлелі. Жобаға халықаралық қаржы құрылымдарының белсенді араласуы да осыны көрсетеді.

Жол қазірдің өзінде экономикалық түрғыдан тиімді. Бұл жолмен Қазақстанның да, транзиттің де жүгі тасылуда, олардың ағыны анағұрлым арта тұсті. Оның үстіне жол бойында шағын және орта бизнесті өркендетуге мол мүмкіндік ашылды — жаңа кафелер, қонақ үйлер, техникалық қызмет көрсету бекеттері мен жанаармай стансалары, жол бойындағы сервистің көптеген басқа да нысандары бой көтерді. Келешекте бұл жол жұмсалған шығынның бәрін де жауып кететін болады, өйткені ол екі ірі қаланы байланыстырып қана қоймайды, оған қоса елдің ұшы-қыырсыз кеңістігін біртұтас ете түседі.

Бүгінде еліміз үшін тасымалдың жаңа түрі – автомобиль көлігі саласының өте тиімді секторы болып табылатын халықаралық автомобиль тасымалы дами бастады. Тасымалдың бұл түрімен бір автомобиль жыл ішінде бюджетке 1 миллион теңгеге дейін тіке түсім әкелетінін және ақысы жоғары 4 жұмыс орнын жасайтынын, жұмыс орындары тез арада құрыллатынын айтудың өзі жеткілікті.

Қазақстан автомобиль транзитіне барынша еркіндікті қамтамасыз ететін елге айналуға ұмтылуда. Басқа елдердің тасымалдаушылары рұқсаты жоқ жағдайда транзит тасымалын 10 төменгі есепті көрсеткіш төле-

мімен жүзеге асыра алады, әрине, мұндайда басқа рұқсат құжаттарының бәрі түгел тұруы шарт.

Қытайдан Еуропаға жүкті транзиттік тасымалдауды үйімдастыру мүмкіндігі көп адамды қызықтырады. Сарапшылардың бағалауы бойынша, Қытайдан жүкті транзиттік тасымалдаудың көлемі жылына 500-600 мың тоннаға жеткізілуі мүмкін.

**– Ауыл жолдарын дамытудың жайы қалай?**

– Ауыл жолдары дегенде біз жергілікті мақсаттағы автомобиль жолдарының жағдайын айтамыз. Оны қазіршे көңілдегідей деуге болмайды. Әкімдердің алдына бұл міндет талай қойылғанына, қаржыландырудың көбейтілгеніне қарамастан, ауыл жолдарының проблемасы шешілмей келеді. Бұл мәселе менің ұдайы назарымда. Қазіргі объективті қыындықтарға байланысты біз жаңа жолдар салуды тоқтатып тұрмыз. Болашақта, жағдай мүмкіндік берген кезде ауыл жолдары жүйелі, жоспарлы түрде, әлдеқайда сапалы салынатын болады.

**– Елдің өркендеуінің экономикалық биіктігі азamatтық авиация ахуалының сапалық деңгейімен де өлшенеді. Бұл саланың жағдайы қалай болды?**

– Иә, әуе көлігі елдің өзінше бір танытпасы, яки беташар белгісі іспетті, өйткені кез келген шетел азаматының Қазақстанмен танысусы әдette ұлттық авиакомпанияның әуе кемесінің бортында немесе Қазақстан қалаларының әуежайларында басталады.

Ел халқының әуе тасымалына және авиация қызметіне деген сұранысын қамтамасыз етіп келе жатқан азаматтық авиация Қазақстанның көлік-коммуникация кешенінің маңызды құрамдас бөлігі. Мұнда жоғары білікті мамандар шоғырланған, неғұрлым озық технология осында қолданылады.

1970-ші жылдарда кеңес авиациясының көшбастаушысы – дыбыстар ұшқыр «Ту-144» ұшағының тұрақты рейстері Мәскеу мен Алматыны жалғастырып жататын. Мұның өзі кездейсоқ жай емес еді. Кеңес Одағында Қазақ азаматтық авиация басқармасы өзінің жұмыс ауқымы жағынан Мәскеу басқармасынан кейінгі екінші орында тұратын.

Тәуелсіздік алған жылдар ішінде Қазақстанның азаматтық авиациясы реформаның күрделі жолынан өтті.

Бұл жолдағы алғашқы шешімдердің бірі елдің өз ішіндегі және сыртындағы әуе тасымалын жүзеге асыратын өз ұлттық авиакомпаниямымызды құру болды. 1993 жылды Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен Қазақ азаматтық авиация басқармасы «Қазақстан әуе жолы» Ұлттық акционерлік авиакомпаниясы күйінде қайта құрылды. Бұл шешім азаматтық авиация саласының Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған алғашқы белесінде жұмыс істеуін қамтамасыз етті.

– Дегенмен, сол кездің өзінде-ақ мемлекет тарапынан белсенді қолдау болмаса Қазақстанның азаматтық авиациясын дамыту мүмкін еместігі айқын көрінді ғой. Жалпы, ел экономикасындағы ең бір драмалы сәттер осы азаматтық авиацияға қатысты сияқты. Олай дейтінім – 1996 жылды Ұлттық тасымалдаушы – «Қазақстан әуе жолы» мемлекеттік компаниясы банкротқа ұшырады. Оның орнына жаңа компания – «Эйр Қазақстан» жабық акционерлік қоғамы құрылды, оған ұлттық авиакомпания мәртебесі беріліп, таратылып жатқан «Қазақстан әуе жолы» ұлттық акционерлік авиакомпаниясының неғұрлым құнды активтері өткізілді. Одан кейін не болды?

– 1999 жылды «Эйр Қазақстан» жабық акционерлік қоғамы екі «A310-300» әуе кемесін қаржылық лизингке алды, мұның өзі отандық тасымалдаушының шетел-

дік авиакомпаниялармен бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру үшін әуе кемелері паркін жаңғырту қажеттігімен байланысты еді. Алайда, жан-жақты ойластырылған жалпысалалық стратегияның болмауынан және шетелдік, отандық авиакомпаниялармен қатаң бәсекелестік жағдайына түскендіктен «Эйр Қазақстан» ЖАҚ-ның лизингке «Боинг-737-200» тұрпатындағы төрт әуе кемесін, екі «Аэрбас-310» алуы оларды лизингтік есептеу мен техникалық қосақтау күні бойынша кіріптарлық күйге келтіретіндегі шарт жасасуға әкеліп соқтырды. Осы мәміленің салдарынан туындаған қарыз міндеттемелері жылдан жылға қордалана берді, компания бюджетіне ауыр салмақ салып, авиация тасымалынан түскен пайданың бәрін сіңіріп жатты.

Ұлттық авиакомпаниялардың күрделі қаржылық жағдайы, бір күнде құрылып, бір күнде тарап жататын компаниялар, тозығы жеткен авиапарк, техникалық қызмет көрсетуге ақшаның жетіспеуі әуе сапарларының қауіпсіздігіне әсер етпей қоймайтын еді. Мемлекеттің тарапынан экономикалық реттеудің жоқтығы авиатасымалрыногын саланы титықтатып бітірген бақылаусызың ұсақ компаниялардың жан-жаққа жұлмалауына жеткізді.

Мұның басқа да объективті себептері болды. Ең бастысы – халықтың қалтасындағы ақшаның аздығы. Жалпы, сол жылдарда жұрт жолға аз шығатын. Шыға қалғанда да негізінен теміржолға, автобусқа отыратын. Авиабилеттер қалтаға тым қатты батушы еді. Жолаушылар аз үшатын болғандықтан облыс орталықтарына қатынайтын рейстер азайтылды, дұрысырақ айтқанда – өзін-өзі ақтамайтындықтан азайды.

– Сол қыын шақ менің есімнен ешқашан кетпейді. 1999 жылы ағам Батыrbек дүние салып еді. Ол кезде Астанадамын. Қаралы хабар жетісімен жанталасып жолға жиналдық. Шымкентке үшпақшымыз. Сейтсек, Шымкентке Астанадан аптасына бір-ақ рейс қатынайды

екен, оның өзі екі күн бұрын ұшып кетіпті. Жақын қала ретінде Таразды қарастырсақ, оған да аптасына бірақ рейс, оның өзі де бір күн бұрын ұшқан. Содан, амал жоқ, ауылға машинамен баруға тұра келді. Қаншама жанталасқанда да, ауылдағылар бізді қаншама күткенде де топырақ салуға үлгере алмадым... Екі сағатқа кеш жеттік...

– Сондай кез еді ғой. Мұндай драма ол кезде жүзжүзден болған шығар. 1999-2000 жылдарда авиация қызметі рыногының субъектілерін шоғырландыру саясатын енгізуге әрекет жасалды. Азаматтық авиация саласын дағдарыстан шығару жөніндегі шараларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі 1999 жылы азаматтық авиация қызметін тұрақтандыру жөніндегі қосымша шаралар және «Эйр Казахстан Групп» жабық акционерлік қоғамын құру туралы қаулы қабылдады. Оның құрамына «Эйр Казахстан» авиакомпаниясынан басқа, өнірлік тасымалдаушылар «Иртыш-Авиа» мен «Атырау әуе жолы», сондай-ақ «Атырау әуежайы», «АТМА – Атырау әуежайы және тасымалдаушылар» кәсіпорындары, Алматы әуежайы мен республикалық «Казаэронавигация» мемлекеттік кәсіпорны кірді.

**– Бірақ бұл біріктіруден де береке бола қоймады.**

– Солай болды. 2000 жылдың күзінде-ақ Үкімет «Эйр Казахстан Групп» іс жүзінде банкроттықта жақын тұрғанын жария етті. Азаматтық авиация саласының тұрақсыздануына жол бермеу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі «Эйр Казахстан Групп» жабық акционерлік қоғамының мәселелері» қаулысымен Қолік және коммуникация министрлігіне «Эйр Казахстан Групп» жабық акционерлік қоғамын жоюды қамтамасыз етуді тапсырды.

Сонымен бірге, мемлекет Ұлттық авиатасымалдаушыны жинақталып қалған кредиторлық берешегі күйін-

дегі қаржылық ауыртпалығынан құтқару үшін қүш-жігер жұмсады. Алайда бұл да көңілдегідей нәтижеге қол жеткізген жоқ. Қазақстандағы әуе көлігін дамытуды «қамшылайтындей» атымен жаңа шешім табу қажет еді.

2001 жылдың тамызында Қазақстан Үкіметі мен британдық «BAe Systems» бірлескен «Эйр Астана» авиакомпаниясын құрды. Ниет меморандумына 2000 жылы менің Ұлыбританияға сапарым кезінде қол қойылды. Британияның «BAe Systems» компаниясының биік беделі «Эйр Астана» авиакомпаниясын әлемдік авиация қауымдастырында тануды қамтамасыз етті.

Авиация саласының дамуы бүгінгі заманғы әуе айлақтарының тарамын құруды да талап етеді. Сондықтан қазіргі таңда Қазақстанда ішкі және халықаралық рейстерді атқару үшін түйінді үш әуежай қалыптасуда. Бұлар – елдің қаржы орталығы Алматы, республиканың орталығында тез дамып келе жатқан елордамыз Астана және Батыс Қазақстандағы мұнай өндіру орталығы Атырау.

Осы стратегияны басшылыққа ала келіп, Қазақстан әуежайларын бірінші кезекте қайта құрылымдау қажет деп танылды.

2003 жылдың желтоқсанында Алматыда жаңа аэропорт терминалы ашылды. Алматы әуежайының осы заманғы халықаралық терминалының жаңа ғимаратын ашу салтанатында мен өз ойымды «Ұшақтан түскен бойда адам өзінің қай елге келгенін сезінүі керек» деп жеткіздім.

– Біздің газете ол оқиға туралы жазылған репортажға «Көп күттік. Ойымыздан шықты!» деп тақырып қойылғаны есімде.

– Бәріміздің де ойымыздан шықты. Бүгінгі күн талабына сай ғимараттың жалпы көлемі 28 мың шаршы метр. Жолаушылар мен күтіп алушыларға ыңғайлы болуы үшін 320 көлікке лайықталған төрт қабатты автотұрақ, өтпелі эстакада тұрғызылған. Келесі жылдың ақ, яғни 2004 жылдың

қорытындысы бойынша Алматы әуежайы ТМД-дағы таңдаулы әуежай деп танылды.

2001 жылы республикалық бюджеттің есебінен 1,5 миллиард теңге қаржыға Астана әуежайының ұшу-қону жолағы қайта салынды, осының нәтижесінде жолақтың көтергіштік қабілеті арттырылып, енді оған ұшу салмағы 400 тоннаға дейінгі кез келген әуе кемесі қона алатын болды.

2002 жылы әуежайға Еуропадан Азия өңіріне ұшып бара жатқан «Боинг-747» әуе кемелері қосымша жағармай құю үшін техникалық қону жасай бастады.

Мұнан бұрынырақ, Жапонияға сапарым кезімде мен Жапонияның Халықаралық Ұлттымақтастық Қорының (OECF) қазақстандық ірі әуежайды қайта салу жобасын қаржыландыруға келісімін алуға қол жеткізген едім. 1998 жылдың 24 желтоқсанында Токиода Астана қаласындағы халықаралық әуежайды қайта салу үшін көлемі 22 миллиард 122 миллион йена қарыз беру жөнінде тиісінше келісімге қол қойылды. Міне, 2005 жылғы ақпанның басында сол бірегей кешен пайдалануға берілді.

Оның құрамына 33 нысан кіреді, олардың арасында сағатына 750 жолаушыға немесе жылына үш миллионға дейін жолаушыға қызмет көрсете алатын, аумағы 23 мың шаршы метрден артық аэровокзал, қуаты тәулігіне 600 тоннаға дейін жүк өңдеуге мүмкіндік беретін жүк терминалы, басқа да нысандар бар.

Әуежайға қазіргіден де жетілдірілген арнаулы құралжабдық қойылуы оның қызметін іс жүзінде қандай аярайына да алаңдамайтындаид етеді.

– Ел өңірлерінде осы бағытта атқарылған істер тұралы да айта кетсеңіз деймін.

– Алдымен елдің батыс өңіріндегі жағдайға көніл бөлінді. Мұнай мен газ орындарын игеруге байланыс-

ты қарқынды дамып келе жатқан Батыс Қазақстан өңірі әуежай инфрақұрылымын түбірлі жеделдете жаңартуды талап етті. 2003 жылы мұнда мемлекет кепілдігі бойынша Еуропа Қайта құру және Даму Банкінің 25 миллион АҚШ доллары көлеміндегі қарызы есебінен Атырау қаласындағы әуежайдың жаңа үшү-қону жолағының құрылышы жөніндегі жобаны жүзеге асыру басталды. Құрылышты 2005 жылдың ортасында аяқтау көзделді. Содан бері әуежайы жаңартылмаған облыс орталығы қалмады десе де болады. Ең бастысы – өңірлік әуежай инфрақұрылымының жаңартылуы, облыстардың экономикалық жағдайының жақсаруы «Эйр Астананың» Қазақстан аспанында монополия жасауын тоқтатты. «Бек Эйр», «Беркүт Эйр», «Каспий», «Казах Эйр», «СКАТ», «Жетісу» сияқты авиакомпаниялар бірінен кейін бірі шығып, әрқайсысы осы нарықтан өз орнын тауып келе жатыр. Мен кейбір авиакомпанияларды атамай қалған да шығармын.

**– Теңізге шығатын жолы жоқ, кеме жүзетін алып өзендері аз ел ретінде Қазақстанның су жолын өркендеуде қындықтар көп кездескен болар?**

– Ондай объективті қындықтар бар. Бірақ, бәрібір, республиканың су көлігі Қазақстанның көлік-коммуникациялық кешенінің, жалпы мемлекеттік инфрақұрылымының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, оның сандық және сапалық көрсеткіштері экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен даму қарқының арттыру үшін үлкен мәнге ие.

Біздің жалғыз теңіз портымыз – Ақтау, ол әртүрлі құрғақ жүктерді, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін халықаралық тасымалдау үшін қызмет етеді. Порт 1963 жылы тұрғызылған, әуелде Маңғыстау өнірінің уран өнеркәсібі мен мұнай кен орындарын дамытуды қолдау үшін салынған.

1990-шы жылдардың басында Каспий теңізінің деңгейі көтеріліп кетуіне байланысты туындаған проблема-

ларды еңсеру мақсатымен менің тапсырмам бойынша ел Үкіметі 1993 жылы Еуропа қайта құру және даму банкінен Ақтау теңіз портын қайта салуға инвестициялық қаражат сұрратты.

1993 жылдың қыркүйегінде ЕКДБ портты қайта салудың бас жоспарын дайындауға кірісті. Жүргізілген зерттеулердің негізінде ЕКДБ Қазақстан экономикасының қарызды қайтара алатында қауқары мол екендігі және Қазақстан тарапынан жоба құнының кемінде 25 пайызы міндепті түрде қаржыландырылған жағдайда портты салудың бірінші кезеңін инвестиациялау қажеттігі жөнінде қорытынды жасады.

Ақтау портын қайта салудың бірінші кезеңі 1997 жылы басталып, 1999 жылы аяқталды, осының нәтижесінде Қазақстан Каспийдегі ең бір осы заманғы, ең жаңа портқа ие болды.

Ақтау портын қайта салуды аяқтауға байланысты 1999 жылдың 4 қыркүйегінде өткізілген рәсімде мен оның маңызы жөнінде мұнан бірнеше ғасыр бұрын экономиканы, мәдениетті, өркениеттер ықпалдастырын дамытуға серпін қосқан Ұлы Жібек жолының қалпына келтірілуі бүгінгі таңда елдер арасындағы сауда-экономикалық, мәдени байланыстарды қайта жаңғыртуға қызмет етуде, бұл орайда Каспий порттарына, соның ішінде Ақтау теңіз портына маңызды рөл беріледі деп атап айттым.

Жыл өткен сайын Ақтау порты арқылы жүк аудару көлемі көбейіп келеді.

– Кезінде, Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспарында теңіз тасымалын жүзеге асыру жөнінде нақты мүмкіндік бар кезде оның дамуын өзіміздің теңіз флотымыздың жоқтығы тәжеуде деп айттылған еді. Бұл мәселе қалай шешілді?

– Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің менің 2003 жылғы 16 мамырдағы ·Жарлығыммен бе-

кітілген мемлекеттік бағдарламасында теңіз көлігін дамыту, соның ішінде қайранда теңіз операцияларын жүргізуге қолдау көрсету флотын құру басымдықтар қатарында аталған.

Өзен көлігін және сонымен байланысты инфрақұрылымды дамыту республиканы өркендедіндік жалпы тұжырымдамасында экономикалық мұдде тұрғысынан қарастырылады, ол мұдде тиімді экспорт-импорт саясатын жүргізу, негізгі су алаптарына шыға алатын өнірлердің дамуын ынталандыру, сондай-ақ флоттың жұмысынан пайда түсіру мүмкіндігіне ие болуға үмтүлудан танылады.

1990-шы жылдардың басында ішкі су көлігі көрсететін қызмет түрлеріне сұраныс көбейе түскені байқалды. Алайда, көршілес мемлекеттердегі жеткізушілермен, тұтынушылармен сауда және экономикалық байланыс үзілгендігінен 1993 жылдан бастап су көлігімен тасымалданатын жүк пен жолаушылар көлемі күрт кеміп кетті. Оның үстіне тиісті мөлшерде қаржыландыру жоқтығынан пайдаланылатын су жолдарының сапасы да нашарлады.

КСРО-ның ыдырауына байланысты экономиканың жалпы құлдырауы, жолаушылар мен жүк тасымалына маманданған көптеген кәсіпорындардың жекешелендірілуі су көлігіндегі тасымалдың көлемін азайтуға әкеліп соқты, мұның өзі түтеп келгенде саланың дамуын тежеді.

Қазақстанның егемендік алуына және тиімді мемлекеттік қолдау көрсетілуіне байланысты кейінгі жылдарда су көлігін қайта жаңғырту үрдісі байқалып отыр.

**– Көршілес елдермен қарым-қатынастағы аса нәзік мәселенің бірі – трансшекаралық өзендерді пайдалану. Бұл орайда біздің бәрімізді Ертістің, Іленің, Жайықтың жағдайы алаңдатады. Қазір ол өзендердің көліктік сипатын айтып отырмыз.**

**– Түсінікті. Екі көршімізбен де бұл мәселеде түсіністік бар. Қытай басшылығы елдің батыс бөлігіндегі мұнай**

орындарын игеру үшін Ертіс сұының бір бөлігін бұруға мәжбүр болып отырғаны рас. Оған түсіністікпен қарауға тиіспіз. Сонымен бірге Қытай тарапы Қазақстанның экономикалық мұддесіне нұқсан келтіретін қадамдарға бармайтыны жөнінде де айтуда. Мұндай үағдаластық Ресей тарапымен де жасалған.

Қазір «Қытай – Қазақстан – Ресей» жаңа транзит дәлізін ашу, сондай-ақ Павлодар мен Семейдің порттары арқылы Қырғызстан мен Өзбекстаннан Ресей Федерациясына және кері қарай жүк тасуды жүзеге асыру жоспарлануда. Өңірдің кеме жөндеу және кеме жасау кәсіпорындарын жандандыру жөніндегі жұмыс та осымен қоса-қабат басталады.

Жайық-Каспий кеме жүзетін каналы Атырау қаласын Каспий теңізінің порттарымен байланыстыратын жеткізуші канал қызметін атқарады. Каспий теңізінің қазақстандық бөлігін жеделдете игерудің басталуы Атырау портына дейін кеме жүзетіндегі ету қажеттілігін айқын көрсетті. Оның үстіне, Жайық-Каспий каналында су табанын терендейту жөніндегі жұмысты өнірдің Атырау порты мен Каспий теңізі алабы арасында көлік қатынасын орнатуды қажетсінетін экономикалық мүдделері де талап етуде. Қайраңнан мұнай мен газ өндірудің өсе түсіүі құрал-жабдықты, материалдарды және басқа жүктөрді жеткізуі, сондай-ақ өнім мен шикізатты алып шығуды міндеттейді.

– Су көлігі жайындағы әңгімеде сіздің «Еуразия» каналы туралы ұсынысыңыздың мәнін сұрамау мүмкін емес сиякты.

– Бұл жайында мен Санкт-Петербургте өткен халықаралық экономикалық форумда айтқанмын. Мұндай жобалар ұзақ уақыт талдауды, талқылауды қажет етеді. Қазіршенаңтылап таратып жату артық болады.

ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Орталық Азия елдерінің өз тауарларын әлемдік мұхит аумағына кедергісіз әрі еркін жеткізе алатын мүмкіндігі болмай отырғандығынан да транзит әлеуетін пайдалану аса маңызды. Және теңіздерге шығу мүмкіндігін пайдалануды Ресей қамтамасыз ете алады. Бұл жағдайда баламалы экспорт жолдарын іздестірудің қажеті болmas еді. Тағы да қайталап айтамын: Орталық Азия елдері үшін көлік дәліздерін таңдауда басты рөлді экономикалық ұстаным атқарады, бұл жерде ешқандай саясат жоқ.

Өнір энергия ресурстарына бай. Және бізге оны әлемдікрыноктарға кез келген тиімді жолдармен жеткізу қажет. Болашақта Каспийден Қара теңізге дейін «Еуразия» каналын салу кеме қатынасын қамтамасыз ете алатын айтулы жоба болар еді. Сарапшылардың деректері бойынша бұл каналдың ұзындығы Еділ-Дон каналының ұзындығынан мың километрдей қысқа және бүкіл Орталық Азияның Ресей арқылы теңізге шығуына қуатты дәліз бола алады. Айтпақшы, бұл мәселе XIX ғасырдан бастап зерттеліп келеді, ал 1936 жылы Халық комиссарлары кеңесінің тапсыруы бойынша оны салудың жобасы жасалған болатын. Әбден зерттеп алғаннан кейін Сібір өзендері арналарының бір бөлігін Қазақстан мен Орта Азияға бұру жобасын қайта қолға алу қажет. Мұндай стратегиялық жобалар біздің елдерімізді біржола жақындастыра түседі. Бүгінгі күні біздің мұндай алып жобаны іске асыратындау күш-қуатымыз жеткілікті».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
XI Халықаралық экономикалық  
форумда сөйлеген сөзінен,  
Санкт-Петербург, 2007 жылғы 10 маусым.  
«Таңдамалы сөздер», V – 1, 502-503-беттер.

– Әңгімеміз өзінен өзі көлік кешенін дамытудың басым бағыттарының бірі болып табылатын халықаралық

**ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ КЕҢЕЙТУ МЕН ТЕРЕҢДЕТУДІҢ ЖАЙЫНА ОЙЫСЫП КЕЛЕ ЖАТЫР.**

– Көлік саласындағы қарым-қатынастардың қағидаттары мен шарттары жөніндегі алғашқы келісімге 1991 жылғы 30 желтоқсанда Минскіде қол қойылды, ол келісім кейіннен ТМД-ның барлық елдерімен екі жақты көлік келісімдерін жасасуға негіз болды.

Ынтымақтастық әр жақпен өзара қарым-қатынастың ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Ресеймен көлік мәселесі бойынша тығыз ынтымақтастық талай ғасырлар бойы қалыптасқан байланысты және ортақ шекарамыздың осыншама ұзындығын ескере келгенде ерекше қажеттілік болып табылады. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы шекараны делимитациялау жөніндегі қол қойылған Келісім тарихи белес, ол құжат жолаушылар мен жүктөрді екіжақты тасымалдау ісінде жаңа мүмкіндік ашады.

Қазақстанның әлемдік көлік үдерісіне кірігі үшін Біріккен Ұлттар Ұйымы, Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымы және Халықаралық теңіз ұйымы сияқты халықаралық ұйымдардың аясында жұмыс жүргізіліп келеді.

Жаһанданудың жеделдей түскен үдерісі, халықаралық ықпалдастық және сауда-экономикалық, мәдени байланыстар кеңеіле түскен қазіргідей жағдайда көлік пен коммуникация елдер мен құрлықтардың арасын байланыстырып тұрған негізгі буын болып табылады. Географиялық шекаралар бірте-бірте өшіріліп барады, ал өңірлік көлік тарамдары біртұтас трансқұрлықтың магистральдарға шырмала түсуде. Еуропа мен қарынды дамып келе жатқан Азия-Тынық мұхит өңірі елдері, Қытай арасында географиялық тұрғыдан ыңғайлы орналасқан Қазақстан өзінің ұлан-байтақ аумағы арқылы транзит өткізуге баса назар аударады.

Осынау көкейкесті мәселені шешу үшін таяу болашақта көлік саласында халықаралық көлік дәліздерін сенімді әрі тиімді етіп қалыптастыру қажет.

Еуразия трансқұрлықтың байланыстарының тиімді әрі сенімді болуы осы жолбағытқа қатысушы барлық елдердің күш-жігерін біріктіргендеге, сондай-ақ жаңандық міндеттерді халықаралық деңгейде бірлесіп шешкенде ғана қамтамасыз етілмек.

Қазақстанның транзиттік әлеуетін барынша пайдалануды қамтамасыз ету жөнінде белгілі бір жұмыстың қазірдің өзінде атқарылғаны, бағдарлардың белгіленгені, басымдықтардың айқындалғаны анық. Енді біздің алдымызда көзделген жоспарларымызды нақты жүзеге асыру міндеті түр.

Елдің көлік-коммуникация кешенін дамытудың бүгінгі белесінде едәуір сенімді құрылым мен нормативтік-құқықтық негіз қаланды, объективті тарихи процестерді ескере келгенде оның транзиттік мүмкіндігін тиімді пайдалану үшін қолайлы жағдай мен алғышарттар жүйесі жасалды.

Поляк ойшылы Станислав Ежи Лецтің: «Шыңға шыққанның әрі қарай жүрер жол қалмады деуден басқа сылтауы жоқ» деген белгілі сөзі бар. Ал елдің көлік саласында атқарар іс көп, бағындырар шыңдар да жеткілікті. Олар барлық жағынан мемлекеттік қолдаумен тиянақталған саланың стратегиялық бағдарламаларында айқындалған.

Жүргізілген реформалардың тиімділігінің арқасында біз еліміздің орнықты дамуын, экономиканың одан әрі өсуін, халықтың әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз ететін тұғыр дайындағық. Мемлекеттілікті қалыптастырудың, тәуелсіздікті нығайтудың аса маңызды белестерін артта қалдыра отырып, біз жаңа асулады қалай бағындыратынымыз жөнінде толғана аламыз. Бір жағынан бұған ел байтағының Алматыдан Астанаға ауыстырылуы да септесті. Өзіміздің тарихымыздың тұңғыш рет астананы ауыстыру жөніндегі шешімді өзіміздің үлттық мұддеміз түрғысынан қабылдағанымыздың саяси және өнегелілік мәні бөлекше болды. Ал Астана жайындағы әңгімені келесі жолы айтамыз.

## ◆ АСТАНА – ЕЛДІК ЕРЛІГІ

---

– Нұрсұлтан Әбішұлы, әдетте ел өмірінің түбірлі мәселелеріне қатысты ойлар халық арасынан шығып, биліктің назары ауып, сол бойынша шешім қабылданып немесе қабылданбай жатады. Астанаға байланысты бәрі де керісінше болды. Сіз бұл идеяны өзіңіз ұсындыңыз, өзіңіз өткіздіңіз, өткізгенде де, жасыратын ештеңесі жоқ, жүртшылық онша қолдай қоймайтын кезде тізеге салып дегендей етіп тұрып өткіздіңіз, өзіңіз жеріне жеткіздіңіз. Алдымен осы идеяның о баста қалай туғаны жөнінде айтсаңыз деймін?

– Астана жайын қозғағанда біз көбіне-көп оның Тәуелсіздіктің жемісі екендігін баса көрсетеміз. Сонымен бірге, тәуелсіздіктің өзі КСРО атты елде сексенінші жылдардың орта шенінде басталған қайта құрудың, демократияландырудың біз үшін басты жемісі екендігін есте ұстау шарт. Астананың өмірге келуі ең алдымен саяси күштердің бүкіл әлемде жаңаша орналасуының нәтижесі деп білу керек. Астананың алғашқы авторы – Тәуелсіздік. Қазақстан тәуелсіздік алмаса, Астана өмірге келмес еді. Бұл басы ашиқ жай.

Астананы көшіру Қазақстанды жаңа тәуелсіз мемлекет ретінде орнықтыруда зор рөл атқаратынына мен сенімді болдым. Неге сенімді болдым? Былайша қарағанда, астана деген мемлекеттің әкімшілік орталығы ғана емес пе? Оның ауыстырылуы, көшірілуі, тіпті жаңадан салы-

нұы тәуелсіздікті орнықтыруға нақты қандай ықпал жасай алады? Бір кезде бұлай ойлаушылар болса да, қазір астана ауыстырудың орындылығына күмән келтірушілер қалмағаны неліктен? Өйткені, біздің тәуелсіздігіміз дәл осы шешім қабылданғаннан кейін, сол шешім бойынша нақты қадам жасалғаннан кейін барып шын мәніндегі толымды сипатына ие бола бастады.

Негізінде кезінде менің ол ұсынысыма күмән келтіргендердің де сөздерінің жаны бар. Жаны болмағанда ше? Тәуелсіздік тізгіні қолға тиген тұста экономикада нағыз хаос орнай бастаған еді. Талай жыл бойы қалыптасқан республикааралық шаруашылық байланыстардың бәрі бырт-бырт үзіліп, кәсіпорындар өнімдерін өткізе алмай, содан жұрт кей жерлерде тіпті алты айлап жалақы ала алмай жүрген кез. Жетпіс жылғы коммунистік идеологиядан запы болған жұртқа енді қандай идеология ұсынсаң да қабылдамайтындей болып тұрған кез. Жасампаздық жұмыс тұрмақ, жан бағудың өзі уайымға айналған, талай отағасы үйде отырып қалып, үйді ала қапшық арқалаған әйелі асырауға көшкен кез. Жаңа қала тұрмақ, жаңа үй салудың өзі едәүір оқиға саналатын сол шақта аяқ астынан астана ауыстыру туралы әңгіме көтерілгенде кім-кімнің де қайран қалуын түсінуге болады.

### **– Ол әңгіменің көтерілуінің негізгі себебі неде?**

– Тәуелсіздік – қасиетті ұғым. Ел қатарлы Одақтан бөлініп шыққаннан, тәуелсіздік алғаннан, Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылданғаннан, Туды, Гимніді, Гербті бекіткеннен ел бірден шын мәніндегі тәуелсіз мемлекет бола қалмайды. Шынтуайтында, жаңағы жайлардың бәрі кез келген мемлекеттің міндепті атрибуттары. Тәуелсіздіктің басты белгісі – өзіңің тағдырынды өзің шешүге қабілеттілігің. Тәуелсіз саясат жүргізе алуың. Соған шамаңның жетуі, мүмкіндігінің келуі. Еуразияның қақортасында біз орнатқан Астана – Қазақстан халқының

дербес таңдауы. Астана – елдің болашаққа салған көпірі. Жаңа қоғамның символы. Біз іс жүзінде жаңа мемлекет орнатуды астанамызды жаңадан салудан бастадық десек те артықтығы жоқ.

Жаңа қоғамды жаңа идея ғана құра алады. Ал идея ойдан туады. Мен әуелде жалпы қала туралы ойландым. Шпенглердің «Ұлттар дегеніміз қала салушы халықтар» деп айтқаны бар. Сен бір мақалаңда Абайда «ұлт» деген сөз қолданылмағанына назар аударыпсың. Расында да, ұлт – этностан, халықтан бір саты биік тұрған ұғым. «Ұлттық университет», «Ұлттық кітапхана» дегенде ол жерде кілең бір ұлттың өкілдері оқиды, ол жерге тек бір ұлттың өкілдері барады дегенді ойға да алмаймыз ғой. Халықты ұлтқа айналдыратын белгілердің бірі – қалалар. Мемлекет мәдениеттілігінің бір белгісі де – қалалар. Мәдениет сөзінің өзі де арабтың маданият – қала деген сөзінен шыққан.

– Иә, арабтар пайғамбарымыз жатқан Мәдінені «Мәдінәт-ән-нәби», яғни «пайғамбар қаласы» дейді.

– Астана ауыстырудың қажеттілігі мемлекеттің түпкі мұдделерінен ғана туындаған жоқ, мұның өзі біз үшін XXI ғасыр стратегиясының бір нышаны. Қазақстанның тәуелсіздігіне қол жеткен тұста жаңа елдің астанасы жаңа заманның көптеген жаңа талаптарына сай келуге тиіс екендігіне көзіміз жетті. Халықаралық қатынастардың барған сайын жандана тұсуі, елдің ішіндегі, елдің сыртындағы қаржылық, өндірістік, коммерциялық байланыстардың қатты кеңеюі, сондай-ақ елді басқарудың күрделілінуі астаналық міндеттердің санын арттырып, сапасын қүшейтуді талап етті. Осы тұрғыдан біз Алматыға басқаша көзben қарай бастадық. Ең алдымен, жаңа мемлекеттің астанасының мәртебесі елдің геосаяси жағдайы мен әлемдегі жалпы ахуал талап ететін биік өлшемдерге сәйкес пе деген тұрғыда ойландық. Баяғыда

Макиавеллидің өзі ел астанасы елдің ортасында орналасқаны дұрыс болатынын жазып кеткен. Тәуелсіздік қолға жаңа тиген тұста Алматының елдің шетінде, желдің өтінде түрғаны көптеген проблемалар туғызыу мүмкін екені байқала берді. Құрделі геосаяси себептерге қоса, қаланың қазаншұңқырға салынғаны, содан да ауасының қатты ластаңып бара жатқаны, құрылыстың тау беткейіне жақындалап, тығырыққа тіреле бастағаны, қаланы кеңейтер жер жоқтығы кім-кімге де белгілі еді. Қала әуежайының маңайына жиі тұман түсетіні де шет елдер басшыларының ресми сапарларын тәуекелге тіреп тұруы мүмкін болатын. Алматының астана мәртебесінсіз-ақ осы жылдарда қашалықты өскенін, экологиялық мәселелері әлі де шешілмегенін көріп отырмыз, ал астана күйінде қала бергенінде ендігі жағдайын көзге елестетудің өзі қын. Қаланың әдемілігіне, табиғатының әсемдігіне, әрине, айттар сөз жоқ. Бірақ, жасыл желеқке жаңың җадырап, сәулетті үйлерге сүйсініп, асқаралы Алатауға аңсарың ауып отыра бермейсің ғой. Мемлекет құру керек. Ел болу керек. Халықты бір мақсатқа үйиту керек. Экономиканы дамыту керек. Басқа да керектер көп.

Тәуелсіздіктің табалдырығында бізге үш бірдей үлкен-үлкен міндетті шешуге тұра келді. Оның біріншісі – тәуелсіз мемлекет құру. Екіншісі – жоспарлы экономикадан нарықты экономикаға көшу. Үшіншісі – тоталитаризмнен демократияға ауысу. Осылардың әрқайсысы өзінше қиямет-қайым шаруа. Олар аз болғандай сол тұста бұғанасы бекімеген тәуелсіздігімізді сынаққа салғысы келетіндер де көбейіп кетті. Тәуелсіздікті бекітетін нақты қадамдар жасау керек еді. Азаттықтың өзі алмағайып кез болатын ол. «Бұлар дербес ел болып тұра алмайды, ертең-ақ күндерін көре алмай, ырың-жырыңы шығып, алдымызға қайтып келеді әлі» дейтіндер де аз емес-ті.

– Айып етпеңіз, мынандай жай еске түседі. Біз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін екі жыл өткенде, 1993 жылдың аяқ жағында сол кездегі Целиноградта

славян қоғамдарының бірлескен съезі өткені, онда Целиноградты Қазақстандағы славяндардың астанасы деп жариялау жөнінде шешім қабылданғаны да бар ғой? Сондағы казачествоның атаманы тіпті көрші елдің туын үйінің шатырына тігіп те қойыпты. Ол туды жігіттер түнде бұғалық тастап жүріп жұлып алышты.

— Ондай да болған тіпті. Рас, бұларының ешқандай заңға маңайламайтын, қисынға сыймайтын шешім екенін жаңағы «бірлескен съезді» үйымдастырушылардың өздері-ақ тез түсініп, әлгі шешімнің күшін жойған, аранда-туши әрекеттері үшін артынша кешірім де сұраған.

Әйтсе де сондай қадам жасалғанының өзі кім-кімге де секем алдырмай қоймайтын. Мұның бәрі баяғы Хрушевтің Тың өлкесін РСФСР-ға қосу керек дейтін парықсыз ұсынысының жүзеге асуын аңсайтындар әлі күнге бар екенін көрсетіп тұрған еді. Одан бұрын, 1979 жылы дәл осы Целиноградта неміс автономиясын құру туралы шешімге қарсылық білдірген жастардың наразылық шеруі болғанын да ұмытпау керек.

— Сөйткен өңірге астана аудиатыны жайындағы хабар шөл далаға су келгендей әсер еткені анық. Қадірменді қайраткер ағамыз Қасым Тәуекеновтің біздің газете жарияланған «Аманат» деген мақаласынан бір үзінді оқып берейін. Ол кісі: «Ақмола келешекте астана болады деген әңгімелер Сарыарқаның желімен бірге гулеп ала жөнелді. Өмір бойы жаншылып, әр жерден тәбеміз ғана көрініп жүрген біздер бұған шексіз қуанып, құптадық. Бұл таңдауды Нұрекеңнің көрегендігіне баладық. Ал енді Нұрсұлтан Әбішұлының өзі астананы көшіру қажеттігі туралы ойға бірте-бірте бекінгенін ашық айтышты. Шынында да, астананы басқа орынға аудистыру көп мәселені жаңаша шешуді талап ететіні түсінікті ғой. Халқымыздың еңсесі көтеріліп, кейбір қарттарымыздың қуанғанынан көздеріне жас та келді» деп жазған еді. Сонда сіз бұл қадамды, арғы кезді айтпағанның өзінде,

**соңғы жетпіс жылда жаншылған үлттық рухты көтеру мақсатымен де жасаған болып шығасыз ғой?**

— Жасы мемлекеттің жаңа-жаңа насыл-тапыл басқан шағында бас қатырар көп шаруалармен бірге бұл мәселе де ойымнан бір кетпей қойды. Батыл-батыл шешімдерге бармасақ, тосын қадамдар жасамасақ тәуелсіздік жағдайында да елдің дағдылы жолмен, инерциямен жүре беретіні, бірте-бірте баяғы қара жолға қайта түсетіні анық көріне бастады. Осылардың бәрін ойлай-ойлай келіп, ақыры елдегі түбірлі өзгерістерді астана ауыстырудан бастаған жөн еken деген тоқтам жасадым.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Сілкінуге ешқандай құлқы жоқ адамдарды қалай сілкіндіруге болады? Съездердің сылдыр үағызына, марксизм-ленинизмнің ұлы да, ұлық та классиктерінің дәйексөздеріне толған миди қалай тазалау керек? Ескі шырмауға мatalып, мемлекеттің әрең соғып тұрған жүргегі Алматыда үйлыққан ескі тәртіптері билеуші элитаны қалай жұмылдырсың?

Өзгерістер басталған сілкіністі үақыт – 1991 және 1992 «парламенттік» жылдар әлі жадымда. Егер әлдекім мені парламентаризмге қарсы еken деп ойласа, құдай сақтасын. Мен әрдайым сындарлылықты және үақыттың бос сөзге төзбейтінін толық сезіне білуді жақтаймын. Ал ол кезде қаншама саяси және реформаторлық «мылжың» болды десеңізші... Өмірлік маңызы бар бірде-бір заң өтпей жатты. Зандарды парламенттік талқылау процесіне араласпайтыны, килікпейтіні жоқ. Бүйірден қосылып жөнді-жөнсіз қыстырыла кету, жоқтан өзгені сағыздай созып сөз ету, лаққан философиялық толғамдар мен әйтеуір өзін көрсетіп қалуға әбден малтығып жатқаны.

Мен сондай қажитынмын. Қатты шаршайтынмын. Бұл қажып-шаршауым әлдебір іскерлікten, болмаса қабылданған, қабылданып жатқан зандардың көптігінен емес, керісінше солардың мүлдем жоқтығынан болатын.

Әйткені заңды бүгін қабылдау қажет, ертең оның өшкімге қажеті болмай қалады... Сондай минуттарда қайдағы бір түсіндірмелер тасқындалап, мылжың сездер малтықтырған кезде не істеріңді білмейсің. Әлдебір таза сұға сұңғіп кетіп, сол жерден жақсы тың ойлармен, құлантаза көнілмен шыққың-ақ келеді.

Барлық салада, бәрінде де түгелімен, түбегейлі өзгерістер қажет деген айқын сезім мені барған сайын билеп алды. Қалыптасқан жағдайдан, тірелген тұйықтан шығудың амалын іздеп шарқ үрдым.

Бәрін еңсере отырып қана елді алға жылжытуға, сейтіп еткеннің кесел жарасын жазуға болатынын ұқтым.

Ширығыпалып, қайта-қайтабұлқынып, мүмкіндігінше сені ілгерілетуге тиісті адамдардың қасандығы мен оралымсыздығынан құтылуға да болатын еді. Мұның өзі біршама үақыт қана жалғасқанымен, үдайы жалғаса беруі мүмкін емес-ті. Адамдарды серпілтіп, турастың айтқанда, бастың миын «желдетіп алуларына» әдettен тыс төтен шешім керек болды.

Сейтіп астананы көшіру қажеттігі туралы ойға біртебірте бекіне бердім.

*Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Еуразия жүргегінде»,  
Астана, 2005, 28-бет.*

Бұл идея мені біржола баурап алды. Елдің нақты жағдайын сараптағанда, қалай мемлекет құрамыз деп толғанғанда дәл осы ойға жиі берілетінмін. Бұл тоқтам оңайға түскен жоқ. Астана ауыстырған жағдайда Алматыдан қозғалатының анық. Оған да қиналасың. Қызып кететіндей қала ма Алматы?! Тәуелсіздігіміздің тал бесігі емес пе ол? Желтоқсанның ақ қарына алау жаққан үлкыздарымыздың азаттықты аңсап алаңға шыққан қаласы емес пе ол? Тіпті жеке өзімді алсам, туған ауылымға тиіп тұрған жер емес пе Алматы? Арқа жерінде жиырма жылдай жүргенімде қанша рет түсіме кірген аяулы мекен ғой ол! Алғашқы немерелерім дүниеге қелген қала ғой ол!

Осылардың бәрін ойлайсың. Құндіз құлқін, түнде үйқын, бұзылады. Қалай болып шығады деп қобалжисың. Сау басқа сақина тілеп алып жүрмейміз бе өзі деп іштен тынған кездерім де бар. Ондай-ондайды енді айтуға болатын шығар. Оңай емес қой. Пәтер ауыстырудың өзіне адам қанша ойланады. Басқа қалаға көшуге тіпті бас қатырады. Таңдауың сәтті шықса жақсы, сәтсіз шықса, ағылшындар айтатындей, ол өзіңің жеке проблемаң. Ал бұл жерде мәселе бүкіл елдің, ел болғанда да егемендігінің елең-алаңында, тәуелсіздігінің табалдырығында тұрған, әлі әрі-сәрі қүйдегі елдің тағдырын айқындастын шешімге келіп тіреледі ғой. Оған қалай қиналмассың?

Алматының жаңа мемлекеттің астанасы күйінде қала алмайтынының тағы бір себебі болды. Қаншама жыл кеңестік социалистік республиканың астанасы ретінде қалыптасып қалған ол қалада сол кездегі сіреспе саясаттың салқыны бәрібір сезіліп тұратын. Басқасын былай қойғанда, Президент Аппаратының, Үкімет Кеңесінің кешегі Компартия ғимаратында отыруының өзі психологиялық тұрғыдан көңілге біртүрлі әсер ететін сияқты кө-рінуші еді. Алматы өзіне тұскен жаңа геосаяси жүкті көтере алмады. Мен туралы кітап жазған ағылшын авторы Джонатан Айткеннің Алматы жайында қаланың аумақтық және экологиялық кемшіліктерден өзге жария етіле бермейтін басқа да проблемаларын атағаны бар. Айткен Алматыны өзінің стилі мен мазмұны жөнінен кеңестік ахуалдағы шаңар болатын, көп қазақтар онда өздерін жайсыз сезінетін деген еді. Дегенмен, сол Алматыдан астананы көшіруге бекінудің өзі оңай тәуекел емес.

— Алматының қадір-қасиетін сіз Астананың халықаралық тұсаукесерінде сөйлеген сөзіңізде айшықты айтып едіңіз. Міне, былай дегенсіз: «Бәріміздің де жастық дәуреніміз, дегендерімізге жетуіміз, кемелімізге келуіміз сол бір ғажайып қалаға етene байланысты. Жаңаша дәурендеуіміздің дәл бір осы шырайлы шағында, шапағатты сағаты мен мерейлі минуттарында азаттығымыздың ақ құсын өз бауырынан аспандата

самғатқан аяулы Алматы мен әзіз Алатауға бәріміз де тікемізден тік тұрып, басымыз жерге жеткенше иіліп, қанша мәрте тағымы етсек те, артықтығы жоқ деп білем. Дүние тұрғанша тұр, жәннат қалпыңан жазбай, жасай бер, жайнай бер, қыдыр қонып, құт дарыған киелі қоныс, мұбәрак мекен – Алматы!.. Биікке самғап, қыырды шарлау, заманнан қалмай зымырай заулау – мына біздерге өзің берген тәрбие, өзің көрсеткен өнеге, өзің тапсырған тарихи аманат!».

Сұхбаттарымызда дәйексөздерді пайдаланып жүрмін ғой. Осы тұста газетте сіздің Алматыда ғалымдармен кездесуде бұл шешімнің үлттық қауіпсіздікке қандайлық қатысты екендігін айтқан сөзіңізді келтірудің орайы бар сияқты.

– Келтір. Қай сөз екенін шамалап отырмын.

### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Ашығын айтайын, бұл шешімнің біздің үлттық қауіпсіздігімізге тікелей қатысы бар. Мыңдаған жылдар бойы ата-бабаларымыз мекен еткен қасиетті қазақ жерінің бір белігін – аяулы Сарыарқаны саяси саудаға салып, дарқан даламызды дау-дамайға айналдырысы келетіндер бар кезде, солтүстіктегі шұрайлы өңірге сүйк қөзінің сүғын қадайтындар бар кезде біз мына жылы жерде, әсем қала – Алматыда тыныш отыра алмас едік.

Біз Алатаудың бауырына сыймай кеткен жоқпыш, қайта жер жәннаты Жетісуды қимай-қимай кеттік. Тарихтың қатал талабы осындей».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
«Қалың елім, қазағым»,  
«Өнер», 1998, 296-бет.

– Астананы Алматыдан ауыстыру жөніндегі ойға қашан бекіндіңіз?

– Бұл туралы ойдың өзі сәл ертеректе, 1992 жылы туған. Эйтсе де ол кезде мұны тіс жарып ешкімге айтқан емеспін. Айтпағаным да дұрыс болды. Ол жылы мұндай идея көтеруге тіпті ерте еді. Бұл таңдаудың да өзінің тарихи себептері бар. Ертедегі бабаларымыз геосаясат дегеннің не екенін Макиавеллиді оқымай-ақ білген. Содан да осы Сарыарқадағы Ортақ пен Кертақ, Ұлытау мен Кішітау сияқты мекендерде баяғы Жошы мен Бату ханың заманын былай қойғанда, Орда-Ежен, Тайбұға, Көшім, Орыс, Әбілқайыр, Шайбани кезінен, берідегі Тәуке мен Абылай дәуірінен ұлысымыздың туы тігілген. Осы жердегі ежелгі Бозоқ қаласы бір кезде Қыпшақ хандығының астанасы болған.

**– Сонымен, алдымен астананы ауыстыруға бекін-діңіз, одан кейін оны елдің ортасына алып келуге тоқтадыңыз. Сонда қандай жерлер қарастырылды?**

– Алдымен ойға Ұлытау келді. Аты да, заты да астана болуға сұранып түрған сияқты. Қасиетті өнір. Бар қазақтың басы алдымен сонда қосылған. Барлық рутайпалардың таңбалары тасқа қашалып, бабаларымыз бірлікке анттасқан жер ғой. Тәуке хан Ұлытауда хан сайланған. Абылайдың ордасы да Ұлытауда болған. Бірақ біздің ғасыр – pragmatism ғасыры. Ұлытауда су көздері тапшылығының, темір жолдың жоқтығының өзі бұл ойдан бірден бас тартқызды. Қарағанды, Қоқшетау, Ақтөбе қалалары да болашақ астана бола ала ма деген түрғыда қарастырылды. Былайша қарағанда, менің бүйрекім Қарағандыға көбірек бұрылуға тиісті еді. Сонда еңбек жолымды бастадым, сонда үйлендім, сонда балалы-шағалы болдым, сонда қызмет бабымен өстім. Бірақ, Қарағанды астана жасауға көмір шахталарының әсерінен жер жиежи ойылуы мүмкін екендігінен жарамады. Қоқшетаудың инфрақұрылымының әлсіздігі бірден көрінді. Ақтөбене қарай өтсек біз елдің бір қырынан екінші қырына шығып

кететін едік. Жалпы, қалаларды, әсіресе, астана болуға лайықты қалаларды бағалаудың әлемде қабылданған 32 өлшемі бар екен. 1994 жылдың басында мен құрған арнаулы комиссия әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, ауа райы, жербедері, сейсмоахуал, қоршаған орта, инженерлік және көлік инфрақұрылымы, коммуникациялар, құрылым кешені, еңбек ресурстары сияқты қөптеген жағдаяттарды қарастыра келіп, Ақмоланың артықшылықтары көбірек деген түжырымға тоқтады.

**– Ол қандай артықшылықтар?**

– Алдымен айтатын артықшылығы – Ақмола қазақ даласының жер кіндігі дейтіндей маңайда тұрғандығы, ел экономикасының дамуын айқындастын ірі шаруашылық өнірлерінен алыс еместігі. Тағы бір артықшылығы – тоғыз жолдың торабында екендігі. Ендігі бір артықшылығы ретінде қаланың көлемі шағындығын, халқының саны шектелілігін, яғни құрылым салуға да, тиісінше демографиялық өсуге де мүмкіндігі көптігін айтуда болады. Қаланың қақ ортасының өзінде жалпы аумағы 30 гектардай жер бір қабатты ескі үйлермен толтырылған. Келешекте ол үйлердің бәрін сүріп тастап, қалағаныңша құрылым сала беруге болады.

**– Ақмоланың, бұрынғы Целиноградтың кезінде қарқынды дами алмай қалғанының өзі түптің түбінде артықшылық болып шықсан ғой сонда?**

– Бір есептен солай десе де болады. Ақмоланың өзімнің көңіліме қонған тағы бір тұсы – ерке Есілдің бойында тұрғаны. Өзен деген қаланың сәні ғой. Ауыз су, техникалық су жағынан да көп қындық келмейтініне көзіміз жетті. Көлік инфрақұрылымы қалада жақсы дамыған. Арқаның ауасын айтсайшы! Ақмоланың эко-

логиялық түрғыдан артықшылығы тіпті даусыз еді. Қаланың тағы бір жақсы жері – құрылыштың Алматыға қарағанда екі еседей арзанға түсетіні. Осының бәрін ой-лай-ойлай, барлық жағынан есептей-есептей келіп, ақыры болашақ астананың орны Ақмола болады деп шештік. Әуелі бұл идеяны зиялды қауымның аузымен айтқызуды, қоғамдық пікірді зерттеп байқауды орынды санадық.

— Осы тұста мына бір жайды айтқым келеді. Бұл мәселені алдымен «Қазақ әдебиеті» газеті көтерген. Бір топ жазушылардың ашық хатын жариялаған. Ол кезде Президент Аппаратында бөлім менгерушісінің бірінші орынбасарымын. Газет қозғаған мәселе маған тосын көрінгені сондай, қызметтік құқымды пайдаланып, бас редактор Оралхан Бекейді кабинетіме шақырғаным, «мемлекеттің тағдырына қатысты мұндай мәселені бірауыз ақылдасып алу қажеттігі» жөнінде өзімше ескертуімді айтып жібергенім де бар. Сөйтсем, сіздің айтуыңызben жасалған шаруа екен ғой ол... Аппаратта жүріп біздің өзіміздің осы әңгімеден хабарымыз болмапты.

— Иә, Оралхан сол кезде газет басшысы ретінде менің бір шетелдік сапарыма қосылған. Ұшақ Алматыдан шығып, осы Астананың тұсына келгенде шақырып алып, «Қараши, қандай байтақ жер. Еліміздің дәл ортасы. Қандастарымыз бұл жақта әлі аз. Тубі астананы осы жаққа ауыстырамыз» деп ашық айттым да, оған газетіне жазушылардың пікірін шығаруды, сөйтіп жүртттың құлағын үйрете беруді тапсырдым. Солай болған.

Шарль де Гольдің: «Жоғары билік адамды жалғызық пен мұнға батырады» деген сөзі бар. Сол сөз астана ауыстыруды ойластырған кезде есіме жиі түсетін. Әуелде мұнымды тіпті айналамдағы адамдардың өзі қолдай қоймады. 1993 жылдың соңына қарай жүрт алдында бір сөйлегенімде астананы Алматыдан ауыстыру

қажет болатын сияқты деп айтып көріп, аңысын аңдап байқағанмын. Былайша қарасаңыз, елді елең еткізетіндей, тіпті сенсациялық әңгіме емес пе? Ал залдағы жұртшылық онша елеңдей қойған жоқ. Тап бір мен мәтіннен жаңылып кеткендей қарады. Аң-таң қалдым.

– Иә, астананы ауыстыру идеясы ә дегеннен бүкіл халықтың қолдауын иеленіп кете қойған жоқ. Біраз жүрттың ел болып есімізді жия алмай жатқан шақта осындағы ғаламат ірі шаруаға кірісу қажет пе өзі деген рас. Мұндай соншалықты жаңашыл, соншалықты тосын, соншалықты батыл идеяны баршаның бірдей түсініп, жақтап кетуі де оңай емес еді. Мысалы, Алматыда жүргізілген қоғамдық пікір сауалнамасы бойынша ондағылардың дөні Ақмолаға көшудегенді тіпті естігілері де келмегенін өзіңіз «Қазақстан жолы» кітабыныңда жазғансыз. Астананың 10 жылдығы қарасаңында бізге берген сұхбатында Иманғали Тасмағамбетов әуелде осы шешімге күмәнмен қарағанын, сіздің өзіне батыра айтқан бір сөзіңізден кейін бұл идеяның қызы қолдаушысына айналғанын әңгімелеген болатын.

#### ДӘЙЕКТЕМЕ:

«Сол жылдары өз басымнан өткен мына жай есімде қалып қойыпты. Бір жолы Нұрсұлтан Әбішұлы жекенсінің күні сейіл құрыға тау жаққа барды. Президент көмекшісі кезім. Парламент астананы ауыстыру жөніндегі шешімді қолдағанымен, бәрі де өз орнында тұрған шақ. Қектемнің жайнаған күні. Соның алдында ғана жаңбыр жауып өткен, ая саңғырап түр. Бір қырқаға көтеріліп едік, алдымыздан айналайын ару Алматы алақандағыдай айқара ашылып шыға келді. Ғажап көрініске сүйсінеге қарап тұрды да, Нұрсұлтан Әбішұлы: «Қандай керемет!» деді. Сол арада мен: «Осындағы кереметті қалдырып...» деп қалдым. Айтылар сөз айтылып кетті. «Сен ондайды қой», деді Нұрсұлтан Әбішұлы қабағын қатайтынқырап. Сөйтті де

астананы ауыстырудың қандай-қандай түрғыдан тарихи қажеттілік екенін жіктеп-жіліктеп айтып шықты. «Біз мынандай территорияға елдің бір шетінен қарап отырып, ие бола алмай қалуымыз да мүмкін. Арқада, солтүстік облыстарда демографиялық ахуалды қалайда өзгертуіміз керек. Мына елдің негізгі иесі кім екенін бүкіл әлем білуге тиіс. Елдің иесі елдің қыыр-қыырына бірдей қарап отыруға тиіс. Тым болмаса соны түсінсөндерші. Экономиканы ел орталығынан басқарған тиімді, Ақмола тоғызы жолдың торабында тұр, облыстардың астанамен байланысы да оңайлады» деп бастап, біраз әңгіме айтты. «Бұл мен үшін емес, бұл ел үшін керек, елдің ертеңі үшін керек, мұның мәнін қазіргі адамдар толық үғар-үқпас, бірақ болашақ үрпақтарымыз үғатын болады», деп бітірді сөзін Нұрсұлтан Әбішұлы. Шынымды айтсам, менің астана ауыстыру идеясын жан-тәнімен қолдайтындардың қатарына нық сеніммен қосылуым да сол күнгі әңгімeden басталған еді».

*Иманғали ТАСМАҒАМБЕТОВ,  
«Мемлекеттің мереілі мерекесі»  
«Егемен Қазақстан», 2008 жылғы 6 мамыр.*

— Мен 1994 жылғы 6 шілдеде депутаттар алдында сөйлеген сөзімде астананы көшіруге кететін қаражаттың ішінде орны толмайтыны тек көші-қонның нақты шынындары ғана болатынын, қалған қаржының бәрі келешекке салынған инвестиция екенін айттым. Бүгінгі күннің деңгейінен жоғарырақ қарай алсақ, мемлекеттің келешектегі мүдделері түрғысынан ойлай алсақ, астананың Арқаға ауыстырылуы қай жағынан қарағанда да өзін өзі ақтайтын шешім дедім. Пікірталас барысында депутаттардың біразы менің ұсынысымды қолдауға бейім емес екені көріне бастады. Олардың кейбіреулері экономиканың мынандай дағдарысты кезеңінде, жұртқа жалақысын уақтылы төлей алмай жатқанда астана ауыстыруға ешқандай мүмкіндік жоқ дегенді көлденең тартса, енді біреулері идея негізінен дұрыс, бірақ оның орындалуын кейінге қалдыру ке-

рек дегенді айтысты. Ашықтан ашық қарсылық білдір-гендер де болды. Талқылау шегіне жақындаған тұста Әбіш (Жоғарғы Кеңес Төрағасы Ә.Кекілбаев – С.А.) сөз тауып кетті. Аяқ астынан: «Президент астананы Ақмолаға көшіру жөніндегі ұсынысын шілде айында енгізіп отыр. Келіңіздер, Нұрсұлтан Әбішұлының айтқанын қолдайық, ұсынысын қабыл алайық. Мұның өзі Елбасымыздың туған күніне жасаған тартуымыз болсын», деп жібергені... Сол-ақ екен, ұсыныс дауысқа салынып, өтті де кетті. Рас, азғана дауыс басымдығымен қабылданды ұсынысым. Тегі, жақтап дауыс берген депутаттардың біразы «Туған күнінде Президенттің бетін қайтармай-ақ қояйықшы. Мұның болатын-болмайтыны белгісіз ғой әлі» деп те қараған сияқты.

**– Сонымен, шешім қабылданды. Жұмыс қалай басталды?**

– Мұндай жұмысты бастау оңай емес. Қай заманда да, қай қоғамда да астана ауыстыру кез келген мемлекеттің өміріндегі ерекше оқиға, тарихи белес. Жалпы, әлемде астаналар 140-тан астам рет көшірілген екен. Оның себептері әртүрлі. Мысалы, Бразилияда астана елдің түкпірдегі территорияларын дамыту, жаңа экономикалық аймақтар ашу мақсатымен ауыстырылған. Ресей мен Қытайда астаналар сыртқы әскери қатерден құтылу үшін көшірілген. Мысалы, Аспанасты елі астанасын алты рет ауыстырылған екен. Астаналар ауыстырудың бәрінде де бұл қадамдар баршаның жаппай қолдауына ие болған емес. Менің досым – Испания королі Хуан Карлос I кезінде король Филипп II-нің астананы Толедодан Мадридке ауыстыру кезінде қып-қызыл дау шыққанын айтып берген еді. Джордж Вашингтон елдің жаңа астанасын жан баласы тұрмайтын жерге атымен жаңа қала салу арқылы ауыстырылған кезде де аяусыз сынның астында қалған екен. Мен де ондай сынның талайын естідім. Бір газет тіпті «Персональная столица Президента Назарбаева» деп тұрып мақала жария-

лады. Онда ешқандай стратегиялық жоспар да орасан зор қаржыны еңбекақы, зейнетакы төлеуден, азаматтардың басқа да проблемаларын шешуден бұрып әкетуді ақтай алмайды деп жазылды. Халық арасында ойбай, не дейсің, Ақмолада жаз бойы аңызақ соғып тұрады екен, қыс болса қаланы қар басып қалады екен, өзі батпақта түр екен, ішуге жарайтын ауызсуы жоқ екен дегендей неше түрлі әңгімелер гүлей есіп жатты. Ақмоланың ая райы соншалықты ғажайып деп айтуда қыын да шығар. Арқаның азынаған бораны апталап соғатын кездері де бар. Бір жолы әуежай тәулік бойы жабық тұрып, тіпті тікұшақ та қона алмайтындей жағдай болған соң Көкшетаудан пойызбен келгенім де есімде. Бірақ, туған елінде жері жаман мекен бола ма екен? Осының бәрі біздің Отанымыздың жері, Отанымыздың табиғаты, Отанымыздың климаты. Туған жердің түтіні де тәтті емес пе? Ал Арқа төсіндегі табиғаттың өзіндік сұлулығы бөлекше. Былай шықсан Қорғалжын, былай шықсан Бурабай, былай шықсан Ерейментау, әрі қарай жүрсөң Баянауыл басталып кетеді.

Қайтейік, сол тұста қаланың халықаралық тұсауке-серіне дайындық жөніндегі біздің жұмысымыз жайында «Жұтта жасалған той» деп тұрып сейлейтін журналистер де табылды. Газеттер мен телеарналар Ақмоланың масасын да әбден жазды, көрсетудей-ақ көрсетті. Соның ешқайсысына да жүйкемді жұқартып жатқан жоқпыш. Ондай-ондайға көніл бөлүге де уақыт жоқ еді. Оған ең жақсы жауап – қаланың топырағын құрғату, масаның көзін жою. Біз ол мәселені тез-ақ шешіп тастадық. Есіл жағалауындағы қамыстар толық құртылды, қаланың ішіндегі ашық жердің бәріне шөп тұқымдары себілді, асфальттайтын жердің бәрі асфальтталды. Сөйтіп, маса туралы ызың сөз де сап тыйылды.

Басқа да неше түрлі әңгімелер болды. Біреулер жұлдыз жорамалшы Назарбаевқа 1997 жылды Алматыда жойықын зілзала болады, қала қирап қалады деп айтЫПты, содан Президент дереге астананы ауыстыруға кірісіпті деп те соғыпты.

Қысқасы, мен астана ауыстыру арқылы өзімнің саяси болашағымды бәске тігіп тұрғанымды бұрынғыдан да тереңірек пайымдадым. Содан «Шешінген судан тайынбас» деп жұмысқа кірісп қеттік. Ақмолаға жиі, ай сайын дерлік барып тұрдым. Көбіне әуежайдан түсе сала тіке құрылыш нысандарына тартатынмын.

**– Қыста қарға көміліп, жазда масаға таланып, күзде балшыққа малшынып, көктемде көшесі ойылып жататын Ақмоладан астана жасау оңай іс емес, әрине.**

– Ең қыныны жаңа астанаға қажетті қаржының көзін табу еді. Қаржы табылса жұмыс жүреді. Бұл іске мен бар беделімді салдым. Ақмола еркін экономикалық аймағының қорын құру арқылы біраз ақша жиналды. Қеңес Одағынан қалған материалдық резервті де іске қостиқ. Ол резерв соғыс шыға қалса деп жиналған металдар мен темір қорытпаларынан, құрылыш материалдарынан тұратын. Соның Қазақстанға қажетті бөлігін қалдырықта, қалғанын сатып, одан түскен жиырма миллион доллардай қаржыны астана қорына құйдық. Жалпы, біз Астананы бюджетке көп салмақ түсірмей салуға тырыстық. Эр теңгенің есепте тұруын, артық шығын болмауын қадағаладық.

Ақмола әкімі Аманжол Бөлекбаевтың принциптілігі есімде қалыпты. Қаладағы Республика даңғылын, әуежайға баратын жолды асфальттау үшін жапон техникасын сатып алу жөнінде Үкімет шешім қабылдаған. Әкім ол шешімді орындаудан бас тартады. Неге? Бағасы тым қымбат – 4 миллион доллар. Асфальт төсейтін техника сонша тұра ма дейді. Үкімет шешімді неге орында майсың деп қыса түскеннен кейін ол, амал жоқ, маған келді. «Бұл бағамен келіспесең, жауапкершілікті өз мойныңа жүктеп, өзің сатып ал», дедім. Содан ол Германияға жүріп кетті. Барса дәл сондай техника небәрі 800 мың доллар тұрады еken... Ол техника тез-ақ келіп, сапалы асфальт төседі.

Ақмоладағы құрылыштың басты қаржы көзі инвестициялар болды. Шетелдік инвесторлардан пайызыз не-

сиені он жылдық мер-зімге алуға қол жеткіздім. Мұның сыртында гранттар мен өтемсіз инвестициялар бойынша көптеген нысандар салынды. Мысалы, Ақорда Әбу-Даби даму қорының 22 миллион долларлық грантына түрғызылған. «Нұр-Астана» мешітін Катар мемлекеті 15 миллион долларға грант есебінен түрғызыды. 33 миллион долларлық «Астана-Тауэр» орталығын Түркия қаржыландырды. Қазіргі Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғимараты Кувейт гранты, Салтанат сарайы Оман әмірінің сыйлығы, «Алатау» спорт кешені мұнай саласындағы инвесторлар гранты, тағы басқа. Ондай ғимараттар бірталай. Сауд Арабиясының, Біріккен Араб Әмірліктерінің, Италия мен Жапонияның, басқа да елдердің гранттары, несиелері бірінен соң бірі келіп жатты. Ол қаражаттың көшілігі елге, елдің Президентіне сый ретінде берілді.

Өзіміздің азаматтар да ірілік танытты. Осы жаққа келгенде Ақмоланың бизнесмендерін жинаған едім. Оларға әңгіменің басын ашып айттым. «Жігіттер, құрылышты жақсы салады екенсіздер. Көмектесіңіздер, соларды қалаға сыйлаңыздар», дедім. Асқар Мәмін деген жігіттен өзі сатып алған «Мәскеу» қонақ үйін мемлекетке қайтаруды сұрадым. Азамат екен, сөзге келген жоқ, қайтарды да берді. Кейін біз ол ғимаратқа Сыртқы істер министрлігін орналастырдық. Басқа бизнесмендер де со-лай етті.

Басқа амал да қалмаған еді. Қалада іске татырлық ғимарат өте аз. Қыдырып баратын, қызықтап көретін жер жоқ десе де болады.

– Сол кездегі сенаторлардың бірі Әмірзақ Озғанбай «Егемен Қазақстанда»: «Сонымен, Парламент депутаттары – біздер жатақханада жатып, Парламент ғимаратын жөндеу жұмыстары біте қоймағасын, оның жарым-жартылай салынып болған, сырлы кеппеген бөлмелерінде отырыс, жинаалыс өткізіп, жұмысқа кірістік. Кіріп-шыққанда кеңсе ішіндегі әлі төселіп бітпеген көвроланды

құрылышылар төсеп, қып қойған бөліктерін аттап өтетінбіз. Көрші бөлмелерде құрылышылар жұмыспен арпалысқа түсетін. Көшеде асфальт төселіп, абаттандыру жұмыстары да қабат жүргізіліп жатты», деп жазған...

— Тіпті сүмірейтіп жіберген екен. Дұрысында, депутаттар жатақханада емес, қонақ үйде тұрған. Қаланың қақ ортасындағы, Парламент үйінің дәл іргесіндегі «Есіл» қонақ үйінде. Эрине, қыншылықтар көп болды. Ақмола инфрақұрылымдық тұрғыдан қатты артта қалған еді. Басқасын былай қойғанда, облыс басшысының өзі кабинетінде пальтомен, жанына жылытқыш қойып отырған соң өзгелерге не жорық? Қашаннан жұмыс істеп жүрсе де қаланың жылуын жолға қоя алмапты. Ол астананы көшіру туралы шешімді де селқос қабылдады, жұмысқа жанын салған жоқ. Сөйтіп, оны ауыстыруға, қаланы, облысты жақсы билетін Жәнібек Кәрібжановты облыс әкімі етіп қоюға тұра келді.

— Астанаға қатысты шаруаның бәрі оқынан келе бермеген шығар. Сәті түспеген немесе өкінішті жайлар жөнінде не айтар едіңіз?

— Ондай жайлар да аз болған жоқ. Үлкен істе кемшілік кездеспей тұрмайды. Өзіміз де жаңылыс басып жатмыз кейде. Соның біреуін айтайын. Шетелдік елшілердің болашақ астана туралы пікірін дұрыс қалыптастыру мақсатымен Сыртқы істер министрлігіне дипломаттарды Ақмолаға апарып, қаланы көрсетуді тапсырып едім. Соның уақытын министрлік дұрыс ойластырмапты. 1995 жылдың қаңаған желтоқсанында ұйымдастырылды сол сапар. Әлі құрылыш бастала қоймаған, онсыз да суренсіз қала көрінісіне Арқаның дәл сол күндері құтырына соғып кеткен ақ бораны, қырық градусқа жақындаған сақылдаған сары аязы қосылғанда Алматыға бой үйретіп қалған дипломаттардың тіпті есі шығып кетіпти. Жылы жақтағы елдердің елшілері басына құлақшын киүді де

ескермеген екен. Солар құлақтарын үсітіп ала жаздапты. Біреуінің бас киімін жел ала қашып, басқалары соны құа жөнеліпті... Қысқасы, болашақ астананы дипкорпусқа та-ныстырамыз, насихаттаймыз деген ниетіміздің нәтижесі керісінше болып шықты. Сол кездегі облыс әкімі А.Браун мырза дипломаттармен кездесуінде: «Бұл әншейін жақсы ауа райы. Ал шынында бұдан да сойқан аяз, жел болады. Жазда маса талайды», деп үрейлендіріпті. Елшілердің біразы Ақмола жуық маңайда орындалмайтын арман деген сияқты пікірлерін таратып жіберді. Мұның өзі шетелдік елшіліктердің жаңа астанаға ауысызын кәдімгідей кідірткеніне кейін көзіміз жетті. Ол қателіктен де сабак алдық.

Қазір барлық елшіліктер Астанада.

Сол тұста маған Президенттің Іс басқарушысы қызметін атқарған, қазір марқұм Владимир Ни қатты көмектесті. Истің көзін білетін адам еді. Астананың халықаралық тұсаукесерін өткізердің алдындағы ахуал есімде. Тұсаукесерге екі айдай үақыт қалғанда Владимир Васильевич маған келіп тұр. «Конгресс-холлды қайта жабдықтау жөніндегі тендерді чехтар ұтып алған еді. Олар жасай алмайды. Үлгермейді. Сіз маған чехтарды сол жерден қуып шығуға рұқсат етсеңіз...», дейді. Солай ету керектігіне көзімді жеткізіп, рұқсатымды алды, чехтарды, өзінің сөзімен айтқанда, құрылыстан қуып шықты. Олар да өз кінәсін түсініп, бізбен соттасып жатпады. Содан не істедік дейсің ғой? Тұсаукесерге екі ай қалғанда түріктермен шартқа отырып, солар аталған мерзім ішінде Конгресс-холлды да, алдындағы алаңды да тастай қатырды. Біз «Интерконтиненталь» қонақ үйін де тұсаукесерге түріктердің көмегімен дайындаі алдық. Мұнда да қалыптан тыс шешім қабылдауға тұра келді. Шетелден жұмысшы күшін әкеleуге арналған лимитті тоқтата тұрып, құрылысшылар ұшақпен жеткізілді. Астананың тұсаукесері тамаша өтті.

**Бұл кезде қала Астана атанип үлгерген еді ғой?**

— Тұсаукесерге аз үақыт қалғанда мен қала атауын Астана деп өзгерту жөніндегі Жарлыққа қол қойдым. Бұл

арада мәселе, кейбіреулердің сол кезде ойлағанындаи, Ақмола атауынан қашуда емес. Ақмоланың орысша мағынасы «белая могила» дегенді баяғыда Хрущевқа өзіміздің жарамсақтар жаңақ түсіндірген. «Ақ» сөзі қазақтың тілінде тазалықтың, адалдықтың синонимі. «Аққа құдай жақ» дейміз. «Ақ бесік» дейміз. «Ақ тілек» дейміз. Сол сөздерді «белая колыбель», «белое пожелание» деп аударса құлқілі емес пе? «Молаға» келсек, мұсылман жұртының бейітті қандайлық қастерлейтіні, қасиет тұтатыны тағы белгілі. Бірақ, мәселенің мәнісі басқада еді. Біз жаңа астанамыздың заты да, аты да жаңа болғаның қаладық. Осы арқылы астананы ауыстырып қана қоймайтынымызды, оны жаңадан салып жатқанымызды, жалпы бүкіл мемлекетті жаңаша құруға кіріскеңімізді аңғартқымыз да келді.

**– Қалаға қандай атаулар қарастырылып еді?**

– Қараөткел, Есіл, Сарыарқа деген аттар ойластырылды. Қазақстан деген атты ұсынғандар да болды. Бразилияның астанасы Бразилиа ғой. Тіпті Нұрсұлтан деп атау керек дегендер де шықты. Ол ұсынысты бірден тойтарып таstadtым.

Содан қаланың жаңа атауын әрі ойладық, бері ойла-дық. Бір күні түнгі сағат екіде ойыма Астана деген сөздің сарт ете қалғаны. Көңіліме бірден қона кетті. Несі бар? Құлаққа жағымды. Үіқшам. Әуезді. Барлық тілде бірдей жатық естіледі. Бұрмалаусыз жазылады. Мағынасы аpanық. Астана! Менің көкейіме бірден қатты қонғаны – сөздің өзі мемлекеттілікті дәйім еске салып тұратындығы. Астана деген сөзді айтсаң-ақ ел, ұлт, жұрт, мемлекет ойыңа оралады. Осылардың бәріне астана ұғымы ортақ емес пе? Қала атының өзі елдікті еске салып тұратыны тамаша емес пе? Қазір бұл атауға жұрттың көзі де, құлағы да үйреніп кетті, Астана әлемдік геосаясаттағы берік орнықан атаулар қатарына қосылып үлгерді.

– Қаланың құрылыш сипаты, оның қай бағытта өркендеуі деген тұрғыда біраз айқыш-үйқыш пікірлер болғанын білеміз. Кілең мемлекеттік қызметкерлер пәтер алған тоғызыншы шағын ауданның Қарағандыға шығар жол жақтан салынғанына қарағанда, әуелде қаланың негізгі орталығы сол бетте орналасады деп ойластырылған сияқты.

– Біз де бірте-бірте тәжірибе жинай бастадық қой. Бұрын батпақты беткей, әрі кетсе коттеджден басқа ірі құрылыш салуға жарамайды деп саналған сол жағалауды игеруге бүгінгі құрылыш технологиясы мүмкіндік беретініне көз жеткіздік. Сондықтан да Астананы жоспарлауға жарияланған конкурс әлемдегі қала құрылышы орталықтарында зор қызығушылық туғызғанына күә болдық. Архитектор үшін ашық далада жаңа қала жоспарлау деген нағыз қиялды қанаттандыратын, шабытты шарықтататын мүмкіндік қой. Конкурсқа Жапониядан, АҚШ-тан, Австралиядан, Италиядан, Франциядан, Германиядан, Ресейден, Финляндиядан, Кореядан, Болгариядан, тағы басқа біраз елден елуден астам жоба келіп түсті. Олардың ішінен 27 жоба конкурсқа ілікті. Конкурстың қорытындысында дәүіріміздің аса көрнекті архитекторы Кисё Курокаваның жобасы жеңіп шықты. Әйгілі концептуалист Курокава қаланы негізінен сол жағалауда өркендетуді ойластырған еді. Әрине, ол жоба тек идея болатын. Өмір көп нәрсені өзі өзгертуі ғой. Біз де өмір талабына бағынып, істеп кеттік.

– Кисё Курокава кезінде, 2001 жылды «Известия» газетіне берген сұхбатында Астана архитектурасының философиялық идеясын Президент Назарбаев айқындағы деген еді. Ол қандай идея?

– Курокава менің еңбегімді асыра бағалап жіберген. Мен қала әр жаққа қарай жайылып кете беретін мегаполиске айналмасын деп талап қойған едім. Курокава осы

талапты басшылыққа алды да, «Өмір қағидаты» аталған бірегей жобасын ұсынды. Сөйтіп, додада жеңіп шықты. Мен қаланы жансыз нысан емес, тірі организм ретінде қалыптастыруды, оның адаммен, қоршаған ортамен сәт сайын байланысып тұруын қаладым. Сәулет стилі жағынан әрқыл болуын көздедім. Ана жылы Бразилияға барғанда өзің де байқадың, пікірінді сұрағанымда ойыңды да айттың, атақты Оскар Нимейер жобалап жасаған ел астанасы – Бразилианың модернистік стилінің өзі бірөңкей болғандығы маған ұнамады. Демек, Астанада классикалық мәнердегі архитектура да, модерн үлгісіндегі сәулет туындылары да аралас өрілгені жақсы. Мүмкіндігінше солай етіп те келеміз. Ақорда, «Астана-опера» театры, Сыртқы істер, Қорғаныс министрліктерінің ғимараттары, «Астана триумф» тұрғын үй кешені классикалық стильде салынса, «Астана-Тауэр», «Хан шатыр», «Астана-арена», «Солтүстік шұғыласы» тұрғын үй кешені сияқты нысандар үшінші мыңжылдық архитектурасының үлгілері.

Еңбастысы, қала инфрақұрылымы нағыз осы замандық сипатта қалыптасып келеді. Астана 2010 жылы ЕҚЫҰ Саммитін өткізгенде өзінің аз жылдың аясында кемелдікке бет алғанын көрсетіп берді. Елу бес елдің делегациясын қабылдау, мыңдаған адамдарға қалтқысыз қызмет көрсету, сервис, логистика, қауіпсіздік тұрғысындағы күрделі мәселелерді шешу ұзақ жылдарғы тарихы, дәстүрі бар астаналардың өзіне де оңайға түспегенін білеміз. Елорда сол сынаққа да шыдас берді.

Астана қысқы Азиада ойындарын өткізуде де биіктен табылды.

– **Бас қаламызды алда тағы бір үлкен сын күтіп тұр. ЭКСПО-2017 көрмесі қарсаңында қалада не атқарылмақ?**

– **Бұл сұрағың тым ауқымды. Атқарылатын шаруаларды тізбелеп жатсам біраз уақыт кетеді. Мұндай сұрақтың жауабын мен Астананы одан әрі дамыту және ЭКСПО-**

ны өткізуге әзірлік мәселелерін талқылаған кеңесте бердім. Газеттеріңе шықты. Қайталап жатпайын. Бұл арада қазіршे айтарым мынау – Астанадай қала салмасақ, біз ЭКСПО сияқты әлемдік көрмені өткізу құқын Еуропаның талай мықты елдерімен тартысып жүріп, тартып ала алмайтын едік. Астананың кандидатурасын жақтап дауыс берген елдер Қазақ мемлекетінің мынандай заманда мынандай қала салғанын көріп, сүйсініп, таңданып, тиісінше бағалап отыр.

– Осы үақыт ішінде қаланың қаншама проблемасы туындағанын, оларды шешуге қаншама күш-жігерізді жұмысағаныңызды біз жақсы білеміз. Оппоненттеріңіздің қандай-қандай сын айтқанынан да хабардармыз. «Астананы Назарбаев салған жоқ қой, Астананы құрылышылар салды ғой» деген сыңайды сөйлейтіндер де табылғаны таңдандырады. Бұл «Шайқасты Наполеон жеңген жоқ, шайқасты оның солдаттары жеңді» деген сияқты балаң сөз. Өйтіп қарасаңыз, Санкт-Петербургті де Бірінші Петр салмаған болып шығады, ол қаланы да, әрине, құрылышылар салған.

– Қаланы мемлекет салады, ол идеяны құрылышылар орындаиды, архитекторлар, зауыттар, тағы басқалар жұмылады бұл іске. Бірақ оны іске асыру үшін бір адам – елдің басшысы бар жауапкершілікті өз мойнына артып, табандылық пен жігер көрсетуі керек. Астана ауыстыруға тоқтағанда қандайлық тәуекелге бел байлағанымды айқын түсіндім. Осы шешімім арқылы мен өмір бойы жинаған абырой-беделімнің бәрін де бәйгеге тігетінімді анық ұқтыйм. Бұл идеямның жүзеге асырылуы көңілдегідей шықпаған жағдайда бүкіл өмірімнің бәсі басқаша бағаланары талассыз еді. Ел тағдырына эксперимент жасауға болмайды. Бәрін де жеті рет емес, жетпіс жеті рет өлшеп барып, бір-ақ кесуғе тұра келеді. Мен сол қадамға тәуекел еттім. Тәуекелімді нақты есепке құруға тырыстым.

Енді әңгіме басындағы бір сөзіңе келейін. Астана тұралы шешімді күшке салып тұрып қабылдаттырдыңыз дегендей айттың ғой. Алматыдан астананы көшіру де-ген мәселені бүкілхалықтық референдумға салмағаным рас, Парламентке де ұсынысты оқыс енгізгенім, бәлен рет талқылаттырып, кеңінен пікірталас ұйымдастырып жатпай дауысқа тез қойдырып жібергенім рас. Оның үстіне бұл істе өзімнің алдын ала ойластырған аздаған құлығым болғаны да рас. Мен Парламентке астана ауыстыру идеясын ғана ұсынып, оның орындалу мерзімін әдейі тұмандатып қойып едім. Кейіннен баспасөзге берген сұхбаттарымда қабылданған шешімде астананы көшірудің уақыты көрсетілмеген, тек Үкіметке қажетті құжаттарды әзірлеу керектігі ғана айтылған, бұл мәселе нақтылды турде кейінірек шешіледі, ол болашақтың ісі деп түсіндіріп те жүрдім. Ал шын мәнінде біз Парламент қолдауын алысымен-ақ жұмысқа қызыу кірісіп кеткен едік. Осының бәрі рас. Әрине, бұл мәселе күн тәртібіне тағы бірнеше жылдан кейін де қоюға болар еді. Бірақ, онымыз қателік болар еді. Уақыт өткізіп алар едік. Мүмкіндік қолдан шығып кетер еді.

– Нұрсұлтан Әбішұлы, Астана сіздің төл перзентіңіз іспетті. Елбасы мен елорда егіз ұғымға айналған. Қалада тұрғызылған әр ғимарат түгілі, онда отырғызылған әр түп ағашта сіздің қаныңыз бар, жаныңыз бар, күлкісіз күндеріңіз бар, үйқысыз тұндеріңіз бар. Арман-тілегіңізге айналған Астанаға:

*Күн тұрғанша тұратын,  
Жұрты сайран құратын,  
Қала болсын Астана  
– Осы менің Мұратым!*

*О, Ақорда – Ақ шатыр,  
Ұлысыма бақ шақыр.  
Баянды болсын Азаттық.  
– Осы – менің Мақсатым! –*

**деп жыр арнағаныңыз да бар. Жыр деген жүректен шығады ғой.**

**Әдетте соңында нөл деген цифры жоқ даталар мәреттойға саналмайды. Сонда да біз қаланың он бес жылдығын да өзінше бір тарихи белес деп білеміз. Осы тарихи белес тұсында Астана туралы ойларыңызды қалай түйіндең айттар едіңіз?**

– Астана осы заманғы үлгі-қалыптарға сай келетін қала ретінде салынды. Соナン да Еуразиядағы халықаралық ықпалдастықтың ірі орталықтарының біріне айнала алды. Елорданың даму қарқыны қай жағынан қарағанда да көз қуантып, көңіл тоғайтады. Астана ауысқалы бері мұндағы жалпы өнім 90 есе өскен. Инвестициялар көлемі 32 есе артқан. Осы 15 жылда қалада 11,5 миллион шаршы метр үй салынды. Бұл қаншама мындаған отбасы жаңа пәтерлі болды деген сөз. Пәтер болғанда қандай! Астанаға Алматыдан көшіп келгендердің бәрі де ол жақта мұндай пәтерлерге ешқашан қолы жетпегендерін айтады. Астананың қызығын ең алдымен өзіміздің халқымыз көріп жатыр. Елдің қыыр-қыырынан құйылған көш елорданы жылдан-жылға қазақыландырып барады. Азаматтарымыздың патриоттық рухын көтеруде де елорданың орны бөлек. Астана бүкіл елдің дамуына локомотив болып отыр. Облыс орталықтары елордаға қарап бой түзеп жатыр. Астана арқылы ел түлеп сала берді. Бұл қала адам ресурстарын дамытуға қатты ықпал жасады. Талайлар осы қалаға келіп, қызықты жұмыс тапты, білім алды, жаңа мамандықтар игерді, өзінің шаруасын дөңгелентіп алып кетті. Астана қазақты ширатты. Астана бүкіл халқымызды түледі. Елді сілкіндірді. Астананың өзі, онда тұрғызылған әр ғимарат ел байлығы болып табылады.

Арқа төсінен жаңа елорда салуымыз бізге түбірлі міндеттерді шешуге мүмкіндік берді. Астана арқылы біздің халқымыздың ғасырларға созылған көші межелі жерге жетті. Сарыарқаның саумал самалды даласына қазық қағу қазақтың кем қойғанда соңғы бір жарым ғасырға созылған отырықшылдану үдерісін біржолата түйіндейді.

Астана арқылы қазақ өзінің жеріне толық ие бола алды. Ел иесі кім екенін, жер киесі қайда екенін бүкіл әлемге көрсеттік.

Ең бастысы, мен осы жобаны салған беттен қолданы, бұл жылдардың ішінде ауызбіршілігімен, ұлттық тұтастығымен, мемлекет үшін жауаптылығымен маған күш-жігер қосып отырғаны үшін халыққа қатты разылығымды білдіремін. Мені тек қолдап қана қоймай, жаңымнан табылып, шын ниетімен араласып, Астананы бірге салысқан барша азамат-әріптеріме мың да бір ризамын. Бәрінің атын атап өту оңай емес. Бірақ кейінрек оның да реті келер.

Бұл мәселенің ел тағдырындағы қандай қыын кезеңде көтерілгенін ойлағанда разылық сезімім тіпті еселене түседі. Халқымыз «Күнімізді зорға көріп жүргендеге қайдағы жаңа астананы шығарып отыр? Басқа айналысатын шаруасы қалмаған ба?» деген жоқ. Маған сенді. Екі тізгін, бір шылбырды беріп, еркін қимылдатты. «Жігітке елдік те оңай, ерлік те оңай, Әгәрки қабырғалы болса халқы» деген сөзді өзіңмен бұрынғы бір әңгімede айтқан сияқтымын. Айтсам да тағы қайталаймын.

Мен не істесем де қабырғалы халқыма арқа сүйеп істедім. Халқымыз бұл бастаманың елдің болашақтағы тағдыры үшін қандайлық мәні барын бірден ұқты. Жасы да, жасамысы да ұлы көшке көлікті болсын айтты, тілек қосып қана қойған жоқ, жан-тәнімен қолдады. Ұлы көшке қосылды. Арқаның желіне қағылып, күніне тотығып, жаңбырына малшынып, аязына тоқып жүріп, елдік ғимаратының қадасын қағысты, балшығын иlestі, кірпішін құйысты, қабырғасын өрісті, шатырын жабысты. Осының арқасында біз бүгінде алыс та, жақын да бірдей билетін, Батыс та, Шығыс та қатар сүйінетін, Отанымыздың жүргегіне, Тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған Астана атты ғажап қалаға ие болып, шын мәніндегі өркениетті әлемнің ортасынан ойып орын алып отырмыз. Мына дүниедегі ең дамыған отыз елдің қатарына қосыламыз деген өршіл мақсатты алға қойып отырмыз. Ол күнге де межелеген

уақытта жетерімізге сенемін. Аз жылдың аясында Астанадай ғажайып қала сала алған, сейтіп елдіктің ерлігін танытқан қазақстандықтардың қолынан бәрі де келеді. Тәуелсіздігімізді, ел бірлігін сақтай білсек әлі алдымызыдағы талай биіктерге көтеріле аламыз.

Мен осы істі баstadtым, елім сеніп, соңымнан ерді.  
Мемлекет құруда да, Астана салуда да солай болды.

Осыдан артық бақыт бар ма?

**– Сіздің бақытыңыз – біздің бақытымыз. Бақытымыз  
баянды болсын!**

## **МАЗМҰНЫ**

Алғы сөз .....	3
Ұшқан ұя үлағаты .....	9
Құрыштың құйылуы.....	41
Теміртау – алтын бесік.....	69
Кемелдену кезеңі .....	105
Тоқырау тұсында.....	139
Сергелдеңнің соңы .....	169
Сын сағаты соққанда .....	204
Тәуелсіздік табалдырығында.....	244
Егемендіктің елең-алаңы .....	271
Тажалды тұншықтыру.....	298
Конституция үшін күрес.....	325
Шекараны шегендеу.....	357
Сыртқы саясат соқпақтары .....	399
Тар жол, тайғақ кешу .....	464
Нұрлы жол .....	505
Астана – елдік ерлігі .....	537

**Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев**

**ӘМІР ӨТКЕЛДЕРІ**

*Сұхбат кітабы*

Редакторы *Ботагөз Мұхиден*  
Техникалық редакторы Эльмира Заманбек  
Көркемдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқапов*  
Корректоры *Айдана Сыдықбай*  
Компьютерде беттеген *Ақерке Сқақова*

Басуга 15.06.2015 қол қойылды.

Пішімі 60x100  $\frac{1}{16}$ . Қағазы оффсеттік. Оффсеттік басылыс.

Шартты баспа табагы 35,5..

Тапсырыс № 0179. Таралымы 2000 дана.

**«Фолиант» баспасы  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13**

**«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13**

